Аннотация. В статье анализируется художественная природа и идейно-эстетические особенности жанров биографической и документальной прозы в современной казахской литературе. В качестве объекта исследования выбраны произведения С.Айбергеновой «Ақын жары» («Жена поэта») и Е.Акимкулова «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» («Шамши Калдаяков – король песни»). В ходе исследования рассматриваются способы изображения личностного мира, эпохальной действительности и глубинных слоёв национальной духовности посредством синтеза документальных фактов и художественного вымысла. Авторы произведений раскрывают жизненный путь творческой личности через художественно-психологический анализ, предлагая новые формы эстетизации автобиографического и документального материала. В произведении С.Айбергеновой образ супруги поэта Тулегена Айбергенова – Урнисы Айбергеновой представлен как символ материнской доброты, духовной стойкости и семейного единства. В книге Е.Акимкулова через фигуру Шамши Калдаякова раскрываются духовные истоки казахского искусства и феномен культурной памяти. В процессе анализа особое внимание уделено выявлению жанровой природы биографической и документальной прозы, определению её отличий от других литературных форм и рассмотрению различных теоретических подходов в литературоведении. В результате исследования выявлены новые направления развития биографической и документальной прозы в современной казахской литературе, а также художественная связь между личностью и исторической памятью нации, что позволило определить значение данных жанров в процессе поэтического и духовного обновления казахской прозы.

Благодарности. Статья опубликована на основе финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках фундаментального исследовательского проекта AP26100503 «Тенденции развития документальной прозы в казахской литературе» на 2025–2027 годы.

Ключевые слова: биографическая проза, документальная проза, дискурс, персонаж, автор, художественное решение, жизненная правда

1. Кіріспе

Бүгінгі таңда қазақтың деректі прозасында өмірбаяндық шығармалардың түр-түрі жазылуда. Олардың негізі авторлардың өзіндік жеке өмірбаяндарына қатысты болып келеді. Ол таңғаларлық жағдай емес. Өйткені жазуға икемі бар қай адам болсын өзінің өмір жолын қағаз бетінде айшықтап қалдыруы – жазылмаған шығармашылық заңдылық.

Олардың қай-қайсының да өмірбаяндық шығармалары сол өзі өмір сүрген кезеңнің сыр-сипатын, тұрмыс-тіршілігін, бір сөзбен айтқанда, дәуір келбетінен хабар бере алады деп сенуге болады. Әрине, олардың бұл тұрғыдағы көркемдік-идеялық ұстанымдары біркелкі болмауы ықтимал. Кейбір туындылардан дәуірдің, кезеңнің шындығын әжептеуір айқын көре алатын болсақ, енді біреулерінде бұл жағдайдың көрініс табуы солғын шығуы да ғажап емес.

Жалпы қандай шығарманы да бір ізбен жазатын рецепт жоқ екенін қаперге алсақ, өмірбаяндық деректі дүниелердің де әртүрлі деңгейде, әртүрлі сипатта жазылуы заңды. Ортақ талап тұрғысынан қарайтын болсақ, ең бастысы – шығарманың оқырманға түсінікті, ойы қанық болуы, көркемдік бояулары әдеби норманың талаптарына сай келуі.

Бұл бағытта көрнекті тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын көркемдік және деректік тұрғыдан бейнелеуге ұмтылған шығармалар қатарына Е.Әкімқұловтың «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» және С.Айбергенованың «Ақын жары» атты еңбектері жатады. Бұл туындылардың негізгі ерекшелігі – ұлттық руханияттағы ірі тұлғалардың өмірі мен шығармашылық болмысын авторлық таным тұрғысынан ашуы. Әсіресе, Салтанат Айбергенованың еңбегі өмірбаяндық жанрдың көркемдік және деректік синтезін ұтымды ұштастыруымен ерекшеленеді.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында мәтіндік-интерпретациялық әдістер қолданылды. Деректі шығарманың құрылымдық ерекшеліктері қарастырылып, автор ұстанымы мен баяндау тәсілдері объективтілік пен субъективтілік тұрғысынан сарапталды. Сонымен қатар, туындының эстетикалық, этикалық және этнографиялық элементтері контекстуалды талдау арқылы жүйеленді.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеу материалы ретінде Салтанат Айбергенованың «Ақын жары» және Еркінбай Әкімқұловтың «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» атты туындылары алынды. Бұл шығармалар автобиографиялық және деректі прозаның тоғысында жазылған, нақты өмірлік деректер мен көркемдік қиялдың үйлесімі арқылы қазақ мәдени кеңістігіндегі тұлғалық болмысты бейнелейді. Аталған екі шығарманы талдау барысында төмендегі ғылыми пікірлер басты бағдарға алынды.

Автобиографиялық прозаның табиғаты жөнінде Ибраева, Салханова және Жолдасбекова автобиографияның екі түрін – «деректі» және «көркем» деп қарастырады (Ибраева, 2018). Авторлардың пікірінше, көркем автобиографияда өмірлік деректер эстетикалық трансформацияға ұшырап, әдеби факт ретінде жаңаша бейнеленеді.

Өмірбаяндық шығармаларға тән ерекшелік – олардың көркем және деректі бастаулардың синтезі. Бұл жанр бүгінде кеңінен тарап, қазіргі әдебиеттің басты үрдісіне айналып келеді (Батракова, 2015). Заманауи оқырман шынайылық пен интеллектуалдық тереңдікке ұмтылған сайын, деректі проза танымал бола түседі.

Тәшеновтің пікірінше, соңғы жылдары көркем прозамен салыстырғанда деректі прозаға сұраныс артқан. Бұл – қоғамның шынайылыққа, тарихи және жеке тәжірибеге деген қызығушылығының өсуінен туындаған құбылыс (Тәшенов, 2017).

Деректі прозаның теориялық негізін айқындауда А.Жүндібаеваның пайымында бұл жанрдың басты ерекшелігі – өмірде болған нақты оқиғалар мен кейіпкерлерді суреттеу, сондай-ақ деректердің көркемдік өңдеуден өтуімен анықталатыны көрсетіледі (Жүндібаева, 2021: 77). Мұндай проза ғылыми зерттеуден өзгеше, өйткені ол фактілерге эстетикалық реңк беріп, адамның ішкі әлемін ашуға бағытталады.

Қалқабаева дерек пен фактіні «жансыз материал» деп атап, жазушының оны көркемдік тұрғыда жандандыра білуі шығарманың идеялық және тәрбиелік мәнін арттыратынын дәлелдейді (Қалқабаева, 2019: 194). Бұл пікір деректі прозадағы шығармашылық жауапкершіліктің маңызын айқындайды.

Егорова және өзге де зерттеушілер өмірбаяндық прозаның түрлі әдеби дәстүрлер мен бағыттарда маңызды орын алатынын айтады (Егорова, 2020:174). Ал Кислицын және т.б. автобиографиялық прозаны тұлғаның тарихпен сұхбат құратын кеңістігі ретінде қарастыратынын айтады (Кислицын, 2016). Мұндай шығармалар жеке тағдыр арқылы дәуірлік, әлеуметтік, рухани құбылыстарды бейнелеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалын сипаттауда Лиз Стэнлидің «авто/биография» концептісі негізге алынды (Лиз Стэнли, 1993). Ғалым бұл ұғымды дәстүрлі өмірбаяндық шекараларды бұзатын, автор мен кейіпкердің, қоғамдық және жеке кеңістіктің өзара тоғысуын бейнелейтін феномен ретінде түсіндіреді. Осы тұрғыдан С.Айбергеновaның «Ақын жары» туындысы автобиографиялық дискурстың жаңа үлгісін танытады: автор өз анасының бейнесін дерек пен көркем қиял тоғысындағы эстетикалық рефлексия арқылы жаңаша пайымдайды.

3. Талқылануы

Қазақ әдебиетінде өмірбаяндық деректі туындылар көптеп табылады. Мәселен, Е. Әкімқұловтың «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» және С.Айбергеновaның «Ақын жары» деп аталатын деректі шығармалары. Олардың басты кейіпкерлері – қазақтың ән өнері мен поэзиясында айтулы із қалдырған көрнекті талант иелері, композитор Шәмші Қалдаяқов пен ақын Төлеген Айбергенов. Бұл шығармалардың жазылу сипаты біркелкі емес, әр автор өз тақырыбына түрлі ізденістер мен көзқарастар нәтижесінде келіп, кейіпкерлерінің образдарын ашуға ұмтылыс жасайды.

Салтанат Айбергеновaның «Ақын жары» деп аталатын деректі туындысында ақынның өзі емес, оның зайыбы Үрниса жайында баяндалады. Үрнисаның күйеуі – қазақтың аса дарынды ақындарының бірі – Төлеген Айбергенов. Ал автор Салтанат Айбергенова – сол қазақтың айтулы ақыны Айбергеновтің тұңғыш перзенті екен.

Шығармада осы айтылған жандардың өмірбаяны мен тек солар жайлы баяндаулардан ғана тұрмайды. Автор кейіпкердің айналасындағы басқа адамдар жөнінде де деректер келтіргенімен, олардың өмірбаянына тереңірек тоқталмауы

моральдық тұрғыдан қисынды. Өйткені шығарманың негізгі кейіпкері – автордың анасы, атақты Төлеген Айбергеновтің құдай қосқан қосағы Үрниса ханым. Басынан аяғына дейін сөз болатын және айқынырақ ашылған – осы кісінің кескін-келбеті, адами болмысы. «Ақын жары» деген кезде олардың бәрі біркелкі бола алмайтыны да белгілі.

Кітап өзінің түрлі деректерді, өмірлік фактілерді бұлжытпай жеткізе алуымен құнды. Сонымен бірге, бірыңғай құрғақ баяндауларға арқа сүйеп кетпей, кейіпкерлердің жан дүниесін ашуға ықылас танытқаны да байқалады. Ішінара өзінің анасының жазбаларын, көзі көрген кісілердің күнделіктері мен хаттарын бірінен кейін бірін келтіре отырып, кітаптың эстетикалық, танымдық қырын байыта түскен.

Кітаптың көп жерінде сөз болатын – ақын Төлеген мен жары Үрнисаның бір-бірімен жылы қатынасы, отбасылық жағдайлары, түрлі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді талқылау, айналарындағы адамдармен болған қарым-қатынасы. Ішінара ақынның шығармашылығына қатысты айтылатын эпизодтар мен штрихтар да баршылық. Осылардың бәрі топтасып, жинала келіп, кітап кейіпкерлерінің образдарын әр қырынан толықтырып аша түседі, уақыт тынысынан, замана келбетінен хабардар ететін оқиғалар өз алдына.

Қандай жағдайда болсын, кітаптың кейіпкерлері – өзінің дүниедегі ең жақын адамдары, ата-анасы екендігіне сүйіспеншілік пен ықылас білдіріп жатқанына қарамастан әрі өзінің әйел заты екендігіне қарамастан, автор арзан эмоцияның ығында кетпей, мүмкіндігінше ойларын объективті жеткізуге тырысады. Бұндай авторлық ұстаным деректілік тұрғыдан жазылған өмірбаяндық шығармалардың баршасына тән ұстаным емес. Кейбір авторлар өзіне жақын адамдарды іш тартып, мінсіз етіп көрсетуді қалайды, не болмаса шексіз сүйіспеншіліктің арқасында, көзсіз махаббаттың қуатымен жақын адамдарына шаң жолатпайтын өмірбаяндық шығармалар да кездеседі. Осындай салыстыру нәтижесінде «Ақын жары» деректі шығармасының авторы кейіпкерлер арасындағы күрделі қарым-қатынастарды мейлінше объективке жеткізуге тырысқанын ерекше атап өткен жөн.

Деректі кітапта үйлену тақырыбына қатысты түрлі мәселелер, қазақтың ырым-сырымдарына қатысты этнографиялық жағдайларға да орын берілген. Төлеген мен Үрнисаның үйленуін былай қойғанда, басқа да жастардың, тіпті кітап авторының өзінің тұрмысқа шыққан кезіндегі кейбір жағдаяттарын қазақтың ырым-сырымдарының ұқсас тұстары мен түрлі өңірлерге байланысты айырмашылықтары да автордың жіті көзінен таса қалмаған. Тіпті бір жерінде бәріміз Оңтүстіктің адамы болсақ та, осы құдалық мәселесінде түрлі айырмашылықтар барын аңғардық деген сыңайдағы пайымдаулар да кездеседі. Бұның өзі қазақтың салт-дәстүріне қатысты танымдық штрихтар екендігі сөзсіз.

Сонымен бірге кітаптың әр тұсында адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы қазақы психология, сыйластық мәселелеріндегі моральдық ұстанымдар үнемі автордың қадағалауында екендігі байқалады.

Біздіңше, кітаптың ең бағалы тұстары – өзінің ақын жұбайы туралы сыр шертетін Үрнисаның естеліктері. Бір жерінде ол былай дейді: «Төлегеннің өзіндік ерекшелігі, ол ойы мен әсерін алдымен басында пісіріп, толық жетілдіріп алып,

қағазға бірақ түсіретін. Бәрі миында өңделетін. Еске сақтау қабілеті өте күшті еді. Өзінің жырларын үтір-нүктесіне дейін жатқа оқитын. Ол тұрмақ, сахнада шығармаларын айтқанда жаңылып көрген емес» (Айбергенова, 2022:173). Автор ақын Айбергеновтің әркімде кездесе бермейтін ерекше қабілет иесі екендігін нақты мысалдармен дәйектеп отырады. Атырау жақтан бір ақын үйіне іздеп келіп, екеуі Ілияс Жансүгіровтің атақты «Дала» поэмасын талдайды. Сонда Төлеген поэманың көптеген жерлерін жатқа оқыпты. Және онымен шектеліп қалмай, туындының соңынан басына қарай жатқа айтып берген екен.

Шығарманы оқи отырып, Төлеген Айбергеновтің қысқа ғұмырында көптеген белгілі тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болғанын аңғарамыз. Солардың шапағаттарын көрген, бір-біріне деген алғаусыз ықылас-пейілдеріне куә болған. Атап айтқанда, олардың арасында Шәмші Қалдаяқов, Мұхтар Шаханов, Зәкір Асабаев, Саттар Сейітхазин, Әбілда Тәжібаев, Қалаубек Тұрсынқұлов, Нұрғиса Тілендиев, Әбілахат Есбаев тағы басқа көптеген танымал есімдер бар екен.

Кітаптан біз басқа бір деректерде де кездесетін жағдайларға түзету жасаған тұстары бар екенін де аңғардық. Автор Шәмші Қалдаяқовтың өз аузынан естіген әңгімелерін көлденең тартып отырады. Көп адамдар Шәмшіні Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысының Отырар ауданы жерінде дүниеге келген деп айтып жүретін. Ал бұл арада Шәмшінің өзінің айтқаны деген мына жолдарға назар аударамасқа болмайды.

«Менің кіндік қаным тамған жері – осы Сарысу ауданы, Байқадам. Әкем Қалдаяқ інісін ертіп аң аулап, су жағалап, 1931–1932 жылдары Сарысудан Темір станция жағына қарай кеткен. Сонда анам маған емізулі, жол-жөнекей шөптерді, бұталардың басын түйістіріп, үстіне бірдеңелерді жауып, саясына мені жатқызып, Түймегүл апамның қарауына тастап, өзі отын-су жинап, тамақ істейді екен» (Айбергенова, 2022:143).

Осыған ілісе автор өзі кейін Сарысу жаққа барғанда Шәкеннің туысқандары Байқадам екеніне көз жеткізгенін еске салады. Бұл арада Шәмші Қалдаяқовқа қатысты Еркінбай Әкімқұловтың «Шәмші – ән падишасы» деген деректі кітабына да жүгінуге тура келеді. Онда айтылған кейбір ойлар мен Салтанат Айбергенованың жазғандарының үйлесіп жататынын да байқаймыз.

Кітапта жиі аталатын көптеген тұлғалардың кейбіреуі оқырманын риза ететін сипатта. Олардың бірсыпырасы жалпы қазақ оқырманына белгілі болса, енді бірі сол оңтүстік өңірлерге ғана танымал адамдар. Бұлардың ішінде автордың ерекше сүйіспеншілікпен атайтын тұлғасы екеу. Оның бірі – қазақтың әйгілі ақыны, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов болса, екіншісі – атақ-даңқы одан да кем емес, қазақ ән өнерінің жарық жұлдызы Шәмші Қалдаяқов. Екеуінің де бейнесін автор ерекше бір ықыласпен, обьективті шынайылықпен суреттейді. Олардың бейнесін жасау барысындағы детальдар мен штрихтар соншалықты құнарлы десек артық айтқан емес. Бұл екі тұлғаға қатысты жерлерде кітап авторы өзі ғана сөйлеп қоймайды, қасындағы басқа адамдарды да әңгімеге тартып, олардың жекелеген естеліктерін, пікірлерін қосып отырады. Көп жерде Үрнисаның сөздері де берілген. Жаңағы екі

тұлғаның адами әрі шығармашылық болмысы сол кісінің көзқарасы арқылы тіпті асқақтап, нығая түскендей болады.

Мұхтардың үйіне алғаш барған Үрнисаны елжіреткен – жас ақынның жетімжесірге деген ықыласының күштілігі. Соны байқап қалған Үрниса «жан жары Төлеген Мұхтар досын бекер мақтамаған екен» деген ойға келеді. Одан әрі әңгімелеуші Төкеңнің досына деген ықыласының күшейе түскен тұстарына тоқталады. Мұхтардың бейнесін жасаудағы таңдап алған детальдары – сенімді тұлғаны әр қырынан көрсететін айшықты детальдар.

Төлегеннің шабыт үстіндегі жағдайы және оның денсаулығына да әсер еткені әр тұста келтіріліп отырады. Содан ол 1966 жылдың қысында «Сағыныш саздары» деген секілді өлеңдер жазыпты. Ол өлеңдердің мазмұнымен таныс оқырман сәтті шыққанын мойындайтыны сөзсіз. Бір жолы ақын Айбергенов 17 күн бойы ұйықтамаған екен. Бұл деген – адамның физиолгиясы көтере алмайтын ұзақ процесс. Кез келген тіршілік иесі мұндай үзілісті көтере алмаса керек.

Осыған орай Төлеген: «Мен қандай науқасқа шалдықтым, менен ұйқы қашып кетті», – деп айтады екен. Өзі дәрігерге қаралуды мүлде ұнатпайтын еді дейді жанжары.

Ақынның «Сағыныш» деген өлеңі замандас досы Мұхтар Шахановқа арналыпты. Бұл өлеңде:

Бұрқырап сол бір сағыныш жүр-ау деп ағып қанында,
Аға деп бір хат салмадың, осы да сағынғаның ба?
Інілер деген ағаның ізіне басқан сұрау сап,
Жортпаушы ма еді таң алдында тырнакөз көлдер қырау шақ, – деп келетін жолдардағы буын саны кәдімгі стандартты қара өлеңдікіндей он бір емес, одан да көп екендігін аңғаруға болады.

Осы арада әңгімеге тікелей автор араласып: «Мұхтар ағамды әкем шын жақсы көрді, шын қамқор болды, шын аға болғаны Мұхтар ағаның жанының тазалығын, шыншылдығын, табиғи дарынын бағалай білгені туралы айтты. Ал анам Мұхтар ағаға туған жеңгесінен кем болған жоқ» (Айбергенова, 2022:131) – деген сөздері бұл адамдардың бір-біріне деген шынайы ықыласының нәтижесі.

Екеуі де ақын болғандықтан, Төлеген мен Мұхтардың ұқсас жақтары көп болыпты. Екеуінде де сенгіштік болған, сосын, маңайындағы адамдардың ешқайсысын дұшпан деп санамайтын мінездері де бар екен. «Біреу бізді сынайды ғой» деген ойдан да аулақ. Төртіншіден, бұлар өте шыншыл деп келеді де, бесіншіден, пендешілдіктен адал болған деген сөзді қосады. Өз басының қуаныштарын өзгелер де қуансын, өзгелердің қуанына біз де қуанайық деген принципті ұстаныпты екеуі де. Осының өзі екі үлкен ақынның рухани жақындығын аңғаратын факторлар екендігі анық.

Шәмші аға, бұрын біздің үйдің мүшесіндей еді дейді автор. Осыдан кейін көлденеңдеп шығатын – Төлеген қайтыс болғаннан кейін, келісе отырып, Шәкеннің Үрнисаға үйленгені туралы әңгіме. Бұл – көп оқырмандардың назары түсе бермейтін деректер еді.

Төлегеннің ғұмыры қысқа болды да, өзі ел қатарлы жайлы жағдайда өмір сүруге қолы жетпей кетті. Мұны кітап беттеріндегі түрлі оқиғалар мен эпизодтардан аңғарамыз.

Шәмші Қалдаяқовтің жай-күйі болғанымен, өзі тұрыс-тұрмысына енжар қарайтын адам екен, соның салдарынан кейде бар тіршілігін бағалай алмай қалған жағдайлары да бар сияқты.

Сондай-ақ, автор өзінің ата-анасының төңірегіндегі ең маңызды әңгімелерді айтумен шектеліп қалмайтынын аңғарамыз. Ол сол кездегі әдебиеттің белді өкілдеріне қатысты да жекелеген әңгімелерді көлденең тартып отыруды жадынан шығармайды. Өйткені Төлеген сияқты талант иесі – жас болғанымен, бірден-ақ жұрттың назарын өзіне аударып, талантын мойындатқан ерекше ақын. Сондықтан да тұрмыстық-әлеуметтік жағдай болмай жүргенімен, елі алыстан-ақ оны өлеңдері арқылы таниды.

Алматыға қоныс аударып келгеннен кейін тіпті жақындаса түскен небір жақсылар мен жайсаңдардың бейнелері көз алдымызға тізбектеліп өтіп жатыр. Атап айтқанда Әбілда Тәжібаев, Сәбит Мұқанов, Сырбай Мәуленов, Әсет Бейсеуов, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Тоқаш Бердияров, Қалаубек Тұрсынқұлов, Өмірзақ Қожамұратов, Кеңшілік Мырзабеков, Оспанхан Әубәкіров, Оралхан Бөкеев тәрізді танымал есімдер жөніндегі әңгімелер бірінен кейін бірі кезектесіп, шығарманың дәуірлік келбетін толықтыра түседі. Солар арқылы біздер, яғни оқырмандар Төлеген Айбергенов кезіндегі өмір сүрген көрнекті әдебиет өкілдерінің бет пішінің қандай болғанын, әдеби ортаның кескін-келбетін, ортақ рухын біршама айқын сезіне аламыз.

Шығарманы жазу барысында автор түрлі формалық ізденістерге жүгінген. Мәселен, кей жерде өзі баяндап әке-шешесі туралы әңгімелерге тізгін беріп отырса, енді бірде анасының естеліктерін көлденең тарта біледі. Бір жақсысы – анасы артына күнделік хаттар сияқты эпистолиярлық жанрда жазылған дүниелерін қалдырып кеткен екен. Сол жазылған дәптерлерді парақтай отырып, автор шығарманың керекті жерлеріне сыналап кіргізе білген.

Осындай шығармашылық ізденістен шығатын қорытынды – кейде әңгіме айтып отырған кісілердің ара жігі ашылмай қалатын тұстары да бар. Бір сәтте Салтанаттың өзі әңгімелеп отырса, енді бірде әңгіменің өзегін өргітіп жатқан оның анасы екендігін сәлден кейін ғана аңғарасыз. Бұл композициялық жағынан, бәлкім, кейбір ширата түсу қажет ететін тұстары болар. Бірақ бұның өзінің аса үлкен кемшілік деп білмеуіміз керек. Авторлық ізденістің бір парасы болғанымен, оқиғаларды баяндаудың ара жігін ажыратып, композициялық құрылымын ширата түссе артық болмас еді деген ойға келесің.

Екінші бір мәселе – хронологияның сақталмауы. Сонау 50-60-жылдардағы оқиғаларды айту барысында ілгері-кейінгі баяндаулардың етек алып кететін тұстары ұшырасып жатады. Мәселен кітаптың 12-бетінде автор «1972 жылы Сырбай Мәуленов ағаның 50 жылдық мерей тойы М.Ю. Лермонтов театрында өтті. Сәбит Мұқанов жүргізіп отырды», – деп келсе, 61-бетте «Әкем мен анам 1961 жылдың желтоқсан айының соңына қарай Сарыағаштың соңына қарай Зәкір Асабаев пен Бердуалы Тұрмағанбетов ағаларға қонаққа келеді» деп кейінгі заманға қарай шегініп жатады (Айбергенова, 2022).

Бұл – тек осы жерде ғана емес кітаптің әр тұсынан кездесіп отыратын жағдай. Көркем әдебиетте лирикалық шегіністің қолданылатыны мәлім. Ал керекті

шығарманың да ішінара осындай шегіністі болуы заңды деп ойлаймыз. Тек осындай ілгерілі-кейінді баяндауда жиілетпей, мүмкіндігінше хронологияны сақтаған кезде бұл өмірбаяндық шығарма бұдан да тартымды бола түсетінін алдағы уақытта ескерсе деген тілек айтқымыз келеді.

Автордың негізгі мақсаты – Үрниса ханымның өміріндегі маңызды кезеңдерді түгел қамтып көрсетуді діттеген деуге болады. Анасы туралы айтқаннан кейін, қалам иесінің өз әкесі жайында сөз қозғамауы мүмкін емес. Небәрі 30 жыл ғұмыр кешіп, өмірден аққан жұлдыздай өте шыққан Төлеген Айбергеновтің мінез-құлқы, шығармашылық бет-пішіні өзіне тән ерекше болмысымен есте қалады. Кітапта екеуінің қалай танысқаны, сезім-күйлерінің құбылыстары, жастық шақтағы бір-біріне деген ыстық пейіл-ықыластары, ақыры сол ықыластардың ұлы махаббатқа ұласуы аса бір сүйіспеншілікпен баяндалады.

Олай болу заңды да, өйткені қай перзент өзінің ата-анасы туралы теріс пікір айта қойсын немесе олардың кемшіліктерін тізбелеп, жөн-жосықсыз беталды лағып сөйлеп кетеді деуге тағы болмайды. Бірақ автордың сөзсіз тек жақсылық жағынан қопарып айтуды мақсат етпегені де көрініп тұр. Әке-шешенің арасындағы ұсақ-түйек түсініспеушіліктердің қалай өрбігені, сонда олардың бір-біріне деген ыстық ықыластың қалай бекіп, қалай нығая түскені ойдың табиғи ағымымен баяндалып отырады.

«Баяндалу» дегеніміз де бұл жерде шартты нәрсе. Бұған қарап шығарманың бәрі бастан аяғына дейін құрғақ баяндау деп ұқсақ қателесеміз.

Осы кезең ішінде өнердегі жеке тұлғалар жайында жазған қаламгердің бірі – Еркінбай Әкімқұлов. Оның Құрман ата туралы кітабынан басқа, Өзбекәлі Жәнібеков, Шәмші Қалдаяқов жайында жазған өмірбаяндық деректі еңбектері де жанрға қойылатын талаптар үдесінен көріне алуымен, ізденістен туған көркемдік қырларымен көңіл бөлуге әбден лайықты.

Бұл арада қазақтың көрнекті композиторы туралы жазылған «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» атты деректі роман-эссесіне тоқталып өтудің өзіндік реті бар (Әкімқұлов, 2012). Оған көңіл бөлуіміздің себебі бірнешеу.

Ең алдымен шығарма қазақтың әнсүйер қауымы әндерін ауыздарынан тастамайтын талантты композиторымыз жайында. Ол кісінің жеке және шығармашылық өмірбаяны кімді де болса қызықтырып, назар аудартатыны сөзсіз.

Екіншіден, кітаптың сыртына «Еркінбай Әкімқұлов» деп жазылғанымен, мәтіндегі оқиғалар тек бірінші жақтан, яғни, бас кейіпкер Шәмшінің өз атынан баяндалады. Мұндай жағдайда қалыптасқан үрдіс бойынша роман-эссенің авторы, басқа ешкім емес, Шәмшінің өзі болуы тиісті еді. Бұл да шығармашылық өмірде жиі кездесе қоймайтын, авторлық құқық және сабақтас құқықтар тұрғысынан назар аударып, дұрыс шешуді қажет ететін құбылыс.

Үшіншіден, кітаптың жазылу стилі жинақы, автор сөйлем құраудың белгілі бір арнасына түсіп алады да, басынан аяғына дейін сондай үрдісте жазып шығады. Шығарманың жеңіл оқылуына және формалық жағынан табылған ізденіс белгілеріне қарап, оны ең алдымен балалар мен жастарға арнап жазылған дүние деуге де боларлықтай.

Жеке тақырыпшаларға бөлген кезде автордың қолданатыны – әдетте қалыптасып кеткен «Бөлім» немесе «Тарау» деген анықтамалар емес, «Желі» деген сөз. Мысалы, «Бірінші желі. Шалқыған Шәуілдір», «Соғыс деген не нәрсе?» деген формада әрі қарай жалғасып кете береді.

Роман-эсседе тек Шәмшінің шығармашылық белестері мен асу жолдары ғана әңгімеленіп қоймайды, жеке өмірінің де қыры мен сыры да ықшам баяндаулар арқылы жарыса дамып жатады. Бұл жағынан келгенде оқырманның көзіне анығырақ елестейтіні – дарынды композитордың адам ретіндегі болмысы, мінез-құлқының ұнасымды әрі кіділі тұстары.

Табиғи дарынын оқу-білім арқылы жетілдіріп, ұштай жүріп, қаншалықты алға ұмтылса да, өмірдегі бөгесіндері де, бастан кешкен қиындықтары да аз болмапты. Бұны бірінші жақтан әңгімелегендіктен де, Шәмші өзі жасырмай, рет-ретімен ашық баяндап отырады.

Өзінің сазгерлік дарыны сонау Қапланбек малдәрігерлік-зоотехникалық техникумінде оқып жүрген кездерінде анығырақ байқалған кейіпкер қатал әкесінің қарсылығына қарамастан, ары қарай қалайда музыкант-сазгер болып шығуды алдына айқын мақсат етіп қояды. Бұл жолда оқуға түсіп, тиісті мамандық алып шығуына қол ұшын бергендердің арасында қазақ мәдениетінде, өнерінде із қалдырған белгілі тұлғалар да бар.

Атап айтқанда, қазақтың атақты әншісі Жамал Омарова, ақындар Істай Мәмбетов, Қуандық Шаңғытбаев, Мұзафар Әлімбаев, қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков тәрізді кісілердің жас дарынды бірден-ақ танып, оның шығармашылығы мен білім алуына қалай ықпал жасағаны роман-эсседе нақты мысалдар, қызықты эпизодтар арқылы көрініс тапқан. Жалпы жүрдек баяндаулар мен суреттеулер өзара алмаса келіп, кітаптың көркемдік бітімінің айқындала түсуіне тиесінше әсер еткен.

Адами қалпы ақ жарқын, жаны дүниесі таза болғанымен, бірбеткейлігі, кейде қырсығып қалатындығы, ішінара парықсыз кететін тұстары бас кейіпкердің адами болмысын әр қырынан ашып, шынайылыққа жақындата түседі. Кітаптың жанры роман-эссе болғандықтан да шығар, жеке штрихтар мен эпизодтардан кейін алдыңғы қатарда шығатыны –кейіпкердің ішкі бұлқыныстары, қуанышы мен уайымы, тебіреністі сәттері. Кейіпкердің өз эмоциясына ие бола алмай, «аһылап-үһілеп» кететін мұндай көңіл күйін автор ірікіп қалмай, боямасыз қалыпта ұсынуға тырысады.

Кітапты оқып отырсаң, Шәмшінің адам ретінде де, композитор ретінде де басынан кешетін қиыншылықтары аз болмапты. Ондай бөгелістерге соқтырған себептердің бірі – айналадағы адамдардың іштарлығы, қызғаншақтығы болса, екіншіден, кейіпкердің өзінің алды-артын ойлай бермейтін аңғалдығы, парықсыздығы. Содан барады да, лап етіп, бір ыңғайсыз жағдайларға ұрынып жатады. Қазақ ортада еркін өскен ұландарда кездесіп жататын типтік қалып, ұлттық менталитетімізге қайшы емес.

Шығармада бас кейіпкермен қатар әр тұстан қылаңытып, бой көрсетіп отыратын екінші пландағы қосымша персонаждар қатары да едәуір. Атап айтқанда, олар – Әбілахат Еспаев (көбінесе Ахат деп қысқартылып алынған), Еркеғали Рахмадиев,

Еркінбай Әкімқұлов, Сабырхан Асанов, Мұхтар Шаханов және басқалары. Бұлардың барлығында дерлік қазақи менталитет пен мінез-құлық нышандары бар.

Осылайша қазақтың көрнекті композиторын бас кейіпкер етіп алған және өзі өмірде жоқ болса да, сол кісінің атынан бірінші жақтан баяндалған кітапта ептеген ақаулықтардың да бар екенін жоққа атай кетуге тура келеді. Мысал үшін алатын болсақ, Шәмшінің жеке басына қатысты кейбір жағдайлардың тәптіштеліп, кеңірек баяндалып кетуі. Оның қыз-келіншектермен қарым-қатынасын суреттейтін беттерден жеке тұлғаның ішкі құпияларына қол сұғу нышандары да байқалады. Натурализмге ұрынбай, сыпайылап алып шығуға болатын кейбір жерлерде автор ойын жалаңаштай сөйлеп, кейіпкерлерін де сол дәрежеге түсіріп жібереді екен.

Бас кейіпкердің атынан сөйлеу белгілі бір жауапкершілікті қажет ететіндігі түсінікті. Өз аттарынан жазылған туындылардың өзін жеке адамдардың түзеп, жөндеткізіп жататыны шығармашылық үдерістерден жақсы мәлім. Тіпті осы арада Әкім Таразидың Талғат Бигелдиновті кейіпкер етіп алған хикаятына қатысты бір оқиғаны алсақ та болады. Басылып кеткен хикаятты оқып шыққанан кейін, ол жайында кейіпкердің өзі шығармаға көңілі толмай, көптеген сыни пікірлер айтқаны да баспасөз беттерінен белгілі. Көркемдік жағын былай қойғанда, өмірбаяндық штрихтар мен эпизодтарда көптеген ауытқушылықтар орын алғанын Талғат Бигелдинов ашына жазған болатын.

Ал енді өмірден өткеніне көп жыл өткен адамның атынан кітап жазу тәжірибесі бұрынғы шығармашылық тарихында болды деп айту қиын. Өйткені мұндай шығармада оқырман біле бермейтін олқылықтар, ағаттықтар кездесуі ықтимал. Кейіпкер өзі жоқ болғаннан кейін, айтылып отырған жайлардың шын-өтірігін дәлелдеу де қиынға соғады. Кейбір күмәнді тұстарға келгенде әрі-сәрі күйде қалуыңыз да ғажап емес.

Аталған туындыда ондай жекебастық мәселелерді былай қойғанда, айпарадай анық деректердің өздері дәл берілмей қалған жағдайлар кездесіп қалады екен. Мысалы: «Кереку, Қара ертіс...» (Павлодар жерінде?) (Әкімқұлов, 2012: 34,284). «Ертіс... сонау Сібірден басталып, қазақ даласын келіп құшады» (Әкімқұлов, 2012: 45;285) деген сөйлемдерді алайық. «Сонау Сібірден» деген ұғымның өзі жаңсақ. Географиялық ұғым тұрғысынан алып қарағанда, Павлодар облысының солтүстік жағының өзі-ақ Сібірге жатады, сондықтан ол алыстықты білдіретін «Сонау» деген сілтеу есімдігінің мағынасымен жанаса қоймайды. Екіншіден, Ертіс өзені қазақ даласынан, оның ішіндегі Қытай мемлекетіндегі қазақ даласынан басталып, керісінше Сібірге құяды. «Қара Ертіс» деп Ертіс өзенінің Зайсан көліне құярға дейінгі бас жағын айтады, ал Зайсан көлінен өткеннен кейін «Қара» деген сөз алынып қалады.

Ш.Қалдаяқов қайтыс болар алдында (1992 жылы) тірілердің қатарында 1983 жылы қайтыс болып кеткен Нұтфолла Шәкеновтің есімін де атайды (Әкімқұлов, 2012:1,34,455). 371-417-беттер О.Бодықов атынан жазылса, 424-430 беттерде Алдар көсе әңгімесі келтіріліпті.

Өмірбаяндық және деректі прозадағы шығармашылық жауапкершілік пен шындықты сақтау мәселесі өте өзекті. Яғни, деректі прозаның өзіндік қиындықтары бар жанр.

Шығарма мазмұнына сүйенсек, автор тірі адамның да, өмірден өткен тұлғаның да атынан сөйлеу кезінде автор деректік дәлдік пен көркем қиялдың арақатынасын сақтауы тиіс. Әйтпегенде, фактілік қателіктер мен географиялық, тарихи сәйкессіздіктер (мысалы, Ертіс өзенінің бағыты мен «Қара Ертіс» атауы жөніндегі жаңсақтықтар) шығарманың ғылыми және эстетикалық құнын төмендетеді.

Сонымен қатар, мәтін авторлық баяндаудағы объективтілік пен субъективтіліктің шегін айқындауы тиіс. Өмірбаяндық және деректі прозада бұл шекараның бұзылуы оқырман сенімін әлсіретіп, көркемдік шындық пен өмір шындығы арасындағы тепетеңдікті бұзады.

Жалпы алғанда, келтірілген мәселе өмірбаяндық және деректі прозаның ең өзекті мәселелерінің бірі – автор мен кейіпкер арасындағы жауапкершілік қатынасы, деректің көркемдік трансформациясы және факті мен қиялдың үйлесімі екенін дәлелдейді.

4. Зерттеу нәтижесі

Жоғарыдағы екі шығарма да қазақ мәдениетінің көрнекті тұлғалары – Төлеген Айбергенов пен Шәмші Қалдаяқов бейнесін өмірбаяндық деректер негізінде көркемдік тұрғыдан сомдауға арналған. С.Айбергеновaның «Ақын жары» шығармасында:

– Шығармада негізгі назар Үрниса Айбергенова бейнесіне аударылған. Автор анасының тұлғасын бейнелеуде арзан эмоциядан бойын аулақ ұстап, деректілік пен объективтілік принципін ұстанған;

– Шығарма деректі фактілерге сүйенсе де, құрғақ баяндаудан гөрі психологиялық тереңдік пен лирикалық нәзіктікке мән берілген;

– Қазақтың тұрмыс-салт дәстүрлері, ырым-тыйымдары мен отбасылық этикасына қатысты деректер мәтіннің танымдық құндылығын арттырған;

– Автор кейде анасының естеліктерін, кейде өзінің баяндауын қолдана отырып, эпистолярлық тәсіл мен хронотоп элементтерін шебер біріктірген;

– Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқов, Мұхтар Шаханов сынды тұлғалардың бейнелері әртүрлі куәгерлердің естеліктері мен хаттары арқылы көпқырлы сипат алған;

– Автор ата-анасының өмір жолын тек жеке естелік деңгейінде емес, дәуір шындығын бейнелеудің көркем үлгісі ретінде көрсетеді. Мұнда дерек пен сезімталдық, естелік пен зерттеушілік көзқарас табиғи үйлесім тапқан. Бұл оның авторлық ұстанымын көрсетеді.

Кітаптағы хронологиялық ауытқулар мен баяндау формасының ауысуы композициялық тұрғыда кейде күрделілік тудырғанымен, бұл авторлық ізденістің нәтижесі ретінде бағаланады. Төлеген Айбергеновтің рухани әлемі, шығармашылық қуаты мен отбасылық құндылықтарға деген көзқарасы арқылы қазақ қоғамының моральдық келбеті де көрініс табады.

«Ақын жары» деректі туындысы – қазақ өмірбаяндық прозасының заманауи үлгісі. Ол ұлттық мінез, отбасылық дәстүр, рухани тұтастық сияқты ұғымдарды бір арнаға тоғыстырып, әдебиеттегі әйел авторлардың деректілік пен көркемдік синтезге қосқан үлесін айқын танытады.

Еркінбай Әкімқұловтың «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» атты роман-эссесі – қазақтың көрнекті композиторы туралы жазылған өмірбаяндық-деректі прозаның көркемдік ізденіс тұрғысынан ерекше туындысы. Зерттеу нәтижесінде анықталғандай, шығармада автордың басты көркемдік шешімі – бірінші жақтан баяндау тәсілін қолдану арқылы Шәмшінің ішкі әлемін, рухани толғанысын, шығармашылық және адамдық болмысын барынша шынайы жеткізуге ұмтылуы. Бұл тәсіл кейіпкердің өміріне терең бойлап, оның жан дүниесін эмоциялық-психологиялық деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді.

Бірінші жақтан баяндаудың арқасында автор кейіпкердің өз атынан сөйлеу стилін қалыптастырып, оқырманды тікелей Шәмшінің жан дүниесіне жетелейді. Алайда бұл тәсілдің өзіндік тәуекелдері де бар: өмірден өткен тұлғаның атынан сөйлеу деректік дәлдік пен көркемдік қиял арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, роман-эсседе кей тұстарда географиялық және фактілік ауытқушылықтардың (мысалы, Ертіс өзенінің бағыты мен «Қара Ертіс» атауына қатысты) кездесуі авторлық жауапкершілік мәселесін өзекті етеді. Көркемдік тұрғыдан алғанда, Әкімқұловтың тілдік шешімдері жинақы, динамикалық сипатқа ие. «Желі» ұғымының «тарау» не «бөлім» орнына қолданылуы – құрылымдық ізденістің бір айғағы. Автор роман құрылымында дара тұлғаның психологиялық әлемін ұлттық менталитетпен, дәуір шындығымен сабақтастыра суреттейді. Бұл тұрғыдан шығармада типтік бей-нелеу мен даралықтың үйлесімі көрініс тапқан. Шәмшінің мінезіндегі ашықтық, аңғалдық, табандылық пен өкпешілдік қатар өріліп, қазақы мінездің көрінісін береді.

Сонымен қатар, шығарманың көркемдік табиғатындағы негізгі жетістік – деректі фактілер мен эмоционалды баяндаудың үйлесімді ұштасуы. Автор деректі прозаның шарттарын сақтай отырып, оны көркемдік деңгейге көтеруге ұмтылған. Дегенмен, кей тұстарда кейіпкердің жеке өміріне қатысты натуралистік элементтердің артық баяндалуы туындының эстетикалық әсерін әлсіретеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» роман-эссесі деректі және көркем прозаның тоғысқан тұсындағы күрделі жанрлық тәжірибе ретінде бағалануға лайық. Шығарманың басты жетістігі – дара тұлға болмысын ұлттық рух пен көркем шындық аясында бейнелеуінде. Ал оның әлсіз тұсы – фактілік дәлдік пен көркемдік қиялдың тепе-теңдігін сақтаудағы кейбір бұрмалаушылықтар.

Осылайша, Салтанат Айбергенова мен Еркінбай Әкімқұлов туындысы қазақ өмірбаяндық прозасындағы жаңа көркемдік шешім ізденісінің нәтижесі ретінде қарастырылып, деректі прозадағы автор мен кейіпкер арасындағы шекараны айқындаудың өзекті үлгісін ұсынады.

5. Қорытынды

Талданып отырған екі деректі шығарманың көп тұстарында оқырманның көз алдынан тізбектеліп өтіп жататын – жекелеген тұщымды эпизодтар, суреттемелер, нақты қызықты оқиғалар. С.Айбергенованың «Ақын жары» туындысының кейіпкерлері өзінің ата-анасы болғандықтан да, олардың адами қырларын, қоғамда қалатын орнын, туған-туысқандар мен перзенттері арасындағы қарым-қатынасын

жақсы білетіні айқын.

Бұл жағынан келгенде ол жазушы ретінде өзіне қаламына қамшы салдырмай ерекше бір шабытпен алға тарта береді. Тіпті кей оқып отырып, қарасөзбен жырлағандай әсерде қаласыз. Шығарманың негізгі мақсаты – ақынның жары Үрнисаның адами кескін келбетін тарата ашу болса, оның сыңары көрнекті тұлға Төлеген Айбергеновтің де бейнесі қағыс қалмайды. «Ақын жары» шығармасы сол жағымен де құнды деуге әбден болады.

Ал Е.Әкімқұловтың «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» атты деректі роман-эссесі де – көп жылғы зерттеудің нәтижесі екендігі айқын. Бірінші еңбектен айырмашылығы автор мұнда хронологиялық принципті сақтауға тырысқан. Лирикалық шегіністері ішін-ара ғана. Кейіпкерінің шығармашылық әрі азаматтық тұлғасына қатысты деректердің қаншалықты шын екендігі автордың өзінің арының мойнында.

Түйіндеп айтқанда, екі деректі шығарманы да оқи отырып, оқырман Шәмші Қалдаяқов және Төлеген Айбергенов өмірлеріне қатысты да көптеген мәліметтерге қанығады. Екі тұлғаның да бастарынан кешкен түрлі қияметтері де сөз болады. Шығармалардағы достық қарым-қатынастар, ыстық ықыластармен суреттелуі басымырақ, сондықтан оқыған оқырманды өмірге деген құштарлығын арттыратын сөзсіз деп білеміз.

Демек жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, талданған деректі туындылардың танымдық жағы мен эстетикалық қыры айқын деген қорытынды жасауға болады. Бұлардан көрініс табатын ұнасымды факторлар – бүгінгі қазақтың деректі прозасының жалпы бағыт-бағдары мен көркемдік үрдістерінің жекелеген мысалдары.

Әдебиеттер:

1. Айбергенова С. Ақын жары. – Алматы: «Abai baspasy» ЖШС, 2022. – 240 б.

2. Әкімқұлов Е. Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы. – Алматы: Өнер, 2012. – 464 б.

3. Батракова Н.Д. С. Алексиевич шығармаларындағы деректілік пен көркемдіктің синтезі // KazNU Bulletin. Philology series. №2 (154). 2015. ISSN 1563-0223. https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1781/1707 (орысша)

4. Егорова О.Г., Романовская О.Е., Боровская А.А. Л. Рубенштейн мен Д. Приговтың автобиографиялық прозасы: нарратологиялық аспект // Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінің хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар, тіл білімі және әдебиеттану сериясы. 2020. https://cyberleninka.ru/article/n/avtobiograficheskaya-proza-l-rubinshteyna-i-d-prigova-narratologicheskiy-aspekt?utm_source=chatgpt.com (орысша)

5. Жүндібаева А., Мұралбек М. Серік Әбікенұлы шығармашылығындағы деректі проза жанры және оны оқыту әдістері // ОҚМПУ хабаршысы – Вестник ЮКГПУ, №1 (27), 2021 ж. https://doi.org/10.47751/skspu-1937-0029

6. Ibrayeva D., Salkhanova Zh., Joldasbekova B. Көркем автобиография жанрының ерекшеліктері // Opción, Año 33, No. 85 (2018): 126–151. ISSN 1012-1587 / ISSNe: 2477-9385. (ағылшын)

7. Кислицын К.Н. және т.б. Соңғы жылдардағы заманауи орыс автобиографиялық прозасы «Бунин сыйлығы» әдеби байқауының айнасында // Мәскеу гуманитарлық университетінің журналы, 2016, №3. DOI: 10.17805/zpu.2016.3.22 (орысша)

8. Қалқабаева С.Ә. Ә. Нұршайықовтың деректі көркем прозасындағы шығармашылық тұлғалар // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №1 (173), 2019.

9. Liz Stanley. Социологиядағы авто/биография туралы // SageJournals, Volume 27, Issue 1. https://doi.

org/10.1177/00380385930270010 (ағылшын)

10. Тәшенов Т. Деректі проза дереқсіздікке ұшырады // Қазақ әдебиеті, 2017. https://qazaqadebieti.kz/9760/derekti-proza-dereksizdikke-shyrady

References:

1. Aibergenova S. (2022). Aqyn zhary [Poet's spouse]. Almaty: Abai baspasy LLP. (kaz)

2. Akimkulov E. (2012). Shamshi Kaldayakov – An patshasy [Shamshi Kaldayakov – the King of Song]. Almaty: Oner. (kaz)

3. Batrakova N. D. (2015). The synthesis of documentary and artistic in the works of S. Alexievich. KazNU Bulletin. Philology Series, 2(154). ISSN 1563-0223.

Retrieved from https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1781/1707 (rus)

4. Egorova O. G., Romanovskaya O. E., Borovskaya A. A. (2020). Autobiographical prose of L. Rubinstein and D. Prigov: Narratological aspect. Bulletin of the Moscow State Linguistic University. Humanities, Linguistics and Literary Studies. Retrieved from https://cyberleninka.ru/article/n/avtobiograficheskaya-proza-l-rubinshteyna-i-d-prigova-narratologicheskiy-aspekt?utm_source=chatgpt.com (rus)

5. Jundybaeva A., Muralbek M. (2021). The genre of documentary prose in Serik Abikenuly's creative work and methods of its teaching. Bulletin of South Kazakhstan State Pedagogical University (Vestnik YuKGPU), 1(27). https://doi.org/10.47751/skspu-1937-0029 (kaz)

6. Ibrayeva D., Salkhanova Zh., Joldasbekova B. (2018). The specifics of the art autobiography genre. Opción, 33(85), 126–151. ISSN 1012-1587 / ISSNe: 2477-9385. (eng)

7. Kislitsyn K. N., et al. (2016). Contemporary Russian autobiographical prose of recent years in the mirror of the Bunin Prize literary competition. Journal of the Moscow University for the Humanities, (3). https://doi.org/10.17805/zpu.2016.3.22 (rus)

8. Kalkabaeva S.A. (2019). Creative personalities in A.Nurshaikov's documentary and artistic prose. KazNU Bulletin. Philology Series, 1(173). (kaz)

9. Stanley, L. (1993). On Auto/Biography in Sociology. Sociology, 27(1). https://doi.org/10.1177/00380385930270010 (eng)

10. Tashenov, T. (2017). Documentary prose has lost its authenticity. Qazaq adebieti. Retrieved from https://qazaqadebieti.kz/9760/derekti-proza-dereksizdikke-shyrady (kaz)

ҒТАМР 17.01.39 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-05

Г.Ж. Орда[1*], Е.Хуатбекұлы[2], А.Н. Отарова[3]
[1, 2]М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
[3]Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан
E-mail: [1]Orda_68@mail.ru; [2]erema_k91@mail.ru; [3]akmaral.otarova@yu.edu.kz
ORCID: [1]0000-0001-5930-3784; [2]0000-0002-7426-2973; [3]0000-0002-9793-6256

С.ОЛЖАБАЙДЫҢ «ҚЫЗ ЖЫЛАҒАН ТҮН» ДЕТЕКТИВТІ ПОВЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада жазушы С. Олжабайдың «Қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшелігі қарастырылған. Қазіргі әдеби процес күнделікті дамып отыратындықтан, ұлттық әдебиеттің жекелеген жанрлары даму үстінде екендігі шығарма аясында бағамдалған. Жазушы шығармасы оқырманның танымын кеңейтіп, оны белгілі дәрежеде тәрбиелеп, қылмысты ашумен танылатын кәнігі ізкесушілердің тынымсыз еңбегін шынайы бейнелеуде оқырманын өзіне баурап отырады. Детектив – оқырмандардың басым бөлігі үшін талғам биігінен түспейтін жанр болғандықтан, кез келген жастағы оқырман қылмысқа құрылған шытырман оқиғалы шығармаларды сүйіп оқитыны белгілі. Қоғам өміріндегі тамыры тереңге кеткен сыбайлас жемқорлық, қылмыстық топ өкілдерінің құрықталуы қашан да әділдіктің жеңетіндігін ұғындырады. Қаскөйлік, қастандық, жауыздық, қанішерлік қоғам дамуының қай кезеңінде де адамзатпен бірге жасап келе жатқаны өткен тарихымыздан, сол оқиғалар туралы жазылған көркем шығармалардан белгілі. Жазушының повесіне еліміз егемендік алған тоқсаныншы жылдарда өмірде болған оқиға арқау болғаны және өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудағы көркемдік әдіс-тәсілдері айшықталды. Портрет, пейзаж, монолог, диалог, көркем деталь, кейіпкерлердің сөйлеген сөзі, ісі, авторлық ұстаным, авторлық сипаттама тәрізді көркемдік компоненттерді тиімді пайдалануда образдардың дұрыс сомдалғаны нақты мысалдармен түйінделді.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2026 жылдарға арналған BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» жобасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ прозасы, детектив, портрет, пейзаж, монолог, диалог, көркем деталь.

G.Zh. Orda[1*], E.Khuatbekuly[2], A.N. Otarova[3]
[1,2]Institute of Literature and Art named after M. O. Auezov, Almaty, Kazakhstan
[3]Caspian University of Technology and Engineering named after Shakhmardan Yessenov, Aktay, Kazakhstan
E-mail: [1]Orda_68@mail.ru; [2]erema_k91@mail.ru; [3]akmaral.otarova@yu.edu.kz
ORCID: [1]0000-0001-5930-3784; [2]0000-0002-7426-2973; [3]0000-0002-9793-6256

ARTISTIC ORIGINALITY OF S. OLZHABAY'S DETECTIVE STORY «NIGHT OF THE CRYING GIRL»

Abstract. The article examines the artistic features of the detective story «The Night of the Crying Girl» by writer S. Olzhabay. Since the modern literary process develops daily, the development of individual genres of national literature is assessed within the framework of his work. The writer's work broadens the reader's horizons, enlightens him to a certain extent, and captivates him with a realistic depiction of the tireless work

of detectives known for solving crimes. Since detective is an attractive genre that does not leave most readers indifferent, it is known that readers of any age like to read crime-adventure works. Deep-rooted corruption in society, the suppression of representatives of criminal groups make us understand that justice will always prevail. From our history and fiction dedicated to these events, it is known that banditry, conspiracies, cruelty and murders have accompanied humanity at every stage of the development of society. The writer's story is based on an event that occurred in the 90s, when our country gained independence. It explains the artistic techniques and methods used to transform life reality into fiction. Specific examples generalize the correct creation of images through the effective use of such artistic components as portrait, landscape, monologue, dialogue, artistic detail, character speech, actions, author's position and description.

Acknowledgments: The article was published by the Scientific Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan in 2025-2026. Published with funding from project BR27101897 «Digital Transformation of the Ecosystem of Literary, Folklore, and Art Studies in Kazakhstan: Interdisciplinary Research».

Keywords: modern Kazakh prose, detective, portrait, landscape, monologue, dialogue, artistic detail.

Г.Ж. Орда[1*], Е.Хуатбекулы[2], А.Н.Отарова[3]

[1,2]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан
[3]Каспийском университете технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, Актау, Казахстан
E-mail: [1]Orda_68@mail.ru; [2]erema_k91@mail.ru; [3]akmaral.otarova@yu.edu.kz
ORCID: [1]0000-0001-5930-3784; [2]0000-0002-7426-2973; [3]0000-0002-9793-6256

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СВОЕОБРАЗИЕ ДЕТЕКТИВНОЙ ПОВЕСТИ С. ОЛЖАБАЯ «НОЧЬ ПЛАЧУЩЕЙ ДЕВУШКИ»

Аннотация. В статье рассматриваются художественные особенности детективной повести «Ночь плачущей девушки» писателя С. Олжабая. Поскольку современный литературный процесс развивается ежедневно, в рамках его творчества оценивается развитие отдельных жанров национальной литературы. Произведение писателя расширяет кругозор читателя, в определённой степени просвещает его, увлекает реалистичным изображением неутомимого труда сыщиков, известных раскрытием преступлений. Поскольку детектив – привлекательный жанр, не оставляющий равнодушными большинство читателей, известно, что читатели любого возраста любят читать криминально-приключенческие произведения. Глубоко укоренившаяся коррупция в обществе, подавление представителей преступных группировок дают нам понять, что справедливость всегда восторжествует. Из нашей истории и художественных произведений, посвящённых этим событиям, известно, что бандитизм, заговоры, жестокость и убийства сопровождали человечество на каждом этапе развития общества. В основу рассказа писателя легло событие, произошедшее в 90-е годы, когда наша страна обрела независимость. В нём объясняются художественные приёмы и методы, используемые для преобразования жизненной реальности в художественную. На конкретных примерах обобщается правильное создание образов посредством эффективного использования таких художественных компонентов, как портрет, пейзаж, монолог, диалог, художественная деталь, речь персонажей, поступки, авторская позиция и описание.

Благодарности: Статья опубликована Научным комитетом Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в 2025-2026 годах. Издано на основе финансирования проекта BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствоведения Казахстана: междисциплинарные исследования».

Ключевые слова: современная казахская проза, детектив, портрет, пейзаж, монолог, диалог, художественная деталь.

1. Кіріспе

Қазақ халқының ақыл-ойын, абыройын, ар-ожданын алдыңғы планға шығарып отыру – әр қаламгерге шығармашылық парыз болса, мұны детективті шығармалар да растайды. Көркем аударма әдеби байланысты нығайта түсетіні белгілі. Қазақ қаламгерлері әлем әдебиетінен нәр алу үшін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериясымен әлем әдебиетінде детектив жанрының патшайымы саналатын Агата Кристидің шығармаларынан бастап, бірнеше жазушының классикалық туындылары қазақ тіліне аударылды. «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы аясында «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша А.Кристидің «Жеті циферблаттар құпиясы» (Кристи, 2020), «Олар он еді» (And then there were none) (Кристи, 2022), А. Дойлдың «Баскервильдер иті» (The Hound of the Baskervilles) (Дойл, 2023), түрік жазушысы Э. Авгереннің «Бұл кімнің жібі?» (Авгерен, 2023), «Бұл кімнің тісінің ізі?» (Авгерен, 2023) тәрізді детективті шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Детектив жанры қазақ әдебиетінде өткен ғасырдан бері тыңғылықты түрде жазылып келе жатса, қазіргі таңда бұл жанрға қызығушылардың саны артып келеді. Қазақстан Жазушылар одағы жыл сайын жекелеген жанрларға арнап әдеби байқау ұйымдастыруда. Байқаудың нәтижесінде көргеніміздей, бір топ жазушылар детектив шығармалар жазып жүр. Қазіргі таңда З.Телеуова, А.Аймағамбетов, З.Жұманова, С.Олжабай, Н.Саматұлы, Б.Қанапиянов, Ғ.Юсупов, С.Зікірия, Ш.Алжанбай, Қ.Нұрымбетов, Б.Нұрахметов, Е. Мұратов тәрізді жазушылар детективті шығармаларымен жақсы таныс. Бұл қатар кейінгі жылдары жаңа есімдермен толығуда.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында қоғамдық ғылымдарда қалыптасқан герменевтикалық талдау, әдеби талдау, сипаттамалық, жүйелілік-құрылымдық әдістер арқылы күтілетін нәтижелерге қол жетті.

Детектив жанрын зерттеу отандық әдебиеттануда кенжелеп қалғанмен, қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаушы К.Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында қазақ детектив жанры біршама зерттеліп, республикалық ғылыми конференция өтті. Конференцияда әдебиеттанушы ғалымдардың аталған жанр туралы пайымдауларымен бөлісті.

Әлем халықтарының детективті шығармаларының тыңғылықты зерттеліп жатқаны Е.П. Панова, Т.М. Тимошенкова, П.А. Моисеева, М.Ковынев, Ю.Сергеева тәрізді орыс әдебиеттанушылары мен шетелдік Х.Хейкрафт, М.Пристман тәрізді ғалымдардың, отандық Ж.Дәдебаев, Т.Рахымжанов, Т.Бекниязов, Г.Орда және басқа ғалымдардың детективті әдебиет туралы зерттеулерімен тұжырымдалды.

2.2 Материалға сипаттама

Әлем әдебиетінен үлкен орын алатын детектив жанры туралы әдебиеттану ғылымында көптеген зерттеу еңбектер жарық көрді. Орыс және шетел ғалымдары бұл жанрды тасада қалдырмай, үнемі назарда ұстап отырғаны белгілі. Осы ойымызды

Е.П. Панова, Е.В. Тюменцеваның «Современный детский детектив в культурном сознании современности (на материале современных детских детективов А. Иванова, А. Устиновой)» (Панова, 2013), Т.М. Тимошенкованың «Детектив: историческая динамика литературного жанра» (Тимошенкова, 2015), П.А. Моисееваның «Поэтика детектива» (Моисеева, 2017) тәрізді детектив жанрын зерттеген зерттеулері толықтырады. Бұл еңбектерде детективті шығармалар жанрлық-типологиялық, тақырыптық, поэтикалық тұрғыдан зерттелді. Әдебиеттанушы ғалымдар ересектер мен балаларға арналған детективті шығармаларды арнайы зерттеді.

Шытырман оқиғалармен оқырманын тез баурайтын, оқырманы көп жанр туралы жазатын жазушылар әлем әдебиетінде жеткілікті болса, әдебиеттану ғылымында оның тыңғылықты зерттелуі де заңды. Бұл тұрғыда шетел ғалымдары да аталған жанрдың негізгі ерекшелектерін арнайы зерттеп, тың пайымдауларын ғылыми айналымға түсіріп келеді. Бұл қатарда H.Haycraft «Murder for Pleasure: The Life and Times of the Detective Story» (Haycraft, 1968), M.Priestman «Detective Fiction and Literature: The Figure on the Carpet» (Priestman, 1991) зерттеулерін атауға болады. Бұл ебектерде детектив оқиғасының адамды ләззат үшін өлтіруі, детективтегі дін қызметкерлерінің өмірі, қылмысқа құрылған оқиға тәрізді мәселелер қарастырылған.

Тақырыпты зерттеуде орыс әдебиеттанушылары М.Ковыневтің адам характері (Ковынев, 1965: 63), Ю. Сергееваның ішкі монолог (Сергеева, 1997: 175-176), отандық ғалымдардан Ж. Дәдебаевтың қазақ детективтерінің тақырып аясы (Дәдебаев, 2023: 8-10), Т.Рахымжановтың кейіпкер характерін ашатын көркемдік компоненттер (Рахымжанов, 2007: 5), Т.Бекниязовтың детективті әдебиет туралы тұжырымдары басшылыққа алынды (Бекниязов, 1996: 78).

Г.Орда бастаған ғалымдар «Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің трансформациялануы» туралы мақаласында кейіпкер бейнесінің көркемдік түрленуіне көңіл аударса (Orda, 2021: 653-668), «Қазақ повестеріндегі мазмұндық, түрлік ізденістер» мақаласында қазіргі қазақ әдебиетіндегі адамгершілік пен гуманизм, сүйіспеншілік пен махаббат, адам және табиғат экологиясын көтерген повестер өзара салыстырылып, К. Тоқаевтың «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», Б.Исаевтың «Қайта тергеуші» детективті шығармаларына жанрлық-типологиялық талдау жасады (Орда, 2024: 75).

Қазіргі таңда қазақ қаламгерлері тәрізді әдебиетанушы-ғалымдар да детективті шығармаларды зерттеуге ден қоюда. К.Матыжанов, Ж.Дәдебаев, З.Базарбаева, Б.Жақып, Қ.Әбдезұлы, К.Сәттібайұлы, Н.Ақыш, С.Ананьева, Г.Орда, Р.Тұрысбек, Ә.Хамраев, Н.Құдайбергенов, А.Жүнісова, Ә.Байбол, Н.Шәміл тәрізді әр буын өкілдерінің қазақ детективінің негізін салушы К.Тоқаев шығармашылығы туралы мақалалары қаламгердің 100 жылдық мерейтойына арналған республикалық конференция материалдарында берілді.

3. Талқылануы

Әдебиет – өмірдің көркем шежіресі болса, детективті шығармаларға әр дәуірдегі қылмыстар арқау болуда. Қазақ детективтері жөнінде әдебиеттанушы ғалым Ж. Дәдебаев: «Ел тарихындағы әлеуметтік маңызы зор, ірі де іргелі шындық құбылыстарды таңдап, талғап алып, оларды өзінің шығармашылығының асыл

арқауына, мазмұн байлығына айналдыру, сөйтіп шығармашылық ойлау қуатымен адамға, қоғамға, болашаққа ізгі үлгі ұсыну – өз өнерін халықтың ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы аясында бағалаған суреткердің қасиетті парызы», – деген болатын (Дәдебаев, 2023: 8). Осы тұрғыдан алып қарағанда, қаламгерлердің қоғам өміріндегі қылмыстарды ашуға көмектесетін детективті шығармалары қашан да өзекті болып табылады.

С. Олжабай да өз шығармасына әлеуметтік маңызы үлкен, өмірде болған оқиғаны таңдап алған. Қоғам өміріндегі сыбайлас-жемқорлықтың салдарынан қылмыс серкелерінің көбеюі, дөкейлердің балалары ойына келгенін істеп елдің ойранын шығаруы, қылмыстардың тапсырмамен жабылуы кім-кімді де алаңдататын мәселе. Жазушы көпшіліктің көңіліндегі осы сауалдарға аталған шығармасымен жауап беруге тырысқан.

Повесть оқиғасы детектив жанрының талабына сай кіріспеден басталған. Қарашаның қап-қара суық түніндегі бүгжеңдеген үшеудің бойтасалап жүруімен оқырман көңіліне күдік туғызады. Осы тұрғыда жазушы қараңғы түн мен үшеудің қылмысын параллел суреттеп, адам мен табиғат арасындағы жіпсіз байланысқа көңіл аударған. Ол жөнінде әдебиеттанушы ғалым Т. Рахымжанов: «...біз қаһарман психологиясын жан-жақты ашатын кейіпкер характерін өткірлеп, ұштай түсетін портрет, пейзаж, монолог, диалог және көркем деталь өнері секілді көркемдік компоненттерге айрықша мән береміз деген болатын» (Рахымжанов, 2016:5). Ғалым пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы пейзажды оқиғаны ашу мақсатында пайдаланып отыр.

Шығарма құрылымына сай қылмыс немесе құпия оқиға криминалды полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Кенже Өмірзақов қол астындағы жедел уәкілдерді шұғыл жинап, төтенше оқиға туралы хабарлама жасауымен өрбиді.

« – Қаратөбедегі қабірстанда сұмдық оқиға орын алды. Әлдекімдер жаңа ғана көмілген мәйітті ұрлап кеткен. О заман да бұ заман мәйіт кімге керек? Егер оның алтын тістері, басқа да бұйымдары керек болса, керектісін ғана алып кетпей ме? Өлікте несі бар? Менің түсінбей отырғаным осы жәйт. Қазір мазар басында шұғыл оперативті топ жұмыс істеп жатыр» (Олжабай, 2018: 123).

Жоғалған мәйіт жуырда ғана қаза тапқан жас жігіттікі болғанын білгенде әке-шешесі «баламыз онсыз да қандықол қарақшылардың қолынан қаза тауып еді, енді сүйегіне де маза бермегені несі?» деп қатты күйзелді. Оқырманды қасақана адам қолынан өлген студент жігіттің мәйітін ұрлаушылар түндегі үшеу болуы мүмкін деген ой мазалайды. Алайда, белгісіз қанипезерлердің қылмысын дәлелдеуге айғақ керек. Криминалистер із кесіп көргенде қылмыскерлер аяқтарына киіз байпақ киіп алған тәрізді. Бәтеңкенің не етіктің ізі түспегенінен олардың бұл іске үлкен дайындықпен келгені белгілі. Күре жолға дейін барған үшеуді жолдың бойында көлік күтіп тұрғаны анықталғанмен, ешқандай айғақ жоқ. Қабірстан қарауылы түнде сыртқа шықпағандықтан бұл оқиғадан хабарсыз болып шықты.

« – Айтпақшы, осыдан бір аптадай бұрын ба, қатарынан екі-үш күн бір қыз осы мазардың басына келіп жылап тұрды. Әр келген сайын гүл қалдырып кететін еді»,

– деген қарауылдың сөзінен бір ілгек табылғанмен, үлкен қаладан не аты, не мекені белгісіз қара жамылған бойжеткенді іздеп табу оңай болмасы белгілі.

Жанр табиғатына сай тергеудің басталуы – криминалды полиция басқармасының жедел уәкілі, полиция подполковнигі Болатбектің жігіттің әкесі Жанайдардан сұрақ-жауап алуы. Ізкесуші Алмас Майрадан болашақ жеңгесінің аты Гүлжауһар екенін, Мемлекеттік университетте оқитынын білгенмен, қай университеттің, қай факультеті, нешінші курс екені беймәлім. Осы тұстағы Майраның «Ағатайым «жеңешең оқуды бітірген соң әдебиетші болады» деп еді» деген сөзі – қылмысты ашушыларға ұсынылған алғашқы ілгек.

Алмас пен Болатбек филология факультетінде оқитын бірнеше қызбен танысып, Гүлжауһарды іздегенмен, ондай қызды ешкім білмейтін болып шықты. Күдері үзілген екеуі өздеріне таныс Мереке мен Айаруға еріп «Меруерт» кафесіне барып жақынырақ танысуды көздейді. Келесі жылы диплом алғалы жүрген бойжеткендер үлкен ағалары қызмет бабымен жүргендіктен ойларын еркін айта бастаған.

« – Үлкен өмір ішіне тұрмыс құру, отбасы бақыты да кіреді ғой. Бұл жағы қалай еді сіздерде? – деп сұрап қалды Болатбек.

– Иә, ағайлар, сөз байласқан адамдарымыз бар. Жаңа сіздердің өтініштеріңізді жерге тастай алмадық. «Үлкен қызметте жүрген үлкен ағалар ғой, шорши бермейік» деп ойладық. Диплом қолға тиісімен алып кетеміз деген адамдарымыз бар, – деді Мереке.

– Әйткенмен, Баршынға қиын болды, – деп қалды Айару.

– Иә, оған не болды? – деп екі жігіт еленděсіп қалды.

– Ол да бізбен бірге диплом алатын еді. Жуырда уәделескен жігітін қанішер біреулер пышақтап өлтіріп кетті» (Олжабай, 2018: 123).

Қыздардың айтуымен есімінің алдында «Нұр» ма «Гүл» ме бір қосымшасы бар екені, Гүлбаршынның Шарболат ауданы Бескұдық ауылының қызы екені анықталды. Әдебиеттанушы ғалым Т.Бекниязов детективті әдебиетке мынадай анықтама береді: «Детективті әдебиет – шытырман оқиғалы, қылмысты ашудың егжей-тегжейін өзек ететін әдеби шығармалар. Әдебиеттің бұл саласына жататын шығармалар өткір, сюжетті болып келеді», – деген болатын (Бекниязов, 1996: 78). Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, повестегі қылмыс та шытырман оқиғалар арқылы өрбіп отырады.

Тергеудің жалғасы – Болатбек пен Алмастың екі жүз елу шақырымдағы Жомарттың үйін іздеп тауып, қызы Гүлбаршыннан сұрақ-жауап алуы. Екінші курста жүргенде танысып, диплом алған соң бас қосуға уәделескен екі жастың ортасына облыстағы бір дөкейдің Оңласбек деген баласы келіп килігеді. Бірде «Тойота», біресе «Джиппен» келетін жігіт қыз жүрегін дүниемен қарата алмайтынын білген соң, ашықтан-ашық қылмысқа барғаны анықталды. Бірақ оны қылмыс үстінде ұстамаса қолдарында айғақ жоқ.

Шығарманың шиеленісі – тапсырыс берушінің ізін жасыруы. «Криминалды полиция басқармасының екінші шұғыл жасағы адамдарға қарақшылық шабуыл жасаған қылмыстық топты құрықтапты. Олар бірнеше оқиға бойынша айыпталып отыр. «Шефтің бұйрығымен жазықсыз бір жігітті де жайратып кеткенбіз. Қасында

бір өрімдей қыз бар еді» дегенді айтыпты» (Олжабай, 2018: 123). Қылмыстық топ басшысы қыспаққа алғанда үлкен кісінің ұлының есімін атағанмен, облыстық прокуратура да, облыстық сот та Оңласбекті тұтқындауға санкция беруге тайсақтады.

«Қылмыскерді тез табыңдар» деген бұйрық дегбірді алған соң, Алмас пен Болатбек Бескұдыққа бастықтың рұқсатынсыз барып біраз айғаққа қол іліктірді. Ауыл тұрғындарының айтуымен күні бойы Жомарт қарияның үйінің маңында қаңтарылып тұратын «Джиптегі» жігіттерді құрықтағанмен, көліктерінен әскери атыс қаруы табылған үшеу «Таудан аң аулайық деп едік» деп тапсырыс берушіні атамады. Оңласбектің екі қылмыстық тобы құрықталғанмен, нақты айғақ болмағандықтан күтуге тура келді.

Үшінші қылмыстық топ өздерін өздері ұстап бермесе, олардан ешкім күдіктенбеген болатын. Жазушы Бекбайды былай таныстырады: «Бекбай бөтелкелесінің «тіленші» деп кемсітіп отырғанын көңіліне алған жоқ. Алуға қақысы да жоқ еді. Оның көрінгеннен жиырма тиын, отыз тиын сұрап жүретінін бәрі біледі. Бекбай атына «қайыршы» деген тіркес қосылғаны қашан» (Олжабай, 2018: 11). Құлаған жеріне түнеп, жертөлені паналап жүретін Бекбайдың қалтасындағы мың, бесжүз теңгеліктерді көрген Құттықбек, пен Салқынбек одан қолы жомарт жарылқаушысын сұрайды. «Ты-ы-ы-с! Тісімізден шығармаймыз деп ант-су ішкен үшеу» сылқия тойып алған соң, өзара төбелесіп полицияға түсуі оқиғаны ширата түскен. Олардың неге төбелескені, Бекбайдың марқұмның денесін көрші ауылдың қорымына апарып жасырған қызметіне 50 мың теңге алғаны негізгі қылмыстың айғағы ретінде тіркеліп хаттамаланды.

Үш қылмыстық топ құрықталғанмен, істің қалай жабылары белгісіз. Жазушы оны Кенженің «Иә, соңына дейін жеткізу керек», «Оңласбектің барлық қылмыстарын біріктіріп, дереу сотқа өткізу керек», «Не де болса енді көріп алайын» деген ішкі монологы мен ой ағымына сыйғызған. Ішкі монолог жөніндегі ғалымдардың: «В монологе выражена одна смысловая позиция: в внешном диалоге разные смысловые позиции развиваются в речи различными говорящими; во внутрением диалоге различные смысловые позиции развиваются в речи одним говорящим. Это возможно благодаря способности человека вопроизводить в собственной речи чужую речь, а также реагировать на свою реч как на чужую» (Сергеева, 1997: 175-176), – деген пікіріне сүйенетін болсақ, кейіпкер монологында бір мағыналық позиция айтылып тұр, ол – қандай кедергілер, қиыншылықтар кездессе де істі аяғына дейін жеткізу.

Оңласбектің үш қылмыстық тобы ұсталғанмен, өзін қылмыс үстінде ұстауды күтіп жүргенде жаңа қылмыстан жедел хабар түсті.

«…Сабылысқа толы сарсаңды күндердің бірі еді. Полиция кезекшісіне «Тамаша» мейрамханасында атыс болып, бір адамды өлтіріп, екіншісін жаралап, қарақшы қашып кетті» деген шұғыл хабар түсті» (Олжабай, 2018: 15).

Ізшілер қылмыстық оқиғаны сұрай бастағанда, мейрамхана күзетшісі « – Мен машинаның номерін жазып алдым, – деді». Көп ұзамай қымбат көлік мінген, ықпалды кісінің ұлы бастаған қылмыстық топты «Арлан» жасағы Қордай асуында құрықтады.

Тергеуші алдында отырған божбан қара Оңласбек « – Айтатын түгі де жоқ. Осыларың үшін өкінесіңдер әлі. Бәріңді де аяғыма жығып, жалындырамын, – деп»

тепсінген ол тергеушінің: « – Сонымен, Оңласбек мырза, Гүлбаршынды не үшін өлтірдіңіз?» – деген жорта сұрғынан кейін ашылып сала берді.

« – Оны өлтірген мен емес. Мен оны сүйемін ғой, қалайша өлтірмекпін? Тергеуші мырза, мені тым болмаса бір күнге босатыңызшы, Гүлбаршынды өлтірген адамның басын кесіп әкеліп алдыңызға тастайын, – деді ол.

– Сіз оны сүйеді екенсіз ғой, – деп қойды тергеуші.

– Жанымнан артық көремін.

– Ендеше оның жігітін неге өлтірдің?

– Бәріне өзі кінәлі. «Оның жанына жолама» деп қаншама рет ескерттім, тыңдамады» (Олжабай, 2018: 15).

Қылмыстық істі судьяға ұзақ қарауға тура келді, себебі алғашқы куәгерлер жалтара бастады. Жазушы Оңласбектің портретін сомдауда ішкі-сыртқы әсерлердің бәріне көңіл аударған. Адам характері жөнінде әдебиетші ғалым М. Ковынов былай деген болатын: «Адам характері туа пайда болмайды, тұлғаның қалыптасуы – адам мен жағдайдың өзара әрекетінің қарама-қайшы диалектикалық процесі» (Ковынов, 1965: 63). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, оның қалыптасуы да ортасына қарай ыңғайланған. Бала күніндегі еркелік шолжаңдыққа, шолжаңдық қанішерлікке алып келуінен байқалады. Дегенмен оның да ет пен сүйектен жаралған пенде екендігін Гүлбаршынды сүюінен көруге болады. Басты қателігі – қыздың сүйген жігітін пышақтап өлтіруі болса, заңға қарсы әрекеті әкесінің «дөкей кісі болғанынан».

Шығарманың шешімі – қылмыскерлердің бірі жеті жылға, Оңласбек бастаған серкелердің он бес жылдан арқалап, темір торға тоғытылуы.

Қорытынды – Гүлбаршынның сот процесінен кейін көз жасына ерік беріп ағыл-тегіл жылауы. Сүйгенінен айырылып, кеудесіне өксік, кек, өкініш, қайғы-мұң толып қалған қыз туралы естіген Кенже: «– Иә, біз қаракөз қыздарымызды жылатпауымыз керек. Қыздардың қайғыдан жылағанының соңы осы Гүлбаршын болсын, – деді». Осылайша автор негізгі ұстанымын кейіпкердің аузына салған.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу нәтижелерін шығарманың құрылысына қарай төмендегіше жүйелеуге болады.

1. Кіріспеде негізгі оқиғаға қатысты үшеудің түнгі суыт жүрісінен хабардар болғанмен, негізгі оқиға белгісіз болатын. Жазушы сұрықсыз күндегі үшеудің сүреңсіз жүздерін суреттеуде пейзажды тиімді пайдаланған.

2. Қылмыс немесе құпия оқиғаны ашу Кенже, Алмас, Болатбекке оңайға түскен жоқ. Қылмыс болған жерде не куәгердің, не айғақтың болмауы оқиғаны шиеленістіре түскен. Оның филология факультетінің қыздарымен таныса отырып, сыр суытпақ-тау барысында Гүлбаршынның аты-жөнінің, туған мекенін анықтау барысында ізкесушілердің тосын сұрақ қоюынан, тынымсыз ізденуінен, кәсіби біліктілігінен, куәгерлердің ашық жаубынан көруге болады. Жазушы істі соңына дейін жеткізу керек деп, таңның атысы, күннің батысы бір тынбайтын Кенженің бейнесін толықтыруда жары Рабиғаға қатысты эпизодты дұрыс таңдаған. Жүйкені тоздыратын мұндай жұмыста алдымен тылы мықты болу керектігін артық сұрағы жоқ Рабиғаның ісі мен сөзі толықтырып тұр.

3. Тергеудің басталуы студент қыздардың әңгімелері мен Гүлбаршынның жауаптарынан байқалады. Ізкесушілердің куәгерлерді сөзге тартуында диалог негізгі қызмет атқарған. Адам жанының құпиясын меңгерген жандардың психологиялық сауалдары Гүлбаршынның бар шындықты шынайы қалпында баяндап беруіне түрткі болды. Тергеушілердің нәтижелі жұмысы Бекбай, Құттықбек, Салқынбекке қатысты оқиғада ашылған. Үш қылмыстық топтың ішінде үш қаңғыбастың алғашқы айтқандарынан айнымйа, көрген-білгендерін қаз-қалпында айтып беруі – олардың адамгершілік қасиеттерін көрсетеді. Араққа салынған үшеу өзге қылмыскерлерге қарағанда бірсөзділігімен айшықталған. Осы арқылы жазушы «адам аласы ішінде» екенін оқырманның есіне салады.

4. Құрыққа түскен қылмыскерлердің қолмен жасаған қылмыстарын мойындамай жалтаруы оқиғаны шиеленістіре түскен. Бесқұдық ауылынан ұсталған үшеу ««Оңласбектің әкесі ана бір кісімен етене араласады екен» деген желдей гулеген сөзге сенімді еді. Жазушы барлық баспаларды сумаңдап аралап жүрген әңгімені негізгі оқиғаны толықтыру мақсатында пайдаланған. Бұған дейін айғақ қалдырмайтын Оңласбек бастаған бұзақылардың «Тамаша» мейрамханасындағы атысы оқиғаны ширықтыра түскен. Үш қылмыстық топтың құрықталуы айғаққа жеткіліксіз болып тұрғанда, соңғы атыс оқиғаны шарықтау шегіне жеткізді.

5. Оқиғаның шешімі – мейрамханадағы атысқа қатысқан қылмыскерлердің құрықталуы. Алдындағы үш қылмысқа тапсырыс берушінің заң қызметкерлеріне дөңайбат көрсетуі оның бейнесін толықтыра түскен. Қылмыс серкелерінің сенген адамы жоғары жақта болғандықтан, оларға құқық, заң деген әңгіме жүрмейтіндігі олардың істерімен айшықталған.

6. Қорытынды – кәсіби тергеушінің іспен ұзақ уақыт танысқан соң ғана әділ шешім қабылдауы. Тергеуші мен Кенже тамырын тереңге жіберген «кландармен» килігісу түбінде жақсылыққа апармайтынын жақсы біледі. Егер бөлімше басшысы әзірге «істі жылы жауып қоя салсаңшы» десе, бұлардың қанша уақыт жүріп, түрлі кедергілермен, қиыншылықтармен ашқан қылмысы жабулы күйінде қалуы ықтимал. Алайда шығарманың шешімі – әділдіктің салтанат құруы. Оңласбектен қорқып алты ай қалған оқуын тастай ауылға қашқан Гүлбаршынның оқуын қайта жалғастыруы, сотта ешкімен тайсалмай бар шындықты жайып салуы – оның қайсарлығы.

5. Қорытынды

Детектив шығармалардың негізгі ерекшелігі – оқиғаның құпия жағдайға құрылуы, қылмыскерлердің із жасыруы, құқық, заң қызметкерлерінің біліктілігінің арқасында айғақтың табылуы, бұлтартпасыз айғақтың негізінде қылмыскерлердің тұтқындалуы. Ешқандай дерегі жоқ қылмысты ашудың қиындығы – екінші топтың христиандардың қабірстанына барып, «Ата-аналарды еске алу күні» деген салт-дәстүрінен соң, моланы аралап жүріп стакандардағы араққа сылқия тойғандарды әңгіме тартуы, мәйіт ұрлағандарды табу үшін моланы жағалағандарға арақ құюы. Психологизмнің бір мысалы – ой ағымына берілген криминалды полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Кенже Өмірзақовтың түн ұйқысының шайдай ашылуы мен ішкі монологы. Кейіпкерлер бейнесін ашуда диолог жақсы қызмет атқарған. Ізкесуші Алмас пен Болатбек те адамның ішкі құпиясын көздерінен оқитын кәнігі

психологтар екені олардың сауалдарымен толығып отырады. Әр кейіпкер бейнесін сомдауда жазушы көп ізденген, оны бір ғана Оңласбектің төңірегіндегі бірнеше оқиғадан көруге болады. Өзге қылмыстарынан бөлек Гүлбаршынды машинамен ұрлап кетіп, оған әлімжеттік жасап бір күн жасырын ұстауы, оны қорқыту үшін түрлі әрекеттерге баруы кейіпкер бейнесін толықтырып тұр. Қанша қанішер болса да сүйгеніне қастандық жасамайтындығынан оның да жүрегінде махаббат деген ұлы сезімнің алаулап жатқаны байқалады. Мұндай эпизодтарды жазушы көзсіз дүлейдің махаббатың алдында дәрменсіз екенін көрсету үшін алған. Сонымен бірге шығарма оқиғасының біз өмір сүріп отырған қоғам өмірінен алынғандығын қаңғыбас Бекбайдың қолындағы мың, бес жүз теңгелері және басқа мысалдар растайды. Жазушы детектив жанрының талабына сай Оңтүстік өңірінде болған шытырман оқиғаға толы қылмысты шынайы бейнелегендіктен оқырманын баурап отырады.

Әдебиеттер:

1. Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhaiyrov, Kulsun Abdrakhmanova. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. – Q3, процентиль – 58, ISSN 00252344 http://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16
2. Haycraft, H. Murder for Pleasure: The Life and Times of the Detective Story. – 1968.
3. Priestman M. Detective Fiction and Literature: The Figure on the Carpet. – 1991.
4. Авгерен Э. Бұл кімнің жібі? /ауд. Д. Зікірия... – Астана: Фолиант, 2023. – 111 б.
5. Авгерен Э. Бұл кімнің тісінің ізі? /ауд. Д. Зікірия... – Астана: Фолиант, 2023. – 112 б.
6. Бекниязов Т. Детективті әдебиет. Кіт.: Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.
7. Дәдебаев Ж. Мазмұн байлығы. Кіт.: Кемел Тоқаев және ұлттық әдебиеттегі детектив жанры: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: 2023. – 122 бет.
8. Дойл А. Баскервильдер иті – The Hound of the Baskervilles /ауд. Е. Шамшадин... – Астана: Фолиант, 2023. – 179,
9. Ковынев М.В. О диалектико-материалистической природе художественного конфликта. – Саратов, 1965. – 63 с.
10. Кристи А. Жеті циферблаттар құпиясы: детектив-роман / ауд. З. Телеуова... – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 156 б.
11. Кристи А. Олар он еді – And then there were none: роман. / ауд. Қ. Қараманұлы... – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2022. – 186 б.
12. Моисеев П. А. Поэтика детектива [Текст] / П. А. Моисеев; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2017. – 240 с
13. Олжабай С. Қыз жылаған түн // Жалын. – 2018. – №9. – Б. 1-23.
14. Орда Г., Мансурова Э. Қазақ повестеріндегі мазмұндық, түрлік ізденістер (Э.Мансуровамен бірге) // Керуен. – Том 83. – №2. – 2024. – Б. 73-86. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-05
15. Панова Е.П., Тюменцева Е.В. Современный детский детектив в культурном сознании современности (на материале современных детских детективов А. Иванова, А. Устиновой). – 2013.
16. Рахымжанов Т. Қазақ прозасындағы психологизм (ғылыми зерттеу). – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016. – 160 б.
17. Сергеева Ю.М. Внутренний диалог как языковое явление и как литературно-художественный прием. – Москва: Наука, 1997. – 191 с.
18. Тимошенкова Т.М. Детектив: историческая динамика литературного жанра / Вчені зап. Харків. гуманітар. ун-ту «Нар. укр. акад.». – Харків, 2015. – Т. 21. – 418 с.

References:

1. Avgeren E. (2023). Whose thread is this? /aud. D. Zikiriya... – Astana: Foliant. – 111 p. (in Kaz)

2. Avgeren E. (2023). Whose tooth print is this? /aud. D. Zikiriya... – Astana: Foliant. – 112 p. (in Kaz)

3. Bekniyazov T. (1996). Detective literature. Book: Dictionary of literary terms. – Almaty: "Ana tili". – 240 p. (in Kaz)

4. Christie A. (2020). The Secret of the Seven Dials: A Detective Novel / ed. Z. Teleuova... – Nur-Sultan: Foliant. – 156 p. (in Kaz)

5. Christie A. (2022). And Then There Were None: A Novel. / ed. K. Karamanuly... – Nur-Sultan: Foliant. – 186 p. (in Kaz)

6. Dadebayev Zh. (2023). Richness of content. Book: Kemel Tokayev and the detective genre in national literature: materials of the republican scientific and theoretical conference. – Almaty. – 122 p. (in Kaz)

7. Doyle A. (2023). The Hound of the Baskervilles – The Hound of the Baskervilles / ed. E. Shamshadin... – Astana: Foliant. – 179 p. (in Kaz)

8. Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibig ul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhaiyrov, Kulsun Abdrakhmanova. (2021). Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. – Q3, процентиль – 58, ISSN 00252344 http://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16 (in Eng)

9. Haycraft, H. (1968). Murder for Pleasure: The Life and Times of the Detective Story. (in Eng)

10. Kovinev M.V. (1965). On the dialectical-materialistic nature of artistic conflict. – Saratov. – 63 p. (in Russ)

11. Moiseyev P. A. (2017). Poetics of detective story [Text] / P. A. Moiseyev; Nat. res. un-t «Higher school of economics». - M .: Publishing house of the Higher school of economics. - 240 p. (in Russ)

12. Olzhabay S. (2018). The night the girl cried // Zhalyn. – No. 9. – P. 1-23. (in Kaz)

13. Orda G., Mansurova E. (2024). Content and genre research in Kazakh short stories (with E. Mansurova) // Keruen. – Vol. 83. – No. 2. – P. 73-86. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-05 (in Kaz)

14. Panova, E.P., Tyumentseva, E.V. (2013). Modern children's detective story in the cultural consciousness of our time (based on modern children's detective stories by A. Ivanov, A. Ustinova). (in Russ)

15. Priestman M. (1991). Detective Fiction and Literature: The Figure on the Carpet. (in Eng)

16. Rakhimzhanov T. (2016). Psychologism in Kazakh prose (scientific research). – Almaty: Abai Kazakh National University of Literature. – 160 p. (in Kaz)

17. Sergeeva Yu.M. (1997). Internal dialogue as a linguistic phenomenon and as a literary and artistic device. – Moscow: Nauka. – 191 p. (in Russ)

18. Timoshenkova T.M. (2015). Detective story: historical dynamics of the literary genre / Vcheni zap. Kharkiv. humanitar. un-tu «Nar. ukr. acad.». - Kharkiv. - Vol. 21. - 418 p. (in Russ)

ҒТАМР 17.82.90 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-06

А.М. Ибрагим[1]*, Н. Йылдыз[2], Е.К. Карбозов[3]
[1]К. Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
[3]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Email: [1]ibragimayagoz@gmail.com, [2]naciye.yildiz.@hbv.edu.tr, [3]e.karbozov76@gmail.com
ORCID: [1]0000-0003-3017-0089, [2]0000-0002-8351-4538, [3]0000-0001-7909-1299

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЕРТЕГІ-ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ФЭНТЕЗИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Әдебиет жанды құбылыс саналғандықтан уақыт ағымына қарай оның кейбір аспектілерінің өзгеріске ұшырауы да заңды. Сан ғасырлар бойы өз құндылығын жоғалтпай келе жатқан ұлттық фольклордың үлгісі саналатын ертегі-дастандардың шекпенінен шыққан фэнтези жанрына сұраныс күннен күнге артып келеді. Мақаламыздың басты мақсаты – Бостон дастаны мысалына сүйене отырып, түркі халықтарының фольклорлық мотивтері мен сюжеттерінің фэнтези шығармаларда көрініс табуын анықтау. Жер астына түсу, белгілі бір жануардың бас кейіпкерді жұтып, қайта құсуы арқылы оған керемет қасиет дарытуы сынды мотивтердің қазақ батырлық ертегілерінен бөлек қырғыз халқының ертегі-дастандарында сюжеттік желінің қайталануы салыстырмалы талдау негізінде көрсетіледі. Батырлық дастандар мазмұнындағы мифопоэтикалық сананың, мифтік танымның, фольклорлық мотивтер мен бейнелердің тұрақты көрінісі қарастырылады. Ерте заманнан сақталып жеткен ертегі, дастандардағы сюжеттік желілер мен фольклорлық мотивтерге қатысы туралы талдаулар негізінде тұжырымдар жасалады. Салыстырмалы, салғастырмалы әдістер мен жинақтау, анализ жасау тәсілдері негізінде ертегі-дастандардағы мотивтердің фэнтези шығармалардағы мотивтермен ұқсастықтары мен айырмашылықтары, фэнтези авторлары тарапынан жасалған трансформациялар айқындалады. Өскелең ұрпақтың сүйікті жанрына айналып үлгерген бұл жанрдағы фольклорлық мотивтер арқылы ұлттық кодтың қаншалықты дұрыс беріліп жатқандығын қарастыру қашан да өзекті болып табылады. Зерттеу жұмысы нәтижесінде фэнтези әдебиеттің авторлары ертегі-дастандарға қарағанда туындыларын шындыққа жақындау етіп баяндайтыны анықталды. Сондай-ақ фэнтези авторлары өз кітаптарында түркі аңыздарының, мифтерінің көптеген элементтерін қолданған. Түркі фольклорының элементтері авторлардың шығармаларында шешуші рөл атқарады. Осылайша қазіргі фэнтези жанры фольклорлық және заманауи суреттерін және шындықты жеке авторлық түсінуді біріктіреді деген қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: фэнтези, ертегілер, дастандар, «Бостон» дастаны, фольклорлық мотивтер, сюжеттер.

A.M. Ibragim[1]*, N. Yıldız[2], E.K. Karbozov[3]
[1]University of International Business named after K. Sagadiev, Almaty, Kazakhstan
[2]University of Ankara Haci Bayram Veli, Ankara, Turkey
[3]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
Email: [1]ibragimayagoz@gmail.com, [2]naciye.yildiz.@hbv.edu.tr, [3]e.karbozov76@gmail.com
ORCID: [1]0000-0003-3017-0089, [2]0000-0002-8351-4538, [3]0000-0001-7909-1299

REFLECTION OF FOLKLORE ELEMENTS IN FAIRY TALES AND SAGAS OF THE TURKIC PEOPLES IN THE WORKS OF KAZAKH FANTASY

Abstract. Since literature is considered to be a living phenomenon, it is natural that some aspects of it change over time. The demand for the fantasy genre, which arose based on fairy tales and sagas, which for

centuries were considered a model of national folklore that does not lose its value, is growing day by day. The main goal of our article is to reveal the reflection of folklore motifs and plots of the Turkic peoples in fantasy works on the example of the Boston Saga. In addition to the Kazakh heroic tales of such motifs as a journey into the underworld, instilling a certain animal with incredible qualities in the main character, the repetition of the storyline in the tales of the Kyrgyz people is shown on the basis of comparative analysis. The stable manifestation of mythopoetic consciousness, mythical knowledge, folklore motifs and images in the content of heroic sagas is considered. Based on the analysis, a conclusion is made about the involvement of storylines and folklore motifs in fairy tales, and sagas that have been preserved since ancient times. Based on comparative, contrastive methods and methods of generalization, analysis, similarities and differences between motives in fairy tales and sagas with motives in fantasy works, transformations made by fantasy authors are revealed. It is always relevant to consider how correctly the national code is transmitted through folklore motifs in this genre, which has already become the favourite genre of the younger generation. As a result of the research, it was found that the authors of fantasy literature present their works closer to reality than fairy tales and sagas. Also, fantasy authors used many elements of Turkic legends and myths in their books. Elements of Turkic folklore play a decisive role in the authors' works. Thus, it is concluded that modern fantasy literature combines folklore and modern pictures of the world and the author's individual understanding of reality.

Keywords: fantasy, fairy tales, sagas, Boston Saga, folklore motifs, plots.

А.М. Ибрагим[1]*, Н. Йылдыз[2], Е.К. Карбозов[3]

[1]Университет Международного Бизнеса им. К.Сагадиева, Алматы, Казахстан
[2]Университет Анкара Хаджы Байрам Вели, Анкара, Турция
[3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Email: [1]ibragimayagoz@gmail.com, [2]naciye.yildiz.@hbv.edu.tr, [3]e.karbozov76@gmail.com
ORCID: [1]0000-0003-3017-0089, [2]0000-0002-8351-4538 , [3]0000-0001-7909-1299

ОТРАЖЕНИЕ ФОЛЬКЛОРНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ В СКАЗКАХ И САГАХ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАЗАХСКОГО ФЭНТЕЗИ

Аннотация. Поскольку литература считается живым явлением, естественно, что некоторые ее аспекты претерпевают изменения с течением времени. Спрос на жанр фэнтези, возникший на основе сказок и саг, которые на протяжении веков считались образцом национального фольклора нетеряющий своей ценности, растет день ото дня. Основная цель нашей статьи – выявить отражение фольклорных мотивов и сюжетов тюркских народов в фэнтезийных произведениях на примере Бостонской саги. Помимо казахских героических сказок таких мотивов, как путешествие в подземный мир, привитие определенного животного невероятных качеств главному герою, повторение сюжетной линии в сказках кыргызского народа показано на основе сравнительного анализа. Рассматривается устойчивое проявление мифопоэтического сознания, мифического познания, фольклорных мотивов и образов в содержании героических саг. На основе анализа делается вывод о причастности сюжетных линий и фольклорных мотивов к сказкам, сагам, сохранившимся с древних времен. На основе сравнительных, сопоставительных методов и способов обобщения, анализа выявляются сходства и различия мотивов в сказочных сагах с мотивами в фэнтезийных произведениях, трансформации, сделанные авторами фэнтези. Всегда актуальным является рассмотрение того, насколько правильно передается национальный код через фольклорные мотивы в этом жанре, который уже стал любимым жанром подрастающего поколения. В результате исследовательской работы было установлено, что авторы фэнтезийной литературы излагают свои произведения ближе к реальности, чем сказки-саги. Также авторы фэнтези использовали в своих книгах многие элементы тюркских легенд, мифов. Элементы тюркского фольклора играют решающую роль в произведениях авторов. Таким образом, делается вывод, что современная фэнтези литература сочетает в себе фольклорные и современные картины мира и индивидуальное авторское понимание действительности.

Ключевые слова: фэнтези, сказки, саги, Сага «Бостон», фольклорные мотивы, сюжеты.

1. Кіріспе

Сан ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алып келе жатқан ертегілердің, дастандардың рөлін бүгінде заманауи үлгідегі ертегі – фэнтези атқарып келе жатыр. Олай дейтініміз: өткен ғасырда алғаш жарық көре бастаған жаңаша үлгідегі, ұзақ көлемді ертегілер жеке жанр ретінде зерттеушілер, әдебиетшілер назарына ілігіп, зерттеу нысанына айнала бастады. Батыста фэнтезиді жеке жанр ретінде зерттеу 1970 жылдары басталды, одан кейін термин ретінде қолданыла бастады. Ал Ресейде фэнтези жанрына зерттеушілер тек XX ғасырдың соңында ғана назар аудара бастады. Бұл жанр танымалдылық кезеңін бастан кешірумен қатар, фэнтези жанрына деген ғылыми қызығушылықтың да өсуі байқалады: соңғы бірнеше жыл ішінде көптеген танымал фэнтези жанрында жазылған шығармаларды зерттеуге арналған сыни томдар жарық көрді. Осылайша, фэнтези жанры ресми түрде танылып, танымал бола бастағанымен, оның жалпы қабылданған нақты анықтамасы жоқ. Аталмыш жанрды негізінен бастап, түрлері мен тарам-тармағына, идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау әдебиеттанудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл зерттеуде Түрік әлемінің көптеген фантастикалық мотивтерін қамтитын Бостон дастаны мен фантастикалық мотивтері бар кейбір қазақ ертегі-дастандары мен қазіргі фэнтези жанрында жазылған шығармаларды салыстыру мақсат етілді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, фэнтези – бұл ертегі, дастандардың заманауи үлгісі. Себебі ертегі, батырлар жыры, эпостық дастандарда кездесетін сюжет, фольклорлық мотивтер бүгінгі фэнтезидің негізі болып табылады. Мәселен басты қаһарманның ерекше дүниеге келуі, өзге балалардан ерте ержетуі, сынақтармен сыналып, шыңдалатын жол мотиві, түс көру мотиві, таңғажайып мақұлықтарға тап болу, олардың бірімен күрессе, бірімен жолдас болуы сынды сарындар фэнтези шығармаларда көптеп кездесуі тұжырымымызға дәлел бола алады. Жалпы фэнтези шығармаларда жан-жануарлардың, ерекше жаратылыс иелерінің алатын орны бөлек. Аталмыш жанрдағы шығармаларда түйсіктегі сана бара-бара оларды адаммен будандастырып, (самұрықтың, қасқырдың жұтып алып қайта түрлендіріп құсуы, перінің, жыланның қызына үйленуі, дию мен аюдан туған бала, көк өгіз, сұлық сәйгүлік, аққу, кептер, қотыр құнан боп түрлену арқылы) тектік сыпат береді. Бұл тек түркілерге ғана емес, әлемдік, әсіресе әфсаналық көркем санаға ортақ жүйе. Сұңқар, самұрық, айдаһар, тұйғын, қаз, арыстан, жолбарыс, барыс, тырна, суыр, бөрі байрақты елтаңбалар мен рәміздердің түпкі тегінде осы мифтік бейнелер жатыр.

Мақаланың зерттеу мәселесі – Бостон дастаны мысалына сүйене отырып, түркі халықтарының фольклорлық мотивтері мен сюжеттерінің қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларда көрініс табуын анықтау.

2. Зерттеу материалдары мен әдістері

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысындағы негізгі мақсатқа сәйкес, жер астына түсу, белгілі бір жануардың бас кейіпкерді жұтып, қайта құсуы арқылы оған керемет қасиет дарытуы

сынды мотивтердің қазақ батырлық ертегілерінен бөлек қырғыз халқының ертегі-дастандарында сюжеттік желінің қайталануы салыстырмалы талдау негізінде көрсетіледі. Батырлық дастандар мазмұнындағы мифопоэтикалық сананың, мифтік танымның, фольклорлық мотивтер мен бейнелердің тұрақты көрінісі қарастырылады. Ерте заманнан сақталып жеткен ертегі, дастандардағы сюжеттік желілер мен фольклорлық мотивтерге қатысы туралы талдаулар негізінде тұжырымдар жасалады. Салыстырмалы, салғастырмалы әдістер мен жинақтау, анализ жасау тәсілдері негізінде ертегі-дастандардағы мотивтердің фэнтези шығармалардағы мотивтермен ұқсастықтары мен айырмашылықтары, фэнтези авторлары тарапынан жасалған трансформациялар айқындалады.

2.2 Зерттеу материалдарына сипаттама

Зерттеу жұмысының материалы ретінде қырғыз халқының «Бостон» дастаны мен түркі халықтарына ортақ «Ер Төстік», «Бәйтерек» сынды ертегілер, сондай-ақ қазақ әдебиеті фэнтези жанрының үлгілі өкілі ретінде Зира Наурызбаева мен Лиля Калаустың «Бату мен оның достары» кітаптар сериясы алынды. Сонымен қатар А. Жақсылықов, А. Демесинова, H. Cevirme сынды отандық және шетелдік авторлардың ғылыми мақала, еңбектері қарастырылды.

3. Талқылануы

Фэнтези жанры ресми түрде танылып, танымал бола бастағанымен, оның жалпы қабылданған нақты анықтамасы жоқ. Мәселен, Алек Уорли «Қиял патшалықтарында» егжей-тегжейлі зерттеулердің басым көпшілігінде фэнтезиді ғылыми фантастиканың «заңсыз ұрпағы» ретінде көрсетеді» деп тұжырымдай келе «фэнтези жанрында біріктіруге болатын анықтама жоқ» деп мәлімдейді (Worley, 2005). Ал отандық әдебиетші Ә. Әліакбар бұл жанр түріне «Фэнтези (ағыл. fantasy – «фантазия») – мифологиялық және ертегілік мотивтерді пайдалануға негізделген фантастикалық әдебиет түрі» деген анықтама береді (Әліәкбар, 2012). Демек, фэнтезиді ертегінің шекпенінен шыққан жаңа әрі жас жанр ретінде қарастырады. Десе де фэнтезиді ертегі, дастандардан ерекшелейтін бірқатар айырым белгілердің бары сөзсіз. Отандық әдебиетшілеріміз аталмыш жанр жайында қазақ әдебиетіндегі авторлардың шығармашылығы негізінде айтқан әдеби ертегі жанрына үш қайнаса сорпасы қосылмайды деген ойларымен әлемдік деңгейде келіскенімізбен, ұлттық деңгейде өзгеше ой толғайды. Оған дәлел: Әліакбардың «фэнтези – қазақ әдебиетіндегі ұлттық фэнтезиіміздің христандық санадағы батыстық фэнтезиден өзгешелігіне орай авторлық позицияны танытатын және әр жазушыны бір-бірінен өзгешелеп тұратын алаштық миф пен бағзықазақтық ертегінің синтезі деген тоқтамға келеміз. Қазақ фэнтезиінің басты нышаны – мифке бет бұру. Өйткені Т. Рымжанов шығармаларында миф әр түрлі болып келеді, бір миф жалпы қазақ түсіндегі ұғымды танытса, екіншісі ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып автор тарапынан өмірге келген жаңа миф туындыгерлігін танытады» деген тұжырымы (Әліәкбар, 2012). Біздіңше, фэнтези жанрындағы әдебиет дегеніміз – оқырманға өз әлемінен алшақтап, жаңа, табиғаттан тыс немесе басқа да ғажайыпқа сәйкес келетін әлемді ұсынатын

көркем әдебиет деген анықтама беруге болады. Розмари Джексон өзінің фэнтези жанры туралы кітабында «фэнтезидің сыни термині кез келген әдебиетке нақты түсіндірудің басымдығын бермейтін: мифтерге, аңыздарға, дастандарға, фольклор және ертегілерге, утопиялық аллегорияларға, армандарға қатысты қолданылғанын айтады» (Jackson, 1981). Кейбір ертегілер кейіпкерді туғаннан бастап есейгенге дейін бейресми түрде өмір кезеңдерін сипаттайды. Кейбір зерттеулерде адам болмысының негізгі биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени шындықтары ертегі жанрының ерекшеліктерін көрсететін таңбалар тілінде кодталғаны анықталды. Осы орайда, ертегілер адамзатқа ұстаз қызметін атқарып отыр (Cevirme, 2012: 3093). Отандық зерттеулерде халық ертегілерінің көркемдік құралдары оларды жай ғана баяндау формасына айналдырып қоймай, әдебиет пен мәдениеттің терең байланысын көрсететін мәдени құндылықтарды, әлеуметтік нормалар мен дүниетанымдық көзқарастарды жеткізудің қуатты құралына айналғанын атап көрсетеді (Култанбаева, 2021).

Фэнтези мен фольклор түрлі жолдармен бір-бірімен астасып жатыр (Ибрагим, 2023). Фольклор мен әдебиет арасындағы байланыс көптеген зерттеушілердің зерттеу нысанына айналды. Мысалы С.В.Сулливан III өзінің «Welsh Celtic Myth in Modern Fantasy (Заманауи фэнтезидегі кельт мифі)» кітабында XIX ғасырдағы ескі жазбалардағы кельт мифологиясының әдебиетке әсерін атап өтеді (Sullivan, 1989). Соңғы уақыттарда фэнтези шығармалар мен фильмдерде ертегі-дастандардың қолданылуын Брайан Аттебери, Кристина Бакчилега, Димитра Фими, Адам Робертс, Джек Зипс сынды зерттеушілер қарастырды. Отандық әдебиетшілерімізден А.Ж. Құрманаева өзінің «Фэнтези жанрының қазақ фольклорындағы байырғы көріністері» (Курманаева, 2021) мақаласында қазақ фольклорының еуропалық фэнтезимен ортақ антикалық сарындарын қарастыра отырып, еуропалық фэнтезидегі мифтік образдардың қазақ халық ауыз әдебиетінде прототиптері бар екендігі нақты мысалдармен келтірген. Сонымен қатар, фэнтези жанры оның мифпен, ертегімен және фантастикамен байланысы контекстінде фэнтезиге қатысты төрт негізгі көзқарасты анықтайтын зерттеулер де бар: фантастиканың бір саласы ретінде, ертегі ретінде, мифологияда тамыры бар жанр ретінде және компьютерлік ойындардан туындаған әдебиеттің өнімі ретінде. Зерттеушілер фэнтези – білім мен өнердің сан алуан салаларын біріктіретін синкреттік, динамикалық метажанр деген тұжырымға келеді (Демесинова, 2023).

Сонымен қатар, бүгінгі Еуропа мен Азияда кеңінен тараған фэнтезидің субстанциясы – фольклордан тарайтындығы айқын дәлелденіп, түрлі ғылыми гипотезалар аксиома ретінде ұсынды.

«Бостон» – қырғыздар арасында айтылатын дастан және оның тақырыбы – халық эпостарында кеңінен кездесетін дәстүрлі мотивтер: халық билеген ханның қартайғанша баласыздығы, олардың Құдайға жалынып-жалбарынуының нәтижесінде ғажайып күштердің көмегімен балалы болғаны, болашақ ананың жабайы жыртқыштың жүрегіне жерік болуы, батыр баланың дүниеге келуі, баланың

ерекше табиғаты, қолайлы атты табу, кез келген мақсатта саяхатқа аттануы, батырдың үйленуі, көптеген сынақтарды бастан өткеруі.

Ауызша дәстүрдегі халық шығармаларында оқиғалар көбінесе кейіпкер төңірегінде өрбіп, оның шығармалары мен ерлігі композициялық тұтастық ретінде көрінеді. Бостон дастанында да солай. Эпостың қысқаша мазмұны мынадай: Хан Буубаның ұлы Бостон Шығыс елінің ханының қызы Чезбілекке үйленуге жорыққа аттанады және оған жету үшін ұзақ жолда көптеген кедергілерді жеңеді. Ақыры Чезбілектің әкесі Қадамыш Ханнан рұқсат алып, Чезбілекті әйел етіп алады. Осы кезде Бостонға жау оның туған жерін тұтқынға алғаны туралы хабар келеді. Бұл жағдайға өзінің туған қарындасы Карачач себепші болып, жау ханына үйленіп, халқын, тіпті отбасын да қудалай бастайды. Елін іздеген Батыр Бостон қайтар жолда қызынан басқа мұрагері жоқ Айқан мен Күнқанға күйеубала болып туысқан болады. Ақыры өз халқын тапқан соң, қарындасы Карачачқа алданып, жер астына түседі. Онда да Бостон әділетсіз және қатыгез Дәулерді талқандап, адамдарға еркіндік береді. Ол Чоюн Алп деген ең мықтының Құндыздай атты қызын алады. Алып Қарақұс досының көмегімен жер бетіне шығып, жауларын жеңіп, еліне оралады. Осылайша Бостон төрт хандықтың ортасында бітімгер болып өмір сүреді. Оның төрт ұлы төрт хандыққа мұрагер болады.

Белгілі болғандай, қырғыз халқының ауызша шығармаларының алғашқы үлгілері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жазыла бастады, бірақ жинақтың көп бөлігі 1920 жылдардан кейін жасалды. «Бостон» кітабының қолжазбалар мұрағатында бір ғана нұсқасы бар. Бұл нұсқа 1985-1987 жылдар аралығында Ақмат Токтогуловтың (1912 жылы туған, Өзген ауданы, Көсетер, 1993 жылы Ош қаласында қайтыс болған) әңгімесінен құрастырылып, мұрағатталды. Ақмат Токтогул – Тоқтоғұл Қалманбетұлының ұлы әрі шәкірті. Әкесі эпосты атақты эпос жазушы Келдібектің шәкірті болған әкесінен үйренген. Эпостың жер асты дүниесіндегі эпизодтары жағынан қыпшақ тобына жататын дастандардың бірі «Ер Төстікпен» үлкен ұқсастықтар бар. Қырғыздарда Ер Төстік әлі де дастан ретінде айтылса, қазақтарда ертегіге айналған. «Бостонды» эпикалық деңгейге қашан және кім жеткізгені белгісіз. Дастан тақырыбы жағынан қаһармандық-мифологиялық эпостар тобына жатады.

Ертегі-дастандарда кездесетін тұрақты мотивтердің қазіргі фэнтези жанрында жазылған шығармаларда берілуін салыстырмалы, салғастырмалы әдістер негізінде қарастырсақ. Әдебиеттану ғылымында мотивке мынадай анықтама берілген: «Мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында, әр түрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып отырады» (Ахметов, 1998: 232). Ал ертегідегі мотив мифтік мотивтер негізінде құралады, ал оны ертегі құрылымының құрамдас элементі ретінде алуымызға болады. Батырлық ертегідегі кеңістік ерекше қалыпта түсіндіріліп, алғашқы қауымдық адамдардың танымы бойынша әлемді «біздің әлем» және «біреудің әлемі» немесе «тірі» және «өлі» деп бөледі. Өлі адамдар

патшалығы жер астында, суда, аспанда, биік ағашта немесе алыс жерде орналасуы мүмкін. Бұндай әлемнің өзіндік ерекше заңдары болады. Әлемдер арасындағы шекараның қызметін орман, теңіз, өзен, құдық, қалалар, тау, өрт, ағаш немесе басқа да өсімдіктер, шұңқыр, үңгір, т.б. атқарады. Басты кейіпкер осы шекаралардан өткенде ғана басқа әлемге келе алады. Кейде бұл әлемге өту белгілі бір уақытта ғана мүмкін болады. Басты кейіпкер басқа әлемге өту үшін өзге жанама кейіпкерлер де көмектесе алады. Ертегіде мұндай әлем, әдетте, басты кейіпкердің қарсыласы, дұшпаны болып келеді. Бұл жағдайда басты кейіпкер қауіп-қатерлер мен сынақтардан өту үшін физикалық және магиялық іс-қимылдарды қолданады. Барлық сынақтардан өткеннен соң басты кейіпкер үлкен марапатқа ие болады.

Түркі халықтарының ертегілерінде жер астына саяхат мотиві кездескен сюжетте міндетті түрде Бәйтерек, Самұрық құс, Айдаһар бейнесі қатар жүреді. «Қазақта ғаламдық уақыт пен кеңістіктің арасындағы мәңгілік тұтқасы болып саналатын нысаналы белгі – Бәйтерек» (Жұртбай, 2014: 6) деген пікірге сүйене отырып, Бәйтеректің жер асты әлемі мен жер үсті әлемін байланыстыратын күші бар деген тұжырым айтуға болады. «Үш әлемді, яғни бүкіл космосты, үлкен зәулім ағаш түрінде де суреттеу бар. Бұл ағаш көп жағдайда мифтік үш әлемді вертикальды түрде жалғастырып тұрады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш (космическое дерево)» (Топоров, 2010: 107-108) деп атайды. Ертегілерде кездесетін ағаш бәйтерек, шоқ терек, шынар ағашы әлемдік ағаш деген атауларға ие болады. Атаулары әр түрлі болса да, ағаштың атқаратын функциясы біреу. Ертегіде кейіпкерге кездескен бәйтерек ағашы оқиғаның дамуына өзіндік үлесін қосады. Бәйтерекке кездескен бас қаһарман өзінің дұрыс бағытта келе жатқандығын біледі. Ертегіде үнемі қайталанатын сюжет – Бәйтеректің басында Самұрық құстың ұясы болуы. Басты кейіпкер бәйтерекке жақындағанда балапандар жанұшыра шырылдай бастайды. Сонымен қоса, тура сол сәтте балапандарды жеуге айдаһар немесе сұр жылан ағаштың басындағы ұяға қарай өрмелеп бара жатады. Мұны көрген батыр сол сәтте қаруын алып айдаһарға беттейді. Көбінесе ертегілердегі бұл сюжетте батырға айдаһарды не сұр жыланды жеңуі оңайға түседі және батыр міндетті түрде дұшпанын өлтіреді. Тағы бір жиі қайталанатын мотив – батыр айдаһарды жеңген соң ғана балапандардың анасы яғни Самұрық құстың ұшып келуі. Дәл айқас үстінде ұшып келген Самұрық құс туралы ертегі кездеспейтіні мәлім. Самұрық құсқа балапандарын аман алып қалған батырдың өтінішін орындауға тура келеді. Батырдың айтатын өтінішін тек қана Самұрық құс орындай алады. Тек Самұрық құс қана жер асты әлемінен жер үстіне жеткізе алатын күшке ие. Бәйтерек, Айдаһар, Самұрық құс, жер астына түсу мотивтері Ер Төстік, Керқұла атты Кендебай, Құлатай Батыр, т.б. батырлық ертегілерде кездеседі.

Авторлар әдетте жер асты әлемін жер бетіндегі адамзат өміріне қарама-қайшы сипатта, яғни бақытты өмір сүретін фантастикалық және мистикалық кеңістік ретінде көрсетеді. Қаламгерлер мұндай фантастикалық уақыт пен кеңістікті шынайы адамзаттың өмірі өтіп жатқан жер бетіндегі әрекеттерді көрсету үшін модельдеген.

Осы жер асты әлемінде оқиғаның орын алуы барысында екінші бір мотив көрініс табады. Ол – белгілі бір жануардың бас кейіпкерді жұтып, қайта құсуы арқылы оған керемет қасиет дарытуы. Қырғыз халқының «Бостон» дастанында Алып Қара Құстың Бостонның аждаһаны өлтіріп, балапандарын аман алып қалғандығы үшін алғысы ретінде батырды жұтып қоятындығын көреміз. Алайда балапандары Алып Қара Құстың бұл ниетінен бейхабар болып, екі ұртына жармасып, жырып кіріп, Құс Бостонды құсып қояды. Сонда ол:

Мүддеме мен жетпедім,
Әрең екі рет сіңірдім,
Үш жолы мен сіңірсем,
Отқа күймес қыламын,
Суға батпас қыламын.
Найза шапса теспеген,
Балта шапса өтпеген,
Құрыш болатты шығарам,
Деген ойым бар еді
Ойымды толық түсінбей
Шала қылып қойдыңдар.
Алып Бостонға қарасаң,
Көк темір қылып тастады (Yıldız, 2009: 262-263)

«Алтын тостағанды іздеу. Бату және оның достары» повесінде Жыландар елінде жылан патшасы өзінің қызын құтқарғаны үшін сый ретінде Батуды екі рет жұтып құсады, бастапқыда «өлген жерім осы болар» деп ойлаған бас қаһарман кейіннен осының әсерінен «белін буып тұрған дәл Аспаранікіндей белдікте қынапталған қылыш пен қанжар ілінген. Арқасындағы қорамсаққа жақ (садақ) пен жебе (оқ) салынған. Батудың өзі бастан-аяқ шарайна бекітілген иінішті сауыт (кіреуке) киінген. Сол қолының қарына қалқан байланған. Басын – дулыға, қолдарын – қоллық, аяқтарын бұтырлық қысып тұрды.

- Нағыз ер жауынгердің бойында, қолдың бес саусағындай, бес қаруы болуы шарт. Бұл – қайырымдылығың үшін саған тартқан сыйым.

Алайда Бату ертегілерде бәрі де үш мәрте болатынын ескере отырып, неге үшінші рет жұтпағанын сұрағанда, Жылан патшасы :

- Егер мен үшінші рет жұтсам, жаның мен тәнің темірге айналады. Осыған риза бол. Жауынгер бол, бірақ жендет болма, – дейді (Наурзбаева, Калаус, 2018: 77-78).

Байқасақ, Бостон дастанында да, қазіргі фэнтези шығармада да белгілі бір жануардың адамды жұтып құсу арқылы керемет қасиетті сыйға тарту мотиві берілген. Бірақ фольклордағы алып құстың міндеті тек бітімгершілікпен қана шектелмейді, оның сұңғыла әрі жұмбақ бейне екендігі байқалады. Мәселен, ол адамды жұтып қойып, оны мүлдем өзгерткен күйі аузынан кері шығарып тастайды. Демек мұндай құстың өзі бір жағынан алғанда, нақ жаратушының өзі, сондай-ақ инициациялық функцияларды да атқарады. Ер Төстік алып бәйтеректің жанында Самұрықтың

балапандарын жалмап қоймақшы болған айдаһарды өлтіреді, тек содан кейін барып оны Самұрық жұтып қойып, қайта түкіргенде денесі қайтадан өзгеше болып жаратылып шығады. Мұндай әрекеттер сакральдық ерекшеліктер және ишараттар арқылы діни нышандық өлім мен қайта тірілуге қатысты синкреттік ежелгі ғұрпты еске түсіреді. (Жақсылықов, 2020).

Жырдағы негізгі идея – отаншылдық, сыртқы жауларға қарсы бірігіп күресу. Зерттеуші шет ел басқыншыларынан өз елін қорғаушы, ел мүддесін көздеген Манасты «жақсы ердің ісі ортақ, қамқор ердің күші ортақ» деген ұстанымда бейнелеп, оның ерлігін жырлап, оны ұрпаққа үлгі ету шығарманың басты нысаны, идеясы екендігін сөз етеді (Әуезов, 2003: 10). Туындының бас кейіпкері Манастың төңірегіне топтасқан ерлік жорықтарының сюжеттік құрамын тұтас қарастыратын ғалым бұл жүйені «Шахнаманың» Афрасияб туралы әңгімесімен байланыстырып, түбі бір түркі тектес халықтардағы рухани туыстықты типологиялық салыстыру әдістерімен талдайды. Бұл әдеби ескерткіш – түркілік рух, намыс пен даналық ақыл-ой, қаһармандық ерлік жеңістері жайлы жазылған мәңгілік рухани мұра. Эпостың генезисін «қырғыздың ұлы мемлекеттігі» құрылған кезеңмен сәйкестендіруі, ұлы жорық ірі батырды туғызатынын табиғи, тарихи заңдылыққа балауы, жырдың тарихын 1000 жылға, батырдың туған кезеңін 840 жылдан әрі емес деп байлам жасауы да зерттеушінің әмбебап білімдарлығын танытса керек. Әйтсе де, эпостағы әрбір эпизодтың Манастың тағдырымен тікелей байланыстылығын айта келіп: «...Объединяющая тема только одна – тема о Манасе, поскольку она пронизывает каждый эпизод и всю поэму в целом», – деген тұжырым жасаған (Әуезов, 2007:37). Сағымбай Қаралаевтің нұсқасын негізге алған ғалым «Тема» казатов (походы)» атты тараушада Манас басқарған түрлі жорықтардың тарихына, оқиғалардың баяндалу барысында өте сәтті қолданылған психологиялық талдау тәсілдеріне арнайы тоқталып: «...Обычно в этих частях, собственно, во вступлениях, преобладают статические мотивы в виде длительных подробных описаний от лица самого певца либо в виде монологов-

наставлений, одобряющих речей», – деп кәсіби маман ретінде баға береді (Әуезов, 2007:39). Жорықтардағы қиыншылықтардың, сусыз шөл далалардан, қарлы таулы аймақтардан өтудегі көңіл-күйлердің бейнеленуі, түрлі географиялық атауларды, олардың пейзаждық көріністерін берудегі ақын шеберлігі, топонимикалық және этнонимдік материалдарды, жергілікті жерлерді, климатты, флора мен фауналарды суреттеуде де көне әдеби мұраларға тән асыра бейнелеудің орын алатынын орынды атап көрсетеді: «...Правда, все эти элементы, в соответствии с преувеличенным во всех деталях былинно-героическим окружением и сюжетным заданием, осложнены, сказочно преувеличены, метафорически насыщены фантастикой» (Әуезов, 2007:40).

Батырлардың жорығында жиі кездесетін, олардың ерлігін әспеттеп, әсірелеуде үлкен көркемдік қызмет атқаратын аңыздық мотивтер (дию-перілердің, жыртқыш аңдар т.б.) орын алу заңдылығын, олардың поэма стилін өрнектеуде өзіндік рөлі барлығын түркі тектес елдер әдебиетіндегі туындылармен тарихи-салыстырмалы талдау әдістері арқылы ажарлап, айқындайды (Кунаев, 2021: 35). Осы ретте эпостық мәдениетте үлкен орын алатын басты кейіпкердің образын биіктетіп жанама бейнелердің, атап айтсақ Манастың өмірге келген күнінен бастап қасында жанашыр серігі болған Аққұлы деген атының болуы, құсы Ақ-Шұмқар, түйесі Желмая, иті Құмайық, бәрі де батырдың адал достары ретінде дәріптелетіні орынды аталады. Көз ілеспес шапшаңдықпен небір қиын-қыстау кезінде ажалдан алып шығып, ұзақ жорықтарда талмай қызмет еткен Аққұлы атының тек тіршілік, күн көріс жағдайларынан жоғары биікке, кейіпкер болмысына ие болуына теңеу, метафора, эпитеттерді шебер қолдану нәтижесінде сезім дүниесін оятарлық тамаша образдардың туғандығын, бұл дәстүр қай халықтың да ауыз әдебиетінде молынан кездесетінін айқындайды. «Ат – адамның қанаты» деген қанатты сөздің тууы да тегін болмаса керек-ті. Эпостағы батырдың құсы Ақ-Шұмқар, түйесі Желмая, иті Құмайықтардың да жанды, көркем болып бейнеленуі халықтың өз ұғымының шеңберінде суретті сөзбен сипатталып, ауыз әдебиетіне тән тілдік, түрлік әдеби сөз байлығының көркемдік бейнелеу тәсілдерінің көмегімен жүзеге асырылғандығына мән береді зерттеуші.

Эпостың қырғыз халқының даналығын, дүниетанымын, тарихын, өмірін, этнографиясын, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойына сіңірген, оны сан ғасырлар бойы жетілдірген сөздік қоры бай этнолингвистикалық әдеби жәдігер екендігін осы мәтіндерді талдау барысында тамаша теориялық ой-лармен тұжырымдап отырады. М.Әуезов шығарманың керемет көркемдік қуатынан, архетиптік таным мен ақыл-ой қазынасы болған ұлттық әдеби сөз қорынан, жазба мәдениеттен мол ақпарат беретін поэтикасына ерекше назар аударған. Манастың інісі Алмамбеттің табиғаттың тылсым сырларын терең білетіндігі, ержүректілігіне қоса алғыр ақылдылығы эпосқа айрықша ажар беріп, сюжеттік желіні жетілдіруге, оларды мифтік элементтермен әшекейлеуге, оқиғаны қызықтырып, тартымды етуге еткен ықпалы жөніндегі пікірлері ғылыми негізділігімен, парасатты пайымдылығымен назар аудартады (Сейсенұлы, 2020). «Манастың» сюжеттік құрылысына, жекелеген

характерлер мен образдардың көркем кестелеңуіне тікелей әсер ететін метафора, эпитет, аллитерация т.б. секілді поэтикалық бейнелеу құралдарының кәсіби деңгейде қолданылуы жыр құндылығын арттырып, көркемдігіне көрік қосқанын зерттеуші ерекше бағалап, ғылыми теориялық талдаулар жасаған. Бірнеше жылдар бойы айтылатын жырдың құндылығы көбінде айтушы автордың ақындық қабілеттері мен шеберлігіне, оның қандай бейнелеу құралдарын пайдаланатынына және олардың бәрі жырдың көркемдік ерекшелігі мен стильдік өрнегіне қандай көркемдік қызмет атқаратынына мән берген ғалым: «...Психология, юмор, быт и развлечения одинаково занимают внимание эпически спокойного певца Сагимбая. Может быть, именно поэтому он не собрал все действия эпопеи в одном цикле и не исчерпал всех картин боев в одном походе, но зато дал много походов в различное время в различных странах, описывая их как события самостоятельные, законченно цельные», – деп байыпты баға береді (Әуезов, 2007:44).

Зерттеуші жырдың поэтикасы, ырғақ құрылысы, ұйқас түрлері, сюжеттік құрылысындағы өзіндік ерекшеліктерді, стильдік өрнектерді зерделей отырып, көне мұрадағы көркемдік уақыт пен кеңістік мәселелерін, әдеби әдістер тәжірибесін анықтауға көңіл аударған. Әлемдік әдебиеттанудағы рухани құбылыстар, ондағы көркемдік шарттар талабымен, поэзия тарихы мен теориясынан кәсіби дайындығы жоғары М. Әуезов шығармадағы өлең өрнектерінің ұйқастары жөніндегі ғылыми талдауларын әр тармақ сайын дамып, ырғағы күшейіп, көркемдігі жетілген мәтіндер мысалында қарастырады. «Манастың» көне жыр болса да ондағы өлең үзінділерінің өзінде де ұйқас тұрақты қалпын жоғалтпай, көркемдік компоненттерді түгелдей пайдаланып отыратыны жөнінде де озық ойлы ғылыми пікірлер айтқан (Пірәлі & Құрманбаева, 2022). Бірнеше ғасырлық кезеңнің көркем шежіресі болған эпостың көркемдік, жанрлық, стильдік ерекшелігінің өзі бүткіл бір ұлттың рухани мұрасындағы барлық бейнелеу құралдары мен әдеби әдістерді бойына сіңіріп, философиялық, этнографиялық, тарихи, әдеби құндылықтарды жүйелеп, идеялық-тақырыптық, сюжеттік-поэтикалық сипаттарды үлкен эстетикалық талғам танымен пайдалана білгендігінде болса керек.

«Тема «аш» (поминок)» деген тараушада Манастан жасы үлкен Көкетайға ұлан асыр ас беріліп, оған тек туыстар, өз елінің бай манаптары, ақсүйек сұлтандары ғана емес қыр көрсетер жауларына дейін шақырылып, осы ас кезіндегі түрлі топтар арасында болған ішкі тартыстар, психологиялық қақтығыстар, шекісуге дейін жеткен шиеленістер ащы сарказм, уытты юмор, неше түрлі метафоралармен бейнеленгені сөз болады. Астың өтуі, оның ұйымдастырылуы, сол сәттердегі салтанаттар, кейіпкерлердің көңіл-күйлері түрлі психологиялық, сезімдік-эмоционалдық бейнелеу тәсілдерімен тартымды суреттелгеніне, әрбір эпизодтардың, детальдардың берілу нақыштарына назар аударып, қырғыз халқының этнографиялық, философиялық, салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық таным түсініктеріне тереңдей талдау жүргізеді. Шығармалағы ең қызғылықты оқылатын тақырыптардың бірі Манастың үйлену тарихтары («Тема женитьбы героя»). Көне эпостар мен батырлар жырларындағы

негізгі сюжетті құрайтын бас қаһарманның қалыңдық іздеу, сол жолдағы түрлі шайқастары, интригалық оқиғалар, тұрмыстағы дәстүрлер, қыз бен жігіт арасындағы психологиялық қақтығыстар, ақыл, ой, ерлік сынақтары т.б. сценалар жырдың сюжеттік құрылысын күрделендіріп, жеке образдардың ішкі эмоциялық құбылыстарын, мінез болмысын айқындауға айтарлықтай әсер ететініне мән береді. Әсіресе батырдың сүйікті жары Қанықеймен арасындағы алғашқы қақтығыс оқиғаның динамикалық дамуына дәнекерлік етуі, сынақтың кекке, екеуінің қарым-қатынасының үлкен дауға айналуы секілді драмалық сценалардың суреттелуі жәй ғана баяндалып қоймай, күрделі қайшылықтармен берілуі ондағы характерлердің күрделеніп, психологиялық талдауларға себеп болғанын әдебиеттанушы ғалым теориялық терминдермен түсіндіріп, тереңдей талдаған (Әуезов, 1959: 78). Қанықейдің көркіне сай айла, ақылының да асқандығын өзіне деген өркөкірек батырдың сезімінің шынайылығын сынау үшін ойластырылған түрлі сынақ ойындар – көз байлау арқылы қырық қыздың ішінен табуын талап етуі де поэманың мазмұнын байытып, поэтикасын ашуда айтарлықтай көркемдік рөл атқарғанын зерттеуші нақты мысалдар негізінде дәйектейді. Көне мұра бола тұра әлем әдебиетшілерін елең еткізген «Манас» жырының поэтикалық әлемі жөніндегі Шыңғыс Айтматовтың:

«...Здесь богатейшая гамма художественных форм и средств: от простейшей сатиры и юмора до вершин трагедий, потрясающих великими душевными страданиями человека. Первозданный реализм переплетается со сказочной фантастикой, символизм и декларативность – с глубоким психологизмом, философия соседствует с верой в магию и волшебства, интимные чувства восходят к большим сердечным страстям, и в то же время любовь подчинена родовым и патриархальным интересам коллектива. «Манас» – это огромный мир прошлого киргизского народа, это его грандиозное, художественное полотно, которое он вписал в понараму мировой культуры», – деген пікірі рухани ұстазы Мұхтар Әуезовтің зерттеулеріндегі теориялық талдауларды тиянақтай түседі (Айматов, 2008: 13). Көне әдеби жәдігерді теориялық терминдермен ғылыми тұрғыдан талдаудың тұсауын кескен талантты зерттеуші, ғұлама ғалым М. Әуезовтің бұл зерттеуіндегі кешенді зерттеу әдісі кейінгі манастанушыларға көшбасшы, ғылыми бағыт-бағдар болғанын қырғыз әдебиетшілері ғана емес, сол кезеңдегі әлемге танымал талантты тұлғалардың мойындағаны да мәлім.

«Манас» жырындағы сюжеттік құрылымды құрайтын қосымша тақырыптардың хронологиялық, конструктивтік тұрғыдан зерттелуі «Другие самостоятельные темы» деген тараушада жан-жақты талданады: «...Фабула песни о рождении и детстве Манаса малооригинальна и фольклорно традиционна. Зато по своему словарному материалу, поэтической технике, уверенно введенному бытовому реализму, убедительно мотивированному психологизму отдельных положений, а также по внешнему оформлению этот эпизод – один из ценнейших в поэме» (Әуезов, 2007:54). Бүкіл шығыс әдебиетіне ортақ сюжет баласыз қарттардың әулие аралап бала тілеуі, олардың ғажайып жағдайда дүниеге келуі, ол сәбидің сағат сайын өсуі т.б. секілді таңғажайып діни, фантастикалық, магиялық, мифтік аңыздық элементтердің өріс

алуына, оқиғаның көпқабатты, фабулалық материалды көбейтудегі көркемдік қызметінің маңыздылығын ғалым әдебиеттің өз категориялары, теориялық ұғым-түсініктері арқылы түсіндіріп берген (Omarova, Kaztuganova, Sultanova, Tatkenova, & Kdyrniyazova, 2020). Мұнда кейіпкерлердің ойларын психологиялық жағынан дәлелді беретін монолог, диалог, түс көру, аян беру, оны жорыту т.б. сияқты күрделі көркемдік бейнелеу құралдарының тиімді қолданылуын зерттеуші нақты көркем мәтін мысалдарында дәлелдейді. Эпостық жырларға тән үшінші, яғни авторлық баяндау дәстүрінің мұнда да негізгі сөйлеу үлгісіне жататынын, алайда кейіпкерлердің сезімдік эмоциялық құбылыстары мен іс-әрекеттерінің шынайы әрі нанымды бейнелеуін дәл беретін монолог, диалог екенін анықтаған. Бұл фактілер поэмада шығарманың поэтикасын ашатын баяндау тәсілдерінің, көркемдік компоненттердің әралуан түрлерінің көне дәуір әдебиетіне де тән табиғи заңдылық екендігін танытса керек.

Зерттеудегі көлемді тарауды құрайтын «Характеры в поэме» атты бөлімде де осы ойларын жалғастыра келіп, аталған бейнелеу құралдары арқылы ашылатын характерлер мен образдардың поэтикасына тоқталады. Кейіпкерлердің әртүрлі психологиялық жағдайда көрініс беретін характерлері, мимикалық әрекеттері, адамзаттың көңіл-күйіне қарай құбылып отыратын физиологиялық сыртқы сезімдерінің қайталанып беріліп отыруы, жеңіс пен жеңіліс сәттеріндегі психологиялық портреттерінің бейнеленуіндегі баяндаушының түрлі сөйлеу тәсілдерін тиімді пайдалана білетін шеберліктері де назардан тыс қалмаған. Бұлардың бәрі эпостың поэтикалық техникасының, сөздік қорының, сөйлеу тәсілдерінің байлығын байқатады.

М. Әуезов бұл зерттеуінде «Манастың» қырғыз ғана емес түбі бір түркі жұртына ортақ асыл қазына екендігін, оның адамзат руханиятындағы заңды орнын, ұлт мұраларының мұртын бұзбай, сөз өнері өрісіндегі көркемдік дәстүр мен жаңашылдықты жетілдіруші жыршылар мектебінің тарихи қызметін де ғылыми теориялық тұрғыдан тұңғыш рет талдап, кәсіби маман ретіндегі сараптамалық ойларын ортаға салған.

Фольклорлық мұраның қоғамдық, халықтық, рухани құндылығы жөнінде құнды ғылыми тұжырымдар жасап, әдебиеттану ғылымының көркемдік компоненттерін пәндік сөздермен, яғни әдеби ұғым-түсініктермен түсіндіріп берген тұңғыш ғалым да Мұхтар Әуезов. Жырдың халықтық, жиынтық көркем нұсқасын жасау жолында бірнеше жылдар бойы жүйелі ізденіп, табанды еңбек еткен ғалымның бұл зерттеуі қазақ ұлттық фольклортану ғылымының жоғарғы деңгейде дамып, жетістіктерге жетуіне үлкен үлес қосқанын дәлелдейді. М.Әуезовтің манастану ғылымындағы еңбектері түбі бір түркі әлеміне, әдебиеті мен мәдениетіне қосқан осы зерттеуіндегі ғылыми теориялық ой-пікірлері күні бүгінде дейін құндылығын жойған жоқ. Осы зерттеу барысында Мұхтар Әуезовтің «Манас» эпосына қатысты ғылыми-теориялық әдіс-тәсілдері алғаш толықтыра кешенді түрде жүйеленіп, олардың типологиялық, психологиялық, этнолингвистикалық және поэтикалық қырлары айқындалды. Бұл

жырдың құрылымдық, стильдік ерекшеліктерін талдауда жаңа ғылыми деңгей ұсынды.

Бұрынғы зерттеулер көбіне эпостың тарихы мен нұсқаларын салыстыруға, оқиғалық баяндауға шектеліп келген болса, Әуезовтің еңбектері мен осы талдау олардың поэтикасын, ырғақтық жүйесін, бейнелеу құралдарын және орындаушылық дәстүрін кешенді қарастыруымен ерекшеленеді. Мұның нәтижесінде «Манас» жыры тек тарихи дерек көзі емес, жан-жақты көркемдік-поэтикалық құбылыс ретінде ғылыми тұрғыда дәлелденді.

4. Зерттеу нәтижесі

Жырдың поэтикасына қатысты ғылыми теориялық ойлары поэзияның басты бейнелеу құралдарына негіз құрғандығын, суреттеу, теңеу, баяндау, драматизация, монологтар, кейіпкерлердің ойлау, сөйлеу жүйелері, жан сезімдері, өткір қақтығыстар, оқиғаны дамытатын авторлық баяндаулардың шығарма стилін анықтаудағы рөлі, ырғақ, ұйқас, аллитерация мен ассонанстар әлемі зерттеуде жан-жақты қарастырылған. Манастың туу, батыр болып қалыптасу кезеңдері мен ел қорғаудағы ерліктері, ішкі дүниесі бүкіл болмыс-бітімімен, қатпары қалың күрделі табиғатымен, ішкі сезімдік құпия қалтарыстарымен жан-жақты ашылғанда ғана, ол шын мәніндегі көркем образ дәрежесіне көтерілгеніне дейінгі шығармашылық процесс М. Әуезовтің осы зерттеуінің өзегін құрайды.

Тегінде, ұлттық құндылықтарға айналған авторы белгісіз ауыз әдебиетінің үздік үлгілері халықтың, ұлттың, қала берді бүкіл адамзаттың рухани игілігі.

Эпостағы өсиет, жыр мен жоқтау, салт өлеңдеріндегі образдық-поэтикалық желілер, бейнелер мен теңеулер, бояуы қанық эпитеттер мен метофоралар, терең де түбегейлі ой тербейтін өлеңдердің бәрі эпикалық жырдың эволюциялық дамуы мен поэтикасын көрсететінін де М.Әуезов осы еңбегінде егжей-тегжейлі зерделеген (Пірәлі, Қонаев, & Әмірбаева, 2023). Зерттеуші жырдағы метофора, эпитеттер, ырғақ, қайталау сынды көркемдік компоненттерді қолданудағы орындаушылардың шығармашылық ерекшеліктері, кәсіби шеберліктері жөніндегі: «...Рифма в поэме фигурирует в качестве конечного повторения одних и тех же комбинаций – морфологических и всех прочих... Если при исполнении и отсутствует музыкальный аккомпанемент, то вокальная сторона не отпала, и кроме того наличествует еще игровое исполнение (жестикуляция, мимика). Стих не только поется, но и исполняется, так что в своем творческом возникновении и одновременном исполнительском воспроизведении он не утрачивает первоначальных элементов синкретизма», – деген ойларында фольклорлық туындылардың ерекшелігі синкретті болуында, олар өзара үндескенде ғана тұтас көркемдік құбылыс орын алатыны айтылады (Әуезов, 2007:72). Жыр шумақтарындағы қайталанып отыратын ойлар, сөздер, ырғақтар, ұйқастар строфикалық параллелизмді үдетіп мағыналық, синтаксистік байланыстарды күшейтіп, кейіпкердің жан дүниесіндегі сезімдік, көңіл күйлік эмоцияларды үдетері хақ. Мұндай поэтикалық техника ырғақты күшейтетін тәсілдер: «...Үйер аққан суу келгин, / Упчун кийген эр келгин, / Кара куйрук щер

келгин...» (Ғалымның аударуындағы орысша нұсқасы: «Пусть придет вода, / бегущая горным потоком, / Пусть придут богатыри в доспехах, / Пусть придет лев с черным хвостом...»), – деген жолдардағы «желдірме» жанрына жақын үдетпелі ұйқастар ағысы тоқтамайтын ой ағынын (поток сознания) да аңғартады (Әуезов, 2007:74). Жыр жолдарындағы қайталаулар, дыбыстық үндестіктер, архаизмдер, варваризмдер мен өзге елден енген сөздердің (көбінде араб-парсы, өзбек-парсы тілінен) орын алуы, тұрақты эпитеттер, афоризмдер, фразеологиялық тіркестер, метафоралар, көне иранның кітаби ақындарынан, ежелгі түркі және монғол, шағатай әдебиеттерінен енген ескі сөздер мен әдеби тіркестер де шығармаға шырай сыйлаған поэтикалық әлемді құрайды. Бейнелеп айтуға, өлеңмен ойлау, өлеңмен сөйлеп сұлу сурет жасауға бейімділік эпостағы өлең тіліне де тән қасиет екендігін әдебиеттанушы ғалым өлең жолдарындағы өрнектер арқылы дәлелдейді (Шаханов, 201: 89). Сөз жаңарту, сөздің бейнелі сипатын барынша пайдалану қабілеті, сөздің ішкі ажарын, оның потенциалды мүмкіндігін тануда да зерттеуші өзгеше бір түйсіктік, білімдарлық танытады.

Эпосты тудырушы және орындаушы таланттардың сөз жасау, ондағы поэзия поэтикасына тән көркемдегіш бейнелеу құралдарын ойната білу машығы мен ұлттық дәстүрлі сөз өнеріндегі өрнектер бұл эпосқа да жат нәрсе еместігін зерттеуші қай кезде де ақын-жыраулардың өз өлеңдерін тыңдаушыларына түсінікті, қарапайым халыққа ұғымды, әсерлі ету үшін, ең алдымен сол ойын жеткізер көркемдік бейнелеу құралдарына ерекше мән беретіндігінен екендігін дәлелдеп, осындай ойлы да теориялық тұжырымдарымен тиянақтап, түсіндіріп береді.

Сөз өнерінің киелі көркемдігі эпостағы көркемдегіш құралдармен кемел көрінетінін ғалым өзінің ғылыми теориялық әдіс-тәсілдерімен дәйектеп отырады. Оларды зерттеуші түркі тектес халықтар әдебиетіндегі шығыс шайырларының «Шахнама» секілді дастандарымен салыстыра сараптауда асқан білгірлік танытады.

Мысалы, «Кызганганын кытайдан, Кызыл ала кан кылып», – деген шумақтардағы сөздік образдар, шұрайлы тілдік қолданыстар, аллигориялық айшықтар, т.б. әдеби әдістер өзге елдердегі өлең өрнектерімен өрістес, деңгейлес дәрежеде талданады. «Манас» эпосында жиі кездесетін географиялық атаулар, табиғат суреттері көбіне кейіпкерлердің көңіл-күйлерімен тұтас бірлікте бейнеленетін психологиялық паралеллизм поэтикалары, стильдік ерекшеліктер жөнінде де Мұхтар Әуезов өте жоғары теориялық пікірлер айтқан. Эпостың бейнелеу тәсілдерінің өзгешелігін жинақтап, жүйелеп айтуды ұстанған зерттеушінің сөз өнеріндегі ұлттық көркемдік ойлау жүйесінің, ұлттық стильдің дамуы, өркендеуі турасындағы өресі биік өрелі ойлары бүгінде бағалы. Осылайша, зерттеу нәтижесінде Мұхтар Әуезовтің «Манас» эпосын талдауда қолданған негізгі поэтикалық және көркемдік тәсілдер айқындалды. Эпостағы ырғақтық құрылым, қайталамалар мен дыбыстық үндестіктер, бейнелеу құралдары (метафора, эпитет, аллитерация, ассонанс), сондай-ақ синкреттілік құбылысы жүйеленіп, олардың жырдың көркемдік тұтастығын қалыптастырудағы рөлі көрсетілді. Сонымен қатар эпикалық мәтіндегі тарихи-этнографиялық, психологиялық және лексикалық

қабаттардың өзара байланысы анықталып, «Манас» эпосының поэтикалық әлемі кешенді түрде сипатталды.

5. Қортынды

М. Әуезовтің манастанудағы еңбектерінің құндылығы эпостың тарихы мен поэтикасын зерттеуге аспиранттан академикке дейінгі аралықтағы бүкіл саналы ғұмырын арнауы, оған қатысты қаншама құнды әдеби деректерді тауып, тұңғыш рет ғылыми айналымға ендіруі және жырдың бірнеше нұсқаларын тауып, тұрақты, канондық көркем мәтінін жасауда белсенділік танытып, осы саланың негізін қалап, одақтық деңгейде алғаш рет орыс тіліндегі теориялық зерттеу жазуы т.б. дер едік. Әсіресе, М. Әуезовтің бұл жырды саяси соққылардан қорғаудағы ғалымдық, шығармашылық, азаматтық ерлігі екі елдің де есінде мәңгі қалатыны сөзсіз.

Осы орайда академик, өлең сөздің теориясын зерттеген көрнекті ғалым Зәки Ахметовтің ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің ғылыми теориялық еңбектеріне берген бағасына назар аударғанымыз абзал: «...Академик М. Әуезовтің еңбектерінде қазақтың ауыз әдебиетінің көптеген маңызды проблемалары алғашқы рет терең, сындарлы түрде зерттелді. Ол сондай-ақ СССР халықтары әдебиеттерінің бір-бірімен жақындық-жалғастығын, оның ішінде орыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің өзара тығыз байланысын зерттеуге зор көңіл бөлді. Асыра айтпаған күннің өзінде де, М. Әуезов еңбектері осы аса кең ғылым саласының теориялық негіздері мен методологиялық принциптерін жасауға көмектесті дей аламыз. Қазақ әдебиетінің тарихына, ауыз әдебиетіне және бүгінгі заманғы әдебиет мәселелеріне қатысты Әуезов еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымынан берік орын алды, жас әдебиеттану ғылымымыздың қалыптасу мен дамуында үлкен роль атқарды, олардың көбісі ғылым үшін бірінші дәрежелі маңызын күні бүгінге дейін жойған жоқ» (Ахметов, 1977).

Мұхтар Әуезовтің «Манас» эпосына арналған зерттеуі – қазақ және қырғыз, жалпы түркі халықтарының әдебиеттану ғылымындағы ең іргелі еңбектердің бірі болып табылады. Ғалым эпосты жанрлық тұрғыдан қарастырып, оның тарихи ерекшелігі мен көркемдік құндылығын әдебиеттану ғылымының талаптарына сай талдады. Ол жырдың құрылымдық, стильдік ерекшеліктерін айқындап, поэтикалық әлемін терең түсіндірді. Зерттеу барысында Әуезов жыршылардың орындаушылық дәстүрін, олардың кәсіби шеберлігін, поэтикалық бейнелеу құралдарын жан-жақты саралады. Эпостың сюжеттік-композициялық жүйесін, негізгі иедеясы – ел бірлігі мен отаншылдықты типологиялық салыстыру әдісімен талдап, оны түркі халықтарының ортақ рухани мұрасы ретінде бағалады. Әуезовтің манастанудағы еңбектерінің құндылығы – эпостың тарихы мен поэтикасын ғылыми айналымға енгізуі, бірнеше нұсқасын салыстырып, тұрақты көркем мәтін жасауға ұмтылысы, сондай-ақ «Манас» жырын саяси қысымнан қорғаудағы ғалымдық әрі азаматтық ерлігі.

Осылайша, Мұхтар Әуезовтің манастану саласындағы зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосып, бүгінгі күнге дейін ғылыми маңызын жоғалтпай келе жатқан құнды мұра болып табылады. Зерттеу мақсаты – Әуезовтің ғылыми әдіс-тәсілдерін жүйелеу – толық орындалды, оның поэтикалық

және теориялық тұжырымдары жаңа қырынан айқындалды. Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы – Әуезов қолданған кешенді әдістерді алғаш рет жүйелі сипаттап, олардың әдебиеттану мен фольклортану үшін әмбебап үлгі бола алатынын дәлелдеуі. Алдағы уақытта осы әдістемелік негізді түркі эпостары мен басқа да халықтық мұраларды талдауға қолдану зерттеулердің жаңа көкжиектерін ашатыны анық.

Әдебиеттер:

1. Ахметов, З. (1977). Әдебиетіміздің асқар тауы. Жұлдыз, (8).

2. Айматов, Ч. Т. (2008). Полное собрание в 8 томах (Т. 8: Статьи, эссе, выступления. «Он знал миллион строк океаноподобного “Манаса”»). Алматы.

3. Әуезов, М. (1959). Әр жылдар ойлары. Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы.

4. Әуезов, М. (2003). Шығармаларының елу томдық толық жинағы (Т. 10). Алматы: Ғылым.

5. Әуезов, М. (2007). Шығармаларының елу томдық толық жинағы (Т. 29). Алматы: Жібек жолы.

6. Әуезова, З.-А. (2018). Актуальность, опыты и проблемы историко-культурной интерпретации: казахский-русский-английский. М.О. Әуезовтің туғанына 120 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. Алматы: Print express.

7. Бектенов, З. (2010). Мухтар Омарханович Ауэзов. Ішінде М. Тентимишев (түз.), Мухтар Ауэзов жана Кыргызстан (612 б.). Бишкек: Турар.

8. Елеукенов, Ш. (2017). ТМД елдері ғалымдарының М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу мәселелері. Ұжымдық монография. Алматы: Servise Press.

9. Кунаев, Д. (2005). «Неизвестный» Ауэзов. Алматы: Жібек жолы.

10. Кунаев, Д. (2021). Мухтар Ауэзов и взаимосвязь литератур. Алматы.

11. Мұхамедхан, Д. (2023). Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик. Алматы: Курсив.

12. Omarova, A., Kaztuganova, A., Sultanova, A., Tatkenova, S., & Kdyrniyazova, Z. (2020). M.O. Auezov and musical art of Kazakhstan in the coordinates of the global world. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 12(5). https://doi.org/10.21659/rupkatha.v12n5.rioc1s24n5

13. Пірәлі, Г., Қонаев, Д., & Әмірбаева, Ш. (2023). Ресей мұрағаттарындағы мұхтартану: тарих, теория, ғылыми дискурс. Keruen, 79(2), 55–66. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-04

14. Пірәлі, Г. Ж., & Құрманбаева, А. П. (2022). М. Әуезовтің Абай жолы роман-эпопеясындағы тарихи деректердің зерттелуі. Keruen, 1(74), 63–74. https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/356/130

15. Сейсенұлы, Д. (2020). Ер қазақ: деректі хикаяттар, екі бөлімді драма және сұхбат-әңгімелер. Алматы: Полиграфкомбинат.

16. Шаханов, М., & Отарбаев, Р. (ауд.). (2014). Манас. Елдік пен ерлік энциклопедиясы. Алғы сөз. Елдік пен ерлік эпосы. Алматы: Өлке.

17. Эпос «Манас» и эпическое наследие народов мира. (1995). Тезисы международного научного симпозиума, посвященного 1000-летию эпоса «Манас». Бишкек.

References:

1. Akhmetov, Z. (1977). Adebietimizdin asqar tauy [The peak of our literature]. (Zhuldyz, (8). [in Kazakh]

2. Aitmatov, Ch. T. (2008). Polnoe sobranie v 8 tomakh (Vol. 8: Stat’i, esse, vystupleniia. “On znal million strok okeanopodobnogo ‘Manasa’”). Almaty. (in Russ.)

3. Auezov, M. (1959). Ar zhildar oilary [Thoughts of different years]. Almaty: Kazakh memlekettik korkem adebiet baspasy. (in Kaz.)

4. Kunaev D. “Neizvestnyi” Auehzov [“Unknown” Auezov] (Zhibek zholy, Almaty, 2005, 352 p.) (in Russ.)

5. Ehpos «Manas» i ehpicheskoe nasledie narodov mira. [The epic “Manas” and the epic story of the world] Tezisy mezhdunarodnogo nauchnogo simpoziuma, posvyashchennogo 1000-letiyu byliny «Manas» [Thesis of the international scientific symposium, dedicated to the 1000th anniversary of the epic “Manas”] (Bishkek, 1995, 204 p.) (in Russ.)

6. Auezova Z.-A. Aktual'nost', opyty i problemy istoriko-kul'turnoi interpretacii: kazakhskii-russkii-angliiskii [Relevance, ideas and problems of historical and cultural interpretation: Kazakh-Russian-English] Materialy mezhdunarodnogo nauchnogo simpoziuma, posvyashchennogo 120-letiyu so dnya rozhdeniya M. O. Auezova [Materials of the international scientific symposium dedicated to the 120th anniversary of the birth of M. O. Auezov] (Print express, Almaty, 2018, 492 p.) (in Russ.).

7. Bektenov Z. Mukhtar Auezov // Mukhtar Auezov zhana Kyrgyzstan [Mukhtar Omarkhanovich Auezov // Mukhtar Auezov new Kyrgyzstan.] (Turar, Bishkek, 2010, 612 p.) (in Russ.).

8. Eleukenov Sh. TMD elderi galymdarynyn M.O.Auezovtin shygarmashylyk murasyn zertteu maseleleri [Problems of studying the creative heritage of M. O. Auezov by scientists of the CIS countries] Kollektivnaya monografiya [Collective monograph] (Servise Press, Almaty, 2017, 384 p.) (in Kaz.).

9. Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyk tolyk zhinagy [A complete collection of works by M Auezov] v pyatidesyati tomakh. T10 [in fifty volumes, V10] (Nauka, Almaty, 2003, 456 p.) (in Kaz.).

10. Kunaev D. Mukhtar Auezov and vzaimosvyaz literatur [Mukhtar Auezov and the interrelation of literatures] (Almaty, 2021, 424 p.) (in Russ.).

11. Seisenuly D. Er kazak: derekti khikayattar, eki bolimdi drama zhane sukhbat-angimeler. [Strong Kazakh: documentary stories, two-part drama and interview stories] (Poligrafkombinat, Almaty, 2020, 392 p.) (in Kaz.).

12. Pirali G. Zh., Kurmanbaeva, A.P. «Abai zholy» roman-ehpopeyasyndagy tarikhi derekterdin zerttelui. [Study of historical facts in the epic novel by M. Auezov "The way of Abai".] Scientific journal Keruen, 1 (74), (2022) [Electronic resource] – Available at: https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/356/130 (in Kaz.).

13. Auezov M. Ar zhyldar oilary [Thoughts of different years] (Kazakh memlekettik korkem adebiet, Almaty, 1959, 554 p.) (in Kaz.).

14. Omarova A., Kaztuganova A., Sultanova A., Tatkenova S., Kdyrniyazova Z. M.O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, (Scopus) , 12 (2020) [Electronic resource] – Available at: https://rupkatha.com/V12/n5/rioc1s33n7.pdf (in Eng.).

15. Pirali G., Kunaev D., Amirbaeva Sh. Resei muragattaryndagy mukhtartanu: tarikh, teoriya, gylymi diskurs. zhurnaly [Mukhtartology in the archives of Russia: History, Theory, scientific discourse] Scientific journal "Keruen"], 79(2), (2023) [Electronic resource] – Available at: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-04 (in Kaz.).

16. Shakhanov M. Manas. Eldik pen erlik ehnciklopediyasy // Eldik pen erlik ehposy [Encyclopedia of country and heroism // The epic of country and heroism] (Olke, Almaty, 2014, 368 p.) (in Kaz.).

STSSR 17.71.01 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-10

P.T. Auyesbayeva[1]*, A.K. Akhmetbekova[2], A.Oralbek[3]
[1,3]Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan
[2]al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]pakizat480@gmail.com, [2]aaxbota@gmail.com, [3]ora-10@mail.ru
ORCID: [1]0000-0002-7716-9715, [2]0000-0003-0137-1455, [3]10000-0002-0600-7006

TEXTUAL STUDY OF THE FAIRY TALE "KARAMERGEN" FROM THE RARE EDITIONS COLLECTION

Abstract. Books published in Kazakh before the October Revolution are currently considered a valuable source of material. They hold great significance for the study of literary and cultural life, alongside folklore texts, ethnographic information, and historical data. These publications contain rich information about the collection and preservation of Kazakh folk literature, as well as the activities of collectors and publishers. Collections issued in the second half of the 19th and early 20th centuries were published in Petersburg, Kazan, Orenburg, and Tashkent. The Karimov and Kusainov Publishing House at Kazan University played an active role in this process. Beginning in the mid-19th century, Russian scholars studied the life, traditions, customs, language, religious beliefs, military art, and oral literature of Turkic-speaking peoples, including the Kazakh people, and began collecting materials for their comprehensive analysis and study. Among them were N.F. Katanov, A.E. Alektorov, P.M. Melioransky, V.V. Bartold, I.N. Berezin, N.Ya. Bekimov, A.A. Divaev, A.D. Nesterev, N. Pantusov, N.I. Ilminsky, G.N. Potanin, and other Turkologists. The examination of archival materials and rare editions in libraries revealed that a significant portion of the oral tradition materials they collected had been published more than a century ago. It is known that these works were not reprinted during the Soviet period. Over the years of independence, they have gradually been published in various folklore collections and scholarly publications. In this context, our research conducted a textual analysis of the fairy tale "Karamergen", originally published before the October Revolution, which revealed differences and distinctive features between the original and later published versions. The article also examines the works of Russian orientalists and Turkologists who collected and studied the rich heritage of Kazakh folk oral literature.

Acknowledgment. The article was written within the framework of the project "BR20281009 (FNI) 'Current Issues of Modern Literary Studies and Art Studies'" of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.

Key words: rare editions collection, original text, folklore, fairy tale, text, textual study.

П.Т. Әуесбаева[1]*, А.К. Ахметбекова[2], А.Оралбек[3]
[1,3]М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Казахстан
[2]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Казахстан
E-mail: [1]pakizat480@gmail.com, [2]aaxbota@gmail.com, [3]ora-10@mail.ru
ORCID: [1]0000-0002-7716-9715, [2]0000-0003-0137-1455, [3]10000-0002-0600-7006

СИРЕК БАСЫЛЫМДАР ЖИНАҒЫНДАҒЫ «ҚАРАМЕРГЕН» ЕРТЕГІСІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде басылған кітаптар қазіргі таңда құнды материал көзі саналады. Әсіресе, фольклорлық мәтіндер, этнографиялық мәліметтер, тарихи деректермен қатар, әдеби, мәдени өмірдің зерттелуі үшін маңызы зор. Онда қазақтың халық ауыз әдебиетінің жиналуы, сақталуы, жинаушы және бастырушылар туралы мол мағлұматтар сақталған. XIX ғасырдың екінші

жартысы XX ғасырдың басында жарық көрген жинақтар Петербург, Қазан, Орынбор, Ташкент қалаларында басылды. Әсіресе, көбі Қазан университетіндегі Кәрімовтер мен Құсайыновтардың баспасынан жарық көрді. XIX ғасырдың ортасынан бастап орыс ғалымдары түрік тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, тілін, діндік ұстанымын, әскери өнерін, ауыз әдебиетін зерттеп, жан-жақты талдап, зерделеу үшін материалдар, деректер жинауға кірісті. Олардың қатарында Н.Ф. Катанов, А. Е. Алекторов, П.М. Мелиоранский, В.В. Бартольд, И.Н. Березин, М.Н. Бекимов, Ә.А. Диваев, А.Д. Нестерев, Н. Пантусов, Н.И. Ильминский, Г.Н. Потанин және т.б. түріктанушы ғалымдар болды. Аталған зерттеушілердің халық аузынан жазып алған, жинаған, ғылыми зерттеу нысаны ретінде пайдаланған материалдарының дені осыдан бір ғасыр бұрын, тіпті, одан да арғы уақытта жарияланғанын кітапханалардағы сирек басылымдар қоры мен архивтердегі материалдарды мұқият зерттеу барысында анықталды. Осы шығармалар кеңестік дәуірде, қайта басылым көрмегені белгілі. Ал, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, түрлі фольклорлық жинақтар мен ғылыми басылымдарда там-тұмдап болса да жарияланып келеді. Сондықтан зерттеу жұмысымызда Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген «Қарамерген» ертегісіне текстологиялық сараптау жұмысы жасалып, нәтижесінде түпбасылым мен кейінгі жарық көрген мәтін арасындағы айырмашылық пен ерекшеліктің бар-жоғы анықталды. Мақалада орыс шығыстанушы, түріктанушы ғалымдарының қазақ халық ауыз әдебиетінің бай мұрасын жинап, зерттеген еңбектері қарастырылды.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жж. Мақала «BR20281009 (ФНИ) «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы жоба бойынша жазылды.

Кілт сөздер: сирек басылымдар қоры, мәтіннің түпнұсқасы, фольклор, ертегі, мәтін, текстология.

П.Т. Ауесбаева[1]*, А.К. Ахметбекова[2], А.Оралбек[3]

[1,3]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

[2]КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]pakizat480@gmail.com, [2]aaxbota@gmail.com, [3]ora-10@mail.ru

ORCID: [1]0000-0002-7716-9715, [2]0000-0003-0137-1455, [3]10000-0002-0600-7006

ТЕКСТОЛОГИЯ СКАЗКИ «КАРАМЕРГЕН» В СБОРНИКЕ РЕДКИХ ИЗДАНИЙ

Аннотация. Книги, изданные на казахском языке до Октябрьской революции, в настоящее время представляют собой ценный источник материала. Они имеют большое значение для изучения литературной и культурной жизни наряду с фольклорными текстами, этнографическими сведениями и историческими данными. В них содержаться богатая информация о процессе сбора и сохранения казахской народной литературы, а также о деятельности собирателей и издателей. Сборники, изданные во второй половине XIX – начале XX века, публиковались в Петербурге, Казани, Оренбурге и Ташкенте. Особо активную роль в этом процессе сыграло издательство Каримовых и Кусаиновых при Казанском университете.Начиная с середины XIX века русские ученые изучали быт, традиции и обычаи, язык, религиозные верования, военное искусство и устную литературу тюркоязычных народов, в том числе казахского народа, а также начали собирать материалы для их всестороннего анализа и изучения. Среди них были Н.Ф. Катанов, А.Е. Алекторов, П.М. Мелиоранский, В.В. Бартольд, И.Н. Березин, М.Н. Бекимов, А.А. Диваев, А.Д. Нестерев, Н. Пантусов, Н.И. Ильминский, Г.Н. Потанин и другие тюркологи. При тщательном изучении архивных материалов и редких изданий в библиотеках было выявлено, что значительная часть собранных ими материалов устной традиции была опубликована более ста лет назад и даже позднее. Известно, что в советское время эти труды не переиздавались. За годы независимости они публиковались в различных фольклорных сборниках и научных изданиях, хотя и постепенно. В связи с этим в нашей исследовательской работе был проведен текстологический анализ сказки «Карамерген», опубликованной до Октябрьской революции, который выявил различия и особенности между оригинальным и позднее опубликованным текстом. В статье также рассматриваются

труды российских востоковедов и тюркологов, собравших и изучивших богатое наследие казахской народной устной литературы.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках проекта «BR20281009 (ФНИ) "Актуальные проблемы современного литературоведения и искусствоведения"» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2023–2025 годы.

Ключевые слова: фонд редких изданий, оригинал текста, фольклор, сказка, текст, текстология

1. Introduction

During the academic expeditions of Russian orientalists and Turkologists to the Kazakh steppes prior to the 20th century, valuable and extensive materials related to Kazakh oral literature, folklore, and ethnography were collected. Much of this rich heritage remains incompletely published. Some of these materials were first published a century or even two centuries ago, and since then, they have not been reprinted. Consequently, these publications have become rare bibliographic works today. They may be absent even from the collections of the largest libraries in our country. It is also important to note that, due to objective reasons, the published works could not fully encompass all the collected materials. We do not diminish the efforts of the scholars who gathered and published Kazakh folklore and literature, and documented the life and customs of the Kazakh people. Their contributions to both in-depth and extensive research are immense. Thanks to the dedication of Russian collectors and researchers, many texts of Kazakh folklore and literature, as well as historical and ethnographic information about the nomadic life of the Great Steppe, have been preserved.

The materials collected and studied by Russian scientists, as well as the scientific works they wrote, were not limited to expeditions to the Kazakh steppe. They also played a key role as organizers of scientific research, cultural, educational, and regional studies institutions. For example, in 1845, at the initiative of Levshin and Dal, branches of the Russian Geographical Society were established in the cities of Omsk, Orenburg, and Semey. These institutions trained specialists and sent them to the remote regions of the Kazakh steppe, where they tried to collect and systematize comprehensive information about the geology, mineral and water resources, flora, fauna, and climate of Kazakh lands, as well as about the local population, the Kazakh Khanate, customs, and social structures.

Scientists collected fairy tales, songs, legends, and stories relevant to the themes of their research. Thanks to this information and data, extensive collections were later published. These books, in turn, were preserved in libraries and archival collections across many cities of the Soviet Union. The significance of the work carried out by these Russian collectors and researchers lies not only in their gathering of materials but also in their expression of insightful and rigorous scientific analyses. For example, their scholarly evaluations of the content and artistic features of materials collected from oral literature and folklore are of great importance. Moreover, research scholars traveled from village to village, witnessing firsthand the narrators of folklore, listening carefully, and striving to record the works accurately without altering their pure and natural form. Based on the collected materials, they honestly and openly expressed their opinions and provided fair assessments.

The evaluations of these orientalists who highlighted talented individuals with strong poetic abilities and emphasized the ideological and artistic qualities of folk songs, were particularly high, helping to elevate folk poetry to a higher level. Turkologists recognized Kazakh folklore as exceptionally rich and diverse.

This valuable heritage collected by Russian scholars has become an irreplaceable asset and a precious contribution to Kazakh oral literature and folklore. All the materials preserved in archival collections have retained their relevance in folklore studies to this day. These collected works continue to be widely used in the comprehensive study of Kazakh oral literature.

2. Research materials and methods

2.1 Research Methods

In the process of writing the article, chronological, historical-comparative, comprehensive, and textual research methods were employed.

2.2 Material description

In the second half of the 19th century, many genres of Kazakh folk oral literature, including heroic poems, fairy tales, aitys (song competitions), proverbs, riddles, laments, blessings, and folk songs, were published for the first time. Before the 20th century, the number of Russian orientalists and Turkologists who collected and studied Kazakh folklore and oral literature increased substantially. They include N.F. Katanov, A.E. Alektorov, P.M. Melioransky, N.Ya. Sarkin, M.N. Bekimov, A.A. Divaev, A.D. Nesterev, and N. Pantusov. Also notable are V.V. Radlov, N.I. Ilminsky, N.M. Yadrintsev, G.N. Potanin, I.N. Berezin, A.V. Vasiliev, G.I. Spassky, N.F. Kostyletsky, A.N. Haruzin, M.M. Miropiev, Ya. Lyutsh, A. Melkov, and many other scientists whose names can be remembered with respect.

These scientists traveled extensively throughout the Kazakh lands and villages, collecting materials on the oral literature of the Kazakh people. They gathered, categorized, and published Kazakh fairy tales from different regions in their works.

During the study of this topic, methods of textological (textual) comparison, description, compilation, and scientific analysis were applied to both manuscript and published versions of the well-known Kazakh fairy tale “Karamergen”.

Attention is given to the process of collecting and studying Kazakh fairy tales by Russian orientalists and Turkologists, with emphasis on their scientific significance. In particular, the fairytales collected by A.E. Alektorov (1, 2022 : 258-272), A. Divaev (1, 2022 : 193-254), N. (Pantusov, 2022: 102-137), (Potanin, 2022: 403-494), (Vasiliev, 2022: 411-475), (Melkov, 2022: 353-376), (Ilminsky, 2022: 63-73), (Beloslyudov, 2022: 377-402) have been taken into account. Most of these scientists’ works (except those of V.V. Radlov) on the topic, were originally published before the October Revolution and were reprinted for the first time in 2022 (Radlov, 2022: 744). The scientific opinions of folklorist B. Abzhet, presented in his article (Abjet, 2021: 7-15), as well as the issues raised in the fantastic fairy tales published in the hundred-volume collection “Babalar sozi (Words of the Ancestors)”, served as foundational sources for our research topic (Auyesbayeva, 2020: 1-12).

3. Discussion

Russian orientalists and Turkologists collected all five main types of Kazakh fairy tales. They are fantasy, short stories, heroic, animal, and satirical tales. As a result of this research work, the first version of the fairy tale Karamergen, one of the tales recorded and published by the Russian Turkologist N. N. Pantusov during his travels across Kazakh lands, and belonging to the genre of fantasy fairy tales, was compared with its second publication from 1988 using textological methods. The analysis determined the extent to which the printed text of the fairy tale had been altered or distorted by later compilers, and this was demonstrated through specific examples. In addition, the results of this study can also serve as a valuable source of information for domestic scholars and doctoral candidates conducting fundamental research in the field of the humanities, as well as for teachers, master's students, and undergraduate students at higher education institutions.

4. Results

The object of our study is the fairy tale "Karamergen". It was first published in 1901 in the collection "Materials for the Study of the Kazakh-Kyrgyz Dialect" by the Russian Turkologist N. N. Pantusov (Pantusov, 2022: 102-116), written in Arabic script, with a Kazakh transcription and a Russian translation. This fairy tale was later republished in a collection of Kazakh fairy tales prepared by the staff of M.O. Auezov Institute of Literature and Art (Alpysbaev, 1988: 7-1), as well as in the hundred-volume collection "Babalar sozi" (Words of the Ancestors) (Toishanuly, 2011: 9-15).

Now let us compare, study, and analyze the original version of this tale, published in 1901, with the version published in 1988. To do this, we will place the two texts side by side in a table and identify the differences.

1901 version	1988 version
In the past, there lived *among* the Kazakh *people* a *man* named Karamergen.	In the past, there was *from* the Kazakh *people* a man named Karamergen.
He had neither wealth *nor* children.	He had no wealth and no children.
Using his *hunting skills*, he hunted deer for their *antlers*, kulans for their *rumps*, and various other animals, then sold their skins to make a living.	Using his hunting skills, he hunted deer, kulan, and other animals, then sold their skins to make a living.
When summer *ends*, winter *comes*; and when winter *ends*, summer *comes*. Yet they walk alone, without a companion.	When summer *comes*, winter *goes*; and when winter *comes*, summer *goes*. Yet they walk alone, without a companion.
One day, the *lone* hunter took his rifle and said, "*I'm going* to a faraway place where no one goes, where no one walks, neither in winter nor in summer," and set off.	One day, the hunter took his rifle and said, "*I will go* to a faraway place where no one goes or walks, neither in winter nor in summer," and set off.
After traveling for many days, he came to a large mountain...	– *(This sentence was omitted)*
He led his horse along a ravine on foot, endured much hardship, and climbed to the top of the mountain.	*(The sentence at the beginning is missing)* With much hardship, he climbed to the top of the mountain

Looking around, he saw *countless animals* and deer.	Looking around, he saw *countless* deer.
… built a house of stone, *made a roof like a camping tent*, covered it with many *thick* sticks, and covered the *roof of the house* with animal skins.	… built a house of stone, covered it with many *small* sticks and animal skins.
–	*The horse that had tired him out over seven or eight days became a well-fed, strong horse.*
Since Mergen was born, he had never seen such a *variety of grass growing together*.	Since Karamergen was born, he had never seen *such a variety of fruits growing*.
And it was a beautiful *blooming steppe* with so many different trees, *so many different red and green flowers*, where nightingales sang, and where the *scent of cloves was fragrant.*	It was a beautiful *meadow* with so many different trees, where nightingales sang.
The hunter shot many animals, and *bundled* and preserved their horns and skins.	The hunter shot many animals, and *salted* and preserved their horns and skins.
Without a word, he *dropped* to one *knee*.	Without a word, he *fell* to one *knee*.
neither the sniper nor the woman took their eyes off each other…	*the woman did not take out the two eyes from the hunter…*
He silently, without sticking hand *out of* sleeve…	He silently snatched the *meat* from the *end* of his sleeve, without sticking his hand
Then, taking another bite of meat, he said, "Ma!" and roared again. *Just as before*, without saying a word, he took it and swallowed it...	*Later* he took another bite of meat, said, "Ma!" and roared again. Without saying a word (*the word was missing*) he took it and swallowed it.
The hunter thought, *'There she comes, what should I do?'* and when he looked he saw the woman walking slowly.	When he looked back, the woman was walking slowly.
Praying to God, the hunter fired his rifle.	*Having learned that she was a monster*, the sniper fired his rifle…
The garment with which he covered himself was torn and full of holes.	*...the tree that lay there, resembling a man, had been cut into pieces, as if sliced with a knife.*
The woman did not make a *sound.*	No *voice* came from the woman.
The snake *had a steel head, its neck was cut off.*	It was a snake with *its head cut off*.
A scarf *made* of fine white silk, *adorned with various gold ornaments*, came and hung before him.	A scarf *made* of fine white silk came and hung before him.
A golden curtain was *draped over the bed* and set up at the right threshold	A golden curtain was set up at the right threshold of the *house*.
The girl said, "We are nomadic *fairies*".	The girl said, "We are from a nomadic *country*".
When he woke up with a start… he saw that all the treasure was gone.	There was no girl, no house, nothing near him.
Multiple layers of exquisite bedding lay beneath her side.	There was an exquisite bedding beneath her side.
It was carved out *in a circle* and taken away.	*They cut all around it* and took it away.
He sat there, *scolding himself* and wondering why he had fallen asleep.	*He felt unhappy* and regretted that he had fallen asleep.

He cried, saying, "If you put wheat on the hem of one who has no luck, his hem will come off and spill the wheat".	– *(This sentence was omitted)*
Worried, he asked: "From which side will she come?".	From which side will the *voice* come?
– *Oh, you unfortunate one, do not cry anymore, may your eyes go blind!*	– *(This sentence was omitted)*
Finally, *by the power of God*, this hunter became *immeasurably* rich, and *even* became a great khan, and eventually died.	Eventually, this hunter became *incredibly* rich, *even* became a great khan, and died.

The genre of the text "Karamergen" is defined as a fantasy tale. This tale consists of two plots. The first plot tells the story of the main character Karamergen, who, while hunting, encounters a zheztyrnak (woman with the copper claw) at night and escapes from it safely. The second plot is about how he meets a beautiful girl from the land of nomadic fairies, falls in love with her, and is happy, but then falls asleep and loses her, unable to fulfill the condition she set.

Accounts of hunters and marksmen frequently appear in the myths and heroic narratives of Kazakh folklore (Alpysbaev, 1988: 188-194; 214-216), (Alpysbaev, 1989: 49-54; 160-164; 213-214). Fairy tales about the zheztyrnak are widespread among hunters. Although it appears as a beautiful, graceful woman, its sharp talons like those of an eagle are strong enough to tear logs into pieces. The stories about the zheztyrnak are similar: she usually comes to the hearth of a hunter or traveler who is cooking meat on a fire and eats the meat together with him. The hero, who grows suspicious of her, places a log or a scroll in his bed to fake his presence, while he hides outside to observe her true nature. In the middle of the night, a hunter shoots and kills a zheztyrnak as she digs her claws into a log (Alpysbaev, 1988: 22-23). The existence of the zheztyrnak as a being from another world beyond the human realm is discussed in articles devoted to fairy tales (8, 2014: 61). V.Ya. Propp connects the plots of fantasy fairy tales with ritualistic elements (Propp, 2000: 10).

In this tale, one can clearly recognize an initiation ritual related to hunters. The exposition of "Karamergen" portrays the everyday life of a real hunter. The plot begins with the main character entering the territory of the zheztyrnak. According to the initiation, Karamergen must prove himself as a true hunter by conquering the territory belonging to the zheztyrnak. Using a new hunting tool (gun) the protagonist demonstrates humanity's superiority over nature. This plot synthesizes the initiation ritual with the relationship between man and the divine (Zheztyrnak). Therefore, the core of this tale is a mythical narrative. The subsequent plot focuses on the actions related to the hunter's status within society. The hunter is expected to attain divine status through his victory over the zheztyrnak (former god whose status has diminished). However, Karamergen fails to achieve this status and does not pass the test set by the fairies. This plot highlights humanity's superiority over nature-associated gods due to technology, while simultaneously revealing man's low standing in the spiritual

realm. In the fairy tale, fairies represent not only beings from the spiritual world but also embody elements of new religion and ideology. Among Turkic peoples, fairies are often depicted as beautiful maidens and are frequently symbols of extraordinary beauty. The narratives emphasize their captivating appearance (Auyesbayeva, 2007: 221–227). With their enchanting beauty, fairies cause humans to fall in love with them and live together as spouses for a certain period. Occasionally, fairies choose special individuals and form unions with them. The children born from these unions are notable and exceptional, for example, Edige and Genghis Khan. Fairies can live among humans, but they often long to return to their own realm. Although the fairy agrees to become his wife, she sets a condition that he must never forget that humans and fairies belong to two different worlds. The origins of stories with this theme begin in myth and continue into fairy tales (Kerim, 2015: 26). More detailed information about the hikaya genre in general, as well as about the zheztyrnak and the fairy – two of its main characters – can be found in the article "Turkic 'hikaya' genre and its characters" (Akhmetbekova, 2018: 87-106).

As for the text of the fairy tale itself, we can observe that there are no significant changes in the content between the two versions. However, the text published in 1988 shows lexical and stylistic differences when compared to the original 1901 version. In particular, the later version has undergone noticeable literary editing. While such editing is often necessary to correct the text and make it accessible to modern readers, it should not compromise the original style of the fairy tale or the distinctive features of colloquial speech. The editorial changes made to the fairy tale under analysis have disrupted its traditional style by replacing colloquial language with more formal literary language. Let us now demonstrate this with a specific example. First, consider the sentences in both versions of the text. In the 1988 version, several changes were introduced to the original sentences. However, the compilers could have preserved the original phrasing, as it was already written in language understandable to readers. In the second text, the fairy tale's oral style characteristic of oral literature and folklore has been modified to resemble written literary language as closely as possible.

There is another important point to note here. At the beginning of the first published version of the tale in 1901, there is a phrase that includes the ancient Kazakh expression *qulan atyp sauyrysynyn (shooting kulans for their rumps)*. The word "sauyrsyn" refers to "the upper part of an animal's back, from the ridge to the withers" (Janabekova, 2011: 37). This phrase is entirely absent from the 1988 edition of the tale and deliberately removed. The compilers of the book likely considered it an obscure and unnecessary word for contemporary readers. One of the subsequent sentences reads: "Mergen köp añ atyp, müyiz, terilerin *symbaldap* qatyryp jattı (The hunter shot many animals, and *bundled* and preserved their horns and skins)". In the second text, the phrase "Mergen köp añ atyp, müyiz, terilerin *tuzdap*, qatyryp jattı (The hunter shot many animals, *salted* and preserved their horns and skins)" replaces the word *symbaldap (bundled)* with *tuzdap (salted)*. According to the Dictionary of the Kazakh Literary Language (Janabekova, 2011: 502), *symbalda* means *"to tie tightly"* or *"to bundle"*. The ancient word originally used by the

storyteller from that region was altered by the compilers of the collection, who replaced its meaning with a different term. Now let us examine the following sentences from the tale. In the sixth sentence of the 1901 original version, it reads: *"Neshe kün jol jürip, bir ülken tauğa kelipti... (After traveling for many days, he came to a large mountain...)"*, whereas this sentence is completely absent in the second text. In the seventh sentence, the original states: "*He led his horse along a ravine on foot*, endured much hardship, and climbed to the top of the mountain" but in the second text, it is shortened to: "With much hardship, he climbed to the top of the mountain". The ninth sentence reads: "The hunter, rejoicing, came to the spring and built a house of stone, *made a roof like a camping tent*, covered it with many *thick* sticks, and covered the *roof of the house* with animal skins". In the second text, this sentence is shortened to: "The hunter, rejoicing, came to the spring and built a house of stone, covered it with many *small* sticks and animal skins". The tenth sentence in the 1988 version – "*Jeti, segiz künde boldyırğan atı semirip, qur at bolıpty (The horse that had tired him out over seven or eight days became a well-fed, strong horse)*" – is completely absent from the original 1901 publication. The eleventh and twelfth sentences of the first text read: "Since Mergen was born, he had never seen such a *variety of grass growing together*. And it was a beautiful *blooming steppe* with so many different trees, so many different *red and green flowers*, where nightingales sang, and where *the scent of cloves was fragrant*". In the second text, this is changed to: "Since Karamergen was born, he had never seen such a variety of fruits growing. It was a beautiful *meadow* with so many different trees, where nightingales sang".

In the eighteenth sentence of the first text, it is written as: "The hunter lowered his bucket and ate the meat, and *neither the sniper nor the woman took their eyes off each other*," while in the second text, this sentence is omitted: "The hunter lowered his bucket and ate the meat, *the woman did not take out the two eyes from the hunter*". In the twenty-fourth sentence, the first text states: "The hunter thought, '*There she comes, what should I do?*' and when he looked he saw the woman walking slowly," whereas in the second text, it is shortened to: "When he looked back, the woman was walking slowly". In the twenty-fifth sentence of the first text, it is written as: "*Praying to God*, the hunter fired his rifle," while in the second text, it appears as: "*Having learned that she was a monster*, the sniper fired his rifle". There is one important point worth noting here: the word "monster" in this sentence is not meant to be taken literally. In this context, the hunter perceives the woman in the blue dress, who appears at night, as a malevolent and dangerous force – one that threatens humanity. Thus, he refers to her as a "monster". The features and behaviors associated with such monstrous figures are remarkably similar across many cultures, including those found in Turkic folklore. The collector N. N. Pantusov, who recorded this tale from oral tradition and translated it into Russian, seems to have misunderstood the character's appearance and actions, rendering the term as "Baba Yaga". However, in the original tale, the woman is described as follows: "The palms of her two hands are made of steel, like knife blades. The tips of her fingers are sharp as spears – they can pierce stone" (Pantusov, 2022: 107). It is known that one of the fairy-tale characters of Kazakh tales and stories is Zheztyrnak.

In addition, the sentence in the first text, "*The garment with which he covered himself was torn and full of holes*," is completely absent from the second text. While the sentence in the original first text is given as "The snake had a *steel head, its neck was cut off*," in the second version it is changed to "It was a snake with *its head cut off*". In the 1901 tale, the sentence reads: "A scarf *made* of fine white silk, *adorned with various gold ornaments*, came and hung before him", while the 1988 version shortens it to "A scarf *made* of fine white silk came and hung before him". In the thirty-first sentence of the first version of the text, it reads, "The girl said, 'We are nomadic *fairies*,'" while in the second version it changes to, "The girl said, 'We are from a nomadic *country*'". In the first version, the sentence reads, "*When he woke up with a start… he saw that all the treasure was gone*," whereas in the second version it changes to, "There was no girl, *no house, nothing near him*". Additionally, the sentence in the first version, "*He cried, saying, 'If you put wheat on the hem of one who has no luck, his hem will come off and spill the wheat*,'" is completely removed in the second version. The sentence "*Someone, crying, cried out 'Karamergen'*" in the 1988 version of the tale was shortened to "*He cried out 'Karamergen!'*" in the first version. While the 1901 version says, *"Worried, he asked: 'From which side will she come?'*", in the 1988 version, it was changed to *"From which side will the voice come?"*. In our opinion, some sentences in the original were revised in the 1988 version of the tale to make them more understandable to the reader. The sentence "*Oh, you unfortunate one, do not cry anymore, may your eyes go blind!"* in the original version is completely absent in the second version of the tale and was removed.

So, regarding the sentences we compared and analyzed above, the characteristics of pure colloquial speech in the first version were removed, and the second text was changed to adopt the character of literary language. At the same time, the compilers of the collection removed some words and phrases from the original and replaced them with new ones. In other words, the compilers made corrections and edits at their discretion. As a result, some sentences in the second version of the tale became more literary and lost the distinctive features of colloquial speech. Therefore, the editing here is completely inappropriate. Another point to note is that if the collection is intended for researchers or reporters, it will be necessary to preserve the phonetic features inherent in the text of the storyteller or the collector who recorded the tale. Folklorist S. Kaskabassov argues that, since the compilers of fairy tale collections often rely on their own experience when editing the text, the storyteller's style and the spoken language of the people are not fully preserved, their features are lost, or dialectal characteristics are erased. If some sentences in the text are too long or rambling, they may be divided into shorter sentences; however, one word cannot be replaced by another word or sentence (Azibaeva, 1983: 23). This clearly demonstrates the importance of textological research when working with the original text of a fairy tale.

5. Conclusion

The discovery and collection of materials related to the rich heritage of Kazakh folk literature, as well as the literary, historical, and ethnographic traditions preserved in the private archives of Russian orientalists and Turkologists, the study and analysis of

manuscripts, and the preparation of scholarly collections have become some of the most pressing issues today. In this article, we examined one Kazakh fairy tale as a representative example of research into the rich and abundant legacy of Kazakh folklore prior to the October Revolution and presented our own conclusions based on this analysis.

We believe that such research should become a key trend in the future. Unfortunately, works and information on Kazakh oral literature and folklore have been published at different times and in various journals and collections; however, a complete and comprehensive source database or unified collection has not yet been created. The materials remain scattered across the collections of central and regional archives, museums, research institutions, and libraries. Not all archives containing pre-Soviet documents are accessible; in particular, access to certain collections within the National Archives of the Republic of Uzbekistan is restricted.

In conclusion, in our article, we focused on the first version of the Kazakh fairy tale "Karamergen", collected orally by the Russian Turkologist N. N. Pantusov and first published in 1901, which has since been preserved in the fund of rare publications. We compared it with the version published in 1988 during the Soviet period and, through textual analysis, observed that the text had undergone several changes. In particular, the fairy tale's text had been edited to correct punctuation and spelling errors. The correct pronunciation of Arabic, Persian, and ancient Turkic words in the text was carefully preserved. The word usage characteristic of the storyteller's oral speech, features of oral narration, and instances where ancient words in the tale's text were replaced during the local storyteller's narration were identified. In other words, correctly used words, phrases, and sentences were restored to preserve the authenticity of the original oral tradition.

References:

1. Abjet B.S. (2021). The scientific importance of listing and publishing Kazakh fairy tales preserved in manuscript collections / *Bulletin of Yasawi University.* № 3(121) – p.7-15. https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.729 (in Eng)

2. Akhmetbekova A. et al. (2018). Turkic «hikaya» genre and its characters. *Opcion,* ISSN 0373-658X, Volume № 34, Issue № 85. – p 87-106. (in Eng)

3. Auyesbayeva P. (2007). On Certain Regularities Characteristic of Fairy Tale Poetics / *Bulletin of Karagandy University. Philology series.* № 3 (47). – p 58-64. (In Kaz)

4. Auyesbayeva P.T., Albekov T.K., Alpysbayeva K.B. (2020). Words of ancestors – masterpieces of Kazakh word art / *Keruen* № 1(66). – p.1-12. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.1-03 (in Eng)

5. Azibaeva B. (1983). Textological Study of Kazakh Folklore and Literary Works / (Responsible editor). Almaty: Gylym. – p 264. (In Kaz)

6. Dictionary of the Kazakh Literary Language (2011). Volume 13. S–T / Janabekova A. (Responsible editor). Almaty: Dauir. – p 752. (In Kaz)

7. Kazakh folklore and literature in the collections of Russian Orientalists-turkologists until the early 20th century. Narrative sources (2022). Almaty: Silver Press. – 744 p. (in Russian)

8. Kazakh Folk Literature: Multi-volume Edition. Fairy Tales. Magical and Fantastic Tales (1988). Volume 3 / Alpysbaev T. (Responsible editor). Almaty: Jazushy. – 320 p. (In Kaz)

9. Kazakh Folk Literature: Multi-volume Edition. Fairy Tales. Heroic fairy tales (1989). Volume 3 / Alpysbaev T. (Responsible editor). Almaty: Jazushy. – 304 p. (In Kaz)

10. Kerim Sh. (2015). Tales about Fairies / *Academician Kaskabasov and Kazakh Folkloristics.* Almaty: Adebiet jane oner институты. – p 384. (In Kaz)

11. Propp V.Ya. (2000). Historical roots of the fairy tale. Scientific edition, textual commentary by I.V. Peshkov. – Moscow: Labyrinth Publishing House. – p 336. (in Russ)

12. Radlov V.V. (1993). *Golden Casket.* Compiled, with foreword and commentary by S. Kaskabasov and K. Islamzhanuly. – Almaty: Ana tili. – 255 p. (In Kaz)

13. Tales of the Turkic Peoples (2014). Sh. Ibraev, A. Ahmetbekova, P. Auyesbayeva. Almaty: IP «Sagauitdinova». – p 415. (In Kaz)

14. Words of the Ancestors: 100-Volume Edition. Magical and Fantastic Tales (2011). Volume 74 / Toishanuly A. (Responsible editor). Astana: «Foliant». – p 432. (In Kaz)

Әдебиеттер:

1. Ахметбекова А. және т.б. Түркі «хикая» жанры және оның кейіпкерлері // *Opcion.* – 2018. – №34, №85. – Б. 87–106. http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85050934875&partnerID=MN8TOARS

2. Әбжет Б.С. Қолжазба қорларында сақталған қазақ ертегілерін тізімге алу, жариялаудың ғылыми маңыздылығы // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2021. – №3(121). – Б. 7–15. https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.729

3. Әзібаева Б. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі / жауапты шығарушы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 264 б.

4. Ауесбаева П. Ертегі поэтикасына тән кейбір заңдылықтар жөнінде // *Қарағанды университетінің хабаршысы.* Филология сериясы. – 2007. – №3(47). – Б. 58–64.

5. Ауесбаева П.Т., Әлбеков Т.К., Алпысбаева Қ.Б. Бабалар сөзі – қазақ сөз өнерінің жауһарлары // *Керуен.* – 2020. – №1(66). – Б. 1–12. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.1-03

6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Қиял-ғажайып ертегілер. 74-том / жауапты шығарушы А. Тойшанұлы. – Астана: Фолиант, 2011. – 432 б.

7. Казахский фольклор и литература в собраниях русских востоковедов-тюркологов до начала XX века. Нарративные источники / құраст. П. Ауесбаева және т.б. – Алматы: Silver Press, 2022. – 744 б.

8. Керім Ш. Перілер туралы хикаялар // *Академик Қасқабасов және қазақ фольклористикасы.* – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2015. – 384 б.

9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 13-том: С–Т / жауапты шығарушы А. Жаңабекова. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.

10. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Ертегілер. Қиял-ғажайып ертегілер. 3-том / жауапты шығарушы Т. Алпысбаев. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.

11. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Ертегілер. Батырлық ертегілер. 4-том / жауапты шығарушы Т. Алпысбаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б.

12. Пропп В.Я. Сиқырлы ертегінің тарихи түбірлері / ғылыми редакциясын және текстологиялық түсіндірмесін И.В. Пешков әзірлеген. – Мәскеу: Лабиринт, 2000. – 336 б.

13. Радлов В.В. Алтын сандық / құраст. С. Қасқабасов, К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 255 б.

14. Түркі халықтарының хикаялары. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2014. – 415 б.

ҒТАМР 17.71.91 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-11

Н.Набиолла[1]*, З.Н. Сейітжанов[2]
[1]М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
[1,2]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]nasihat_83@mail.ru, [2]asegizbayeva_84@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-9832-8028, [2]0000-0002-9834-5503

ҚАЗАҚ ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАР МЕН ПРОЗАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ЖАЛМАУЫЗ КЕМПІР, МЫСТАН КЕМПІР ОБРАЗДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ фольклорының эпикалық жырлар мен прозалық фольклорындағы демонологиялық кейіпкерлердің ішіндегі жалмауыз кемпір мен мыстан кемпір образдары кездесетін көне, классикалық, тарихи эпостар мен ертегілік проза мәтіндері талдауға өзек болды. Атап айтқанда «Құламерген, Жоямерген», «Мұңлық-Зарлық», «Дотан батыр», «Алпамыс» «Орақ батыр» жырлары мен «Ер Төстік», «Құланайжарқын», «Ханшентей», «Еркемайдар», «Алтын сақа», т.б. ертегілер мәтінінде кездесетін жалмауыз бен мыстан образына талдау жүргізілді. Жалмауыз кемпір мен мыстан кемпір образдарының шығуы негізіне, олардың бір-бірімен ұқсастығы мен айырмашылығы сараланып, ғылыми тұжырым жасалды. Бұған дейінгі отандық және шетелдік фольклортанушы ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, эпикалық жырлар мен ертегі мәтіні негізінде нақтылы мысалдар келтіріп, теориялық еңбектер негізінде, ғылыми сараптаулар жасалды. Жалмауыз бен мыстан кемпір образының бір уақытта пайда болмағанын, жалмауыз кемпір образының шығу төркіні арыда, ал мыстан кемпір образының пайда болуы онан кейінгі кезеңнің нәтижесі екені айқын көрсетілді. Жалмауыз образының түркі халықтарымен қатар, Алтай тілді басқа халықтардың да фольклорында кезесетіні туралы ғалымдардың зерттеуі назарға алынды. Осы негізде демонологиялық кейіпкерлер жүйесіндегі жалмауыз бен мыстан образы қазақ фольклорында да молынан ұшырасатыны мысалдар негізінде дәлелді көрсетілді.

Алғыс. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2026 жж. «Қазақстан әдебиеттану, фольклортану және өнертануы экожүйесінің цифлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» (BR27101897) ғылыми зерттеу жобасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: фольклор, жалмауыз, мыстан, эпос, ертегі, мәтін, жанр.

N. Nabiolla[1]*, Z.N. Seyitzhanov[2]
[1]M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
[1,2]al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]nasihat_83@mail.ru, [2]asegizbayeva_84@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-9832-8028, [2]0000-0002-9834-5503

IMAGES OF ZHALMAUYZ-KEMPIR AND MYSTAN-KEMPIR IN KAZAKH EPIC POEMS AND PROSE FOLKLORE

Abstract. This article presents a comprehensive analysis of the demonological characters Zhalmauyz Kempir and Mystan Kempir in Kazakh folklore, particularly in epic poetry and prose fairy tales. The study draws on a wide range of classical, archaic, and historically significant texts such as Kulamergen, Zhoiamergen, Munlyk-Zarlyk, Dotan Batyr, Alpamys, and Orak Batyr, as well as folktales including Er Tostik, Kulanayzharkyn,

Khanshentei, Erkemaidar, Altyn Saka, and others. Through close textual analysis, the paper explores the mythological origins, narrative functions, and symbolic meanings of these figures, shedding light on their transformation across genres and historical periods. Special attention is given to the comparative characteristics of both characters, their typological roles within the demonological character system, and their function in initiating heroic trials and mediating between the mundane and supernatural realms. Drawing on a broad body of scholarship from both Kazakhstani and international folklorists, the article incorporates interdisciplinary perspectives from mythology, literary theory, and cultural anthropology. The research demonstrates that Zhalmauyz Kempir represents a more ancient and pan-Altaic archetype, often associated with primordial fears and chthonic forces, whereas Mystan Kempir emerges in later folklore as a distinctly magical and socially disruptive figure. Ultimately, the study affirms the enduring presence and complexity of such demonological characters within the narrative ecology of Kazakh oral tradition, highlighting their cultural, psychological, and literary significance.

Acknowledgment. This article was published with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, within the framework of the scientific project "Digital Transformation of the Ecosystem of Kazakh Literary Studies, Folklore, and Art Studies: Interdisciplinary Research" (BR27101897), for 2025–2026.

Keywords: folklore, zhalmauyz, mystan, epic, fairy tale, text, genre.

Н.Набиолла[1]*, З.Н. Сейтжанов[2]

[1]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]nasihat_83@mail.ru, [2]asegizbayeva_84@mail.ru

ORCID: [1]0000-0001-9832-8028, [2]0000-0002-9834-5503

ОБРАЗЫ ЖАЛМАУЫЗ-КЕМПИР И МЫСТАН-КЕМПИР В КАЗАХСКИХ ЭПОСАХ И ПРОЗАИЧЕСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ

Аннотация. Статья посвящена исследованию демонологических персонажей казахского фольклора, в частности образов Жалмауыз-кемпир и Мыстан-кемпир, функционирующих в эпических поэмах и прозаических сказках. В качестве материала анализа привлекаются тексты древних, классических и исторических эпосов («Куламерген, Жоямерген», «Мунлык-Зарлык», «Дотан батыр», «Алпамыс», «Орак батыр»), а также сказочные нарративы («Ер Тостик», «Куланайжаркин», «Ханшентей», «Еркемайдар», «Алтын сака» и др.). Особое внимание уделяется генезису указанных образов, их структурным и семантическим особенностям, а также типологическим сходствам и различиям. На основе сравнительного анализа эпических и сказочных текстов, а также с опорой на труды отечественных и зарубежных фольклористов формулируются выводы о том, что данные персонажи возникли не одновременно: образ Жалмауыз-кемпир имеет более архаичные истоки и восходит к общетюркской и в целом алтайской мифологической традиции, тогда как образ Мыстан-кемпир является результатом более поздних культурных трансформаций. Таким образом, демонологические персонажи женского типа в лице Жалмауыз-кемпир и Мыстан-кемпир занимают значимое место в системе образов казахского фольклора, отражая представления традиционного общества о хаотическом и враждебном человеку начале.

Благодарность. Статья подготовлена при финансовой поддержке Научного комитета Министерства науки и высшего образования РК в рамках научного проекта «Цифровая трансформация экосистемы казахстанского литературоведения, фольклористики и искусствоведения: междисциплинарные исследования» (BR27101897) на 2025–2026 гг.

***Ключевые слова*:** фольклор, Жалмауыз-кемпир, Мыстан-кемпир, эпос, сказка, текст, жанр.

1. Кіріспе

Фольклор – халықтың рухани байлығының бастауы. Сан ғасырды көктей өтіп бізге жеткен құндылықтың бірі. Ол ерте туып, ауызша тараған рухани байлық. Тіпті әлем халықтарының мәдениеті мен әдебиеті фольклордан тамыр тартады десек те болады. Фольклор көне мәдениет және бабадан қалған құнарлы мұра.

Халқымыздың өмір тұрмысы талай заманды басынан өткеріп түрлі қоғамдық формацияларға орай өзгерістерге ұшырап отырды. Фольклор халқымыздың ұзақ өмір жолында сүтпен сіңіп, сүйекке біткен және ол халық болмысы, тұрмыс-тіршілігінен шығып сөз өнері ретінде танылған. Сондықтан ол ежелгі дәуірдегі адамзат мәдениеті мен дүние танымын бойына жинақтаған көп қырлы функциялы, синкретті руханият болып есептеледі.

Халық өзінің арман-идеялын жырлайды. Осыған орай халықтың үміт-аңсары (фольклордың түрлі жанрларында) өз кезіндегі мінез-құлық, іс-әрекеттерді қамтыған кейіпкерлер тұлғасын тудырады. Әрі оқиға осы кейіпкерлердің төңірегінде өрбиді. Осы ретте образдар жеке-жеке, жалаң көрінбейді. Бір-бірімен байланыста болады. Ондағы кейіпкерлер басты қаһарман мен оның серіктері және дұшпандары болып бөлінеді.

Фольклорлық бейнелердің ішінде мифологиялық кейіпкерлердің алатын орны ерекше. Түрлі жанрлардағы (ертегі мен эпикалық жырлар, миф, хикаялар) басты қаһармандарды анықтай отырып, оларды төмендегіше жіктеген: «Тотемдік кейіпкерлер, шамандық кейіпкерлер, демонологиялық кейіпкерлер, ілкі қаһармандар, трансформацияланған мифтік кейіпкерлер» (Қазақтың мифтік кейіпкерлері, 2016: 61).

Осы топтардың ішінде демонологиялық кейіпкерлердің өзі бір топ құрайды. Олар: Албасты, жезтырнақ, жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, пері, жын, шайтан, дию. Бұл кейіпкерлердің кейбірі эпикалық жырлар мен аңыздық проза жанрларында (ертегілік проза мен ертегіден тыс проза) жиі ұшырайды. Атқаратын функциялары да түрлі болып келеді. Жалмауыз бен мыстан образы түркі тектес халықтардың біразында сақталған. Мәселен көршілес қырғыз халқының «Эртөштүк» пен «Жоодабершим» жырларындағы жалмауыз кемпір образын зерттеген ғалым зерттеулері соның дәлелі (Алимова, 2015: 7-14). Жалмауыз кемпір туралы мотивтер түркі-монғол халықтарының біразында бар. Атап айтқанда монғол, бурият, салар, сары үйғыр, үйғыр, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, ноғай халықтарының эпикалық жырлары мен эпостық мұраларында жиі ұшырасады. Біз бұл мақалада қазақ халқының эпостық мұралары мен ертегілерінде кездесетін кейіпкерлердің екеуіне (жалмауыз бен мыстан) тоқталуды мақсат еттік.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада негізінен эпикалық жырлар мен ертегілік прозаның кейбір түрлерінде кездесетін демонологиялық кейіпкерлер қатарына жататын жалмауыз кемпір мен мыстан кемпірдің образына тоқталдық. Атап айтқанда көне эпостардан «Құламерген,

Жоямерген», «Мұңлық-Зарлық», «Дотан батыр», классикалық, қаһармандық эпостан «Алпамыс батыр», ал ертегілерден «Ер Төстік», «Ханшентей», «Еркемайдар», «Алтын сақа», «Құланайжарқын», т.б. қатарлы ертегі мәтіндерінде кездесетін жалмауыз кемпір мен мыстан кемпір образдарына талдау жасадық.

Мақалада түркі халықтарының жалмауыз бен мыстан кемпірді зерттеген зерттеу еңбектеріне де мән берілді. Зерттеуге өзек болған образдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына назар аударылды. Жалмауыз кемпір мен оның аналогтары (Абыахы, Алып кемпір, Кан-Демчи) түркі-алтай халықтарының барлығында да хаостың, жамандықтың, тоскауылдың бейнесі. Жалпы, бұл образдар арқылы фольклор халықтың дүниетанымын, өмірлік философиясын, әйелге деген әлеуметтік көзқарасын, табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді. Сондықтан бұл кейіпкерді зерттеу тек әдеби аспектіде емес, мәдени-антропологиялық тұрғыда да маңызды. Сонымен ертегілер мен эпостарда кездесетін екі кейіпкер образына типологиялық тұрғыдан салыстырмалы талдау әдісі жүргізілді.

2.2 Материалдарға сипаттама

Бұған дейін қазақ фольклортануында жалмауыз кемпір мен мыстан кемпір образына байланысты зерттеу еңбектерден С.Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» еңбегіне (Қасқабасов, 1984), Р. Бердібаевтың «Қазақ эпосы» (Бердібаев, 1982), Б.Әзібаеваның «Қазақ эпосының сюжеттері» (Әзібаева, 2014), А. Тойшанұлының «Түркі-монгол мифтері» (Тойшанұлы, 2010), Г.Сағынадиннің «Түркі халықтары фольклорындағы аңыздық проза» (Сағынадин, 2018), С.Қондыбаевтың «Қазақ мифологиясына кіріспе» (Қондыбаев, 1999), Алимжан Инаяттың «Жалмауыз» (Инаят, 2010), «Бабалар сөзі» жүз томдығының мифтерге арналға 78 томы (Бабалар сөзі: Т.78., 2011), «Түркі халықтары фольклорындағы жалмауыз кемпір бейнесі» (Character of Zhalmauyz in the folklore of Turkic peoples) (Auesbaeva and others, 2016: 836-839) қатарлы ғалымдардың монографиялық зерттеулері мен ғылыми мақалалардағы мифологиялық кейіпкерлер жүйесіне шолу жасалды. Сондай-ақ осы зерттеулердегі кейбір ғылыми ой-тұжырымдар мақалада басшылыққа алынды. Халық прозасы мен эпикалық жырларды қарастырған ғалымдардың еңбектері негізінде ертегі мен эпоста кездесетін жалмауыз кемпір мен мыстан кемпір образдарына мән беріліп, мақалаға ғылыми дәйек ретінде пайдаланылды. Жалмауыз кемпір мен мыстан кемпір образдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарына, жалмауыз бейнесінің тым арыда болса, ал мыстан кемпір образының кейін келе пайда болу ерекшеліктеріне назар аударылды.

3. Талқылау

Көне эпостардағы жалмауыз, мыстан кемпірлер басты кейіпкерлерге қарсы әрекет етеді. Олар өздерінің мақсаттарына түрлі амал-айла арқылы жетіп отырады. Демонологиялық кейіпкерлер тобына жататын образдың бірі – жалмауыз кемпір. «Дүниенің жамандықпен түбін тескен» үш жүз жасқа келген жалмауыз кемпірді былай сипаттайды:

Бір денеде малғұнның,
Жеті басын көріңдер.
Әр басында кемпірдің,
Жүз кісінің күші бар, –

деп сипаттайды «Құламерген, Жоямерген» жырында (Қазақтың көне эпосы, 2008: 216). Жалмауыз кемпір жамандықты ойлайтын нағыз тажал. Жеті басты жалмауыздың әр басында жүз кісінің күші болса, оны жеңу де оңай емес. Осы жалмауыз кемпір Құламергеннің әйелі Күләйімді азғырып, оның отбасын ойран етеді. Ол Құламергеннің әйелі Күләйімға былай дейді:

Бұлғар деген шаһарда,
Қасым атты патша бар...
Қырық уәзір қаста бар,
Алтын айдар баста бар.
Жеткізе алман ауызбен,
Есебі жоқ дүние-мал – дейді (Қазақтың көне эпосы, 2008: 204).

Ақылсыз әйел жалмауыз кемпірдің сөзіне ілесіп, отбасын тастап кетеді. Осыдан кейін жалмауыз кемпір «қаныңды, Құламерген ішермін деп» оның соңына түседі. Ең соңында Құламергеннің баласы Жоямерген анасының ақылымен маңдайындағы жалғыз көзінен атып өлтіреді.

Ал «Дотан батыр» эпосынан да осындай әрекетті көреміз. Адам иісін сезген жалмауыз ұйықтап жатқан балалардың қасына келеді. Дотаннан басқасының бәрін жұтып қояды. Тек Дотан ғана аман қалады. Дотанды тайымен бір жұтып, қайта құсады. Оны жалмауыз кемпір сөзбен алдап, төменшіктеп сөйлейді.

Шырағым сөз айтайын саған, – дейді,
Қызмет қып бересің бе маған, – дейді.
Жолдасыңның бәрін де мен тастайын,
Қызмет қылсаң болайын анаң, – дейді.

Оның келісімін алған соң, күш көрсетеді. Батыс жақта Шынтемір деген адамның Күнікей деген қызын балама әкеп берсең құтыласың, егер әкеп бермесең қайта жұтып қоямын дейді. Жалмауыз кемпір жеті жылдық ұзақ жолға Дотанды жұмсайды. Айлакер жалмауыз кемпірден сескенбеу мүмкін емес, оның қатігез, қулық-сұмдық әрекеттері мен ерен күш-қайратынан қорқады. Қазақ фольклорындағы жалмауыз кемпір бейнесі – мифтік-ертегілік кеңістіктегі қорқыныш пен зұлымдықтың бейнесі. Бұл образ тек қазақ емес, жалпы түркі және байырғы Алтай халықтарының ертегілік мұраларында кең тараған.

«Алпамыс батыр» эпосында мыстан кемпір түрлі амал-айласымен Алпамысты қолға түсіреді. Адамға қастандық жасайды. Оның сыртқы бейнесінің өзі сондай жексұрын. Жырда «сол кезде жасы үш жүзге жеткен, ыстық ішкен, суық тышқан, көрінгенмен ұрысқан қабағы қатып тырысқан, дамбалы бұтына қатқан, өзін туғаннан құдай атқан, бір кез ширек бұты бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз, көті киіз бір мыстан кемпір

келеді» (Ақсауыт, Т.1., 1977: 200). Біздегі Алпамыс батыр жырындағы мыстанның түркі халықтары нұсқасындағы образы түрліше аталатыны да белгілі болып отыр (Елесбай, 2024: 159).

Ал «Ер Төстік» ертегісінде «тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, шашы жалпылдап, көзі жарқылдап, тістері сартылдап, қатты сасып, етегін басып төстікті қуа жөнеледі», – дейді (Ертегілер, Т.1., 1989: 14). Осы мысалдарда жалмауыздың кейіпкеспірлері құбыжықты еске түсіреді.

Ертегілер мен эпостарда жеті басты айдаһар мен жеті басты жалмауыз образы кейде қатар ұшырасады. Айдаһар образы арнайы қарастырылғандықтан оған тоқталмаймыз (Aimukhambet and others, 2022: 192-204). Жалмауыз – ертегілерде жиі кездесетін негізгі бейненің бірі. «Аюдәу» ертегісінде баланың көзін құртуды ойлаған патша оны барса келмес, қиын жолға жұмсайды. «Айдан ай өтіп, күндерден күн өткенде жалмауызға жетеді. Айдалада қырық құлақты бір қазанда май қайнатып жатады. Қасында аузында тісі жоқ, құйрығында қыртысы жоқ бір жалмауыз адамдарды қат-қабат көгендеп қойып, жаңағы қайнап жатқан майға бір-бірден таңдап әкеліп түсіріп, сүзіп алып жаңадан тамақтанайын деп алдына алып отырған үстіне кез болады» (Ертегілер, Т.1., 1989: 92). Бұған қарағанда жалмауыз адамды жейді, адаммен қоректенеді. «Жалмауыз кемпір – қазақ ертегілерінде жағымсыз бейне. Ол кейде жеті басты, қан соратын қорқынышты кейіпкер ретінде суреттеледі» (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, Т.3., 2001: 496).

«Құламерген, Жоямерген» жырында Құламерген қанша мықты болғанымен жалмауыз кемпірден қорқады. Өйткені оның жеті басы бар. Әр басында жүз кісінің күші болғандықтан Құламерген одан жасырынып, қашады. Жалмауыз нағыз жауыздықтың иесі.

Осы көне эпостардағы жалмауыз, мыстан кемпір қайдан шыққан? Оқымыстылардың айтуына қарағанда матриархат кезінде билік жүргізген ақылды әйел бейнелерінің өзгерген түрі деп түсінік береді. «Мыстандардың хандарға, әкімдерге «ақыл тауып» беруші, дұшпанның сырын танығыш, құпиясын көргіш болып есептелуі бір кездегі әйел қауымы үстемдігінің, қарт аналардың культке айналуының, олардың дүниеде білмейтін нәрсесінің жоқ деп саналуының жаңғырығы екені табиғи. Сондықтан да бұл мыстан кемпірлерге «даналығы» патриархат (атаеркі) дәуіріне аяқ басарда жақсылыққа кедергі, мейлінше жексұрын күш болып мінезделеді», – деп жазады (Бердібай, 1982: 70).

Жеті басты жалмауызды екінің бірі жеңе алмайды. Өйткені оның әр басын шауып құртпаса, ешкімге дес бермейтін қабағат күш иесі. Мәселен «Еркемайдар» ертегісінде жас батыр Еркемайдар ауырған қарындасына жеті басты жалмауыздың қанын іздеп шығады. «Ол жеті басты жалмауызға барады. Ұйықтап жатқан жалмауыздың қылышпен бір басын алады, алты басымен ақырып түрегеледі. Алты басымен алты күн, алты түн алысады. Ой жерді дөң қылады, дөң жерді ой қылады. Алты күнде, алты түнде алты басын алады. Сол жерде өлтіреді. Қолқа жүрегін кесіп алады», – деп суреттейді (Ертегілер. Т.4., 1989: 85). Бұл ертегіде бір басы шабылған жалмауыз жас

батырмен алты күн, алты түн алысады деп әсірелеп суреттейді. Кейбір ертегілерде жалмауыз – бейшара, әлсіз жан көрінгенімен, ол барлық нәрсенің құпиясын біледі. Қолынан келмейтін нәрсесі жоқ және оны өзіне бағындыра біледі. Сөйтіп жалмауыз кемпір бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі кейіпте бейнеленеді.

«Мұңлық-Зарлық» көне эпосында мыстан кемпір алпыс қатынның берген алтынына қызығып, Шаншар патшаның әйелі Ханшайымға қастандық жасайды. Бір ұл, бір қыз тапқан Ханшайымға екі баласының орнына, екі күшік салып, екі баланы көлге лақтырады. Алайда екі баланы (Мұңлық пен Зарлықты) Қазар дариясына тастамақ болып жағаға келгенде мыстан кемпір екіұдай ойға кетеді:

Тастайын деп бұл суға,
Сендерді көзім қимайды.
Тастамайын десем мен,
Алпыс «анаң» болмайды.
Қызығып кеттім ботам-ай,
Алпыс табақ «тіллаға»

деп алтынға қызыққан кемпір шырылдап жылаған балаларды аяуды білмейді. Бірден суға лақтырады. Бірақ Ғайып Ерен, Қырық Шілтен екі баланы суға түсірмей қағып алады.

Ал жалған-жаман хабарды патшаға мыстан өзі жеткізеді:

Аттың басын тарт балам,
Не деп отыр қарт анаң.
Қарт анаңның сөзіне
Құлағыңды сал балам.
Ғайып болсын сырласың,
Кепіл болып қыз берген
Жалғаншы екен Жәудір шал.
Бұл дүниеден оңбасын,
Оңбасын демей не дейін,
Ит баласын тапты ғой,
Ханшайым деген жолдасың.
Шал емес, сұңқар қияқсыз,
Ит баласын тапты ғой,
Ханшайымдай ұятсыз. (Қазақтың көне эпосы, 2008: 163).

Ханшайым мен оның әкесін кінәлап «жалғаншы екен Жәудір шал» десе, «ит баласын тапты ғой, Ханшайымдай ұятсыз» дейді. Зымияндықтан басқаны білмейтін мыстан өтірікті осылай қиыстырады. Мыстан кемпірдің білмейтін нәрсесі жоқ. Діл-даға толмаған көзқалтаның сырын «бір жақсылық көрмеген, тілеуін құдай бермеген» мыстан кемпір келіп топырақ салып толтырады. Жамандық пен зұлымдықты ғана білетін мыстан Шаншар ханды екі баласынан айырып, нағыз қаскөй ретінде көрінеді. Кейбір шығармаларда жалмауыз кемпір деп айтылса, ал кейбір шығармаларда мыстан кемпір деп айтылады. Бұған қарағанда жалмауыз кемпір әртүрлі тарихи даму жолдан

өткенін көрсетеді. «Біз мыстан мен жалмауыз кемпірді екі персонаж ретінде суреттеу керек деген ұғымға келдік. Мыстан адам сипатты, айла-амалы, қулық-сұмдығы мол кейіпкер болса, жалмауыз – құбыжық сипатты, адамды қорек ететін, сиқырлы күш иесі. Біріншісінде пенделік, екіншісінде демондық қасиет басым», – деген ғалым пікірін қолдауға болады (Түркі халықтарының хикаялары, 2014: 89).

Фольклорлық туындыларда жеті басты жалмауыздың төмендегідей түрлері ұшырасады:

– Су астын мекендейтін жетпіс басты жалмауыз (діни дастандарда);

– Адам жейтін жалмауыз;

– Қарғысқа ұшыраған, адамнан құбыжыққа айналған жалмауыз;

– Кенже балаға қиын тапсырма беріп жұмсаушы айлакер жалмауыз (Түркі халықтарының хикаялары, 2014: 410).

4. Зерттеу нәтижесі

Бұған қарағанда жалмауыз кемпір адам кейпінен гөрі құбыжыққа көбірек ұқсас, шығарманың (ертек, эпостың) бас кейіпкеріне жамандық ғана ойлап, қастандық жасайтын, тойымы жоқ, аса жойқын күші бар демонологиялық кейіпкер. Ол адам жейді. Қазақ ертегілеріндегі жалмауыз кемпір зұлым күштің символы ретінде танылып, хаосты бейнелейді. Түркі және Сібір халықтарында бұл кейіпкер әртүрлі атаумен көрінеді: саха (якут) фольклорында – Абыахы, алтайда – Алып кемпір, тываларда – Кан-Демчи. Бұл кейіпкерлердің бәрі қараңғы, өліммен байланысты әлемнің өкілі. Олар жер асты, орман немесе құз сияқты кеңістікте өмір сүреді. Мұндай сипаттар шаманистік көзқараспен байланысты: әлемнің үш бөліктен тұруы (аспан-жер-жерасты) және олардың әрқайсысында өз рухтары болады.

«Алтын сақа», «Ханшентей», «Еркемайдар» ертегілерінде жалмауыз кемпір адам бейнесінде көрінеді. Айталық «Ханшентей» ертегісінде жалмауыз кемпірді жеті күн, жеті түн ұйықтайтын алып дәулер сияқты ерен ұйқының иесі етіп көрсетеді. Ал басқаларында алты, жеті басты құбыжық бейнеде көрінеді. Ал «Еркемайдар» ертегісінде батыр жалмауызды іздеп табады. Ұйықтап жатқанда бір басын алады. Қалған алты басымен атып түрегеледі. Әр басымен бір күн соғысып күніне бір басын кесіп алады. Сөйтіп әрең өлтіреді. Мұндағы жалмауыз кемпірдің күші басқалардан әлдеқайда күшті, оны жеңу оңайға түспейді. Жеті басты айдаһар секілді жалмауыз кемпірдің басты функциясы – ертегідегі қаһарманға тосқауыл қою, сынақ жүргізу. Ол – сиқыршы, кейде жыртқыш бейнесінде беріледі. Қазақ фольклорында ол жас батырға қарсы тұрып, оның батырлық қасиетін айқындайды. Тува және якут ертегілерінде де бұл кейіпкер батырдың сынағы ретінде кездеседі. Айырмашылығы – тываларда ол рух әлемінің қожайыны ретінде көрінеді және көбіне магиялық атрибуттармен әрекет етеді (мысалы, сиқырлы тарақ, сүйек немесе от).

Ал «Орақ батыр» жырында жалмауыз кемпір екі түрлі сипатта көрінеді. Бірі – адам жесе, бірі қарғысқа ұшыраған. Адамннан құбыжыққа айналып кеткен. Бас жағы – адам, бөксе жағы – ит кейпіндегі жалмауыз. Аққөбік және Қаракөбік атты жалмауыз кемпірлер Орақты өлтіреді. Ал «Алтын сақа» ертегісінде жалмауыз кемпір қолынан

түк келмейтін мүсәпір кейпінде көрінеді. Сақамды алып берші деген баланың сөзіне «тұрсам отыра алмаймын, отырсам тұра алмаймын» деп бейшара адам бола қалады. Өтірік мүләйімсиді. Сақаны іліп алып қашқан баланы қуып жете алмаған соң тістерін суырып алып қару ретінде лақтырады...бала биік ағаштың басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір бір тісін жұлып алып, күрек қылып ағашты қаза бастайды. Нәтижесінде дер кезінде келіп жеткен иттері кемпірді талап өлтіреді.

Жалмауыз кемпір құбылмалы сиқыры бар, қулығына құрық бойламайтын жалмауыз «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде сұлу, «Алтын сақа» ертегісінде су бетінде қалқып жүрген өкпе түрінде көрінеді. Енді бірде тісін жұлып алып қаруға айналдырады. Үнемі бас қаһарманға қастық ойлайды, ал кейде қолынан ештеңе келмейтін сорлы, мүсәпір қалпына түсе қалып алдап-арбайды. «Сырт қарағанда ол әлсіз, қаусаған кемпір секілді, ал шын мәнісінде ол табиғаттың небір жасырын сырларын білетін, оларды өзіне бағындырған өте күшті әмірші» (Қасқабасов, 2002: 266).

Кейбір ертегілерде жалмауыз кемпірдің қолынан бәрі келеді. «Ауру, жарымжан адамдарды емдейді. Өліні тірілтеді. Мысалы бірталай ертегілерде жалмауыз кемпір ақсақ, соқыр, қолы жоқ кейіпкерлерді жұтады да, оларды сап-сау қылып құсады («Жетібасты жалмауыз», «Үш ағайын», «Кедейдің үш баласы», «Құланайжарқын», т.б.). кейіпкерлерге ақыл-кеңес беріп отырады («Екі жетім», «Жүсіп мерген», т.б.)» деп жалмауыз кемпірдің бастапқы қызметі ертегілердегі алып қарақұстың қызметімен бірдей болған деген ой айтады. Ғалым «жалмауыз» атауы ерте кезде де жеке мифтік образ емес, қорқынышты, зұлым образдардың жалпылама атауы болған деп шамалауға болады» (Қондыбаев, 1999) деген пікір айтады.

Бұған дейінгі фольклорлық зерттеулерде ғалымдар ерте замандағы мифтік түсінік бойынша бас кейіпкерді жалмауыздың жұтуы – инициацияның символы деп көрсетеді. Өйткені бұл уақытша өлім арқылы жаңарып, өмірге қайта келу деп қарайды. Жалмауыз қанша мықты болғанымен адам жеңеді. Жалмауыз кемпір құбылып түрлі затқа айналып отырады. Бұл мифтік сананың көрінісі. Жалмауыз уақыт өткен сайын мифтік құдіреті азайып адам күшімен жеңетін образға айналған. Кейбір ертегі әу баста миф болуы мүмкін. Кейін келе ертегіге айнала бастаған. Сонымен қорыта айтқанда жалмауыз кемпір құбылушылық қасиеті бар, орасан күш иесі, адам етін жейді, айлалы, сиқырлы болғандықтан оны жеңу қиын. Жалмауыз кемпірдің сырты қандай ұсқынсыз, жексұрын болса, іс-әрекеті де бас кейіпкерге соншалық қарсы бағытталған. Сонымен жалмауыз кемпір демонологиялық қасиетін жоғалтып, біртіндеп залым мыстанға айнала бастаған.

Фольклорлық мұраларда (эпос пен ертегі) жиі кездесетін кейіпкерлердің бірі – мыстан кемпір. Жалмауы кемпір мен мыстан кемпірдің бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Мыстан орасан ғажайып күші жоқ, бірақ амал-айласы көп. «Алпамыс батыр» эпосында оның сырт бейнесінің өзі адам шошырлық. Мәселен: «сол кезде жасы үш жүзге жеткен, көрінгенмен ұрсысқан, қабағы қатпар тырысқан мүйіз, көті киіз бір мыстан кемпір келеді» деп сипаттайды (Батырлар жыры. Т.1.,

1963: 267). Жылқысын алып кеткен Тайшық ханнан кек қайтаруға келе жатқан Алпамыстың алдынан қырық үй тіктіріп, қырық қызбен Алпамысты тосады. Алпамысты көргеннен-ақ бірден өзгереді. Ол қолынан ештеме келмейтін бейшара адамша мүсәпір бола қалады. Оның бұл әрекеті батырды сендіреді. Тілі майда мыстан алдап-сулап, батырдың алдынан шығып ерекше қамқорлық танытқандай болады. Ақыры Алпамысты ақыл-есінен айырып, қол-аяғын байлап-матап ханға алып барады. «Ер Төстік» ертегісінде егеуі қалған жұртқа келген батырға ағаш түбінде отырған жарбиған кемпір бейнесінде көрінеді. Ер Төстікті қуғандағы жүгірісі де оңып тұрған жоқ. Мәселен: «Сен бе едің, Төстік алдаған? Сені ме? Сеніме Төстік, қап бәлем» деп тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап шашы жалбырап, көздері жарқылдап, тістері сартылдап қатты сасып, етегін басып» Ер Төстікті қуа жөнеледі. Ал «Ұшар хан» ертегісінде мыстанды «басы мүйіз, бөксесі киіз, қарға тұмсық, қарға аяқ мыстан батырды айламен өлтіреді». Қай шығармада болса да мыстан кейіпкеспірі де өте сиықсыз бейнеленеді. Барлық қулық-сұмдықты бойына жинақтаған сұмпайы. Мыстан үнемі жамандық қылады. Бас кейіпкерге қастандық жасау үшін әрекет етеді. Сонымен бірге дүниеқорлығы да бар. «алпыс табақ ділдаға» қызығып Мұңлық пен Зарлықты суға лақтырады. Обал-сауап дегенді білмейді. Түрі қандай жиіркеніште болса, ниеті де сондай қара. Мыстанның ерекше тылсым-сиқыры жоқ. Ол өз мақсатына адамдарды алдап-сулап, түрлі айла-амал арқылы жетеді.

Алмапыста:

Тілеуің құрғыр қу мыстан,
Сонда тұрып жылайды.
Көзінің жасын бұлайды
Бір топ біткен шеңгелді,
Құшақтап тұрып жылайды.

Жылап-сықтап, өзінің қулық-сұмдығына басады. Өзінің қырық ұлын Тайшық хан өлтірді деп өтірік айтады. Алдын-ала дайындалған отауға кіргізіп, қолға түсіреді. «Сондықтан фольклорда мыстан кемпір, жалмауыз кемпір үнемі жағымды кейіпкерлерге қарсы тұрып, оларға жамандық істейтін жексұрын бейнеде көрінеді» (Әзібаева, 2014: 17).

5. Қорытынды

Жалмауыз кемпір образы түрік әлемі фольклорында ғана емес, алтай тілі тобына жататын басқа халықтардың да фольклорында кездеседі. Оның белгілі зұлымдығымен қатар, құдайлық жағы да бар. Оның бұрынғы құдайлық аспектісі адам ойының дамуына байланысты өзгеріске ұшыраған. Ондағы образда да қазақ фольклорындағы бейнеден онша алшақ кетпейді. Онда жалмауыз бейнесі таулар мен үңгірлерде өмір сүретін, бірнеше басы бар (жеті басты), пішімі өзгеретін (жалғыз көзді, қарға тұмсықты, құс аяқты, мүсәпір әйел, т.б.), құбыла алатын (өкпеге, сұлу қызға айнала алады), адамдардың қанын соратын, немесе жейтін, жанын басқа жерлерде жасыратын андроген, айлакер тіршілік иесі. Қан сорып, адамның етін жеу – оның ең басты сипаты екені айтылады.

Жалмауызды арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырған Алимжан Инаят «Жалмауыз образының зерттелуіне, жалмауыз сөзінің этимологиясына барлау жасап, жалмауыз және от құдайы, жалмауыз және албасты, жалмауыз және төбекөз, жалмауыз және айдаһар, жалмауыз және дәу, жалмауыз және бақсы» деп аталатын тараушаларға бөліп, жалмауыз образының өзгеру процесіне назар аудартады (Инаят, 2007: 7-8).

Ал мыстан образы кейбір ертегілер мен эпоста жалмауыз бейнесімен балама ретінде айтылғанымен, оның образында жалмауыздай кереметтіктің жоқтығын, тек амал-айла, қулық-сұмдықпен ғана мақсатына жетуге ұмтылатын кейіпкер екеніне көз жеткіземіз. Жалмауызды жеңу тек қылыш, найзаның жүзіне ғана сүйенумен жүзеге асса, мыстан кемпірді сөзбен де жеңуге болатынына көз жеткіземіз.

Жоғарыдағы мәтіндерден жалмауыз бен мыстан атауы қатар айтылғанымен олардың функциясы бір екенін байқаймыз. Яғни ертегілер мен эпикалық шығармаларда бас кейіпкерлерге кедергілер жасап, оларға қастандық ұйымдастыру, шамасы келсе ажал құштыру. Алайда екі кейіпкер де соңында адамдардан жеңіліп ажал құшады.

[3]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [1]qydyr.torali@gmail.com; [2]zhanagul.sametova@gmail.com; [3]almaz-88.80.17@mail.ru

Orcid ID: [1]0000-0002-9481-4579, [2]0000-0001-9549-256X, [3]0000-0003-1732-8830

THE ARTISTIC DIMENSION OF THE «AWAKENING» ERA IN KYRGYZ LITERATURE: IDEAS, FIGURES, TRENDS

Abstract: This article examines the artistic features, ideological directions, and prominent literary figures in Kyrgyz literature during the «awakening» era. The early 20th century marked a time of intensified colonial pressure, political suppression, and spiritual exploration, prompting writers to use literature as a powerful tool to promote national consciousness and the idea of freedom. This process aimed to revive the people's historical memory and cultural identity. The works of enlightened poets such as Moldokylich, Togolok Moldo, and Kasym Tynystanov are analyzed in terms of their national ideas, spiritual-religious themes, and protest against social injustice. The article also discusses the evolution of literary genres – dedications, ballads, elegies, and publicist poetry – as a means of awakening public consciousness. The coexistence of tradition and innovation, folklore and classical elements, contributed to shaping the unique artistic space of this era. The article provides a scholarly analysis of the role and significance of the «awakening» period in the Kyrgyz literary process. The study also identifies new trends in conveying the ideas of national identity and freedom in Kyrgyz literature through artistic language, figurative thinking, and poetic tradition. In this regard, the poets' works became a powerful driving force for public awareness and spiritual awakening, laying the foundation for subsequent literary development.

Acknowledgement: This article was published with financial support from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under the 2024–2026 fundamental research project: "AP23490584. Representation of the «Awakening» era in the literature of Turkic peoples (late 19th – early 20th century)"

Keywords: poetry, poem, artistic method, literary style, «awakening» era.

1. Кіріспе

«Ояну» дәуірі түркі халықтарына ортақ әдеби кезең болғаны белгілі. Зерттеу нысанына алынған түркі халықтарының ішінде қырғыз халқының әдебиетін зерттеу, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қырғыз әдеби дәуірінің поэзиясын саралау бүгінгі ғылыми-зерттеу мақаламыздың мақсаты болып отыр. Бұл уақыт қырғыз әдебиетінің жазба ақындарының шыққан кезінен басталады десек болады. Қырғыз жазба ақындарының тың үлгілерінің пайда болуы Октябрь революциясына дейінгі уақытқа тура келеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Молдо Кылыч, Тоголок Молдо (Байымбет Абдрахманов), Касым Тыныстанов бастаған қырғыз елінің жазба ақындары: Ысақ Шайбеков, Абылкасым Жутакеев, Токтораалы Талқанбаевтар осы уақыттарда ел арасында ауыздан ауызға өтіп, ұрпақтан ұрпаққа сабақтасып, кеңінен тараған өзекті шығармалардың небір үлгілерін қағаз бетіне түсірген. Сонымен қатар олар өз шығармаларын араб графикасы арқылы жазып таратқан. Сол себепті де ел арасында оларды ақын-молда атап кеткен. Молдо Кылыч, Тоголок Молдо сынды есімдер осы кезден қалса керек. Жоғарыда аталған ақындар екі дәуірде өмір сүріп, екі дәуірді бастарынан өткерген десек болады.

Бұл замандағы ақындар шығармаларында өмірдегі белгілі бір оқиғаны немесе адамды суреттегенде шектен тыс драмалық әсірелеу образдарына жүгінбей, оның өзіне тән қасиеттерін, ерекшелігін тауып, көркемдікпен бейнелеуге ұмтылып, өмірге жақын жазуға, мән-мағынасын ашуға, халыққа жеткізе айтуға тырысатыны байқалады. Бұл құбылыс сол кездегі ақындар шығармаларынан реализмді байқатады.

Шығармаларында жаңа дәуірді, жаңа заманды, жаңа адамды дәріптеуге, жаңашылдыққа ұмтылуға шақырған. Революция жеңісінен кейін адамдардың сауаттылықтары артып, күнделікті социалистік құрылыстардың тынысын өз көздерімен көріп, ақын өлеңдерін газеттерден оқып, «оянуға» үндеу жасаған шығармалармен таныса бастады. Оқу қабілеті оларды көрші туыстас халықтардың әдебиетімен, шығармашылықтарымен танысуларына мүмкіндік берді. Сондықтан қырғыз халқының жазба ақындары шығармаларын оқып, талдап, тұлғалық ерекшеліктерін, олардың әдебиет алаңына қосқан үлестерін, фольклордан көркем сөз өнерінің жазба түріне, кәсіби әдебиетке, оның ішінде реалистік суреттеумен «оянуға» жол бастаған ақындар шығармашылығын зерделеу мақаламыздың өзектілігін аңғартады.

Дегенмен қырғыз хақында да барлық жазба ақындардың бұл бағытты насихаттамағанын аңғаруымызға болады. «Ояну» заманында халқының тағдырын уайымдаған, туған елін ғылым мен білімге, алдыңғы қатарлы өркениетке үндеген сол кезеңнің жаңа буын ақын-жазушылары елдің бірлігін, рухани тәуелсіздігін, ұлттық тіл мен ділдің сақталуын басты тақырып етіп көтереді. Олардың шығармаларында заман шындығы, әлеуметтік әділетсіздік, ағартушылық идеялар мен еркіндікке ұмтылыс көркем тілмен өрнектеледі. Қазақ қана емес Ресей отарында қалған елдердің ұлттың рухани оянуы, жаңғыруы, елдік сана мен мәдениетті қайта түрлету үрдісі күшейе түсті. Осындай тарихи-саяси, әлеуметтік жағдайлар Қырғызстанда да әдебиеттің,

оның ішінде поэзияның жаңа мазмұнда дамуына жол ашты. Қырғыз әдебиетіндегі «ояну» дәуірі ұлттық рухани сананың, тәуелсіздік идеясының, ағартушылық бағыттағы ой-пікірлердің қалыптасып, көркем сөз арқылы халықтың санасына әсер еткен кезең ретінде айрықша маңызға ие.

Осы зерттеу мақаласын жазу барысында «ояну» дәуірінің қырғыз әдебиетіндегі көрінісі, көркемдік ерекшеліктері, сол заманның идеялық бағыттары мен ұлт зиялыларының шығармашылық мұрасы жан-жақты қарастырылады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Ғылыми-зерттеу мақаласында тарихи-кешенді, салыстырмалы, сипаттамалы және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Тарихи-кешенді әдіс – «ояну» дәуірінің қоғамдық-саяси контекстін, әдеби үдерістермен сабақтастығын ашу мақсатында пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы кезеңдік ерекшеліктер, поэзияның даму жолының себеп-салдары анықталды. Салыстырмалы-талдау әдісі қырғыз әдебиетінің «ояну» дәуірін түркі халықтары, әсіресе қазақ әдебиетінің «ояну» кезеңімен салыстыра қарастыру үшін қолданылды. Бұл тәсіл арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланып, «ояну» жырларының жалпытүркілік сипаты айқындалды. Сипаттамалы әдіс арқылы дәуірге тән идеялар мен бағыттарды, ақындар шығармашылығындағы көркемдік ерекшеліктер сипатталады. Бұл әдіс әдеби үрдіс пен көркемдік бейнелеу тәсілдерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Мәтіндік талдау әдісі – өлең мәтіндерінің идеялық-көркемдік құрылымын, поэтикалық тіл мен стильдік ерекшеліктерін сараптауға көмектеседі. Жекелеген өлең үзінділері талданып, авторлардың көркемдік әлемі мен дәуірлік көзқарасы қарастырылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақалада зерттеу нысаны ретінде қырғыз әдебиетіндегі «ояну» кезеңінің өлең түріндегі шығармалары алынды. Ғылыми талдау жұмысына XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жазылған ақын шығармалары, сондай-ақ сол кезеңде қоғамдық-ұлттық мәселелерді поэзия арқылы көтерген ақындардың шығармалары талданады. Олардың ішінде Молдо Кылыч, Токтораалы Талканбаев, Ысак Шайбеков, Абылкасым Жутакеев және Осмонаалы Сыдыков сияқты ақындардың шығармалары поэтикалық мәтін ретінде талдауға негіз болады. Бұл өлеңдерде ұлттық сана, ағартушылық идеялар, тәуелсіздік мен әділдік жолындағы күрес, халықтың рухани жаңғыруға ұмтылысы поэзия тілімен өрнектелген. Поэзиялық мәтіндер арқылы сол заманның эстетикалық талғамы, көркемдік әдіс-тәсілдері, авторлардың дүниетанымы сарапталады. Шығармалар түпнұсқа мәтіндер мен заманауи ғылыми басылымдар арқылы қарастырылып, олардың мазмұны мен көркемдік құрылымына мәтіндік талдау жүргізіледі.

Дәл осы тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген қырғыз зерттеушілерінің саны аз болғанымен, әдебиеттану саласында біртіндеп терең зерттеп келе жатқан А. Акматалиев, С. Нааматов, Р. Жээнбаев, Ж. Абдыкадыров сынды қырғыз ғалымдарының еңбектері арқылы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында

жазылған поэзияның тарихи-философиялық мазмұнын, көркемдік ерекшілігі мен ұлттық идеясы кеңінен талданатын болады. Осы тақырыпта көп зерттеген ғалымдардың бірі – Лайли Үкүбаеваның қырғыз поэзиясындағы ағартушылық, тәуелсіздік пен ұлттық сананың өрістеуіне арналған еңбектері де қарастырылады. Ол Тоголок Молдо, Молдо Кылыч, Абдылдаалы Чотонов сынды ақындардың шығармаларын талдай отырып, олардың «ояну» кезеңіндегі рухани көшбасшылық рөлін айқындап көрсетеді. Ғалымдардың зерттеулерінде поэтикалық мәтіндердің тілдік, стильдік, идеялық деңгейде саралануы қазіргі заманғы мәтінтану тәсілдерімен ұштастырылады. Атап айтар болсақ, Лайли Үкүбаевның қырғыз поэзиясын жалпытүркілік әдеби үдерістің бір тармағы ретінде қарастырып, қазақ әдебиетімен өзара ықпалдастығын да атап өтеді. Бұлардан бөлек зерттеу материалы ретінде кеңестік кезеңдегі хрестоматиялық жинақтар мен заманауи ғылыми басылымдарда осы дәуір поэзиясына қатысты деректер келтірілгенімен, олар көбіне жалпылама сипатта болған. Түркі халықтарының «ояну» дәуіріндегі әдеби сабақтастықтардан салыстыра зерттеген Х. Көроғлы, Қ. Мәдібай, М. Жолдасбеков сынды ғалымдардың еңбектері қырғыз поэзиясының контекстуалдық байланыстарын тануға мүмкіндік береді. Аталған ғылыми еңбектер зерттеу мақаламыздың теориялық және әдіснамалық базасын құрап, «ояну» дәуірінің жырлану ерекшеліктерін тереңірек зерделеуге негіз болады.

Зерттеу сонымен қатар осы саладағы халықаралық ғылыми дискурсты ескереді: бұл ояну дәуірі мен Жаһидизм қозғалысының әдеби және әлеуметтік әсерлерін талдаған зерттеулермен үйлеседі (Horsman, 2010: 131-133), олар ұлттық сана, дін мен секуляризм мәселелерін тарихи контекстте ашып көрсетеді.

3. Талқылануы

«Ояну» дәуірін жырлаған қырғыз ақындарының ең алғашқыларының біріне Молдо Кылычты жатқызамыз. Молдо Кылыч өз шығармаларын қағазға жазып, олар қайта көшіріліп, қолдан қолға өтіп, елдің түкпір-түкпіріне тараған. Көпшілік шығармаларын жатқа білген. Қайта көшіріліп, қолдан-қолға өтіп, ел арасында сақталып келген шығармаларының кейбірі кеміп, кейбірі толып қазіргі күнге жеткен. Молда Кылыч өз шығармаларын өзі де жатқа айтатын болған. «Зар заман» поэмасын өзі жатқа оқығанда қуанатындар көп болатын еді, деп жазады әдебиет зерттеушісі Муңдық Мамыров (Мамыров, 1991: 12). Ақынның кітабын сақтамақ түгілі, атын айтуға тыйым салынған «өктемдік» жылдары, қарапайым халықтың ақын жырларын жаттап, сақтап қалуына атсалысқандығын атап өту керек. Молда Кылыч Шамырканұлы шығармаларының толық мұрасы Қырғыз ұлттық ғылым академиясы Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорында 56 папкада сақталған. Оның ішінде 8 папка араб қаріпімен жазылған материалдан, тағы 4 папка латын графикасымен жазылған және терілген күйінде тұр. Оның 1911 жылы Қазан қаласында шыққан «Қисса-и-зілзала» кітабы, екіншісінде оның фотокөшірмесі сақталса, қалған папкаларда одан кейінгі жылдары жазылған өлеңдері мен дастандары заманауи графикасымен сақталған. Жазушы, әдебиет

зерттеушісі Омар Сооронов тың айтуынша, 1911, 1925, 1946 жылдары жарық көрген «Зар заман», «Қисса-и-зілзала», «Иргелген казалдар» сынды жинақтары ұзақ жылдар бойы, кеңес үкіметі тұсындағы соқыр саясаттың кесірінен «темір жәшік» пен түрмеде қаңырап қалған (Сооронов, 1988: 4).

Молдо Кылычтың «ояну, ояту» мотивиндегі жырларына тоқталсақ. «Алдамшы» атты өлеңінде:

Қазақ, қырғыз әдеті
Олжа десе сұқтанған
Оңай емес заманның,
Алды-артына қарағын.
Алдаушылық құрысын,
Білім болсын жарығың.
Есің болса түйіп ал,
Айтқан сөзді жарығым.
Оқып өнер, ақыл тап,
Насихатым шырағым (Молдо Кылыч, 1991: 39)

Бұл келтірілген жыр жолдарының астарында елдік философия, педагогикалық ынталандыру, ұйықтап жатқан халықты ояту идеясын көруге болады. М. Кылыч өз замандастарының оқып, өнерін дамытуды алдыңғы жоспарға қоюды, «адамның қаруы» білімді болуда керектігіне көз жеткізуге тырысқан. Ақынның ғазалдары оның ғылым-білімге ерекше орын берудегі қабілеттерін айқын көрсетіп, қырғыз поэзиясындағы жыр өнерінің жаңа бағытының, яғни жастарды, жалпы жұртшылықты білімге шақыру үрдісінің негізін салды деуге болады.

Академик Б.М. Юнусалиевтің «Молдо Кылыч теориялық білімі болмаса да, шындықты өмірдің өзі арқылы айтуды үйретті» (Юнусалиев, 1989: 132) деп жазады. Мысалы, «Бүркіт тойы» поэмасында ақын құстарға өмірлік рөл беріп, төл көркем суретті өмір көрінісіне айналдырады. Көркем баяндау стиліне сәйкес мұнда құстарға символдық мән берілсе, ал автор олардың іс-әрекеттеріне әлеуметтік-өмірлік мағына мен мазмұн беріп, сол арқылы қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңдеріндегі қырғыз халқының таптық, әлеуметтік жағдайын бейнелеуді мақсат етіп қойғаны байқалады. Ол биліктің шексіз күшін қыран бүркіт арқылы көрсетеді. Қыранның ерлігі оның халықты қорғайтын азаматтығы емес екенін шығарманың алғашқы жолдары растайды:

Қыран батыр той жасады,
Әлі жеткенін алдырып.
Қанаттының бәріне,
Қатты бүлік салдырып (Молдо Кылыч, 1991: 97), –

деп суреттеледі. Осыдан поэма бастала сала қоғамдық-саяси бағыт алып бара жатқанын байқаймыз. Шығармада бүркіттің тойына шақырылған барлық құстардың мінез-құлқын адам кейпінде сипаттайды: «Қырғи келсін қыпылдап, Тұрымтай келсін шыпылдап».

Бүркіттің тойында жарыс ұйымдастырады. Жарыстан бірінші болып келген он құсқа жүлде тігіледі. Алдыңғылардың қатарынан Қаршыға, Лашын, Ителгі, Қырғи, Тұрымтай, Тырна көрінеді. Оныншы орынға таласа тармаса жеткен Сұңқар мен Қыран сыйлыққа таласып, орталарында шатақ шығады. Соңында оларға торғайды құран оқып, құрбандыққа шалып, екі жүлде жасап беріп, тарасыпты дейді.

«Бүркіттің тойы» – аллегориялық поэмасында М.Кылыч өзі өмір сүрген дәуірдегі әлеуметтік теңсіздікті, әлсіздердің күштіге жем болғанын, қоғамдық-саяси әділетсіздікті шебер бейнелі сөзбен жеткізген.

Молдо Кылыч қанаттылар, жан-жануарлармен ғана емес, ел мен жер тағдырын өзге де жырларына арқау еткен Ол қырғыз жерінің географиясын, фаунасы мен флорасын керемет мықты білген.

Қырғыз елінің «ояну» дәуіріне жататын ақындардың тағы бірі – Токторалы Талканбаев 1869 жылы қазіргі Сокулук ауданына қарасты Тоқбай ауылында туған. Жастайынан жоқшылықтың азабын көп көрген, бай-манаптардың малын бағып күнін көрген Токторалы қандай жағдай болмасын хат танып, өзгелерге де соны үйреткісі келеді. Ақынның өлеңдерінде қырғыз халқының қоғамдық-саяси жағдайы, мәдени-шаруашылық тұрмысының ерекшеліктері кеңінен қамтылған:

Мәдениеттің жоғынан,
Мал сияқты күн кештік.
Біліміміз жоқтықтан,
Бар өнерден кем өстік.
Жәрдемін артық тигізді,
«Оқы!» - деп білім білгізді.
Айбыны бөлек адамның,
Қатарына кіргізді (Коомдук Илимдер бөлүмүнүн фондусу, 51-б.). –

деп жырлайды «Кедейлерге» деген өлеңінде. Ғасырлар бойы білімсіздік пен қараңғылықтың тұңғиық торына кірген кедейлерге тезірек «оянып», білім алуға шақырады. Осы өлеңнің «Жарлылар адаспа, алды-артыңды бағамда» деп келетін жолдарында автор зұлымдықтан, яғни саяси-таптық көзқарастан сақтануға, оның орнына оқып-үйренуге, еңбектенуге, дүниені көркейтуге үндейді. Т. Талқанбаев поэзиясының негізгі идеясы – елді бірлікке, ынтымақтыққа, еңбексүйгіштікке, білім мен өнер іздеуге, ұлтты бөлмей, тап жауларын жоюға бастау.

Талқанбаев поэзиясының тағы бір ерекшелігі ол, прогрессивті көзқарастағы адам болған, тек ер адамдардың емес, қыз баласының да оқып, білім алғанын қалаған. Оның «Қыздарға ақыл» өлеңін бұған дәлел қыла аламыз. Бұл жырында ақын Октябрь революциясының бірден-бір жеңісі әйелдердің әлеуметтік езгіден құтылғандықтары екенін айтып, қырғыз қыздарының ендігі кезекте оқып, білім алуға, ескішілік салт, жөн-жоралғыға қарсы тұрып, өздерін дамытуға ақыл-насихат айтады:

Қайғы ойлаған халіңді,
Жақсы көретін бәріңді.
Табарсыңдар бір кезде,

Өздерің сүйген жарыңды.
Сатылғандар күң болар,
Жарық күні түн болар,
Ұрып-соғып алғанын,
Таттырғаны жүн болар.
Оқыңыздар сабақты,
Аш бүркелген қабақты.
Оқу оқып бір жақтан,
Үйреніңдер салмақты. (Коомдук Илимдер бөлүмүнүн фондусу, 93-б.)

«Әйелдерге даналық» деп аталатын тағы бір өлеңінде бұл ой басқа қырынан поэтикаланған. Ақынның әйел затының сан алуан қасиеттерін жырлап, жақсысын дәріптеп, жаманын сынап, теңдікті дұрыс түсінуге, азғын қылықтардан аулақ болуға, еріне қосылып, жақсы қызмет етуге шақырған. «Ақылды әйел туралы» поэмасы да осыған сарындас. Көріп отырғанымыздай, өз заманында қарапайым халықтың «көзін ашып» озық еңбекке шақыру ақындар поэзиясындағы өзекті тақырыптардың негізгісі болған.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, әдебиеттанушы ғалым С.Байғожаевтің зерттеуі бойынша Т. Талқанбаевтың поэзиясында қазақ әдебиетінде кеңінен қолданылатын қара өлең формасы кездеседі. «Өлең – бір шумақ жырдың бірінші, екінші және төртінші жолдарының тұтас ұқсас келуі (ааба) он бір буынды қазақ шығармасы», Т. Талқанбаев осы форманы көп қолданған, – деп жазады өз зерттеуінде (Байқожаев, 1959: 48). Ол қазақтардың өлең формасын ғана емес, қазақ сөздерін де өз шығармасында кеңінен қолданған. Мысалы үшін қырғызша «ал» сөзін ақын барлық дерлік өлеңдерінде қазақша «ол» сөзімен жазған. Бұл да түркі халықтары ақындарының бір-бірімен шығармашылық байланыста болғандығын көрсетеді.

Осы дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі – Ысақ Шайбеков 1880 жылы Кемин ауданында Чоң Кемин ауылдық аймағының Қайыңды деген жерінде кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Ысақ Шайбековтің өлеңге жақындығы хат танымайтын жасынан-ақ басталған. Ол байлардың шөбін орып, жалдамалы жұмысшы бала кезінің өзінде өзі сықты орақшы балаларға өлеңмен жауап айтып, таңқалдыратын болған. Шығармашылығы ерте басталғанымен хат танып, кітапқа қалдырған өлеңдері көп емес.

Ғалымдар оның өлеңдерін тарихи-этнографиялық дерек ретінде бағалайды, себебі ол қазақ-қырғыз елдері үшін ауыр болып келген 1916 жылғы Үркүн оқиғасын тұңғыш поэзиялық трилогия формасында сипаттады – «Азған эл», «Кайран эл», «Кайткан эл» деген шығармаларында қайғы мен қасіретті халықтық сипатпен бейнеледі. Атап айтқанда: шығармада «кайран эл» деген фразаның қайталануы арқылы халықтың көші, қиратылған өмірі, жанын жаралап кеткен тағдыр мен азапты сәттері күшейтілген эмоционалды әсер тудырады. Ол бұл шығармаларда тарихи шындықтар мен фольклорлық формаларды қатар пайдалана отырып, халықтың трагедиясын поэзиялық тілде көрсетуге тырысқан:

Қарағайлы орманын,
Түбін сатты қайран ел.
Қымыз, боза ашытқан,
Күбісін сатты қайран ел.
Тау-орманның ішінен,
Дүбірін сатты қайран ел.
Ақ қағазға көшіріп,
Қазал сатты қайран ел (Токомбаев, 1937: 27) –

деп жырлайды ақын. Елдің азып-тозуы, халықтың кедейлігі мен тіршілік үшін күресі күннен күнге асқынып, шарықтау шегіне жетіп келеді. Бұл көріністер поэмада оқушының жан дүниесіне жеткілікті әсер етіп суреттелген. Жырдың бұл бөлігінде ақын елдің езілген, қорланған қырғыз халқының портретін жасаумен қатар, себепсіз күш көрсетіп, кедейлерді алдаған қызыл құлақтардың, халық тамақ таппай жүргенде малын сатудан тайынбаған сараң байлардың бейнелерін беруге тырысқан. Осының барлығына қарсы тұратын күш – тек білім мен өнер үйренуде екендігін, қарапайым халық балаларын оқу-білімге үйрету қажеттігін баса айтады.

«Қайран ел» шығармасы қырғыздың дәстүрлі поэзиясына құрылған 7-8 буынды, бір-бірімен үйлесім тапқан «тірі тарих үні» ретінде үлкен идеялық мазмұнмен жазылған. Поэмада «егіз халық тағдыры» деп келетін жерінде ақынның қазақ пен қырғыз елінің ортақ тағдырын суреттеп отырғандығын білуімізге болады.

Өмірі мен шығармашылығы екі ғасырдың тоғысына қатар келген «ояну» дәуірінің тағы бір өкілі – Абылкасым Жутакеев. Ақын шығармашылығының бар-жоғы 5-6 баспа табақ болатын мұрасы сақталғанымен, оның мазмұны назар аударуға тұрарлық. Ақын шығармашылығы туралы алғашқылардың бірі болып, 1959 жылы әдебиеттанушы Байдылда Маленов мақала жариялайды (Маленов: 1958). Одан бөлек мектеп оқулықтарында өлеңдері, Қырғызстан тарихында, энциклопедияда ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер бар.

Абылкасым Жутакеевтың туындыларының ішіндегі ең көлемдісі «Үш дәуір» атты поэмасы – қырғыз халқының тарихи басып өткен жолын бейнелеген. Поэма үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қырғыз халқының феодалдық-патриархалдық өмір тұрмысы кезіндегі ұрып-соғу, әлімжеттік көрсету, қарым-қатынастықтағы теңсіздіктер суреттеледі:

Көпшілігі күшпенен,
Кедейлерге ұрынат,
Жоқшылықтан шабылып,
Тасбақадай қағылат,
Ілім-білім жоқтықтан,
Көпшілігі зар болат.
Кедейлердің маңдайы,
Кере қарыс сор болат (Жутакаев, 1988).

Бұл шығармасында ақын халықтың білімі жоқтықтан түсінгі әлі де таяз екенін, арғы-бергі сауданы, егін айдағанды да дұрыс білмейтіндігін айтады. Ақын қорам малға толса, мылтығым аспанға атылса, жасаған ісім оң болады деп түсінетін, құдайға табыну сияқты қараңғылық пен рулық күрестен арылмаған таптық сана деңгейін сынап жазады:

Әрбір түрлі бұрылыс,
Өзгеріс пен құбылыс
Халықтың көзі ашылса,
Қала берет бұл жұмыс (Жутакаев, 1988, 78). – аяқтайды.

Қазіргі қоғамдық өмірдің құлдырауы, халықтың сауатсыздығынан туындаған уақытша құбылыс екенін, білім мен сана арта түссе, бәрі де өзгеріп өз орнына келетіндігін нық сеніммен жеткізеді. Шығармада Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін еңбекші бұқараның тұрмыс жағдайы бұрынғыдан да нашарлап кеткенін, жаңа режимнің мәні қарапайым халықты езгіде ұстап отырғанын анық көрсеткен:

Би, старшын, болысы,
«Бейшараға» чоң ұшы.
Қара табан кедейдің,
Қақтап қанын сорушы (Жутакаев, 1988: 79).

Залымдардың үстінен арызданғандардың бәріне тоғыз айып тағып, халықты түрлі сылтаумен айыптап, тонап жатқан патша өкіметінің қызметкерлерін ақын әшкерелеп жырға қосады. Қырғыз халқы Ресейге қосылғанда таптық-алауыздық күшейіп, бұрынғы рулық мүдде екінші планға ысырылып, қарапайым халық қос езгіден зардап шексе, бір жағынан дін өкілдері халықты арандатып, кедейлік өмірдің шегіне жеткізгендігін жырлайды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін барлық мәселе шешіліп, тұрмыс жаңа жолға түсіп, дүркіреп өсіп кеткен жоқ. Совет билігінің жақсы тұстарының қырғыз жеріне тез тарауына тосқауыл болған ең басты себептердің бірі – ықылым заманнан бері келе жатқан қараңғылығы, революциялық жаңарудан бейхабар болуы еді. Бұл кедергіні де ақын өз жырларында былай бағамдайды:

Оқу жайын бітірмей,
Теңдік не деп түсінбей,
Арманда жүрген өте көп,
Жаңа тұрмысқа ілеспей (Жутакаев, 1988: 89).

Бұл қараңғылық адамдардың дұшпандардан абай болуына, оларға қарсы тұра алуларына кедергі келтіретінін айтады.

Ақын А. Жутакеевтің образ түзу, оқиғаларды суреттеу шеберлігі қырғыз елінің әдебиетіне ғана тән ерекшелікке ие. Бұдан біз Жутакеев басқа елдердің әдебиетімен таныс болмаған, жаңа форма табуға әрекеттенбеген деген ой тудырғымыз келмейді. Ол шығыс елдерінің, қазақ, татар халықтарының әдебиетімен кеңінен таныс болған. Абай Құнанбаев, Абдулла Тукайдың шығармаларын қазақ, татар тілдерінде кеңінен

оқып, таныс болған. Бірақ автор өзге елдердің әдеби формаларын өз шығармаларында қолдануға тырыспаған. Ол өз еліне танымал әдеби түр арқылы әрқандай мінездегі оқиғаларды суреттеуге ұмтылған. Демек ол, өлеңнің форма құрылымынан гөрі, оның ішкі мазмұнын тереңдетуді көздеген. Екі ғасырдың аралығында жасап, қырғыз елінің басынан өткен тарихи жолын, елдік рухын көркем суреттеп, елді қиын кезеңдерде тура жолға бағыттаған. Сондықтан да қырғыз елі үшін Абылкасым Жутакеевтің көркем өнерінің бағасы биік.

Келесі қарастыратын ақынымыз, Қырғыз елінің тұңғыш ағартушыларының бірі, қырғыз жазба тарихының негізін салушы – Осмонаалы Сыдыков. Ол ақын ретінде қырғыз елінің тарихи жадын, ұлттық санасын оятуға бағытталған көркем әрі терең мағыналы шығармаларымен ерекшеленді. Ол поэзияны тек эстетикалық құрал ретінде емес, рухани және ағартушылық мақсатта пайдаланды. Оның өлеңдерінде елдік, бірлік, білім мен рухани тазалықты насихаттау басым, ал тілі көркем, стильдік құрылымы көне шығыс әдебиетімен ұштасып жатады. Осмонаалы өз заманының әлеуметтік, рухани мәселелерін терең жырлай отырып, қырғыз жазба әдебиетінің негізін қалауға зор үлес қосты.

«Қырғыз шежіресі» деп аталатын шығармасының мазмұны терең, тәрбиелік рөлі жан-жақты көрсетілген, оқушы намысын құдіретті сөзбен қозғап, оятатын эмоционалды рухқа ие. Ақын қырғыз-қазақ халқының кедейлігіне қынжыла отырып, оның келешекте өсіп-өркендеуіне компас сияқты жолнұсқаушы болуды мақсат тұтады. Оны оқушы өз заманының озық көзқарасты, ұлы тұлғасының насихаты, ойы, рухани толғанысы деп қабылдайды:

Әй, туғандар, уақыт жетті қозғаларға,
Керегін әркім өзі қолға аларға.
Қырғыз-қазақ туғандар, тафакүр* қыл (*ойлан),
Көзіңді ашып, заманның ахуалын біл.
Ұмтылғын алға таман басып аяқ,
Намыссыз боп жатпағын қырғыз, қазақ.
Ынтымақ егер біздер қыла алмасақ,
Біздерді кімдер болсын қылар мазақ (Сыдыков, 2014: 81).

Бұл шумақтарда автор халықты оянуға, әрекет жасауға шақырады. «Уақыт жетті» енді әр адам өз тағдыры үшін жауапкершілік алуы керек екенін ескертеді. Ұзақ уақыт бойы езгіде болып, енжар күй кешкен халыққа енді «қозғалар» уақыт келгенін нақты әрі батыл түрде жеткізеді. Екі бауырлас халық – қазақ пен қырғызды бірдей қамтып, оларға терең ойлануға (тафакүр қылуға) үндеу тастайды. «Көзіңді аш» деген тіркес – рухани және саяси оянуды меңзейді. Бұл жолдарда заман ағымына бей-жай қарамай, оның талаптары мен өзгерістерін түсіну қажеттігі баса көрсетілген. Автор халықты бейқамдықтан арылып, шындыққа тура қарауға үндейді. Ақын әрекетсіздік пен бойкүйездікті сынайды. «Намыссыз боп жатпа» дегені – халықтың өзін сыйлата алмай, ездікке түсіп кетпеуін ескертеді. Әрекет пен намысты ұштастырып, тек қана бірлік пен белсенділік арқылы болашаққа жол ашуға болатынын айқын көрсетеді.

«Надандық соқыр қылды екі көзді», «Партия бәле болды басымызға», «Қызмет қыл бұл жалғанда миллетіңе», «Жүгіргің халқың үшін азаматым» сынды шығармалары да осы сарындас. Білімсіз болса адам қандай ахуалда боларын, ал білімдіге, өнерліге жол әрдайым ашық екенін тұрмыстың өзі көрсеткендігін көркем сөзбен жеткізеді. Бұл өлеңдердің негізгі мотиві ұйықтап жатқан сауатсыз, қараңғы қырғыз-қазақ елін ұйқыдан оятып, надандықтан құтылып, білімді адам болуға үндеу:

Заман басқа қапы болма,
Әр уақытта білімнен мойын бұрма.
Өнер үйрен қарап тұрма,
Қарап тұрсаң қор боласың қара пұлға (Сыдыков, 2014: 86). –

дейді. Бұл өлеңнің де композициясы осы мақсатқа бағындырылғанын көреміз.

Мектеп ашса туғандарым,
Он жыл өтпей көзі көрер (Сыдыков, 2014: 89), –

деп жазады тағы бір жырында. Ақынның бұл шығармасының негізгі идеясы – елімізде білім ошақтарын ашу арқылы халықтың көзін ашу, сауатсыздықтан, қараңғы надандықтан құтылып, алға ұмтылу. «Он жыл өтпей көзі көрер» деген жолда балаларымыз білім алса, оның нәтижесі ұзақ күттірмейді, еліміздің санасы тез өзгереді, әлемге көзқарастары артады деген мағына жатыр. Осы екі жол өлеңнің өзінде терең мағына жатқандығын көреміз. Автор мектеп ашуды – халықты оятудың, сана-сезімді жаңартудың кілті деп біледі. Сонымен қатар, бұл жолдарда өнер-білімнің нәтижесіне деген сенім, елдің ертеңіне деген мол үміт, рухани жаңғыруға деген үлкен құлшыныс бар. Бұл – тек поэзиялық өлең жолдары емес, ұлттық ағарту стратегиясының көркем тұжырымы деуге болады.

4. Зерттеу нәтижесі

Ғылыми-зерттеу мақаласын жазу барсында қырғыз поэзиясындағы «ояну» мотиві – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси сананың серпілісі мен рухани жаңғыруға үн қосқан ерекше кезең екендігі зерделенді.

Біріншіден, сол дәуірдің қаламгерлері, қырғыз әдеби тілінің негізін салушы, жазба ақындар – Молдо Кылыч, Токтораалы Талканбаев, Ысак Шайбеков, Абылкасым Жутакеев және Осмонаалы Сыдыков қырғыз халқының ұлттық санасын оятуға, елді білім мен мәдениетке насихаттауға бағытталған мол поэзиялық мұра қалдырғандықтары анықталды.

Екіншіден, ақындардың өлеңдерінде байқалғаны – олар туған елдің артта қалуын, дамыған елдерге ілесе алмауын білімсіздікпен байланыстыра отырып, рухани жаңғыруға, жаңаруға, дамуға бастайтын жолды оқу-ағарту ісі арқылы жүзеге асатындығымен түсіндіреді. Олардың шығармаларында қараңғылықтан шығудың басты жолы – оқу-білім екендігі ашық айтылады. Олар жоғарыда талдаған поэзиялық шығармалар арқылы сараланды.

Үшіншіден, мақалада аты аталған ақындар өлеңдерінің тілдік-стильдік ерекшеліктеріне талдау жүргізгенімізде, олардың фольклорлық дәстүр мен авторлық интонацияны шебер үйлестіргендіктері анықталды. Өлеңдерде ауыз әдебиетінің

үлгілері, сопылық сарын сабақтастығы, ағартушылық насихат пен заманауи өлең құрылымының түрлері пайдаланылғандығы талданды.

Зерттеу мақаламыздың нәтижесінде «ояну» дәуірі қырғыз әдебиетінде идеялық-көркемдік тұрғыдан тұтас бір ағымға айналғаны дәлелденіп, бұл ағымның басты өзегі – ұлттық рухты ояту, оқу-білімге жол салу, елдің жарқын болашағына алаңдау екені тұжырымдалды.

5. Қорытынды

Қорытындылай келгенде, қырғыз әдебиетіндегі «ояну» дәуірі – қарапайым халық санасының серпілісін суреттеген, қоғамдық дамуға үндеген XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы маңызды тарихи-әдеби кезең. Осы кезеңдегі поэзиялық шығармалар идеялық, тақырыптық мазмұны мен көркемдік кестесі тұрғысынан қалыптасқан, елді оқу-білімге, өнер мен мәдениетке, ұлт санасының рухани дамуына насихаттаған. Қырғыз жазба әдебиетінің алғашқы үлгілері ретінде саналған өлеңдерде мектеп ашудың, білім алудың, бала тәрбиелеудің маңызды екені неше қайтара айтылған.

Зерттеу мақаласының жазылу барысында ақындар халықты қараңғылықтан арылту, сауатсыздықтан тазарту, елдің тұтастығын сақтап қалу жолында поэзияны, көркем тілді рухани құралға айналдырғанын көрдік.

Жоғарыда аттары аталған, қос ғасырдың тоғысында өмір сүрген қырғыз ақындарының поэзиясы елдің сана-сезімін оятуда, әлеуметтік рухты серпілтуде үлкен қызмет атқарып, әдебиеттің ағартушылық әлеуетін айқын көрсеткен. Бұл кезеңдегі шығармалар бүгінгі таңда тарихи-мәдени, идеялық, көркемдік құндылығы жоғары әдеби мұра ретінде әлі де зерттелуі қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Аалы Токомбаев (Балка). Ысак Шайбеков кім? – Кызыл Кыргызстан, 1936, 27 апрель.

2. Байкожаев С. Жазгыч акындар. – Фрунзе: Илим, 1959. – 48 б.

3. Horsman, S. (2010). Turkestan struggle abroad (from Jadidism to independence). Central Asian Survey, 29(1), 131–133. DOI: [https://doi.org/10.1080/02634931003765589] (https://doi.org/10.1080/02634931003765589).

4. Жутакаев А. Аты жоголгондо жар чакырган ыры. – Кыргызстан маданияты, 1988, 10-ноябрь.

5. Қирабаев С. Қазақ поэзиясындағы ұлттық рух пен жалпыадамдық құндылықтар. Кіт.: Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 708 б.

6. Коомдук Илимдер бөлүмүнүн фондусу. Инв. 843, 145-б.

7. Маленов Б. Батрактардын жарчысы. – Ленинчил жаш, 1958, 27-июль.

8. Мамыров М. Акындарды эл унутпайт. // Ала-Тоо, 1991, №11, 150-бет.

9. Молдо Кылыч. Казалдар. – Фрунзе: Адабият басмасы, 1991. – 224 б.

10. Осмонаалы Сыдыков. «Мухтасар тарих Кыргызиа», «Тарих Кыргыз Шадмания». – Бишкек: Турар, 2014. – 317 б.

11. Сәулембек Г. Р. Көне түркі поэзиясы мен жыраулық поэзиядағы «Мәңгілік ел» архетипі. // "Keruen" ғылыми журналы, 68(3), 2020. – Б. 11–17. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-05

12. Сооронов О. Темир сандықтын сыры (Молдо Кылыч чыгармалары жөнүндө учкай сөз). // Советтик Кыргызстан, 1988, 6-август.

13. Юнусалиев Б. Молдо Кылычтын революцияга чейнки кыргыз турмушу чагындырылган чыгармаларынын айрым маселелери. // Ала-Тоо, 1989, №12, 132–135-б.

References:

1. Aaly Tokombayev (Balka). Who is Ysak Shaybekov? – Kyzyl Kyrgyzstan, April 27, 1936. (in Kaz.).

2. Baykozhaev, S. Itinerant Poets. – Frunze: Ilim, 1959. – 48 p. (in Kaz.).

3. Department of Social Sciences Fund. Inv. 843, p. 145. (in Kaz.).

4. Horsman, S. (2010). Turkestan struggle abroad (from Jadidism to independence). Central Asian Survey, 29(1), 131–133. DOI: https://doi.org/10.1080/02634931003765589. (in Eng.).

5. Kiraibaev, S. National Spirit and Universal Values in Kazakh Poetry. In: Universal Values in Contemporary Literature. – Almaty: Evo Press, 2014. – 708 p. (in Kaz.).

6. Malenov, B. Herald of the Batraks. – Lenin's Youth, July 27, 1958. (in Kaz.).

7. Mamirov, M. The People Do Not Forget the Poets. – Ala-Too, 1991, No.11, p. 150. (in Kaz.).

8. Moldokylych. Ghazals. – Frunze: Literature Publishing House, 1991. – 224 p. (in Kaz.).

9. Osmonaly Sydykov. "Mukhtasar Tarikh Kyrgyzia", "Tarikh Kyrgyz Shadmania". – Bishkek: Turar, 2014. – 317 p. (in Kaz.).

10. Saulembek, G.R. The "Eternal Nation" Archetype in Ancient Turkic and Zhyrau Poetry. – Keruen Scientific Journal, 68(3), 2020, pp. 11–17. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-05 (in Kaz.).

11. Sooronov, O. The Secret of the Iron Chest (Brief Words About the Works of Moldokylych). – Soviet Kyrgyzstan, August 6, 1988. (in Kaz.).

12. Yunusaliev, B. Some Issues in Moldokylych's Works Reflecting Pre-Revolutionary Kyrgyz Life. – Ala-Too, 1989, No.12, pp. 132–135. (in Kaz.).

13. Zhutakayev, A. The Song That Cried Out When the Name Was Lost. – Kyrgyz Culture, November 10, 1988. (in Kaz.).

ҒТАМР 17.09.91 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-14

Б.П. Насирдинов[1], Н.Қ. Омаров[2], Н.С. Халикова[3*]
[1,2]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
[3]Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан
E-mail: [1]npb_d@mail.ru, [2]nurlybek.omarov.73@mail.ru, [3]khalikova_nurila1976@mail.ru
ORCID: [1]0009-0004-3248-422X, [2]0000-0002-8885-817X, [3]0000-0002-1360-0131

ТҰРЛЫБЕК СҰЛТАНБЕКҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫН МЕН НӘЗИРА ДӘСТҮРІНІҢ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебінің көрнекті өкілі Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармашылығындағы шығыстық сарын мен нәзира дәстүрінің көркемдік ерекшеліктері талданады. Ақын шығармаларындағы шығыстық сарын мен нәзира дәстүрін игерудегі шеберлігі сараланады. Зерттеу барысында ақынның шығармаларына негіз болған. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының «Мұңкүн жетім», «Құлқаныс-Зеберше» және басқа да дастандарындағы нәзирагөйлік дәстүрдің көріністері талданады. Зерттеудің өзектілігі – қазақ әдебиетінде аймақтық әдеби мектептердің шығармашылық мұрасын зерттеу ісі әлі де толық жүйеленбеген мәселе. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының поэзиясы осы тұрғыдан алғанда дәстүр сабақтастығының, әсіресе шығыстық поэтикалық үлгілер мен нәзира дәстүрінің қазақ әдебиетінде қалай дамығанын айқындайтын маңызды дерек көзі. Бұл мәселені қарастыру ұлттық әдеби дамудың тарихи заңдылықтарын, мәдени ықпалдастық үдерістерін және поэтикалық жаңашылдықты түсіну үшін өзекті. Ақын мұрасын зерттеудегі тың бағыттардың біріне жол ашып, оның әдеби мұрасын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Мақаланың мақсаты – Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармашылығындағы шығыстық сарын мен нәзира дәстүрінің негіздерін анықтау және ақын шығармашылығының қазақ әдебиетіндегі орнын айқындау. Зерттеу барысында Тұрлыбек Сұлтанбекұлының бұрын ғылыми айналымға енбеген архивтік қолжазбалары мен сирек жарық көрген шығармалары қарастырылып, алғаш рет мәтіндік және көркемдік талдауға түсті. Зерттеу нәтижесінде Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығындағы шығыстық сарын мен нәзира дәстүрінің негіздері айқындалды. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының поэзиясы ұлттық поэтикалық жүйенің дәстүрлі арнасын сақтай отырып, оған өзіндік көркемдік жаңалықтар енгізуімен ерекшеленеді. Ақын шығармашылығында қазақ өлеңінің классикалық өлшемдері мен халықтық тілдік өрнектері заманауи мазмұнмен сабақтасып, жаңа поэтикалық сипатқа ие болады. Сонымен қатар, оның туындыларында ұлттық болмыс пен рухани құндылықтар қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени мәселелерімен ұштасып, қазақ поэзиясының мазмұндық-идеялық өрісін кеңейтуге ықпал етеді.

Кілт сөздер: Нұралы ақын, Күңгей өлкесінің ақындары, Тұрлыбек Сұлтанбекұлы поэзиясы, Шығыстық сарын, нәзира дәстүрі, ақындық орта, ұстаз бен шәкірт.

Б.П. Насирдинов[1], Н.Қ. Омаров[2], Н.С. Халикова[3*]
[1,2]Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
[3]ЮКПУ им. У. Жанибекова
E-mail: [1] npb_d@mail.ru, [2]nurlybek.omarov.73@mail.ru, [3]khalikova_nurila1976@mail.ru
ORCID: [1]0009-0004-3248-422X, [2]0000-0002-8885-817X, [3]0000-0002-1360-0131

ПРОЯВЛЕНИЕ ВОСТОЧНЫХ МОТИВОВ И ТРАДИЦИИ НАЗИРА В ТВОРЧЕСТВЕ ТУРЛЫБЕКА СУЛТАНБЕКУЛЫ

Аннотация. В статье анализируются художественные особенности восточных мотивов и традиции назира в творчестве яркого представителя Казыгурт-Каратауской региональной литературной школы –

Турлыбека Султанбекулы. Рассматривается мастерство поэта в освоении восточных мотивов и традиции назира в его произведениях. В ходе исследования анализируются дастаны «Мункюн жетим», «Кулканис-Зеберш» и другие произведения Турлыбека Султанбекулы, созданные на основе произведений Нуралы Нысанбайулы в традиции назира, а также выявляются проявления этой традиции. Актуальность исследования заключается в том, что изучение творческого наследия региональных литературных школ в казахской литературе до сих пор не получило полной систематизации. Поэзия Турлыбека Султанбекулы в этом контексте является важным источником для выявления преемственности традиций, в частности, того, как развивались восточные поэтические образцы и традиция назира в казахской литературе. Рассмотрение данной проблемы актуально для понимания исторических закономерностей национального литературного развития, процессов культурного взаимодействия и поэтических новаций. Исследование открывает новые направления в изучении наследия поэта и создает возможности для комплексного анализа его творчества. Цель статьи – определить основы восточных мотивов и традиции назира в творчестве Турлыбека Султанбекулы, а также выявить его место в казахской литературе. В процессе исследования рассмотрены ранее не введенные в научный оборот архивные рукописи и редко публиковавшиеся произведения поэта, которые впервые подверглись текстологическому и художественному анализу. В результате исследования выявлены основы восточных мотивов и традиции назира в творчестве Турлыбека Султанбекулы. Поэзия Турлыбека Султанбекулы, сохраняя традиционное русло национальной поэтической системы, отличается внесением собственных художественных новаций. В его произведениях классические размеры казахского стиха и народные языковые образы органично сочетаются с современным содержанием, приобретая новое поэтическое звучание. Кроме того, в его произведениях национальная самобытность и духовные ценности переплетаются с социально-культурными проблемами современности, что способствует расширению идейно-смыслового горизонта казахской поэзии.

Ключевые слова: Нуралы акын, поэты Кунгейского района, поэзия Турлыбека Султанбекулы, Восточный сильван, традиции Назиры, поэтическая среда, наставник и ученик.

B.P. Nasirdinov[1], N.K. Omarov[2], N.S. Khalikova[3]*

[1,2]M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

[3]U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University

E-mail: [1] npb_d@mail.ru, [2]nurlybek.omarov.73@mail.ru, [3]khalikova_nurila1976@mail.ru

ORCID: [1]0009-0004-3248-422X, [2]0000-0002-8885-817X, [3]0000-0002-1360-0131

EASTERN MOTIFS AND THE NAZIRA TRADITION IN TURLYBEK SULTANBEKULY'S POETRY

Abstract. The article analyzes the artistic features of Eastern motifs and the *nazira* tradition in the works of Turlybek Sultanbekuly, a representative of the Qazyghurt-Karatau regional literary school. The poet's mastery in adopting Eastern elements and the nazira tradition is examined, emphasizing his role in maintaining continuity within Kazakh literature. The study focuses on artistic methods in his epics «*Munkun Zhetim»* and «*Qulqanys-Zebershe»*, reinterpreted through the nazira tradition based on works of Nuraly Nysanbayuly. The relevance of the research lies in the fact that the heritage of regional literary schools in Kazakh literature has not yet been systematically studied. In this context, Sultanbekuly's poetry serves as an important source for understanding tradition, especially how Eastern poetic models and the nazira tradition developed in Kazakh literature. Addressing this issue is significant for comprehending historical patterns of national literary development, cultural interaction, and poetic innovation. The study also opens new directions for examining the poet's heritage and enables a more comprehensive analysis of his works. The aim of the article is to identify the foundations of Eastern motifs and the nazira tradition in Sultanbekuly's works and to determine his place in Kazakh literature. The research investigates archival manuscripts and rarely published texts not previously introduced into academic circulation, subjecting them to textual and artistic analysis for the first time. The results reveal that Eastern motifs and the nazira tradition form the basis of Sultanbekuly's creativity. His poetry

preserves the traditional channels of the national poetic system while introducing original artistic innovations. His works combine classical Kazakh verse and folk imagery with modern content, acquiring new poetic qualities. Moreover, national identity and spiritual values intersect with contemporary socio-cultural issues, contributing to the expansion of the thematic and ideological horizons of Kazakh poetry.

Keywords: Nuraly akyn, poets of Kungei district, poetry of Turlybek Sultanbekuly, Eastern sylvan, Nazira traditions, poetic environment, mentor and student.

1. Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихында әдеби дәстүр мен оның сабақтастығы – ақын-жыраулар шығармашылығының негізгі ерекшеліктерінің бірі. Әдеби дәстүр – белгілі бір көркемдік жүйенің, тақырыптық-мазмұндық арнаның, бейнелеу құралдары мен стильдік тәсілдердің ұрпақтан ұрпаққа берілу үдерісі. Бұл – әдеби дамудың тарихи жалғастығы мен көркемдік тұтастығын қамтамасыз ететін шығармашылық процесс. Қазақ әдебиетінде қалыптасқан әдеби дәстүрлердің бірі шығыстық сарын, нәзира дәстүрі. Шығыстық сарын шығыс классикалық поэзиясының көркемдік сипаты мен философиялық мазмұнын өз бойына сіңірген, сонымен қатар ұлттық әдеби ерекшеліктерімен ұштасқан поэтикалық бағыт. Шығыстық сарын дәстүрлі түрде ислам мәдениетімен, сопылық-философиялық идеялармен, ғибратты ойлармен тығыз байланысты болып, қазақ ақындарының шығармашылығында рухани-танымдық сипатта көрініс табады. Нәзира дәстүрі болса, шығыс әдеби мұраларын жаңаша өңдеу, яғни белгілі бір шығарманың немесе тақырыптың негізінде өз туындысын жазу үрдісі. Бұл дәстүр қазақ поэзиясында кеңінен өріс алып, ұлттық сөз өнерінің ерекшелігінің біріне айналды. Нәзира әдебиеттің көркемдік дамуына, идеялық жаңғыруына, сондай-ақ ұлттық және шығыстық поэтикалық элементтердің өзара үйлесіміне ықпал етті. Қазақ әдебиеті тарихына үңілетін болсақ, Абай, Шәкәрім т.б. сөз шеберлерінің шығармашылығында шығыстық өрнек басым екендігін байқаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі шығыстық әдеби дәстүрдің жалғастығын ақын Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармаларын кездестіреміз. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы – «Қазығұрт-Қаратау» аймақтық әдебиет мектебінің көрнекті өкілі**.** «Қазығұрт-Қаратау» аймақтық әдебиет мектебі – Оңтүстік Қазақстан өңірінде қалыптасқан әдеби бағыттардың бірі. Бұл мектеп негізінен Оңтүстік Қазақстанның Қазығұрт, Қаратау өңірінде өмір сүрген ақындар шығармашылығымен байланысты. Аймақтық әдебиетті жүйелі түрде зерттеу өңірлік әдебиеттің ерекшеліктері мен көркемдік дәстүр сабақтастығын айқындауға, қазақ әдебиетінің дамуының тарихи, идеялық және көркемдік негіздерін терең түсінуге жол ашады. «Қазығұрт-Қаратау» әдеби мектебі шығыстық дәстүр сабақтастығымен, нәзира дәстүрін жалғастыруымен, жыраулық поэзия мен исламдық дүниетанымға негізделген идеяларымен ерекшеленеді. Ғалым Ө. Саттаров: ««Қазығұрт-Қаратау» аймақтық әдебиет мектебінде ақындық дәстүрдің қалыптасуы, даму сипатының бірнеше ерекшеліктерін, «Қазығұрт-Қаратау» аймақтық әдебиет мектебі өкілдерінің терең нәр алған мектебі ұлттық фольклор мен Шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрі, Исламдық-ағартушылық сипаттағы дидактикалық сырын, нәзира дәстүрімен қисса-дастандар, арнаулар мен толғаулар, мысалдар мен тәмсілдер, айтыс жанрлары

айрықша дамыды» деген пікір білдіреді (Өмірзақов, 2023: 5). «Қазығұрт-Қаратау» аймақтық әдебиет мектебі ауыз әдебиеті мен Шығыстың классикалық әдебиеті негізінде қалыптасып, исламдық-ағартушылық бағыттағы дидактикалық мазмұнды шығармаларды дамытты. Соның нәтижесінде нәзира дәстүріндегі қисса-дастандар мен арнаулар, толғаулар, мысалдар және айтыс жанрлары өркендеді.

Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығы қазақ әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін толыққанды зерттелмеген. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы – атақты Нұралы Нысанбайұлының поэтикалық дәстүрін жалғастырған, дастаншылық үрдісінен тағылым алған ақын. Ақын шығармаларында шығыс философиясы мен ғибратты ойлар сабақтасып, шығыс классиктерінің шығармаларына арқау болған сюжеттерді қазақы сипатта қайта өрбіткен. «Тұрлыбек Сұлтанбекұлының ақындық үлгі етіп тәлім алған мектебі – халықтың бай ауыз әдеби мұрасы мен Шығыс мәдениетінің дәстүрлі дамыған шығыстық сюжетке құрылған қиссашылдық өнегесі болды. Оның үстіне сол кезде қатты дамыған аймақтық өлкелік мектептердің ақын, жыршы, термеші жырауларының өлең-жырлары болады» (Қазыналы Оңтүстік, 2013а: 22).

Тұрлыбек Сұлтанбекұлы 1910 жылдың 10 мамырында бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданының «Шіркін» (қазіргі Түркістан облысы, Сайрам ауданы, «Әйтеке би») ауылында дүниеге келген. Тұрлыбек өскен ортада сөз өнерін қадірлеу үрдісі сақталған. Тұрлыбектің ақындық жолға бет бұруына ең алдымен отбасының өнерге жақындығы ықпал еткенін айтуға болады. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының әкесі Сұлтанбек өз дәуірінде айтыскер ақын, жыршы, термеші ретінде танылған өнер иесі болған. Ол түрлі той-думан мен жиындарда ақындығымен көзге түсіп, серілік дәстүрді ұстанған. Тұрлыбек бір жасқа толғанда анасы қайтыс болып, ол әкесінің тәрбиесінде өседі. Осылайша болашақ ақынның қалыптасуына, ең алдымен, әкесі Сұлтанбектің өнерпаздық болмысы мен шығармашылық дарыны ықпал еткен. Сұлтанбек әдеби ортада шыңдалған. Ол ауыл арасындағы жыр көштерінен қалмай, бәдік айту мен қыз-жігіт айтыстарында өнер көрсетіп, танылған. Сұлтанбектің өз дәуірінде танымал болған Белгібай, Келімбет сынды ақындармен және Кенжебай Жауһанұлы сияқты өнерпаздармен шығармашылық байланыста болуы ақындық жолының қалыптасуына, өнерінің шыңдалуына айрықша ықпал еткен. Сұлтанбек ақынның шығармашылық болмысы кейінгі буынға да ықпал етті. Оның өнерін үлгі еткен жастардың қатары аз болмаған. Солардың ішінде Оңтүстік Қазақстан облысының халық ақыны атанған Тастан мен Анарбай сынды өнерпаздар бар. Сұлтанбек айтыстар мен түрлі мәдени жиындарда өткір де әсерлі сөз өрнегімен танылып, көпшіліктің назарын өзіне аударған. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы әкесінен дарыған ақындық өнерді дамытып, қазақ әдебиетіне елеулі мұра қалдырған. Тұрлыбек ақынның нақыл термелері, толғаулары, шығыстық сарында жазылған қиссалары мен нәзира дәстүрімен жырлаған дастандары қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар туындылар. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармалары әртүрлі тақырыптарды қамтып, жанрлық, тілдік-стильдік, көркемдік ерекшеліктерімен дараланады. Ақын шығармаларында сөзге шеберлігі мен шешендігі қатар көрініс тапқан. Әсіресе

ақын шығыстық өрнегі басым тақырыптарды жаңаша жырлап, өзіндік қолтаңбасын танытатын нәзира үлгісін ұсынады.

Тұрлыбек Сұлтанбекұлы – қазақ әдебиетінде шығыстық дәстүр мен нәзира үлгісін жалғастырып, өзіндік көркемдік өрнек қалыптастырған ақын. Оның шығармалары шығыс поэзиясының терең философиялық мазмұнын ұлттық болмысқа бейімдеп, қазақы сипатта қайта жырлаумен ерекшеленеді. Ақынның өмір жолы дәстүрлі мәдени орта мен әулеттік өнер сабақтастығы ықпалында қалыптасып, Қазығұрт-Қаратау өңірлік мектебінің өкілі ретінде қиссашылдық дәстүрді дамытты. «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» тәрізді лиро-эпостық жырлардың жаңа нұсқасын өзінше жазып қалдырған. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармашылығында Нұралы Нысанбайұлы қалыптастырған дастаншылық дәстүрдің ықпалы ерекше байқалады. Ақын Нұралының қисса-дастандарын шығармашылық тұрғыдан жаңғыртып, оларды нәзира дәстүрі негізінде қайта жырлап, мазмұндық әрі көркемдік сапасын тереңдетті. Бұл үрдіс қазақ әдебиетіндегі шығыстық сарын мен фольклорлық дәстүр сабақтастығын көрсетумен қатар, аймақтық әдебиеттің өзіндік ерекшелігін де танытады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде әдеби-танымдық, интертекстуалдық әдіс, салыстырмалы-типологиялық және герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Әдеби-танымдық әдіс арқылы Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармаларындағы шығыстық сарын мен нәзира дәстүрінің көріністері жан-жақты талданды, поэтикалық стиль, тілдік ерекшеліктері мен философиялық идеялары зерттелді. Ақын Тұрлыбек Сұлтанбекұлы Нұралы Нысанбайұлы мен шығыс классиктерінің дәстүрін жалғастырған. Бұл құбылыс мәтіндер арасындағы өзара байланыстың айқын көрінісі. Зерттеу барысында интертекстуалдық әдісті қолдану мәтіндер арасындағы байланыстарды айқындауға, ақынның қисса-дастандарының сюжеті мен мотивтерін бастапқы үлгілерімен салыстыра отырып, олардың арасындағы айырмашылықтарды терең саралауға мүмкіндік жасайды. Зерттеуде салыстырмалы-типологиялық әдістің қолданылуы ақын мұрасының шығыс әдебиетімен және нәзира дәстүрімен сабақтастығын айқындауға, олардың поэтикалық жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетуге бағытталған. Бұл әдіс қазақ қисса-дастандары мен шығыс дастандары арасындағы ортақ мотивтер мен тақырыптық үндестікті салыстыра талдауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы-типологиялық әдіс арқылы Тұрлыбек Сұлтанбекұлының «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанлары мен қазақ ауыз әдебиетінің классикалық нұсқасын салыстыру ақынның дәстүр сабақтастығы мен нәзиралық дәстүр аясындағы жаңашылдығын айқындады. Сонымен қатар ақынның «Құлқаныс – Зеберше», «Мұңлы – Сейіл» дастанын Нұралы қиссасымен салыстырып, нәзира дәстүрінің ерекшелігі ашылды. Герменевтикалық әдіс ақын шығармаларындағы идеялық-көркемдік мәнді терең түсіндіру үшін қолданылады. Бұл тәсіл шығарманы жан-жақты талдауға, оның философиялық және

эстетикалық астарын ашуға жол ашады. Жоғарыда көрсетілген зерттеу әдістерінің үйлесімі Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығын терең талдауға, оның қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызын дәл бағалауға ықпал етті.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеу барысында Тұрлыбек Сұлтанбекұлының әдеби мұрасын жан-жақты қарастыру мақсатында оның шығармалары жинақталған «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығының бірнеше томы негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Атап айтқанда, ақынның бұрын ғылыми айналымға түспеген дастандары, қиссалары, дидактикалық бағытта жазылған шығармалары жинақталған 115, 116 және 117-томдары зерттеудің негізгі материалдары ретінде алынды. «Қазыналы Оңтүстік» жинағының 115 томында Тұрлыбек Сұлтанбекұлының қолтаңбасынан шыққан «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Маһалбай мен Сауда ишан» атты қиссалары енген. Аталған жианақтың 116 томында ақынның жаңадан табылған «Жалғыз қаз», «Құралай сұлу», «Жапал мен Таңшебер» атты дастандары топтастырылған. Кітаптың соңында «Жалғыз қаз», «Құралай сұлу» шығармаларының факсимлиясы берілген. «Қазыналы Оңтүстік» жинағының 117 томында ақынның нәзира дәстүрімен жырланған «Мұңлы – Сейіл» дастаны мен оның факсимлиясы жарияланған. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы Нұралы ақынның атақты бұл дастанын жоғалып кетпесін деген оймен өзінше жырлап шыққан. «Нұралының дастаны 4635 жол болса, Тұрлыбек нұсқасы 8143 жолдан тұрады. Ең негізгі айырмашылық: Нұралының қара сөзбен берген түсініктемесінің барлығын Тұрлыбек өлең жолына түсірген. Оқиға желісінің жырлануында да айтарлықтай айырмашылықтар, өзгешеліктер бар» (Қазыналы Оңтүстік, 2013b: 319). Аталған томдарда Тұрлыбек Сұлтанбекұлының мазмұндық әрі көркемдік тұрғыдан құнды мұралары жүйеленіп жарияланған. Бұл шығармалар ақынның шығыстық әдеби дәстүрмен байланысын, нәзира дәстүрін шығармашылықпен игеру ерекшеліктерін және оның аймақтық әдеби мектеп аясындағы өзіндік стилін тануға мүмкіндік берді. «Қазыналы Оңтүстік» жинағының 117 том екінші кітабында Тұрлыбек Сұлтанбекұлының «Мұңкүн жетім» және «Құлқаныс-Зеберше» атты нәзира дәстүрімен жырланған дастандары енгізілген. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылық мұрасын талдауда М. Мырзахметұлы мен Ө. Саттаровтың еңбектері маңызды зерттеу бағыты ретінде негізге алынды. Ғалым С. Өмірзақовтың «Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебі» атты зерттеуі қазақ әдебиетіндегі аймақтық әдеби мектептердің мәнін ашуға арналған. Автор «Қазығұрт-Қаратау» аймағындағы әдеби дәстүрдің ерекшеліктерін қарастыра отырып, бұл мектептің өкілдерін, олардың шығармашылық сабақтастығын және аймақтық мәдени ортадағы рөлін айқындайды. Мекемтас Мырзахметовтің редакциясымен жарық көрген «Қазыналы Оңтүстік: Тұрлыбек Сұлтанбекұлы: шығармалары» атты жинағы – ақын мұрасын ғылыми айналымға енгізудегі маңызды еңбектердің бірі. Жинақта Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармалары жүйеленіп, халық арасынан жиналған мәтіндік нұсқалары хатқа түсірілген. Бұл еңбек, ең алдымен, ақын шығармашылығының түпнұсқалық негізін сақтап қалуға бағытталған. Ғылыми тұрғыдан алғанда, «Қазыналы Оңтүстік»

көптомдығының маңызы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, жинақ аймақтық әдеби мұралардың жан-жақты зерттелуінің негізін қалайды. «Қазыналы Оңтүстік» жинағы тек өлкелік әдебиеттің зерттелуімен шектелмей, жалпыұлттық әдебиет тарихын жүйелеуге де үлес қосады. Екіншіден, жинақтың басты құндылығы – Оңтүстік өлкесінен шыққан қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығына қатысты деректердің жүйеге түсіруінде. Бұған дейін ауызша дәстүрде сақталған немесе қолжазба күйінде ғана белгілі болған материалдар жинақталып, ғылыми айналымға енгізілді. Үшіншіден, жинақта әдеби-тарихи деректерді сақтап қана қоймай, олардың көркемдік ерекшеліктері мен дәстүр сабақтастығын айқындауға мүмкіндік беретін мәтіндер ұсынылған. Бұл еңбектің жарық көруі аймақтық әдебиеттану саласын жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық әдеби мұраның толыққанды зерттелуіне ықпал етті. Жинақтағы Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармаларынан шығыстық әдеби дәстүр мен нәзира дәстүрінің көріністері айқын байқалады.

Тұрлыбек Сұлтанбекұлына қатысты мәліметтердің маңызды бөлігі архивтік деректерде сақталған. «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қорында Сұлтанбек Тұрлыбекұлының мұралары № 4 дәптерде 8-бетте сақталған. Бұл қолжазбада ақынға тікелей қатысты шығармалар мен ел арасынан жиналған жыр-толғаулар қамтылған. Мұндай деректердің түпнұсқалық сипаты олардың ғылыми құндылығын арттыра түседі. Аталған материалдар Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылық болмысын, оның ақындық дәстүрін тереңірек зерделеуде сенімді әрі бастапқы дереккөз ретінде құнды саналады. Зерттеу жұмысы барысында Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығын жан-жақты зерделеу үшін оның қолжазба мұралары мен мәтіндік нұсқалары кеңінен пайдаланылды. Атап айтқанда, ақынға қатысты материалдар «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қорынан алынды. Онда Тұрлыбек Сұлтанбекұлына тиесілі мұралар топтастырылған № 1 бума, 1 дәптер, 1-6, 8,12 беттер, сондай-ақ ақын шығармашылығымен тығыз байланысты Н. Нысанбайұлына қатысты №11 және №12 папкалардағы қолжазбалар зерттеу дереккөзі ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығыстық әдеби дәстүр мен нәзира дәстүрі көрініс тапқан «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Жапал мен Таңшебер», «Құралай сұлу», «Құлқаныс – Зеберше» т.б. сынды шығармалары талдау нысанына алынды. Wang N. «The rise of a new paradigm of literary studies: The challenge of digital humanities» мақаласында әдебиеттану ғылымындағы жаңа әдіснамалық парадигмалар мен әлемдік әдебиетті зерттеудің инновациялық жолдары ұсынылады (Wang, 2002).

Зерттеудің теориялық негізін Scopus деректер қорына тіркелген еңбектер құрайды. Солардың ішінде, А. Матаева мен бірлескен авторлардың қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының теориясы мен әдіснамасына заманауи көзқарастарды ұлттық және жаһандық үрдістер аясында қарастырған зерттеуін атап өтуге болады. «Қазақстан тәуелсіздігінің кезеңі ұлттық әдебиеттану үшін айтарлықтай өзгерістер кезеңі болды. Бұл дәуір елдің мәдени және тарихи мұрасын қайта бағалауды және қазақ әдебиетін

талдауға арналған жаңа теориялық және әдістемелік тәсілдерді дамытуды талап етті. Қазіргі қазақ әдебиеттануы өзінің бірегей ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, жаһандық ғылыми процестерге интеграциялануға ұмтылуымен сипатталады» дей келе, зерттеушілер қазақ әдебиеттануының қазіргі даму бағыттары мен әдістемелік жаңалықтарын жан-жақты талдайды. Олар ұлттық әдебиет теориясын жаһандық контексте қайта қарау қажеттілігін көрсетіп, дәстүрлі және қазіргі әдістерді интеграциялау арқылы әдеби талдау сапасын арттыру жолдарын ұсынады (Matayeva, Zhumagul, Sarybayeva, Yerlanova, Chuzhayeva, 2025).

Қазақ әдебиетінің әр кезеңдегі даму бағытын зерттеу қазіргі таңда ғалымдардың басты назарында. Әдебиеттанушылар әдеби дамудың тарихи сабақтастығын, көркемдік-эстетикалық ізденістерін және ұлттық идея мен рухани құндылықтарды сақтаудағы рөлін әр қырынан қарастыруда. Соның айқын дәлелі ретінде Ә. Өскен, Д. Қамзабекұлы, Б. Нұриман авторлық еткен «Alikhan Bokeikhan's Literary Preservation of Kazakh Identity Against Colonial Ideology»атты мақаланы атауға болады (Osken, Qamzabekuly, Nuriman, 2024).

XX ғасыр басындағы Түркістан әдебиетін зерттей келе, Хасан Н., Кыдыр Т., Таджиев Х. «XIX Yüzyılın sonu ve XX yüzyılın başındaki Türkistan dinî-maarifî edebiyatına bir bakış (Seryâmî, Muhayyir, Hazinî örneği» атты мақаласында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістандағы діни-ағартушылық әдебиеттің негізгі бағыттары қарастырылған. Зерттеуде отаршылдық қысым жағдайында түркі халықтарының рухани мұрасын сақтап қалу жолындағы күресі, діни-ағартушылық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы талданды (Hasan, Nadirhan, 2022). Сондай-ақ, Tadzhiyev Kh.Kh., Shakenova M.T. «The Mawlid Tradition in Works of Early Twentieth-Century Central Asian Poets: Historical and Literary Aspects» мақаласында XX ғасырдың басындағы Орталық Азия ақындарының шығармаларындағы мәуліт дәстүрінің көріністері тарихи және әдеби тұрғыдан талданады. Авторлар мәуліт поэзиясының діни-рухани ғана емес, сонымен бірге ағартушылық және мәдени құндылықтарды сақтау қызметін атқарғанын дәлелдейді (Tadzhiyev, Shakenova, 2024). Түркістан әдебиетінің әр кезеңдегі даму бағыттарын зерттеу ұлттық тарихи жадты сақтаудың, рухани құндылықтарды жаңғыртудың және әдеби дамудың сабақтастығын айқындаудың маңызды тетігі болып отыр. Жоғарыда келтірілген зерттеулер әдебиеттің ұлтты сақтау, тарихи сананы жаңғырту және мәдени-рухани мұраны ұрпаққа жеткізудегі шешуші орнын дәлелдейді.

3. Талқылануы

Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармашылығы – қазақ әдебиетінде шығыстық рухани-эстетикалық дәстүрді жалғастырған, оны өзіндік көркемдік танымменбайытқан көрнекті мысалдардың бірі. Ақын поэзиясындағы шығыстық сарын, ең алдымен, мазмұндық, тақырыптық және поэтикалық құрылымдар арқылы көрініс табады. Ол Шығыс әдебиетінің кең тараған сюжеттерін негізге ала отырып, оларды ұлттық дүниетанаммен сабақтастыра жырлаған. Атап айтқанда, Тұрлыбек Сұлтанбекұлының «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Жапал

мен Таңшебер», «Құралай сұлу», «Құлқаныс – Зеберше» сияқты шығармаларында шығыс әдебиетінің классикалық үлгілеріне тән сарындар кеңінен орын алған. Бұл шығармаларда кейіпкерлердің тағдыры арқылы адамгершілік, тағдыр, сенім, махаббат пен өлім секілді ірі пәлсапалық ұғымдар бейнеленеді. Нәзира дәстүрі тұрғысынан алғанда, ақынның бұл шығармалары бұрыннан халық арасында танымал болған сюжеттерді жаңаша жырлау, мазмұн мен форманы өзгерте отырып, өзіндік интерпретация ұсыну негізінде дүниеге келген. Бұл – тек көшіру емес, керісінше, шығармашылық интерпретация үлгісі. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармаларында дәстүрлі сюжет желісі сақталып, автордың өзіндік поэтикалық шешімдері мен көркемдік бояу қосылған. Сонымен қатар, ақын шығармаларында қолданылған поэтикалық құралдар, мысалы, теңеулер, эпитеттер, шығыс әдебиетіне тән бейнелеу тәсілдері мен образдар жүйесі шығыстық эстетиканың ықпалын аңғартады. Бұл ақынның әдебиетке тек мазмұндық емес, көркемдік деңгейде де шығыстық үлгілерді енгізе білгендігін айғақтайды. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармашылығы әдеби дәстүр мен жаңашылдық тоғысынан, шығыс әдебиетінің идеялық-көркемдік негіздері мен ұлттық көркем сөз өнерін ұштастырған поэтикалық танымнан туындаған.

Тұрлыбек Сұлтанбекұлының «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Жапал мен Таңшебер», «Құралай сұлу», «Құлқаныс – Зеберше» сияқты шығармалары шығыс әдебиетінің классикалық махаббат дастандарының эстетикалық және рухани дәстүрлерін жалғастырған туындылар. Бұл шығармаларда ғашықтық, адалдық, нәзіктік және тағдырлық трагедия сияқты шығыстық поэзияның басты мотивтері кеңінен көрініс табады. «Тұрлыбек дастандарында өзі соққан тұлғаларды өзінше сөйлетіп. Оған тыңдаушының нандырып, тебірентеді. («Жалғыз қаз», «Құралай сұлу»). Ақынның өзіндік үнін, теңеу – суреттеуін, тіл байлығын, сөз қорын, айтпақ ойын айқындай түсетін үлкен дүниелері – «Қыз Жібек», «Мұңкін жетім», «Жапал мен Таңшебер» т.б. бірден көңілге ұялап, жүрекке жылы тиеді» (Қазыналы Оңтүстік, 2013а: 16).

Ақын шығармалары махаббат, адалдық, адамгершілік тақырыптарын терең философиялық мазмұнмен байытып, қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрін жаңғыртудың көрнекті үлгісін көрсетті. Бұл туындыларда поэтикалық тілдің байлығы, бейнелі теңеулер мен өзіндік көркемдік шешімдер ақынның дара қолтаңбасын айқындайды.

Қазақ әдебиетінде шығыс классикалық поэзиясының ықпалы терең болғандығы белгілі. Қазақ әдебиеті тарихында «қазақтың бас ақыны» атанған Абай Құнанбаев «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт» поэмасын нәзирагөйлік дәстүрінде жырлаған. Бұл шығарма арқылы Абай оқырманын шығыс пәлсапасының терең қырларымен таныстырып, ұлттық поэтикалық дәстүрдің өрісін кеңейтті. Қазақ әдебиетінде нәзирагөйлік дәстүрді жалғастырған қаламгердің бірі Шәкірім Құдайбердиев болатын. Шәкәрім әдеби негізін Физулиден алып нәзира дәстүрі бойынша қайта жырлап шыққан жыры «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасы болатын. Бұл шығарма қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар туындылардың бірі. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын М. Әуезов Ташкентте шығатын «Шолпан» журналына

1922 жылы (№2-3) және 1923 жылы (№4-5) жариялап, оны нәзирагөйлік дәстүрі бойынша жазылған қазақ поэзиясының төл туындысы деп бағалаған.

Қазақ әдебиеті тарихында нәзира дәстүрінде жыр тудырған ақындар шығармашылығы – шығыс поэзиясымен байланысқан көркемдік дәстүрдің үздіксіздігін дәлелдейтін маңызды құбылыс. Бұл үрдістер қазақ әдебиетінің шығыс поэзия дәстүрлерін меңгеруі мен оны өз шығармашылық жүйесінде жаңғыртуының айқын көрінісі. Нәзира дәстүрі арқылы қазақ ақындары шығыс классиктерінің поэтикалық мұрасын қазақ халқының танымына, мәдени және тілдік ортасына икемдеп жазып шыққан. Осылайша, қазақ поэзиясында шығыстық мотивтер мен сюжеттер жаңаша сипат алып, ұлттық поэзияның озық үлгілеріне айналған. Ғалым М. Әуезов нәзира дәстүрі жайлы: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір Шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бар....Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғы өлеңін алмай және көбінше алдынғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да көп жерде өз еркімен өзгертіп, тыңнан жырлап шығаратын болды. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғану немесе ақындық шабыт-шалым сапасын, жырмен жарысу есепті бір селт етеді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «нәзира», «нәзирагөйлік» деп атау да берген» (Әуезов, 1959: 150) деген пікір білдірген. Бұл пікірден нәзира дәстүрі – шығыс поэзиясынан нәр алып, оны ұлттық рухпен қайта жырлау арқылы қазақ әдебиетінде көркемдік жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын қамтамасыз еткен маңызды құбылыс екендігін айқындаймыз.

Қазақ әдебиетіне шығыстан келген қисса-дастандарды олардың тақырыптық және идеялық-көркемдік ерекшелігіне бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Шығыстанушы ғалым Ө. Күмісбеков өзінің «Шығыс шайырлары» атты еңбегінде: «Шығыстын келген қисса-дастандарды біздіңше мынандай төрт топқа бөлуге болады. Бірінші топқа – махаббатты, ізгілікті, достықты және жақсылықты жырлайтын дидактикалық лирикалық қисса-дастандар енеді. Бұларға «Ләйлі – Мәжнүн», «Жүсіп – Зылиха», «Мұңлық – Зарлық», «Таһир – Зуһра», «Бозжігіт» жатады. Екінші топта – діни бағыттағы дастандар: «Сал-сал», «Сейт – Баттал», «Жұмжұма», «Зарқұм» және басқа осы іспеттес шығармалар жатады. Үшінші топқа – қиял-ғажайып, фантастикалық саладағы «Шаһмаран», «Абулхарис», «Абулшахма», «Шәкір-Шәкіраттар» кіреді. Төртінші топқа – батырлықты, ерлікті, ақ пен қараның күресін жырлайтын романтикалық сарындағы қисса-дастандар: «Рүстем – Дастан», «Ескендір», «Қисса Баһрам» және т.б. қиссаларды енгізуге тиіспіз» (Күмісбаев, 2015: 103-104). Қазақ әдебиеті ежелгі дәуірлерден бастап Шығыс поэзиясының дәстүрлі арнасынан нәр алып дамыды. Әсіресе көп ғасырлық тарихы бар нәзира дәстүрі ұлттық дастандар мен жырларға тақырыптық, мазмұндық, формалық және көркемдік жүйелерді енгізіп, олардың көркемдік өрісін кеңейтті. Осы үрдіс негізінде қазақ сахарасында шығыстық сюжеттерге негізделген «Мың бір түн», «Шахнама»,

«Жүсіп – Зылиха», «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын» сияқты шығыстық дастан-қиссалардың мол мұрасы қалыптасты.

Қазақ әдебиеттану ғылымында М. Әуезов, З. Ахметов, Н. Келімбетов, Ш. Сәтбаев Ә. Дербісәлиев, А. Қыраубайқызы, Б. Әбдіғазиев, Ө. Күмісбаев сынды ғалымдар нәзира дәстүрін әдеби үрдіс ретінде қарастырып, оның теориялық негіздері мен әдеби-тарихи қырларын жан-жақты айқындаған. Аталған ғалымдар нәзира дәстүрінің қалыптасу негізін, дәстүрлі жалғастығын, поэтикалық ерекшеліктерін және қазақ әдебиетіндегі маңызын зерттеп, жан-жақты қарастырған. «Нәзира дәстүрі – ақындық шеберлік жарысы, өзара күш сынысуы деуге болады. Мұнда шығарма сюжеті басты роль атқармайды. Бұрыннан мәлім белгілі бір сюжетті кім, ұандай көркемдік дәрежеде оқырманға шебер жеткізе алады деген іс жүзінде жауап беру керек болады» (Келімбетов, 2000: 255). Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, нәзира дәстүрі – әдебиетте тек тақырып қайталауы емес, ақындардың шығармашылық бәсекесі мен шеберлігін танытатын, поэтикалық дамуды қамтамасыз еткен көркемдік дәстүр деп тұжырымдаймыз**.**

Шығыс сюжетіне негізделген, бірақ қазақ әдебиетіне толық сіңіп, ұлттық фольклормен үйлесім тапқан қисса-дастандар – ұлттық әдебиетіміздің маңызды құбылыстарының бірі. «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын» сияқты шығыс классикалық туындылары мен қазақ лиро-эпосының інжу-маржаны «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» арасында мазмұндық және поэтикалық үндестік айқын көрініс табады. Бұл үндестік нәзира дәстүрінің табиғатын ашып, әдеби ықпалдастықтың заңдылығын дәлелдейді. Шығыс әдебиетінің негізгі ерекшелігі болып саналатын махаббат тақырыбы әр дәуірде жырланып, әдебиеттің мәңгілік тақырыбы ретінде қалыптасқан. Осы орайда, академик, жазушы Мұхтар Әуезов Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың махаббаты, сүйіспеншілігі шығыстың атақты махаббат жыры «Ләйлі – Мәжнүннің» сезімдерімен үндеседі деген пікір айтады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының идеясы, композициясы түрлі вариантта әр түрлі өзгере отыратыны бар. Топтап келгенде, соларды негізгі екі салаға бөлуге болады. Жырдың көпшілігінде романтикалық сарын басым болады да, жырдың аяғы трагедиямен бітеді. Шөже, Кастанье, Радлов, Березин, Пантусов, Абрамов нұсқалары және 1909 жылғы баспасы осылай. Бұларда бұл дүниеде қосыла алмаған Қозы мен Баян ол дүниеде қосылады. Мұнда «Ләйлі – Мәжнүн» хикаясына ұқсастық бар. Бірақ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында өзін ғашық жолына қыз құрбан етсе, онда еркек (Мәжнүн) құрбан етеді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы басты қаһарманның Баян болатыны да осында. Бұл қазақ әйелінің сол ертедегі ауыр халінен белгі береді. Жырдың көпшілігі рушылдық-феодалдық қоғамның әдет-ғұрпындағы әділетсіздікті баяндайды» (Әуезов). Тұрлыбек Сұлтанбекұлы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын нәзира дәстүрінің аясында жаңаша өңдеп, өзіндік көркемдік шешімдермен толықтырып, оқырманға ұсынды.

Қазақ ауыз әдебиетінде кең таралған «Қыз Жібек пен Төлеген» жыры – қазақ халқының рухани мәдениетінде ерекше орын алған лиро-эпостық шығармалардың

бірі. Бұл жыр ғашықтық, адалдық, ерлік және адамгершілік тақырыптарын көтеріп, халықтың ұлттық дүниетанымымен тығыз байланысты туындаған. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының «Қыз Жібек пен Төлеген» дастаны – осы халықтық туындының негізінде жасалған нәзира үлгісі. Фольклорлық шығармаға авторлық көркемдік өңдеу енгізілген әдеби нұсқа. Қазақ әдебиетінің тарихында нәзира дәстүрі – шығыстық әдеби өлшемдердің идеялық-көркемдік принциптерін сақтай отырып, ұлттық поэтикалық дәстүрмен үйлескен ерекше құбылыс. Бұл үрдіс арқылы классикалық сюжеттер жаңа мазмұнмен толығып, авторлық қолтаңбамен байытылады. Осы тұрғыда Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығы – нәзира дәстүрінің жаңғыра түсуін көрсететін маңызды мысалдардың бірі. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – қазақ ауыз әдебиетінің классикалық эпосы. Бұл шығарма халықтық дүниетанымға негізделіп, ауызша дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Онда ғашықтық, сертке беріктік, адалдық идеялары негізгі өзек болған. Ал Тұрлыбек Сұлтанбекұлының дастаны осы сюжетті нәзира дәстүрі негізінде қайта жырлаған авторлық туынды.

Ауыз әдебиетінің көрнекті үлгісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры мен Тұрлыбек Сұлтанбекұлының дастаны бір сюжет негізінде жазылғанымен, әрқайсысының көркемдік табиғаты бөлек. Алғашқысы – халықтық дәстүрдің төл туындысы болса, екіншісі – ақын шығармашылығынан туындаған жыр. Екі шығарма да қазақ әдебиетіндегі ғашықтық тақырыбының көркемдік-идеялық эволюциясын танытады және ұлттық әдеби процесте нәзира дәстүрінің орны мен маңызын дәлелдейді.

Ақын қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілері – «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық жырларының жаңаша нұсқаларын жазып шыққан. Сондай-ақ «Мұңкүн жетім», «Құлқаныс – Зеберше», «Кесік бас», «Мұңлы – Сейіл», «Шеризат – Күлшат» сияқты дастандарды Нұралы қиссаларының сюжеті негізінде жырлаған. «...Тұрлыбектің аталған қиссаларының сюжетін Нұралыдан алуы да, үйренуі де ғажап емес. Оны өзі де ескертіп отырады. Дегенмен ақындық алымы бар болғандықтан Тұрлыбек бұл қиссалардың оқиға желісін мүлдем кеңейтіп, басқаша сарынмен өте көркем қалыппен жырлаған. Мұны аталған шығармалардың сюжеттік желісі мен стильдік ерекшелігінен-ақ қиналмай табуға болады» (Қазыналы Оңтүстік, 2013а: 23).

Тұрлыбек Сұлтанбекұлы «Мұңкүн жетім» дастанын Нұралы Нысанбайұлынан алған. Дастан қолжазбасы «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қорының «Т. Сұлтанбекұлы мұралары» бумасында № 15 бума, 9 дәптерде сақтаулы. Мәтін сол қолжазбадан алынып, «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығының 117 томында тұңғыш рет жарияланды. Бірақ Нұралының «Мұңкүн жетім» дастаны табылмады. Өз кезеңінде халық арасында көп тараған Нұралы ақынның «Құлқаныс – Зеберше» дастанын да Тұрлыбек ақын нәзира дәстүрімен қайта жырлап шыққан. Дастанның қолжазбасы «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қорының «Төлебек Сұлтанбекұлы мұралары» бумасында № 15 бума, 1 дәптерде сақтаулы. «Құлқаныс – Зеберше» дастаны тұңғыш рет «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығының 117 томы екінші кітабында жарияланған.

Тұрлыбек ақынның шығармашылық ерекшеліктерінің бірі – қазақ әдебиетінде кеңінен қолданылған дәстүрлі поэма жанрына бет бұрмай, XIX ғасырда дамыған нәзира дәстүрін жалғастыруы. Нәзира дәстүрі – шығыс поэзиясынан бастау алып, қазақ әдебиетінде өзіндік көркемдік сипат алған, белгілі бір сюжетті қайта жаңғыртып, жаңа идеялық-мазмұндық арнада дамытуға негізделген шығармашылық әдіс. Ақынның шығыстық сарынға бой ұруы оның заманының эстетикалық талғамына ғана емес, ұлттық әдеби дәстүрді жаңғыртуға деген ұмтылысын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Тұрлыбектің шығармашылық әлемін түсінуде Нұралы Нысанбайұлының мұрасының орны ерекше**.** Зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, Нұралы ақынның дастандары қазақ даласында кеңінен таралып, ел арасының негізгі әдеби-мәдени құндылықтарының біріне айналған**.** Кей деректерде Нұралының 84 дастаны болғаны және олардың жиын-тойларда жиі орындалғаны атап көрсетіледі. Бұл құбылыс XX ғасырдың алғашқы кезеңінде де жалғасып, кейінгі ақындарға шығармашылық ықпал еткен. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы Нұралы Нысанбайұлының шығармашылық мұрасын жалғастырушы. Өз дәуірінде жас талантты ақындар шығармашылық жолға қадам басқанда Нұралыдан бата алып, оның ақындық мектебінен тәлім-тәрбие алған. «XX ғасырдың басында талаптың тұлпарын мінген жас өркен күнгей ақындарының басым көпшілігі арнайы сый-сияпатымен келіп атақты шайыр Нұралы Нысанбайұлынан бата алу дәстүрі болған» (Қазыналы Оңтүстік, 2013а: 23).

XX ғасырдың басында талапты жас ақындардың шығармашылық жолға түсуінде Нұралы Нысанбайұлы мектебінің маңызы ерекше болды. Жас шайырлар ақыннан оның дастандарын, термелерін, айтыстарын тыңдап, үйреніп, өз қабілеттерін көрсетуге тырысқан. Бұл үрдіс тек өнер үйрету ғана емес, ақындық өнерге қадам басудың дәстүрлі белгісі еді. Жас ақындар Нұралының шығармаларын жаттап, орындап өз өнерлерін шыңдап, орындаушылық шеберлігі артып, көркемдік талғамдарын қалыптастыратын. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының ақындық жолы да осы дәстүрлі мектептен бастау алған. Ол Нұралы шығармаларының поэтикалық құрылымын меңгеріп, кейін өзінің дербес мәнерін қалыптастырды. Тұрлыбек те шығыстық сюжеттерге сүйенген дастандар жазды. Оның «Құлқаныс-Зеберш», «Мұңлы-Сейіл», «Мұңкүн жетім» т.б. дастандары Нұралы дәстүрінің әсерін дәлелдейді. Дегенмен, бұл шығармаларда автордың өзіндік стилі мен көркемдік ізденістері айқын байқалады. Тұрлыбек шығармашылығының ерекшелігі – дәстүрлі сюжеттерді кеңейтіп, жаңа идеялық мазмұн беруінде. «Нұралы – Оңтүстік өңіріндегі өз әдеби мектебін қалыптастырған ақын. Ол – қазақ әдебиеті тарихында мәңгі өшпес мұра қалдырған белгілі адам. Тарих Нұралының еңбектерін әлдеқалай кездейсоқ тудыра салған жоқ. Оның әдебиеттік талантының эволюциялық өсу заңдылығы, эпикалық-ақындық шыңға сатылап шығу жолдары, соқтықпалы кезеідері бар» (Өмірзақов, 2019: 259). Ақынның нәзира дәстүрімен жазылған дастандарының басты ерекшеліктерінің бірі – қара сөзбен баяндалатын мазмұнды поэтикалық формаға енгізіп, оны өлең өрнектері арқылы көркем әрі әсерлі жеткізе білуінде.

Нұралы мен Тұрлыбек шығармашылығындағы басты ортақтық – нәзира дәстүрін ұстану, яғни бұрынғы сюжеттерді жаңа мазмұнда қайта жырлау. Бұл құбылыс қазақ

әдебиетіндегі тарихи-эстетикалық жалғастықтың айқын көрінісі. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңінде социалистік реализм бағыты үстемдік құрғанымен, Тұрлыбек сияқты ақындар ұлттық дәстүрден қол үзбей, шығыстық тақырыптарды жаңаша қырынан жырлауды жалғастырды. Нұралы Нысанбайұлының ақындық мектебі қазақ әдебиетінде дәстүр сабақтастығының ерекше үлгісі саналады. Оның дастандары мен поэтикалық үлгілері кейінгі буын ақындарына, соның ішінде Тұрлыбек Сұлтанбекұлына зор ықпал етті. Тұрлыбек поэзиясындағы шығыстық сарын, нәзира дәстүрі және көркемдік ізденістер – ұлттық әдебиетіміздің бай мұрасының өміршеңдігін көрсетеді. Бұл сабақтастық әдеби дамудың үзілмес желісін айғақтап, қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі.

Нұралы Нысанбайұлының «Құлқаныс – Зебер» дастаны билік басындағылар мен қарапайым адамдар арасындағы қарым-қатынас қатар қойыла суреттеліп, адами қасиеттер алға шығады. Нұралы Нысанбайұлының «Құлқаныс – Зебер» атты әлеуметтік тақырыптағы дастанын жырлаған ақындардың ішінде Тұрлыбек Сұлтанбекұлы өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Нұралының «Құлқаныс – Зебер» дастанындағы басты идея – екі әлеуметтік топтың адами болмысы мен қасиеттерін қатар қоя отырып, олардың шынайы мәнін ашу. Шығармада үстем тап өкілдері қоғамнан оқшау, өмірдің шынайы ағымына бейімделмеген, тіршілік етуге икемсіз кейіпте суреттелсе, қарапайым халық әлеуметтік дамудың негізгі күші, болашақ өмірдің өзегі ретінде бейнеленеді. «...Бұл дастанды алып жырлаушылар кейіннен өздерінше жырламақ болғандары да кездеседі. Кейбірінің басталуы белгісіз, кейбірі тіпті оқуға жарамсыз. Тек, Тұрлыбек ақынның жырлауында ғана біршама өзгерістер бар. Нұралының дастанын қолға түсірген ол ақынның қарасөзбен баяндайтын тұстарын өзінше өңдеп, бәрін өлең жолына салған. Бұл тәсіл де Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебіне тән бір үрдіс дейміз» (Қазыналы Оңтүстік, 2013с: 34). Тұрлыбек Сұлтанбекұлының «Мұңкүн жетім», «Құлқаныс – Зеберше» дастандары – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде нәзира дәстүрінің жаңаша жалғасуының айқын көрінісі. Тұрлыбек ақын Нұралының дастандарының сюжеттік желісін негізге ала отырып, оларды өзіндік көркемдік өңдеумен жаңғыртып, авторлық интерпретация ұсынды. Бұл шығармаларда адамгершілік, әділдік, әлеуметтік теңдік идеялары негізгі арқау болып, авторлық өңдеудің нәтижесінде жаңа көркемдік сипатқа ие болған. Осы арқылы Тұрлыбек ақын ұлттық поэзияда дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіріп, қазақ әдебиетінің дамуындағы өзіндік ізін қалдырды. Ескіні қайта жырлау арқылы, мәтіннің мағынасын, мазмұнын ашу үшін бастапқы құрылымды бұзып, қайта баяндау арқылы жазу ревизионизмге негізделген деконструкция, бұл әдеби фокустың ауысуы (Nurgali, Gilea, 2023: 207).

Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің үздік үлгілерінің бірі ретінде айқындалады. Ақынның «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сюжеттеріне құрылған дастандары ұлттық фольклорлық мұраға деген құрметпен қатар, авторлық поэтикалық ізденістердің нәтижесі. Шығармаларда шығыстық поэтика элементтері қазақы дүниетаныммен

үйлесіп, жаңа мазмұн мен идеялармен толыққан. Бұл үрдіс нәзира дәстүрінің қазақ әдебиетінде жалғасын тауып қана қоймай, жазба әдебиетке тән эстетикалық және философиялық бағытты дамытқанын дәлелдейді. «Нәзирагөйлік дәстүрі тек сюжеттердің қайталануымен шектелмей, өлеңнің ырғағы, ұйқасы, көркемдік құралдарына дейін сақталатын ерекшелігімен дараланады» (Саулембек, 2025: 133).

Ақынның туындыларында ғашықтық, адалдық, сертке беріктік идеялары сақталғанымен, олар жаңа қырынан көрініс табады. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы Нұралы қиссаларының кейбір сюжеттік негіздерін шығармашылықпен игеріп, өзіндік стильдік өң беріп, оқиғаны жаңа көркемдік деңгейге көтере білген. Бұл құбылыс қазақ әдебиетінің дәстүрлі және жазба формаларының өзара ықпалдастығын танытады.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу барысында Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығында шығыстық сарын мен нәзира дәстүрінің айқын көріністері анықталды. Оның «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Жапал мен Таңшебер», «Құралай сұлу», «Құлқаныс – Зеберше» сияқты шығармаларында шығыс поэзиясына тән махаббат, адалдық, адамгершілік сынды тақырыптар кеңінен көрініс тапқан. Ақынның шығармаларында шығыс классикалық әдебиетінің поэтикалық заңдылықтары мен көркемдік тәсілдері сақталып, олар қазақ әдебиеті дәстүрімен ұштасып, жаңа деңгейге көтерілгені байқалады. Сонымен қатар, Тұрлыбек Сұлтанбекұлы қазақ фольклоры мен шығыс әдебиетін біріктіре отырып, дәстүрлі нәзира дәстүрін өз шығармашылығында сәтті жаңғыртқан. Бұл ретте ақынның Нұралы Нысанбайұлы жырлаған дастандардың сюжеттік желісін қайта игеріп, поэтикалық өң беріп, тың мазмұндық және көркемдік қырынан жырлауы оның нәзирагөйлік шеберлігін айқын танытады.

Бұл зерттеу Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығының ғылыми тұрғыда зерттелуінің маңыздылығын арттырып, оның шығыстық әдеби дәстүрге қосқан үлесін айқындады. Сонымен бірге, зерттеу қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы мәселелерін тереңірек түсінуге жол ашты. Алдағы уақытта Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығын әрі қарай жан-жақты зерттеу қажеттігі айқындалды.

5. Қорытынды

Мақалада Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығындағы шығыстық сарын мен нәзира дәстүрінің көркемдік ерекшеліктері қарастырылды. Тұрлыбек Сұлтанбекұлының шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі шығыстық сарын мен нәзира дәстүрінің жалғасу жолдарын көрсететін маңызды көркемдік құбылыс. Оның поэзиясында терең лирикалық сезім, ғашықтық трагедия, адамгершілік пен ізгілік идеялары кеңінен өріс алған. Ақынның «Қыз Жібек пен Төлеген», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сынды шығармалары халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен қатар, Шығыс классикасының поэтикалық дәстүрімен тығыз үндесіп, тың көркемдік шешімдермен толыққан. Зерттеу барысында Тұрлыбек поэзиясының тақырыптық желісі мен көркемдік табиғатында шығыс әдебиетіне тән бейнелеу тәсілдері мен ойлау жүйесі

сәтті сабақтасқаны байқалды. Ақын нәзира дәстүрін терең меңгеріп, оны поэтикалық шеберлікпен жаңаша қырынан дамытты. Бұл үрдіс оның әдебиетке тек тақырыптық тұрғыда емес, идеялық, эстетикалық тұрғыдан да елеулі үлес қосқанын көрсетеді. Сонымен қатар, Тұрлыбек Сұлтанбекұлы шығармашылығының түп-тамыры Қазығұрт-Қаратау өңірлік әдеби мектебінің дәстүрімен тығыз байланысты. Осы мектепке тән көркемдік ұстанымдар, діни-ағартушылық мазмұн, шығыс қиссаларын жаңаша жырлау үрдісі ақын поэзиясында жалғасын тапқан. Бұл – тек аймақтық поэзияның ғана емес, жалпы қазақ жазба әдебиетінің даму жолындағы елеулі көркемдік-рухани белес. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы Нұралы Нысанбайұлының шәкірті ретінде оның шығармашылық дәстүрін жалғастырып қана қоймай, Нұралының қиссаларын нәзира үлгісімен қайта жырлап, жаңа көркемдік өң берген. Осы зерттеу нәтижелері Тұрлыбек Сұлтанбекұлының әдеби мұрасын жаңаша бағалауға, оның шығармашылығы арқылы қазақ әдебиетіндегі шығыстық үлгілердің игерілу деңгейін тереңірек түсінуге жол ашады. Ақынның жырлау мәнері мен тақырыптық ізденістерін зерделеу арқылы әдеби дәстүр сабақтастығының өзіндік сипатын айқындауға болады. Алдағы уақытта ақын мұрасын кең көлемде қарастырып, жүйелі ғылыми айналымға енгізу – қазақ әдебиеттану ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 554 б.
2. Әуезов М. Қозы Көрпеш – Баян сұлу жыры. https://bilim-all.kz/article/7516-Qozy-Korpesh-Bayan-sulu-zhyry
3. Ван Н. Әдебиеттанудың жаңа парадигмасының қалыптасуы: цифрлық гуманитарлық ғылымдар сынағы // *New Techno Humanities*, 2022, Т.2, №1, Б. 28–33. DOI: https://doi.org/10.1016/j.techum.2022.11.001
4. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары). Зерттеу. – Астана: «Елорда», 2000. – 288 б.
5. Күмісбаев Ө. Шығыс шайырлары. Бес томдық. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2015. – 312 б.
6. Қазыналы Оңтүстік. Нұралы Нысанбайұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2013. Сер: Түркістан кітапханасы. Т.98. – 304 б.
7. Қазыналы Оңтүстік. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2013. Сер: Түркістан кітапханасы. Т.115. – 325 б.
8. Қазыналы Оңтүстік. Тұрлыбек Сұлтанбекұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2013. Сер: Түркістан кітапханасы. Т.117. – 320 б.
9. Матаева А., Жұмағұл С., Сарыбаева Б., Ерланова А., Чужаева А. Қазақ әдебиеттану теориясы мен әдістемесінің заманауи тәсілдері: ұлттық және жаһандық үрдістерді интеграциялау // *Frontiers in Literary Studies*, 2025, Т.7, №2, Б. 639–653.DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8295
10. Нұрғали Қ.Р., Гилея А.А. Интертекстуалдылық пен архетипті қайта бейнелеу – заманауи ертегінің көпмағыналылығының негізі ретінде // *Studia Litterarum*, Мәскеу, 2023, №8, 216 б. DOI: https://doi.org/10.22455/2500-4247-2023-8-1-198-217
11. Өмірзақов С. «Қазығұрт-Қаратау» аймақтық әдебиет мектебі. (Мақалалар жинағы). Зерттеулер. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2023. – 396 б.
12. Өмірзақов С. Қоқан басқыншылығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті (монография). – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2019. – 298 б.
13. Өскен А., Қамзабекұлы Д., Нұріман Б. Әлихан Бөкейханның отарлық идеологияға қарсы қазақ болмысын әдеби сақтауы // *Kritika Kultura*, 2024, №45, Мақала 2, Б. 31–70. DOI: https://doi.org/10.13185/1656-152x.1030

14. Саулембек Г.Р. Интертекст: әдеби шығармалардың мәңгілік диалогы // Keruen. – 2025. – Т. 87. – №. 2. – 124-137 бб.

15. Таджиев Х.Х., Шакенова М.Т. XX ғасырдың басындағы Орталық Азия ақындарының шығармаларындағы мәуліт дәстүрі: тарихи және әдеби аспектілері // *Oriental Studies*, 2024, Т.17(6), Б. 1295–1308.DOI: https://doi.org/10.22162/2619-0990-2024-76-6-1295-1308

16. Хасан (Нодирхон Хасанов), Надирхан және басқалар. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістанның діни-ағартушылық әдебиетіне көзқарас (Сериями, Мухаййир, Хазини мысалында) //Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, №101, наурыз 2022, б. 187–210. Қолжетімді: https://dergipark.org.tr/tr/pub/tkhcbva/issue/69523/1107497

References:

1. Auezov M. (1959). Ar zhyldar ojlary [Thoughts of every year]. Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, – 554 p. (in Kaz.).

2. Auezov M. Qozy Korpesh – Bajan sulu [Kozy Korpesh – Bayan Sulu]. https://bilim-all.kz/article/7516-Qozy-Korpesh---Bayan-sulu-zhyry (in Kaz.).

3. Wang N. (2022). The rise of a new paradigm of literary studies: The challenge of digital humanities // New Techno Humanities. – Vol. 2, – №1, – P. 28–33. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.techum.2022.11.001 (in Eng.).

4. Kelimbetov N. (2000). Korkemdik dastur zhalgastygy (Ezhelgi turki pojezijasy zhane qazaq adebieti bastaulary). Zertteu [Continuity of artistic tradition (Ancient Turkic poetry and the origins of Kazakh literature). Research]. Astana: «Elorda», – 288 p. (in Kaz.).

5. Kumisbaev O. (2015). Shygys shajyrlary. Bes tomdyq [Eastern resins. Five volumes.]. Almaty: RPBK «Dauir», – 312 p. (in Kaz.).

6. Qazynaly Ontustik. (2013). Nuraly Nysanbayuly. Shygarmalary [Nuraly Nysanbayuly. Works]. Almaty: «Nurly alem», Ser: Turkistan kitaphanasy, T. 98, – 304 p. (in Kaz.).

7. Qazynaly Ontustik. (2013). Turlybek Sultanbekuly. Shygarmalary [Turlybek Sultanbekuly. Works]. Almaty: «Nurly alem», Ser: Turkistan kitaphanasy, T. 115, – 325 p. (in Kaz.).

8. Qazynaly Ontustik. (2013). Turlybek Sultanbekuly. Shygarmalary [Turlybek Sultanbekuly. Works]. Almaty: «Nurly alem», Ser: Turkistan kitaphanasy, T. 117, – 320 p. (in Kaz.).

9. Matayeva A., Zhumagul S., Sarybayeva B., Yerlanova A., Chuzhayeva A. (2025). Modern Approaches to the Theory and Methodology of Kazakh Literary Studies: Integration of National and Global Trends. Frontiers in Literary Studies. – Vol. 7, – №2, – P. 639-653. – DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8295 (in Eng.).

10. Nurgali K.R., Gilea A.A. (2023). Intertextuality and Archetype Transformation as the Polysemy Basis of the Modern Reimagined Fairy Tale. Studia Litterarum, №8, Moscow. – 216 p. DOI: https://doi.org/10.22455/2500-4247-2023-8-1-198-217 (in Eng) .

11. Omirzaqov S. (2023). «Qazygurt-Qaratau» ajmaqtyq adebiet mektebi. (Maqalalar zhinagy). Zertteuler [«Kazygurt-Karatau» Regional Literary School. (Collection of articles). Research]. Shymkent: «Alem» baspahanasy, – 396 p. (in Kaz.).

12. Omirzaqov S. (2019). Qoqan basqynshylygy dauirindegi qazaq adebieti (monografija) [Kazakh literature during the Kokand invasion era (monograph)]. Shymkent: «Alem» baspasy, – 298 p. (in Kaz.).

13. Osken A., Qamzabekuly D., Nuriman B. (2024). Alikhan Bokeikhan's Literary Preservation of Kazakh Identity Against Colonial Ideology. Kritika Kultura. – №45, – Article 2, – P. 31-70. DOI: https://doi.org/10.13185/1656-152x.1030 (in Eng.).

14. Saulembek G.R. (2025). Intertekst: adebi shygarmalardyn mangilik dialogy [Intertext: the eternal dialogue of literary works] // Keruen. – T. 87. – №2. – 124-137 pp. (in Kaz.).

15. Tadzhiyev Kh.Kh., Shakenova M.T. (2024). The Mawlid Tradition in Works of Early Twentieth-Century Central Asian Poets: Historical and Literary Aspects. *Oriental Studies*. – №17(6), – P. 1295-1308. DOI: https://doi.org/10.22162/2619-0990-2024-76-6-1295-1308 (in Russ.).

16. Hasan (Nodirkhon Khasanov), Nadirhan vd. (2022). XIX Yüzyilin sonu ve XX yüzyilin başindaki türkistan dinî-maarifî edebiyatina bir bakiş (seryâmî, muhayyir, hazinî örneği). Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. – №101, – P. 187-210. https://dergipark.org.tr/tr/pub/tkhcbva/issue/69523/1107497 (in Eng.).

ҒТАМР 17.07.29 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-15

Н.А. Атаханова[1*], Дж.Кынаджы[2], Г.Б. Аяпова[3]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
[2]Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Түркия, Анкара
[3]Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан, Атырау
E-mail: [1]rassi68@mail.ru, [2]cemile.kinaci@hbv.edu.tr, [3]aiapova-1969@mail.ru
ORCID: [1]0000-0002-8332-2181, [2]0000-0002-5997-776x, [3]0000-0002-3012-3605

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер қарастырылды. Тәуелсіздік кезең әдебиетіндегі іргелі зерттеулерді салыстыра отырып, жекелеген ғалымдардың зерттеулері мен ұжымдық еңбектердің маңыздылығы көрсетілді. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерді саралауда Ұ. Дәлейұлының «Хат бармайтын қыстақ», А.Рақыштың «Мұз үстіндегі қызғалдақ», Қ. Мұбарактың «От ару», Б.Сәрмекованың «Кейіпкер» әңгімелер жинақтары зерттеу нысанына алынды. Әңгіме жанрындағы көркемдік ізденістердің бір сарасы – тақырып жаңашылдығы болса, екінші парасы – формалық (түрлік) ерекшелік аясында байқалады. Қазіргі прозадағы көркемдік ізденістерді зерттеуде жас қаламгерлердің шығармалары іріктеп алынды. Қазіргі қазақ прозасындағы аңыз-әңгіме, мифтердің ықпалы анықталды. Қазіргі әңгімелердегі мазмұндық ізденістер аталған жазушылардың шығармаларынан көрінсе, Ұ. Дәлейұлы қазақ әдебиетіне тың оқиғалар мен тарихи тұлғаларды алып келуімен ерекшеленеді. Формалық ізденістер Қ. Мұбарактың мистикалық әңгімелері, ұлттық құндылықтар А. Рақыштың шығармалары, жалпыадамдық құндылықтар Б. Сәрмекованың әңгімелері арқылы тұжырымдалды. Қазіргі таңда әлем әдебиетінде қалыптасқан микрожанрды жазушылар микро-әңгімелерімен ұлттық әдебиетте орнықтыруда. Ақпараттық заманда оқырманның талабына сай қалыптасқан қысқа жазу үлгісі Қ. Мұбарак пен Б. Сәрмекованың жарты беттік, бір жарым беттік микро-әңгімелерінен көрініс тапқаны анықталды. Қазіргі әңгімелерде күнделікті өмірде мән бере бермейтін, жанымызда жүрген кішкентай ғана «қарапайым адамдар» көптеп кездесетіндігі нақты мысалдармен тиянақталды.

Кілт сөздер: проза, әңгіме, микро-әңгіме, дәстүр, жаңашылдық, көркемдік ізденіс, ұлттық құндылық, стиль.

N.A. Atakhanova[1*], C.Kınacı[2], G.B. Aiapova[3]
[1]Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
[2]Haci Bayram Veli University, Ankara, Turkey
[3]Atyrau University named after H.Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan
E-mail: [1]rassi68@mail.ru, [2]cemile.kinaci@hbv.edu.tr, [3]aiapova-1969@mail.ru
ORCID: [1]0000-0002-8332-2181, [2]0000-0002-5997-776, [3]0000-0002-3012-3605

ARTISTIC RESEARCH MODERN KAZAKH STORIES

Abstract. This article examines artistic searches in modern Kazakh short stories. By comparing fundamental research in the literature of the independence period, the importance of research by individual scientists and collective works was demonstrated. The study focuses on the collections of short stories by U. Daleiuly – “Hat barmaityn kystaq”, A. Raqysh – “Muz ustindegi qyzgaldak”, Q. Mubarak – “Ot aru”, and B. Sarmekova – “Keiipker”. One aspect of artistic exploration in the short story genre is thematic innovation, while another is formal (structural) innovation. The research selected works by young writers to analyze artistic experimentation

in modern prose. The presence of legends, myths, and narrative explorations in modern stories is reflected in the works of these authors. U. Daleiuly distinguishes himself by introducing fresh narratives and historical figures into Kazakh literature. Formal innovations are evident in Q. Mubarak's mystical stories, A. Raqysh's focus on national values, and B. Sarmekova's emphasis on universal human values. Currently, writers are integrating micro-genres that have emerged in world literature into national literature through micro-stories. In the information age, it has been established that the short writing style, formed in accordance with the reader's demands, has found its expression in micro-stories ranging from half a page to one and a half pages, written by K. Mubarak and B. Sarmekova. Modern short stories frequently feature "ordinary people" from everyday life, whose significance is often overlooked, as demonstrated through concrete examples.

Keywords: prose, short story, tradition, innovation, artistic search, national values, style.

Н.А. Атаханова[1*], Дж.Кынаджы[2], Г.Б. Аяпова[3]

[1]Казахский национальный университет имениАль-Фараби,Алматы, Казахстан
[2]Университет Анкары Хаджи Бейрам Вели, Анкара, Турция
[3]Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, Атырау, Казахстан
E-mail: [1]rassi68@mail.ru, [2]cemile.kinaci@hbv.edu.tr, [3]aiapova-1969@mail.ru
ORCID: [1]0000-0002-8332-2181, [2]0000-0002-5997-776, [3]0000-0002-3012-3605

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПОИСКИ В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗАХ

Аннотация. В статье рассматриваются художественные поиски в современных казахских рассказах. Сравнивая фундаментальные исследования в литературе периода независимости, была показана значимость исследовании отдельных ученных и коллективных трудов. При анализе художественных поисков в современных казахских рассказах объектом исследования выбраны рассказы У. Далейулы («Зимовка в который не достовляют письма»), А. Рахыш («Тюльпан на льду»), К. Мубарак («Огненная красавица») и Б. Сармек («Героиня»). Одним из аспектов художественных поисков в жанре рассказа является тематическое новаторство, а другим – формальное (структурное) новаторство. В исследовании отобраны произведения молодых писателей, демонстрирующие художественные поиски в современной прозе. В современной прозе прослеживается влияние легенд и мифов. В частности, в современных рассказах художественные поиски выражаются через введение в произведения новых событий и исторических личностей. Например, у У. Дәуейулы встречаются новые сюжеты, связанные с казахской историей. Формальные поиски К. Мубарака проявляются в мистических рассказах, А. Рахыш – в национальных ценностях, а Б. Сармек – о общечеловеческих ценностях. В настоящее время писатели внедряют в национальную литературу микрожанры, сложившиеся в мировой литературе, с помощью микро-рассказов. В информационную эпоху установлено, что краткий стиль письма, сформировавшийся в соответствии с требованиями читателя, нашел свое выражение в микрорассказах объемом от половины до полутора страниц, написанных К. Мубараком и Б. Сармековой.В современных рассказах художественное выражение находят будничные жизненные события, не имеющие особого значения, но наполненные глубоким смыслом – это истории про «простых людей», которых мы часто встречаем в жизни.Эти идеи подтверждаются конкретными примерами.

Ключевые слова: проза, рассказ, традиция, новаторство, художественные поиски, национальные ценности.

1. Кіріспе

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ әңгімесі біршама көркемдік жетістіктерге қол жеткізді. Сондықтан да бұл жылдары жазылған туындылар ғалымдардың зерттеу нысанына алынып отырды. Тәуелсіздік тұсындағы әңгімелер

туралы зерттеулерді өз ішінен іріктейтін болсақ, бірінші көзге түсетіні – жекелеген ғалымдардың зерттеулері, екіншісі – осы кезең әдебиеті туралы ұжымдық монографиялар. Тәуелсіздік кезең әдебиетін тыңғылықты зерттеуде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары толымды еңбек етіп жүргені белгілі.

Аталған кезең әдебиетін зерттеген ғалымның бірі – Шериаздан Елеукенов. Ғалымның 1990 жылдар әдебиеті туралы зерттеулері жеке кітап болып жарық көрді. «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» еңбегі – тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы туралы зерттеу. Бұл еңбекте ғалым тоқсаныншы жылдар әдебиетін жекелеген жанрлар бойынша зерттеген. Кітаптың құрылымы алғы сөз және екі бөлімнен тұрады. «Тәуелсіз елдің еркін тынысты прозасы» тарауында он жыл ішінде жазылған романдар мен повесть, хикаяттар түгелге жуық зерттеу нысанына алынған. Автор әңгіме жанры туралы былай дейді: «Әңгіме жанрының тәуелсіздіктің он жылы тарапындағы татымды табысы – көкжиегінің кеңейгендігі. Әдебиетімізді социализмнен капитализмге шегінген бұрын-соңды кезікпеген қоғамның сыры мен сынын сипаттайтын тың тақырыпты шығармалармен байытқандығы» (Елеукенов, 2006: 197).

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық еңбектің оныншы томы тәуелсіздік дәуірін қамтиды. Бұл томға әдебиеттанушы ғалым Ш. Елеукенов жетекшілік жасаған. Зерттеуде тоқсаныншы жылдар әдебиеті проза, повесть, хикаят, әңгіме, деректі әдебиет, сатира, фантастика, лирика, поэма, драматургия, Қазақстан халықтарының әдебиеті, әдебиеттану, әдеби-көркем сын, қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстар тәрізді шолу тараулармен зерттеліп, аталған кезеңнің әдеби өмір шежіресі, библиографиялық көрсеткіш жасалған. Еңбектің «Әңгіме» тарауын жазушы, сыншы Д. Рамазан жазған. Автор Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Б. Нұржеке, Қ. Жұмаділов, Т. Ахметжан, Н. Ораз, Қ. Түменбай, Р. Мұқанова, А. Алтай, А. Амантай, А. Ықсанның әңгімелеріне талдау жасаған. Кейінгі жылдары бұл қатар «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар», «Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті» (тәуелсіздік дәуіріндегі проза), «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» тәрізді ұжымдық монографиялармен толықты. Аталған еңбектерде қазіргі қазақ прозасы жан-жақты зерттеліп қарастырылғандықтан, бұл мақалада жекелеген жазушылар ғана іріктеліп алынды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Қазіргі қазақ әңгімелерін зерттеу барысында «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық еңбектің оныншы томы, әдебиеттанушы ғалым Ш. Елеукеновтің ««Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» зерттеу еңбегі, «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар», «Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті» (тәуелсіздік дәуіріндегі проза), «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму

үрдістері, есімдер мен оқиғалар» тәрізді ұжымдық монографиялардағы ғалымдардың еңбектері бағыт бағдар берді.

Мақаланың гипотезасы – қазіргі қазақ прозасының көркемдік ізденістері. Тақырыпты зерттеу барсында қазіргі қазақ прозасын жанр бойынша жүйелеу, жанрлық ерекшеліктеріне қарай жинақтау, әңгімелерді өзара салыстыру, шығармалардың құрылысына қарай құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Жазушылардың прозалық шығармаларына талдау жасауда қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мазмұндық, түрлік ізденістер ғылыми сараланды.

2.2 Материалға сипаттама

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерді бағамдауда стильдік ерекшеліктерімен танылып жүрген жекелеген жазушылардың әңгімелеріне талдау жасалды. Қазіргі қазақ прозасы туралы аталған монографиялық еңбектерде ауқымды зерттеу жұмыстары жасалғандықтан, мақалада жекелеген қаламгерлердің шығармалары зерттеу нысанына алынды. Жазушыларды іріктеуде әдебиеттанушы ғалымдардың назарына ілігіп, оң баға алған жазушылардың шығармалары алынды. Олардың қатарында Ұ. Дәлейұлының «Хат бармайтын қыстақ», А. Рақыштың «Мұз үстіндегі қызғалдақ», Қ. Мүбарактың «От ару», Б. Сәрмекованың «Кейіпкер» жинақтарын атауға болады. Қазіргі қазақ әңгімелеріне үлес қосып жүрген жазушылардың шығармаларында көтерген мәселелерге талдау жасауда ұлттық, жалпыадамдық құндылықтарға көңіл бөлінді. Жазушылардың шағын жанрмен ел өміріндегі өзекті мәселелері көтергендігі нақты шығармалар аясында талқыланды.

Әдебиеттанушы ғалым Г. Балтабаева «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі» (повестер мен әңгімелер) атты докторлық диссертациясында тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасындағы жалғыздық, айқай, айна сарыны мен түр, түс, өлім мен өмір консептісіне көңіл бөлсе (Балтабаева, 2010: 6), Ж. Саметова «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту» (XXI ғасыр) атты диссертациялық жұмысында қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер туралы пайымдауларын ұсынған (Саметова, 2021: 8). Қ.Жанұзақова мен Г. Өтепбергенованың «Қазақ прозасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі» атты мақаласында Ә. Кекілбаев, О. Бөкеев, С. Санбаев, М. Ысқақбаев шығармаларындағы аңыз-әңгімелер, мифтік сюжеттер мен образдарды пайдалану тәжірибелеріндегі жаңашыл ізденістер айқындалған болатын (Жанұзақова, 2014: 150).

3. Талқылануы

Қазіргі қазақ прозасының негізгі табыстарының бірі мазмұндық жағынан толыққандығы болса, бұл жетістікті ғалымдар жоғарыда айтқан зерттеулерінде нақты талдаулармен дәлелдеген. Бұл еңбектерде Алтай, Іле қазақтарының арғы-бергі тарихы туралы жазылған Қ. Шабданұлы, З. Сәнік, Ж. Сәмитұлы, Ғ. Қалибекұлы, т.б. жазушылардың шығармалары зерттеу нысанына алынған. Осы қатарға Өр Алтайдың тумасы Ұларбек Дәлейұлын қосуымызға болады.

«Хат бармайтын қыстақ» жинағына енген шығармалар жөнінде автор былай дейді: «Бұл кітапқа жинақталған әңгімелер мен естеліктердің барлығы бастан

кешкен, өзім көрген оқиғалардың желісімен жазылған. Көзімізді аша киіз үйді көрдік. Есімізді білгеннен таулардың баурайында асыр салдық. Мен өскен Көктерек қыстағынан Гарсия Маркестің «Макондосымен» үндестік байқаймын. Ауылдастарым оңашалыққа, жалғыздыққа үйір. Ондағы адамдарды түсіну қиын. Әр үйде әртүрлі тағдыр. Әр тағдыр – бір роман» (Дәлейұлы, 2024: 6).

Жинаққа енген шығармаларды оқып отырғанда бірінші көзге түсетіні – оқиғалардың бірінші жақтан баяндалатыны. Тұтастай алып қарағанда, төрт-бес жасар ойын баласының бүгінгі үлкен азамат болып қалыптасу жолындағы көнекөз қариялардан естіген аңыз-әңгімелері арқылы тұтастай бір дәуірді тіріліткеніне көзіміз жетті. Кез келген қаламгер шығармаларына өзіне етене таныс оқиғаларды, тақырыптарды арқау ететіні белгілі, осы тұрғыдан алғанда, жазушы өзі туып-өскен бүгінде шекара сызығының арғы бетінде жатқан Алтай аймағының Көктоғай ауданына қарасты туған жердің кең даласына, әр қыстаққа, әр жайлау мен асуға жан бітіргеніне көзіміз жетті. Ерекше атап өтетін келесі ерекшелік – әңгімешіл қазақ ақсақалдарының өздері куә болған тарихи оқиғаларды кейінгі ұрпаққа аманаттап жеткізуі. Қытай басқыншыларына қарсы көтерілісті бастаған басшылары Есімхан мен Ырысханға, бас сардар Сүлеймен батырға ерген сол кездегі жас жігіттердің көзбен көрген қанды майдандары – таңды таңға ұрып айтса да таусылмайтын тарих екені белгілі. Оспан батырға ерген таңдаулы батырлардың біразы Такламакан шөліндегі «Тарым» жаза лагерінде 20-30 жыл өмірлерін өткізгенін аға буын жазушылардың шығармаларынан оқыған болатынбыз. Алтай көтерілісінің нүктесі 1958 жылдан кейін қойылып, көшпелі қазақ отырықшылыққа айналғанға дейін ел басынан өткерген ауырытпашылық аз болған жоқ.

«Жолдар» әңгімесіндегі мектеп оқушыларының Алтайдың алты айға созылатын бет қаратпас суығында бірнеше шақырым жердегі мектепке барып, түз тағысы көкжалдарға жем болмай білім алып жүруі, «Кәсіп-Үш» ауылындағы үш қыздан соң, ұл туам ба деп Құдайына сыйынып жүрген ананың алты айлық балпанақтай төртінші ұл баласын мемлекеттің жоспарлы туу саясатына қайшы деп түсіріп тастауы – қазақтың басынан өткерген қасіреті ретінде шынайы суреттелген.

«Хат бармайтын қыстақ» әңгімесінде бұзау жайып жүріп, мойнақ пен асу үстінен қалталарын толтырып атылған оқтың жезін, Жігербай асуына өрмелеп, саусақтары қанағанша жартастан сарымсақ теретін балалар Ұлы даланың бастан өткерген барлық қасіреттерін, аңыздарын үлкендерден тыңдайтын. Есугей батыр, Ер Шыңғыс, Хан Абылай, Ақбоз атты Сүлеймен мерген мен Оспан батыр жайлы хикаяларды тыңдай жүріп ержеткендер Отанды, елді, жерді сүюді сол батырлардан үйренді.

Апасының аузынан естіген «Соғыс басталған жылы» болған оқиға да қазақтың кешегі тарихы еді: «Есім кіресілі-шығасылы. Абыр-сабыр басылғандай болған бір әредікте жан-жағыма қарасам, Несібелі құрбым шыққан самырсынға доп түскен екен. Ұшар басынан түбіне дейін қақырай айырылған биік самырсынның жанқалаған бұтақтарында ілінген адамның ішек-қарын, өке-бауырларынан бу бұрқырайды...» (Дәлейұлы, 2024: 75).

Қытай шеріктерінің қуғынынан қашқан ел монғолға өтпек болғанда, шекарадағы монғол шеріктерінің оқ жаудыруы, елшілікке аттанған Тұқай, Шәкер, Шіңгілбай зәңгілер мен Қақыш биді атып салуы, Қапырыш мерген мен Жетей батырлардың ерлігі, қолына қару ұстай алатын әйелдердің де жауға қарсы ұмтылуы, самырсынға тығылған әйелдің үстінен бомба түсуі тәрізді қаралы күндер тарихын немерелеріне ертегі айтқандай айтып отыратын ақ жаулықты аналар өздерімен бірге біреу біліп, біреу білмейтін тарихты алып мәңгілік мекендеріне аттанды.

Жазушы шығармаларынан ерекше көзге түсетін келесі мәселе – ұлттық құндылықтар. Ұлттық құндылықтардың бірі – ұлттық ойындар болса, соның бірі балалардың «ақ сандық, көк сандық» ойыны. «Кемпіртас» әңгімесіндегі:

– Ақ сандық, көк сандық,

Аспаннан не көрдің?

– Жұлдыз көрдім, ай көрдім.

– Ақ сандық, көк сандық,

Сырғауылдан не көрдің?

– Орақ көрдім, қабық көрдім...» – деп ойнап жүретін балалардың ойыны да бүгінде ұмыт болып барады (Дәлейұлы, 2024: 95).

Келесі қазақы таным-түсініктің бір көрінісі – қазақтың жыл атауын сол жылдың ерекше оқиғасымен есте сақтауы болса, оны «Соғыс басталған жыл», «Бәйжеге кезбе келген жыл», «Бәйжеге қытай келген жыл», «Көктеректе көкөніс сатып келген қытайды Данай мен Салтанаттар сабайтын жыл», «Үліңгір өзеніне екі бала ағып кеткен жылы», «Мен сезінші сыныпта оқитын жылы күзде аудан орталығында дүркіреп лотерея ойыны өтті» деген тіркестерден көрсек, келесі – табиғаттың тылсымын танытатын «Құс қанаты», «Бөрі қуған», т.б. амалдар.

Келіндердің аталарының атын атамауын Сүлеймен батырды Мерген аға, Тұрдыбек зәңгіні Тұқай аға, Райхан батырды балуан аға атаған келіндер олардың азан шақырып қойған есімдерін атамауға тырысатын. Бүгінде осы ұлттық құндылықтарымыздың ұмытыла бара жатқаны өкінішті.

Жазушы шығармаларынан көзге түсетін бір ерекшелік – мистикалық сипаты. Оны «Жалғыздық аралы» әңгімесіндегі аралда жалғыз қалған жігітке жалғыздықтың не екенін түсіндіретін елес ақсақал, Күректі асуын мекендеген сайтандар, Бәйжеге өрлейтін қара жолдың бойында ұшып жүретін құдықшы Елағаның рухы, қара бүйі қаптап кететін Жігербай жолының күнбатыс жағында жүретін маркұм әжелердің елесі, Күректі асуын мекендеген сайтандар, Тұрғын шатындағы «Кемпіртаста» аппақ кимешек-шылауышы көлбіреп, қимылсыз, үнсіз отыратын Әлсағи апаның елесі, «Сайтан асуынан» ілесіп келген сайтанның Әбілқанның кейпіне еніп, түнде ілесе келіп, аттың жалын кекілінен шоқтығына дейін қыздың шашындай біркелкі етіп өріп кетуінен көреміз.

Т. Демен «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдардың бастау көздері, даму арналары» атты мақаласында қазақ әдебиетінде кейбір ағымдардың қалыптаспағанын, әр елдің әдебиеті өз ортасына қарай дамитындығын

айта келіп: «Ал, қазіргі дәуірдегі көркемдік әдістердің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтас бағыт деңгейіне көтерілмеген, олар өзара ара-жігін де ашып дараланбағандықтан, бүгінгі күн бедерінде көркем-әдеби ағым ретінде өмір сүруде. Оның орнына қарай дәстүр, үрдіс, көрініс, стиль терминдері қолданылуы мүмкін», – деген болатын (Демен, 2024). Осы пікірге сүйенетін болсақ, қазіргі әңгімелерді ағым, бағытқа қарағанда дәстүр, үрдіс, көрініс, стиль тұрғысынан талдаған дұрыс.

Айзат Рақыштың 2015 жылы «Өлгендер қайтып келеді» атты әңгімелер жинағы жарық көрді. Ол мектеп мұғалімі болғандықтан, шығармаларының басым көпшілігінің негізгі кейіпкерлері – мектеп оқушылары болып келеді. Аталған жинақ туралы Ш. Елеукеновтің «Айзат айшықтары» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көріп, онда ғалым болашағынан көп үміт күттірген жас жазушыға сәт сапар тілеген болатын (Елеукенов, 2016:1).

XXI ғасырдың өзекті мәселесіне айналған ұлттық құндылықтар туралы «Қара түннің құпиясы» повесінде бір ата-анадан туып екі жақта өскен Арлан мен Әсияның арасындағы қасіретпен үлкен мәселені көтерген болатын. Бір-біріне ғашық болған ағалы қарындастың оқиғасымен бірнеше мәселені көтерген, солардың біріншісі – ананың батасының қалт кетпейтіні. Дархан анасының бала асырап алуға қарсы болғанын кеш түсініп өмірден опық жеді. Шынымен де сол бала бұл отбасына сор болып келген екен. Екіншісі – қолмен істегенді мойынмен көтеру. Бір кезде жастықтың буымен біреудің он екіде бір гүлі ашылмаған қызын мазақ еткен Қанағаттың өз қызының оң жақта отырып жүкті болуы – осының көрсеткіші. Бір кезде анасына ренжіген Дархан баласы мен әйелін алып ұзаққа көшіп кетсе, енді баласы Арлан әке-шешесі қарсылық танытқандықтан, Әсиямен қашып кетуге дайын. Жазушының негізгі айтпағы – жеті атаға дейін қыз алыспаған қазақ үшін бір әкеден туған ұл мен қыздың төсек қатынасына баруы. Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ үшін, бұл – өліммен тең. Жазушы шығармалары туралы сыншы З. Сахиқызы «Тегеурінді ойдың иесі» деген рецензиясында: «Айзат Рақыш – жаңа ғасыр әдебиетінің жаңашыл өкілі. Өз ұлтымен бірге. Халқын мазалаған ойлар оның шығармасына шырақ болып жағылады, Айзат көтерген тақырыптар мәңгі тірі және әрқашан маңызға ие. Ол – оқырманын салмақты ой соқпақтарымен өзінің сыршыл әлеміне жетелей білетін жасампаз жазушы», – деген болатын (Сахиқызы, 2018: 2). Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы ел өміріндегі өзекті мәселені шағын әңгімемен көтерген.

«Тегімді менің сұрама» әңгімесі жиырма бес жасқа толған Әмірдің туған күніндегі достарының тілегімен басталады. Сүйгені Сұлушаш мұның анасы мен әжесі өзіне ұнаған соң, өз ата-аналарымен таныстыруға асығады. Қыз әкесі жігітті сұрақтың астына алды, әкесі мен руын сұрағанда, әкесіз өскенін білді. «Мен қызымды жеті атасын білмейтін жетесізге бермеймін. Тексіз біреудің ұрпағын жалғастыруына көнбеймін!» деген сөзін естіп үйге қайтады. Өмірінде бірінше рет қос ананың бетіне қарап отырған ұлдары үйіне ішіп келді. Жай келген жоқ, іштегі шерін айта келді. Жиырма бес жыл жасырған құпиясын байғұс ананың ашуына тура келді. Жасы ұлғайған жалғыз басты әйел өміріне серік етіп ұрықтандыру жолымен тапқан баласының руы мен тегін өзі де білмейтін болып шығады.

Сұлушаш екеуінің арасына түсіп жүрген Әйгерім мұның сырын білген соң үнемі СМС хат жазып мазасын алады. «Жиырма бесінші туған күніңді тағы да әкесіз атап өттің бе? Не дейін?», «Сұлушаш қай рудың келіні болатынынан хабарсыз кетті ме? Обал болыпты сұлуға», «Әкеңнің жоқтығынан шаңырағың құрылмай жатып құлап түсті. Енді не істемексің? Жоқ әкеңді іздейсің бе?» деген хабарламалар жүрегі жаралы жігіттің өзі білмейтін құпиясынан сыр шертіп тұр. Бір-бірін құлай сүйіскен екеуінің арасы ажыраса, «Мен тегіңе қарамаймын. Әрі менің махаббатым екеумізге жетеді!» дейтін Әйгерім Әмірдің өзіндік болатынына сенгенмен, Сұлушаш келгенде оның үміті біржола үзіледі.

Жазушы шағын әңгімемен екі түрлі мәселеге көңіл аударған. Біріншісі – XXI ғасырдың өмір салтына айналған жасанды жолмен ұрықтандыру. 1978 жылы пайда болған жасанды ұрықтандыру арқылы әлемде соңғы 47 жылда 8 млн-нан астам адам дүниеге келсе, Қазақстанда 2017 жылға дейін 14 мың бала дүниеге келген деген дерек бар. Қазіргі таңда жасанды ұрықтандыру арқылы бір жылда 3200 бала дүниеге келетін Қазақстанға Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және тағы басқа ТМД елдерінен келетін көмекке зәру отбасылар да бар. Еуропа елдерінде жасанды ұрықтандырудың жолға қойылғаны белгілі, бірақ жеті атасына дейін қыз алыспайтын қазақ елінде тегін білмейтін балалар санының өсуі – ұлттың болашағы үшін қауіпті. Әңгімеде көтерілген екінші мәселе – махаббат. Махаббат екі адамның арасындағы сүйіспеншілік болса, соған кедергі жасап жүрген үшінші адам – Әйгерім. Жазушы қашан да әділеттің жеңетінін Әйгерімнің үміті үзіліп, Сұлушаш пен Әмірдің қайта табысуымен көрсеткен.

«Мұз үстіндегі қызғалдақ» әңгімесі өз ішінен «Белгісіз күш», «Жігерлі жас неге жылады?», «Тәуелсіздіктің дастаны» деген тақырыпшаларға бөлініп, сол тақырып аясындағы оқиғалар баяндалған. 9-сынып оқушыларының «Тәуелсіздікке тарту» атты тосын сыйы залдағылардың бәріне ұнап, ел көзіне жас алды. Себебі, олар 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын сахналаған еді. Дастанның анасы Айкүміс пен әкесі Темір де сол оқиғаның тірі куәгерлері болғандықтан, Айкүміс жастардың сахналық қойылымы туралы ойын ортаға салды:

«Біз – желтоқсаншы жанұямыз. Жаңағы көрініс – таза шындық! Мұз үстіне жүрелеп отырғызып, «тумай қал» деп қарғағандары да рас. Алайда кеңестік кесірлі қарғыс қазақ еліне дарымады. Мұз үстіндегі сол қызғалдақ бүкінде көктеді. Ол – біздің Тәуелсіздігіміз. Ал, Құдай бізді презентсіз қалдырмады!» (Рақыш, 2018: 124).

Тәуелсіздік қарсаңындағы мектеп оқушыларының 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін сахналауынан олардың өткен тарих пен Тәуелсіздікке деген құрметін көруге болады. Қазақ әдебиетіндегі Желтоқсан көтерілісінің бейнеленуі туралы әдебиетттанушы ғалым Г. Орда: «Бұл шығармалардың барлығы тәуелсіздік үшін күрескен қазақ жастарының азаттық жолындағы арпалысының көркем суреттері ретінде танылды. Желтоқсан оқиғасының аяқ астынан өршіп кетуі, алаңға шыққан жастарды басып жаншу, оларға жүргізілген сұрақ-жауап процестері, қыспаққа алудың салдарынан қуғын-сүргін құрбандарының тағдырдың тауқыметіне ұшырап

қиын-қыстау күн кешуі, түрмеге түскен жастардың мезгілсіз қыршынынан қиылуы – барлығы да сол тұстағы ел өміріндегі шындық» (Orda, 2019: 190), –деген болатын. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, А. Рақыш аталған әңгімесі арқылы Желтоқсан батырларының тәуелсіздік жолындағы ерлігімен өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге ден қойып отыр.

Жазушы жекелеген көркемдік детальдарға үлкен мәселелерді сыйғызуға шебер. Оны ата-аналарының пәтер жалдап жүруінен тоғызыншы сыныпқа дейін бірнеше мектеп ауыстырған оқушылардың өмірінен көрсек, ұстаздардың өмір тәжірибесін бала психологиясына қатысты эпизодтар растайды. Жазушы авторлық ұстанымды кейіпкерлердің аузына салған. Қанды оқиғаны сахналауда жастар былай дейді: «Қазақтың қызы, қызғалдағым, көтер басыңда! Мұз үсті емес бұл! Туған жердің тоңы да бізге қорған! Біз жеңеміз! Ақиқат біз жақта! Ақиқат – қазақ ұлты өмір сүреді! Ақиқат – қазақ ұлты жойылмайды!» (Рақыш, 2018: 123).

Осылайша, жазушы шағын әңгімемен де көптеген мәселені көтеруге болатынын көрсетті. Ол – мектеп оқушысы мен ұстаз арасындағы қарым қатынас, ол – бала психологиясын ұстаздың толық меңгеруі, ол – ұстаздардың алдында отырған әр баланың жеке қасиетін дөп басып тануы, ол – тәуелсіздік жолындағы күрес. Осы ойымызды әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеукеновтің осы жинақтың алғы сөзіндегі мына пікірі растайды: «... жас жазушы Айзат Рақыш аталған жинағымен ұлтының болашағына байланысты көкейтесті мәселелер көтерген. Мұзды кезеңдерді көктей өтіп жеткен Тәуелсіздік қызғалдағы қыран текті нағыз қазақ барда өшіп, солмасына автор сенеді. Біл – ел ертеңіне сенген Айзат жазушының әдебиет әлеміне салмақпен басқан екінші қадамы» (Рақыш, 2018: 5).

Қазақ оқырманы жалмауыз кемпір, жезтырнақ, жын, пері тәрізді кейіпкерлермен ауыз әдебиеті үлгілерінен жақсы таныс. Осы кейіпкерлер келе-келе жазба әдебиеттен де орын алды. Жазба әдебиеттен Ж. Аймауытұлының «Елес», Т. Әбдіковтің «Оң қол», М. Мағауиннің «Қуыршақ», Қ. Мұбарактың «Махаббат» тәрізді мистикалық әңгімелерін атасақ та болады. Қазіргі таңда мистикалық бағытта жазып жүрген жазушының бірі – Қойшыбек Мұбарак. Мистика – көп оқылатын қызықты жанрлардың бірі. Мистиканың негізгі белгілерінің бірі – қорқыныш туғызу болса, оны оғаш оқиғалар мен түсініксіз құбылыстардан, басқа дүниенің белгілері мен күтпеген жерден пайда болатын салқынқанды тіршілік иелерінің негізгі оқиғаға араласуынан байқаймыз. Мистика оқырманның жүйкесін қытықтап оны қызықтырғанмен, оны жасау, дәлірек айтсақ сөзбен қорқыту жазушыларға да оңайлықпен келмейді. Осы тұрғыдан қарағанда, мистикаға барудың өзі жазушыдан үлкен дайындықты қажет етеді. Қ. Мұбарактың «От ару» жинағына енген шағын шығармалардың көпшілігі мистикалық әңгімелер. Жазушы өзінің мистикаға қалай келгені туралы былай дейді:

«Ең алғашқы шығармам 1994 жылы өзім оқыған аймақ орталығындағы жастар мен жасөспірімдерге арналған «Жас түлек» журналына жарияланған екен. Ол кезде 10-сыныпта оқитынмын. Найзағай түсіп қайтыс болған досымның рухына бағышталған дүние еді. Сол досымның рухына берген сөзімді орындап, батып бара

жатқан күн астындағы көкшіл тауларды бетке алып осында да жеттік. Жай ғана жеткем жоқ, қаптаған қалың аруақтармен, аласұрған жындармен, сән-салтанатты перілермен, қала берді құтырған құбыжықтармен бірге келдім. Міне, көкшіл таулардың арасында әлі сол рухтармен бірге жүргендеймін. Негізі, прозаны мистикамен бастағаным рас» (Мүбарак, 2009: 1).

Оның кез келген әңгімесінен құпияға толы аруақ, жын, пері, құбыжықтарды кездестіреміз. «Жалғызаяқ жол» әңгімесінде өлген соң елесі ауылдан кетпей ұзақ жүрген елеске кездесеміз. Оны ешкім көрмейді, сөзін естімейді. Қолын күйдірсе заттарды ұстай алатынын түсінген елес, теміршінің дүкеніне барып қып-қызыл темірге қолын қарып алып Мария екеуі соңғы кездесуде ұмыт қалдырған қолшатырды алып жалғызаяқ жолмен ерсілі-қарсылы жүретіндігіне кезіксек, «Би» әңгімесінде аяқтары жоқ өңшей ай маңдайлар Есетті естен тандырып, оған арашаға келген көрші қыз Ләйла екеуін құйынмен бірге ұшырып алып кеткені де адам ұғымына сымайтын, жын-перілерге қатысты тылсым.

Ақын, жазушы, әдебиеттанушы Светлана Гончаренко мистика жанрына мынадай анықтама береді: «Мистическая история корениться на самых обычных, привычных, бытовых историях, сквозь которые, словно через покров густого тумана, просвечивает потустороннее, именно оно, потустороннее, сверхъестественное явственно говорит нам о вполне естественных проблемах и как бы подталкивает пересмотреть наши глубинные противоречия, самообман, образ жизни, взаимоотношения с окружающими. Поэтому мистика социальна» (Гончаренко, 2021).

Осы пікірге сүйенетін болсақ, Қ. Мүбарак әңгімелерінің көпшілігі күнделікті өмірдегі қарапайым оқиғалардан басталады. «Қызғаныш» әңгімесіне екі дүниеде жүрген қыз бен жігіттің бір-бірімен кездесуі арқау болған. Кезінде сүйген қызы бір композитормен кетіп бара жатқанын көрген жігіт Жарияны отарбаның астына итеріп жіберіп, қос аяқсыз қалдырған. Енді ол көрде тыныш жата алмай кек алуға келіп, жігітті екі аяқсыз қалдырады. Мистикалық шығармалардың кейіпкерлері басқа дүниенің өкілдері болатынын еске алатын болсақ, о дүниеден келіп кегін қайтарып жүрген аруақтың тірлігі оқырманның бойына қорқыныш туғызады. Өзге дүниеден келіп бойымызға қорқыныш ұялататын кейіпкердің сөздеріне мән беретін болсақ, Жария – кезінде қызғаныштың құрбаны болған жан. Қызғаныштың әлімсақтан бері адамдармен бірге жасап келе жатқанын есімізге алатын болсақ, жазушы осы қорқынышты оқиға арқылы адамдар арасындағы қызғаныштың үлкен қасіретке, адам өліміне дейін апаратынын оқырманның есіне салған.

«Жат құшақ» әңгімесіне жарық сөнсе пайда болатын жын-перінің қызының құшағына кіретін жігіт құпияның сырын білмей дал болады. Көзге көрінбейтін ару одан балалы болып, баласын емізіп отырғанда, құпияның сырын білуге, баласын көруге ынтықкан жігіт жарықты жағып жібергенде екеуі де буға айналып ұшып кетеді. Мистикадаға тосын қорқынышты оқиға жұрт күткен кезде емес, оқырмандар қырағылығын жоғалтқан кезде болатын болса, перінің қызы мен баласының буға айналып кетуінен осы ерекшелікті көруге болады.

Осы қатарда жазушының «Сайғақ», «Ескексіз қайық», «Пері көші», «Жыртық көйлек» мистикалық әңгімелерін атауымызға болады. «Сайғақ» әңгімесі бір қарағанда реалистік әңгімеге ұқсайды. Жазушының реализмнің өзінен мистика жасайтыны туралы әдебиеттанушы ғалым Д. Амантай: «Қойшыбек Мұбарактың шығармалары Милорад Павичті еске түсіреді. Милорадта реализмнің өзі мистикалық тұрғыда бейнеленеді. Яғни, реализм мен мистиканың арасында шекара жоқ, бір-біріне өтіп кетіп отырады. Ғұлама қаламгер Габриэль Гарсиа Маркес пен Карлос Фуэнтестің туындылары сияқты», – деген болатын (Амантай, 2013). Осы пікірге сүйенетін болсақ, жол апатына ұшыраған Қаланның жоғалтып алған сұлуы Кәусармен ауруханада кездесуі реализм. Әңгімедегі өмірде болған шынайы оқиға Қаланның өң мен түстің арасында көретін оқиғаларымен мистикаға ауысады. Мистикалық шығармалар негізінен қорқынышқа негізделетін болса, Кәусарға қатысты оқиғалар қорқыныш ұялатады. Автор тек кейіпкердің қорқынышын емес, оқырманның да қорқынышын туғызып отыр. Қорқынышты көріністің кейіпкерге әсер еткені тәрізді, оқырманға да қорқыныш, үрей туғызады. Жазушы құбыжық, елес, түнгі зираттардан да өзге қорқыныштың болатынына назар аударған.

Филология ғылымдарының кандидаты Ж. Мәмбетов пен Г. Әбиханова жазушының мистикалық әңгімелері туралы: «Жалпы жаңа үрдіске аяқ басқан жаңашыл жазушылардың ойлау еркіндігі мен қиял шыңына көтерілуге тұсау жасалмаған лазым. Сонда қоғам мәдениеті, дүниетанымы, философиясы, қала берсе экономикасы да дамитыны шүбәсіз. Ал дәстүрлі әдебиеттен алшақ, мұндай туындылар арқылы қазақ әдебиеті де шетелдік жауһарлар қатарының алғы шебінде көрінетіні сөзсіз», – деген пікір білдіреді (Мәмбетов, 2016). Осы пікірге сүйенетін болсақ, жазушының перінің қыздары, жын-перілер, елес, әруақтар қатысқан жаңа сипаттағы мистикалық әңгімелері қазақ әдебиетінің көркемдік жетістігі болып саналады.

Тәуелсіздік тұсындағы әңгімелердің бір ерекшелігі – негізгі кейіпкерлердің өмірден алынған, қасымызда жүрген қарапайым адамдар болып келуі. Ұлттық әдебиеттегі «қарапайым адамдар» бейнесін шағын жанрда жеткізе бейнелеген қаламгердің бірі – жас жазушы Бақытгүл Сәрмекова. Оның «Кейіпкерлер» жинағына енген әңгімелерінің негізгі орталық кейіпкерлері – «қарапайым адамдар». Жазушы екі дәуір тоғысындағы ауыл мен қала тіршілігін қатар суреттеді десек, солардың басым көпшілігі – қиырда жатқан қазақ ауылдарының таныс, бейтаныс кейіпкерлері. Таныс дейтініміз, сондай қарапайым кейіпкерлер әр ауылда, әр қалада бар, бейтаныс дейтініміз, жазушының кейіпкерлері – өзі туып өскен ауылдың байырғы тұрғындары.

Шағын әңгімелерде ерекше қызмет атқаратын әдістің бірі – параллелизм. Жазушының «Ақторының халі» әңгімесінде парллелизмді ерешке пайдаланғанын баса айтуға болады. Екі ұқсас затты параллель суреттеудегі шеберлікті даланы ғана иелік етіп, аспанға шапшитын асау жылқы Ақторы мен отызды орталаса да күйеуге шықпаған кейіпкеріміздің арасындағы ұқсастықтан, «Ақындардан жирену» әңгімесіндегі жемтігін аңдыған мысықтың торғайды бас салуы мен ақын ағасының қалаға ауылдан арман қуып келген бейкүнә қызды жемтік етуінен көруге болады.

Ақторы мен кейіпкер арасындағы ұқсастықты «Ауыздығын тартқанда езуінен қанды көбік атып, көзі алақтап, шыңғыра кісінеген Ақторының аянышты хәлі» (Сәрмекова, 2024: 87) мен жұмыссыз қалған автор-кейіпкердің «Тіпті еден жууға да жарамай қалдым. Әйтпесе мені жұмыс іздемеді дейсіз бе? Кеше таңертеңнен бері нәр сызбаған асқазан да шыдамсызданып кетті. Телефонның үні әлдеқашан өшкен, тек банктегі несиемнің пайызы өсіп бара жатқанын хабарлап, банк қызметкерлері ғана хабарласады» (Сәрмекова, 2024: 84) деген аянышты күйлерінен көруге болады. Екеуінің де жағдайы мүшкіл, Ақторы еркіндігін билеген екі аяқтыларға тәуелді болса, біздің кейіпкеріміздің тынышын алған пайғамбар жасындағы бастығы тегін-нен-тегін жұмыстан шығарып отырған жоқ. Отыздан асқан көрікті қыз көзінің құрты болған соң, қу нәпсіге ие бола алмай өз дегеніне көндіру үшін оны тығырыққа тіреу. Тығырықтан шығатын жол таппаған қыздың құрыққа өзі келіп түсетіні даусыз.

Әңгімедегі әлділердің әлсіздерге күн бермеуі – бір қарағанда табиғат заңы тәрізді көрінеді. Бірақ екі аяқты адамзаттың сезімсіз жан-жануарлар мен құстардан айырмашылығы болу керек қой деген ой мазалайды. Тұрмыс құрмаған, жеңіл жүріске бармаған қыздың жанын түсінбей, оны өз дегеніне көндірген мырза – өмірден алынған, ешқандай боямасыз шынайы кейіпкер. Жазушының негізгі жетістігі – біз өмір сүріп отырған таныс, бейтаныс кейіпкерлерді әдебиетке алып келуі. Замандастары өміріндегі аянышты оқиғаларды тіршілік заңымен параллел суреттеуі оның параллелизмді терең меңгергенін байқатады.

Қазіргі замандағы үлкен қалаларда жүрген қазақ қыздарының тағдырын шынайы бейнелеген келесі әңгіме – «Ақындардан жирену». Оқиға ауыл тойына Атыраудан келген арқалы ақынның тойда көсіліп сөйлеуімен басталады. Арқыраған арқалы ақынды тірі пенде тыңдамағанмен, Орынгүл ғана ұйып отырды. Ештеңе түсінбесе де тірі ақынды көргеніне қуанышты. Той үстінде ебін тауып ақынмен танысып та, өзінің өлең жазытыны айтып та, визиткасын алып та үлгерді. «Тері шып-шып сыртына шыққан шыт көйлегінің қалтасынан Итбай визиткасын алып, Орынгүлге ұстатты. Визиткасы дымқылданып қалған екен, Орынгүл бетіне басты» (Сәрмекова, 2024: 93). Бұл – кішкентайынан өлеңге жаны құмар қыздың, сөз қасиетін түсінетін ақындарға деген үлкен құрметі еді.

Бұл кезде қалаға келіп ақын ағасына алданған Орынгүл қалада шаштараз болып, бір-екі шалдың долларын санап жүрген жайы бар. Енді ол баяғы ауылдан келген бұйығы қыз емес, ақын ағасының дегеніне көнетін. Ақын ағасы көмек қолын созбақ болып, бір асаба жігіттегі үш мың теңгесін алып бермек болғанда, «үш мың теңгеңізге бензин құйып аларсыз машинаңызға», – деп есікті жаба берді.

«– Қалқам, тоқташы, деп – машинадан шыға бергені сол еді, ол ортан терек саусағын шошайтып шығарды да, Итбайдың мұрнына тақады. Үшкір тырнақ жүрегін осып өткендей, машинасына сылқ етіп отыра кетті де «Тырнағы мұнша ұзын болар ма еді?!» деп ойлады (Сәрмекова, 2024: 98). Жазушы аз уақытта адам танымастай өзгерген Орынгүлдің сырт келбеті ғана емес, өмір туралы көзқарасы да өзгергенін сояудай қызыл тырнақпен көрсетуге тырысқан. Қанжар тәрізді

тырнақтың кез келген жеріңді осып түсуі әбден мүмкін, бұл – Орынгүлдің тырнағы ғана емес, қолы да, ойы да ұзарғанының белгісі. Осы әңгіме жөнінде Peter Gordon былай дейді: «Сармекованың Қазақстаны – ауылдың, даланың, қаланың бірі; оның кейіпкерлері ауыл адамдарынан, ауылдағы егіншілер мен қойшылардан қаладағы ақындарға дейін. Іс жүзінде екі байланыстырылған әңгіменің тақырыбы жас протежді пайдаланатын ер ақын және такси жүргізушісі туралы, Парижде немесе АҚШ колледжінің кампусында оңай орын алуы мүмкін (және болуы мүмкін) оқиға туралы баяндайды» (Gordon, 2024). Жазушы шығармаларының ағылшын тіліне, аударылуы, екі грантты жеңіп алуы – оның өзіміз өмір сүріп отырған қоғам шындығын шынайы бейнелейтіндігі.

Жазушы әңгімелеріне тән келесі ерекшелік – қысқа да нұсқа жазатындығы. Қазіргі прозадағы микрожанр туралы Е.Хуатбекұлы былай дейді: «... микрожанрлар қазіргі қазақ прозасындағы келешегі зор бағыт деп тұжырымдауға болады. Олардың танымалдығы мен өзектілігі оқырмандардың сұранысы мен үмітін қанағаттандыратынын көрсетеді. Бұл кезеңде микрожанрларды зерттеу енді ғана басталып жатыр, әрі бұл бағыттағы жұмыстар олардың әдеби үдерістегі рөлі мен маңызын тереңірек түсінуге көмектеседі деп ойлаймыз» (Хуатбекұлы, 2024: 99). Осы пікірге сүйенетін болсақ, Б.Сәрмекованың қысқа жазу үлгісімен әлем әдебиетінде қалыптасқан микрожанрды қазақ әдебиетінде қалыптастыруға үлес қосып жүргені байқалады.

Жазушы «Мөлдір» әңгімесіндегі Мөлдірді былай сипаттайды: «Шаруақор екен, таңертең ерте тұрып су тасиды, кілем қағады, жүгіріп келіп біздің үйдің егініндегі арамшөптерді жұлуға көмектеседі. Ал мен көлеңкеде жатып алып кітап оқимын» (Сәрмекова, 2024: 62). Ән айтатын жап-жақсы даусы бар мектеп оқушысы Мөлдір өмірінің күрт өзгеруіне отбасының әлеуметтік жағдайы мен нәпсісіне ие бола алмаған малшының көмекшісі кінәлі. Еңбекқор қыздың жастайынан әке-шешесіне ілесіп, жазғы демалыста жайлауға барып көмектесуі, арының төгілуі, ауыл балаларына көзтүрткі болуы, тоғызыншы сыныптан соң мектептен шығып кетуі – Мөлдірдің ғана емес, сондай қиыншылықтарды басынан өткерген әлжуаз, қарапайым, кішкентай ғана жандардың қилы тағдырының көрінісі. Осы бейкүнә кейіпкері туралы жазушы «Үркер» бағдарламасына берген сұхбатында «...мен бәрібір сол кейіпкерден төмен тұратынымды айтқым келді», – дейді.

4. Зерттеу нәтижесі

4.1. Ұ. Дәлейұлының «Сен әкелген жаз» әңгімесіндегі Адинаның ағасына жазып қалдырған хаты, «Ғұмыр гүлі» әңгімесіндегі кейіпкерлердің бір-біріне жазған хаттары жазушы шығармаларының эпистолярлық сипатын айшықтай түссе, жоғарыда көрсетілген бірсыпыра әңгімелерінде мистикалық сарын бар. «Жылқыайдар айтқан хикая», «Жетіқұдықта жол тосқан тоғыз мерген», «Тасбұлақта «жусаған» Қызыл әскер» хикаяларын айтушылар өр Алтай өлкесіндегі тарихи оқиғаларға жан бітірсе, автор сол тарихи оқиғаларды XXI ғасырға жеткізді. Есімхан, Ырысхандар бастаған бұлғақтың туын көтерісіп, қазақ қосындарының бас қолбасшысы болған Сүлеймен

мерген мен Сұрмергеннің (Шәукей) қасында жүріп, талай майдандарда қан кешкен атақты мергендер мен батырлардың әңгімесін тыңдап өскен болашақ жазушы өмірден өткен ата-баба рухына сөзден ескерткіш соқты.

4.2. А. Рақыштың шығармаларының негізгі ерекшелігі – ұлттық құндылықтарды көтеруі. Жинаққа енген әңгімелердің бірсыпырасының кейіпкерлері – мектеп оқушылары. Жазушы мектепте оқушыларға сабақ беріп жүрген ұстаз болғандықтан, бүгінгі білім беру жүйесі мен бала психологиясы жанына жақын. Сондықтан да ол қазіргі таңдағы мектептегі проблемаларды шағын әңгімемен көтеруге ден қойған. Сонымен бірге жазушы қазіргі таңдағы жасанды ұрықтандыру, тастанды бала дегендерге басы бүтін қарсы. Классикалық қалыптасқан үлгідегі реалистік әңгімелер бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның шындығын көркем шындыққа айналдыруымен бағалы.

4.3. Жазушы Қ. Мәбаракұлы мистикалық әңгімелерін жазуда ақын Ж. Бөдеш айтқандай, «Қойшыбек тілді төгіп-шашып, ысырап қылмай, үнемді қолданатын» көрсетті. Оның жарты беттік және бір жарым бетті ғана қамтитын әңгімелері туралы жазушының қазіргі таңда әлем әдебиетінде орныған қалған қысқа жазу үлгісін қалыптастырғанын ерекше атауға болады. Жарты беттік «Мәңгілік сауға», «Мылқау», 1 беттік «Көккұрт», «Дақ», «Қылмыскер», «Түнек» әңгімелерінен қысқа жазудың үлгілерін көрсек, перінің қыздары, жын-перілер, елес, әруақтар қатысқан әңгімелері мистикалық сипатта жазылған.

4.4. Қазіргі таңда, әлем әдебиетінде қысқа да нұсқа жазу белең алуда. Қысқа жазудың үлгілерін Б. Сәрмекованың әңгімелері растайды. Ағылшын жазушысы Peter Gordon Сәрмекованың аудармашысы Миргүл Қали әңгімелерді түпнұсқадай табиғи тілмен жеткізу арқылы авторға үлкен қызмет еткенін айта келіп, «Ақындармен тозаққа» әңгімесі туралы былай дейді: «Әңгімелер, негізінен, қысқа. Бар болғаны 100 бетке жинақталған жиырмасы бар. Кейбіреулері өте қысқа, бірнеше жүз сөз. Бұл өз алдына жақсы да, жаман да емес. Ең бастысы, Сармекова (өте) қысқа форманың шебері екені анық. Кейбір оқиғалар толығымен сюжетті болса, кейде сюжет тек виньеткада ғана айтылады» (Gordon, 2024). Айтса айтқандай, 140 беттік жинаққа 31 әңгіме енген. Осыған қарап әңгімелердің 3-4 беттен аспайтын қысқалығын баса айтуға болады. Бұл – жазушының микрожанрды еркін игерген стильдік ерекшелігі.

5. Қорытынды

XXI ғасырдағы қазақ прозасы жаңа кейіпкерлермен, тарихи тұлғалармен толықты. Ұ. Дәлейұлы әңгімелеріндегі Есімхан, Ырысхандар бастаған бұлғақтың туын көтерісіп, қазақ қосындарының бас қолбасшысы болған Сүлеймен мерген мен Сұрмергеннің (Шәукей) көркем бейнелері жасалды. Жазушы қазақ тарихында үлкен орны бар тарихи тұлғалардың бейнесін ұлттық прозаға алып келді. Сонымен бірге қазақтар мекен еткен Серіліктау, Жігербай асуындағы жалғыз ағаш, «Көбеш батыр моласы», «Сайтан асу», «Көктоғай көлі», «Құрманбай тамы», Сөрті, Бәйже, Саз, Шөке жайлаулары, Көктерек, Ақбиік асуы, Құбының құмы мен Шігіртай арасы, Секпілтай, Шаңқан, Тұрғын, Талдысай, Қияқсай, Елубай құдығы, Күректі белі, Шәкір тұмсығы,

Әмір-Сана шыңы, Қара Ертіс, Бала Ертіс жағасы тәрізді жер атаулары өз тарихымен әдебиетке келді.

Айзат Рақыштың шығармаларынан өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу байқалады. Оның әңгімелеріндегі мектеп оқушыларының істеріне қарап отырып, өсіп келе жатқан буынның көзқарасын байқауға болады. Сонымен бірге автор, XXI ғасырда ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарға назар аударған. Жасанды ұрықтандыру, тастанды балалардың тағдырына алаңдамаған аналар қатары күн санап көбейіп келе жатқаны белгілі. Жазушы қазірден қолға алмасақ ұлттың болашағына үлкен қауіп туғызатын кесапаттардан сақтануға шақырады.

Мүбарак Қойшыбекұлы – микрожанрды шебер игерген жазушы ретінде танымал. Мистиканың жанрына сай онда түсініксіз және қорқынышты оғаш нәрселер көп болуы тиіс, бірақ барлық оғаш нәрселер сюжетке логикалық түрде біріктірілуі, қорқыныштардың логикалық негізі болуы керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жазушының мистикалық әңгімелерінің өзіне әлеуметтік мәселелердің арқау болатынын жоғарыдағы әңгімелерден көруге болады. Өң мен түстің бірігіп кетуі арқылы қоғам өміріндегі сан сауал мен құпияға толы табиғат құбылыстарына жауап іздеген автор оны оқырманның өзіне қалдырған.

Бақытгүл Сәрмекованың «Кейіпкер» жинағына енген шағын әңгімелері Лондондағы «Tilted Axis Press» баспасынан «To hell with poet» деген атпен жарық көріп, Халықаралық «Букер-2024» (Booker Prize) сыйлығына үміткер ретінде ұсынылды, Халықаралық «Pen America» қорының «Pen Heim translation-2022», 2023 жылы британдық «English Pen» қорының грант иегері атанды. Әңгімелердің ағылшын тіліне аударылып, оқырманға тез таралуының негізгі себебі – өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы замандастарымыздың басынан кешіп отырған өмір шындығының шынайы бейнеленуі.

Жоғарыдағы мысалдардан көргеніміздей, қазақ жазушылары заман талабына сай қысқа жазу формасы болып табылатын микро-әңгіме жанрын еркін иегере бастаған. Қ. Мүбарактың жарты беттік, бір беттік, бір жарым беттік әңгімелері мен Б. Сәрмекованың 2-3 беттік әңгімелерінен микрожанрдың ұлттық прозада қалыптасып қалғаны байқалады.

Әдебиеттер:

1. Амантай Д. Жас прозаиктерге не жетіп, не жетпейді? // Жас өркен. – 2013. – 20 қараша.

2. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (повестер мен әңгімелер): филол. ғыл. докт... дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 44 б.

3. Orda G., Khudaibergenov N., Sarsenbayeva Zh., Amanzhol S., Mursalimova N. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature // Opción. – 2019. – Año 35, No.89. – P.177–194. – ISSN 1012-1587 / ISSNe: 2477-9385. https://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85072153777\&partnerID=MN8TOARS

4. Гончаренко С. Мистика как жанр литературы и её отличие от ужаса (хоррора). – 2021. – 3 ноября. https://litra.online/author_naiznanku/mistika-kak-zhanr-literatury-i-ejo-otlichie-ot-uzhasa-horrora

5. Демен Т. Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдардың бастау көздері, даму арналары // Proceedings of the 5th International Scientific Conference «World Scientific Reports». – Paris, France, 2024. – ISBN 978-3-7922-9944-9. – DOI: 10.5281/zenodo.

6. Дәлейұлы Ұ. Хат бармайтын қыстақ: әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2024. – 208 б.

7. Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы: Алатау баспасы, 2006. – 352 б.

8. Елеукенов Ш. Айзат айшықтары // Қазақ әдебиеті. – 2016. – №41–42. – 27 қазан.

9. Gordon R. «To Hell with Poets» by Bakhytgul Sarmekova // Asian Review of Books. – 2024. – 26 March. https://asianreviewofbooks.com/content/to-hell-with-poets-by-baqytgul-sarmekova

10. Жанұзақова Қ., Өтепбергенова Г. Қазақ прозасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №4–5 (150–151). – Б. 51–57.

11. Мәмбетов Ж., Әбиханова Г. Мистиканың үзілмей жеткен арқауы // Түркістан. – 2016. – 20 қазан. https://turkystan.kz/article/15086-mistikany-zilmey-zhetken-ar-auy

12. Рақыш А. Мұз үстіндегі қызғалдақ: әңгімелер мен хикаяттар жинағы. – Алматы, 2018. – 176 б.

13. Саметова Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр). – Алматы, 2021. https://qyzpu.edu.kz/uploads/uploaded_files/%

14. Сахиқызы З. Тегеурінді ойдың иесі // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 8 маусым.

15. Сәрмекова Б. Кейіпкер: әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2024. – 144 б.

16. Сәрмекова Б. Кейіпкер. https://www.youtube.com/watch?v=fdt7rst6wYO\&ab_channel=AbaiTV%2F%D0%B1%D0%B0%D0%B9TV

17. Хуатбекұлы Е., Нұрақбаева А., Абиханова Г. Қазіргі қазақ прозасы: жанрлық ізденістер мен микрожанр үлгілері // Керуен. – 2024. – №4 (85). – Б. 90–100. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-07

References:

1. Amantai D. (20 November 2013) What Do Young Prose Writers Have and What Do They Lack? // Zhas Orken. (in Kaz.).

2. Baltabaeva G. (2010) «The Artistic World of Kazakh Prose in the Independence Period» (Novels and Short Stories). Abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Philological Sciences. Almaty, 44 p. (in Kaz.).

3.Sarmekova Bakytygul. Keipker. YouTube, https://www.youtube.com/watch?v=fdt7rst6wY0\&ab_channel=AbaiTV/АбайTV (in Kaz.).

4. Daleiuly U. (2024) Hat barmaityn kystaq. Astana: Foliant, 208 p. (in Kaz.).

5. Demen T. (2024) Sources and Development Trends of Artistic Searches and Currents in Modern Kazakh Prose. // Proceedings of the 5th International Scientific Conference "World Scientific Reports" (25–26 January 2024). Paris; ISBN 978-3-7922-9944-9; DOI 10.5281/zenodo.10578575. (in Kaz.).

6. Eleukenov Sh. Aizat Aishiktary (27 October 2016) // Kazakh Literature. № 41-42. (in Kaz.).

7. Eleukenov Sh. (2006) Kazakh Literature in the Independence Period. Almaty: Alatau Publishing House, 352 p. (in Kaz.).

8. Orda G., Khudaibergenov N., Sarsenbayeva Zh., Amanzhol S., Mursalimova N. (2019) The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature. Opción, Año 35, No. 89: 177–194; ISSN 1012-1587 / ISSNe 2477-9385. http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85072153777\&partnerID=MN8TOARS (in Eng.).

9. Goncharenko S. (3 November 2021) Mysticism as a Literary Genre and Its Difference from Horror. https://litra.online/author_naiznanku/mistika-kak-zhanr-literatury-i-ejo-otlichie-ot-uzhasa-horrora (in Russ.).

10. Gordon R. (26 March 2024) "To Hell with Poets" by Bakhytgul Sarmekova. Fiction. https://asianreviewofbooks.com/content/to-hell-with-poets-by-baqytgul-sarmekova (in Eng.).

11. Khuatbekuly E., Nuraqbaeva A., Abikhanova G. (2024) Modern Kazakh Prose: Genre Explorations and Microgenre Models // Keruen. № 4 (85). Pp. 90-100. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-07 (in Kaz.).

12. Mambetov Zh., Abikhanova G. (20 October 2016) The Unbroken Thread of Mysticism // Turkistan. https://turkystan.kz/article/15086-mistikany-zilmey-zhetken-ar-auy (in Kaz.).

13. Raqysh A. (2018) Muz ustindegi qyzgaldak. Almaty: Tolganay Publishing House. 176 p. (in Kaz.).

14. Sametova Zh. (2021) Artistic Searches and Trends in Modern Kazakh Prose and Their Teaching (21st Century). Almaty,. https://qyzpu.edu.kz/uploads/uploaded_files/% (in Kaz.).

15. Sakhykyzy Z. (8 June 2018) A Thinker of Powerful Ideas // Kazakh Literature. (in Kaz.).

16. Sarmekova B. (2024) Keiipker: Short Stories. Astana: Foliant. 144 p. (in Kaz.).

17. Zhanuazakova Q., Otepbergenova G. (2014) The Issue of Tradition and Innovation in Kazakh Prose // Kazakh National University. Bulletin. Philology Series. № 4–5 (150–151). Pp. 51-57. (in Kaz.).

ҒТАМР 17.82.30 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-16

А.Е. Айтбаева[1], З.Н. Ермағанбетова[2*], Г.Ш. Бекмағамбетова[3]
[1,2,3]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
E-mail: [1]aiman_aitbaeva @ mail.ru, [2]zuhra_9195@mail.ru, [3]gumi1778@mail.ru
ORCID:[1]0000-0003-2346-3211, [2]0000-0003-4686-785X, [3]0009-0008-6900-1526

Қ. МӘДІБАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ МҰХТАР ӘУЕЗОВ КІТАПХАНАСЫ

Аңдатпа. Мақалада профессор Қанипаш Мәдібай зерттеулеріндегі Мұхтар Әуезов кітапханасы туралы сөз болады. Жазушының «Мұхтар Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында сақталған жеке кітапханасы бойынша тұлғатану, шығармашылық зертхана бойынша арнайы зерттеу жұмыстар жүргізу өзектілігінде ой қозғалады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлзия Пірәлі алғаш рет арнайы түзілімін, қысқаша сипаттамасын жасаған «Мұхтар Әуезов кітапханасы» (2015) атты Анықтамалық зерттеу еңбек негізінде тұлғатану бағыттарында ғылыми айналымға түсуі тиісті жазушының кітап жинау, оқу, әрбір еңбекке қатысты жедел, қысқа белгілер түсіріп отыру фактісінде жалпыадамзаттық ортақ игіліктер, ұлттық құндылықтар ауқымындағы шығармашылық кітапхана мәселесінде танып, ұғынудың міндетті зерттеу арналары сараланады. «Мұхтар Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында жүргізіліп жатқан әуезовтану бойынша зерттеулердің бір бағыты – жазушы архивінде сақталып, кейін бірқатары М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағында берілген. Қайсыбірі әлі де беймәлім қалған шығармашылық, ұмырбаяндық факторлар мен фактілерге қатысты дерекнамалық негізді ғылыми айналымда ұстау өзектілігі тақырып ауқымында пысықталып отырды. Зерттеуші «Мұхтар Әуезов кітапханасы» Анықтамалық зерттеу еңбектегі қазақ әдебиетінің тарихы, абайтану, әуезовтануға байланысты ғылыми айналымға түспеген елеулі деректер, ақпараттар бар екендігі туралы ой қозғайды. Мақалада қаламгер кітапханасы арнайы зерттеудің шығармашылық зертхана бойынша жұмыс жүргізудегі, әдебиеттанудағы танымдық-ақпараттық маңыздылығындағы өзектілігін айқындау бойынша белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Зерттеу нәтижелерін қазіргі заманғы қазақ әдебиеттану ғылымының тұлғатану, әдебиет тарихы мәселелерінде нақтылы дерекнамалық негіз; теориялық, тәжірибелік мәнде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: архив, дерекнама, тұлғатану, қаламгерлік қолтаңба, әдістеме, жанрлық негіз, жеке кітапхана.

A.E. Aitbaeva[1], Z.N. Ermaganbetova[2*], G.Sh. Bekmagambetova[3]
[1,2,3]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
E-mail: [1]aiman_aitbaeva @ mail.ru, [2]zuhra_9195@mail.ru, [3]gumi1778@mail.ru
ORCID:[1]0000-0003-2346-3211, [2]0000-0003-4686-785X, [3]0009-0008-6900-1526

MUKHTAR AUEZOV'S LIBRARY IN K. MADIBAI'S RESEARCH

Annotation. The article reflects the relevance of conducting special research work on personal studies, creative laboratory on the personal library of the writer, which is stored in the scientific and cultural center «Mukhtar Auezov House». The reference study «Mukhtar Auezov library» (2015), created for the first time a special formation, a brief description of which Gulziya Pirali, a researcher of the scientific research institute, which is 60 years old in 2023, should go into scientific circulation in the areas of personal studies on the basis of work; the fact that the writer collects books, reads, makes quick short notes on each work, distinguishes the mandatory research channels of knowledge and understanding on the issue of a creative library on the scale

of universal common goods, national values. One of the areas of research on auezov studies conducted in the scientific and cultural center «Mukhtar Auezov House» is stored in the writer's archive, and later a number of works by M. Auezov are presented in a 50-volume collection. The relevance of keeping the source basis in scientific circulation in relation to some of the still unknown creative, scientific factors and facts was worked out on the scale of the topic. The reference research work «Mukhtar Auezov library» contains significant data, information that has not entered scientific circulation related to the history of Kazakh literature, Abay studies, Auezov studies. In the article, certain results were achieved to determine the relevance of a special study of the writer's library in the work on a creative laboratory, in the cognitive and informational significance of literary studies. The results of the study can be used in the field of personal studies of modern Kazakh Literary Studies; a specific source base in the history of literature; in theoretical and practical terms.

Keywords: archive, source, personal studies, pen signature, methodology, genre framework, personal library.

А.Е. Айтбаева[1], З.Н. Ермаганбетова[2]*, Г.Ш. Бекмагамбетова[3]
[1,2,3]Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
E-mail: [1]aiman_aitbaeva @ mail.ru, [2]zuhra_9195@mail.ru, [3]gumi1778@mail.ru
ORCID:[1]0000-0003-2346-3211, [2]0000-0003-4686-785X, [3]0009-0008-6900-1526

БИБЛИОТЕКА МУХТАРА АУЭЗОВА В ИССЛЕДОВАНИЯХ К.МАДИБАЯ

Аннотация. В данной статье в истории ауэзоведения впервые рассматривается вопрос личной библиотеки М.О. Ауэзова. Библиотека, собранная самим писателем хранится в научно-культурном центре «Дом М.О. Ауэзова», образованном в 1963 году. Материалы Справочника составленного в 2015 году главным научным сотрудником, доктором филологических наук, профессором Гулзией Пирали имеет определенное научное значение в современном ауэзововедении как источниковедческий фактор. В Справочно-исследовательском изданий «Библиотека Ауэзова» изложены краткие описания каждой отдельной книги. Автор. Год издания. Тематика. Научное направление. Отметки внесенные самим М.О. Ауэзовым при чтении конкретного издания. Данные по книгам имеют важные сведения о творческой личности писателя: какие издания особо интересовали его; замечания писателя по содержаниям имеют какие подтексты; вошли ли в научной оборот тестологические работы по переводам Абая, которые сохранены в книжном экземпляре некоторых изданий Абая разных лет и т.д. Эти вопросы оставались по сей день открытыми. Приведенные факторы и факты впервые рассмотрены как актуальный научный вопрос. Результаты исследования могут быть применены в изучении творческой биографии М.О. Ауэзова, истории казахской литературы, в вопросах современного абаеведения.

Ключевые слова: архив, источниковедение, художественный почерк, методика, жанровые основы, личная библиотека.

1. Кіріспе

Қазақ халқының мәдени, әдеби даму тарихында жазушы, драматург, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі аса ірі қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алатын орны ерекше. Ол – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен зор еңбек сіңірген XX ғасырдың ұлы жазушысы. Шығармашылық сапары өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы дауылды дүрбелеңімен, яғни қазан төңкерісімен тұстас

келген суреткер 20-жылдардың бас кезінде жазылған «Қорғансыздың күнінен» «Абай жолы» роман-эпопеясына, «Еңлік-Кебек» трагедиясынан «Қарақыпшақ Қобыландыға», отызыншы жылдардағы әңгімесі – «Білекке білектен» – «Өскен өркен» романына, эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан КСРО халықтары әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық және интернационалистік сипат мәселелеріне арналған терең теориялық зерттеулеріне дейін ұзақ та жемісті жол кешті. Оның бүкіл қазақ әдебиетінің асқақ тұрған күмбезіндей «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік даңққа ие болды. М.Әуезовтің таңдаулы шығармалары осы заман әдебиетінің жер жүзілік көлемде танылған жаңашылдығын дәлелдеді. «Әдеби еңбек – негізінен автордың идеясын білдіру құралы болып табылатын өнер түрі. Адам өмірі мен ол бастан кешетін түрлі мәселелер автордың әдеби шығарма жазудағы шабыт көзі болып келеді. Сондай-ақ әдеби шығарма – автордың өмірге көзқарасын жеткізу құралы. Мұндай жағдайда, автор өзі бейнелейтін адам өмірінің шындығын айқындап алады»(Danik S., Herman J.W., Kundharu S, 2021).

Мұхтар Әуезовтің рухани мұрасы жалпыадамзаттық ортақ игілік маңыздылығында ондаған жылдар бойы арнайы, іргелі зерттеулер ауқымында қазіргі әуезовтанудың өзегіне айналды. Қазақ әдебиетінің тарихында шығармашылық тұлға мұрасын арнайы зерттеу, тұлғатану бағытында басым зерттеліп отырғанның өзінде Мұхтар Әуезов мұрасын ғұмырбаяндық фактілер өзектілігінде игерудің маңызды бағыттары күн тәртібінде тұр.

Қиын уақыттарда өз биографиясын толықтырып жазудан да шектеу көрген Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасы қазірде «Мұхтар Әуезов үйі» ҒМО сақтаулы тұр. М. Әуезов үйіндегі кітапхананы арнайы тізімге алып, қысқаша анықтама, сипаттамасын жасау ісі 2015 жылы жүргізіледі.

Зерттеуші Қ. Мәдібаева «Мұхтар Әуезов кітапханасы» атты Анықтамалық-зерттеу еңбек жарық көргелі де бірнеше жыл өткендігін айтады. Таралымы бар-жоғы 500 дана болып шыққан анықтамалықтағы жазушының шығармашылық зертханасына қатысты елеулі деректер бойынша арнайы зерттеу жұмысын жүргізу өзектілігі барына назар аударады.

Мұхтар Әуезов кітапханасын әлемдік тәжірибе ауқымында жеке тұлғаның жалпыадамзаттық рухани қормен жұмыс істеу тәсілі; жеке кітапханадағы кітаптардың тақырыптық бағыты, жанры; жазушының кітаппен жұмыс барысында қарындашпен, қаламмен сызып, белгі-таңбалар түсіріп айрықшалап отыратын мәтіндердің көркемдік, тарихи, дүниетанымдық дінтанымдық, тілтанымдық бағыттардағы мәнмаңызы; оқыған тұтас адамзатқа ортақ игілігінен бойына сіңіргені, ойына ой қосуы, жалпы тұлғалық сапасын байыту факторы есебіндегі кітап фактісі; тақырыптық әдебиеттерді талдап, талғап оқудағы басымдық беретін бағыттары; жинаған кітапхана қорындағы жеке кітап бойынша текстологиялық жұмыстар; бағалаудағы қысқа, жедел пікірлер тасаланған белгі-таңбалар бойынша зерттеу қилы саяси-идеологиялық қыспақта өрістеген отандық әдебиеттану ғылымының тұлғатану бойынша толымды, мақсатты нәтижелерге қол жеткізуі бағытында өзіндік мәнге ие болмақ.

Профессор Гүлзия Пірәлі еңбектерінде бірегей тағдырлы тұлғаның ұлтжандылығы; зор ғылыми әлеуеті; кісілік бай мазмұны әуезовтанудағы танылым тарихы, өзекті әуезовтану өрісінде негізделді (Мәдібай, 2022). Ғалым Мұхтар Әуезов музей үйінің 60 жылдық тарихындағы ғылыми дәстүрлер өнегесінде ілгерідегі Н.М. Әуезова, М. Мырзахметов, Т. Әкім, А. Қуанышбаев, З. Серікқалиев, Т. Жұртбай, Б. Майтанов, Р. Әбдіғұлова, т.б. орнықтырған зерттеу тәжірибесімен сабақтастықта жұмыс жүргізген.

Айтулы тұлғалардың кітапханасы мен олардың кітап оқу тәсілдері, өзіне ғана мәлім белгімен таңбалап отыру дағдылары бойынша жүргізілетін зерттеулердің әлемдік тәжірибесінде, Әуезов кітапханасындағы 6 мыңнан астам әрбір кітаптың әрбір белгісіне ғылыми түсініктеме жазылуы өзектілігінде аса құнды дерекнамалық түзілім, Анықтамалық сипаттама жасалғандығы – атап айтарлық бастама.

Жинақты баспаға әзірлеген білікті әуезовтанушы Г. Пірәлі Мұхтар Әуезов кітапханасы, ондағы түрлі белгі-таңбалар тарихи-мәдени ескерткіш, іргелі зерттеу нысаны болып табылатынын орынды атап көрсеткен (Мәдібай, 2023).

Жеке тұлға кітапханасының руханият тарихындағы мән-маңызын жинақта Алғы сөзінде кең қамтып ой өрбітіп, осы бағытта жазылған бірқанша зерттеу еңбектің библиографиясын ұсынған.

5. Бекмұратова А.Т. Қарақалпақтардың тұрмысы мен отбасы: өткені мен бүгіні. – Нүкіс: Қарақалпақстан, 1970. (орыс.)

6. Диваев А. Ежелгі қырғыздардың жерлеу әдет-ғұрыптары // Қазан университеті жанындағы археология, антропология және этнография қоғамының еңбектері. – 1897. – Т. XIV, шығар. 2. – 182 б.; Қырғыздардың өлген адамға арналған жоқтаулары // Сол еңбектер. – Қазан, 1898. – Т. XIV, шығар. 5. – 558–571 б. (орыс.)

7. Есбергенов Х. Ескірген әдет-ғұрыптар мен салт-жоралардың сарқыншақтарымен күрес мәселесі (қарақалпақтардың «ас» асы) // Кеңестік этнография. – 1963. – № 5. (орыс.)

8. Зеленин Д.К. Сібірдегі онгондар культы. – Мәскеу; Ленинград: КСРО ҒА баспасы, 1936. – (ИААЭ еңбектері. Т. XIV. Этнографиялық серия. Шығ. 3). (орыс.)

9. Задыхина К.Л. Орта Азия халықтарындағы жас ерекшелікке байланысты топтардың сарқыншақтары // Рулық қоғам. Этнографиялық материалдар мен зерттеулер. – Мәскеу, 1951. – (ТИЭ, Т. 14). (орыс.)

10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1979. – Т. 4. – 562 б. (қаз.)

11. Кашкеева А.Б., Құлжанова Б.Р. Халық танымындағы табудың лингвомәдени қызметі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2023. – № 4 (145). – 45–55 бб. (каз.).

12. Келмағанбетова А., Мәжітаева С., Аязбаева Б., Рақымберлина С., Қадыров З. Коммуникациядағы ым-ишараның рөлі // Тіл біліміндегі теория және практика. – 2023. – 13(10). – 2506–2513 бб. (ағылшын)

13. Колбасенко И.С. Акушерлік маңызы бар кейбір қырғыз әдет-ғұрыптары мен наныымдары // Киев акушер-гинекология қоғамы отырыстарының хаттамалары. – Киев, 1889. – 3-жыл, шығар. 5. (орыс.).

14. Мұқан А., Матыжанов К. Қазақ отбасы фольклорының типологиялық ерекшеліктері // Utopía y Praxis Latinoamericana. – 2020. – 25-ж., № Extra 6. – 40–49 бб. https://orcid.org/0000-0003-3398-0108 (ағылшын).

15. Мустафина Р.М. Қазақтардағы наным-сенімдер, культтер мен ғұрыптар (XIX ғасыр соңы – XX ғасырдағы Оңтүстік Қазақстандағы тұрмыстық ислам контексінде). – Алматы, 1992. (орыс.).

16. Стасевич И.В. Қазақ әйелдерінің әлеуметтік мәртебесі: дәстүр және қазіргі заман. – Санкт-Петербург: Наука, 2011. – 200 б. (орыс.).

17. Цивьян Т.В. Ер/әйел оппозициясы және оның дүниетанымдық модельдегі жіктеушілік рөлі // Ерлер мен әйелдердің этникалық мінез-құлық стереотиптері. – Ленинград: Наука, 1991. – 77–91 б. (орыс.).

18. Тишин В.В., Серегин Н.Н. Ежелгі түркі қоғамындағы әйелдің орны // Тарихи психология және тарих социологиясы. – 2015. – № 1. – 109–127 б. (орыс.).

19. Харитонова В.И. Өзін-өзі іздеудің жанталасуы (кіріспе) // Әйел және шаманизмнің қайта өрлеуі: мыңжылдық тоғысындағы посткеңестік кеңістік. – Мәскеу, 2005. (орыс.).

References:

1. Abramyan, L. A. (1991). The world of men and the world of women: Divergence and encounter. In A.K. Baiburin & I. S. Kon (Eds.), Ethnic stereotypes of male and female behavior (pp. 109–132). St. Petersburg: Nauka, USSR Academy of Sciences, Institute of Ethnology. (Russ.).

2. Baiburin, A. K., & Kon, I. S. (Eds.). (1991). Ethnic stereotypes of male and female behavior (320 p.). St. Petersburg: Nauka. (Russ.).

3. Basilov, V. N. (1990). Two variants of Central Asian shamanism. Soviet Ethnography, (4), 66. (Russian)

4. Batyanova, E. P. (1994). Female shamans among the peoples of Siberia. In Woman and freedom: Paths of choice in a world of tradition and change. Proceedings of the International Conference, 1993. Moscow. (Russ.).

5. Bekmuratova, A. T. (1970). Life and family of the Karakalpaks: Past and present. Nukus: Karakalpakiya. (Russ.).

6. Dīvaev, A. (1897–1898). Ancient Kyrgyz funeral customs (1897); Kyrgyz laments for the deceased (1898). Proceedings of the IOAE at Kazan University, 14(2), 182; IAIOE, 14(5), 558–571. (Russ.).

7. Explanatory dictionary of the Kazakh language (Vol. 4, p. 562). (1979). Almaty. (Kaz.).

8. Esbergenov, Kh. (1963). On the struggle against relics of obsolete customs and rituals (Karakalpak memorial feast "As"). Soviet Ethnography, (5). (Russ.).

9. Kashkeeva, A. B., & Kulzhanova, B. R. (2023). The linguocultural function of taboos in folk consciousness. Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University, 4(145), 45–55. (Kaz.).

10. Kelmaganbetova, A., Mazhitayeva, S., Ayazbayeva, B., Rahymberlina, S., & Kadyrov, Z. (2023). The role of gestures in communication. Theory and Practice in Language Studies, 13(10), 2506–2513. (Engl.).

11. Kharitonova, V. I. (2005). Furious search for self (Preface). In Woman and the revival of shamanism in the post-Soviet space at the turn of the millennium. Moscow. (Russ.).

12. Kolbasenko, I. S. (1889). Some Kyrgyz customs and beliefs of obstetric importance. Minutes of the meetings of the Kyiv Obstetric and Gynecological Society, 3(5). (Russ.).

13. Mukhan, A., & Matyzhanov, K. (2020). Typological characteristics of the Kazakh family folklore / Características tipológicas del folklore familiar kazajo. Utopía y Praxis Latinoamericana, 25(Extra 6), 40–49. https://orcid.org/0000-0003-3398-0108 (Engl.).

14. Mustafina, R. M. (1992). Beliefs, cults, and rituals of the Kazakhs (in the context of folk Islam in South Kazakhstan, late 19th–20th centuries). Almaty. (Kaz.).

15. Stasevich, I. V. (2011). The social status of women among the Kazakhs: Traditions and modernity (200 p.). St. Petersburg: Nauka. (Russ.).

16. Tishin, V. V., & Seregin, N. N. (2015). The status of women in ancient Turkic society. Historical Psychology and Sociology of History, (1), 109–127. (Russ.).

17. Tsivyan, T. V. (1991). The male/female opposition and its classificatory role in the world model. In A. K. Baiburin & I. S. Kon (Eds.), Ethnic stereotypes of male and female behavior (pp. 77–91). Leningrad: Nauka. (Russi.).

18. Zadykhina, K. L. (1951). Remnants of age classes among the peoples of Central Asia. In Tribal society. Ethnographic materials and research (Vol. 14, p. 138). Moscow. (Russ.).

19. Zelenin, D. K. (1936). The cult of Ongons in Siberia. In Proceedings of the IAAE (Vol. 14, Ethnographic Series, Issue 3). Moscow–Leningrad: USSR Academy of Sciences Publishing House. (Russ.).

ҒТАМР 17.82.10 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-19

А.Н. Жұматаева
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: aidanaz@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-2236-9549

АБАЙ ЖӘНЕ НАУАИ: РУХАНИ-ГУМАНИСТІК ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ-ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Аңдатпа. Мақала түркі дүниесінің ойшылы Ә. Науаи мен Абай шығармашылығындағы гуманистік, ізгілік идеяларын талдауға арналған. Мақалада қос автордың көркемдік, философиялық танымындағы рухани-моральдық, этикалық мәселелер гуманистік, экзистенциалдық тұрғыда қарастырылды. Абай мен Науаидің түркі мәдениетіндегі гуманизм тұжырымдамасын жасаушы ретіндегі моральдық-этикалық сана құрылымына қатысты ой-пайымдары тұжырымдалды. Түркі әдебиетінің классиктері мұрасындағы ізгілік идеяларын суреткер дүниетанымының экзистенциалды, онтологиялық аспектісі тұрғысынан зерделеу зерттеу жұмысының негізгі мақсаты ретінде пайымдалды. Сонымен қатар моральдық-философиялық, дидактикалық үлгіде жазылған Науаидің «Махбуб ул-қулуб» шығармасы мен Абайдың әдеби мұрасындағы ортақ сарындар тақырыптық-идеялық, категориялық тұрғыдан түсіндірілді. Автор әдебиеттанудың компаративистикалық, әдеби герменевтикалық, құрылымдық-семантикалық, т.б. бірқатар зерттеу әдістері арқылы Абай мен Науаидің гуманизм теорияларын дәйектейді. Сондай-ақ, мақалада екі ойшылдың адамзаттың рухани дүниетанымын тәрбиелеуге арналған концепциялары тұтас түркілік дүниетанымдағы адамгершілік сананың дамуымен және өзіндік ұлттық болмысқа сай дәстүрлі интерпретациялануымен бірлікте пайымдалды. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы Абай мен Науаи шығармашылығындағы көркемдік ойлаудың гуманистік, экзистенциалдық аспектілерін бұдан әрі зерттеуге мүмкіндік береді және дәйектелген ой-пайымдауларды абайтану курстары бойынша ғылыми қажеттілікке сәйкес пайдалануға болады. Автор Абай мен Науаидің адам жанын ізгілендіру, рухани кемелдену жайлы идеяларын айқындауда Шығыс мистикалық дәстүріне тән сопылық ілімнің рөліне назар аударады. Екі ғұламаның шығармашылығындағы сопылық танымның көркемдік аспектілеріне, рецепциялық әсерлерге салыстырмалы-компаративистикалық, контраститвтік сипатта талдаулар жасайды. Мақалада Абай мен Науаидің көркемдік әлеміндегі экзистенциалдық идеялардың субъективті ерекшеліктері тұлғаның мінез-құлқын, психофизиологиялық болмысын сипаттайтын шығармалары арқылы көрініс табады. Жұмыс қорытындысының практикалық мәні тақырыпқа сәйкес теориялық білімді жетілдірумен бірге екі ойшылдың рухани дүниетанымын тануға, оны қоғамға сіңіруге ықпал етуімен айқындалады.

Алғыс. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер ғылыми-зерттеу жобасы аясында жарияланды.

Түйін сөздер: Абай, Науаи, экзистенциализм, ізгілік идеясы

A.N. Zhumatayeva
Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan
E-mail: aidanaz@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-2236-9549

ABAI AND NAVOI: SPIRITUAL-HUMANISTIC AND ETHICAL-EXISTENTIAL ASPECTS

Abstract. The article is devoted to the analysis of humanistic and virtuous ideas in the works of the thinkers of the Turkic world A. Navoi and Abai. The article examines spiritual, moral and ethical issues in the artistic

and philosophical knowledge of the two authors from a humanistic and existential point of view. The ideas of Abai and Navoi as the creators of the concept of humanism in Turkic culture are formulated. The main goal of the research work was to study the ideas of virtue in the legacy of the classics of Turkic literature from the standpoint of the existential, ontological aspect of the artist's worldview. In addition, the common themes in Navoi's work «Mahbub ul-qulub», written in a moral-philosophical, didactic style, and the literary heritage of Abai were explained from a thematic-ideological, categorical point of view. The author substantiates the theories of humanism of Abai and Navoi through a number of research methods of comparative literary criticism, literary hermeneutics, structural-semantic, etc. The article also examines the concepts of two thinkers on the education of the spiritual worldview of mankind in unity with the development of moral consciousness in the Turkic worldview as a whole and its traditional interpretation in accordance with their own national identity. The scientific and practical significance of the work allows us to further study the humanistic, existential aspects of artistic thinking in the works of Abai and Navoi, and the substantiated arguments can be used in accordance with the scientific needs of Abai studies courses. The author draws attention to the role of Sufi teachings, characteristic of the Eastern mystical tradition, in determining the ideas of Abai and Navoi about the humanization of the human soul and spiritual perfection. A comparative, contrastive analysis of the artistic aspects of Sufi knowledge in the works of the two scientists, the effects of their reception is carried out. The article reflects the subjective features of existential ideas in the artistic world of Abai and Navoi through their works describing the behavior and psychophysiological nature of the individual. The practical significance of the findings of the work is determined by the fact that along with the improvement of theoretical knowledge in accordance with the topic, it contributes to the awareness of the spiritual worldview of the two thinkers and their assimilation in society.

Acknowledgments. The article was published within the framework of the research project BR27101897 «Digital transformation of the ecosystem of literary studies, folklore and art history of Kazakhstan: interdisciplinary research» of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Abai, Navoi, existentialism, the idea of good.

А.Н. Жуматаева

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан
E-mail: aidanaz@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-2236-9549

АБАЙ И НАВОИ: ДУХОВНО-ГУМАНИСТИЧЕСКИЕ И ЭТИКО-ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация. Статья посвящена анализу гуманистических и добродетельных идей в творчестве мыслителей тюркского мира А. Навои и Абая. В статье рассматриваются духовно-нравственные и этические вопросы в художественном, философском познании двух авторов с гуманистической и экзистенциальной точки зрения. Сформулированы рассуждения Абая и Науаи относительно структуры морально-этического сознания как создателя концепции гуманизма в тюркской культуре. Основной целью исследовательской работы было изучение идей добродетели в наследии классиков тюркской литературы с позиции экзистенциального, онтологического аспекта мировоззрения автора. Кроме того, общие темы в произведении Навои «Махбуб ул-кулуб», написанном в нравственно-философском, дидактическом стиле, и литературном наследии Абая были объяснены с тематико-идеологической, категориальной точки зрения. Автор аргументирует теории гуманизма Абая и Науаи используя ряд компаративистского, литературного герменевтического, структурно-семантического и др. исследовательских методов литературоведения. Также в статье рассматриваются концепции двух мыслителей по воспитанию духовного мировоззрения человечества в единстве с развитием нравственного сознания в тюркском мировоззрении в целом и его традиционной интерпретации в соответствии с собственной национальной идентичностью. Научная и практическая значимость работы позволяет в дальнейшем изучать гуманистические, экзистенциальные аспекты художественного мышления в произведениях Абая и Навои, а обоснованные аргументы могут быть использованы в

соответствии с научными потребностями курсов абаеведения. Автор обращает внимание на роль суфийских учений, характерных для восточной мистической традиции, в определении идей Абая и Навои о гуманизации человеческой души и духовном совершенстве. Проводится сравнительно-сопоставительный, контрастивный анализ художественных аспектов суфийского знания и рецептивных воздействий в трудах двух ученых. В статье отражены субъективные особенности экзистенциальных идей в художественном мире Абая и Навои через их произведения, описывающие характеризующие поведение и психофизиологическую природу личности. Практическая значимость выводов работы определяется тем, что вместе с совершенствованием теоретических знаний в соответствии с темой способствует осознанию духовного мировоззрения двух мыслителей и их ассимиляции в обществе.

Благодарности. Статья опубликована в рамках научно-исследовательского проекта BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклора и искусствознания Казахстана: междисциплинарные исследования» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: Абай, Навои, экзистенциализм, идея добра.

1. Кіріспе

Жалпы, Абайдың түркі әлемімен әдеби байланысын абайтану саласының органикалық бөлігі деуге болады. Өйткені бұл байланыстың бастауы бізді сонау түркінің бай мәдениетімен қоса үздік классикалық шығармалардың түпнегізіне жетелейді. Қазақ жазба әдебиетіне жаңа бояу, жаңа мазмұн әкелген Абайдың жоғары гуманизммен сусындаған әдеби мұрасы мен бауырлас халықтардың озық ойлы қайраткерлерінің дүниетанымдық-эстетикалық, идеялық-тақырыптық, стильдік жақындығына назар аудартады. Сонымен қатар Абайдың түркі дүниесімен байланысын сөз еткенде, ақын шығармаларында, әсіресе, қара сөздеріндегі түркілік изафеттер мен мәтінаралық байланыстар, стильдік факторлар ұлттар арасындағы рухани-идеологиялық қарым-қатынастармен қоса, кемеңгер, қайталанбас ойшылдардың өзара шығармашылық әсер ету динамикасын айқындап береді. Себебі адамзат өркениеті өзге мәдениеттерден оқшау өмір сүрмейді және осындай мәдениетаралық байланыстар мен әдеби алмасулар жаңа рухани-мәдени ілімнің тууына ықпал етеді. Сондай-ақ, Абай мұрасын түркі әлемі контекстінде, әсіресе, Науаи шығармашылығымен бірлікте қарастыру оны интеллектуалдық әрі тарихи, әдеби-философиялық кеңістікте түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Абайды үш мәдениеттің өкілі ретінде қазақ – түркі – еуропа әдебиетінің рухани-мәдени фонына енгізуге қызмет етеді. Бұл ретте Абай шығармаларының түркі әлеміне қатысты көп қырлы қабаттарының сипаты түркілік шайырлармен өзара ықпалдастық теориясы тұрғысында айқын көрінеді.

Ал Абайдың түркі әлемімен байланысын шартты түрде екі түрлі аспектіде бағалауға болады: *ақынның түркі тілінде оқыған әдеби-тарихи мұралары және Абайға әсер еткен түркі шайырлары.* Әсіресе, біршама зерттеулерде сөз болғандай, ақын өзі «бата сұрайтын» Шығыстың жеті жұлдызы – Фзули, Шәмси, Сайхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Қожа Хафиз Абайдың әдеби шығармашылық жолындағы көркемдік-идеялық, эстетикалық көзқарасының қалыптасуында терең із қалдырды. «Абайдың Батысынан Шығысы басым, ол Батысқа барғанда Шығысқа арқа сүйеп, өз ойын сол тұрғыдан айтатын» (Әуезов, 83), - деп М. Әуезов жазғандай, Абайға түркі ақындарының соншалықты жақын болуы генетикалық туыстық, рухани

үндестіктен бөлек, жалпы түркілік мәдениеттің ортақтығы, діни сенімнің (ислам) бірлігі, сонымен бірге сол кезеңдегі әдеби-ғылыми кеңістіктегі түркі–араб–парсы үштілділігінің біртұтас мәдени-көпшілік қолданысқа ие болуымен байланысты деуге болады. Сондықтан да Абай өзінің көркемдік өсу, толысу жолында түркі әлемінің классиктерін рухани ұстаз санап, солардың әдеби мұрасы арқылы ішкі дүниетанымдық қажеттіліктерін қанағаттандырды. Ал, Абай мен Науаидың көркемдік контекстіндегі экзистенциалдық мәселелерге ой жүгіртсек, сөзсіз ең әуелі, философтар ұсынған экзистенциализмнің іргелі пайымдауларына жүгінеміз. Ізгілікке, рухани адамгершілік құндылықтарға бет бұру М. Хайдаггер, Ж.П. Сартр, Н.А. Бердяев, К. Ясперс, Г. Марсель, А. Камю сынды экзистенциализм бағыты өкілдерінің басты ұстанымы болды. Көптеген экзистенциалист-ғалымдардың пікірі «экзистенциализм дегеніміз – гуманизм, әрбір жеке тұлғаның іс-әрекеті айналасындағыларға әсер етіп, бүкіл адамзатқа ықпалын тигізеді» (Sartre, 2003) деген тұжырымға саяды. Олай болса, Абай мен Науаи шығармаларындағы экзистенциалистік тенденциялар адамның өмірлік ұстанымдарына, мінез-құлық стратегияларына қатысты ой-танымдары арқылы көрініс табады.

2. Материал және әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада әдеби герменевтикалық, компаративистикалық, категориялық, мазмұндық-хронологиялық, құрылымдық-семантикалық зерттеу әдістер қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Абай мен Науаидің рухани-гуманистік, этикалық-экзистенциалдық көзқарастарына талдау жасауда қос ғұламаның адамзат қоғамын азапқа душар ететін рухани кеселдерге дауа іздеуді мақсат еткен адамгершілік ізденіске толы гуманоцентристік туындылары негізге алынды. Әсіресе, Абайдың ақындық кітапханасын байытып, шығармашылық тұлғасында терең із қалдырған Ә. Науаидің «Махбуб ул-кулуб» («Жүректің кілті/аяулылығы») еңбегі зерттеудің негізгі нысанына айналды. Сонымен бірге Абайдың моральдық-гуманистік идеяларды дәріптейтін, адамның рухани дүниетанымын жаңғыртуға, қоғамның адамгершілік, ізгілік туралы ұстанымдарын дамытуға атсалысатын күллі адамзаттық деңгейдегі шығармалары қамтылған «Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 1, 2-томдар» қарастырылды. Сондай-ақ, зерттеудің мақсатына сәйкес қос ғұламаның әдеби-философиялық, гуманистік, экзистенциалдық ойларын түсіндіруде экзистенциалист ғалымдардың пайымдауларына жүгіндік.

3. Талқылау

Абайдың көркемдік дүниетанымына Шығыс әдебиетінің, әсіресе, Науаи мұрасының ықпалы, сондай-ақ екі ойшылдың шығармашылық эстетикасындағы мәдениетаралық қарым-қатынас жөнінде М. Әуезовтен бастап бірқатар ғалымдардың зерттеулерінде сөз болады. М. Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясында ақынның әдеби мұрасының Шығысқа қатысы, Науаи мен Абай шығармаларындағы әдеби байланыстарға алғаш рет назар аударылды. Профессор М. Мырзахметұлы «Абай және Шығыс зерттеуінде қос ғұламаның таным, хауас мәселесі төңірегіндегі

пікір-пайымдарына ой жүгіртіп, екеуінің де ақыл мен ойлауды, сезім мүшелерін ақиқатты танудың критерийі ретінде тұжырымдаған байламдарына айрықша мән берді (Мырзахметұлы, 2020:58). Өзбек ғалымы Қ. Сейдановтың еңбегінде Науаи және Абайдың өмірлік және шығармашылық жолдарындағы ұқсастық пен үндестік, өзара сарындастық сипаттары жан-жақты сараланады. Автордың зерттеуінде өз заманында әкім болған Науаи мен болыс болып, ел басқарған Абайдың қоғамдық істердегі ұстанымдарын, әділет пен ынсапты, адалдықты, адамдықты дәріптеген ақындық-шығармашылық тұлғасына әдеби компаративистикалық талдау жасалады [Сейданов, 2016). Сонымен қатар Ы. Дүйсенбаев, Ө. Күмісбаев, Т. Қыдыр сынды белгілі ғалымдардың зерттеулерінде Науаидің Абайға әсері тақырыптық-идеялық, түрлік, стильдік тұрғыдан айқындалды. «Абай мен Науаи: көркем аудармадағы әдеби үндестік» мақаласында уақыт пен кеңістік шегіне қарамастан Абайдың поэтикалық тіліне Науаи эстетикасының әсері мен туыстас қазақ-өзбек әдебиетіндегі көркем аударма мәселесі екі ойшылдың мәнмәтіні аясында қарастырылды (Қарабаева, Бейсенұлы, 2022). Сондай-ақ, зерттеу барысында еркіндік, шынайылық, жауапкершілік, жеке адамға бейжай қарамайтын белсенді әрекеттер арқылы адам санасы мен ғалам мағынасыздығы арасындағы қақтығыстарға, абсурдқа қарсы тұруға бағытталған батыс ғалымдарының (Ridha Rouabhia, Jennifer Anna Gosetti-Ferencei) экзистенциалистік зерттеулері маңызды рөл атқарады.

4. Нәтижелер

Сонымен Абайдың көркемдік танымына айрықша әсер еткен түркі ақындары туралы айтқанда, әуелі атайтынымыз – Әлішер Науаи. Атап айтқанда, Ә. Науаидің «Махбуб ул-кулуб» («Жүректің кілті/аяулылығы»), «Хайратул-аброр» («Жақсы жандардың қайраттануы») шығармалары мен Абайдың әдеби мұрасы арасында идеялық сарындастық жоғары деңгейде көрінеді. Абай өзіне дейінгі науаилік премәтінге (претекст) сүйене отырып, қара сөздері арқылы қазақ қоғамында айтылмаған эксплицитті ойларды жеткізеді. Мәселен, ғылым мен білім және ізгілік концептісі Ә.Науаидің «Махбуб ул-қулуб» еңбегінің идеялық мазмұнының негізгі бөлігін құрайды. Сондай-ақ түркі әлемінің ойшылы бұл туындысында ғылым-білім хақындағы ой-пайымдауларын Құран және хадис арқылы дәйектеп отырады. Абай да қара сөздері мен кейбір поэзиялық туындыларында Құран сүрелерін мұсылмандық дәстүрмен салыстыра талдау арқылы өзіндік адамгершілік ілімін ұсынады. Дегенмен Абай өзіндік көркемдік дүниетанымында науаилік стильге бірден келген жоқ. «Оған тілдері түсінікті болған соң Низами, Науаи көп әсер етті. Өзіне ең жақын ұстаз етіп классик Науаи шығармаларынан үлгі іздейді», - деп М. Әуезов жазғандай, Науаидің адамзаттың рухани импульсіне әсер ететін даналық ойлары Абайды XV ғасыр ойшылымен жақындастырды. Осылайша Абай өзінің философиялық, адамгершілік, тәрбиелік көзқарастарында науаилік дереккөздерді канондық емес, авторлық түрлендірумен дәстүрлі қазақ қоғамының танымына лайықтап насихаттады. Яғни, Абай мұрасындағы науаилік пайымдаулар интермәтіндік функцияға толығымен ие болмаса да, семантикалық тұрғыдан қолданылатындығын жоққа шығара алмаймыз.

Жалпы, «Задында Абайдың қарасөзі мен поэзиясының ымы-жымы бір. Екеуі

де «Халық»! деп ынтығады, оған қызмет етеді... Өлеңдегі жұмбақ адам –қарасөзде сұмдық салмақты» (Ердембеков, 2024: 152), – деп Т. Әлімқұлов жазғандай, Абай өзінің қара сөздерінде белгілі бір әлеуметтік топтар мен таптарға ғана емес, ұлтқа, елге, күллі адам баласына қатысты пайда мен зиянды, жақсы мен жаманды терең сипаттайды. Қос ғұлама да өз шығармаларында адамзат қоғамында ізгілік салтанат құруы үшін сол қоғамның мүшелері қандай қасиеттерге ие болуы керек, нендей ұстанымдарға сүйенуі тиіс? дейтін маңызды сауалдарға жауап береді. Осы орайда, Науаидің адамзаттық мәселелерді топшылаған ой-тұжырымдары мен Абай дүниетанымының рухани-гуманистік, этикалық байланысы мынадай бірнеше векторда сәйкес келетіндігін атап өтуге болады:

а) бірінші вектор – Науаи де, Абай да өз ұлтының рухани жетекшісі ретінде халқын надандық санадан құтқарып, қоғамдағы мәдениетсіздік, білімсіздік пен қараңғылықты жойып, ізгілік пен адамгершілік ілімін түлетуді мақсат етті. Мәселен, Науаи «Махбуб ул-кулуб» еңбегін жазудағы мақсатын былайша түсіндіреді: «Дүниеде әр түрлі жолдан өттім, алуан түрлі адамдарды кездестірдім. Үлкен мен кішінің мінезін зерттедім, жақсы мен жаманның қасиетін сезіндім, жақсы мен жаманның шырынын ішіп, сараң мен бейшараның уынан дәм таттым. Жүрегім жомарт жандардың машақаты мен шипасын бірден сезінді. Сұхбаттастарым мен замандастарымның кейбірі бұл істерден бейхабар, жүректері жақсы мен жаманды айырмайды. Осыған орай, сұхбаттастарым мен достарым әр топтың хал-ахуалы туралы түсінікке ие болу үшін оларды да осы істерден хабардар ету қажет болды» (Науаи, 18). Абай да «Бірінші қара сөзінде»: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын. ...Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» (Абай, 2-том, 2020:49), – деп науаилік ұстаныммен адамзат қамын ойлаған даналық ойларын қағазға түсіреді. Қос ғұлама осылайша адамзаттық масштабтағы онтологиялық, аксиологиялық сауалдарға жауап береді.

ә) екінші вектор – екі автор да дүние мен ақырет амалдарына айрықша назар аудара отырып, діни сенімнің аясында Ақиқатты, Жаратушыны шынайы танығанпендені ізгі адамның болмысы деп санайтын ислами концепцияға сүйенеді. Мұны Науаи «Махбуб ул-кулуб» шығармасының екінші бөлімінде көркем мінез-құлық нормалары мен сопылық ілімнің құндылықтары арқылы түсіндіреді. Науаидің пікірінше тәубе, зуһд, тәуаккул, зікір, сабыр, ұят пен әдеп, қанағат, махаббат ұғымдары адам жүрегін бүлік пен дау-жанжалдан сақтап, тыныштық пен бақытқа бөлейді. Науаи әрбір адамның жүрегі аскеттік дәрежеге жетіп, тәркідүниелік деңгейге көтерілуін қалайды. Ойшыл кімде-кім мұндай мәртебеге ие болса, оның жүрегінде нұр пайда болып, жақсылыққа ие болатынын ескертеді. Сонымен қатар

Науаи жаман сөзден тыйылу, көзді арамнан сақтау, байлық пен мансап қумау секілді қасиеттерді адам баласын сопылық ілімнің негізгі қағидаларының бірі болған зуһдқа апаратын жол ретінде сипаттайды.

Абайда да жақсы мен жаман, ізгілік пен зұлымдық, т.б. рухани құндылықтар поляризациясы ислам, иман, ихсан сынды сопылық дүниетанымның мотивтері арқылы көрініс табады. Сонымен бірге Абайдың моральдық-этикалық конструкцияларында жүрек, ақыл, ғылым, тағдыр мен таңдау, мәңгілік пен бастау концепциялары ерекше орын алады. Абай, әсіресе, Ақиқатты тануда Ақыл мен Жүректің жетекші рөлге ие екендігін растайтын көптеген дәлелдер келтіреді. Мәселен, «Жиырма жетінші сөзінде»: «...адамды да хайуан секілді қылып жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. ...Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға сұлтан қылғандығына дәлел емес пе? Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден Алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма?» (Абай, 2020:84-85), – деп иллаһи әлемді тануда ақылдың маңыздылығына мән береді. Дегенмен Абай әдеби мұрасында осы өмірдің игілігі мен жайлылығынан өз еркімен бас тарту, нәпсіні өлтіру, «ғашық», «Сүйіктіге ұмтылу» сияқты аскетизмнің маңызды атрибуттары болып табылатын классикалық сопылық символизмдер мен мотивтерді ашық білдірмейді және сопылық ілімнің барлық ережелерін қабылдап, дүниелік қарбаластан алыстауды уағыздамайды. Яғни, Абай шығармашылығының дәстүрлі сопылық поэзиядан айырмашылығы, ақын сопылық-мистикалық әдебиетке тән терминология мен бейнелеуді пайдаланудан гөрі ағартушылық, философиялық көзқарасты ұстануды жөн көреді. Ал Науаи сопылық ілімнің тереңдігін жеткізу үшін «шарап», «гүл», т.б. категориялар мен «махаббат» ұғымын адам жанының Жаратушыға деген құштарлығының метафорасы ретінде кеңінен пайдаланады. Қос ақын да Шығыс әдебиетіне тән сопылық дәстүрмен етене таныс болғанымен, танымдық қабылдау, көркемдік үрдісте бейнелеу тәсілдері айтарлықтай ерекшеленеді. Абай сопылық мотивтерді қазақтың философиялық ой-өрісі аясында пайдаланса, Науаи сопылық мистикаға терең бойлай отырып, жергілікті халық арасында таралуына ықпал етті.

Десе де, жоғарыда жазғанымыздай, Абай өлеңдерінен рухани тазаруға ұмтылу, Ақиқатты іздеу сияқты сопылық ұғымдарды еске түсіретін элементтерді кездестіруге болады. Дегенмен, Абай шығармашылығы мистикалық тұрғыда сопылық ілімді жетілдіруден гөрі әлеуметтік сын мен ағартушылыққа бағытталған. Әрине, Абай қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікке, зұлымдыққа, жаман мінез-құлыққа қарсы наразылықты мұсылмандық рухпен сіңірді. Адам бойындағы жамандық пен надандығын жалықпай жеңу, жақсылықты бекіту, яғни өзін-өзі рухани адамгершілік жағынан жетілдіру, сонымен қатар өмір мен өлімнің, жақсылық пен зұлымдықтың, шексіздік пен өткіншіліктің мәңгілік мәселелеріне терең ену Абай шығармашылығының ең күшті тұстарының бірі болғандығы даусыз. Әлбетте, бұл ретте Абай Жаратушы Алланың жасампаз құдіретіне жетелейтін имандылық

идеяларын дәріптеп, сол арқылы сопылық танымның жасырын мағыналарына бой ұрды. Мысалы Абайдағы:

«Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,
Өзіне құмар қылған Оның әмірі» (Абай, 1-том, 2020:261).

Немесе:

«Дүниеге ынтық, мәһшарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас» (Абай, 1-том, 2020:263) –

деген жолдар Хақ Тағаланы терең тануға және жеке тұлғаны рухани дамытуға бағытталған аскеттік ілімнің қағидаларына негізделеді. Сондай-ақ:

Мекен берген, халиқ қылған Ол ләмәкан
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен? (Абай, 1-том, 2020:261-262) –

дегенде де, сопылықтың ішкі тазару, жүректегі рухани дерттерден арылу, кемелдікке ұмтылу туралы идеяларын қазақ мәдениетіне, өз заманының шындығына бейімдеп жазады. Ал сопылық іліммен қанықкан діни-философиялық сипаттағы «Отыз сегізінші сөзінде»: «...Мен жаныммен ұрыс қалғанда, халық ең болмаса нәпсісімен ұрыс қылып, һәуа һәуастан әрбір арзу нәпсіден суынып, ғадаләт, мархамат, махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпенен болса керек» (Абай, 2-том, 2020:), – деп нәпсімен күресу жөніндегі Шығыс мистикалық дәстүріне тән ой-пайымдарды жеткізеді.

Әлбетте, Абай сопылық идеяларды тұлғаны кемелдікке жеткізетін, «толық адамды» қалыптастыратын жол деп таныды, алайда оның үстірт, формальді пайымдауларын жоққа шығарды. Абай барлық адамның тариқат жолына түсіп, дүниелік істерді тәрк етулерін ұшқарылыққа балады. «Абай – дін жолында тазалықты, тереңдікті Алланы сүюмен байланыстырып, ғылым-білім арқылы келетін адамгершілікті уағыздаған хакім. Сопылық дүниетанымның бақытқа жеткізу жолын іздеуші, халқына жөн көрсетіп, жол сілтеуші елшіл тұлға. Сопылық ілімді насихаттаушыларды: іргетасын қалаушылар және жаңа заманға бейімдеушілер, – деп екі топқа бөлер болсақ, Ясауи – іргетасты қалаушы, Абай – дін қағидаттарын жетік білген ағартушы» (Өскен, Қамзабекұлы, Екіджі, 2024:34). Абайдың пікірінше, жан дүние кемелдігінің, рухани көрегендіктің кілті – ақиқатты ұғыну, надандық пен жамандықты, өзін-өзі ақтауды жеңу. Ал аталған рухани кеселдер Хақты тану арқылы ізгілікке жетумен жойылады. Олай болса, Абай қабылдаған бүкіл адамзатқа қажет моральдық тәртіптің нобайы мынадай:

Жаратушы ↔ Ғалам (ақырет және осы дүние) ↔ Адам ↔ Адами қасиеттер =

осы құндылықтар арасындағы күрес.

Осылайша Абайдың діни-философиялық ілімінде ақыл мен иман, дүние мен ахирет амалдары қатар қарастырылады. Абайдың көзқарасынша, иман деген Алланың бірлігін танумен шектелмейді, соның негізінде болмысты тану маңызды орын алады. Ал Науаи сопылық дәстүрдің көрнекті өкілі ретінде Алламен бірлік, ішкі тазалық, нәпсіні сындыру, мағрифат, хақиқат мәселелерін сопылық рәміздер арқылы жеткізуге ұмтылды. Абай мен Науаидің адам болмысына, оның өзін-өзін жетілдіруіне айрықша назар аударатын мұндай көзқарастары «адам өз болмысын қалай пайдалану керегін және осылайша әлеммен қалай қарым-қатынас жасау керектігін таңдауы керек» (Tomyuk, 2020:21) дейтін экзистенциалдық теорияға сәйкес келеді.

б) Дәуірдің айырмашылығына қарамастан Ә. Науаи мен Абайдың дүние-танымындағы рухани, мәдени контекстің ортақтығын білдіретін *үшінші вектор* – адам мінез-құлқына қатысты мораль философиясы. Екі ойшыл да адам болмысын, оның парасат-пайымын, адамгершілігін терең бағалайды. Науаи әдептілік пен қарапайымдылықты бірін-бірі толықтырушы ұғымдар тұрғысынан қарастыра отырып, кішіпейілділік пен табиғилықты тәкаппарлыққа қарама-қарсы қояды. Науаи кішіпейіл адам халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, құрметке ие болатынын: «Гүлзардағы әрбір гүлдің өзіне тән хош иісі мен сұлулығы бар, ол бүкіл гүлзарды ғажайыпқа бөлейтіні сияқты кішіпейілділік те жаңа достыққа жол ашады және өзара бауырмалдыққа үндейді» (Навоий, 29), – деп бейнелі түрде суреттейді. Сондай-ақ, Науаи біз сөз етіп отырған «Махбуб ул-кулуб» еңбегінде «ысырапшылдық жомарттық емес, мақтан үшін мәрттік таныту, осылайша өзін «жомарт» деп атау – арсыздық», – дейді де, бақыттың негізі – нұрлылықта, ал ең үлкен бақытсыздық надандық пен білімсіздік деп топшылайды (Навоий, 37). Ғалым өзінің даналығын дәлелдеу үшін ертелі-кеш талас-тартысқа түсетін надан мутакаллимдерді сынайды. Науаидің пікірінше, адам болмысындағы ең басты жамандық – тәкаппарлық пен менмендік. Хәкімнің сөзінше бұл антиқұндылықтар адам болмысының тұрақты әрі мәңгілік дұшпаны – нәпсінің қалауынан пайда болады. Сонымен қатар Науаи аталған еңбегінде тәкаппарлық пен өзін-өзі ақтайтын азғындыққа ұшырағандарды үш топқа бөледі: бірінші топ – басқалар теріске шығарса да, қыңырлықпен қасарысып өз қатесін түзеуге кіріспейтіндер; екінші санатқа – өзінен басқаны қомсынып, тура жолды нұсқаушыларға құлақ аспайтындар; үшінші топты тәкаппарлықпен шектен шыққандар құрайды. Науаи тәкаппарлықты әрі қарай үш категорияға бөледі:

1) Өздерін патшаға балап, сұлтанға қарсы шыққандар;

2) Өзін пайғамбар санап, Хақ Тағаланың қаһарына ұшырағандар;

3) Перғауын мен Намруд (перғауын – Мұса пайғамбар тұсындағы Мысыр елінің патшасы, Намруд – Ибраһим пайғамбардың кезінде өмір сүрген озбыр патша – А.Ж.) сияқты Алланың нығметтеріне күпірлік етіп, өздерін Тәңір санайтындар», – деп ұлы ойшыл тәкаппарлық – шайтанның ісі, надандық» (Навоий, 41) деген байлам жасайды.

Ал, Абай шығармаларында, әсіресе, қара сөздерінде адамгершілік мінез-құлық

қағидалары мен теріс мінездер, адам жанының ішкі үйлесімділігі жайында терең ойлар айтады. Абайдың адам мінезі, тұлғаның экзистенциалды әлемі туралы көзқарастарының негізгі өзегін былайша түйіндеуге болады:

1) Абайдың пайымдауынша адам мінезінің көркемділігі ақыл мен жүректің бірігуі арқылы жүзеге асады.

2) Адам өзін-өзі рухани жетілдіру арқылы ұлы қасиеттерге ие болады.

3) Әрбір адам баласының қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуі оның жағымды мінез-құлық стратегияларын қалыптастырады.

4) Жағымсыз, ұнамсыз істерден ғибрат алу адам мінезін кемелдендіреді.

5) Өмірдегі ұмтылыстары мен арман-мақсаттары адам мінезін оңды жолда тұрақтандырады.

в) Абай мен Науаи мұрасының сабақтастығын айқындайтын *төртінші вектор* – оқу, білім-ғылым, еңбек туралы ой-тұжырымдары. Мәселен, Науаи ғылым иелерін жоғары бағалайды. Алайда ғылымды үйреніп, оны іс жүзінде қолданбаған, халыққа, елге қызмет етпеген ғалымдарды кітап арқалаған есекке теңейді. Өзінің ғылым-білім жөніндегі ағартушылық ойларын «Білмегенін сұрап білген – ғалым, сұрамаған – залым», «Бірте-бірте үйреніп дана болады, тамшы жинап дария болады» (Toshpulatova, 2022:53) деген даналық ілімдерімен қорытады. Абай да өлеңдерінде:

«Дүниеде өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл берсеңіз» (Абай, 1-том, 2020:71-72).

«Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» (Абай, 1-том, 2020:136), –

деп ғылымның адамзат өміріндегі маңызды категория екендігіне назар аударады.

г) Абай мен Науаи шығармашылығындағы тақырыптық-идеялық сарындастық білдіретін *бесінші вектор* – ел басқару жөнінде пайымдаулары. Науаидің «Махбуб ул-кулуб» еңбегінің алғашқы бөлімі қоғамның әскери, құқықтық, экономикалық дамуына ықпал ететін категорияларды сипаттаудан басталады. Науаидің тұжырымына сәйкес, елдің дамуы адал басшы мен бек-уәзірлердің, әділ патшаның, жанқияр bahадүрлер мен ержүрек, отансүйгіш әскерилердің дүние мен ахирет бақытына жету жолындағы амал-әрекеттеріне тікелей байланысты іске асады. Науаи ортағасырдағы қоғамның құқықтық жүйесін басқарған дін қайраткерлері мен шейхтарды, абыздарды елді тура жолға бастайтын мемлекеттің жоғарғы санаттағы азаматтары деп бағалайды. Ал ұстаздар мен дәрігерлер, ғалымдар мен хатшыларды ғылым, білім, тәрбиеге жауапты, қоғамның зиялылық қабатының негізін құрайтын кәсіп иелері ретінде қарастырады. Әсіресе, дәрігерлердің кәсіби міндеттері мен мінез-құлқына қатысты маңызды тұжырымдарды айта келіп, оларды Иса пайғамбарға ұқсатады. Иса өлген адамның жанын дұға арқылы қайтарса, дәрігер дәрі-дәрмек арқылы жанның денеден шығуына жол бермейді деген байлам жасайды.

Науаи тәрізді болыстықпен ел билеп шыныққан Абайдың да басқару ісінде, билік

етушілерге қатысты өзіндік ұстанымдары болды. Абай шындық пен туралықты жақтап, би-болыстардың әділетсіздігіне, қысастығы мен озбырлығына қарсылық танытты. Ақын ел басқарушы тұлғалардың жеке мүддесін емес, елдің мүддесін биік ұстауын баса айтты. Сонымен бірге парақорлық, өз билігін асыра пайдаланатын заң бұзушыны, дүмшелікті қатаң сынға алды. Ақынның бір ғана «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің өзінде ел билеу, әкімшілік істерге қатысты қоғамдық-әлеуметтік, саяси маңызды мәселелер қозғалып, басқарушылардың типтері өткір сатирамен беріледі.

5. Қорытынды

Жинақтап айтқанда, Абай мен Науаидің көркемдік дүниетанымындағы рухани-гуманистік және этикалық-экзистенциалдық аспектілер былайша көрінеді:

Көркемдік-шығармашылық аспектілер	Абай	Науаи
Ізгілік (гуманизм)	Адамзаттық масштаб: күллі адам баласына деген сүйіспеншілік, шындыққа ұмтылу, ұлттық кодты Дамыту	Шығыс әдеби дәстүріне тән гуманистік идея: ақиқат, әділдік және махаббат
Этика	Адалдық, әділдік, ар-намыс, еңбекқорлық	Шығыс мәдениетінің адамгершілік ұстанымдары
Руханилық	Ақылға қонымды, парасатты сенім, дін мен ақылдың синтезі, рухани және интеллектуалдық тұрғыда кемелдену	Аскеттік өмір салты арқылы жанды кемелдендіру
Экзистенциализм	Тұлғаны өзін-өзі жетілдіруге шақыру, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі өзара тоғыстыру	Ішкі рухани жол: тұлғаның сопылық ілімге ұмтылуы, рухани-моральдық тұрғыдан тазару

Әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.

2. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.

3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы /. 44-том: Баяндамалар, пікірлер, сөздер, лекциялар, зерттеу. 1950-1960. – Алматы: Жібек жолы, 2014. – 320 б.

4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.

5. Gosetti-Ferencei, Jennifer Anna. //Life as a Work of Art: The Existential Need for Creativity', On Being and Becoming: An Existentialist Approach to Life, GUIDES TO THE GOOD LIFE SERIES (New York, Oxford Academic, 22 Oct. 2020. – Pp 278–292. https://doi.org/10.1093/oso/9780190913656.003.0021.

6. Ердембеков Б. Қазақ қоғамының Абай қарасөздеріндегі көрінісі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – № 1(146). – 2024. – Б. 150-158. DOI:https://doiorg/10.32523/2616-678X-2024-146-1-150-158

7. Қарабаева Х.Ә., Бейсенұлы. Ж. Абай және Науаи: көркем аудармадағы әдеби үндестік // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – № 1 (185). – 2022. – Б. 226-234. https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph23

8. Мырзахметұлы М. Абайтану: 4-том. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 317 б.

9. Навоий А. Маҳбуб ул-қулуб. www.ziyouz.com кутубхонаси (автордың жеке мұрағатындағы пдф)

10. Ridha Rouabhia. Existentialism's Influence on Literature: An Exploration of Themes and Movements // Nov 1, 2024. URL: https://baraa12400.medium.com/existentialisms-influence-on-literature-an-exploration-of-themes-and-movements-6ffe93ccc53e

11. Сейданов Қ. Науаи және қазақ әдебиеті // Қазақ әдебиеті, 2016. – 28 қазан. https://qazaqadebieti.kz/7736/nauai-zh-ne-aza-debieti қаралған күні: 10.01.2025 жыл.

12. Sartre. Being and Nothingness: An essay on phenomenological ontology. – London: Routledge, 2003. ISBN 0-415-27848-1

13. Toshpulatova D. Alisher Navoiyning «Mahbubu-l-qulub» asarida ilm-ma'rifat mavzusining yoritilishi // Alisher Navoiy, 2022, jild. 2, 2-son. B. 51-57.

14. Tomyuk O.N. — Creativity inMartinHeidegger'sexistentialism// Культура и искусство. – 2020. – № 5. – Pp. 18-26. DOI10.7256/2454-0625.2020.5.32811

15. Өскен Ә, Қамзабекұлы Д., Екіджі М. Ясауи және Абай – Алаш жұртының рухани тұғыры // Керуен. – № 85 (4). – 2024. – Б. 30-46. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-02

References:

1. Abai. Complete Academic Collection of Works. Three volumes. Volume 2. – Almaty: Zhazushy, 2020. – 528 b.

2. Abai. Complete Academic Collection of Works. Three volumes. Volume 1. – Almaty: Zhazushy, 2020. – 640 b.

3. Auezov M. Complete collection of his works in fifty volumes /. Volume 44: Reports, opinions, speeches, lectures, research. 1950-1960. – Almaty: Zhibek zholy, 2014. – 320 b.

4. Auezov M. Abay Qunanbaev. – Almaty: Sanat, 1995. – 320 b.

5. Gosetti-Ferencei, Jennifer Anna. //Life as a Work of Art: The Existential Need for Creativity', On Being and Becoming: An Existentialist Approach to Life, GUIDES TO THE GOOD LIFE SERIES (New York, Oxford Academic, 22 Oct. 2020. – Pp 278–292. https://doi.org/10.1093/oso/9780190913656.003.0021.

6. Erdembekov B. The reflection of Kazakh society in Abai's poems // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series. – № 146 (1). – 2024. – B. 150-158. DOI:https://doiorg/10.32523/2616-678X-2024-146-1-150-158

7. Qarabaeva H.A., Bejsenuly. Zh. Abai and Navoi: literary harmony in artistic translation // Bulletin of the Kazakh National University named after al-Farabi. Philology series. – № 185(1). – 2022. – B. 226-234. https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph23

8. Myrzahmetuly M. Abai Studies: Volume 4. Abai and the East. – Almaty: Kazygurt, 2020. – 317 b.

9. Navoij A. Maxbub ul-qulub. www.ziyouz.com kutubhonasi (avtordyn zheke muragatyndagy pdf)

10. Ridha Rouabhia. Existentialism's Influence on Literature: An Exploration of Themes and Movements // Nov 1, 2024. URL: https://baraa12400.medium.com/existentialisms-influence-on-literature-an-exploration-of-themes-and-movements-6ffe93ccc53e

11. Seidanov K. Nauai and Kazakh literature // Kazakh literature, 2016. – 28 kazan. https://qazaqadebieti.kz/7736/nauai-zh-ne-aza-debieti (date of review: 10.01.2025 zhyl).

12. Sartre. Being and Nothingness: An essay on phenomenological ontology. – London: Routledge, 2003. ISBN 0-415-27848-1

13. Toshpulatova D. Alisher Navoiyning «Mahbubu-l-qulub» asarida ilm-ma'rifat mavzusining yoritilishi // Alisher Navoiy, 2022, jild. 2, 2-son. B. 51-57.

14. Tomyuk O.N. — Creativity inMartinHeidegger'sexistentialism// Kul'tura i iskusstvo. – 2020. – № 5. – Pp. 18-26. DOI10.7256/2454-0625.2020.5.32811

15. Osken A., Kamzabekuly D., Ekidzhi M. Iasaui and Abai – the spiritual pillar of the Alash people // Keruen. – № 85 (4). – 2024. – B. 30-46. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-02

ҒТАМР 17.01.09 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-20

Б.Т. Мырзақұлов
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.
E-mail: bauyrzhanmyrza@mail.ru
ORCID: 0000-0003-1205-456X

КІТАБИ АҚЫН ИБРАҺИМ ТІЛЕУҚАБЫЛҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Көкшетау өңіріндегі Зеренді елді мекенінде өмір сүрген кітаби ақындардың бірі – Ибраһим Тілеуқабылұлы. Ол Арғын тайпасының Қылды Қарауыл – Көмекей руынан шыққан. Ақынның көзі тірісінде жарық көрген еңбектері «Қазақ кітабының шежіресі (1807-1917)», «Қазақ кітаптары (1806-1917)» сияқты библиографиялық жинақтарға енгенімен, қазақ әдебиеті тарихында есімі елеусіз қалып келеді. И. Тілеуқабылұлының қос бірдей шығармасы – «Имам Ағзам қиссасы» және «Қожа Бахауддин хазіретлерінің қиссасы» – 1902 жылы Санкт-Петербургтегі ресми цензурадан өтіп, 1903 жылы Қазан қаласында басылып шыққан. Бұл мәліметтер аталмыш қиссалардың 1900-1901 жылдары жазылғанын аңғартады. Қазіргі таңда «Имам Ағзам қиссасының» жалғыз нұсқасы Мәскеудегі Ресей Мемлекеттік кітапханасында (қор. каз. 1/369), ал «Қожа Бахауддин хазіретлерінің қиссасы» Алматыдағы Ғылым ордасына қарасты Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында (қор №7718) сақтаулы.«Қожа Бахауддин хазіретлерінің қиссасы» араға 102 жыл салып, 2005 жылы жарық көрген «Бабалар сөзі» көптомдығының 16-томында жарияланғаны белгілі. Осы мақалада аталған қиссаның осы басылымдағы нұсқасы мен түпнұсқа мәтіні текстологиялық тұрғыдан салыстырылып, мазмұндық және авторлық ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, қазақ тілінде тұңғыш рет ғылыми айналымға ұсынылып отырған «Имам Ағзам қиссасының» мазмұны мен көркемдік-стильдік сипаты сараланып, автордың шығармашылық қолтаңбасы зерделенеді.Зерттеу барысында бұл діни қиссалар арқылы қазақ халқының дәстүрлі көзқарасы мен рухани дүниесі қалай бейнеленгені көрсетіледі. Сонымен қатар, Ибраһим Тілеуқабылұлының шығармаларының әдебиеттегі, мәдениет пен тарихтағы орны айқындалады.

***Алғыс**:* Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жүргізіледі (BR27101897 2025-2026 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» жоба аясында).

Кілт сөздер: Ибраһим Тілеуқабылұлы, кітаби ақын, қисса, Имам Ағзам, Қожа Бахауддин Нақшбанд, Рисалаи Азиза, Сопы Аллаяр.

B.T. Myrzakulov
M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: bauyrzhanmyrza@mail.ru
ORCID: 0000-0003-1205-456X

ARTISTIC FEATURES OF THE WORKS OF THE POET OF THE KITABI (SCRIPTURAL) TRADITION IBRAGIM TILEUKABYLULY

Abstract. In the second half of the 19th century and the early 20th century, one of the representatives of the Kitabi (Scriptural) poetic tradition in the Kokshetau region, in the village of Zerenda, was Ibragim Tileukabyluly. He was from the Kymykey clan of the Kyldy Karauyl branch within the Argyn tribe. Although his works published during his lifetime were registered in consolidated catalogues such as The Genealogy of

the Kazakh Book (1807-1917) and Kazakh Books (1806-1917), his name is rarely mentioned in the history of Kazakh literature. Considering that two of Tileukabyluly's works passed special censorship in St. Petersburg in 1902 and were published in Kazan in 1903, it can be assumed that these qissas were written in 1900-1901. The only known copy of Ushbu Qissa Imam Azam Dur. Qissa about Imam Azam is kept in the Russian State Library in Moscow (kaz. 1/369), while Qissa about Khwaja Bahauddin Hazretleri is preserved in the rare collection of the Central Scientific Library under the Science Orda in Almaty (No. 7718). The latter work was republished after 102 years, in 2005, in Volume 16 of the multi-volume edition Babalar Sozi (Words of the Ancestors). This article presents a textual comparison between the original manuscript and this publication, analyzing its content and the author's distinctive features. Moreover, *The Story of Imam Azam* is introduced into scholarly circulation for the first time, with a focus on its narrative content and stylistic characteristics, as well as the poet's unique creative signature. Through the analysis of these religious stories, the study explores how traditional worldviews and the spiritual consciousness of the Kazakh people are reflected. The article also defines the literary, cultural, and historical significance of Ibragim Tileukabyluly's works.

Acknowledgment: This research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (within the project BR27101897 for 2025-2026 "Digital Transformation of the Ecosystem of Kazakh Literary Studies, Folklore and Art Studies: Interdisciplinary Research").

Keywords: Ibragim Tileukabyluly, Kitabi (Scriptural) poet, qissa, Imam Azam, Khwaja Bahauddin Naqshband, Risalai Aziza, Sufi Allayar.

Б.Т. Мырзакулов
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан
E-mail: bauyrzhanmyrza@mail.ru
ORCID: 0000-0003-1205-456X

ПОЭТ КНИЖНОЙ ТРАДИЦИИ ИБРАХИМ ТЛЕУКАБЫЛУЛЫ: ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

Аннотация. Во второй половине XIX – начале XX века в селении Зеренда Кокшетауского региона жил один из представителей книжной (кітаби) поэзии – Ибрахим Тлеукабылулы. Он происходил из рода Кылды Карауыл – Комекей, Аргын. Хотя его произведения, опубликованные при жизни, были включены в сводные каталоги «Родословная (шежире) казахской книги (1807-1917)», «Казахские книги (1806-1917)», имя поэта практически не упоминается в истории казахской литературы. Если учесть, что два труда И. Тлеукабылулы прошли специальную цензуру в Санкт-Петербурге в 1902 году и были изданы в Казани в 1903 году, можно предположить, что они были написаны в 1900-1901 годах. Единственный экземпляр произведения «Ушбу кисса Имам Агзам дур. Кисса об Имаме Агзаме» хранится в Российской государственной библиотеке в Москве (каз. 1/369), а «Кисса о Ходже Бахауддине хазретлери» – в редком фонде Центральной научной библиотеки при Академии наук РК в Алматы (№7718). Последнее произведение спустя 102 года было опубликовано в 2005 году в 16-м томе многотомника «Слова предков». В данной статье проводится текстологическое сравнение оригинала и версии, включённой в это издание, рассматриваются содержательные и авторские особенности. Кроме того, впервые вводится в научный оборот содержание и художественно-стилистические особенности поэмы «Кисса об имаме Агзаме», анализируется творческий стиль поэта. В ходе исследования также выявляется, каким образом через эти религиозные поэмы отражаются традиционные взгляды и духовный мир казахского народа. Определяется место произведений Ибрахима Тлеукабылулы в литературе, культуре и истории.

Благодарность: Исследование проводится при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (в рамках проекта BR27101897 2025-2026 гг. «Цифровая трансформация экосистемы казахстанского литературоведения, фольклористики и искусствоведения: междисциплинарные исследования»).

Ключевые слова: Ибрахим Тлеукабылулы, поэт-книжник, кисса (поэма), Имам Агзам, Ходжа Бахауддин Накшбанд, Рисолаи Азиза, Суфий Аллаяр.

1. Кіріспе

2023 жылы «Ана тілі» және «Мұнара» газеттерінде, сондай-ақ Астанадағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы шығаратын «Uly dala murasy» (III/XIX, 56-59-бб.) ғылыми-танымдық журналында «Белгісіз ақынның белгілі қиссасы немесе зеренділік Ибраһим кім?» атты мақала жарық көрді. Бұл мақалада, негізінен, қазақ әдебиеті тарихының ақтаңдақ беттерінде аты елеусіз қалған әрі шығармасы өзге біреуге телініп келген «белгісіз ақынның белгілі қиссасы» туралы сөз болады. Мақалада талдауға негіз болған «белгілі қисса» – діни дастандар топтастырылған «Бабалар сөзі» көптомдығының 16-томында жарияланған «Қожа Баһауддин хазіреттерінің қиссасы» (Бабалар сөзі, 2005: 105-109). Бұл шығарманың литографиялық басылымы Алматыдағы Ғылым ордасына қарасты Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталған (№7718). Ал «белгісіз ақын» деп көрсетілуінің себебі – «Бабалар сөзінің» 16-томын әзірлеу барысында қиссаның соңғы екі беті назардан тыс қалған. Соңғы беттегі баспа редакторы ретінде көрсетілген «Шәкіржан әл-Хамиди ат-Тукуй» туралы дерек негізінде, томның ғылыми қосымшасында ол *«Баһауддинге байланысты аңыздың бірін өлеңге айналдырған жырлаушы»* (Бабалар сөзі, 2005: 278) ретінде аталады. Бәлкім, зерттеушілердің мұндай қорытынды жасауына «Қазақ кітабының шежіресі (1807-1917)» атты жиынтық каталогта қисса туралы келтірілген мына мәліметтің әсер еткен болуы ықтимал: *«Хожа Баһауддин хәзрәтләрінің қиссасы. Қазақ тілінде. Әувәл мәртәбә басылынуы. Қазан, Матбәгә-и Кәримия, 1903. 8 б. Матбәгә мосаххихі – Шакиржан әл-Хамиди-т-Тәкәви»* (Қазақ кітабының шежіресі (1807-1917), 1996: 122). Дегенмен, аталған мақалада қиссаның түпнұсқалық мәтіні негізге алынып, томға енбей қалған соңғы екі беті мұқият зерделенуі нәтижесінде авторына қатысты тың мәліметтер атап өтіледі. Расында да, сол соңғы екі бетте келтірілген төмендегі жыр жолдарына назар аударар болсақ, қиссаның жырлаушысы – зеренділік Ибраһим ақын екені айқын аңғарылады:

Зеренді болысымыз осы күнде,
Тағат қыл Ибраһим күндіз-түнде... (Тілеуқабылұлы, 1903: 7).

Осылайша, біз мақаламызда қиссаның авторы ретінде қазақ әдебиетінде белгісіз болып келген зеренделік Ибраһим есімді ақын аталады. Алайда шығармада *«Ақмола облысым – үлкен қала...», «Уезімді сұрасаң – Көкшетауда»* деген сияқты деректер ғана келтіріліп, автордың толық аты-жөні нақтыланбай қалған еді.

Араға көп уақыт салмай, 2024 жылы Мәскеуге ұйымдастырылған ғылыми іссапар аясында Ресей мемлекеттік кітапханасы қорында (каз. 1/369. жалғыз дана) сақталған «Үшбу қисса Имам Ағзам дүр. Имам Ағзам қиссасы» назарымызды аударды. Бұл еңбек туралы мәлімет «Қазақ кітабының шежіресі (1807-1917)», «Қазақ кітаптары (1807-1917)» атты жиынтық каталогтар да келтірілгенін атап өткен жөн: *«Ұшбу қисса хәзрәт-и Имам Әғзәм-дүр. Имам Әғзәм қиссасы. Жазушы: Ибраһим Тілеуқабыл ұғлы. Қазақ тілінде әувәл мәртәбә басылынуы. – Қазан: Матбәгә-и Кәримия, 1903. – 11 б.»* (Қазақ кітаптары (1807-1917), 1998: 64. Қазақ кітабының шежіресі (1807-1917), 1996: 122). Каталогтардағы осы дерекке сүйене отырып әрі Мәскеуден алын-

ған қисса түпмәтінін зерттеу және қазіргі жазу үлгісіне түсіру арқылы бірқатар маңызды ғылыми қорытындылар жасалды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада мәтінтану ғылымы аясында салыстырмалы текстологиялық талдау, дереккөздерді салыстыру (источниковедческий анализ), тарихи-контекстуалды, әдеби-компаративистикалық әдістер, сондай-ақ шығарманың авторын анықтауға бағытталған атрибуция мен стильдік талдау, мәтінді терең түсіндіруге арналған герменевтикалық тәсілдер кеңінен қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақалада кітаби ақын Ибраһим Тілеуқабылұлының 1903 жылы Қазанда жарық көрген «Үшбу қисса Имам Ағзам дүр. Имам Ағзам қиссасы» және «Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасы» атты екі бірдей кітабы зерттеу нысанасына алынған. Зерттеу жұмысын жүргізуде «Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасының» Алматыдағы Ғылым ордасына қарасты Орталық ғылыми кітапханаңың сирек қорында (№7718) сақталған түпмәтіні, 2005 жылы көптомдық «Бабалар сөзінің» 16-томында жарияланған нұсқасы, ақынға қисса жазуға арқау болған Сопы Аллаярдың «Сәбәтул әжизин» еңбегі мен оның түсіндірмесі (шарх) болған Тәжүддин Жалшықұлдың «Рисалаи Азиза» кітабы және Ибраһим Тілеуқабылұлы туралы құжаттық-шежірелік материалдар пайдаланылды. Сондай-ақ жалғыз данасы Мәскеудегі Ресей Мемлекеттік кітапханасында (қаз. 1/369) сақталған «Имам Ағзам қиссасы» алғаш рет қазіргі жазу үлгісіне көшіріліп, шығарманың көркемдік ерекшелігі мен мазмұндық құрылымы ғылыми тұрғыда талданды.

3. Талқылау

Ибраһим Тілеуқабылұлы «Имам Ағзам қиссасының» соңғы беттерінде өзінің есімі мен шыққан тегін, әкесі мен атасының аттарын, туған жері мен шығарманың жазылу себебін өлең жолдары арқылы баяндайды. Енді екі қиссада кездесетін деректерді салыстырып, ортақ ұқсастықтарына көз жүгіртейік. Мұндай ұқсастықтар, сөзсіз, қос туындының авторы Ибраһим Тілеуқабылұлы екенін дәлелдей түседі.

«Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасы» (Қазан, 1903. 8 бет)	**«Үшбу қисса Имам Ағзам дүр. Имам Ағзам қиссасы» (Қазан, 1903. 11 бет)**
Автордың аты	
Тағат қыл, Ибраһим, күндіз-түнде...	*Үшбу қиссаны жазғушы Ибраһим атым...*
Автордың әкесі мен атасының есімдері	
(көрсетілмеген)	*Өз әкемді сұрасаң – Тілеуқабыл...* *Ұлық бабам болады Өтебайды...*
Шыққан тегі	
(көрсетілмеген)	***Қылды*** *елінен болады нәс(і)лі затым.*

Туған жері	
Ақмола облысым үлкен қала... *Уезімді сұрасаң Көкшетауда...* *Зеренді болысымыз осы күнде...* *Поштаңыз Сандықтаудан жүрер қашан...*	*Туған жерім Айдабол, Шалқар еді,* *Орыс алып, көшті ғой біздің ауыл...*
Қиссаның жазылу себебі	
Қисса жаз деп бұйырдың Қасым батыр... *Дүкенші сіз бұйырдың Қасым молла...* ***Үшбу екі қиссаны**, ай, шырағым,* *Сіз елтіп заказной поштаға сал...* *Шаһар Қазан келген соң Қасым мырза,* *Бұл өлеңнің хабарын берші маған....*	*Қасым ноғай өтінді жазыңыз деп...* *Баспаға жіберем деп айтып еді,* *Маған берген Қасымның мәслихаты...* *Мәслихаты Қасымның берген маған,* *Әй, Каримов, бір қызмет енді саған...*

Демек, екі қиссаның авторы – Ибраһим Тілеуқабылұлы. Көріп тұрғанымыздай, ақын бір шығармасында өзі туралы мәліметті толық келтірсе, екінші шығармасында қысқаша ғана тоқталады.

Ибраһим ақынның нәсілі – өзі «Имам Ағзам қиссасында» атап өткендей, Қылды руынан. Ал Қылды руы – Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасына жатады. Ақынның тегін анықтау мақсатында Арғын тайпасының қатысты шежірелік деректерді зерделедік. Соның ішінде 2024 жылы «Turan» баспасынан жарық көрген «Арғын Қылды Қарауыл – Көмекей руының шежіресі» қолымызға түсті. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Ибраһим Тілеуқабылұлының Арғын тайпасына қарасты Қылды Қарауыл – Көмекей руынан екені анықталды. Шежіреге сәйкес, ақынның есімі – «Ыбырай» деп берілсе, ал әкесі мен атасының есімдері қиссадағыдай «Тілеуқабыл, Өтебай» деп көрсетілген. Ибраһимнің Иса мен Смайыл деген екі інісі және өзінің кіндігінен тараған Темірғали атты бір ұлы болған. Жалпы Ибраһим ақыннан Арғынға дейінгі аталар тізбегі былайша жалғасады: *Темірғали – **Ыбырай (Ибраһим)** – **Тілеуқабыл** – **Өтебай** – Нұрбай – Шақа – Көмекей – Тілеу – Күнсары – Түнқатар (**Қылды** Қарауыл) – қарт Бөлекей – Мәшек – Амалдық – Миқы баба – Қарауыл – Қарақай – Қарасопы – Арғын* (Арғын Қылды Қарауыл – Көмекей руының шежіресі, 2024: 230).

Енді Ибраһим ақынның туған жеріне қатысты қиссада келтірілген деректерді зерделейік. «Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасы» бойынша ақын өмірінің соңына қарай Ақмола облысы, Көкшетау уезі, Зеренді елді мекенінде тұрған. Ал «Имам Ағзам қиссасында» аталған Айдабол мен Шалқар – ақынның туған жері болған. Өйткені, қиссада ақын: «*Туған жерім Айдабол, Шалқар еді, Орыс алып, көшті ғой біздің ауыл*» (Тілеуқабылұлы, 1903: 11) деп, елінің бір жерден екінші жерге үдере көшкенін жеткізеді. Ал Айдабол, Шалқар, Сандықтау – Көкшетау өңіріне қарасты жерлер екені мәлім.

Қиссалардағы мәліметтерге қарағанда, қос шығарманы жазуға Ибраһим ақынға Қасым есімді тұлға себепкер болған. Сондай-ақ ақын өз сөзінде бұл кісіні «Қасым батыр», «Қасым мырза», «Қасым молда» деп ерекше ілтипатпен атайды. Ал осыған

дейін, яғни 2023 жылы жарияланған мақаламызда бұл тұлға жөнінде мынадай ой айтқан едік: *«Жырда әрі молда, әрі мырза, әрі батыр ретінде сипатталған тұлға – Керекудің діни қайраткері Қасым қажы Мұстафаұлы Ертісбаев (1870-1932) болуы әбден мүмкін. Ол өз медресесінде оқыған шәкірті Сәбит Дөнентаевтың «Уақтүйек» атты кітабын (Уфа, 1915) демеушілікпен жарыққа шығаруға көмектескен. Қайырымдылық істерімен танылған меценат Қасым қажы жасы ұлғайған Ибраһим ақынның қиссаларын бастырып шығаруға да қол ұшын берген болуы мүмкін деген ойдамыз. Алайда, зеренділік Ибраһим ақын жырға қосқан Қасым молда аты аталған Ертісбаевтан бөлек, басқа тұлға болуы да ықтимал»* («Uly dala murasy», 2023: 58).

Ғылыми қорытынды жасауда жорамалға белгілі бір деңгейде орын берілгенімен, күмәнді сейілтетін нақты дерек табылған жағдайда ақиқатқа жүгінген абзал. Ендеше, кейінгі кезекте зерттеу нысанасына алынған «Имам Ағзам қиссасында» аталған Қасым есімді тұлға туралы деректер оның Қасым қажы Мұстафаұлы Ертісбаев емес екенін дәлелдейді. Өйткені, «Имам Ағзам қиссасында» Қасымның ұлтына қатысты оны «Қасым ноғай» деп атайды, ал жырдың тағы бір шумағында оның толық атыжөні келтіріледі:

Абулқасым атасы – Мұхаммед-Аюб молла...
Арғы атасы тағы бар Фазыл атты... (Тілеуқабылұлы, 1903: 11).

Бұдан бөлек ақын «Қожа Бahауддин хазіретлерінің қиссасында» Ахмет-Кәрім деген ноғай азаматына сәлем жолдайды:

Сізге сәлем жазамын, Ахмет-Кәрім ноғай... (Тілеуқабылұлы, 1903: 7).

Ибраһим тағы бір сөзінде өзінің тұрғылықты мекенжайын Ахмет-Кәрімге айтып өтеді:

Тұрағым керек болса, Ахмет-Кәрім,
Қазағы «фитай» нөмірі ауылдағы... (Тілеуқабылұлы, 1903: 7).

Аталған жолда ұшырасатын «фитай» сөзін орыс тіліндегі «пятый» (яғни, «бесінші») деген реттік сан есімімен байланысты деп топшылауға болады. Демек, «фитай» сөзі «бесінші қазақ ауылы» дегенді білдіруі мүмкін. Мұндай мәлімет «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының Арғын ру-тайпаларына қатысты еңбегінде де кездеседі. Онда Зеренді болысының Көкшетау уезінің оңтүстігінде орналасқаны және оның бес әкімшілік бөлікке бөлінгені көрсетілген. Соның ішінде ***5-ші әкімшілікке*** *долбы, шыңдәулет,* ***көмекей*** рулары қоныстанғаны жазылған (Қазақ ру-тайпаларының тарихы: Арғын, 2007: IX том, 254). Ал Ибраһим Тілеуқабылұлының Арғынның ішіндегі Қылды Қарауыл – Көмекей руынан екені белгілі.

Бұған дейін біз баспа редакторы немесе кітаптың жауапты шығарушысы ретінде көрсетілген Шәкіржан әл-Хамидидің бұл қиссалардың жырлаушысы емес екенін айтқан едік. Расында да, қазақ кітаптарына арналған библиографиялық көрсеткіштерде Қазанда жарық көрген бірқатар қазақ тіліндегі басылымдардың «жауапты шығарушысы» ретінде татар оқымыстысы Шәкіржан әл-Хамидидің есімі көрсетілген. Мәселен, ол «Қисса-и Біржан сал менен ақын Саранның айтысқаны» кітабы (Қазақ кітаптары (1807-1917), 1998: 47) мен «Таһир мен Зуһра» сынды қиссадастандардың редакциялық жұмысына жетекшілік еткен.

Қорытындылай келе, Қожа Бахауддин хазірет пен Имам Ағзамға арналған агиографиялық сипаттағы шығармалардың шынайы авторы ретінде Ибраһим Тілеуқабылұлын атай аламыз. Осылайша ақын шығармалары арқылы ұлт руханияты мен халық оқу-ағарту ісіне ерекше әсер еткені даусыз (Tadjiyev K., 1: 322).

4. Зерттеу нәтижесі.

«Қожа Бахауддин хазіретлерінің қиссасы». И. Тілеуқабылұлы бұл шығармасында Бұхарада өмір сүрген әйгілі әулие Қожа Бахауддин Нақшбандиге (1318-1389) байланысты аңыздардың бірін жырға қосады. Атап айтқанда, Алланы зікір етіп, жеті жылда тіккен бөркін жеті тозаққа айырбастап, мұсылман үмбетін тозақ отынан құтқармақ болған әрекеті әсерлі баяндалған. Осы орайда жырдың мазмұнына қысқаша тоқталсақ. Ақын шығарманы қиссашылық дәстүрге сай қалыптасқан үрдіс бойынша ең әуелі Аллаға мадақ айтып, пайғамбарға салауат жолдап, шаһриялардан медет тілеумен бастайды. Содан кейінгі сөзін ақын былай деп жалғайды:

Илһам берсе көңілге бар Құдайым,
Әр қисса көңілде тұр дайын-дайын.
«Рисалаи Азизада» көріп едім,
Қожаны қисса қылып шығарайын (Тілеуқабылұлы, 1903: 2).

Демек, ақын әулиеге қатысты аңызды Сопы Аллаярдың (1644-1724) «Сәбәтул әжизин» атты еңбегіне жазылған Тәжуддин Жалшықұлдың (1768-1838) «Рисалаи Азиза» түсіндірме (шарх) кітабынан алған. Одан әрі ақын Қожаның Бұхара шәрифте дүниеге келгенін, азан шақырып қойылған есімі – Мұхаммед екенін, оның кереметі мол әулие әрі өнері асқан шебер ұста болғанын баяндайды. Сол себепті ол «Нақшбанди», яғни «жүректерге Алланың есімін көркемдеп жазушы» деген атаққа ие болғанын айтады.

Бір күні Қожа инені әр шанышқан сайын «Лә иләһа иллә Алла, Мұхаммед Расул Алла» (Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі) деген сөзді жетпіс рет айтып, жеті жылда бір бөрікті тігіп бітеді. Ол бөрікті саудаға қойып, оның бағасын жеті тозақ деп белгілейді. Әулие құлының бұл ісін көріп-біліп тұрған Алла Тағала оған бір періштені зәңгі кейпінде жіберіп, бөркін сатып алмақ болады. Зәңгі бөріктің бағасын естіп, «бөркің қымбат екен» деп Алланың құзырына қайтып барады. Алла Тағала: «Қожаға бар да, бөркін алты тозаққа сатып ал», – деп зәңгіні қайта жібереді. Сөйтіп, әулие зәңгінің ұсынысына разы болып, бөркін алты тозаққа айырбастауға келіседі.

Қиссадағы әулиенің бөрік тіккендегі ниетін былай түсіндіруге болады: ол тозақты өзіндегі рухани байлығымен (бөрік – символдық бейне) сатып алып, мұсылман үмбетіне шапағатшы болып, оларды тозақ отынан аман сақтауды мақсат еткен. Ақын да әулиенің бұл әрекетін жырда былайша сипаттайды:

«Мұхаммед үмбеттерін кіргізбен» деп,
Қожаның бөрікті тіккен ниеті сол (Тілеуқабылұлы, 1903: 6).

Ал Алла Тағала неге әулие құлының таза көңілмен тіккен бөркіне жеті тозақты бере салмағанын былайша түсіндіреді:

Бермеген жеті тамұқ себебі сол,
Қорықпас деп қаһарымнан пенделерім (Тілеуқабылұлы, 1903: 6).

Ибраһим ақын қиссаның соңында Бұхарадан шыққан әулиенің батын (ішкі, жүрек) көзімен ғайыпты болжай алатын қасиетке ие екенін айтып, сөзін тәмамдайды:

«Рисалаи Азиза» кітабында
Бір бөлек айтқан екен осылай сөзді (Тілеуқабылұлы, 1903: 6).

Енді Ибраһим Тілеуқабылұлының «Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасын» жазуына алтын арқау болған Тәжұддин Жалшықұлдың «Рисалаи Азиза» еңбегіне аз-кем тоқталсақ. Бұл еңбек XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазан баспаханаларында бірнеше рет жарық көрген. Ал И. Тілеуқабылұлы осы еңбектің 1900 жылдарға дейінгі бір басылымын оқығаны анық байқалады. Біз «Рисалаи Азиза» еңбегінің әр жылдары жарық көрген басылымдарын саралау нәтижесінде онда Қожа Баһауддин Нақшбандиге қатысты бір емес, бірнеше аңыз-әңгіме қамтылғанына көз жеткіздік. Мәселен, «Рисалаи Азизаның» 1909 жылы Қазанда «Б.Л. Домбровский» баспасынан шыққан нұсқасында Қожа Баһауддин әулиенің есімі тақырып ретінде төрт жерде аталады:

– *Қожа Баһауддиннің екі мүридінің хикаясы* (Тәжуддин, 1909: 140);

– *Хикаят Қожа Баһауддин рахматуллаһ тағала ғалейһи* (Тәжуддин, 1909: 168);

– *Хикаят Қожа Баһауддин рахимаһулла ғауаниға (патшаның нөкері) жолыққаны* (Тәжуддин, 1909: 239);

– *Мінәжат Қожа Баһауддин рахматуллаһ тағала* (Тәжуддин, 1909: 239).

Ал әулиенің бөрік тіккен оқиғасы кітаптың «Мінәжат Қожа Баһауддин рахматуллаһ тағала» атты бөлімінде баяндалған (Тәжуддин, 1909: 240). Енді Тәжұддин Жалшықұлдың «Рисалаи Азиза» еңбегі мен Ибраһим Тілеуқабылұлының «Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасы» арасындағы мәтіндік үндестіктерді кесте арқылы салыстырып көрейік.

Тәжұддин Жалшықұлдың «Рисалаи Азиза» еңбегіндегі (Қазан, 1909. 240-бетте) Қожа Баһауддиннің бөрік тіккені туралы қиссаның аудармасы:	**Ибраһим Тілеуқабылұлының «Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасы» (Қазан, 1903. 8 бет.)**
Қожа Баһауддиннің «Мұхаммед Нақшбанди» екені айтылады. Ол «безектеуші (кестелеп тігуші)» және «өнер көрсетуші» деген мағынаны білдіреді.	*«Нақышбанди» деп қойған бір аты бар,* *Жаһаннан өнер қылып өтіп кетті.*
Инені әр шанышқан сайын «Лә иләһа иллаллаһ Мұхаммед расулуллаһ» деп жетпіс рет айтатын еді. Өйткені, бөрікті жеті жылда аяқтады.	*Бір бөрік тіккен екен жеті жылда.* *...«Лә иләһа иллә Алла, Мұхаммед Расул Алла» деп* *Жетпіс айтты инені шанышқан сайын.*
Ол ант етіп: «Кім бұл бөрікті менен сатып алса, бағасы – сол, жеті тамұқтың иесі болса, сол алсын», – деді.	*...Кімде-кім жеті тамұқ мүлікленсе (иеленсе),* *Сол бағаға сатам деп ант етіпті.*

Бір күні Алла Тағала бір періштені зеңгі кейпіне ендіріп: «Бар да, Баһауддиннің бөркін сатып ал», – деп бұйырды.	*...Жіберді зәңгі қылып періштені, «Сатып ал сауда қылып бөрікті» дейді.*
Содан ол періште кіріп келіп сәлем берді де: «Иә, Мұхаммед, мен Зәңгістан уәлаятынан келдім, бөркім жоқ, сенде сатылатын бөрік жоқ па?», – деп сұрады.	*...Қожаға тағзымменен сәлем берді. «Мен Зәңгістан жұртынан келермін» деп, Періште Қожа істеген бөрікті көрді. ...Сатарлық сізден бізге бөрік бар ма?*
Періште қайта келіп: «Бөркіңді алты тамұққа аламын», – дегенде, Қожа: «Арзанырақ», – деді.	*...Және қайтып келгенім сауда үшін, Берейін алты тамұқ, аламысың? ...Сұрайсың сен бөркімді арзанырақ.*
Яғни, жеті тамұққа ие болып, Мұхаммед үмбетін тамұғына кіргізбеу үшін еді.	*...Қожаның бөркін сатып тамұқ алған Себебі – Пайғамбардың үмбеті үшін.*
Алла Тағала (оған) сөзі мен істеген ісін дұрыс көріп, алты тамұқты берді.	*...Рахмат етті алтауын бірдей беріп, Қожаның іш пиғылын дұрыс көріп.*
(Бірақ, пенделер) қаһарынан аманмын деп ойламасын деп, жетінші тамұқты бермеді.	*...Бермеген жеті тамұқ себебі сол, Қорықпас деп қаһарымнан пенделерім.*

Жоғарыда келтірілген екі нұсқаны салыстырмалы түрде қарастырсақ, Ибраһим Тілеуқабылұлының түпнұсқа мәтіннен ауытқымағанын, тіпті ақындық шеберлігімен аңыздың көркемдік қуатын тереңдете түскенін көреміз. Мұндай ақындарды зерттеушілер «кітаби ақындар» немесе «қиссашыл ақындар» десе, кейде «нәзира дәстүрінде жырлаған ақындар» деп те атайды (Қыдыр, 2023: 113). Жалпы, Тәжуддин Жалшықұлдың «Рисалаи Азиза» атты еңбегімен қазақ оқырмандары О. Зәріпбайұлының аудармасы арқылы таныс. Алайда аталған аудармада түпнұсқадағы Қожа Баһауддин хазіретке қатысты аңыз-әңгімелер толық қамтылмаған. Тіпті біз қарастырып отырған әулиенің бөрік тіккен оқиғасы да аудармадан тыс қалған (Сопы Аллаяр, 2007: 341-343). Бұл аударма еңбектің құрылымы мен мазмұны түпнұсқадан гөрі «Рисалаи Азизаның» өзбек тіліне аударылған нұсқасына көбірек ұқсайтыны байқалады (Рисолаи азиза, 2000: 239-241).

Осы ретте Ұлытау өңірінен шыққан діни қайраткер Сармолда (Балмағамбет Балқыбайұлы) ақынның «Хазірет Хамзаттың [Хамзаның – Б.М.] дінге кіргені» деген көлемді жырын айтпай кетуге болмайды. Ол бұл шығармасында Қожа Баһауддиннің бөрік тіккен оқиғасын былайша жырға қосады:

Дүнияда диуанадан болса қалған,
Қалар ед Баһауддин Балағардан (бәлені қайтарушы – Б.М.).
Жеті жыл бір тақияны өзі тігіп,
Тозақтың алты есігін сатып алған (Балқыбайұлы, 2005: I том, 71).

Демек, Сармолда ақын да Ибраһим Тілеуқабылұлы пайдаланған дереккөзге сүйенген. Біле білсек, Балмағамбет Балқыбайұлының Қарнақтағы Нақшбандия-Мужаддидия тариқатының өкілі Халифа Қозы Түркістани ашқан «Халпе» медресесінде және Шаяндағы Аппақ ишан медресесінде білім алған. Оның үстіне, ол

қазақ жерінде ресми құжаты (хатыршаты) бар Нақшбандия тариқатының өкілі Оразай ишанның ұлы Ахмет ишанның шәкірті болған. Енді Сармолда ақынның «Рисалаи Азизамен» таныс болғанын дәлелдей түсетін «Ходжа Баһалдиннің [Баһауддиннің] екі мүриді» атты шығармасын қарастырып көрейік (Балқыбайұлы, 2005: II том, 295-298). Әрине, тақырыптан аңғарғанымыздай, бұл шығарманың сюжеті Тәжуддин Жалшықұлдың «Рисалаи Азиза» еңбегіндегі «Қожа Баһауддиннің екі мүридінің хикаясы» атты бөлімнен алынған (Тәжуддин, 1909: 140). Тіпті аталған жырдың соңындағы Сармолда ақынның Қожа Баһауддин туралы қара сөзбен келтірген дерегі «Рисалаи Азиза» еңбегінің мәтінімен толық үндеседі.

Тәжуддин Жалшықұлдың «Рисалаи Азиза» еңбегі (Қазан, 1909. 239-240 бб.)	**Балмағамбет Балқыбайұлының «Ходжа Баһалдиннің [Баһауддиннің] екі мүриді» шығармасы (Балқыбайұлы Б. II том. Хадис-назым. – Алматы, «Алаш», 2005., 298-бетте)**
Айтуларынша, Баһауддиннің шын есімі – Мұхаммед еді, әкесінің аты – Мәһди еді. Сейітзадалардан (Мұхаммед пайғамбар ұрпағынан) еді, Бұхарада (дүниеге келген) еді. Хабарларға қарағанда, Баһауддиннің анасының шыққан тегі Қызыр пайғамбардың анасының нәсілінен еді. Қызыр пайғамбармен рулық байланысы бар еді.	*Қожа Баһауддиннің шын аты – Мұхаммед еді, анасы Қызыр пайғамбардың анасымен нәсілдес еді.*
Инені әр шанышқан сайын «Лә иләһа иллаллаһ Мұхаммед расулуллаһ» деп жетпіс рет айтатын еді. Өйткені, бөрікті жеті жылда аяқтады.	*Бір тақияны жеті жыл тігіп, инені бір шанышқанда «Лә иләһа илаллаһ, Мухаммад расулаллаһ» деп 70 мәрте айтар еді.*

Әлбетте, бұл деректер Нақшбандия ілімінің қазақ тарихы мен рухани мәдениетіндегі маңызды орнын айқындай түседі. Дегенмен, 2013 жылы 10 томдық «Қазақ қолжазбалары» жинағының 7-томына енген Сопы Аллаярдың «Сәбәтул әжизин» (Дәрменсіздер тірегі) кітабының ғылыми қосымшасында Қожа Баһауддин хазірет туралы ақпараттың бұрмаланғаны белгілі болды. Яғни, XIV ғасырда өмір сүрген Қожа Баһауддин Нақшбандиді IX ғасырда Сайрам өңірінде өмір сүрген Қожа Баһауддин (Исфиджаби – Б.М.) тұлғасымен қасақана шатастыру орын алған (Қазақ қолжазбалары, 2013: VII том, 403). Бұл қателік осы жинақтың кейінгі басылымдарында түзетілсе деген үмітіміз жоқ емес.

Енді «Сәбәтул әжизин» еңбегінің авторы Сопы Аллаяр және оның ұстазы Шейх Хабибулла сынды сопылық ілім өкілдерінің рухани жолына тоқталып өтейік. Бұл үшін Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған, Сопы Аллаярдың тариқаттағы рухани тізбегі (силсилә) жазылған көне құжатқа зер салу жеткілікті. Ол құжат бойынша Сопы Аллаярдың рухани шежіресі былайша өрбиді:

Хазірет Сопы Аллаяр – Сопы Нәуруз – Хазірет Қажы Хабибулла – Миан Ма'сұм

– Хазірет Шейх Ахмад Мәждуддин (діннің мәртебесі) – Қожа Бақи Биллаһ – Қожа Имкан[аг]и – Мәуләнә Дарвиш – Хазірет Мәуләнә Мұхаммед Зәһид – Хазірет Қожа Ахрар Уәли – Мәуләнә Яқұб Чархи – Хазірет Қожа Баһауддин Нақшбанди қуддиса сирруһу (оның сырын қасиетті етсін) – Хазірет Сейіт Мір Күләл – Хазірет Қожа Баба Саммаси – Хазірет Қожа Шаһ Әли Рамитани – Қожа Махмұд Анжир Фағнауи – Хазірет Қожа Ариф Ревгари – Қожа Жаһан – Қожа Абдулхалиқ Ғиждуани – Қожа Әбу Юсуф Һамадани – Хазірет Шейх Әбу Әли Фармади – Хазірет Шейх Әбулқасым Куркани (Гургани) – Хазірет Шейх Әбулхасан Харақани – Хазірет Сұлтан Байазид Бистами – Хазірет Имам Жағфар Садық – Имам Қасым – Хазірет Имам Зайнул-Абидин – Хазірет Әбу Бәкір Сыддық – Хазірет Имам Хусейн – Хазірет Салман әл-Фарси – Хазірет Әли кәррамаллаһу уәжһәһу (Алла оның жүзін құрметтесін) (ҚР Ұлттық кітапхананың сирек қоры, №278 (парсы), 2б-4б).

Сопы Аллаярдың рухани жолының тағы бір жарқын мысалын Сыр өңірінің тумасы, ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Әбибулла мен Аллаяр хикаясынан» көруге болады. Онда Шейх Хабибулла мен оның шәкірті Сопы Аллаяр – Нақшбандия сопылық ілімінің көрнекті өкілдері ретінде сипатталады:

Бар еді Әбибулла деген бала,
Қайғырып қылушы еді күн-түн нала.
Бір апат Бұхараға болады-ау деп,
Кетіп еді кенттен шығып, кезіп дала.
Кешіне сәрсенбінің бір күндері,
Қабіріне Баһауддиннің барып жана... (Ізтілеуұлы, 2007: III том, 115-116).

Ал енді әулиенің тегіне қатысты «Бабалар сөзінің» 16-томының ғылыми түсінігіндегі «Нақышбанди Касри Хиндуван ауылында тәжік қолөнершісінің отбасында дүниеге келген» (Бабалар сөзі, 16-т., 2005: 277-278) деген мәліметтің жаңылыс берілгенін айтқан жөн. Өйткені Қожа Баһауддин хазірет Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима анамыздың ұлы Хусейннен тараған сейіт қожа әулетінен екені белгілі. Бұл деректі насабнамалық шежірелер де растайды (Саттаров, 2010: 254-255). Сонымен қатар ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған Қожа Баһауддиннің ата-тек шежіресі жазылған көне құжат та дәлел бола алады:

Хазірет Шаһ Нақшбандидің шежіресі (тегі), яғни Хазірет Баһаул-Хақ уәд-Дин (Баһауддин) – Мір Сейіт Жалаладдин – Мір Сейіт Бұрһанаддин – Сейіт Зәйнуддин – Сейіт Қасым – Сейіт Шағбан – Сейіт Бұрһанаддин – Сейіт Махмұд – Сейіт Йалақ – Сейіт Тақи – Сейіт Суфи – Фахруддин – Сейіт ‘Аскари – Имам Хусейн ‘Аскари – Имам Әли Тақи – Имам Әли Мұса Риза – Имам Мұса Казым – Имам Жағфар Садық – Имам Мұхаммед Бақир – Имам Зейнул-‘Абидин – Хазірет Имам Хусейн – Хазірет Әли әл-Мұртаза мен Фәтима Зәһра, барлығын рақымыңа бөлей гөр, ей, рақымдылардың ең Рақымдысы! (ҚР Ұлттық кітапхананың сирек қоры, №278 (парсы), 5а-6а).

«Үшбу Қисса Имам Ағзам дүр. Имам Ағзам қиссасы». Ибраһим Тілеуқабылұлы бұл шығармасында ислам дінінің ұлы ғұламасы, әрі ата-бабаларымыз ұстанған

дәстүрлі жол – Ханафи мәзһабының негізін қалаушы Сәбит ұлы Нұғман, яғни Имам Ағзам Әбу Ханифаның өнегелі өмір жолын бейнелеген. Ақын Имам Ағзам туралы қиссасында бұрыннан белгілі «жарты алма» оқиғасын нәзирагөйлік дәстүрге сай қайта жырлаған. Түркі әдебиетінде Имам Ағзам тұлғасын алғаш жырлаған ақын Сүлеймен Бақырғани екені белгілі. Оның «Ақызаман», «Миғражнама», «Исмайыл қиссасы», «Бибі Мәриям» сияқты шығармаларымен қатар аталатын «Жарты алма» дастанының оқиға желісі И. Тілеуқабылұлының «Имам Ағзам қиссасымен» ұқсас деп айтуға болады. «Жарты алма» дастаны – хикмет дәстүріне тән *аааб* ұйқасымен және 7-8 буынды өлшеммен жазылса, Ибраһим ақынның «Имам Ағзам қиссасы» – қазақтың қара өлең ұйқасына тән *ааба* үлгісінде, әр жолы 11 буынды болып келеді. Мәселен, С. Бақырғани «Жарты алма» дастанында Имам Ағзам туралы былай дейді:

Бұрын өткен адамнан,
Пайғамбардың соңынан,
Бір ер шықты Куфадан,
Аты Нұғман еді-йә (Әдеби жәдігерлер, 7-т., 2008: 438).

Имам Ағзамның ислам шариғаты мен дәстүрлі дініміздегі орны Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» («Шараитул-Ислам») атты діни кітабында арнайы сөз етілген: *«Мұжтәһид ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: Имам Ағзам, Имам Мәлік, имам Шафиғ, имам Ахмад ибн Ханбал. Бұл төртеуі шариғат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді. Біз ол төрт имамның ішінде Имам Ағзам мазһабында боламыз, яғни имам Ағзамның үйреткен шариғаты бойынша іс етеміз»* (Алтынсарин, 1884: 19).

Сондай-ақ қазақ ақындары да өз жырларында Имам Ағзамды ерекше құрметпен атап өткені белгілі. Мәселен, Әбубәкір Кердері «Насихат толғауында»:

Хазірет Имам Ағзам –
Шариғаттың айнасы,
Солардан кәміл табылған,
Шайтанның өлмек хайласы (Кердері, 1993: 109), –

деп жырласа, ал әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Әбу Ханифа жолының артықшылығы туралы бір жырында былай дейді:

Төрт имам әулиесі – Имам Ағзам,
Шығарма дәл солардай ендігі жан?!
Мәлік пен Имам Шафиғ, Имам Ахмет,
Шариғат осылардан бізге қалған (Көпейұлы, 2003: 351).

Сүлеймен Бақырғанидың шығармашылық мұрасын зерттеген Н. Мәтбек өзінің ғылыми еңбегінде «Ислам әлемі» діни-мәдени журналының 2003 жылғы №3-6 сандарында Мақсұт Шафиғи әзірлеген «Қисса Имам Ағзам» шығармасының жарияланғанын (авторы аталмайды), сондай-ақ кітаби ақын Ақылбек Сабаұлының «Имам Ағзам» атты дастан жазғанын атап көрсетеді (Мәтбек, 2018: 117-118). Бұл екі шығарманы зерделеу нәтижесінде, олардың И. Тілеуқабылұлы жазған «Имам Ағзам қиссасымен» сарындас екені анықталды.

Енді Ибраһим Тілеуқабылұлы жырлаған «Имам Ағзам қиссасының» мазмұнына тоқталайық. Ақын шығарманы қиссашылық дәстүріне сай әуелі Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтумен бастайды. Содан соң Тәңірдің он сегіз мың ғаламды жаратқанын, солардың ішінде Куфа деген шаһарды жасағанын баяндай келіп:

...Пайғамбар, әулиелер соңдарынан,

Аты шыққан Сәбит деген бір ер өткен (Тілеуқабылұлы, 1903: 2) – деп Имам Ағзамның әкесін мадақтайды. Сөйтіп, Сәбиттің жарты алмаға байланысты басынан кешкен оқиғаны жырға қосады...

Жырдың соңында қарай Нұғман атты бала дүниеге келеді. Алты жасар баланың ақылына тәнті болған патша оны елге имам қылады. Осы оқиғадан кейін Сәбит ұлы Нұғманның даңқы кеңге жайылып, оған «Имам Ағзам», яғни «Ұлық Имам» деген ат беріледі:

...Алты жасқа келгенде дін түзеткен,
Имам Ағзам кісіңіз сол болады (Тілеуқабылұлы, 1903: 10).

Осы оқиғаға куә болған жамағат: «Алты жастағы балаң патшаның күрделі мәселесін шешіп, ұлық имам атанды», – деп сүйінші сұрай келгенде, анасы былай деген екен:

...Бұ сөзді есітіңдер жас пен кәрің.
Сұмдығы жарты алманың мұндай болды,
Болмаса үш жасында болар еді имамдарың (Тілеуқабылұлы, 1903: 10).

Яғни, анасының айтуынша, егер Сәбит алманы рұқсатсыз жемегенде, Нұғман ұлық имам дәрежесіне алты емес, үш жасында жетер еді.

Қиссаның соңында ақын Ибраһим Тілеуқабылұлы ұлық имамды дәріптеп, оның рухына дұға бағыштауға шақырады:

...Имам Ағзам тақсырды мадх етіп,
Әл-Фатиха оқыңыз болған жері (Тілеуқабылұлы, 1903: 10).

5. Қорытынды

Қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар – діни-дидактикалық және шығыстық бағытта білім алған, жыр-дастандарды көбінесе медреселік үлгіде тудырып, араб-парсы поэзиясы ықпалымен жазған ақындар шоғыры.

XX ғасырдың бас кезінде шығармашылықпен айналысқан бірқатар кітаби ақындар қазақ әдебиеті тарихында кеңінен зерттеліп, есімдері аталғанымен, сол кезеңде өмір сүріп, мол әдеби мұра қалдырған тағы бір топ кітаби ақындар ғылыми назардан тыс қалып келеді. Олардың шығармалары бүгінгі күнге дейін толық жинақталып, жүйелі түрде зерттелмеген. Солардың ішінде біз арнайы сөз еткен Ибраһим Тілеуқабылұлының «Имам Ағзам қиссасы», «Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасы» секілді жыр тілінде жазылған шығармаларын атап өтуге болады.

Бұл шығармалардың ғылыми айналымға енуі – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің бүгінге дейін зерттелмей келген тың беттерін ашуға, сондай-ақ сол кезеңдегі ұлттық рухани мұрамызды тереңірек танып, тарихи-мәдени тұтастықта зерделеуге мол мүмкіндік береді деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Арғын Қылды Қарауыл – Көмекей руының шежіресі. – Алматы: «TURAN» баспасы, 2024. – 304 б.

2. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 7-т.: Сүлмеймен Бақырғани. Ақырзаман / Құраст. Т.Қыдыр. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 480 б.

3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 16: Діни дастандар. – 2005. – 328 б.

4. Балқыбайұлы Балмағамбет. 1-том. Хадис-назым. Алматы: «Алаш», 2005. – 288 б.

5. Балқыбайұлы Балмағамбет. 2-том. Хадис-назым. Алматы: «Алаш», 2005. – 392 б.

6. Ибраһим Тілеуқабылұлы. Имам Ағзам қиссасы. – Қазан: Мәтбаға-е Каримия, 1903. – 11 б. *(Сақталған жері: Ресей Мемлекеттік кітапханасы, (Химки), № каз. 1/369).*

7. Ибраһим Тілеуқабылұлы. Қожа Баһауддин хазіретлерінің қиссасы. – Қазан: Мәтбаға-е Каримия, 1903. – 8 б. *(Сақталған жері: Ғылым ордасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек қоры, №7718).*

8. Кердері Әбубәкір. Қазағым. – Алматы: Жазушы, 1993. – 288 б.

9. Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. – Т.2. – 432 б.

10. Қазақ кітаптары: Жиынтық каталог (1806-1917) / Құраст. Ж.Н. Кәрі., Бас ред. Р.А. Бердіғалиева. – Алматы: Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы, 1998. – 177 б.

11. Қазақ кітабының шежіресі: Библиографиялық көрсеткіш (1807-1917). / Құраст. Ү. Субханбердина, Сейфулина Д.С. – Алматы: Рауан, 1996. – 289 б.

12. Қазақ қолжазбалары. «Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары» (б.д.д. V ғ. бастап – б.д. XX ғ. Дейін) 10 томдық басылым. Софы Аллаяр. Сәбәт-ул әжизин (Әлсіздердің тірегі). Мәснәуи дастан. Түпнұсқа, жолма-жол аударма, көркем аударма. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. Т. 7: – 408 б.

13. Қазақ ру-тайпаларының тарихы: Арғын. IX том. Екінші кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2007. – 500 б.

14. Қыдыр Т.Е., Таджиев Х.Х. Қиссаси әр-Рабғұзи және қазақ жазба әдебиетінде пайғамбарлардың көркем бейнесі // «Керуен» ғылыми журналы No2, 83-том, 2024. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-08.

15. *ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қоры: Сопы Аллаярдың рухани шежіресі, Қожа Баһауддин Нақшбандтың насабнамасы, №278 (парсыша қолжазба), 2б-6а бб.*

16. Мәтбек Н.Қ. Сүлеймен Бақырғанидың шығармашылық өмірбаяны: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 166 б.

17. «Рисолаи азиза» – «Саботул ожизин» шархи // Тузувчи: Б. Хасан. – Ташкент: А.Қадирий номидаги Халқ мероси нашр, 2000. – 256 б.

18. Саттаров С. Мұхтар Әуезовтің ататегі. Тарихи-құжаттық, танымдық кітап. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 340 б.

19. Сопы Аллаяр. «Сәбатул ажизин» және «Рисалаи Азиза» кітаптары / аударған Оразбай З. – Шымкент: «Ғасыр-Ш», 2007. – 360 б.

20. Таджиев Х., Хасанов Н. Кыдыр Т. XIX ғасыр мен XX ғасыр басында Түркістан діни-ағартушылық әдебиетінде Ахмет Ясауи іздері // Түрік мәдениеті және Қажы Бекташ Вели ғылыми-зерттеу журналы. – 2020. No 96, – S.319-343 (түрік). DOI: 10.34189/hbv.96.014

21. Тәжуддин ибн Ялчығул. Рисалаи Азиза шарх сәбәт-ул әжизин. – Казань, типографія Б.Л. Домбровскаго, 1909. – 251 б.

22. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Шығармалары. – 3 том: Айтыстар, аралық сөздер, мысалдар, хикая-дастандар / Құраст.: Мардан Байділдаев, Алмас Алматов. – Алматы: «Жазушы», 2007. – 296 б.

23. Ыбырай Алтынсарин. Мұсылманшылықтың тұтқасы (Шараитул-ислам). – Қазан: Қазан университеті баспаханасы, 1884. – 76 б.

24. Uly dala murasy. «Белгісіз ақынның белгілі қиссасы немесе Зеренділік Ибрахим кім?». III/2023(XIX). (56-59 бб.).

References:

1. Babalar Sozi (Word of the Ancestors): In One Hundred Volumes. – Astana: “Foliant”, 2005. Vol. 16: Religious Dastans. – 2005. – 328 p. (in Kaz.).

2. Balkybayuly Balmagambet. Vol. 1. Hadis-Nazym. – Almaty: “Alash”, 2005. – 288 p. (in Kaz.).

3. Balkybayuly Balmagambet. Vol. 2. Hadis-Nazym. – Almaty: “Alash”, 2005. – 392 p. (in Kaz.).

4. Genealogy of Argyn Kyldy Karauyl – Komekey clan. – Almaty: "TURAN" Publishing House, 2024. – 304 p. (in Kaz.).

5. History of Kazakh Clans and Tribes: Argyn. Vol. IX. Book Two. – Almaty: "Alash" Historical Research Center, 2007. – 500 p. (in Kaz.).

6. Ibragim Tileukabyluly. Qissa of Imam Azam. – Kazan: Matbaga-e Karimiya, 1903. – 11 p. (Stored at: Russian State Library, (Khimki), No. kaz. 1/369). (in Kaz.).

7. Ibragim Tileukabyluly. Qissa of Khwaja Bahauddin Hazretleri. – Kazan: Matbaga-e Karimiya, 1903. – 8 p. (Stored at: Rare Collection of the Central Scientific Library under Science Orda, No. 7718).

8. Kazakh Books: Consolidated Catalogue (1806–1917) / Comp. Zh.N. Kari, Chief Ed. R.A. Berdigaliyeva. – Almaty: National Library of the Republic of Kazakhstan, 1998. – 177 p. (in Kaz.).

9. Kazakh Manuscripts. "Ancient Turkic and Kazakh Written Literary Heritage" (from 5th century BC to 20th century AD). 10-volume publication. Sofy Allayar. Sabot-ul Ajizin (The Support of the Weak). Masnavi Dastan. Original text, literal translation, artistic translation. – Almaty: "El-Shezhipe" PF, 2013. Vol. 7: – 408 p. (in Kaz.).

10. Kerderi Abubakir. My Kazakhs. – Almaty: "Jazushy", 1993. – 288 p. (in Kaz.).

11. Kopeyuly M.-Zh. Collected Works. – Almaty: "Alash", 2003. – Vol. 2. – 432 p. (in Kaz.).

12. Chronicle of the Kazakh Book: Bibliographic Index (1807–1917) / Comp. U. Subkhanberdina, D.S. Seyfulina. – Almaty: Rauan, 1996. – 289 p. (in Kaz.).

13. Kydyr T.E., Tadjiev Kh.Kh. Qissasi ar-Rabghuzi and the Artistic Depiction of Prophets in Kazakh Written Literature // "Keruen" Academic Journal No. 2, Vol. 83, 2024. [https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-08]. (in Kaz.).

14. Literary Heritage. In Twenty Volumes. Vol. 7: Suleymen Bakyrghani. Aqyrzaman / Compiled by T. Kydyr. – Almaty: "Taimas" Publishing House, 2008. – 480 p. (in Kaz.).

15. Matbek N.Q. The Creative Biography of Suleymen Bakyrghani: Monograph. – Almaty: Kazakh University, 2018. – 166 p.

16. Rare Collection of the National Library of the Republic of Kazakhstan: Sufi Allayar's Spiritual Genealogy, Khwaja Bahauddin Naqshband's Nasabnama, No. 278 (Persian manuscript), folios 2b–6a.

17. Risolai Aziza – Commentary on Sabotul Ojizin // Comp. B. Khasan. – Tashkent: A. Qadiriy People's Heritage Publishing House, 2000. – 256 p. (in Uz.).

18. Sattarov S. Mukhtar Auezov's Ancestry. Historical and Documentary Research Book. – Almaty: "Zhibek Zholy" Publishing House, 2010. – 340 p. (in Kaz.).

19. Sufi Allayar. Sabotul Ajizin and Risolai Aziza / Translated by Z. Orazbay. – Shymkent: "Gasyr-Sh", 2007. – 360 p.

20. Tadzhiyev Kh., Khasanov N., Qydyr T. (2020). The traces of Ahmed Yesevi in Turkestan religious-instructional literature in the 19th and early 20th centuries. // Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma dergisi. – No 96, – S.319–343 (in Turk.). DOI: 10.34189/hbv.96.014

21. Tajuddin ibn Yalchigul. Risolai Aziza – Commentary on Sabot-ul Ajizin. – Kazan, B.L. Dombrovskiy Printing House, 1909. – 251 p. (in Tatar).

22. Turmaghambet Izteleuly. Collected Works. Vol. 3: Aytys, Intermediary Words, Fables, Tales-Dastans / Comp.: Mardan Baidildaev, Almas Almatov. – Almaty: "Jazushy", 2007. – 296 p. (in Kaz.).

23. Uly Dala Murasy. "The Well-Known Qissa of an Unknown Poet, or Who Is Ibragim from Zeren?". III/2023(XIX). (pp. 56–59). (in Kaz.).

24. Ybyray Altynsarin. The Key to Islam (Sharaitul-Islam). – Kazan: Kazan University Press, 1884. – 76 p. (in Kaz.).

ҒТАМР 18.41.45 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-21

А.Р. Бердібай
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан
E-Mail: a.berdibay@mail.ru
ORCID ID:0000-0003-0733-1104

ҚАЗАҚ ЭТНОМУЗЫКАТАНУЫНДАҒЫ Б.И. ҚАРАҚҰЛОВ ЕҢБЕКТЕРІ

Аңдатпа. Өнертану докторы, профессор Б.И. Қаракұловтың зерттеулері отандық және шетел мамандары арасында кеңінен танымал. Бұл, бірінші кезекте, оның қызметінің жан-жақты аспектілеріне байланысты болды. Б.Қаракұлов отандық этномузыкатанудың музыкалық этнография және музыкалық диалектология салаларына тың идеялар әкелді. Олардың негізгілерінің қатарында ән фольклоры музыкалық ерекшеліктерін анықтап картографиялау, оны әлеуметтік-тарихи өмір аясында қарастыру, қазақтың дәстүрлі әндері мен музыкалық-речитативті жанрлар үлгілерін домбыра бұрауында және аспап сүйемелдеуімен хаттау болды. Сонымен қатар ғалым – музыкалық түркология дамуының негізгі жолдарын белгілеген алғашқы қазақ зерттеушісі. Б. Қаракұловтың ғылыми жолының екінші жартысында туған және тұжырымдары халықаралық ғылыми қауымдастық мойындаған музыкалық симметрология теориясының алғашқы сүйенген материалы да қазақтың дәстүрлі әндері болды. Еуропа және Шығыс музыкасының музыкалық-теориялық және музыкалық-тарихи тұжырымдарын терең меңгерген көрнекті ғылым қайраткерінің тың идеялары оның кең эрудициясына, фольклорлық-экспедициялық жұмысы мен қазақ музыкасының домбыра бұрауында нотаға түскен үлгілерін талдаудың қомақты тәжірибесіне негізделіп, ғылыми ойының жүйелі бағытта қалыптасып дамуымен сабақтасты. Бұл мақала ғалымның этномузыкатану мұрасын қарастыруға, оның қазақтың дәстүрлі музыкалық-поэтикалық өнерін зерттеудегі ғылыми идеяларын талқылауға арналған. Оның мақсаты – ғалымның қазақ әуендерінің аймақтық-дыбысқатарлық ерекшеліктерін, халық музыкалық-поэтикалық шығармашылығы үлгілерін музыкалық транскрипциялау мәселелерімен байланысты негізгі ұстанымдарын, сондай-ақ оларды зерделеу жолында ұсынған бағыттар мен әдістерді қарастыру болып табылады. Зерттеу әдістемесі кешенді және жүйелі тәсілдерді, музыкалық-тарихи, құрылымдық және салыстырмалы-типологиялық әдістерді қамтиды. Зерттеу нәтижелері Б.Қаракұловтың этномузыкологиялық идеяларының өміршеңдігін көрсетіп, оларды этномузыкология және жоғары музыкалық білім беру саласында одан әрі қолданудың жарқын болашағын көрсетеді.

Алғыс: Мақала AP19676609 «Жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану ғылымы» атты жоба аясында әзірленді.

Кілт сөздер: музыкалық этнография, музыкалық диалектология, қазақтың дәстүрлі әндерін талдау әдістемесі, картографиялау, фольклорлық-экспедициялық жұмыс, музыкалық хаттау.

A.R. Berdibay
Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan
E-Mail: a.berdibay@mail.ru
ORCID ID:0000-0003-0733-1104

THE WORKS OF B.I. KARAKULOV IN KAZAKH ETHNOMUSICOLOGY

Abstract. The researches of Doctor of Art History, Professor B.I. Karakulov are widely known both in domestic science and among foreign scientists. And this is, first of all, due to the versatile aspects of his fruitful

activity. In domestic ethnomusicology B. Karakulov proposed new ideas in the field of development of domestic musical ethnography and musical dialectology, namely, the problem of mapping of musical and stylistic features of song folklore, its study in the socio-historical context, created an original method of analysis of Kazakh traditional songs and samples of musical recitative genres, their notation in dombra structure with instrumental accompaniment. At the same time, the scientist was the first Kazakh researcher who outlined the main ways of development of musical Turkology. The development of the provisions of Professor B. Karakulov's theory of musical symmetrology, recognized by the international scientific community, which belongs to the second half of his scientific path, also began on the material of Kazakh traditional songs. Innovative ideas of the prominent figure of science were based on a deep knowledge of musical-theoretical and musical-historical concepts of European and Eastern music, broad erudition, extensive experience of folklore-expedition work and analysis of samples of Kazakh music deciphered by him in the dombra system, as well as on the systemic type of scientific thinking. The present article is devoted to the consideration of ethnomusicological heritage of the scientist, discussion of his scientific ideas in the study of Kazakh traditional musical and poetic art. The purpose of the article is to consider the main concepts of the scientist, related to the study of local and harmonic features of Kazakh melos, musical transcribing of samples of Kazakh folk music and poetry, as well as his proposed directions and methods of work on their study. The research methodology includes complex and systematic approaches, musical-historical and structural methods. The results of the study actualize the viability of B.Karakulov's ethnomusicological ideas and reveal broad prospects for their further application in ethnomusicology and higher music education.

Acknowledgements: The article was prepared within the framework of the project AP19676609 "Academic musicology in the process of formation of new humanitarian knowledge".

Keywords: musical ethnography, musical dialectology; methodology of analysis of Kazakh traditional songs, mapping, folklore-expedition work, musical transcribing.

А.Р. Бердибай

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан
E-Mail: a.berdibay@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-0733-1104

ТРУДЫ Б.И. КАРАКУЛОВА В КАЗАХСКОМ ЭТНОМУЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. Исследования доктора искусствоведения, профессора Б.И. Каракулова широко известны как в отечественной науке, так и среди зарубежных ученых. И это, в первую очередь, обусловлено разносторонними аспектами его плодотворной деятельности. В отечественном этномузыкознании Б.Каракуловым были предложены новые идеи в области развития отечественной музыкальной этнографии и музыкальной диалектологии, а именно, в числе основных была поставлена проблема картографирования музыкально-стилевых особенностей песенного фольклора, его изучение в социально-историческом контексте, создана оригинальная методика анализа казахских традиционных песен и образцов музыкально-речитативных жанров, их нотировка в домбровом строе с инструментальным сопровождением. Вместе с тем, ученый был первым казахским исследователем, обозначившим основные пути развития музыкальной тюркологии. Разработка положений, признанной международным научным сообществом, теории музыкальной симметрологии профессора Б. Каракулова, относящейся ко второй половине его научного пути, также начиналась на материале казахских традиционных песен. Новаторские идеи видного деятеля науки были основаны на глубоком знании музыкально-теоретических и музыкально-исторических концепций европейской и восточной музыки, широкой эрудиции, большом опыте фольклорно-экспедиционной работы и анализа расшифрованных им в домбровом строе образцов казахской музыки, а также на системном типе научного мышления. Настоящая статья посвящена рассмотрению этномузыковедческого наследия ученого, обсуждению его научных идей в исследовании казахского традиционного музыкально-поэтического искусства.

Целью статьи является рассмотрение основных концепций ученого, связанных с вопросами изучения локально-ладовых особенностей казахского мелоса, музыкального транскрибирования образцов казахского народного музыкально – поэтического творчества, а также предложенных им направлениий и методов работы по их изучению. Методология исследования включает в себя комплексный и системный подходы, музыкально-исторический и структурный методы. Результаты исследования актуализируют жизнеспособность этномузыковедческих идей Б. Каракулова и раскрывают широкие перспективы их дальнейшего применения в этномузыкознании и в сфере высшего музыкального образования.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках проекта AP19676609 «Академическое музыковедение в процессе формирования нового гуманитарного знания».

Ключевые слова: музыкальная этнография, музыкальная диалектология; методика анализа казахских традицинных песен, картографирование, фольклорно-экспедиционная работа, музыкальное транскрибирование.

1. Кіріспе

Ұсынылып отырған мақала отандық этномузыкатанушыларымыздың екінші буынына[1] жататын көрнекті ғалым, ұстаз және ұйымдастырушы, өнертану докторы, профессор Б. Қарақұловтың этномузыкатанушылық еңбектерін қарастыруға арналған. Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі заман ғылымымызда зерттеушінің әдіснамалық сипаттағы пікірлері мен тұжырымдарының өміршеңдігімен және олардың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық мұрамызды тереңінен зерттеуге көптеген мүмкіндіктер ашатынымен түсіндіріледі.

Б.И. Қарақұлов 1942 жылы 27 наурызда Алматыда еліміздің тұңғыш медицина ғылымының докторы және профессоры, эпидемиология және микробиология маманы, ҚазССР-інің денсаулық сақтау министрі Ишанбай Қарақұлов және ҚазССР-інің Бас физиотерапевті, медицина ғылымының кандидаты Надежда Колесникованың отбасында дүниеге келді. Ата-анасының үлгі-тәрбиесімен дарыған қарапайымдылық пен еңбекқорлық, ізденгіштік пен мақсаттылдық, биік идеяларға берілушілік пен ісіне деген үлкен жауапкершілік ұлдарына келешекте көптеген асуларды бағындыруына көмектесті. Сонымен қатар, болашақ этномузыкатанушының қалыптасуына көпшіл және мінезі жайдары әкесінің үйінде үнемі жиналып тұратын белгілі жыршы, күйші, әншілердің өнері өз әсерін тигізді.

Тумысынан дарынды және зерек Болат Ишанбайұлы музыка мектебінде оқымай, жеке сабақтар алып, сол білімімен алдымен Алматы консерваториясының дайындық, кейін негізгі курсына түсіп, «хормен дирижерлеу» мамандығы бойынша оқыды. Кәсіби музыкалық білімін Мәскеудегі П.И. Чайковский атындағы Мемлекеттік консерваторияда жалғастырып, оны бітірісімен 1967 жылы елге оралады.

Мәскеуде оқыған кезеңде Б. Қарақұлов «Жас тұлпар» бірлестігінің мүшесі болды. Бұл ұйымның отансүйгіштік рухы Болат Ишанбайұлының өмірінің соңына дейін қазақтың дәстүрлі музыкасын зерттеуіне орасан серпін берді. Мұнда өзімен мүдделес достарымен талқылаған ел тарихының ең терең қатпарлары, оның философиялық-дүниетанымдық негіздері, қазақ халқының әлемдік өркениет аясындағы (әсіресе еуропалық емес елдермен байланыстарындағы) тарихи орны,

[1] Аға буынға Р. Карутц, А. Бимбоэс, А. Затаевич, А. Жұбанов, Б. Ерзакович секілді тұлғаларды жатқызуға болады.

т.с.с. тақырыптар идеялары және кандидаттық еңбегін дайындағанда сүйенген материалы Б. Қарақұловтың бірқатар мақалаларында қазақ музыкасының арғы тарихын этномузыкатанумен салалас археология, этнография, мәдениеттану және т.б. ғылымдар деректері көмегімен көрші елдер музыка мәдениетінің аясында қарастыру мәселесін қоюына үлкен әсер етті.

П.И. Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясының «Хормен дирижерлеу» факультетін СССР Халық артисі, композитор, дирижер В.Г. Соколовтың класы бойынша аяқтаған жас маман еліне оралғаннан кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында бірер жыл жұмыс істеп, кейін ҚазССР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына түсті. Осылайша ол Отанына оралған «жастұлпарлықтардың» бірқатарындай ұлттық идеяны өзінің ғылыми тақырыбында жалғастыруға бет алды. Болат Ишанбайұлы өміріндегі бұл маңызды қадам оның мамандығының өзгеріп, болашақтағы айшықты шығармашылық тағдырында шешуші роль атқарды. 1973 жылы Б. Қарақұлов белгілі этномузыкатанушы, өнертану докторы, ҚазССР ҒА мүше-корреспонденті, профессор Б.Г. Ерзаковичтің жетекшілігімен «Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса»[2] атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Кейін аталған институтың Музыка бөлімінде қалып, жалпы алғанда қырық жылға жуық уақыт бойы қызмет етті.

Этномузыкатану жолына түскен жас ғалым 1970-1980 жж. бірқатар конференцияларға қатысып, дәстүрлі музыка мәдениетіміздің түрлі мәселелеріне арналған мақалаларын жариялады. Жиі шығып тұрған фольклорлық экспедициялар нәтижесінде оның нотаға түсірген бірқатар материалдары жарық көрді. Жинаған нұсқалары толық көлемде кітап жүзінде басылып шықпаса да, 1981 жылы Б.Қарақұловтың хаттауында ішіне Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) облысының күйлері кірген «Асыл мұра» музыкалық-этнографиялық жинағы дәстүрлі музыка мамандары тарапынан жоғары бағаланды. Сонымен қатар 1982 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Музыка бөлімінің ұжымы дайындаған «Қазақтың музыкалық фольклоры» антологиясында ғалымның бірнеше ноталық жазбасы басылып шықты. Олардың ішінде аспаптық сүйемелдеумен хатталған бақсылық және жыршылық өнер нұсқалары отандық музыкалық этнографиядағы мұндай үлгідегі алғашқы мысалдар болды.

1980-ші жж. басынан Болат Ишанбайұлының ғылыми шығармашылығы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясындағы ұстаздық қызметімен сабақтасып дамыды. Ғалым институттағы жұмысын дәріс берумен ұштастырып, еліміздің жоғары білім беретін ол кездегі жалғыз музыкалық оқу орнында өмірінің соңына дейін «Музыкалық фольклор шығармаларын талдау», «Музыкалық-этнографиялық практика», «Мамандық», кейін – «Музыкалық симметрология» пәндерін жүргізіп, дипломшылар, ізденушілер мен аспиранттардың ғылыми тақырыптарына жетекшілік етті. Өзінің шәкірттерімен жұмыс істегенінде

[2] «Қазақтың ән әуендерінің ладтық жүйесінің локальді (аймақтық) ерекшеліктері».

Б. Қарақұлов әдетте ұлтымыздың дәстүрлі музыкасына байланысты тақырыптарды таңдап, оның музыкалық нұсқаларын құрылымдық немесе одан өрбіп шыққан жеке бағыт – музыкалық симметрология әдістерінің көмегімен зерттейді. Консерваторияда жұмыс істеп келе жатқан отыз жылдай уақыттың ішінде оның класынан ондаған шәкірт дайындалып шығарылды. Олардың ішінде И. Князева, К. Клопова, Б. Оспанов, Г. Ысқақова, Р. Несіпбай, Т. Егінбаева, Ж. Қожахметовалар профессор Б. Қарақұловтың жетекшілігімен кандидаттық диссертацияларын қорғап, биік мәреге жеткен ғалымдар.

Еліміз тәуелсіздігін алған кезең білім беру жүйесінің барлық буындарына серпіліс әкеліп, егеменді елде жаңа авторлық әдістемелік құралдар мен оқулықтар қажеттілігі күшейгені мәлім. Өзінің бай музыкалық-этнографиялық практикасы мен музыкалық талдау тәжірибесіне негізделіп дайындалған профессор Б. Қарақұловтың этномузыкатану мәселелеріне арналған Оқу бағдарламалары жоғары білім беру жүйесінің ғылымның дамуына тәуелділігін айшықтайтын жарқын мысалдарының біріне айналды. Болат Ишанбайұлының «Музыкалық фольклор шығармаларын талдау» пәні бойынша жазылған авторлық бағдарламалары да төлтума ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық келбетімен ерекшеленеді. Мұнда автордың Антик дәуірі мен Шығыстың ортағасырлық музыкалық теорияларын терең меңгеріп, сол ілімдерді заманауи теориялық музыкатану және этномузыкологияның даму барысындағы жетістіктерімен сабақтастыруы, еліміздің әртүрлі географиялық аймақтар домбыраларының дыбыс қатарларын және ұлттық дәстүрлі музыкамыздың ән, жыр және күй құрылымдарын жетік білуі, сондай-ақ қазақ музыкасын нотаға түсірудегі үлкен тәжірибесі ғалымның өз шәкірттерімен қатар, басқа да жас буын зерттеушілер үшін биік кәсіби біліктіліктің биік үлгісіне айналды.

1980-ші жж. Болат Қарақұлов зерттеушілігін кейін еңбектерінің басты саласына айналған симметрология іліміне бет бұрады. Толассыз ізденістерінің нәтижесінде оны музыка үлгілері материалында қолданып, этномузыкатануда тың әдістеме дайындады. «Музыкальная симметрология» (1991) тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін аталған музыкалық-теориялық бағыт халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан биік бағаланып, 1992 ж. профессор Болат Ишанбайұлы Қарақұлов Кембридж университетінің «Жыл адамы» құрметті атағына ие болды.

1990-шы жылдардың алғашқы жартысында осыған дейін Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының «Қазақ музыкасы және фольклоры» кафедрасын басқарып келген Болат Ишанбайұлы аталған оқу орнының ғылыми ісі жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды. Шығармашылық жолының бұл кезеңінде ғалым бірқатар ізгі бастамаларымен көзге түсті. Олардың ішінде консерваторияның Тарих-теория факультетінде «Этномузыкатану» мамандығының ашылуы үлкен жаңалық болды. Ол – егемендігімізді жаңа алып жатқан тұста отандық ғылымда ұлтымыздың дәстүрлі музыкасын жаңа буын зерттеушілер дайындау қажеттілігінен туындаған идея еді. Сонымен қатар 1990-шы жж. басталған «нарық дәуірінде» жоғары білім алуға үміткерлер гуманитарлық мамандық таңдауға

құлықсыз болып, қазақ музыкасын зерттеп насихаттайтын болашақтағы ұлттық кадрларымыздың азаю қауіпі де жоқ емес еді.

Оның алдында, 1980 жж. екінші жартысында, консерваторияда эксперимент ретінде екі мамандықты тегін алу мүмкіндігі туып, музыкалық шығармаларды нотаға түсіріп, оларды талдауға икемі бар домбырашы студенттер негізгі мамандығымен қоса, этномузыкатанушы ретіндегі диплом жұмыстарын да жазып бітірді. «Олардың қатарындағы аса талаптылары – Б. Мүптекеев, А. Сарымсақова, А. Байбек, Е. Тұңғышұлы, Р. Алсаитова, Б. Бәбіжан, т.б. кейін ғылыми жұмыстарын табысты аяқтап, кандидаттық диссертацияларын қорғап шықты, ал тағы да бірқатары этномузыкалық білімінің арқасында музыкалық-этнографиялық жинақтар, «Этносольфеджио» пәніне арналған және оқу процесіне қажет т.б. әдістемелік құралдарын жариялап, республикалық теледидар және радио жүйесінде жеке авторлық бағдарламалар ұйымдастырып, ұлттық мемлекеттік жобалардың редакторлары ретінде елге танымал болды» (Бердібай, 2014: 71).

Объективті себептерге байланысты, өткен ғасырдың соңында жабылып қалған «Этномузыкатану» мамандығы 2015 ж. қайтадан ашылғанда оның бағдарламасы Б. Қарақұлов белгілеп кеткен бағдарлама негізінде жасалып жаңғырды. 1990-2015 жж. аралығында бұл салаға жаңа еңбектер қосылу нәтижесінде қазіргі кезде жүргізіліп отырған бағдарламаға «Домбыра музыкасының теориялық негіздері» (проф. С. Өтеғалиева), «Қазақ әнінің музыкалық тілі» (доц. І.Қожабеков), т.б. пәндер қосылып оқытылуда.

Егемендіктің алғашқы кезеңінде Болат Ишанбайұлының Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ғылым ісін басқарған мерзімі аса ұзақ болмағанымен, ғалым бұл жұмысты да үлкен абыроймен атқарып, отандық ғылым және музыкалық білім беру ісінің өркендеп дамуына атсалысты. Маманның ұлтымыздың төлтума ерекшелігін айқын көрсететін дәстүрлі музыка зерттеушілерін дайындау ісіне белсенді түрде атсалысуының оң шешім болғаны қазіргі замандағы әлемдік деңгейдегі этномузыкатанудың даму барысынан байқалады.

2. Зерттеу әдістері және материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланы дайындау барысында қолданылған ғылыми әдіснама оның міндеттерінен туындады. Осылайша профессор Б.И. Қарақұлов зерттеген этномузыкатанушылық мәселелердің алуантүрлілігі мен олардың өзара байланыстары еңбекте кешенді және жүйелі тәсілдер көмегімен қарастырылды. Биографиялық әдіс этномузыкатанушының ғылыми келбетін хронологиялық жүйеге сүйене отырып ашуға көмектесті. Музыкалық-тарихи әдіс зерттеушінің отандық кәсіби жолының қалыптасуы мен даму үдерісін бақылуға мүмкіндік беріп, отандық ғылымдағы дара келбетін анықтауға септігі тиді. Б.Қарақұловтың кейбір еңбектеріндегі теориялық мәселелерді сипаттау қажеттігі құрылымдық әдіске жүгінуді талап етті. Сонымен қатар, ғалым тұжырымдарын отандық және шетелдік мамандар ой-пікірлерімен қатар қойып қарастырғанда, салыстырмалы әдіс қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Б.Қарақұловтың ғылыми шығармашылығын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олардың алғашқысы – 1970-1990, ал соңғысы – 1990-2014 жж. аралығын қамтиды. Көрсетілген кезеңдердің алғашқысында зерттеуші мақалаларын қазақ және түркітілдес елдер дәстүрлі музыкасының түрлі музыкалық-теориялық және тарихи (қазақ әндерінің құрылымы мен музыкалық тіл ерекшеліктері, музыка және этногенез, музыкалық түркология, т.б.) мәселелеріне арнаса, екінші кезеңде бұрын басталған бағыттар әрі қарай дамытылып, оларға танымдық сипаттағы (А. Жұбанов, Б. Ерзакович, Қ. Сәтпаев туралы) очерктермен қатар, отандық музыкатану және этномузыкатану салалары үшін мүлдем тың, ал халықаралық деңгейде – жаңадан енді ғана басталып келе жатқан *музыка симметрологиясы* туралы мақалалар мен монографиялар қосылды. Атап өтерлік маңызды нәрсе, ғалымның соңғы 35 жыл ішінде жарияланған «Симметрия музыкальной системы» (1991), «Музыкальная симметрология» (1-том, 2019), «Музыкальная симметрология» (2-том, 2021) атты монографиялық еңбектері осы аталған бағыт мәселелерін зерттеуге арналды.

Ғалым өмірінің қос кезеңіндегі де еңбектері жаңашылдығымен ерекшеленеді. Сол кездегі бірқатар әріптестері тұжырымдарымен салыстырғанда, Б. Қарақұлов ғылыми шығармашылығының үлкен ерекшелігі оның қазақтың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық шығармаларын талдаудың *жаңа әдістемесін* жасауымен анықталады. Ғылыми шығармашылығының бірінші кезеңінде ол ұлтымыздың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық нұсқаларын талдағанда құрылымдық әдіске сүйенсе, кейін сол әдісті дамытып, *музыкалық симметрологиялық талдау* деңгейіне дейін жеткізді. Ғалым пайымдауындағы құрылымдық әдістеме қолданбалы сипатқа ие болып, күні бүгінге дейін қазақтың жыр мақамдары мен дәстүрлі әндерін талдау үдерісінде пайдаланылса, музыкалық симметрология ілімімен байланысты әдістемесі фундаменталды ғылым аясында жалғасын табуда. Қазақ музыкалық-поэзиялық фольклорының кіші және ірі формалары нұсқаларын талдауда Б. Қарақұловтың авторлық әдістемесін шығаруы зерттеушінің өз ғылыми мектебінің қалыптасуына негіз болды.

Этномузыкатану саласы озық дамыған елдер мамандарының тұжырымдарымен жақсы таныс болған ғалым сол тұжырымдардың озығына назар аударып, қазақтың дәстүрлі әндерін зерттеу жұмысын әрі қарай тереңдететін идеяларға үлкен қызығушылық танытып, отандық этномузыкатануда ілгерішіл ғылыми әдістемелерді қолданып, оны қазақ материалында әрі қарай дамытуға атсалысты.

3. Талқылау

Өзінің «Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса» атты кандидаттық еңбегінде көрнекті музыкалық этнограф А.Затаевичтің тарихи жинақтарындағы музыкалық материалында қазақ әндерінің жергілікті (аймақтық) музыкалық ерекшеліктерін анықтай бастаған ғалым кейін олардың осыншама алуантүрлілігінің себептерін іздеуге бой түзеп, фольклор және этногенез, фольклор материалдарын картографиялау, оларды домбыра бұрауында нотаға түсіріп

талдау, ырғақтық жүйесін анықтау, сондай-ақ музыкалық түркология мәселелерін зерттеулерге келеді. Профессор Б. Қарақұловтың диссертациясында көтерген мәселелердің бірқатары оның 1970-1980 жж. мақалаларында жарық көрді.

Ғалымның диссертациясында қойған басты мақсаты – қазақтың дәстүрлі әндерінің дыбыс қатарлары болды. Мұндай жүйенің маңыздылығы белгілі ғалым И. Земцовскийдің «Этномузыкознание: столетний путь» (1989) мақаласында да көрсетіледі. Өз еңбегінде ол: «Вопросы изучения звукорядной организации традиционной музыки, как известно, на протяжении всей истории мировой этномузыкологической науки входили в число важнейших и определяющих национальную, локально-региональную, стилевую, и, нередко – жанровую принадлежность традиционных музыкальных образцов. Не случайно 1985 год – время создания одной из крупных работ А. Элиаса (1814-1890) «Музыкальные звукоряды разных наций», наряду с программным вычленением Г. Адлером музыкальной этнографии в качестве самостоятельной музыковедческой дисциплины, считается точкой отсчета начала этномузыкознания», – деп жазды (Земцовский, 1989: 7).

Диссертация тақырыбының аясында зерттеушінің жазған мақалаларының бірі «К вопросу о локализации ладовых структур в казахской народной мелодии»[3] (1972) деп аталды. Мұнда Б. Қарақұлов ұлттық этномузыкатануда аға буын ғалымдарының ерен еңбегінің арқасында бай музыкалық материал жиналып, құнды зерттеулер жарық көргенін айта келе, музыка мәдениетіміздегі төлтума локальды стильдерінің қалыптасуы, олардың түп-тамыры, таралу ареалдары мәселелері мамандар назарынан тыс қалғанын, әртүрлі музыка диалектілерінің пайда болу себептері өзектілігін айқындайды. Еліміздің әр жақтағы географиялық аймақтар ән нұсқаларының музыкалық-тілдік ерекшеліктерін зерттеу мақсатын ғалым батыс (Маңғыстау) және шығыс (Зайсан) әндерінің мысалында жүзеге асырады. А. Затаевичтің «1000» жинағында Адай және Зайсан уездерінің 80 әнін талдап шыққан ғалым зерттеу жұмысын әлде де жалғастырылуы қажет екенін ескертеді. Географиялық орналасуы жағынан бір-бірінен алшақ орналасқан өңірлер әндерін қарастырғанда, автор олардың ортақ сипатын аймақтық ерекшеліктермен қатар зерттейді. Этномузыкатанушы екі аймақ әндерінде де миксолидийлік және эолийлік ладтар кездесетінін байқап, бұл ұқсастық әуендік даму желісінде де жалғасатынына назар аударады. Екі географиялық өңір әндері дыбыс қатарларының VII басқышы I басқышқа емес, жоғарылатылған VI басқышқа шешілетінін, сондықтан оның әндердегі орны ерекше екенін жазады. Маман қос аймақ миксолидийлік әндерін де шағын құрылымдар біріктіргенімен, зайсандық мысалдармен салыстырғанда адай нұсқалары дыбыс қатарларының тар диапозонында және баяу темптерімен белгіленгеніне мән береді. Ғалым Зайсан нұсқаларының ангемитонды пентатоника дыбыс қатарында шығарылғанын жазып, зерттеліп отырған аймақтағы бұл ерекшелік оны шығыс елдері – Моңғолия, Қытай және Жапония музыкасымен жақындастыратынын байқайды. Пентатоникамен қатар, еліміздің шығысында оған кейбір қосымша дыбыстар қосылып, ол диатоника мен пентатоника арасында тұрған ладқа айналатынын көрсетеді.

[3] «Қазақ халық әуендері дыбыс қатарларының аймақтарға жіктелу мәселесі».

Б. Қарақұлов адайлар қоныстанған Маңғыстау өлкесінде фригийлік, локрийлік, эолийлік-локрийлік және фригийлік-локрийлік ладтардың кең тарап, пентатоникаға мүлдем кездеспегенін олардың негіздерінің әртүрлілігімен түсіндіреді. Ғалым лад түрлерінің белгілі бір аймақтарға ғана тараған себептерін көлемді материал мысалында зерттеуді ұсынады.

Ғалымның өз еңбектерінде айналысқан халық әндерінің музыкалық-диалектологиялық ерекшеліктерін зерттеу бағыты қазіргі кездегі шетел мамандарының зерттемелерінде компьютерлік есептеулер көмегімен дамытылып қарастырылуда. Бұл ретте Питер ван Краненбург, Аня Волк және Франс Виринтің «Халық ән әуендерінің есептік классификациясын жасау үшін ғаламдық және жергілікті ерекшеліктерді салыстыру» мақаласында: «In each of our comparisons, the local features correspond to the global features. In all cases, it appears that the local approach outperforms the global approach in a classification task for melodies, which indicates that local features carry more information about the identity of melodies. Therefore, locality is a crucial factor in modelling melodic similarity among folk song melodies» (Kranenburg, Volk, Wiering, 2020: 1)[4] (Kranenburg, Volk, Wiering, 2020: 1), – дейді.

Болат Ишанбайұлының кандидаттық диссертациясында еліміздің әртүрлі аймақтарында сақталған әндердің дыбыс қатарлары – олардың тарихи-әлеуметтік алғышарттарға байланысты қалыптасқан басты музыкалық-диалектологиялық ерекшелігі ретінде қарастырылса, қазіргі заманның түрлі компьютерлік бағдарламалық әдістері қолданылатын шетел зерттемелерінде музыка тілінің бірнеше жүйесіне назар аударылып, олардың ішінде әсіресе тональдік (дыбыс қатары) пен контурға (әуендік иірімге) баса назар аударылады. Бұл жөнінде ғалым Золтан Юхастың «ПКА көмегімен әуендердің жалпы типтерінің мәдениетке тәуелді векторлары арқылы қазіргі еуразиялық және американдық халық музыкалық мәдениеттеріндегі көне дереккөздердің іздерін анықтау»[5] атты мақаласында: «One of the possible objective and universal descriptions of most folk songs can be based on structural musical characteristics such as contour, tone set, tonality, rhythm, meter, and form. Experimental studies in the recent decade supported the universal importance of contour and tonality as the two most important characteristics determining human music cognition and memory... Based on the preceding representation, the first aim of this study can be defined as follows: we want to identify the most characteristic «universal» MTs existing more or less generally in the folk music cultures of Eurasia and America in order to describe the specific assemblies of these types in different cultures within a common framework... For sake of comparability, all

[4] «Салыстыруларымыздың әрқайсысында жергілікті ерекшеліктер глобалды ерекшеліктерге сәйкес келеді. Барлық жағдайда (әндерде) әуендерді жіктегенде локальды әдіс глобалдыдан басым түседі. Ал бұл әндердің жеке жергілікті ерешеліктерінен олардың төлтумалылығы анығырақ байқалады. Осылайша, локальдылық халық әуендерінің интонациялық ұқсастығын модельдеуде шешуші фактор болып табылады» (Kranenburg, Volk, Wiering, 2020: 1).

[5] PCA-principal component analysis – нәтижесінде ақпараттың аз мөлшері ғана жоғалатын деректер өлшемін азайтудың негізгі әдістерінің бірі (Б.А.).

melodies are transposed to the final tone G»[6] (Juhász, 2024), – деп жазылды. Автор өз ойында әлем халықтары әндерінің әмбебап музыкалық ерекшеліктері ішінде дыбыс қатарларымен қоса, әуен иірімдері кескінінің де маңыздылығын көрсетеді. Ал бұл оның Кеңес дәуірінің белгілі музыкатанушысы – Б. Асафьевтің «интонациялық теория» туралы пікірін растап жалғастырғанын көрсетеді.

Б. Қарақұловтың 1970-ші жж. көтерген келесі мәселесі «Казахский музыкальный фольклор и этногенез»[7] (1974). Ғалым өзінің бұл тақырыпқа қызығушылығын отандық этномузыкатануда әлеуметтік-тарихи бағыттағы зерттеулер қарқынды дамығанымен, салыстырмалы-генетикалық зерттеулерге негіз болуы мүмкін салыстырмалы-музыкалық еңбектердің тапшылығымен түсіндіреді.

Мақаласының басында аса көрнекті ғалым В. Беляевтің Қазақстанның әртүрлі аймақтары әндеріне қатысты: «Песни юга Казахстана Семиречья, Приаралья, берегов Сырдарьи отличаются простотой строения форм, четкостью ритма и ясностью эмоционального склада. На Западе в Зауралье, на берегу Каспийского моря получают развитие, с одной стороны, лирика с широкой распевностью и, с другой речитативные формы терме. Наконец, в Центральном Казахстане необходимо отметить особое богатство интонационных средств музыкального выражения», – деген құнды пікірін келтірген Б.Қарақұлов (Каракулов, 1974: 37) отандық аға буын этномузыкатанушылары музыкалық диалектілердің пайда болуының себебін географиялық (көлемді кеңістік, табиғи жағдайының әртүрлілігі) сипатымен, тұрмыс-тіршілігімен, тіл диалекттері мен сөйленімдерімен байланыстырғанына толық келіспей, түрлі географиялық аймақтар әндерінің музыка тілі әлеуметтік-тарихи факторларға тәуелділігін айтып, климат пен жер құнарлылығының дәрежесі, территориялық көлемі, тұрмыстық ерекшеліктер – сол факторлардың салдары деп есептейді.

Музыкасының ежелгі қатпарларын зерттеген украин және орыс ғалымдары түжырымдарымен таныс Б.Қарақұлов музыка тілі түп-тамырының ел этногенезімен тығыз байланысын оның сөйлеу тіліне қарағанда, фольклордың анағұрлым тарихы терең саласы болғанымен түсіндіреді. Ғалымның әдебиет пен музыка өнерінің әртүрлі тарихи жолдармен дамығаны туралы ойын отандық музыкалық-этнографиялық практика нұсқалары айшықтайды. Музыкалық фольклор нұсқаларының поэзия және музыка тілдері өзара сабақтасқанымен, еліміздің кең байтақ территориясының әр аймағында бірдей мәтіндердің әртүрлі әуенмен орындалатын үлгілердің тарауы – қалыпты құбылыс деп айтуға болады. Фольклорлық экспедицияларда әртүрлі

[6] «Халық әндерінің көбінің объективті және әмбебап сипаттамалары контур, тональдік, ырғақ, өлшем және форма секілді құрылымды музыкалық ерекшеліктерге сүйенуі мүмкін. Соңғы онжылдықтардағы зерттемелер *контур* мен *тональдік* адамның музыкалық танымы жадысын анықтайтын екі ең маңызды ерекшелік екенін дәлелдеді. Жалпы құрылым аясында бұл типтердің әртүрлі мәдениеттердегі өзара нақты үйлесуін сипаттау үшін біз Еуразия және Америка халықтары музыка мәдениеттерінде кең немесе тар көлемде тараған «әмбебап» әуен типтерін (ӘТ) атағымыз келеді... Әуендерді бір-бірімен салыстыру ыңғайлы болуы үшін олардың бәрі G қорытынды тонына тасымалданды» (Juhász, 2024).

[7] «Қазақ музыкалық фольклоры және этногенез».

өңірлерден табылған бірқатар ғұрыптық және ғұрыптық емес фольклор мысалдары көркемдік бейнелер мен сөз тіркестерінің өзара ортақтығын көрсетсе, олардың музыка ерекшеліктері бір-бірінен ерекшеленеді. XIX-XX ғ. басында филологтар Сыр оңірінен жазып алған *үйлену* салтының мәтіндері кейін Жетісудың батысы мен Шығыс Қазақстаннан жиналған жанрлас нұсқаларға өте жақын болып келуі және осыған ұқсас басқа да мысалдар фольклортануда өңірлік-аймақтық бағыттағы тақырыптардың тілтану мен этнографиядағыдай өзекті емес екенін көрсетеді.

Этномузыкатану ғылымында еңбектері өткен ғасырда жарық көрген белгілі венгр композиторы және ғалымы Б.Барток идеялары маңызды орын алатынын зерттеуші Нельсон Давид Тэйлор «Бела Барток: этномузыкология атасы» атты мақаласында: «He was one of the first musicians to branch into the study of ethnic music by travelling to collect samples of music, by aurally recording and transcribing folk-tunes, by re-writing these songs into understandable notation with new harmonization, and by then employing this folk-style in his own original compositions»[8] (Nelson, 2012), – деп жазды. Б. Қарақұловтың этномузыкатанушылық қызметіндегі ілгерішіл идеялардың қалыптасуына, сөзсіз, Б. Бартоктың ықпалы үлкен болды. Ол идеялар әрі қарай таратылып, өзара байланыстары айқындалған ғалымның экспедицияларда жиналған ұлттық дәстүрлі музыканы картографиялау, музыкалық-поэзиялық нұсқаларын релятивті жүйеге (домбыра бұрауына) келтіріп хаттау, салыстырмалы-типологиялық зерттеулермен айналысу секілді тағы басқа бірқатар мәселелерге арналған еңбектерінің жазылуына негіз болды.

Этномузыкатанушылардың негізгі зерттеу материалы болып табылатын музыкалық нұсқалардың географиялық-аймақтық орналасуын нарративті белгілеумен қатар, тың әдіспен де қарастыруға болатынын айтқан Б.Қарақұлов ондай әдіс ретінде музыка нұсқалар ерекшеліктерін картографиялауды ұсынады.

Бұл әдісті көрсетіп өткен Б. Бартоктан кейін кеңестік кезең мамандарынан бірінші болып оның тиімділігін өзінің «Об историческом значении календарных песен» мақаласында көз жеткізген атақты этномузыкатанушы К. Квитка болғаны белгілі. Аталған әдіс жақын шетелдерде негізінен ресейлік тілтану және этнография ғылымдарында белсенді түрде қолданылып, этномузыкатануына шамамен 1970-ші жж.-дан бастап келгені О. Пашинаның «Картографирование и ареальные исследования в этномузыкологии (1999) мақаласында айтылған. Дәстүрлі музыканы картографиялық әдіспен зерттеу нәтижесінде өткен ғасырдың соңында Ресейде музыкалық-диалектологиялық атластар шыға бастағаны белгілі.

Аталған әдісті Б. Қарақұлов: «Под методом картографического изучения музыкальных диалектов понимается исследование пространственного размещения

[8] «Этномузыкатанудың академиялық пән ретінде қалыптасуы Бэла Бартоктың толассыз еңбегінің жемісі... Барток шығармалары әлемге халық музыкасының өміршең әрі маңызды құбылыс және жеке оқу пәні екенін көрсетті... Бартоктың еңбектенуі этномузыкология саласын қалыптастырды, себебі ол этникалық музыканы зерттеген алғашқылардың бірі болды. Халық әуендерін жинау үшін саяхатқа шығып, баршаға түсінікті нота жүйесіне түсіріп, жаңаша гармонияландырған ол өзінің төлтума композицияларында қолданды» (Nelson, 2012).

музыкальных явлений. Суть его заключается в том, что он позволяет решать генетические проблемы происхождения музыкального языка, исходя не из содержания музыкальных текстов, а из наличия или отсутствия определённых музыкальных традиций в тех или иных ареалах»[9] (Каракулов, 1979: 31), – деп түсіндіреді. Әрбір локальды ерекшелікітің өзіндік стратиграфиясы (мәдени қабаттардың бір-біріне қатысты өзара орналасуы) болады. Анықталған деректерді біртұтас картаға салғанда музыкалы диалектілі ошақтар анықталатынын байқаған автор қазақ материалы сол кезде (1979 ж.) үш үлкен аймаққа бөлінетінін жазды. Зерттеушінің: «аталған әдісті кең көлемде: қазақ-қырғыз, қазақ-өзбек, қазақ-түркімен, қазақ-қарақалпақ, қазақ-башқұрт, қазақ-татар, қазақ-алтай музыка байланыстарын зерттеуде қолдану кеңестік музыкалық түркологияны дамытуда қомақты үлес қосуға көмектеседі», – деген ойы көп жылдардан соң С.Темірғалиева мен С.Өтеғалиеваның қазақ-түркімен музыкалық байланыстарына арналған «Туркменские кюи в казахской домбровой музыке» зерттеуінде жүзеге аса бастады. Атап өтерлік нәрсе, соңғы автор картография әдісін отандық этномузыкатануымызда бірінші болып, өзінің «Мангыстауская домбровая традиция» (1997) атты Маңғыстау дәстүріндегі домбыра күйлерін, ал оның шәкірті, күйтанушы А.Сарымсақова – «Жыр кюи и ән кюи в казахской домбровой традиции» (2010) кандидаттық диссертациясында – Арал-Каспий алқабындағы жыр- және ән-күйлерді зерттеу барысында қолданды. Дәстүрлі ән материалында нұсқаларды картографиялау әдісі зерттеуші Б.Бәбіжанның «Жетісудың оңтүстік-батысындағы ән фольклорының қазіргі жағдайы» (2022) кандидаттық еңбегінде де пайдаланылды.

Ел ішіндегі этнографиялық-тарихи ерекшеліктердің пайда болуы туралы жалпытарихи тұжырымдарға сүйене отырып, автор жеке аймақтардың ладтық және т.б. музыка ерекшеліктері әртүрлі жолмен, атап айтқанда: жеке музыкалық сипаты бар рулардың өзара бір халық болып біріккенде, рулық ерекшеліктердің белгілі дәрежеде сақталуына; көрші отырған елдермен байланыстар нәтижесінде немесе басқа себептермен бойына басқа ұлт ықпалын сіңіруіне; халықтың бір тобының тарихына байланысты ұзақ изоляцияда болуы (алшақтау) нәтижесінде; ерекше әлеуметтік жағдаймен, діни ұстанымдармен байланысты пайда болғанын жазады.

Зерттеуші ұлттық ән мелосындағы лад құрылымдарының кейбірінің таралу аймағын анықтау елдің этникалық тарихы және оның тарихи-мәдени байланыстарын зерттеуге өз септігін тигізетінін, бұл бағыттағы аса маңызды міндеттердің бірі – Қазақстанның музыкалық диалектологиялық картасын құрастыру екенін айтады. Оны жасағанда XIX ғасырда ру-тайпалардың қоныстануы туралы мәліметтермен салыстыру тарихи-генетикалық зерттеулерге айналуы мүмкін, сонымен қатар музыкалы-диалектологиялық атлас деректері тілтану және ареалды антропология мәліметтерімен қатар қойылып зерттелуі маңызды екенін көрсеткен автордың музыкалық фольклор мен этногенез мәселелерін байланыстыруына кандидаттық

[9] «Дәстүрлі музыканы картография әдісімен зерттеу – музыкалық құбылыстардың кеңістіктік орналасуын зерттеу. Оның мәні – музыкалық тілдің генетикалық мәселелерін музыкалық мәтіндердің мазмұнына емес, әртүрлі аймақтарда белгілі бір дәстүрлердің бар-жоғына байланысты» (Каракулов, 1979: 31).

диссертация материалы болған А. Затаевичтің еліміздің түрлі аймақтарын қамтыған музыкалық-этнографиялық жинақтарындағы әндерді талдау тәжірибесінің әсері үлкен болды. Тарихи құжаттарға сүйеніп, дыбыс қатарлары өзара көп ерекшеленетін шығыс пен батыс аймақтар халқының рулық сипатын анықтағанда алғашқысына кіретін найман, керей, арғын, уақ секілді рулардың қалыптасуы ежелгі түркілермен қатар, ежелгі моңғол факторына да байланысты екені анықталды. Ғалым аталған аймақта пентатоникалық дыбыс қатарларының кең тарауын осы себеппен байланыстырды, сондай-ақ эвристикалық әдісті қолданып, дыбыс қатары талданған әндерді пентатоникалық ойлау жүйесінің даму динамикасын көрсететіндей ретпен орналастырып зерттеді. Сол секілді, батыс аймағын мекендеген адай, кердері, керейіт, шөмекей, қаракесек, шеркеш, т.б. руларының қалыптасу тарихы шығыс руларынан бөлек болғанынан, мұнда шығыста кездеспейтін ладтар басымдығы анықтады.

Б. Қарақұловтың музыка фольклор тілінің этногенезбен байланыстары мәселесіне көңіл аударуы отандық музыкалық-этнографиялық практика тарихымен де байланысты. Тілтану мамандарымен салыстырғанда негізінен орыс музыка фольклористикасының әдістемесіне сүйенген А. Затаевичтен бастап, этномузыкатанушыларымыз фольклорлық экспедицияларда материалды таспаға респондентердің шыққан руын сұрамай немесе өте сирек жазып, кейбір маманда-рымыздың музыкалық нұсқа туралы жан-жақты дерек алуға дайындалған сауалнамалары өткен ғасырдың 70-80-ші жж.-нан бастап қосыла бастады. Жергілікті ауызша тараған кәсіби музыка дәстүрлерінің қалыптасуындағы рулық фактор А. Құнанбаеваның «Современная казахская эпическая традиция» (1984) кандидаттық диссертациясы мен С. Өтеғалиеваның «Мангыстауская домбровая традиция» (1997) кітабында көрсетілген.

Б. Қарақұловтың фольклорлық мұраның қалыптасып даму тарихын зерттеуде жергілікті респонденттердің рулық сипатын анықтау маңыздылығы туралы ұстанымы зерттеуші Б. Бәбіжанның 2018 жылғы музыкалық-фольклорлық экспедициясында ескерілді. Музыкалық-поэзиялық нұсқалардың аймақтық сипатын анықтау мақсатында оларды жеткізген этнофорлардың шыққан жүз-рулары жазылып, жеткізген әндерімен байланыста қарастырылды: «...respondents from the Botbai and Zhanys clans of the Senior Zhuz were more often noted in the folklore expeditions of B.Babizhan. Their repertoire was mainly local (Zhetysu), as well as South Kazakhstan and Arka (Central Kazakhstan) songs.At the same time, here, in the southeast of Zhetysu, there were songs that are widespread in its eastern part, in which other clans of the Senior Zhuz live – Alban, Suan, etc.» (Babizhan, Berdibay, Baisakalova, Chukmanov, Ulkenbaeva, 2021: 128)[10] (Babizhan, Berdibay, Baisakalova, Chukmanov, Ulkenbaeva, 2021: 128).

[10] « ...Б. Бәбіжан экспедициясында Ұлы жүздің Ботбай және Жаныс руларынан шыққан респонденттер жиі кездесті. Олардың репертуары негізінен жетісулық, сондай-ақ Оңтүстік және Орталық Қазақстан әндерінен құралды. Сонымен қатар мұнда Ұлы жүздің Албан және Суан, т.б. рулары мекендеген Шығыс Жетісуда тараған әндер де ұшырасты» (Babizhan, Berdibay, Baisakalova, Chukmanov, Ulkenbaeva, 2021: 128).

Дәстүрлі музыканы картографиялаудың маңыздылығы Ана Мария Аларкон-Хименес, Ракель Хименес Пасалодос және Маргарита Диас-Андреудің АҚШ-тың Калифорния штатындағы үндістер музыкасы туралы «The aim of this article is to delve into the Yokuts process of mapping particularly tripni places or powerful places with/in their territories during the early twentieth century and to what extent the sense of hearing was important in this process» «Құбылыстарды бірге/өз ішінде картаға түсіру: XX ғасыр басындағы Йокут ландшафттарындағы елдің (музыканы) есту сезімі» еңбегінде де қарастырылады. Авторлар: «The aim of this article is to delve into the Yokuts process of mapping particularly tripni places or powerful places with/in their territories during the early twentieth century and to what extent the sense of hearing was important in this process»[11] (Alarcón-Jiménez, Jiménez Pasalodos, Díaz Andreu, 2021: 379), – дейді. Яғни бұл мақалада ғалымдардың американдық үндістер тайпасы мекендеген территориядағы жергілікті елдің музыка ерекшеліктерін картаға түсіргенін байқауға болады.

Б. Қарақұловтың жарты ғасыр бұрын көтерген этномузыкатанудың салалас ғылымдармен байланыстары жайлы мәселесі жаңа ғасырда да өз өзектілігін жоғалтпай, өз жалғасын тапқаны басқа елдер мамандары еңбектерінен байқалады. Мысалы, Загреб университетінің профессоры, PhD докторы Церибашич Наиля және оның әріптестерінің «Этномузыкология, пәнаралық, пәнішілік және саяси тәуелсіздік туралы ойлар» мақаласында: «more intellectual effort than is being currently exerted should be invested into engaged comparison of one's own fieldwork, analytical processes and research outcomes with cross-cultural ethnomusicological literature and literature in other disciplines of music studies»[12] (Ceribašić, Bendix, Hofman, Pashina, Rice, Stock, 2019), – деп жазды. Яғни Болат Ишанбайұлы отандық этномузыкологияның тарих, этнография пәндері деректерін қолдану қажеттігі туралы жазса, серб зерттеушілері өз ғылымның пәнаралық байланыстары мәселесін сол ел фольклорлық мұрасын зерттеуге пайдасы тиер салалармен сабақтастықта дамыту қажеттігін жазды.

Б. Қарақұловтың диссертациясындағы зерттеу материалындағы музыка тілінің алуантүрлілігі ғалымды оның себептерін тарих, археология, этнография, тілтану, мәдениеттану салаларының дерекнамасын қолданып зерттеуге жетелегені белгілі. Сондықтан ғалымды сол кезде Кеңес Одағындағы славянтілді елдердегі мамандардың салыстырмалы-тарихи және салыстырмалы-типологиялық бағыттағы зерттеулері қызықтырғаны кездейсоқ емес еді. Ресей, Украина және Белоруссияда орнықты дамып келе жатқан бұл тақырыптық желіні отандық этномузыкатануда жеке сала ретінде маңыздылығын көрсетіп алғаш ашқан Болат Ишанбайұлы болды.

[11] «Бұл мақаланың мақсаты – XX ғасыр басындағы йокуттар территориясында олардың *трипни* немесе қасиетті жерлердің және музыкалық есту сезімі белгіленетін картографиялау үдерісіне кірісу» (Alarcón-Jiménez, Jiménez Pasalodos, Díaz Andreu, 2021: 379).

[12] «қазіргі кезбен салыстырғанда болашақта фольклорлық-экспедициялық жұмыс, талдау үдерісі мен зерттеу нәтижелерін мәдениетаралық этномузыкологиялық және музыкатанудың басқа пәндері бойынша әдебиеттермен салыстыруға көбірек интеллектуалды күш салу қажет» (Ceribašić, Bendix, Hofman, Pashina, Rice, Stock, 2019).

1979 ж. басылып шыққан «Проблемные вопросы музыкальной тюркологии»[13] атты мақаласында айтылған ұлттық этномузыкатанушылардың алдында тұрған міндеттер 1990-шы жж .бастап біртіндеп зерттеушілер назарына түсе бастады.

4. Зерттеу нәтижесі

Профессор Б. Қарақұловтың XX-XXI ғғ. тоғысында жиі көтерген мәселелерінің бірі – қазақтың дәстүрлі музыкалы-поэзиялық нұсқаларын хаттағанда домбыра бұрауына (стройына) ыңғайландырып түсіру болды. Бұл көкейкесті мәселенің туындауына бірнеше фактор әсер етті. Біріншіден, ғалым кандидаттық диссертациясын нұсқалары тональді жүйеде түскен белгілі музыкалық этнограф А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтары негізінде дайындағанда барлық музыкалық мысалдардың негізгі тоны әртүрлі болғанынан, олардың жергілікті сипатын айғақтайтын дыбыс қатарларының аймақ іші және аймақ аралық ерекшеліктерін салыстыруға көп уақыт жұмсалды. Екіншіден, өткен ғасырдың 80-90-жж. дейін қазақ әндері мен мақам-сарындары тональді жүйеде жазылса, домбыра күйлері нотаға сол аспап бұрауында түсіріліп келді. Аталған қарама-қайшылық ұлтымыздың осы үш негізгі музыкалық жанрының да толыққанды зерттелуіне едәуір кедергілер келтірді. Себебі ғылыми еңбекте белгілі бір құбылысты жүйелі тәсілге салып зерттегенде, оның айналасындағы, оны тудырған орта құбылыстары да ескерілуі тиіс екені аян. Бұл тұжырым «релятивті жүйе» деп аталып, алғаш рет XX ғасыр басында Венгрия этномузыкатануында туындап, кейін бірқатар Еуропа елдері музыкалық этнографиясында орнықты. Аталған елдің белгілі композиторлары Б. Барток пен З. Кодаидің өзінің және көрші отырған елдер әндерін хаттауға арналған релятивті жүйесі олардың ағартушылық, музыкалық-педагогикалық және ғылыми мақсаттарын жүзеге асырудың басты құралы болды. Б. Барток пікірінше, «Народные песни лучше сравнивать, когда они транспонируются к одному заключительному звуку. Поэтому публикуемые мною примеры, за исключением одного-двух, кончаются на ноте «соль» первой октавы» (Барток, 1966: 12). Фольклорлы экспедицияларда жиналған әндердің бәрін «соль» жүйесінде нотаға түсіру аталған музыка қайраткерлеріне Венгрия халық музыкасының әртүрлі тарихи қатпарларындағы нұсқалардың ладтық ерекшеліктерін анықтап түйсінуге көмектесті.

Шетел композитор-ғалымдарының ізімен релятивті нотация жүйесін күйлерді хаттауда алғаш рет қолданған қазақтың көрнекті зерттеушісі, дирижер, композитор және Құрманғазы атындағы Ұлттық халық аспаптар оркестрінің іргетасын қалаушы – А. Жұбановтың әдістемесін жалғастырған Б.Қарақұлов әннің негізгі басқышы ретінде оның қорытынды *g* тонын (дыбысын) алып, қазақ әндерін домбыра (*d-g*) бұрауына тасымалдап түсіре бастады. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Музыка бөлімі дайындаған «Қазақтың музыкалық фольклоры» (1982 ж.) антологиясында Б. Қарақұловтың хаттауымен Ғ. Құрманғалиев орындауындағы «Махамбеттің термесі» жарияланды. Бұл – домбыра сүйемелдеуінде,

[13] Проблемные вопросы музыкальной тюркологии.

тональді емес жүйеде нотаға түсірілген қазақ музыкалық-поэзиялық нұсқаларының алғашқы мысалы болды. Отанымызда музыкалық фольклорды нотаға түсіру практикасына соңғы 30-40 жыл ішінде енген мұндай тәжірибенің әндер мен жыр мақамдарындағы дыбыс қатары құрылымдарын жүйелеуге үлкен көмегі тиді.

Ғалымның аталған мәселені қоюы әнді хаттаудағы тональді нотацияның дәстүрлі әншілердің музыкалық оқу-ағарту және ән насихаттау үдерістеріне сәйкес келмеуімен де байланысты болды. Өткен ғасырда жарияланған музыкалық-этнографиялық жинақтардағы бірқатар әндердің (Ресей этномузыкатанушылары әлі күнге дейін қолданатын) тональді жүйеде (күрделі тональдіктерде белгіленіп) хатталуы бастауыш музыка-теориялық білімі бар білім алушылардың ол нұсқалармен танысуына қиындық туғызды. Өзінің «Нужна ли реформа казахской письменности»[14] (2002) мақаласында психологтар тәжірибесіне сүйенген Болат Ишанбайұлы: «Европа академиялық музыка жүйесін бұрын оқып білмеген жасөспірім оны он төрт жасқа дейін ғана толық қабылдай алады», – деп, әнді релятивті нотаға түсіру жүйесі оқу үдерісінде домбырашылар мен әншілердің өз ұлтының музыкасын тезірек меңгеріп, жадында сақталатындай нәтижелер беретінін жазды.

Қазақтың дәстүрлі музыкалы-поэзиялық нұсқаларын домбыра бұрауына салып хаттау мәселесі ғалымның 1980 ж. жазған «Ладовые функции домбрового сопровождения в казахских народных вокально-инструментальных жанрах»[15] (1980) атты мақаласы тақырыбымен тікелей байланысты. Мұнда автор Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ішекті (шертпелі және ысқышты), үрлемелі және ұрмалы аспаптар түрлері біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта тарағанын, отандық ғылымда музыкалы-поэзиялық жанрларды аспаптық сүйемелдеу мәселесінің әлі көтерілмегенін жазды. Әртүрлі аймақтар мен жанрларды құрайтын домбырамен қосылып шырқалған 50-ге жуық нұсқаны нотаға түсіру тәжірибесінің нәтижесінде ғалым сол кезге дейін бірдауысты фактурадағы қазақ ән мысалдарына негізделгенінен, отандық этномузыкатанушылық зерттеулерде әндердің ладтық-интонациялық жүйесі туралы тұжырымдар дұрыс шығарылмаған деген пікір білдіріп, өз ойын домбыра желісінің атқаратын міндеттері туралы айтып пысықтайды.

Б. Қарақұловтың бұл мақаласында көтерген домбыра сүйемелдеуіндегі музыкалық ерекшеліктерді зерттеу идеялары кейін этномузыкатанушы Д. Амированың «К проблеме инструментальных предпосылок казахского народно-профессионального песенного мелоса» (1992) мақаласындағы Арқа кәсіби лирикалық әндерін қарастыруға және әнші-ғалым А. Күзеубайдың «Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша)» (2016) PhD диссертациясында жалғасады, ал домбыра сүйемелдеуіндегі көпдауыстылық мәселесі аталған құбылысты бастыс қазақстандық күйлері материалында қарастырған шәкірті К. Клопованың 2002 жылы қорғалған «Некоторые особенности звукорядов домбровых кюев (на примере традиций Жетысу и Мангыстау)» кандидаттық диссертациясында дамытылды.

[14] «Қазақ жазуына жаңашылдық енгізу қажет пе?».

[15] «Қазақ халық вокалды-аспаптық жанрларындағы домбыра сүйемелдеуінің ладтық функциялары».

Б. Қарақұлов бірізді насихаттаған қазақ халқының музыкалық-поэзиялық нұсқаларын домбыра бұрауында хаттау мәселесі өткен және үстіміздегі ғасырлар тоғысында шешіліп, жырларымыздың аспаптық сүйемелдеумен, ал кәсіби әндеріміздің домбыра бұрауында нотаға түсірілуі дәстүрлі музыкалы-поэзиялық нұсқалардың ладтық-дыбыс қатарлық жүйесінің барынша толық және тереңірек зерттелуіне мол мүмкіндіктер ашты.

Музыкадағы *ырғақ жүйесін*ің маңыздылығы шетелдік және отандық этномузыкатанушылар зерттемелерінің көкейкесті мәселесіне айналғаны белгілі. Олардың ішінде соңғы еңбектер ішіндегі кейбір мақалаларға назар аударғанда зерттеуші Т.Х. Йорк Троттер «Ұлттық музыкадағы ырғақ» кітабында: «Rhythm is the very essence of the art, and it is to the folk-music that we are indebted for rhythm and all that results from it. Without this element we could never have arrived at our modern form so obviously founded on balance and proportion»16 (Trotter, 2020), – десе, Лаич-Михайлович Данка: «This study concerns the relationship between verbal and musical components of Serbian epic songs with rhythm seen as a morphological dominant»[17] (Danka, 2013), – деп эпикалық шығармадағы ырғақтың басты рөлін көрсетеді.

Музыкалық теория ішіндегі бұл үлкен саланың зерттеу жолы Б. Қарақұловтың 1992 ж. жарияланған қазақтың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық нұсқаларындағы ырғақ жүйесін талдау әдістемесінде көрсетілді. «Симметричный подход к ритмической структуре одноголосной песни» (1992) мақаласындағы симметрологияға байланысты тұжырымдар автордың фундаменталды ілімінің бір бөлігі болғандығынан, ол мәселе арнайы тоқтап қарастыратын жеке еңбектің тақырыбы болып табылады. Б.Қарақұловтың этномузыкатанушылық еңбектерін қарастыруға арналған мақаламызда оның ырғақ жүйесін талдаудағы әдістемесінің жаңашыл сипаты отандық ғылымда бұрынырақ тарап, кең қолданылып келе жатқан белгілі ғалым Ә. Байғаскинаның қазақ әндерінің ырғақ теориясымен қатар қойып сипаттағанда айқындалады.

Қазақ әндеріндегі ырғақтық жүйені талдауда екі әдістеме де көрнект өлеңтанушы ғалым З. Ахметов тұжырымдарына сүйенгенімен, олардың өзара ерекшеліктері бар. Б. Қарақұлов тұжырымдамасы бойынша, бір дауысты әннің ырғағы бір-бірімен өзара сабақтасқан 2 түрлі ырғақ тізбегінен құралады. Оның алғашқысы – өлең буындарының ырғақтық тізбегі. Бұл тізбек ғалым Ә.Байғаскинаның «Ритмика казахской традиционной песни» (1991) кітабы тұжырымындағы «буындық ырғақ» түсінігіне сәйкес болса, екінші ырғақ – дыбыс биіктігінің өзгеру ырғағы. Ол – музыкатануда белгілі «музыкалық» немесе «әуендік» ырғақ мағынасынан бөлек жүйе, сол себепті Б.Қарақұлов әдістемесі жалпы музыкатану және этномузыкатануда белгілі

[16] «Ырғақ – өнердің негізі. Ырғақ және одан туындағандардың бәрі үшін біз халық музыкасына қарыздармыз. Бұл элементсіз біз ешқашан баланс пен пропорцияға негізделген қазіргі заман формасына келмес едік» (Trotter, 2020).

[17] «Эпостағы сөз бен музыка: синкретизмнен ән поэзиясына» еңбегінде: «Бұл зерттеме сербтердің эпикалық шығармаларының сөз және музыка байланыстарын зерттеуге арналған. Жырлардағы ырғақ-морфологиялық доминанта болып табылады» (Danka, 2013).

теорияларынан ерекшеленетін көзқарас болып табылады. Ғалым ұсынған ырғақ теориясы қазіргі отандық этномузыкатануда қолданылып жүрген Ә. Байғаскина, І. Қожабеков және Г. Кузбакова теорияларымен салыстырғанда әуендік және поэзиялық ырғақ тізбектерінің өзара қатынасын егжей-тегжейлі анықтауға бағытталған. Әнді талдағанда ондағы ырғақ жүйесін құрап, бір-бірімен сабақтасып тұрған қос ырғақ тізбегінің сызбасын келтіргенде олардың өзара қатынасы үш түрлі болуы мүмкін:

1-ші түрі – екі ырғақ тізбегінің бірдей болуы (синхрондық арақатынас);

2-ші түрі – ірі өлшемдегі буындық ырғақтың өзінен кіші өлшемді дыбыс биіктігі ырғағымен сабақтасуы, яғни поэзиялық буындардың бірнеше дыбысқа созылып айтылуы;

3-ші түрі, керісінше, ірі өлшемді дыбыс биіктігі ырғағының өзінен өлшемі кіші буындық ырғақпен сабақтасуы, яғни речитация» (Бердібай, 2014: 8-9).

Жоғарыда көрсетілген ырғақтық тізбектердің өзара қатынас түрлері, өз кезегінде, қазақ әндерінің аймақтық сипатын ашуға үлкен септігін тигізеді. Мысалы, ұсынылып отырған мақала авторының «Батыс Қазақстан әндерінің ырғақтық жүйесі» (1998) атты мақаласында осы әдістеме көмегімен аталған өлке ән нұсқаларында басқа өңірлер әндерінің ырғағында бұрын байқалмаған ерекшеліктер анықталды. Қазақтың ән фольклоры материалында музыка диалектілерін зерттеуде ырғақтық жүйе маңыздылығының дәрежесін болашақта жасалатын көптеген ән мысалдары талдауларының қорытындылары ашпақ.

Ғалым Б.Қарақұловтың ұлттық этномузыкатануымызға әкелген ұлкен жаңалығы қазақтың дәстүрлі музыка мәдениетіндегі үш негізгі жанрдың ең көлемдісі – *музыкалық эпосты талдау* әдістемесін дайындауы. Аталған тақырыптың негізгі тұжырымдары оның «Музыкальный квадрат казахской тирады»[18] (1987) және «О музыкальной форме казахской тирады»[19] (1997) мақалаларында жарияланды. Зерттеуші-ұстаздың өмірден озуына байланысты, консерватория білім алушыларына арналған білім бағдарламасы ретінде қолданып үлгермеген «Анализ крупных форм казахского музыкального-фольклора»[20] пәніндегі жыр мақамдарын талдау әдістемесі ғалымның аталған жанр нұсқаларын жинап, өзі және аспиранттары нотаға түсіріп, зерттеу тәжірибесінен туындаған. Атап өтетін нәрсе, музыкалық-речитациялық жанрларды XX ғасырдың екінші жартысында Б. Ерзакович, З. Жанұзақова, Ә. Байғаскина, А. Құнанбаевалар зерттеп, ол қатардағы нұсқаларды хаттауға Т. Бекхожина қомақты үлесін қосқаны белгілі.

Үстіміздегі ғасырдың басынан бастап Сыр бойының Арал және Қармақшы, Маңғыстау, Жетісу музыкалық-речитациялық дәстүрлері нұсқалары қарқынды түрде жариялана бастағаны аян. Оларды Т. Тоқжанов, Е. Мұстафаев, А. Жаңбыршы, А. Әбдуәлиев, М. Әбуғазы, т.б. домбыра сүйемелдеуімен хаттап жарияласа, ноталық

[18] «Қазақ тирадасаның музыкалық шаршысы».

[19] «Қазақ тирадасының музыкалық құрылымы туралы».

[20] «Қазақтың ірі құрылымды музыкалық-поэзиялық фольклор үлгілерін талдау».

транскрипция жасаған Болат Ишанбайұлы шәкірттері Б. Оспанов, А. Елшібаева және Ж. Кожахметова диссертацияларын дайындап, «"Дад" дастаны» (2002), «Қазақтың жыр мақамдары» (2011), «Музыка казахского айтыса» (2011) монографияларын жариялады.

Бұл үдеріс мамандардың қазақтың мақам-сарындарын тереңірек және жан-жақты зерттеуіне жол ашты. Қазақ эпикалық мақамдарын зерттеу тәжірибесін ғалым 1980-1990 жж. мақалалары арқылы насихаттаса, кейін шәкірттерінің алған тақырыптарына ғылыми жетекшілік жасаған кезде жаңа материалдардан анықталған тың ерекшеліктер қалыптасқан әдістеменің мазмұнын байытып, ол әрбір диссертация сайын кемелдене берді. Зерттеуші байқаған мақам формаларына жаңа композициялар қосылып, олардың музыкалық-тақырыптық дыбыс қатарлары, ырғақтық келбеті мен домбыра сүйемелдеу ерекшеліктері егжей-тегжейлі қарастырылатын болды.

5. Қорытынды

Б.И. Қарақұлов отандық этномузыкатану ғылымына орасан көп еңбек сіңірген ғалым. Бұл саладағы ізденушілік жолын жарты ғасырдай бұрын бастаған белгілі зерттеуші артына қазақтың дәстүрлі музыкасына арналған музыкалық-этнографиялық, музыкалық-тарихи және музыкалық-теориялық еңбектерін қалдырып кетті. Олардың әрқайсысы жаңашылдығымен ерекшеленді. Мысалы, «Асыл мұра» жинағындағы нұсқалар Батыс Қазақстан облысының 1970-ші жылдардағы дәстүрлі күй өнері дамуының жай-күйін көрсетсе, «Қазақтың музыкалық фольклоры» кітабында жарияланған музыкалық-речитациялық мысалдар отандық тәжірибеде алғаш рет музыкалық аспаптар (қобыз, домбыра) сүйемелдеуінде хатталды. Шығыс Еуропа, Түркия, араб елдері әндерін хаттаған Б. Барток және күйлеріміздің ноталық транскрипциясын жасаған академик А. Жұбанов ізімен Б. Қарақұлов қазақ әндері мен жырларын релятивті (домбыра бұрауындағы) жүйеге сүйеніп түсіріп, олардың жан-жақты музыкалық-теориялық зерттелуіне жол ашты.

Аннотация. В статье рассматривается особенности сходства обычаев и традиций, народного устного искусства и литературы, в целом, культуры двух соседних братских народов – казахов и кыргызов, сложенных в период их многовековой истории и этнокультурных взаимосвязей. В казахско-кыргызской этноконтактной зоне в районах, в том числе и смешанного расселения, где сложились благоприятные условия для их прямых контактов, исторически происходили историко-культурные этнические процессы, имевшие определенное своеобразие. В целом, интенсивность культурных, языковых контактов двух братских народов зависела от характера социально-экономических и различных исторических периодов, от национальной государственной политики и многих других факторов. Тем не менее казахи и кыргызы, имеющие многовековые общие корни сумели сохранить и продолжают развивать общность истории, культуры и близость языка. Иследование, поведенное на основе сравнительно-сопоставительного и типологического методов, а также анализа историко-культурных артефактов, а также результатов полевых исследований нацелено на изучение и популяризацию истории и культуры двух народов. Научно-практическая значимость исследования заключается в повышении общего уровня гуманитарных знаний о культуре и истории казахкого и кыргызского народов, а также их популяризации. Основные результаты и ценность проведенного исследования способствуют сохранению исторического наследия и ценностей общетюркских народов.

Ключевые слова: этнос, культура, казах, кыргыз, язык, искусство, историко-культурные взаимосвязи, сотрудничество

1. Кіріспе

Қазақ-қырғыз халықтарының арасындағы мәдени, экономикалық және шаруашылық қарым-қатынас ғасырлар бойы екі ұлттың этникалық және мәдени қарым-қатынасын жақындастырып келеді. Олардың тілі мен мәдени дәстүріндегі ұқсастық өзара ынтымақтастығы мен мәдени байланысына өз әсерін тигізді (Йенер, Явуз, 2020).

Бүгінде екі халыққа ортақ ұлттық киім түрлерінде, халықтық өнерінде, ою-өрнектері мен шаруашылық жүргізу тәсілдерінде көптеген ұқсас атрибуттар бар. Наурыз мейрамы, зергерлік өнер, көкпар тарту, жамбы ату, қыз қуу және тағы басқа секілді қазақ-қырғыз халықтарының рухани мұраларының мәні ерекше.

Қазақ немесе қырғыз этносының тарихи-аумақтық, әлеуметтік, саяси және өзге де бағыттағы өмір сүру дағдысы олардың мәдени компоненттеріндегі белгілі бір ұлттық ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік берді. Соның ішінде, көшпелі қазақ халқының таулы және көп жағдайда ұлан-байтақ жазық далада мекен етуі, ал қырғыз этносының таулы аумақта қалыптасуы екі халықтың өмір сүру жағдайына жан-жақты әсер етті.

Соған қарамастан, бүгінде екі халықтың мәдениетін дамытудың түрлі жағдайларының даму заңдылықтарын салыстырмалы түрде бақылауға, олардың дәстүрлі және заманауи, соның ішінде ауызекі және жазба мәдениетін түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің жалпы проблемасының бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік бар.

Түбі бір түркі халықтарының ішінде қазақ және қырғыз халықтарының рухани мұрасы төңірегінде зерттеушілер саны күн санап артпаса, кемімесі анық. Бұл ең алдымен екі елдің жазба әдебиетімен тығыз байланысты. Бұл тақырыпта көптеген ғылыми зерттеулер жасалды. Соның ішінде қырғыз-қазақ әдеби байланысы тақырыбы Халил Бапаевтың (1975), қырғыз-қазақ фольклоры Батма Кебековаңың (1982), қырғыз-қазақ ақындық шығармашылығы Абдылдан Ақматалиевтің (1985), Шыңғыс Айтматов және қырғыз-қазақ әдеби байланыстары академик Әбділдажан Ақматалиевтің (1981), қазақ-қырғыз әдеби байланыстарының көптүрлілігі, Мұхтар Әуезов және Ұлы қырғыз жазушылары тақырыбы Болот Акматовтың (2000-2005 жж.), қазақ-қырғыз ақындарының ауыр кезең әдебиеті тұрғысынан Бауыржан Омарұлының (2005 ж.) және т.б. секілді ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көрініс тапты.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында екі халықтың тарихи-мәдени мұра элементтерін талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Соның ішінде Ақмола облысы аумағында жүргізілген далалық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан аумағындағы қырғыздардың этномәдени ерекшеліктері көрсетілді. Отандық музейлердің қорындағы этнографиялық сипаттағы мәдениет заттарына талдау жүргізілді. Соның ішінде, тарихи кезеңдеріне қарай екі халыққа ортақ «сүйүнчү» (қазақша «сүйінші»), «баланы көру ақысы» ретінде «көрүмдүк» (қазақша «көрімдік») секілді ұлттық дәстүрлерге, қазақ және қырғыз әшекейлеріне мен киім үлгілеріне, музыкалық аспаптарына салыстырмалы-талдамалы сипаттама жасалып, өзіндік ерекшеліктеріне мән берілді.

2.2 Материалдарға сипаттама

Қазақ-қырғыз халықтарының этномәдени байланысы мен екі елге ортақ рухани мұралардың әртүрлі кезеңдердегі даму барысы зерделенді. Тақырыпты зерттеу үшін адамзаттың асыл мұрасы қатарында ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілген Қазақстанның 14 және Қырғызстанның 6 мұрасы қаралды. Әлкей Марғұланның 1971 жылы жарық көрген «Шоқан мен Манас» атты монографиясы, Тұрсын

Жұртбайдың «Мұхтар Әуезов және «Манас» жырының талқысы» жазбасы, С. Абрамзон, О. Йенер, Э. Явуз, S. Akiner, N. Robert, Y. Ozen, Р. Темірғалиева, С. Алимкулова т.б. секілді ғалымдардың зерттеу еңбектері негізге алынды.

3. Талқылау

3.1 Қазақ-қырғыз халықтарының рухани мәдени мұрасы

Қазақтың көрнекті ғалымы, әрі ағартушысы Шоқан Уәлиханов XIX ғасырдың ортасында қырғыз манасшыларының аузынан «Манас жырының» ең алғашқы үлгілерін қағазға түсіріп, әлемге таныстырды.

«Манас» жырының бүгінгі ұрпаққа жетуіне қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов үлкен еңбек сіңірді. Тұрсын Жұртбайдың «Мұхтар Әуезов және «Манас» жырының талқысы» атты жазбасында қазақ жазушысының «Манас» жырының тағдырын шешуге қалай атсалысқаны туралы, «Манас» жырындағы Қанықей өзінің қайнысы Ер Ағышқа айтқан: «Алақандай қырғыздың, ар-намысын алып бер», – деген намысты өтінішін XX ғасырда М. Әуезовтің орындағандығы жөнінде кеңінен баяндалған (Жұртбай, 2012).

«Манас жырына» тыңғылықты зейін қойып, терең талдаулар жасаған ғалымдардың бірі – Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Қазақтың ұлы ғалымы бүкіл орыс, қырғыз ғалымдары көп жылдар іздеп таппаған «Манас» жырының Шоқан жазып алған үзіндісін мұрағаттан тауып, оны «Көкетайдың ертегісі» деген атаумен қазақшаға аударып, жариялап және сол кезде жазып алынған нұсқаның арабша факсимилесін кітап етіп басып шығарды.

1971 жылы жарық көрген «Шоқан мен Манас» атты монографиясында Әлкей Хаканұлы қырғыз эпосы «Манастың» әртүрлі нұсқаларына салыстырмалы зерттеу жүргізіп, батырдың аталық шежіресіне жүргізген ғылыми талдауда Манасты жыр ішінде «бірде Төбей, бірде – Ноғай (Сағымбай), бірде – Қыпшақ (Мажмұғ), бірде Самарқанның сарты еді» деп көрсетілгенін жазды.

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек ері, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында «Манас батыр» дастанының мың жылдығына орай «Бағзыдан жеткен баба жыр» атты жазба арнап, онда дүниеде тап мұндай да таңғажайып дана дастан барына шүкір. Ол дастанды жаппай жаттап, жаппай жырлап жүрген дархан халық барына шүкір. Оны қасиеттеп, әспеттей берер жаңа нәсіл, жаңа ұрпақ барына шүкіршілік деген жүрекжарды сөздерді арнады (Кекілбайұлы, 2012).

Фольклортанушы, этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбек: «Неге осы уақытқа дейін шығысында Сарыөзен (Хуан-хэ) мен батысында Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы түркі тілінде сөйлейтін қырықтан астам халық бірін-бірі аудармашысыз түсінеді. Осынау қырық шақты халықтың Түркі қағанаты (VI-VIII ғғ.) мен Шыңғыс хан заманынан кейін бастарының бірікпегені белгілі ғой. Неге әйгілі «Манас» эпосында исі түркі халықтарына ортақ батырлар негізгі кейіпкерлер болып жүр? Ал «Қорқыт», «Ақсақ құлан», «Ел айырылған» сияқты күйлердің қазақта да, қырғызда да, қарақалпақта да, түркіменде де тартылатынын бүгінгі ұрпаққа қалай түсіндіріп беруге болар еді» деп жазды (Сейдімбек, 2010:8).

Бүгінде қырғыз халқының ғана емес, барлық түрік елдерінің, жалпы адамзаттың қазынасына айналған «Манас» жырын қазақша қайта жаңғыртып, ел арасында насихаттауға қазақ манасшысы Баянғали Әлімжановтың да сіңірген еңбегі зор. Қырғыз емес халықтардан шыққан жалғыз манасшы Баянғали ағамыз «Манас. Семетей. Сейтек» жырын қазақша нұсқада әзірлеп, Манас, оның баласы Сементей және немересі Сейтек туралы трилогияны қара сөзбен баяндап, қазақшаға аударып, кітап қылып шығарды.

Бұдан бөлек қазақ пен қырғыз халықтарын рухани жақындастырып тұрған материалдық құндылықтарымыз десек қателеспейміз.

Соның бірі – киіз үй (қырғызша – боз үй), 2015 жылы ЮНЕСКО-ның Париж қаласындағы штаб-пәтерінде Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау комитетінің ұйғарымымен «Отбасы мен қонақжайлылықтың нышаны» болып бекітіліп, екі халықтың өзіндік ерекшелігінің айнамыс бөлшегі екенін айқындады.

Ал материалдық емес мәдени мұрамыздағы қазақ пен қырғыз халықтарына ортақ құндылықтардың бірі де, бірегейі – айтыс өнері. Қазақ-қырғыз айтыс өнерінің тамыры тереңде жатыр, оның тарихына көз жүгіртсек, Жетісу өңірінің атақты Сүйінбай, Сарыбас, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Майлықожа, Жамбыл және Кенен т.б. секілді дүлдүл ақындары қырғыз жеріндегі ас-жиындардың қадірмені қонағы болып, айтысқа түсіп отырған. Бұл сөзімізге қос елдің ауыз әдебиеті тарихында есімі алтын әріппен жазылған Сүйінбай мен Қатаған, Қаңтарбай мен Арыстанбек, Жамбыл мен Балық, Жамбыл мен Молда Бағыш және т.б. секілді суырып салма ақындардың айтыстары дәлел. Бүгінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жыршы Ақан Әбдуалиевтің орындауында қазақ пен қырғыз айтысының озық үлгісі Сүйінбай мен Қатағанның айтысы халық арасына кең таралған.

Жалпы Орталық Азия халықтарына, оның ішінде қырғыз бен қазақтарға ортақ мейрам – «Наурыз» мерекесі екі ел аумағында да ерекше ықыласпен тойланады.

Екі ұлтқа ортақ ұлттық тағам «жұқа нан» және тоғызқұмалақ (қырғызша – тоғызкоргоол) зияткерлік ойыны екі ұлттың ортақ игілігі.

2024 жылы 8-13 қыркүйек күндері елордамыз Астана қаласында адамзат өркениетінің мұрасы ретінде этноспорттық және этномәдени қозғалысты дамытуға бағытталған Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті.

Алғаш рет Қырғыз Республикасында ойластырылып, жүзеге асырылған этникалық спорт түрлері бойынша халықаралық шараны қырғыз елі үш рет қатарынан қабылдап, әлемдік деңгейге сүйреп шықса, әрі қарай Түркия елі жалғастырған көшпенділер ойынын өткізу құқығы 10 жылдан соң Қазақстанға берілді.

2014 жылы Шолпан ата қаласында өткен додалы сайысқа 19 елден 10 спорт түрі бойынша 583 спортшы қатысқан болса, Астана қаласында «Ұлы дала дүбірі» ұранымен өткен байрақты бәсекеде 97 медаль жиынтығы (581 дана медаль) әлемнің 89 елінен 21 спорт түрінен қатысқан 2 430 спортшының арасында сарапқа салынды. Елорда маңындағы 10 гектарға созылған «Көшпенділер ауылы» этноауылында қазақ халқының және өзге де қатысушы елдердің төл мәдениеті мен салт-дәстүрі дүйім жұртқа паш етілді.

Жоғарыда көрсетілген екі елге ортақ рухани мұраларымыз біздің жақындығымызды даңғазалап тұр және адамзаттың асыл мұрасы қатарында ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілген. Бүгінде ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізімінде Қазақстанның 14 және Қырғызстанның 6 мұрасы бар.

Екі мемлекет аумағында олардың әрқайсысына тиесілі материалдық емес мәдени мұра элементтерін сақтау шаралары тиісті нормативтік құқықтық актілермен реттелген.

Қазақ-қырғыз халықтарының арасындағы этномәдени байланыс жаңа деңгейге көтеріліп, екі елдің арасын жақындастыра түскен.

Қос мемлекеттің ассамблеялары арасында достық, серіктестік қатынас қалыптасып, ел аумағында тұратын қазақ-қырғыз этносына тұрақты қолдау көрсетіледі. Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында республикалық статусқа ие «Қазақстан қырғыздарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (төрағасы – Ш. Исмаилов) және оның еліміздің 11 өңірінде *(Астана және Алматы, Шымкент, Жамбыл, Ақмола, Қостанай, Маңғыстау, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды қалаларында)* өңірлік өкілдіктері жемісті еңбек етіп келеді. Бұдан бөлек жексенбілік екі мектеп жұмыс істейді, оларға қажетті оқу құралдары мемлекеттік бюджет есебінен қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2024 жылы 22 сәуірде жариялаған демографиялық статистика бойынша ресми мәліметіне сүйенсек, еліміздің аумағында 38 596 қырғыз ұлты мекен етеді.

Сондай-ақ Қырғызстан Республикасының Ұлттық Статистика комитеті 2022 жылы жүргізген ұлттық санақ қорытындысына сүйенсек, жалпы халық санының 36 854-і қазақ этносының өкілдері болып табылады.

Осы зерттеу мақаласын әзірлеу барысында біз еліміздің аумағында тұратын қырғыз этносының өкілі, тіл жанашыры, мәдениет қайраткері осыған дейін Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрының директоры, Ақмола облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы, Қазақстан халқы Ақмола облыстық ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі қызметтерін атқарған Жақыпова Марал Қажыкенқызымен кездесіп, Қазақстан аумағындағы қырғыздардың этномәдени ерекшеліктері туралы сұхбат құрдық.

Жалпы қазақ пен қырғыз ұлтының ұқсастығы көп, екі ұлттың түр-тұлғасы, бет-әлпеті де бір-біріне сәйкес келеді. Ал екі халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі айшықты ұқсастық тіпті бөлек әңгіме. Марал Қажыкенқызының айтуынша, Қазақстан аумағында ескі қырғыз, жаңа қырғыз, бай қырғыз, сару қырғыз және құсшы қырғыздар мекен етеді.

Өзін Сару қырғыз ұрпағы екенін айтқан Марал Қажыкенқызы қазақ жеріне алғаш көшіп келген аталары ұзын бойлы, өзі сары және сөзге шешен, тілі мірдің оғындай кісі болғанын жеткізді. Кейіннен түр-түсі мен удай тіліне байланысты Сару қырғыз аталып кеткен екен.



Сурет 1. Сару қырғыз Байбақты ұрпағының шежіресі
(әкей Сағынай Бәймішұлының жазбасы бойынша құрастырған Жақыпова М.Қ.)

Қырғыз манабы Абылай ханмен жасасқан бейбітшілік туралы келісімнің кепілі ретінде бір ауыл қырғызды ханға қосып берген екен. Абылай бабамыз Алатаудан Арқаға қарай қайтар жолында аманатқа алған бір ауыл қырғызды жолдағы қазақ ауылдарына 3-4 үйден қалдырып, кейін сол қырғыздар төленгіт атанып, сол заманда қазақтың үш жүзін біріктіру жолында адал қызмет атқарған деседі.

Ескі қырғыз, ол атам заманнан бері осы жерді мекен еткен қырғыздар.

Бай қырғыз дейтіні бір ата қырғыздың жігіттері өз ағайындарымен жерге дауласып араздасып қалып Қазақ жеріне қоныс аударса керек. Олар Алатау жерінен жылқы айдап бүкіл дәулетімен келгесін бай қырғыз деп атаған екен. Осылайша, қазір қарап отырсаңыз еліміздің әр өңірінде қырғыз ұлтының ұрпағы кездеседі, олардың барлығықазақ тілінде сөйлейді, төлқұжаттарында қазақ болып жазылған, бірақ түптеп келгенде қазақтың жүзіне де кірмейді, руына да жатпайды.

Біз де екі ұлттың мәдениеті мен руханиятын ерекшелігін бұзбай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған рухани мұрагер Марал Қажыкенқызының өз аузынан «қарын қақтау» және «қарынға сары май салып» сақтау, «ежігей құрт» қайнату, қызыл ірімшіктен «қоспа» жасау әдістері туралы, қырғыздардың ұлттық бас киімі «айыр қалпақ» пен әйелдер кимешегіне қатысты, «аттергеу дәстүрі» және «бата беру» жайлы біршама деректерді жазып алдық.

3.2 Қазақ-қырғыз рухани мәдени мұрасының ерекшеліктері

Ғылыми әдебиеттерде қырғыз халқының тарихы мен өмірінің, шаруашылығы мен мәдениетінің көптеген аспектілері, сондай-ақ олардың қазақ халқымен өзара байланысы қамтылған көптеген дереккөздер бар. Соның ішінде, «қырғыздардың этникалық тарихы Орталық Азияда, Оңтүстік Сібірде, Орта Азияда, қазіргі Қазақстанның дала кеңістігінде болып жатқан этникалық процестермен түрлі байланыста қалыптасты, оны бұл қарым-қатынассыз қарастыруға болмайды» (Абрамзон, 1990).

Екі халықтың тарихында көптеген ұқсастықтар бар, өйткені олар «бір этногенетикалық және этнолингвистикалық отбасына, бір исламдық конфессиялық

қауымдастыққа жатады, ортақ рухани құндылықтарға ие. Көптеген ғасырлар бойы олар бір-бірімен тікелей байланыста өмір сүрді» (Общность культурных ценностей тюркских народов, 2021). Ия, шын мәнінде жоғарыда көрсетілгендей, қырғыздардың тілдік дәстүрі мен фольклорлық өмірінің көріністері екі халықтың поэтикалық шығармашылығын жақындастыруға негіз болып табылады. Өз кезегінде түбі туысқан түркі халықтарының өкілі ретінде қазақ пен қырғыздың фольклорлық дәстүрлері тығыз байланыста болғанымен әр елдің өзіне тән бірегей ерекшеліктері де бар. Түрлі тарихи кезеңдерді бастан өткізсе де екі халық ұрпақтан ұрпаққа берілетін ертегілер, әндер, аңыздар мен бай салт-дәстүрлерін қамтитын халық ауыз шығармашылығын сақтап қалды. Бүгінгі күні екі түркітілдес халықтың көшпелі өмір жағдайында қалыптасқан ауыз әдебиеті (жыр, айтыс), фольклоры мен салт-дәстүрлері олардың тиарихи-мәдени жақындығын білдіреді.

Сонымен қатар, екі халықтың бірқатар әдет-ғұрыптарды да қамтитын қонақжайлық мәдениеті – қонақтарға деген жомарт, құрметі мен жылы ниеті – осы күнге дейін жеткен маңызды тарихи мұра десек қателеспейміз. Бәйге (ат жарысы), күрес (күрес), көкпар және т.б. сияқты дәстүрлі ұлттық ойындарының шығу тегі де ортақ.

Қазақтар мен қырғыздар өздерінің мәдени құндылықтары мен бірегейлігін жоғалтқан жоқ, олар өткені мен бүгінгінің арасындағы сабақтастықты сақтап, қолдау көрсете алды. Сондықтан бүгінде екі ұлттың дәстүрі мен мәдениеті «құндылықтарда көрініс тапқан ұлттық мәдени құндылықтардың қаңқасын құрайды» (Ozen, 2013: 1-14).

Қырғыздардың дәстүрлі шаруашылық жүргізу, өмір салты, тұрмысы пен мәдениетінде, сондай-ақ өнерінде және т.б. жекелеген бағыттарында қазақтардың халықтық өмірімен ұқсас жақтары бар. Бірқатар салт-дәстүріміздің, атап айтқанда, сәбиді «бесікке салу» (қырғызша «бешик») дәстүрімен байланысты ғұрыптардың) шығу тегі ортақ (Сурет 1, 2). «Бесік» көшпенділердің адамның өмірлік циклімен байланысты қалыптасқан дәстүрлерінде үлкен рөл атқарған. «Бесік» («бешик») жаңа туған нәрестеге арналған тұрғын үй ғана емес («әлеуметтік және мәдени кеңістік»), сонымен қатар түркі халықтарының әйел құдайы Умай ананың (қырғызша «эне») тұмары іспеттес болды.

Жаңа туған нәрестеге байланысты екі халықтың дәстүрлерінің ортақтығын бүгінге дейін қолданыста келе жатқан рәсімдер мен әдет-ғұрыптардан байқауға болады. «Бесікке салу баланың туған күніне арналған қуанышқа толы бірқатар рәсімдерді қамтиды. Баланың ең алғашқы тамағы күйдірілген «сары май» болса, алғашқы киімі арнайы тігілген «ит көйнөк» (қазақша «ит көйлек») болды, онда иттің төзімділігі мен өміршеңдігі балаға беріліп, сәбидің бақытты, ұзақ та және салауатты өмір сүруі ырым етілді.

«Баланың туылғаны туралы хабарлау «сүйүнчү» (қазақша «сүйінші») деп аталды, тікелей аудармасы – қуаныш, артынан хабарды жеткізушіге міндетті түрде сыйлық беретін «баланы көру ақысы» ретінде «көрүмдүк» (қазақша «көрімдік») дәстүрі орын алған» (Алымкулова, 2024).

Рис.1 «Бесікке бөлеу» (Қырғызстан). Фото Т. Чарова

Рис.2 «Бесікке бөлеу» (Қазақстан). Фото Г. Темиртау

Бұдан бөлек, музей қорындағы этнографиялық сипаттағы көптеген басқа да заттар екі халықтың мәдени байланыстарын айқын сипаттайды. Халықтың дүниетанымы, эстетикалық және рухани принциптері көрініс тапқан тарихи артефактілердің құндылығы ерекше. Қазақтар мен қырғыздардың, сондай-ақ түркі халықтарының мәдениетінде түрлі типтер мен формалармен ерекшеленетін сан алуан зергерлік бұйымдар болғаны тарихта мәлім.

Қазақ және қырғыз әшекейлерінің салыстырмалы-талдамалы сипаттамасы екі халықтың туыстық тамырларын дәлелдейтін зергерлік бұйым түрлерінің жалпы жіктелуін анықтауға мүмкіндік береді.. Мәселен, әйелдердің зергерлік бұйымдарын жалпы сипаттамалық белгілеріне қарай жіктеу олардың көркемдік және дизайндық ерекшеліктері бойынша ұқсастықтарын анықтайды. Дәстүрлі белдік, қиғаш және салпыншақ әшекейлер бірыңғай дизайнымен ерекшеленетін бұйымдар болса, сондай ерекше әшекейлердің бірі бойжеткен қыздардың шекеге тағатын «шекелік» салпыншақтары (Сурет 3, 4). «Шекелік» әшекейін жасаудағы түркі халықтарының дәстүрлеріне ортақ техникалық және ерекше сәндік орындау үлгілері мен әдістері бар.

Қазақ және қырғыз әйелдерінің қолданыстағы алуан түрлі әшекейлерінің дәстүрлі көркемдік және техникалық (құрылымы, композициясы, ою-өрнегіндегі) жасау әдістерінде көптеген ұқсастықтар бар. Бұл жөнінде «Осыдан жүз жыл бұрынғыдай Орталық Азияның бүгінгі әшекейлері алуан түрлігімен ерекшеленеді: қырғыз шеберлерінің әшекейлері түрікмен және өзбек шеберлерінің әшекейлерінен айырмашылығы болса, қазақ пен қырғыз шеберлерінің заманауи әшекейлерінің ұқсастығы бар» деп жазды (Jewelry of Central Asia, 2022).

Жалпы Орталық Азия халықтарының, оның ішінде «әсем пішіндер мен батыл геометриясымен, нәзік ашық жұмысымен сипатталатын» қазақ және қырғыз зергерлік бұйымдарының біздің елімізден тыс жерлерге де танымал екені жасырын емес (Diba, 2011; Schletzer & Schletzer, 1983).

Сурет 3 КП 26911/4 «Шекелік» – үлбірмаңқы сияқтықұстар, қос тасы бар, 3 үлбірлықтен тұратын, көп түсті дәнгелек тастармен безендірілген, арқайсысында 3 маржан тасы бар, геометриялық өрнек. Зергердің бұйым жасау, тоқу, пышақпен техникасында жасаған. Қырғыздан. Ақ түсті шегіліп, шырмалған. Ұзындығы – 35 см, үлбірлықты шаңсымаңқы – 8,7х4 см (ҚР Мәдениеттік орталық музейі экспозициясы, «Қыраңдарға патриотизмнің»). Фото Ғ.Тәжіртен

Сурет 4. КП 26735/12. Шекелік әшекей. Жоғарғы жағында 2 үлкен маржаны бар бұрышын фольгирленген безендірілген, төменгі жағында – маржан шашақтарымен шекелектелген қапшық, ортасында тәбірлықты тақта ілулі. Шетінтау техникасында жасалған растительлердің ұлпаларын өңінде гүл тәрізді жарамдар сияқты, безендірілген. Ақ шегіліп, маржан, фольгирлеп, оқу, ілеу. (ҚР Мәдениеттік орталық музейі қорынан). Фото Ғ.Тәжіртен

Бүгінде еліміздегі музейлердің қорында Қазақстанның тұрғындары тапсырған бірқатар қырғыз әшекейлері бар. Соның ішінде, Орталық мемлекеттік музей қорына бір кездері Ақмола облысы Жарқайың ауданы Державинск қаласының тұрғындары Найзабеков Б.С. және Найзабекова Бибігүл «Шекелік» (КП 26911/4) зергерлік бұйымын тапсырған, бұл өз кезегінде екі халық арасындағы мәдени байланысты нығайтуға үлкен септігін тигізуде. Өз кезегінде күмістен жасалған мұндай зергерлік бұйымдар ұлттық мәдениеттің негізгі және маңызды бөлігі ретінде дәстүрлі мәдениетпен тығыз байланысты. Бұл әшекейлерді жасаудың техникалық сипаттамасы мен безендірілуінің астарында сәндік-эстетикалық ғана емес, қасиетті-сиқырлы және қорғаныс-функционалды мән жатқанын айтуға болады. Мәселен, қазақтар мен қырғыздардың ежелгі сенімдеріне сәйкес «шашбау», «шолпы» және «шекелі» секілді әшекейлердің сыңғыры қыздарды зұлым күштердің ықпалынан қорғап, олардың зиянды әсерінен сақтаған (Абрамзон, 1978).

Қазақ және қырғыз халықтарының дәстүрлі тіршілігі жүйесінде «қоныстану жүйесі, тұрғын үй-жай, үй жабдықтары, халықтық білімдеріне» жататын өзіндік киім үлгілері де көшпелі халықтар мәдениетінің ажырамас және маңызды атрибуты деп есептеледі (Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі, 2009: 7-9). Қазақ пен қырғыз киімдері көп жағдайда мақта, жүн және киіз, сондай-ақ тері, былғары және аң терісінен жасалған материалдардан тігілді, өйткені олар далалық және таулы жердің қатал жағдайларына өте қолайлы болды. Екі халықтың киімдерінің өзіндік ұлттық ерекшеліктері де, әрине, көп жағынан ұқсастықтары да бар.

Мысалы, ерлердің бас киімі – «қалпақ» пішіні, стилі және тігілуі жағынан ұқсас (Сурет 5, 6, 7). Көбінесе «қалпақтың» төбесінде тегістелген жарты шар тәжі формасында және жоғары конустық пішінге ұқсас тәжі бар. Маңдай бөлігі әдетте жіптермен дөңгелек үлгіде тігіледі. «Қалпақтың» жиектері жиі иілген және сыртқы жиектері бойымен бұралған ілмекпен жиектеледі.

Қазақ дәстүрінде дала ақсүйектері – хандардың, сұлтандардың киімінің бір бөлігі болып саналатын ерлердің салтанатты бас киімі – «мұрақ» ерекше орын алады. «Мұрақтың» құрылымы қалпақпен ұқсас келеді және айырмашылығы оның жиегінің кеңірек болуында, ол жоғары қарай иілмейді. «Мұрақ» алтын-күміс жіптермен тігілгендігімен ерекшеленіп, халық арасында «мұрақ» атауы «айыр қалпақ», «сәукеле қалпақ» сияқты атаулармен де қатар қолданады (Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі, 2009: 18).

Сурет 5. Фото КП 28224/4
Қалпақ. XX ғ. соңы.
Ақ таңдырша киізден жасалған ер адам бас киімі. Жапақ төбесі төрт сәйдан құралған. Сәйдалық қосылған тігісіне құра бөрікет сыпырып, сәйдалының ортасына құра жіппен өрнек тігілген. Қапшығын қайырмасы құра бөрікетпен әдіпленген, астары ақшыл матадан сыланған. (ҚР Мәдениеттің орталық мұражайының қорынан). Фото Ғ.Теміртаев

Сурет 6. КП 502. Айыр қалпақ. XIX ғ. Таңдырша киіз, бөрікет, ақшыл мата.
Ақ таңдырша киіздің жасалған, ер адамның бас киімі.
Үлгідегішінің ұқсас төрт сәйдан құралған төбесі дөңгеленіп келген.
Қапшығын қайырмасы құра бөрікетпен әдіпленген, астары ақшыл матадан сыланған.
(ҚР Мәдениеттің орталық мұражайының қорынан).
Фото Ғ.Теміртаев

Сурет 7. КП 18042. Таңдырша, бөрікет, жіп. Алматы обл. XX ғ. орт. Ігілері Х. Құйқасова (алыбы).
Ақ таңдырша киіздің тігілген, ер адамның бас киімі. Жапақ төбесі төрт сәйдан құралған. 1979 ж. ҚР Мәдениеттің орталық мұражайы экспедициясы барысында Алматы обл., Нарынқол ауд., Нарынқол ауылы тұрғынын Шәкенбаевадан алынған. (ҚР Мәдениеттің орталық мұражайының қорынан).
Фото Ғ.Теміртаев

Қазақтар мен қырғыздардың арасында ең көп тараған ішекті және ұзын мойынды музыкалық аспаптардың бірі «домбыра» және «комуз» (Сурет 8, 9). Айта кетерлігі, бұл аспаптар типологиялық жағынан түркі тектес халықтардың, соның ішінде әзірбайжанның «гопуз», башқұрттың «думбыра», түріктің «копуз», құмықтың «агач-кумуз», хакастың «хомыс», якуттың «тангсыр» және т.б. секілді музыкалық аспаптарына ұқсас.

Бұдан бөлек, екі халықтың әнші-күйшілері өз халықтарының ежелгі заманнан бері сақталған, импровизация мен ерекше халықтық шешендік өнерден тұратын суырып салма поэтикалық өнері ақындар «айтысын» (қырғызша «айтыш») фестивальдарда, концерттерде және әрине, ақындар мүшәйраларында кеңінен қолданып келеді.

Сурет 8. КП 28224/7. Комуз.
Қарағы ағашының үш ішекті шертпелі музыкалық жетібы. Түрлес аспаптан шыққан тәріздің сайлық жасалған. Үш ішекті, сайлесінше үш құлақты, жиегі бар. Ішектері сары қоңырлықпен бөлінген бөлшектен бөлінген. Басына жетіні қаптырып үш шегенен бөлінген. XXI ғ.
(ҚР Мәдениеттің орталық мұражайының қорынан).
Фото Ғ.Теміртаев

Сурет 9. КП 15294. Домбыра.
Қазақтың қолдан жасалған домбырасы. Белгісіз шеберлік қолынан шыққан. Домбыра ұзақ жылы әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаевтың әйелі Дінәдінің болған. Мұзейге 1978 жылы тапсырылған.
ҚР Мәдениеттің орталық мұражайының қорынан).
Фото Ғ.Теміртаев

Екі елдің көшпелі өмір салты да олардың мәдениетінде көптеген ортақ белгі қалдырды. Киізден жасалған бұйымдар бірегей материалдық мәдениетінің объектісі ретінде көшпелі екі халықтың өмірінде маңызды рөл атқарды. Соның ішінде кілем (қабырға, төсек-орын), «киіз үйдің» жабдықтары, «шашбау», «басқұр», үйдің қабырғалары мен күмбездерінің жабындары, ат әбзелдері және т.б. секілді киізден жасалған бұйымдар көшпелілердің күнделікті өмірінде тіршілік үшін ғана емес, эстетикалық қызметті атқарды (Thompson & Thomas, 2008).

Сонымен қатар, Орта Азия халықтарының (нақты алғанда қазақтар мен қырғыздардың), әсіресе дала мал шаруашылығының күнделікті тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері, наным-сенімдері, өнер түрлері мен тұрмыс-салты және басқа да аспектілері тақырыбы, әлеуметтік және этникалық құрамы, тарихи-мәдени тәжірибелері дамуы жөнінде отандық зерттеуші ғалымдардың ғана емес, көптеген алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де қарастырылды (Akiner, 1995; Chang et.all, 2023; Frachetti, 2012; Spengler, 2018).

4. Зерттеу нәтижесі

Қазақ-қырғыз халықтарының фольклорлық өнері, оның ішінде салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан екі ұлтқа ортақ бірегей рухани мәдени мұраларын зерделеу, зерттеу, сондай-ақ қазақстандық музейлер қорындағы екі этносқа тиесілі этнографиялық сипаттағы заттардың тарихи-мәдени құндылығын ұрпаққа жеткізу мәселесінің маңызы зор. Жалпы бұл мәселе теориялық тұрғыда жан-жақты талданбаған. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектерінде жекелеген мәдени мұраларға қатысты сипаттама берілген.

Бүгінде ел музейлерінің қорындағы қазақ-қырғыз халықтарының мәдени байланысын сипаттайтын, екі халықтың дүниетанымы, эстетикалық және рухани принциптері көрініс тапқан тарихи артефактілердің орны ерекше. Жалпы түркі халықтарының, соның ішінде қазақтар мен қырғыздардың мәдениетінде түрлі типтер мен формаларымен ерекшеленетін сан алуан зергерлік бұйымдар болғаны тарихта мәлім. Осыған орай зерттеу барысында Орталық мемлекеттік музей қорынан «Шекелік» (КП 26911/4) зергерлік бұйымы (Ақмола облысының тұрғыны Найзабеков Б.С. және Найзабекова Б. музей қорына тапсырған), екі халықтың «қалпақ», «айыр қалпақ» және «талдырма», «мұрақ» т.б. секілді ерлерге арналған дәстүрлі бас киімін, қазақ-қырғыздың арасында ең көп тараған музыкалық аспабы – «домбыра» мен «комуз» туралы ғылыми әдебиеттердің негізінде олардың ұлттық ерекшеліктері, ұқсастықтары, өзіндік тарихы анықталды. Сонымен қатар, қазақ пен қырғыз халықтарына ортақ дүниелерге салыстырмалы талдау жасалып, олардың ерекшеліктері кесте арқылы көрсетілді.

5. Қорытынды

Қазақ пен қырғыз халқы достығы мен мәдени ынтымақтастығының тарихы сан ғасырды құрайтын бауырлас халық. Олардың түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын ортақ тілдік тамырларға ие тығыз байланысы мен «мемлекет аралық жақындығы және сан ғасырлық бірлескен тарихы» бар (Темиргалиев, 2010;

Urmanbetova, 2021), «қырғыз» немесе «қазақ» этнонимі этимиологиясының тарихы зерттелді, қырғыз этнонимі осыдан 200 жыл бұрынғы қытай жазбаларында Хань династиясында «гекунь», «гяньгунь», Тай династиясында «цзе-гу», «киркут», «хя гясь», Сюй династиясында «хи-гу», «же-гю», «хы-гу», «жю-ху», «хы хыс», «шиагас», Ляо династиясында «шийа-гас», Мин династиясында «кыржыс» деген атаумен түрлі транскрипцияларда кездеседі (Менандр Протектор). «Қазақ» этнонимі «каса», «хаса», «кас», «каз», «кас-пи», «кас-ки» (Арал және Каспий теңізінің аумағындағы жер атауына орай), сондай-ақ ежелгі түрік тілінен алғанда «каз» және «ак» немесе «каз-сак») деген мағынаны білдірген (Калкан, 2003), қазақ немесе қырғыз этносының шаруашылық жүргізу және өмір сүру жағдайына байланысты (көшпелі тұрғын жай – киіз үй, көшпелі өмір салты және т.б.) ұқсас қағидаттары, қазақ этносы көп жағдайда орталық азияның жазық даласында, ал қырғыз халқы таулы аумақта қалыптасқандығымен ерекшеленеді (Чем казахи отличаются от кыргызов, 2020).

Жалпы қазақ-қырғыз халқының мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы жаңа жағдайға лайықталып, жаңғыруда, этномәдени байланыс жыл санап нығайып келеді. Екі елдің арасындағы мемлекетаралық байланыстың 30 жылдан астам уақыты ішінде мәдениет саласы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың маңызды бағытының бірі ретінде қалыптасты.

Ғасырлар бойы қалыптасқан достықтың, ортақ мәдениет пен ынтымақтастықтың белгісі ретінде екі елдің мәдениет және өнер қайраткерлерінің еңбегі екі мемлекет тарапынан лайықты марапатқа ие болып келеді. «Манас» эпосын дамыту мен насихаттауға қосқан үлесі үшін қазақ манасшысы Баянғали Әлімжанов «Достық» орденімен марапатталса, биыл қоғам қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов пен ақын Мұхтар Шаханов «Дәнекер» орденімен марапатталды. Қырғызстанның Қазақстандағы және Қазақстанның Қазақстандағы мәдениет күндері табысты өткізілуде.

2022 жылы Бішкек қаласында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының, 2024 жылы Астана қаласында Айкөл Манас ескерткіші бой көтерді. Сонымен қатар, 2025 жылы Бішкек қаласында қазақ халқының біртуар ұлы жазушы Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовқа арналған «Әуезов және Айтматов. Алтын көпір»Осы сәулет туындыларының салтанатты ашылуына екі елдің мемлекет басшылары арнайы қатысты.

Бұл шаралар екі елдің арасындағы мәдени байланысты әрі қарай да нығайтады деп сенеміз. Өзара байланыс екі ұлттың күнделікті өмірінде ажырамас бөлігі болып қала береді. Сондай-ақ аумақтық жақындық, халық шығармашылығының түрлері мен жанрларындағы ұқсастық, елдің әл-ауқаты белгілі бір қиыншылықпен жалғасқан тарихи кезеңдер әрі қарай да «халықтар арасындағы стратегиялық серіктестік пен достықты сақтауға және нығайтуға» мүмкіндік берді (Сарсенбаев, 2013).

Әдебиеттер:

1. Абрамзон С.М. Қырғыздар және олардың этногенетикалық, тарихи-мәдени байланыстары. – Фрунзе: Қырғызстан, 1990. – 480 б.

2. Абрамзон С.М. Қазақтар, қырғыздар және қарақалпақтардың культ заттары// Антропология және этнография музейінің жинағы. – 1978. – Т. 34. – Кавказ, Орта Азия және Қазақстан халықтарының материалдық мәдениеті мен шаруашылығы. – Ленинград. – Б. 44–67.

3. Akiner S. The Formation of Kazakh Identity: From Tribe to Nation-State. – London: Royal Institute of International Affairs, Russian and CIS Programme, 1995. – 83 p. // Назира Абдинасси, Светлана Ковальская. Қазақстан халқының этнодемографиялық құрылымы және оның отандық және шетелдік тарихнамада көрініс табуы // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы. – 2025. – Т. 30, №1(117). – Б. 7–22. – DOI: https://doi.org/10.31489/2025hph1/7-22.

4. Алымқұлова С.К. Бесік – сұлулықтың бастауы // Museum.kz: ғылыми-практикалық журнал. – 2024. – Т.1, №1.

5. Әбіш Кекілбайұлы. Шығармаларының жиырма томдық жинағы. Ғасырлар тоғысында. – 16-том. – Алматы: Жазушы, 2012. – 376 б.

6. Diba, Layla S. Turkmen Silver: Jewelry and Ornaments from the Marshall and Marilyn Wolf Collection. – New York: Metropolitan Museum of Art, 2011. – 248 p.

7. Жұртбай Т. Мұхтар Әуезов және «Манас» жырының талқысы // Ақиқат. – 2012. – №11. – Б. 47–55.

8. Йенер О., Явуз Э.Г. Түркі халықтарында мәдениеттің қалыптасуы // Universum: психология және білім беру (электронды ғылыми журнал). – 2020. – №2 (68). – URL: https://7universum.com/ru/psy/archive/item/8680 (қаралған күні: 15.12.2024).

9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық коллекциясы. I том: Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі (иллюстрацияланған альбом-каталог). – Алматы: Өнер, 2009. – 344 б.

10. Калкан Мустафа. XIV–XVI ғасырлардың екінші жартысындағы қырғыз және қазақ тайпаларының этникалық байланыстары: автореферат. – Бішкек, 2003. – 23 б.

11. Менандр Протектор. Тарих // С. Дестунис. Византиялық тарихшылар. – Санкт-Петербург, 1860. – Б. 379–380.

12. Frachetti M.D. Multiregional Emergence of Mobile Pastoralism and Nonuniform Institutional Complexity across Eurasia* // Current Anthroology. – 2012. – Vol. 53, No. 1. – P. 2–38. – DOI: 10.1086/663692. – URL: [https://www.researchgate.net/publication/.net/publication/259710331)

13. Түркі халықтарының мәдени құндылықтарының ортақтығы. – 2021. – URL: https://ehistory.kz/ru/news/show/32529 (қаралған күні: 20.12.2024).

14. Ozen, Y. Құндылықтар философиясы тұрғысынан ерік және оның құрамдас бөліктері// Қаратеңіз әлеуметтік ғылымдар журналы. – 2013. – Т. 5, №9. – Б. 1–14.

15. Spengler R.N., Chang C. Rethinking Prehistoric Central Asia: Shepherds, Farmers, and Nomads. – Abingdon & New York: Routledge, 2018. – DOI: 10.15184/aqy.2018.79. – URL: https://www.researchgate.net/publication/326013978

16. Сарсенбаев Б.С. Қырғыз-қазақ қатынастары КСРО құрамында (XX ғ. 20–30 жж.). – Бішкек: КРСУ, 2013. – 144 б.

17. Сейдімбек А. Шығармалар жинағы: 2-том. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Астана: Фолиант, 2010. – 816 б.

18. Темірғалиев Р. Қазақ-қырғыз қатынастары тарихынан. 1-бөлім. – 2010. – URL: [https://diesel.elcat.kg/index.php?app=blog&module=display&section=blog&blogid=2912&showentry=9273](https://diesel.elcat.kg/index.php?app=blog&module=display&section=blog&blogid=2912&showentry=92738) (қаралған күні: 15.07.2025).

19. Thompson J., Farnham T.J. Timbuktu to Tibet: Exotic Carpets and Textiles from New York Collectors. – London: Hali Publications Ltd., 2008. – 308 p.

20. Chang C., Ivanov S.S., Spengler R.N. III, Mir-Makhamad B., Tourtellotte P.A. Montane Ecoclines as Social Aggregation Zones in Ancient Central Asia: Agropastoral Economies in Juuku, Kyrgyzstan. – 2023. – DOI: 10.20944/preprints202305.1676.v1.

21. Schletzer D., Schletzer R. Old Silver Jewellery of the Turkoman: An Essay on Symbols in the Culture of Inner Asian Nomads. – Berlin: D. Reimer, 1984. – 300 p.

22. Орталық Азияның әшекей өнері: дәстүр мен қазіргі заман. – 2022. – URL: https://voicesoncentralasia.org/ (қаралған күні: 08.01.2025).

23. Урманбетова Ж. Көшпелі мәдениет – Орталық Азия мәдениетінің архетипі ретінде // Journal of Humanities and Social Sciences Academy. – 2021. – №1(1). – Б. 1–8. – URL: https://intoba.org/wp-content/uploads/2022/04/NOMADIC-CULTURE-AS-ARCHETYPE-OF-CENTRAL-ASIAN-CULTURE.pdf (қаралған күні: 08.07.2025).

References:

1. Abramzon S.M. Kirgizy i ih etnogeneticheskie i istoriko-kulturnye svyazi. (1990). Frunze: Kyrgyzstan. 480 s. (in Kaz.).

2. Abramzon S.M. Predmety kulta kazahov, kirgizov i karakalpakov. 1978). Sbornik Muzeya antropologii i etnografii. T. 34. Materialnaya kultura i hozyaistvo narodov Kavkaza, Srednei Azii i Kazakhstana. Leningrad. S. 44-67. (in Kaz.).

3. Alymkulova S.K. Kolybel – istok prekrasnogo. (2024). Nauchno-prakticheskii jurnal Museum.kz T.1 №1. S. (in Kaz.).

4. Akiner S. The Formation of Kazakh Identity: From Tribe to Nation-State. London. Royal Institute of Interna-tional Affairs, Russian and CIS Programme, 1995. P. 83. // Nazira Abdinassi.Svetlana Kovalskaya. The ethno-demographic structure of Kazakhstan's population and its representation in domestic and foreign historiography. Bulletin Bulletin of Karaganda University. Series «History. Philosophy». 2025, 30, 1(117). P. 7-22. DOI: https://doi.org/10.31489/2025hph1/7-22.

5. Abısh Kekılbaiuly shygarmalarynyn jiyrma tomdyq jinagy. (2012). «Gasyrlar togysynda». 16 tom. Almaty: «Jazushy». 376 b. (in Kaz.).

6. Diba, Layla S. Turkmen Silver: Jewelry and Ornaments from the Marshall and Marilyn Wolf Collection. (2011). New York: Metropolitan Museum of Art. 248 p.

7. Jurtbai T. Muhtar Auezov zhane «Manas» zhyrynyn talkysy. (2012). Akikat. №11. 47-55 bb. (in Kaz.).

8. Iener O., Yavuz E.G. Formirovanie kultury u tyurkskih narodov. (2020). Universum: psihologiya i obrazovanie: elektron.nauchn. jurn. № 2 (68). URL:https://7universum.com/ru/psy/archive/item/8680 (data obrasheniya: 15.12.2024), (in Kaz.).

9. Khazakhstan Respublikasy Memlekettık Ortalyk muzeiının etnografiyalyk kollektsiyasy. (2009). I tom: Khazakhtyn dasturlı kiım-keshegı (illyustratsiyalangan albom-katalog). Almaty: «Oner». 344 b.

10. Kalkan Mustafa. Etnicheskie svyazi kyrgyzskih i kazakhskih plemen vo vtoroi polovine XIV-XVI vv.: avtoreferat diss.na soiskanie kand.ist.nauk. (2003). Bişkek. 23 b.

11. Menandr Protektor. Istoria. V kn.: S. Destunis, Vizantiiskie istoriki, SPb., I860, 379-380 pp.

12. Michael D. Frachetti. Multiregional Emergence of Mobile Pastoralism and Nonuniform Institutional Complexity across Eurasia. February 2012Current Anthropology 53(1):2-38. DOI:10.1086/663692 // https://www.researchgate.net/publication/259710331.

13. Obshnost kulturnyh tsennostei tyurkskih narodov. (2021). https://ehistory.kz/ru/news/show/32529 (data obrasheniya: 20.12.2024) (in Kaz.).

14. Ozen, Y. Değerler Felsefesi Açısından İradeve Bileşenleri. (2013). Karadeniz Sosyal Bilimler Dergisi. 5 (9), 1-14 pp.

15. Robert N. Spengler. Claudia Chang. Rethinking prehistoric Central Asia: shepherds, farmers, and nomads. 2018. Abingdon & New York: Routledge; 978-1-138-73708-2 £105. June 2018 DOI: 10.15184/aqy.2018.79 // https://www.researchgate.net/publication/326013978

16. Sarsenbaev B.S. Kyrgyzsko-kazakhskie vzaimootnosheniya v sostave SSSR (20-30-e gg. XX v.). Bishkek: KRSU, 2013. 144 s.

17. Seidımbek A. Alty tomdyk shygarmalary, 2 t. Khazakh alemı: etnomadeni paiymdau. (2010). Astana: «Foliant» baspasy. 816 b. (in Kaz.).

18. Temirgaliev R. Iz istorii kazakhsko-kyrgyzskikh otnoshenii. Chast 1. ZONAkz. (2010). https://diesel.elcat.kg/index.php?app=blog&module=display&section=blog&blogid=2912&showentry=92738 (дата обращения: 15.07.2025) (data obrasheniya: 15.12.2024) (in Kaz.).

19. Thompson, Jon., Farnham, Thomas J. Timbuktu to Tibet: Exotic Carpets and Textiles from New York Collectors – Hardcover. (2008). Hali Publications Ltd. 308 p.

20. Claudia Chang 1, Sergei S. Ivanov, 2 Robert N. Spengler III, Basira Mir-Makhamad, Perry A. Tourtellotte. Montane Ecoclines As Social Aggregation Zones in Ancient Central Asia: Agropastoral Economies in Juuku, Kyrgyzstan. NOT PEER-REVIEWED | Posted: 24 May 2023 DOI:10.20944/preprints202305.1676.v1.

21. Schletzer, Dieter, and Reinhold Schletzer. Old Silver Jewellery of the Turkoman: An Essay on Symbols in the Culture of Inner Asian Nomads. (1984). Berlin: D. Reimer. 300 p.

22. Jewelry of Central Asia: Past and Present of the Art Tradition. (2022). https://voicesoncentralasia.org/ (data obrasheniya: 08.01.2025)

23. Urmanbetova, J. Nomadic Culture as Archetype of Central Asian Culture. (2021). Journal of Humanities and Social Sciences Academy, 1/1. pp. 001-008. https://intoba.org/wp-content/uploads/2022/04/NOMADIC-CULTURE-AS-ARCHETYPE-OF-CENTRAL-ASIAN-CULTURE.pdf (data obrasheniya: 08.07.2025)

ҒТАМР 18.31.01 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-24

А.Б. Кенджакулова*[1], Д.С. Шарипова[2]
[1,2]ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]ainura8883@mail.ru, [2]dilyarazam@mail.ru,
ORCID: [1]0000-0001-8559-6429, [2]0000-0002-8432-7339

ҚАЗАҚ ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ: ЕРАЛЫ ОСПАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН МӘДЕНИ КОДТАРДЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ бейнелеу өнеріндегі отбасы тақырыбының көркемдік және идеялық мәні тұрғыда талданады. Отбасы – қазақ халқының рухани-мәдени болмысын қалыптастыратын негізгі ұғымдардың бірі ретінде бейнелеу өнерінде терең мазмұнмен көрініс табады. Автор дәстүрлі және заманауи графика туындыларындағы отбасы бейнесін саралай отырып, оның көркемдік тілін, символдық мағынасын және тарихи-контекстуалдық ерекшеліктерін ашады. Қазақ суретшілері үшін отбасы – тек тұрмыстық көрініс емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті, ұрпақтар сабақтастығын және адамгершілік құндылықтарды бейнелеудің құралы. Мақалада суретші Е. Оспанов шығармаларындағы отбасы тақырыбындағы көркемдік интерпретациялар талданбақ. Сонымен қатар, суретшінің кейіпкерлер әлемі арқылы отбасы феноменінің әлеуметтік, психологиялық және мәдени қырлары ашылып, дәстүр мен жаңғыру арасындағы байланыс зерделенеді. Зерттеу барысында Оспанов шығармаларындағы ата-ана, бала және туыстық қатынастардың көркемдік құрылымы мен семантикалық жүктемесі сараланып, отбасы бейнесінің әдеби-философиялық мәні анықталады. Ералы Оспановтың шығармаларындағы отбасы репрезентациясы арқылы қазақ қоғамындағы рухани сабақтастық пен ұрпақтар диалогының көркемдік моделі ұсынылады. Бейнелеу өнерінің отбасы туралы қоғамдық сана мен мәдени дискурсты қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударылады. Жұмыстың негізгі мақсаты қазақ бейнелеу өнеріндегі отбасы тақырыбының көркемдік эволюциясын, идеялық тереңдігін және мәдени маңызын ашуға бағытталған.

Алғыс. Мақала BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» атты нысаналы бағдарлама аясында қаржыландырылды.

Түйін сөздер: қазақ бейнелеу өнері, отбасы, отбасы концепті, ұлттық болмыс, мәдени контекст, тәрбие, рухани құндылық, уыз тәрбие, тұлға.

А.Б. Кенджакулова*[1], Д.С. Шарипова[2]
[1,2] Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова КН МНВО РК,
Алматы, Казахстан
E-mail: [1]ainura8883@mail.ru, [2]dilyarazam@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-8559-6429, [2]0000-0002-8432-7339

КОНЦЕПТ СЕМЬИ В КАЗАХСКОЙ ГРАФИКЕ: ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И КУЛЬТУРНЫХ КОДОВ НА ОСНОВЕ ТВОРЧЕСТВА ЕРАЛЫ ОСПАНОВА

Аннотация. В данной статье рассматривается художественное и идейное значение темы семьи в казахском изобразительном искусстве. Семья предстает как один из ключевых понятий, формирующих

духовно-культурную сущность казахского народа, и находит глубокое отражение в произведениях изобразительного искусства. Автор анализирует образ семьи в традиционных и современных графических произведениях, раскрывая его художественный язык, символическое значение и историко-контекстуальные особенности. Для казахских художников семья – это не просто бытовая сцена, но и средство выражения национальной идентичности, преемственности поколений и нравственных ценностей. В статье рассматриваются художественные интерпретации темы семьи в произведениях художника Е. Оспанова. Через мир его персонажей раскрываются социальные, психологические и культурные аспекты феномена семьи, а также исследуется связь между традицией и обновлением. В ходе исследования анализируются художественная структура и семантическая нагрузка родственных связей – родителей, детей и других членов семьи в творчестве Оспанова, выявляется литературно-философское значение образа семьи. Репрезентация семьи в произведениях Ералы Оспанова предлагает художественную модель духовной преемственности и диалога поколений в казахском обществе. Особое внимание уделяется роли изобразительного искусства в формировании общественного сознания и культурного дискурса о семье. Основная цель работы раскрыть художественную эволюцию, идейную глубину и культурную значимость темы семьи в казахском изобразительном искусстве.

Благодарность. Статья финансирована в рамках целевой программы BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы казахстанского литературоведения, фольклористики и искусствоведения: междисциплинарные исследования».

Ключевые слова: казахское изобразительное искусство, семья, концепт семьи, национальная идентичность, культурный контекст, воспитание, духовные ценности, раннее воспитание, личность.

A.B. Kenjakulova*[*1], D.S. Sharipova[2]

[1,2] Institute of Literature and Art Auezov, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [1]ainura8883@mail.ru, [2]dilyarazam@mail.ru,

ORCID: [1]0000-0001-8559-6429, [2]0000-0002-8432-7339

THE CONCEPT OF FAMILY IN KAZAKH GRAPHIC ART: ARTISTIC REPRESENTATION OF NATIONAL UPBRINGING AND CULTURAL CODES BASED ON YERALY OSPANOV'S WORKS

Abstract. This article explores the artistic and ideological significance of the theme of family in Kazakh visual art. The family is presented as one of the key concepts shaping the spiritual and cultural identity of the Kazakh people, and it is deeply reflected in works of visual art. The author analyzes the representation of family in traditional and contemporary graphic works, revealing its artistic language, symbolic meaning, and historical-contextual features. For Kazakh artists, the family is not merely a domestic scene but a means of expressing national identity, generational continuity, and moral values. The article examines artistic interpretations of the family theme in the works of artist Y. Ospanov. Through the world of his characters, the social, psychological, and cultural dimensions of the family phenomenon are revealed, and the relationship between tradition and renewal is explored. The study analyzes the artistic structure and semantic weight of parental, child, and kinship relationships in Ospanov's works, identifying the literary-philosophical significance of the family image. The representation of family in Yeraly Ospanov's art offers a visual model of spiritual continuity and intergenerational dialogue within Kazakh society. Special attention is given to the role of visual art in shaping public consciousness and cultural discourse about family. The main objective of the study is to uncover the artistic evolution, ideological depth, and cultural relevance of the family theme in Kazakh visual art.

Acknowledgment. This article was funded under the targeted program BR27101897 "Digital Transformation of the Ecosystem of Kazakh Literary Studies, Folklore Studies, and Art Studies: Interdisciplinary Research".

Keywords: Kazakh visual art, family, family concept, national identity, cultural context, upbringing, spiritual values, early education, personality.

1. Кіріспе

Қазіргі кезеңде ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту мәселесі мәдениеттану, өнертану мен әлеуметтік ғылымдар саласында өзекті ғылыми нысанға айналуда. Әсересе жаһандану жағдайында ұлттық болмысты көркем тілмен жеткізу, ұлттық кодты сақтау мәселесі артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, бейнелеу өнері визуалды репрезентация арқылы ұлттық идеяны, тарихи ескерткіштер мен мәдени құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы ретінде қарастырылады.

Мақалада қазіргі қазақ бейнелеу өнеріндегі «отбасы» ұғымының репрезентациясы талданады. Зерттеу тақырыбы бейнелеу өнеріндегі әлеуметтік-мәдени мазмұнды ашуға бағытталған өзекті мәселелердің көркемдік аспектісін қарастыру қажеттілігінен туындап отыр.

Қазақ отбасының қалыптасу ерекшеліктері мен тарихи-әлеуметтік даму үдерісін зерделеуде этнограф-ғалым Х.А. Арғынбаевтың 1973 жылы жарық көрген іргелі басылымы құнды ақпарат болып отыр. Бұл еңбекте отбасының құрылымдық моделі, типологиясы мен функционалдық сипаттары жан-жақты талданып, дәстүрлі отбасылық институттың негіздері жүйелі сипатталған (Арғынбаев, 1973). Х.А. Арғынбаевтың ел арасынан, этнографиялық экспедициялардан, мұрағаттар мен әдеби мұралардан жинаған этнографиялық зерттеу еңбегі. Ғылыми еңбекте қазақ отбасының өткені мен бүгіні, халқымыздың оған байланысты бай салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары терең қамтылған. Сондай-ақ, халықтың ұмытылып бара жатқан озық әдет-ғұрыптарын кеңінен насихаттау, одан ғибрат алуға үндеу мақсат етілген.

Отбасы ұғымының қазақ дүниетанымындағы ерекше орны, оның бейнелеу өнерінде ұлттық болмысты жеткізудің символдық құралы ретінде көрініс табуы – зерттеудің басты өзегілігі. Бұл феномен суретшілер шығармашылығында жаңа ағым-бағыттармен, тәсілдермен бейнеленіп, ұлттық бірегейлікті жаңа қырынан интерпретациялауға мүмкіндік береді (Захай, 2024). Зерттеудің теориялық маңыздылығы көркем білім беру ісінде, өнертану мен мәдениеттану салаларында кеңінен қолдануға практикалық үлесін қоса алады.

Отбасы – ұлттық тарихи жадын, салт-дәстүрін, тілі мен рухани мұрасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін негізгі арна. Әр халықтың өзіне тән мәдени коды отбасынан бастау алады, яғни тұлға болып қалыптасуының іргетасы. Мысалы, қазақ халқында отбасы *«шаңырақ», «ошақ», «бесік»* секілді символдармен тығыз байланысты. Бұл ұғымдар ұлттық болмыстың көркем бейнесін қалыптастырады. Ал, ұрпақ тәрбиесі болса, адамзат тарихында ең көне әрі маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыстардың бірі. Ол жеке тұлғаның қалыптасуына ғана емес, тұтас қоғамның рухани тұтастығы мен мәдени сабақтастығына тікелей әсер етеді.

Отбасылық ғұрып фольклорында іргелі зерттеулерін арнаған фольклортанушы ғалым К.І. Матыжанов: «Отбасылық тірлік – адамзаттың саналы ғұмырында қол жеткізген ірі мәдени жетістігінің бір көрінісі. Оның пайда болуы адамзатты қауымдасып өмір сүрудің жаңа сатысына көтеріп, бүгінде «қоғам» деп аталатын өмір салтының жаңа биігіне қадам бастырды. Былайша айтқанда, отбасылық

өмір – дамзат дамуының ұйытқысы, қоғамдық дамудың мәңгілік мәйегі», – деп тұжырымдайды (Матыжанов, 2007:5). К.Матыжановтың пікірінше, отбасылық ғұрып фольклоры ұлттың рухани-эстетикалық болмысын, қоғамдық ұстанымдарын, ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың маңызды тетігі деп түйіндейді.

К.І. Матыжановтың «отбасылық тірлік – адамзаттың саналы ғұмырындағы ірі мәдени жетістіктің көрінісі» деген тұжырымы суретші Ералы Оспановтың шығармашылық концепциясымен терең үндеседі. Себебі, суретші туындылары тек типтік образ емес, қазақ қоғамындағы отбасылық құрылымның, ұрпақ сабақтастығының және рухани бірліктің көркем репрезентациясы ретінде қабылданады. Мысалы, *«Бата», «Көгенге асылу. Жарысқазан», «Шілдехана», «Бесік той», «Қырқынан шығару», «Тұсаукесер»* секілді шығармаларында қазақ халқының салт-дәстүрі бейнеленіп, отбасылық өмірдің мәдени-әлеуметтік маңызы мен дәстүрлі тәрбиенің мазмұндық қырлары ашылған. Ералы Оспановтың графикалық тілінде отбасы – қоғамның іргетаса ғана емес, ұлттық болмыстың шежіресі ретінде суреттеледі.

Бейнелеу өнерінде отбасы ұғымының көркем репрезентациясы – әлеуметтік, мәдени және рухани маңызы кең тақырыптардың бірі деп айтуға толық негіз бар. Себебі, графика жанрында бейнелеу құралдары арқылы отбасы және болашақ ұрпақ тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысты егіз ұғым ретінде өсіп келеді. Бұл мақалада графикалық өнер туындыларындағы отбасы институтытының маңыздылығы мен тәрбиелік принциптері талданып, олардың графикалық өнерде қалай көрініс тапқаны қарастырылады.

Зерттеу пәні ретінде отбасы құндылығы мен ұрпақ тәрбиесінің көркем репрезентациясы нысанға алынып, ұлттық болмыс пен заманауи ізденістер арасындағы байланыс қарастырылды. Композициялық шешім мен символдық образдар арқылы автордың концепциясы нақтылана түседі. Сонымен қатар, графика жанрындағы туындыларда ұлттық сана, бала тәрбиесі, отбасындағы қарым-қатынас ұғымдарының бейнеленуі символдық және нарративтік тәсілдермен кеңінен байыпталды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Ералы Оспановтың графикалық туындыларындағы «отбасы» тұжырымы өнертану тұрғысынан талданды. Суретшінің шеберлігі мен суреткерлік даралығы, композициялық шешімдері жүйелі түрде сараланып, отбасы құндылығының бейнесі мен мағыналық құрылымы, функциялық сипаты анықталды.

Бастапқыда көркемдік-аналитикалық әдіс қолданылды. Бұл тәсіл суретші туындыларындағы пластикалық құрылымның, сызықтық ритмнің, кеңістік пен фигуралардың өзара байланысын талдауға мүмкіндік берді. Мәселен, *«Ана мен бала», «Ұрпақ сабақтастығы»* графикалық жұмыстарындағы ана бейнесі – мейірім мен қорғаныштың символы, ал бала бейнесі – болашақ пен үміттің сәулесі ретінде ұсынылады. Автордың ана мен бала бейнесі арқылы тәрбиелік, рухани мазмұнды көркем құралдармен жеткізуді көздегені анық байқалады.

Екінші әдіс – символикалық интерпретация. Суретшінің жиі қолданатын ұлттық ою-өрнектері (*қошқар мүйіз, ирек, түйе табан* т.б.) отбасы мүшелерінің рөлін бейнелейтін мәдени код ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл арқылы ұрпақтар арасындағы сабақтастық, қазақы тәрбие мен кейіпкерлердің жантебіренісі суреткерлік шеберлікпен жеткізіледі. Символика тек эстетикалық элемент емес, мәдени мағына мен тарихи жадты тасымалдаушы құрал деп талданды.

Үшінші – контекстуалдық талдау. Ералы Оспановтың шығармалары тарихи-мәдени кеңістікте зерделеніп, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымымен байланысы айқындалды.

Суретшінің «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты еңбегі көркемдік мазмұнды этнографиялық негізбен толықтырып, отбасы концептісінің мағыналық тереңдігін арттырады. Бұл тәсіл суретші шығармаларының қоғамдық-мәдени контексте алатын орнын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында қолданылған әдістердің үйлесімділігі теориялық негізді бекітіп қана қоймай, Ералы Оспанов шығармашылығындағы «отбасы» феноменін көркемдік және мәдени репрезентация ретінде сипаттауға жол ашты.

2.2 Материалға сипаттама

Бұл ізденіс Ералы Оспановтың графикалық шығармашылығындағы отбасы тұжырымы мен оның ұлттық әдет-ғұрыптар арқылы қоғамдық сананы тәрбиелеудегі рөлін талдауға арналған. Материал ретінде суретшінің «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» «Қошетер», «Қазақ ою-өрнегінің атласы», «Төртмүшел» басылымдарындағы графикалық жұмыстар нысанға алынды.

Ералы Оспанов – график суретші, этнограф әрі мәдениеттанушы ретінде ұлттық рухани болмысын, салт-дәстүрін, отбасы құндылықтарын көркем тәсілдермен жеткізген суреткер. Ералы Оспановтың графикалық туындыларында отбасы бейнесі тек тұрмыстық жанр көрінісі ғана емес, ұлттық сана мен рухани сабақтастықты білдіретін символ ретінде анықталды. Суретші ана мен бала, ата мен немере, ерлі-зайыптылардың бейнелері арқылы ұрпақ сабақтастығын, тәлім-тәрбиесі мен қазақы болмысын әсерлі жеткізе білген өнерпаз. Суретшінің графикалық туындыларында этномәдени код киім үлгілерінің, қолөнер бұйымдарының және ыдыс-аяқтардың ою-өрнектерінде айқын көрінеді.

Суретші шығармаларында қазақтың дәстүрлі отбасы құрылымы мен әдет-ғұрыптары бесікке салу, тұсау кесу, сүндет той, келін түсіру, қонақ күту салттары көркем образ арқылы бейнеленіп, көрерменге ұлттық тәрбиенің мәнін ұғындырады. Мысалы, «Бесікке салу», «Иткөйлек», «Тілашар», «Байғазы», «Құлақ тесу», «Сүндет» бұл көріністерде қоғамдық санаға ықпал ететін тәрбиелік мазмұны бар шығармалар сериясы болып табылады. «... Балаларға арналған халық әдебиетін зерттеу баланың қалыптасуы мен тілін дамытуға қатысты мәселелерді саралауға кең жол ашады, ал оған қазақ педагогтары ерекше ден қоюы қажет», – деп Х.Досмұхамедов жазған. Х.Досмұхамедовтің пікірінше, балаларға арналған халық әдебиетін зерттеу баланың рухани қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік береді деп санаған. Ал, Ералы

Оспановтың туындылары әдеп-ғұрып үлгілерін балаға табиғи түрде жеткізудің ықпалды әдісі қызметін атқара алады.

Зерттеу жұмысында графикалық өнердің әлеуметтік функциясы көркем бейне арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұрпақ жалғастығы мен қоғамдық сананы тәрбиелеу – Ералы Оспанов шығармашылығын жан-жақты қарастыру арқылы ашыла түсті. Оның туындылары визуалды өнер мен этнографиялық дәлдікті ұштастыра отырып, отбасы ұғымын ұлттық идеологияның негізіне айналдырады.

3. Талқылау

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңі бейнелеу өнерінде мәдени жаңғырудың жаңа парақтарын ашты деп айтуға негіз бар. Отбасы тұжырымы осы трансформацияның маңызды элементтерінің бірі болып заманауи көркем туындыларда жаңа мазмұнмен толыға түсті. Бұл кезеңде суретшілер ұлттық болмысты қайта пайымдап, дәстүрлі құндылықтарды жаңа қырынан бейнелеуге ұмтылды.

1991 жылы егемендікке қол жеткізу – еліміз үшін бетбұрыс кезең болды. Бұл тарихи оқиға ұлттық болмысты қайта құру мен мәдении жаңғыру үдерісін бастады. Осы кезеңдерде отбасы тақырыбына қатысты түсініктер қайта қаралып, өнер саласында посткеңестік қазақ болмысын іздеу басталды. Суретшілер туыстық қарым-қатынас, мұра және тарихи оқиғалар тңірегіндегі тақырыптарды зерттей отырып, социалистік реализмнің ұжымдық бағытын артқа тастап, отбасы бейнесін дараланған, көпқырлы флормада ұсынуға көшті. Бұл көркемдік өзгеріс қоғамның әлеуметтік құрылымындағы трансформацияны ғана емес, ұлттық болмыс, заманауи даму және жаһандану туралы пікір таластарға да көркемдік үлес қосты (Келсінбек, 2024: 698).

Тарихи-мәдени өзгерістердің өнер кеңістігіндегі бейнеленуі тек жалпы үрдістермен шектелмейді. Керісінше, жеке суретшілердің шығармашылығында терең әрі айқын сипатта байқалады. Әсіресе, отбасы ұғымының көркемдік интерпретациясы – ұлттық болмысты қайта пайымдаудың маңызды векторына айналды. Бұл ұғым тек әлеуметтік институт ретінде емес, сонымен қатар рухани сабақтастықтың, мәдени жадтың және тұлғалық қалыптасудың символы ретінде бейнелеу өнерінде жаңа мағынаға ие болды. Суретшілердің туындыларында отбасы бейнесі арқылы ұлттың өткені мен бүгіні, дәстүр мен модерн, жеке және ұжымдық тәжірибе арасындағы байланыс көркем тілмен өрнектеледі. Мұндай шығармашылық ізденістер посткеңестік кезеңдегі қазақ қоғамының рухани бағдарын, қайта құрылымын және жаһандық ықпалдармен үндесуін айқын көрсетеді.

Осы контексте Ералы Оспановтың шығармашылығы ерекше назар аударуға тұрарлық. Оның графикалық туындыларында «отбасы» коцепті тек тақырыптық мазмұн ғана емес, поэтикалық өрнек пен тәрбиелік мән мен поэтикалық өрнек өзара үйлесім тапқан көркем өріс түрінде көрінеді. «Ата-әже» мен «әке-ана» бейнелері арқылы суретші ұлттық идеялық танымдық өрісті кеңейтеді. Дәстүрлі бейнелеу тәсілдерін заманауи графикамен ұштастыру арқылы суреткерлік шеберліктің жаңа формаларын қалыптастырады. Е.Оспанов еңбектері – тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ бейнелеу өнерінің отбасы тақырыбын жаңаша пайымдауының көрнекті үлгісі.

Қазақ бейнелеу өнеріне тың идея ұсынған суретші өнері жаңа ізденіс пен стильдік өзгерістерге алып келді. Оның шығармашылығындағы отбасы репрезентациясы қазақы дүниетаным мен рухани сабақтастықтың ұлттық коды ретінде сомдалады. Суретші «Ата-әже» мен «әке-ана» бейнелерін символдық деңгейде ұсыну арқылы қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын заманауи бейнелі тілмен қайта пайымдап шықты.

Е. Оспановтың графикалық стилі – сызықтық нақтылық пен пластикалық ырғақтың үйлесімділігімен ерекшеленде. Композициялық құрылымда кеңістік пен форманы минималистік тәсілдермен ұйымдастыра отырып, бейненің ішкі мазмұнын тереңдетуге ұмытылады. Ана бейнесін көбіне жұмсақ сызықтармен, әрі жылы реңктермен береді, бұл – мейірім мен қорғаныштың көркем баламасы деп білеміз. Ал, ата бейнесі – қатқыл штрихтар мен силуэттер арқылы даналық пен рухани тірек мағынасына ие болып суреттеледі. Мысалға, әке образы суретшінің «Жаушы» атты графикалық туындысында жақсы ашылған. Қазақтың дәстүрлі тұрмысын бейнелеумен қатар, отбасылық құрылым мен әлеуметтік рөлдердің мәдени-символдық мәнін ашып көрсететін шығармада әке бейнесі композициялық, пластикалық деңгейлерде айқындалады. Әкенің отырысы жинақы, қимылы бірқалыпты, бет-әлпеті сұсты. Бұл сыртқы қатаңдық оның ішкі ұстанымдылығы мен өзін-өзі бақылау қабілеттілігін білдіреді. Ол эмоциясын ашық көрсетпейді, сырттай сұсты, іштей сабырлы тұлға ретінде сомдалып тұр. Тіпті, отбасы мүшелерінің іс-әрекетін де бір көзқараспен «реттеп» отырғандай.

Суретшінің әке образын бейнелеуде қолданған қою көлеңкесі, тығыз басылған штрихтары әкенің формалық айқындығын күшейте түседі. Қазақ қоғамындағы әкенің дәстүрлі рөлін бейнелейтін поэтикалық образ болып тұр. Штрихтардың бағыты мен жиілігі дененің көлемін анықтап, кейіпкердің физикалық шымырлығы мен тұрақтылығын көрсетуге қызмет етіп тұр, ал әлсіздеу жүргізілген штрихтар ашық тондар ішкі сезімнің нәзік тұстарын білдіргісі келетіндей.

Болашақ күйеу жігіттің әкесі қыздың үйіне барлаушы жіберіп, мәмілеге келу үшін түрлі әркет жасаған. Жаушы сөздің астарын аңғара алатын кісі болған. Картинадағы *жаушы* образы символикаға тұнып тұр, яғни, жаушы үйге кіріп келгенде мақсатын ұқтыру үшін бір балағын етігінің ішіне салып, екіншісін сыртқа қоя беріп «Сізде лашын бар екен, бізде сұңқар бар екен» деп үйге кіріп келген (Қатран, 2010).

Бұған дейін Ералы Оспанов шығармашылығындағы фольклорлы мотивтерді талдап, оның көркемдік тіліндегі мифологиялық және этнографиялық кодтарды қарастырғанымызда, графиктің шығармашылық болмысының жаңа қырлары ашылып, төменде келтірілген тұжырымдарға негіз қаланған еді: «Тәуелсіздік жылдарында дәстүр сабақтастығын жалғастырып келе жатқан, көрнекті график суретші Ералы Оспанов шығармашылығын атап өтпей кету мүмкін емес. Өнертану саласында бабалар мұрасын насихаттап, халық ауыз әдебиетінің, салт-дәстүрінің көрінісін парақтарына бейнелеп жүрген суретші (Кенджакулова, 2021).

Ералы Оспанов – қазақ суретшісі, график, өнер қайраткері, еліміздің өнер саласында өзіне лайық орын алған тұлға. Оның шығармашылығы ұлттық дәстүрді

қазіргі заман өнерімен үйлестіруімен ерекшеленеді. Е. Оспановтың графикалық туындылары өте әсерлі және мазмұнды болып келеді. Олар терең философиялық ойларды, адам жанының күйзелістерін, сондай-ақ ұлттық болмыс пен мәдениетті бейнелеуді мақсат етеді. Сонымен бірге, суретші шығармалары көбінесе адамның ішкі әлемін, жан күйзелістерін, ой тебіренісін өте әсерлі бере алады: адамның рухани дүниесі мен ішкі жан дүниесінің аласапыран сәттерін шынайы бейнелей отырып, көрерменді тебіренте түседі, психологиялық жағдайына әсер етіп, терең ойға шомылып, толғануына «мәжбүрлейді». Графикалық туындыларында қазақ халқының тұрмысы, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері айқын көрініс табады. Суретші ұлттық болмысты заманауи көзқарас тұрғысынан жаңаша түсіндіріп, оларды көркем шығармаға айналдыра білген. Оның суреттерінде қазақтың тарихы, төл мәдениеті, болмысы мен адам бейнесі бірегей композициялық шешімдермен көрсетіледі» (Кенджакулова, 2024:191-192).

Суретші туындыларында отбасы мүшелері арасындағы байланыс – көзқарас, дене қимылы, кеңістікте орналасуы арқылы көркем шешім табады. Бұл тәсілдерді қолдану арқылы суретші көрерменге тек визуалды әсер қалыптастырып қана қоймай, эмоционалды-философиялық тереңдік ұсынады. Ералы Оспановтың графикалық парақтарында ұлттық болмыс пензаманауи көркем ізденістер тоғыса отырып, ұлттың рухани байлығын паш етеді.

Соңғы онжылдықта графика өнері жаңа фольклорлық мазмұнмен байып, өнер кеңістігінде тың есімдер мен шығармашылық бағыттар қалыптаса бастады. Әр тарихи кезеңнің рухани сұранысына сай ұлттық нақыш жаңғырып, көркем бейнелеу тілімен өрнектеле түсті. Өнер – уақыт пен кеңістіктің шеңберінен тыс, үнемі қозғалыста болатын танымдық феномен. Әр дәуірдің рухани тынысын бейнелей отырып, шығармашылық ізденіс пен жаңашылдықты алға тартады. Сондай-ақ, өнер елдің табиғи болмысы мен дүниетанымын қалыптастырушы мәдени-танымдық үдеріс болып келешек ұрпаққа рухани бағдар бола алады.

Ералы Оспановтың шығармашылығында отбасы феномені – көркемдік бейне мен тәрбиелік мазмұнның тоғысқан шегі болып көрінеді. Графикалық туындыларында ана бейнесі – мейірім мен қорғаныштың, ал ата бейнесі – даналық пен сабақтастықтың символы болып ұсынылады. Суретшінің стилі дәстүрлі бейнелеу тәсілдерін заманауи графикамен ұштастыра отырып, ұлттық болмысты жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік береді.Бұл тұрғыда Е. Оспанов шығармалары қазақ бейнелеу өнеріндегі отбасы тақырыбының көркемдік эволюциясын көрсететін маңызды дереккөз.

Өнер иесі Ералы Оспановтың отбасы тақырыбына арналған шығармашылығын талдау үшін, бірінші кезекте «Бата» атты туындысын алдық. Суретші қазақ бейнелеу өнеріндегі этнография саласын да терең меңгерген, ұлттық болмысты бейнелеу тілімен жеткізуде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген тұлға. Оның «Бата» атты туындысы – қазақ халқының рухани-мәдени дәстүрін, дүниетанымын бейнелеу өнері арқылы ашып көрсететін символдық мәні бар шығарма болып табылады.

Туындыда дастархан басында отырған отбасын көре аламыз. Дастарханға бата берілмей астан дәм татпаған қазақ халқының бұл ерекше дәстүрі тәрбие жүйесінің, ұрпақ сабақтастығының көрінісі.

Ералы Оспановтың «Қырқынан шығару» графикалық туындысы қазақ халқының балаға қатысты жасалатын алғашқы салттық рәсімдерінің бірі – қырқынан шығару дәстүрі. Бұл рәсімнің көркем бейнесін Ералы Оспанов өзінің «Қырқынан шығару» атты графикалық туындысында бейнелеу тілі арқылы жеткізе отырып, ұлттық дүниетанымның терең қабаттарын, ұрпақ жалғастығы мен қоғамның рухани бірлігін көркемдік деңгейде аша білген. Шығарманың композициялық құрылымын талдағанда, орталық визуалды акцент ретінде нәресте мен оны шомылдырып отырған әженің бейнесі анық. Жас нәресте мен әжесі – қазақ дүниетанымындағы киелі өзек ұғымының көркем көрінісі ретінде қабылданып, әрі көрермен назарын бірден өзіне баурап алады.

Композиция шеңберлік құрылымға негізделген кейіпкерлер, әйелдер қауымы – шеңбер бойымен орналасып, салттың ұжымдық сипатын, рәсімге қатысудың маңыздылығы мен жауапкершілігін білдіріп отырғандай. Шеңбер формасы қазақ мәдениетінде тұтастық пен шексіздіктің символы ретінде танылса, бұл көркем шешім туындының философиялық мазмұнын тереңдете түсері анық.

Этнографиялық деректерге сүйенсек, қазақ түсінігінде сәби дүниеге келгеннен кейінгі қырық күн ерекше қастерленген. Осы кезеңде бала «өзге көзден сақталып, сырт адамға көрсетпеген» (Оспанов, 2018:14). Қырық күн бойы тұз, сабын және маралшөп қосылған суға алма-кезек шомылдырылған бала денесінің шымыр болып өсетініне кәміл сенген. Қырық күн өткен соң баланы қырқынан шығару рәсімі ұйымдастырылып, оған ағайын-туыс, көрші-қолаң, әйелдер қауымы шақырылған. Қырық қасық су құю рәсімінде қонақтар арасынан ең сыйлы әйел адам «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деген тілекпен баланы шомылдырып береді. Салт-дәстүрдің символдық элементі ретінде тегенеге салынған күміс, қырық құмалақ, күміс білезік, сақина-жүзік көрініс тапқан.

Суреттегі кейіпкерлердің орналасуы мен отырыс формалары салт-дәстүрдің салтанатты сипатын, рухани тепе-теңдігін бейнелейді. Суретші Ералы Оспанов қайталанатын визуалды элементтер арқылы композицияға ырғақ пен үйлесім енгізіп, көрерменде сазды әуен тудырғандай әсер қалыптастыра алған. Сонымен қатар, алдыңғы план мен артқы планның арақатынасын штрих пен сызық арқылы берген, бұл осы көріністің кеңістігі мен тынысын ашқандай әсер береді.

Қоңыр мен ақ түсті гамма уақыт пен кеңістіктің шарттылығын, салт-дәстүрдің мәңгілігін білдіреді. Бұл тәсіл көрерменді түстің эмоциялық алаңынан босатып, шығарманың мазмұнына тереңірек үңілуіне жетелей түседі. Монохромды шешім арқылы суретші көріністің драматургиясын күшейтіп, туындының негізгі тақырыбын алдыңғы қатарға шығарады. Ералы Оспановтың графикалық техникасы сызықтың айқындылығы мен штрихтың ритміне негізделген. Суретшінің сызықтары мен штрихтары, кейіпкердің мінезін, кеңістіктегі орнын, ішкі күйін ашатын көркемдік

код. Штрихтар арқылы суретші жарық пен көлеңкені, қозғалыс пен тыныштықты, эмоция мен салмақтылықты шебер сөйлете алған.

Суретші шығармасының концепциясы – ұрпақ сабақтастығы мен жалғастығын бейнелеу. Үлкен кісінің балаға деген қамқорлығы арқылы қазақ қоғамындағы тәрбиелік және рухани байланыстарды көркемдік деңгейде көрсетуге негізделген. Шығармада ұлттық мәдени мұраның байлығы мен маңыздылығы, тұрмыстық салт-дәстүрдің көріністері, сондай-ақ ұлттық киім үлгілері мен ою-өрнек элементтері арқылы этнографиялық нақтылық пен көркемдік символика үйлесімді түрде көрініс тапқан.

4. Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері Ералы Оспановтың шығармашылығы қазіргі қазақ графика өнерінің дамуына елеулі үлес қосқанын дәлелдейді. Суретшінің туындылары ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды көркемдік деңгейде жеткізудің жоғарғы үлгісі ретінде танылды. Оның жұмыстарында қазақ халқының этнографиялық болмысы, салт-дәстүрлері мен мифологиясы, тарихи жады философиялық мазмұнмен үйлесім тапқандығы айқындалды. Зерттеу барысында автордың отбасы тақырыбын бейнелеуге ерекше мән беруінің мақсаты анықталып, талданды. Отбасы құндылығы мен бірлігі тақырыбындағы туындыларында суретші отбасы институтын әлеуметтік ұғым деп қана емес, ұлттың рухани өзегі, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың көрінісі деп суреттеді. «Бата», «Жаушы», «Қырқынан шығару» және т.б. графикалық еңбектерінде осы идеялар айқын көрініс тапқан.

5. Қорытынды

Ералы Оспанов – қазақ бейнелеу өнерінің көрнекті өкілі, ұлттық болмыс пен рухани тереңдікті графика тілімен шебер жеткізе білген суретші-график. Оның шығармашылығы қазақ халқының дүниетанымы, мәдени коды мен тарихи жадының көркем шежіресі іспетті. Әрбір туындысында Е. Оспанов ұлттық мұраны жаңғырта отырып, оны заманауи бейнелеу тілімен шеберлікпен үйлестіреді.

Өнер иесінің графикалық туындылары көбіне қазақ этномәдениеті мен фольклорлық шешімдерге негізделеді (Turkystan.kz, 2020). Ералы Оспанов көне гравюралар мен фотосуреттерден шабыт алып, мифологиялық бейнелер мен ұлттық оюөрнектерді заманауи композициямен сомдай алатын суретші. Сонымен қатар, шығармашылығы зерттеушілік сипатқа ие, яғни ол тек бейне жасаушы ғана емес, сол бейнелердің тарихын, символикасын, деректерін зерттеген ізденімпаз қайраткер (BAQ.kz, 2022).

Ералы Оспановтың қолөнер мен ою-өрнектерге деген жанжақты көзқарасы ерекше. Оның «Қазақ халқының оюөрнектерінің этнографиялық атласы» және «Қошетер – қазақ халқының қолөнері» деген еңбектері өнер мен мәдениет арасындағы көпір қызметін атқарады (Inform.kz, 2021). Бұл кітаптарда суретші өз талдау тәсілімен ғасырлар бойы қалыптасқан қолөнер үлгілерін жинақтап, жүйелеген.

Суретшінің графикалық жұмыстары көбіне қазақ этно-мәдениеті, мифологиясы мен фольклорына негізделіп, көркем бейнемен қатар танымдық, тәрбиелік сипатқа ие.

Оның шығармашылығындағы ерекше орын алатын тақырыптардың бірі – отбасы құндылығы. Суретші «Ана», «Төрт ана», «Шежіре», «Ұрпақ», «Отбасы» сияқты туындылары арқылы тек тұрмыстық көріністерді емес, отбасылық байланыстың рухани тереңдігін, ұлттық құндылықтың маңыздылығын бейнелейді (Оспанов, 2020). Бұл шығармаларда ана мен бала арасындағы махаббат, әке мен ұрпақтың сабақтастығы, отбасылық тәрбие мен жауапкершілік сынды тақырыптар ерекше көркем образбен берілген. Әсіресе, ол отбасын ұлттық тарихтың, мәдени жалғастықтың алтын өзегі ретінде танытады.

Е. Оспановтың отбасы тақырыбындағы еңбектері ұлттың ішкі руханияты мен құндылықтар жүйесін бейнелейтін маңызды туындылар деп есептеуге толық негіз бар. Бұл туындылар арқылы суретші көрерменді терең ойға жетелеп, өзінің тамыр-тарихына қайта үңіліп, отбасы алдындағы парыз бен мейірім туралы толғануға шақырады.

Әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973. – 325 б.

2. Досмұхамедов Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – 384 б.

3. Ерғалиева Р.А. Идея независимости в изобразительном искусстве Казахстана/ Коллективная монография. – Алматы:ИЛИ МОН РК, 2011. – 420 с.

4. Захай Б. Мәдениеттанулық дискурстағы қазақ бейнелеу өнері: XX ғ. 90 жж.// Central Asian Journal of Art Studies, т. 9, No 1, 2024, бб. 227–245. doi.org/10.47940/cajas.v9i1.826

5. Кенджакулова А.Б. Изобразительное искусство и архитектура Казахстана в период незовисимости: стиль эпохи преемственность традиций/Коллективная монография. – Алматы: «Service Press», 2024. – 320 с.

6. Kelsinbek, M., Sharipova, D., Kenjakulova, A. & Kobzhanova, S. (2024). Transformation of the image of family in the visual culture of Kazakhstan. *New Design Ideas, 8*(3), 697-714 https://doi.org/10.62476/ndi83697

7. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 бет.

8. Оспанов Е. Қазақ графикасы: дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы: Өнер, 2018. – 112 б.

9. Юсупова А.К. Идея независимости в изобразительном искусстве Казахстана/ Коллективная монография. – Алматы:ИЛИ МОН РК, 2011. – 420 с.

10. Қатран Д. Қазақтың үйлену салты: өткені мен бүгіні жайлы // https://www.minber.kz/2010/02/qazaqtyng-ujlenu-salty-otkeni-men-bugi

11. Inform.kz. (2021, желтоқсан 6). Кітаптар арқылы көшпенділер өнері таныстырылды. https://www.inform.kz/kz/knigi-hudozhnika-eraly-ospanova-ob-iskusstve-nomadov-prezentovali-v-almaty_a3871361

12. Turkystan.kz. (2020, қыркүйек 12). Ералы Оспанов: 110 мың долларға сатылған картинамның ақшасын балалар қорына аудардым. https://turkystan.kz/article/119492-eraly-ospanov-110-my-dollar-a-satyl-an-kartinamny-a-shasyn-balalar-oryna-audardym

13. BAQ.kz. (2022, сәуір 22). Этнограф-суретші Ералы Оспанұлының кітаптарының тұсаукесері өтті. https://baq.kz/etnograf-curetshi-eraly-ospanulynyn-kitaptarynyn-tusaukeseri-otti_278937/

References:

1. Argynbayev, K. A. (1973). *Kazakh family and marriage* [Қазақ халқындағы семья мен неке]. Almaty: Gylym (in Kaz.).

2. Dosmukhamedov, Kh. Selected works. - Almaty, 1998. - 384 pp. (in Kaz.).

3. Ergalieva, R. A. (2011). *The idea of independence in the visual arts of Kazakhstan* [Идея независимости в изобразительном искусстве Казахстана] (Collective monograph). Almaty: ILI MON RK. (in Rus.).

4. Zakhai, B. (2024). Kazakh visual arts in cultural discourse: The 1990s of the 20th century. Central Asian Journal of Art Studies, 9(1), 227–245. https://doi.org/10.47940/cajas.v9i1.826 (in Eng.).

5. Kendzhakulova, A. B. (2024). Visual arts and architecture of Kazakhstan in the independence period: Style of the era and continuity of traditions [Изобразительное искусство и архитектура Казахстана в период независимости: стиль эпохи и преемственность традиций] (Collective monograph). Almaty: Service Press. (in Rus.).

6. Kelsinbek, M., Sharipova, D., Kenjakulova, A., & Kobzhanova, S. (2024). Transformation of the image of family in the visual culture of Kazakhstan. New Design Ideas, 8(3), 697-714. https://doi.org/10.62476/ndi83697(in Eng.).

7. Matyzhanov, K. I. (2007). Kazakh family folklore [Қазақтың отбасы фольклоры]. Almaty: Arys Publishing. (in Kaz.).

8. Ospanov, E. (2018). Kazakh graphics: Tradition and innovation [Қазақ графикасы: дәстүр мен жаңашылдық]. Almaty: Öner.(in Kaz.).

9. Yusupova, A. K. (2011). The idea of independence in the visual arts of Kazakhstan [Идея независимости в изобразительном искусстве Казахстана] (Collective monograph). Almaty: ILI MON RK (in Rus.).

10. Katran, D. (n.d.). Kazakh wedding customs: Past and present [Қазақтың үйлену салты: өткені мен бүгіні жайлы]. Retrieved from https://www.minber.kz/2010/02/qazaqtyng-ujlenu-salty-otkeni-men-bugi/ (in Kaz.).

11. Inform.kz. (2021, December 6). Nomadic art presented through books. Retrieved from https://www.inform.kz/kz/knigi-hudozhnika-eraly-ospanova-ob-iskusstve-nomadov-prezentovali-v-almaty_a3871361 (in Kaz.).

12. Turkystan.kz. (2020, September 12). Eraly Ospanov: I donated the money from the painting sold for $110,000 to a children's fund. Retrieved from https://turkystan.kz/article/119492-eraly-ospanov-110-my-dollar-a-satyl-an-kartinamny-a-shasyn-balalar-oryna-audardym (in Kaz.).

13. BAQ.kz. (2022, April 22). Presentation of books by ethnographer-artist Eraly Ospanuly held. Retrieved from https://baq.kz/etnograf-curetshi-eraly-ospanulynyn-kitaptarynyn-tusaukeseri-otti_278937/ (in Kaz.).

ҒТАМР 18.07.43 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-25

К.С. Оразқұлова[1,*], М.Ж. Шаймерденова[2]
[1,2] Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]orazkulova.ks@gmail.com, [2]mena.mdsh@gmail.com
ORCID: [1]0009-0007-7215-0672, [2]0000-0002-3731-0622

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН СУРЕТШІЛЕРІНІҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР

Аңдатпа. Зерттеу Кеңестік Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріндегі этникалық дәстүрлер, олардың сипаты мен ерекшеліктерінің маңыздылығына назар аударады. Ғылыми-зерттеу жұмысының басты мақсаты Кеңестік билік жылдарында Қазақстан суретшілерінің жұмыстарын айқындау, ерекшеліктеріне тоқталу және ең бастысы олардың этникалық дәстүрлермен үйлесімділік дәрежесін талдау болып табылады. Зерттеу барысында ғылымға белгілі және тақырыпты ашып, қойылған мақсатқа қол жеткізуге септігін тигізетін бірқатар әдістер қолданылды. Олардың қатарында салыстырмалы талдау, ретроспективтілік әдісі және тағы да басқа әдістер. Қарастырып отырған тақырып өз уақытында бірқатар зерттеушілер тарапынан қарастырылды. Алайда зерттеушілердің басым көпшілігі тақырыпқа тек жанама қатысты мәліметтерді береді. Мәселеге қатысты кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілуі қажет. Зерттеуде қарастырып отырған тақырып жан-жақты және кешенді зерттеледі. Нәтижесінде этникалық түсініктердің теориялық негіздері анықталды және Кеңестік билік жылдарындағы Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріндегі этникалық дәстүрлер айқындалды. Кеңестік билік жылдарында қоғам өмірінің барлық саласында идеологиялық шектеулер болғаны белгілі. Бейнелеу өнерінде де мұндай идеологиялық қысымның болғаны шындық. Соған қарамастан суретшілер ұлттық құндылықтарға негізделіп, этникалық ерекшеліктерді айқындайтын элементтерді өз жұмыстарына қосып отырды. Қазақ мәдениетімен терең ұштасатын ою-өрнектер, тұрмыстық заттар, дәстүрлі қазақ қоғамы, қазақтың көшпелі мәдениетімен байланысқан шаруашылық түрлері және өзге де ұлттық дүниетаныммен үйлесіп жатқан элементтерге ерекше философиялық мән берді. Аталған тақырып көлемінде жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының ғылым үшін берері мол. Ол тек осы қарастырып отырған кезең бойынша суретшілердің жұмыстарына сипаттама беріп қана қоймайды. Сонымен қатар олардың жұмыстарындағы идеялық бастамаларды анықтау, ұлтты ұйыстыратын факторға мән беру, қазақ халқының дүниетанымын түсіну тұрғысынан пайдалы болады.

Түйін сөздер: этнос, дәстүр, мәдениет, бейнелеу өнері, құндылық, идеология, социалисттік реализм, қоғам.

K.S. Orazkulova[1*], M.D. Shaimerdenova[2]
[1,2]Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]orazkulova.ks@gmail.com, [2]mena.mdsh@gmail.com
ORCID: [1]0009-0007-7215-0672, [2]0000-0002-3731-0622

ETHNIC TRADITIONS IN THE VISUAL ARTS OF KAZAKH ARTISTS OF THE SOVIET ERA

Abstract. The study draws attention to the importance of ethnic traditions, their character and features in the visual arts of artists of Soviet Kazakhstan. The main purpose of the research is to identify the works of artists of Kazakhstan during the Soviet era, to focus on the features and, most importantly, to analyze the degree of their harmony with ethnic traditions. In the course of the research, a number of methods were used

that are known to science and contribute to the disclosure of the topic and the achievement of the goal. Among them are comparative analysis, the method of retrospection and other methods. The topic under consideration was considered at one time by a number of researchers. However, the vast majority of researchers provide data related only indirectly to the topic. It is necessary to conduct comprehensive research on the problem. The topic considered in the study is studied comprehensively and comprehensively. As a result, the theoretical foundations of ethnic representations were identified and ethnic traditions in the visual arts of artists of Kazakhstan during the years of Soviet power were identified. It is known that during the years of Soviet power there were ideological restrictions in all spheres of society. In the visual arts, such ideological pressure is also a reality. Nevertheless, the artists were based on national values and included elements defining ethnic characteristics in their works. Special philosophical importance was attached to elements combined with ornaments, household items, traditional Kazakh society, types of economy associated with Kazakh nomadic culture, and other national worldview deeply intertwined with Kazakh culture. The comprehensive research carried out within the framework of this topic is of great importance for science. He not only describes the works of the artists of this period. It will also be useful in terms of identifying ideological initiatives in their work, focusing on the factor uniting the nation, and understanding the worldview of the Kazakh people.

Keywords: ethnicity, traditions, culture, fine art, value, ideology, socialist realism, society.

К.С. Оразкулова[1,*], М.Дж. Шаймерденова[2]

[1,2] Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]orazkulova.ks@gmail.com, [2]mena.mdsh@gmail.com

ORCID: [1]0009-0007-7215-0672, [2]0000-0002-3731-0622

ЭТНИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ ХУДОЖНИКОВ КАЗАХСТАНА СОВЕТСКОЙ ЭПОХИ

Аннотация. Исследование обращает внимание на важность этнических традиций, их характера и особенностей в изобразительном искусстве художников Советского Казахстана. Главной целью научно-исследовательской работы является выявление работ художников Казахстана в годы советской власти, акцент на особенностях и, самое главное, анализ степени их гармонии с этническими традициями. В ходе исследования был использован ряд методов, известных науке и способствующих раскрытию темы и достижению поставленной цели. Среди них сравнительный анализ, метод ретроспективности и другие методы. Рассматриваемая тема была рассмотрена в свое время рядом исследователей. Однако подавляющее большинство исследователей предоставляют данные, относящиеся только косвенно к теме. Необходимо провести комплексную исследовательскую работу по проблеме. Тема, рассматриваемая в исследовании, изучается всесторонне и комплексно. В результате были выявлены теоретические основы этнических представлений и определены этнические традиции в изобразительном искусстве художников Казахстана в годы советской власти. Известно, что в годы советской власти существовали идеологические ограничения во всех сферах жизни общества. В изобразительном искусстве такое идеологическое давление также является реальностью. Тем не менее художники основывались на национальных ценностях и включали в свои работы элементы, определяющие этнические особенности. Особое философское значение придавали элементам, сочетающимся с орнаментами, предметами быта, традиционным казахским обществом, видами хозяйства, связанными с казахской кочевой культурой, и другим национальным мировоззрением, глубоко переплетающимся с казахской культурой. Комплексные исследовательские работы, проведенные в рамках данной темы, имеют большое значение для науки. Он не только дает описание работ художников этого периода. Также будет полезно с точки зрения выявления идейных инициатив в их работе, акцентирования внимания на факторе, объединяющем нацию, понимания мировоззрения казахского народа.

Ключевые слова: этнос, традиции, культура, изобразительное искусство, ценность, идеология, социалистический реализм, общество.

1. Кіріспе

Қазіргі өнертану ғылымында «этникалық дәстүрлер» ұғымы кең көлемді түрде қолданыла бермейді. Жалпы кез-келген өнер саласында «этникалық дәстүрлер» ұғымын қолдану үшін алдымен оның теориялық негіздерін гуманитарлық ғылымдармен байланыстыра отырып ашып алу дұрыс болады. Түрлі берілген ғылыми анықтамалар мен сөздіктерге мән берсек, «этникалық дәстүрлер» деп:

– Этникалық мәдениеттің шығармашылық тәжірибесінің мұрасы;

– Өнер әлемінің этникалық сипатының тарихи қалыптасқан шығармашылық және эстетикалық принциптері;

– Этникалық өнердің түрін қалыптастырушы бейнелеу құралы.

«Этникалық дәстүрлер» ұғымын ашуда анықталатын маңызды жайттардың бірі – оның стиль қалыптастырушы фактор болып табылатындығы (Нехвядович, 2024: 183-187). Осы ретте кез-келген өнер саласындағы «этникалық дәстүрлер» мәселесінде біз бірегейлік пен әмбебаптықтың ұштасқандығын байқаймыз. Бірегейлікті «этникалық дәстүрлермен» байланыстырсақ, әмбебаптық өнердегі оның көрінісі, сипаты деп түсінуге болады.

Этникалық дәстүрлердің бейнелеу өнеріндегі көрініс табуы және оны айқындап, маңызын ашу зерттеушілердің назарын аударып отырған мәселе. Әсіресе Кеңестік билік жылдарындағы Қазақстан суретшілерінің жұмысындағы этникалық дәстүрлер тақырыбы ғылым үшін өзекті. Өйткені Кеңестік билік жылдарында ұлт саясатындағы ерекшеліктер ұлттық құндылықтардың толыққанды бейнеленуіне мүмкіндіктер бермеді. Белгілі бір дәрежедегі идеологиялық қысымның болуына қарамастан қазақстандық суретшілер ұлттық құндылықтардың дәріптелуіне үлес қосып, өз жұмыстарында этникалық ерекшеліктерді айшықтайтын элементтер қосты. Бүгінгі өнертану ғылымының алдында тұрған маңызды мақсаттардың бірі – Кеңестік билік жылдарындағы Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріндегі этникалық дәстүрлерді анықтап, тиісті бағасын беру. Қазақстандағы кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасуы Кеңестік биліктің орнығуынан кейін жүзеге асқаны белгілі. Суретшілердің үлкен толқыны қалыптасты. Олардың тақырыптық бағыттары да әртүрлі болды. Зерттеушілер алдында тұрған негізгі міндет – суретшілердің жұмыстарын сараптап, этникалық дәстүрлермен ұштасу деңгейін анықтау. Оларды тақырыптары мен мазмұнына қарай сұрыптаудың да маңыздылығы жоғары. Рас осыған дейін Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріндегі этникалық дәстүрлер тақырыбына қатысты пікір білдіріп, өз ғылыми жұмыстарында атап өткен зерттеушілер болды. Алайда осы тақырыпта кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек деп санаймыз. аталған зерттеу жұмысы барысында Кеңестік Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріне баға беріліп, этникалық дәстүрлермен ұштасқан жұмыстардың ерекшеліктері мен толыққанды сипаттамасы жасалады. Осы бағыттағы жұмыстардың алғашқы кезеңі деп айтуға толық негіз бар.

2. Материал және әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеуде ғылымға белгілі бірқатар әдістер қолданылды. Кеңестік билік жылдарындағы Қазақстан суретшілерінің бейнелеу саласындағы жетістіктерін сараптап, жұмыстарын айқындауда жалпыдан жалқыға өту әдісі басшылыққа алынды. Алдымен суретшілердің жұмыстары талданып, олардың этникалық дәстүрлермен ұштасу дәрежесіне баға берілді. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісіне сай әр суретшінің жұмысы, оның ұлттық құндылықтарға, этникалық ерекшеліктерге мән беру дәрежесі салыстырмалы талданды. Қолданылған ретроспективтілік әдісіне сай Кеңестік билік жылдарындағы Қазақстанда кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасуы, сол жылдардағы бейнелеу өнеріне идеологиялық қысым дәрежесімен санаса отырып, суретшілердің жұмысына баға берілді. Идеологиялық қысым болған жағдайда белгілі бір туындыны толыққанды етіп шығару ісі тығырыққа тіреледі. Осы ерекшелікті ретроспективтілік әдісіне сай ескере отырып, бейнелеу өнерінің туындыларының құндылығын аша алдық. Басшылыққа алынған зерттеу принциптерінің бірі – шынайылық. Біз мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарын бірдей қарастырып, барынша объективті тұжырымдар жасай алдық.

2.2 Материалға сипаттама

Кеңестік Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріндегі этникалық дәстүрлер мәселесіне қатысты нақты тұжырымдар жасау үшін алдымен теориялық негіздерін анықтап алу қажет. Осы мақсатта біз зерттеу барысында Л.И. Нехвядовичтың «Этнические традиции как источник формообразования в искусстве», А.Б. Салтыковтың шығармалар жинағы, Г.Д. Базиеваның «Этнические традиции в изобразительном искусстве Кабардино-Балкарии» атты ғылыми-зертттеу жұмыстары пайдаланылды. Авторлардың этникалық дәстүр туралы пікірлері басшылыққа алынып, Қазақстан суретшілерінің жұмыстарындағы көрінісіне баға берілді.

Кеңестік билік жылдарындағы Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріндегі этникалық үдерістер мәселесі әр жылдары қарастырылғанымен, кешенді зерттеу жұмыстарын әлі де болса жалғастыру қажет. Аталған мәселе туралы З.Х. Наурузбаева «Творческие союзы Казахстана в 1930-1945 гг.» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Аталған диссертация барысында суретшілер және олардың жұмыстары айқындалғанымен, оның ерекшеліктері турасында мәліметтер аз. Мұндай зерттеу жұмыстарының қатарында А.М. Турлыбековаың «Искусство Казахстана 20-80-е гг. XX века: истоки и тенденции развития» және «Советское изобразительное искусство Казахстана в документах Центрального государственного архива Республики Казахстан», А.Т. Капаеваның «Государственная политика в области культуры в Казахстане (вт.пол. 40-х – конец 80-х гг. XX века)», О.И. Резниковаың «Традиции реалистической школы живописи как культурное наследие России», Н.Р. Ахмедованың «Особенности формирования живописи Центральной Азии – Абылхан Кастеев и Урал Тансыкбаев», тақырыпқа қатысты жанама мәліметтер беретін еңбектер қатарында Р.М. Жумашев, Е.И. Резникова, О. Кунгурова, С. Гораевалардың

еңбектерін атап өтуге болады. Мәселеге қатысты жүргізілген аталған жұмыстарда қарастырып отырған мәселе тек жалпы сипатталады. Кеңестік Қазақстандағы бейнелеу өнері, оның өкілдері мен жұмыстары ғана аталып өтеді. Біз өз кезегімізде осы келтірілген әр жұмыспен танысып, ондағы этникалық дәстүрлермен ұштасып, ерекше үйлесу арқылы бір мағынаны бере алу дәрежесін талдап, нақты тұжырымдарға келдік.

3. Талқылау

Суретшілердің бейнелеу өнеріндегі «этникалық дәстүрлер» белгілі бір дәрежеде «код» болып табылады. Бұл «код» белгілі бір ұлттың этникалық ерекшеліктері, бірегейлігін сақтауға бағытталады. Зерттеуші Фатма Доган Аккая өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында этникалық және этнографиялық құралдар белгілі бір халық туралы мол мәлімет береді деген пікір айтады (Akkaya, 2023: 71-79). Бейнелеу өнерінде ұлттық ерекшеліктерді айқындау, этникалық дәстүрлерге мән беру ол алдымен шығармашылық үдерістің даму заңдылығымен тығыз байланысты және ол осы бағыттағы суретшілердің жұмыстарына, тәжірибесіне негізделеді. Жалпы «дәстүр» түсінігіне келетін болсақ, оның өзіндік анықтамалары мен өнердің кез-келген саласындағы маңыздылығы бар. Зерттеушілердің бірқатары «дәстүр» деп ежелден қалыптасқан өмір сүру тәртіптері мен әдістерінің жиынтығы, оларды сақтаудың тұрақтылығы мен тарихи сабақтастығы деп қарастырады. Келесі зерттеушілердің тобы «дәстүр» деп белгілі бір халықтың немесе халықтық өнердің бір бөлшегі, желісі, сарыны деп те қарастырады. Қолданбалы өнер саласының белгілі теоретик ғалымдарының бірі А.Б. Салтыков өзінің еңбектерінде «дәстүр» деп диалектикалық ұғымды атайды және ол тек халықтың өткенімен ғана емес, сонымен қатар бүгіні мен болашағын да қамтуы тиіс деген ой айтады (Салтыков, 1970: 77). Кеңестік дәуірде қалыптасқан зерттеушінің бұл пікірін қолдаушылар өте көп. Біздің пікірімізше, «дәстүр» ең алдымен тарихи сабақтастық мәселесіне негізделуі керек. Халықтың өткені мен бүгінін байланыстыра отырып, ұлттық құндылықтардың өзіндік бірегейлігін айқындауға бағытталуы тиіс деп санаймыз.

Осы күнге дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарында «дәстүр», «этникалық дәстүр» ұғымдарын айқындау барысында зерттеушілер олардың жекелеген қырларына ғана мән беріп келді. Ол қырлары «этникалық дәстүрдің» қызметі, ерекшеліктері мен мәнін анықтауға бағытталды. Өнер саласына келер болсақ, соның ішінде бейнелеу өнерінде «этникалық дәстүр» ұғымы көп жағдайда стиль қалыптастырушы фактор ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным кеңестік дәуірде орныққан болатын. Кеңестік дәуірде социалисттік тәртіп пен коммунисттік идеология үстемдік еткеніне қарамастан бейнелеу өнерінде «этникалық дәстүрдің» ролі жоғары болды. Халықтардың тек өзіне тән болып келетін дәстүрлерін бейнелеу ісі ерекше сұраныста болды. Мұндай «этникалық дәстүрлерге» негізделген туындылар өзінің қайталанбастығы, бірегейлігімен ерекшеленді. Бояулар мен түстер өзара үйлесіп, шығармашылық қалыптың элементтері мен түрлі ырғақтардың да өзара сәтті бірлесуі жүзеге асты. Әсіресе шығармашылық дәстүрлерге бай елдердегі

бейнелеу өнері белсенді дамыды. Мұндай шығармашылық дәстүрлердің дамуын біз Қазақстан суретшілерінің жұмысынан көптеп байқаймыз. Салыстырмалы түрде алғанда Қазақстандағы бейнелеу өнері біршама елдерден бұрын дамыды. Алғашқы кәсіби суретшілер Кеңестік дәуірдің алғашқы жартысында қалыптасып үлгерді. Рас алғашқы жылдары шығармашылық бірлестіктердің жоқтығы өзінің теріс әсерін берді. Дегенмен алғашқы кәсіби суретшілердің жұмыстарынан біз халықтық өнердің дәстүрлеріне мән беру талпыныстарын байқаймыз. Бұл ретте атап өтетін бір жайт, суретшілердің жұмысындағы дәстүрлік белгілер этникалық қана емес, сонымен қатар эстетикалық та қызмет атқарды. Көркемдік жұмыстарда, түрлі өрнектер салуда, тұрмыстық тақырыпты ашуда «этникалық дәстүрлерге» мән беріле бастады. Уақыт өте келе, біз суретшілердің бейнелеу өнеріндегі этникалық дәстүрлерді тек эстетикалық әр беруде ғана емес, сонымен қатар мазмұндық деңгейде де беріле бастауына куә боламыз. Суретшілердің бейнелеу өнеріндегі этникалық дәстүрлердің мазмұндық сипат алуы ол тарихи жайттарды сипаттаудан, мәдени және ұлттық болмысқа мән беруден, этностың өзіне ғана тән ділі мен психологиялық ерекшеліктерін бере алудан көрінеді. Сонымен қатар бірегей ұлттық дүниетаным да «этникалық дәстүр» ұғымымен тығыз байланысты. Зерттеушілер бейнелеу өнерінің этникалық дәстүрлермен ұштасуының екі деңгейін атап өтеді. Мысалы:

– Ежелгі космогониялық түсініктердің өзекті болуы;

– Фольлорда қалыптасқан бейненің, түсініктердің заманауи үрдіспен ұштасып, оның өнерде бейнеленуі (Базиева, 2019: 184-187).

Әрине еліміздегі кәсіби суретшілер дайындау ісі Кеңестік билік жылдарында жүзеге асты. Ал Кеңестік дәуірде коммунисттік идеология үстемдік құрып тұрған болатын. Сол себепті де большевиктер билікке келген алғашқы жылдан-ақ өнер иелері, соның ішінде суретшілердің шығармашылық жұмыс бағыттары қатаң бақылауға алынды. Қалаларды, көшелерді безендіруден бастап, жеке жұмыстары да «жоғарыдан» түскен бұйрық, коммунисттік идеология мен большевиктік тәртіпке негізделді. «КСРО – халықтар достығы», «Ленин көсем», «Коммунист» сияқты идеологиялық тақырыптар жұмыс бағыттары ретінде ұсынылды (Наурузбаева 42). Идеологияның үстемдігі белгілі бір дәрежеде бейнелеу өнерінің тар шеңберде өмір сүруіне алып келді. Дегенмен бейнелеу өнері саласындағы этникалық дәстүрлердің бейнеленуі әр кезеңде түрлі деңгейде орын алып отырды. Кеңестік бейнелеу өнерінде этникалық дәстүрлер мәселесі көп жағдайда графика, таңбалар негізінде көрініс тауып отырды. Олар әсіресе белгілі бір әңгімелер, шығармашылық мәтіндер мен фольклорлық туындыларға арналып салынған жұмыстарда байқалады. Рас Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдени және әлеуметтік өмірде үлкен өзгерістер жағдайында өмір сүрді. Бұл өз кезегінде бейнелеу өнеріне де әсер етті. Кеңестік дәуірдегі Қазақстан суретшілерінің еңбектеріне назар аударатын болсақ, бі олардың этникалық дәстүрлерді барынша сақтап қалуға, барынша қолдануға тырысқандығын байқаймыз. Сонымен қатар этникалық дәстүрлерді заман ерекшеліктеріне сай социалисттік нақыштармен, социалисттік өмір сүру тәртіптерімен байланыстыруға

тырысып отырған. Демек белгілі бір дәрежеде ұлттық құндылықтар мен кеңестік идеологияның синтезі қалыптасты.

4. Нәтижелер

Кеңестік дәуірдегі Қазақстан суретшілерінің жұмыстарында да этникалық дәстүрлерді жиі байқауға болады. Демек бүгінгі қазақстандық суретшілердің жұмыстарында этникалық дәстүрлер тарихи сабақтастық нәтижесінде орнығып отыр деп айта аламыз. Жалпы қазақ бейнелеу өнерінің бастауы мен қалыптасуы Н. Хлудовтың есімімен тығыз байланысты. Н. Хлудов Орлов губерниясында дүниеге келіп, Одесса бейнелеу мектебінде оқыды. Оның кәсіби мансабы қазақ жерінде жалғасты. Геолог И.В. Игнатьев пен ботаник А. Красновтың Хантәңірі тауын зерттеу экспедициясына топограф, суретші маман ретінде қатысты. Сонымен қатар 1887 жылы зерттеуші-ғалым И. Мушкетовтың Алматыдағы жер сілкінісін зерттеуге бағытталған экспедицияға да қатысады. Мұндай экспедицияларға қатыса отырып Н. Хлудов өзінің болашақ жұмыстары үшін таптырмас мәліметтер жинады. Өйткені дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктері мен қазақ халқының ұлттық құндылықтарын көзбен көріп, сезінуге мүмкіндіктер алды. Осылайша қазақ халқының көшпелі өмір салты, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына негізделген жұмыстары пайда болды. Н. Хлудовтың көптеген жұмыстарында этникалық дәстүрлердің бой көрсетуі де сол себепті деп санаймыз. «Киіз үйде» деп аталатын жұмысында қазақ халқының дәстүрлі тұрғын үйін ерекше шеберлікпен бере алған. Киіз үйдің әр бөлшегін мұқият салып, оның әсемдігін береді. Кенептегі киіз үй ауқатты отбасына тиесілі екендігі көрініп тұр. Киіз үйдің иесі және оның әйелдерін бейнелейді. Әрқайсысы өз шаруасымен айналысып жатқаны байқалады. Бәйбішенің қолындағы орыстың шыт матасы. Осы арқылы Н. Хлудов қазақ-орыс халықтарының тығыз байланыстылығын көрсетуге тырысады. Н. Хлудовтың бұл жұмысының ерекшелігі оның шынайылығында. Сол заманның куәгері ретінде салған жұмысы көрерменді қарапайым қазақ отбасының өмірімен таныстырады. Н. Хлудовтың этникалық дәстүрлермен ұштасып жатқан жұмыстары өте көп. Солардың бірі «Салтанатты көш» жұмысы. Аталған жұмыста көшпелі қазақтардың маусымдық тіршілігі көрсетілген. Дәстүрлі қазақ қоғамы көшпелі өмір салтын ұстанғаны белгілі. Жылдың төрт мезгіліне байланысты жайлау, күзеу, қыстау, көктеуге көшіп отырған. Мұның барлығы да мал шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асып отырды. Міне осы ұлттық ерекшеліктерімізде Н. Хлудов өз жұмысына арқау етті. Картинада біз ауқатты әулеттің көш барысын байқаймыз. Суреттің анық салынуы нәтижесінде адамдардың бейнесі барынша шынайылыққа жақын. Қазақтың ою-өрнектері, тұрмыстық заттары, тұрғын үйі, құсбегілік өнері және тағы да басқа ұлттық ерекшеліктерімізді айғақтайтын белгілердің барлығы да бейнеленген. Н. Хлудов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін соншалықты жақсы меңгергені оның жұмыстарынан көрінеді. «Түндегі барымта» деп аталатын жұмысында дәстүрлі қазақ қоғамына тән барымтаны сәтті бейнелей алған. Сөзсіз Н. Хлудовтың жұмыстарының дені қазақ халқының күнделікті өмірін бейнелеуге бағытталған деп тұжырымдауға болады. Бұл дегеніміз Н. Хлудовтың жұмыстары XIX

ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ ауылы мен дәстүрлі қазақ қоғамының тұрмысын этнографиялық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндіктер береді. Н. Хлудовтың өзі «...Мен өз шығармаларыма ештеңе қосқанда жоқпын, алып тастаған да жоқпын. Өз суреттерімді барынша шынайы беруге тырыстым» деген болатын (Евдокименко, 2020: 11).

Мысалы кеңестік дәуірде қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі болған Әбілхан Қастеевтің жұмыстарынан дәстүрлі қазақ өрнектері немесе этникалық дәстүр көріністерін байқаймыз. Мысалы «Қыз қуу», «Көкпар» деп аталатын жұмыстарында дәстүрлі қазақ қоғамы, киіз үйлер мен көшпелі өмір сүру тәртібі, ұлттық белгісі бар ойындар, ұлттық мейрам және тағы да басқа этникалық дәстүрлерді айшықтайтын көріністері бар. Сонымен қатар біз Ә.Қастеевтің жұмыстарынан қазақ хандары, батырлары мен халық арасынан шыққан дарынды тұлғалардың өмірлерін сипаттау әрекеттері орын алады. Рас Ә. Қастеев сол заманның талаптарына сай білім болмағанымен, этникалық дәстүр, өзінің өскен ортасы туралы білгенін жұмыстары арқылы шебер бере алды. Ә.Қастеевтің шеберлігін мойындаған басшылық оның кәсібилігін арттыруға ықыластық танытып, барынша жағдай жасауға тырысты. «Қастеев жолдас, шынымен талантты адам, бірақ саяси тұрғыдан дамымаған, жалпы білім деңгейі шектеулі, өз уақытында кәсіби білім алмаған. Сол себепті де суретші ретіндегі біліктілігі дамумен қатар, кері де кетуде. Қастеев жолдасқа үй жағдайында қажетті білім беру үшін мұғалімдер бекітіп, тапсырыспен сурет салмауы үшін шәкіртақы төлеу керек» деген мәліметтер бар (Турлыбекова, 2014: 77). Мұның өзі ұлттық құндылықтарды сипаттап, этникалық дәстүр көріністерін сәтті көрсете білген Ә. Қастеевтің жұмысына деген сұранысты білдіреді. Әрине қажетті кәсіби білімнің болмауы, оның жұмыстарындағы этникалық дәстүр, ұлттық құндылықтардың сәтті бейнеленуіне кедергісін келтіре алмады. XX ғасырдың 30-шы жылдары Қазақстанның суретшілер одағының съездерінде Ә.Қастеев қазақстандық өзге де суретшілердің ішінде болашағы жарқын, тегеурінді, салмақты маман ретінде сипатталды. Өз ісінің шексіз таланты, мақсат қойып, бар болмысын сол мақсатқа жұмылдыра білді. Ә. Қастеевтің жұмыстары кеңестік дәуірдегі Қазақстан суретшілерінің этникалық дәстүрлерге ерекше ден қойғандығының дәлелі. Ә. Қастеев бейнелеу өнеріндегі коммунисттік идеологияның қатаң тәртіптері болғанына қарамастан, өзі шыққан ортасы, дәстүрлі қазақ қоғамы, қарапайым қазақтардың шаруашылық, тұрмыстық өмірін сипаттауға тырысты. Зерттеуші А.Т. Капаева өзінің XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы Қазақстанның мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат мәселесіне арналған докторлық диссертациясында Ә. Қастеев жұмыстарының бағытына тоқталады. Зерттеуші Ә. Қастеевтің орыс реализмінің жарқын дәстүрі негізінде жұмыс жасағанымен, оның барлық жұмыстарында кеңістік пен қоршаған ортаны қабылдауы ұлттық дүниетаным мен құндылықтарға негізделген деп бірегей тұжырым жасайды (Капаева, 2004: 176). Зерттеушінің бұл пікірімен біз де келісеміз. Реализм – бейнелеу өнерінің бір бағыттарының бірі болып табылады. Шығармашылық бағыт ретінде ол шынайы

өмірдің барлық қырларын көрсетуді мақсат етеді. XIX және XX ғасыр шендерінде пайда болған бұл бағыт әлі күнге дейін маңызды рухани рольге ие деп айта аламыз. О.И. Резникова «Көрермендердің үлкен бөлігінің арасында реалисттік өнер үнемі сұранысқа ие. Көрермендер реалисттік шығармалардың орындалу шеберлігі мен мазмұнының маңыздылығы бірдей қызықтырады» деген дұрыс пікір білдіреді (Резникова, 2021: 319). Ә.Қастеевтің басым көпшілік жұмыстарында жоғарыда атап өткеніміздей, дәстүрлі қазақ қоғамының күнделікті тұрмысы бейнеленеді. XX ғасырдың 30-шы жылдары Ә.Қастеевтің алғашқы акварельдегі жұмыстары жарық көре бастады. Мысалы «Қарындастың портреті» деген жұмысында біз этникалық дәстүрлердің кеңінен сипатталғанын байқаймыз. Өйткені ұлттық киім киген қарындасы қолына «Кітап» деген жазуы бар оқулық ұстап тұр. Ұлттық киімі түрлі әшекей тастармен көмкерілген. 1930 жылы салынған жұмыс Кеңестік дәуірдегі еліміздің суретшілерінің этникалық дәстүрлерге мән беруінің жарқын үлгісі болып табылады. 1936 жылы салынған «Бие сауу» деп аталатын жұмысы да этникалық дәстүрлерге мән берген туындылардың бірі. Ландшафтты дәстүрлі қазақ қоғамы, ауыл өмірімен байланыстыра отырып салған жұмысында табиғаттың тыныштығы, дәстүрлі мәдениеттің ерекше көрінісі бейнеленеді. Қазақ халқының көшпелі өмір салтының бір бейнесі ретінде киіз үйлердің де бейнеленуі ұлттық нақышты, ұлттық реңкті толықтай айқындап тұр. Жұмыста уақыттың өзі осы адамдар үшін жұмыс жасап тұрғандай әсер қалдырады. Әсем табиғат аясында демала отырып, белгіленген жұмысты атқарып отырған жандарды байқаймыз. Тіпті бие сауып отырған әйел, көмектесіп жатқан ер адам мен жас баланың да ұлттық нақыштағы киімде болуының мәні терең. 1932-1933 жылдары орын алған ашаршылықтан аман қалған халықтың өзі ұлттық құндылықтарға ұқыпты екендігін дәлелдегендей болады. Ә. Қастеев осы жұмысында әрбір кішігірім, байқалмайды деген аумақтардың өзін тақырыпқа сай келетін бейнелермен көмкере алған.

Ә. Қастеев Кеңестік дәуірде этникалық дәстүрлерге ерекше мән беріп, өз жұмыстарында толыққанды бейнелеу алған авторлардың бірі деп айтуға толық негіз бар. Мысалы «Колхоздың сүт фермасы» деп аталатын жұмысы 1936 жылы салынған. Бұл жұмыстың басты ерекшеліктерінің бірі – Ә. Қастеевтің алғашқы майлы бояумен салған жұмыстарының бірі болып табылады. Картинаның сюжеті өте қарапайым. Мал бағып жүрген адам және отбасы құрт жасап, оның толықтай кеуіп кетуі үшін жайып жатқандығына куә боламыз. Аталмыш жұмыста киіз үй іспеттес кішкентай қос бейнеленген. Қостың шығып, ішқырын дұрыстап жатқан баланың бейнеленуінде де мән бар. Ол ұрпақтар сабақтастығы мәселесі болып табылады. Сонымен қатар баланың аяқ астында кітап, қағаз және қаламның жатуынан да біз заман өзгерісі туралы мәліметті байқаймыз. Ә. Қастеев кеңестер билігінің орнауымен балаларға жаппай зайырлы білім беру ісінің міндетті болғанын көрсеткісі келді. Қазақ халқының ежелден білім құмарлығы жоғары халықтардың бірі саналған. Міне осы ұлттық құндылық пен этникалық ерекшелікке автор көңіл аударады. Туындыда жасыл желекті жоталар, өзен мен қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының негізі болған

жылқы, қой сияқты үй жануарлары бейнеленеді. Картинада алыста орналасқан қос жанында заманауи киім үлгісін киген әйелдің бейнеленуі де заман өзгерісін, өмір сүру тәртібіндегі орын алған түбегейлі өзгерісті бере алған. Аталмыш жұмыстан да біз этникалық дәстүрлерге мән берушілікті байқаймыз.

Ә. Қастеев қазақ халқының өмірі мен тұрмыс салтының барлық қырын көрсетуге тырысқан авторлардың бірі (Ахмедова, 2024: 31-48). Дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше орын алатын дәстүрлердің бірі – саятшылық құру. Саятшылық құру тақырыбы оның 1936 жылы салынған «Бүркіт ұстаған аңшы» картинасында көрініс табады. Қанжығасы майланған аңшының ат үстіндегі бейнесін бере отырып, қазақ халқының саятшылық құру, бүркітпен аң аулау дәстүрін сәтті бейнелей алған деп санаймыз. Ә. Қастеевтің жұмыстарында біз кеңестік идеологияға сай салынған жұмыстарды да байқаймыз. Мысалы болъшевиктер қазақ даласындағы әйелдер теңсіздігі, қыздардың еріксіз ұзатылуы, өзінен біршама жас үлкен адамға қалыңмалға сатылуы деген мәселенің өзекті екендігіне ерекше назар аударды. Ә. Қастеевтің 1938 жылы салынған «Қалыңмалға сатылған қалыңдық» атты туындысында де осы жайтты байқаймыз. Өзінен күйеу жігіттің қалыңдықтан біршама жас үлкен екендігі айқын көрініп тұр. Бұл жұмыс заман ағымына сай пайда болған. Осы жылдары болъшевиктер қазақ даласындағы тап күресін күшейту мақсатында қазақ байларына деген өшпенділікті күшейту мақсатында түрлі үгіт-насихаттар жүргізді. Байларды сараң, жалқау, жас тоқал алғыш ретінде сипаттайтын түрлі шығармалар, романдар мен әңгімелер де жаздыра бастады. Дәл осы майлы бояумен салынған жұмыстардан да біз ежелгі қазақ салттарын байқаймыз. Әйел теңсіздігі мен оның тағдырына деген суретшінің алаңдаушылығы толыққанды берілген. Бұл жұмыста автор қыздардың еркінен тыс ұзатылуы сияқты салт-дәстүрді айыптайды. Сонымен қатар автордың «Қызды еріксіз әкету» деп аталатын жұмысы да қыздардың ауыр тағдырын ашуға бағытталған. Алайда бұл туындыдақызды қалыңдық ретінде алып қашу емес, керісінше айдалаға қашу әрекеті бейнеленеді. Ә. Қастеевтің этникалық дәстүрлерге мән берген жұмыстарының ішінде Кенесары хан, Жамбыл Жабаевтың портерттерін айтуға болады. Біз жоғарыда атап өткеніміздей қазақ халқының ұлы тұлғаларын бейнелеу ісінде де этникалық дәстүрлерді байқаймыз. Мысалы Жамбыл Жабаевтың портерті 1937 жылы салынған. Аталған жұмыста Жамбыл Жабаев киіз үйдің ішінде малдас құрып отырғаны бейнеленеді. Домбыра ұстап отырған бейнесінен-ақ біз ұлттық құндылықтардың бой көтеруі мәселесін атап өтеміз. Киіз үйдегі кестелер де ұлттық дәстүрмен сабақтасып жатыр. Сол сияқты Кенесары Қасымұлының портерті де ұлттық рух пен құндылықты насихаттайтын жұмыстардың бірі деп бағалаймыз. Қазақтың соңғы ханының сұсты бейнесі, дулыға киіп, қылыш ұстап тұруының өзі Кенесары өмір сүрген замандағы ұлт-азаттық қозғалыстан хабар беріп тұрғандай. Кейінгі жылдары да Ә. Қастеевтің этникалық дәстүрлерге мән берген бірегей жұмыстары жарық көрді. Амангелді Иманов, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлихановтың портреттері салынды. Сонымен қатар «Тау көрінісі», «Медей мұз айдыны», «Амангелді сарбаздары» және тағы да басқа ұлттық құндылықтар мен

ерекшеліктер ескерілген жұмыстары жарық көрді (Әбілхан Қастеев, 2004: 81). Абай Құнанбаевтың портретін салу, сол арқылы ұлттық құндылықтар негізінде жас буын өкілдерін тәрбиелеу әрекеттерін біз Құлахмет Қожықов та бар. Қ. Қожықов салған Абайдың бейнесі XIX ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігімен байланысып жатыр (Мырзахметов, 2020: 71).

XX ғасырдың 30-шы жылдары қазақстандық суретшілердің үлкен шоғыры қалыптаса бастаған болатын. Рас бұл суретшілердің де қалыптасқан кезеңі ел үшін маңызды болған тарихи кезеңге тұспа-тұс келді. Кеңестер билігі тарапынан жүргізілген солақай саясат, халқымызды сандық және сапалық жағынан қыспаққа алу сияқты қитұрқы әрекеттер жүріп жатты. Міне осындай алмағайып заманда қалыптасқан еліміздің суретшілері өз жұмыстарында ұлттық нақыш, бояу, құндылықтарға ерекше мән бере бастады. Бұл ретте театр суретшісі болған А.И. Ненашевтің де үлесі жоғары. 1930 жылдары Қазақстанға келіп, Семей, Шымкент қалаларындағы театрда жұмыс жасайды. 1938 жылдан бері Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қызмет жасаған. Сахнаны безендіру ісінде А.И. Ненашев қазақ халқының тұрмысы, тарихы мен музыкасы, жырларын жақсы білетіндігін көрсете білген. Мысалы «Қыз Жібек» спектакліне даярлаған декорациясы үшін 1938 жылы Парижде өткен көрмеде Алтын медаль иегері де болған. Одан бөлек «Ер Тарғын», «Дударай», «Қозы Көрпеш және Баян сұлу», «Біржан мен Сара» сияқты қойылымдар үшін сахнаға қажетті, тақырыпты ашатын туындылар жазды. Оның жұмыстарындағы ұлттық құндылықтар барынша сипатталып, ұлттық реңк шебер қолданылды (Жаңбыршиева, 2019: 123-129).

Қазақстан суретшілерінің этникалық дәстүрлерге ден қоюы оның алғашқы бастауларынан-ақ байқалды. Мысалы Әубәкір Исмаиловтың да жұмыстары да этникалық дәстүрлермен тығыз ұштасады. Ә. Исмаилов 1913 жылы дүниеге келді. Бала күнінен дәстүрлі қазақ оюларына қызығып, оны салуға деген қызығушылығы артты. Бұл ретте анасының еңбегі зор. Өйткені анасы да қазақтың оюларын салу ісінің шебері болған (Турлыбекова, 2017: 126-133). Жастайынан И.Е. Репин, В. Васнецов пен В. Суриковтың жұмыстарымен танысып, бейнелеу өнерінің қыр-сырын меңгере бастаған. Омбыдағы көркемдік училищеге оқуға түседі. 1923 жылдың өзінде І қазақстандық көшпелі көрмеге өзінің алғашқы жұмыстарын ұсына алады. Мысалы ол жұмыстардың қатарында «Сарысу даласы», «Бетпақдаладағы аңшы» сияқты жұмыстары бар. Бұл жұмыстар қазақ халқының дәстүрлі қоғамы, қазақ халқының өмір сүру ерекшеліктері мен ұлттық дүниетанымына арқау болған кәсіптерін айқындауға бағытталған. Ә. Исмаиловтың бойындағы бейнелеу өнеріне деген махаббаты және осы саладағы қарымы мен қабілеті арқасында Мәскеуде білім алады. Ә. Исмаиловтың шығармашылық жұмыстарының тағы бір қыры карикатура салу ісі еді. Ол әсіресе республикалық газеттерде жұмыс жасап жүрген жылдары ерекше қарқынды болады. Ә. Исмаилов шығармашылығы ішінде біз назар аударған жұмыстардың бірі – «Қамбар батыр» болды. Аталған жұмыс автордың ұзақ жылғы ізденістерінің нәтижесінде пайда болған. Олай дейтініміз, жұмыс алдын автор қазақ

халқының «Қамбар батыр» эпосын терең зерделейді. Нәтижесінде эпосты көркемдеу мақсатында аталған жұмысы жарық көреді. Шығармады Қамбар батырдың қалмақ ханымен шайқасы бейнеленген. Мұндай бағыттағы, яғни Қамбар батырдың бейнесін біз Хасен Абаевтың да жұмыстарынан байқаймыз. Басты айырмашылықтарының бірі – Ә. Исмаиловтың жұмысында кең дала, көкорай шалғын табиғат аясында қос батырдың шайқасы бейнеленеді. Мұндай жұмыс ең алдымен қазақ пен жоңғар арасындағы азаттық қозғалыс тарихынан мәліметтер береді. Қазақ халқының батырлары мен өз заманының алды болған тұлғаларды бейнелеу этникалық дәстүрлермен сабақтасып жатыр. Ә. Исмаиловтың туындыларының ішінде біз Қорқыт ата, Абай Құнанбаев, Құрманғазы, Мәншүк Маметова және тағы да басқа тұлғаларға арналған жұмыстардың бар екендігін атап өтеміз. Жоғарыда айтқанымыздай этникалық дәстүрлер мәселесі белгілі бір ұлттан шыққан, оның тарихында өзіндік орны бар тұлғаларды бейнелеу арқылы да жүзеге асады.

Ә. Исмаиловтың жұмыстарының ішінде 1956 жылы салынған «Жайлау» жұмысын да ерекше атап өтуге болады. «Жайлау» жұмысында қазақ халқының ұлттық құндылығына негіз болған шаруашылық түрі бейнеленген. Таулы аймақта жылқы баққан жылқышы бейнесі салынғанымен, бұл жұмыстың тарихи-философиялық мән терең деп санаймыз. Өйткені жылқы қазақ халқының түсінігінде ерекше қасиетке ие. Көшпелі өмір сүрген халық үшін оның пайдасы тіпті ерекше болған. Жалпы қазақ даласы жылқыны бірінші болып қолға үйреткен жер саналады. Атақты Ботай мәдениеті соның дәлелі. Осы тарихи сабақтастықты өз жұмысында бере алған Ә. Исмаиловтың «Жайлау» жұмысы қазақ халқының шаруашылық қана емес, сонымен қатар тарихи, дүниетанымдық ерекшеліктерін де шебер сипаттай алған.

Ә. Исмиловтың этникалық дәстүрлерге мән беріп, оны сипаттау бағытындағы жұмыстардың ішінде 1981 жылғы «Мейрам. Сыйлық табыстау» және «Мейрам. Киіз үй тігу» деп аталатын жұмыстарын да ерекше атап өтуге болады (Жумашев, 2004: 198). Қос жұмыста да Қазақ хандығы дәуірі бейнеленген. Мысалы «Мейрам. Сыйлық табыстау» деп аталатын жұмыста ортада отырған хан және оны қаумалаған батырлар, билер мен өзге де игі жақсылар бар. Хан тағының артында оның ақ Ордасы ерекше философиялық тәмсіл бойынша салынған. Өйткені ақ Орданың қазақ халқының тарихындағы маңызы өте жоғары. Ұлы Дала территориясында, Еуразия кеңістігінде көшпелі қазақ рулары мен тайпаларының үстемдік құрған уақыты да ортағасырлық кезеңмен тығыз айланысты. Көшпелілер, қазақ халқының рухты тарихын бейнелеу арқылы жеткізу сөзсіз үлкен шеберлікпен жүзеге асқан деп санаймыз. «Мейрам. Киіз үй тігу» атты жұмысы да этникалық дәстүрлердің ерекше ұштасқан жұмыстарының бірі деп атауға толық негіз бар. Бұл жұмыста да батырлық пен елдік мәселесі алдыңғы қатарлы ой ретінде сипатталады. Өйткені киіз құру барысы жұмыстың артқы фонында ғана бейнеленеді де, алдыңғы қатарға қазақ қоғамында үлкен беделге ие болған батырлар мен билер бейнеленеді. Бір ерекшелігі батырлар мен билер екі бөлек салынған. Мұның өзі елдік мәселесінің үлкен талқыға түсіп жатқандығын білдірсе керек. Ортада түйемен келген жаршы халық үшін

маңызды болған жаңалықты жар салуда. Батырлар мен билердің ерекше ден қойып тыңдауы жаңалықтың салмақты екендігін білдіреді. сонымен қатар балбал тастар мен жерде шашылып жатқан мылтықтар, аспанға қарап шаншылған найзалардың бейнеленуі жаугершілік заманнан мәлімет береді.

Кеңестік дәуірдегі Қазақстан суретшілерінің этникалық дәстүрлерге мән беріп, өзінің жұмыстарымен ұштастырғандар арасында Алексей Бортников та бар. Оның 1949 жылғы «Мал өсіруші колхозшылардың хаты» деп аталатын жұмысында ескі мен жаңа заманның тоғысы бейнеленеді. Зерттеушілердің пікірінше, аталған жұмыс социалисттік реализм стилінде орындалған болатын. Туындыда қазақ ауылдарының 1930 жылғы өмірі бейнеленген. Байқасақ картинада бейнеленген киіз үй, мал шаруашылығы айналасындағы адамдар, үйір жылқылар қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық негіздерін сипаттайды. Ал заманауи киім үлгісіндегі адамдардың бейнеленуі орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістерден хабар береді. Туындыда негізінен жергілікті қазақ халқының өкілдері бейнеленген. Дегенмен автор халықтар достастығы мәселесін де назардан тыс қалдырмайды. Бұл жылдар дәстүрлі қазақ қоғамында Ресейдің орталық аудандарынан көшіп келген шаруалардың берік орнығып, жергілікті халықпен байланысы бір ретке келтірілген уақыт болып табылады. Мысалы XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ жеріне орыс шаруалары орналаса бастады десек, XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін олар қазақ халқымен етене араласып кетті. Кеңестік билік орнағаннан кейін де жаңа қоғамды құру ісіне белсенді атсалысты. Міне осы ұлттар арасындағы тығыз байланыс мәселесін Алексей Бортников өзінің жұмыстарында сәтті көрсете білді. «Мал өсіруші колхозшылардың хаты» деп аталатын жұмысына мән беретін болсақ, біз ұжымдастыру науқанына дейінгі дәстүрлі қазақ қоғамын көреміз. Рас осы жылдардағы суретшілердің жұмыстарына социалисттік реализм, яғни өршілдікке негізделген көңіл-күй бағытының болуы тән. Біз жоғарыда атап өткеніміздей, сол жылдардағы коммунисттік идеологияның өнер, білім және ғылым саласына ықпалы өте күшті болған. Алексей Бортников та өз жұмысын осы идеологияның шеңберінде жүргізген деп айта аламыз. Картинада бейнеленген ресми тұлғаның әңгімесін мұқият тыңдап отырған балаларды да байқауға болады. Бұл жаңа өмірдің, социалисттік құрылыстың тарихи сабақтастығын білдіріп, заман ағымының жаңа арнаға ауысқандығын көрсетеді.

Алексей Бортниковтың тағы бір жұмысы өзінің ұстазы Н. Хлудовтың жергілікті халық өкілдерімен бірге отырған жұмысы болып табылады. Н. Хлудов қазақ бейнелеу өнеріне қосқан үлесі жоғары. Аталған жұмыста да біз этникалық дәстүрмен тығыз байланыс дәрежесін көреміз. Жайлауда отырып, сурет салып отырған Н. Хлудовты жергілікті халық өкілдері қоршаған. Әсіресе балалардың мұндай өнер түріне ерекше ықыластық танытып тұрғаны бейнеленген. Артқы көріністе қой бағып жүрген шопан, сарқырап аққан өзен мен басын қар шалған асқар тау бейнесі бар. Н. Хлудовтың сурет салып отырған бейнесін қазақтың дәстүрлі шаруашылығы аясында беруі сөзсіз Алексей Бортниковтың тапқырлығы деп санаймыз. Өйткені Н. Хлудов қазақ жеріне келген өзге де орыс суретшілерімен салыстырғанда, өзінің қалған өмірін

қазақ жерімен байланыстырған болатын. Мысалы Н. Каразин, В. Верещагин сынды орыс суретшілері аз уақыт аралығында қажетті жұмыстарын атқарған соң, Ресей жеріне қайтып оралған болатын. Ал Н. Хлудов болса, 1877 жылы Алматы қаласына келіп, 1935 жылға дейін, яғни қайтыс болғанға дейін қазақ жерінде болды. Еліміздегі бейнелеу өнерінің, мәдениеттің дамуына айтарлықтай үлесін қосты. Міне осы ерекшелікті атап өткен Алексей Бортников қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы аясында өзінің ұстазын бейнеледі. Сөзсіз Алексей Бортниковтың өзінің ұстазына деген құрмет білдірген картинадан да біз қазақы мәдениет, ұлттық құндылық пен діл мәселесінің көтерілуін байқаймыз.

Кеңестік Қазақстан суретшілерінің ішінде Айша Галимбаеваның жұмыстары назар аударарлық. А. Галимбаева қазақстандық натюрморт бағытының көрнекті өкілдерінің бірі. 1949 жылы Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтының көркем-сәндік факультетін тәмамдаған. Кино өнерінің кәсіби суретшісі атанған алғашқылардың біреуі (Резникова, 2021: 238-256). А. Галимбаеваның жұмыстары әртүрлі жанрда жүрді. Ерекше мән беріп, асқан шеберлікпен орындаған жұмыстары натюрморт болды. А. Галимбаева осы натюрморттың өзін қазақ халқының этникалық ерекшеліктері мен өзіндік дәстүрлерімен ұштастыра алды. Өз халқының салт-дәстүрі, тарихы мен әдет-ғұрыптарының терең білгірі болғандықтан да оның жұмыстарының авторлық ерекшеліктері болды. Әсіресе ұлттық бояулардың белсенді кездесуі байқалады. А. Галимбаеваның жұмыстары ашық түске бай. Сонымен қатар қазақ халқының ою-өрнектері де жиі кездеседі. Этникалық дәстүрлер туындының айтар ойымен ерекше үйлесімділікті құрайды. Мысалы 1959 жылы салынған «Дастарқан» атты жұмысында қазақтың төл тұрмыстық заттары, ою-өрнектері шебер бейнеленген. Картинаға қарап-ақ бірден қазақ халқына тән дастархан екендігін бірден анықтауға болады. Заманауи тағам түрлерімен қатар, қазақтың дәстүрлі тағам түрлері де бейнеленген. Көрпе-жастықтың өзі ұлттық нақышта беріледі. Аталған жұмысты этникалық дәстүрлерге негізделген деп айтуға толықтай болады. Бір қарағанда атауы қарапайым болғанымен бұл жұмыста да ұлттық нақыштағы тұрмыстық заттар, қабырғаға ілінген оюлы түс киіз, үстел үстіндегі дастархан да ерекше сәнді ұлттық нақышта бейнеленеді. Қымыз құйылған ыдыстар да ұлттық нақыштағы оюлармен безендірілген. Картиналардан қошқар мүйіз сынды қазақи оюларды жиі байқаймыз. Туындыдағы әрбір элемент ерекше ынтамен салынған. Тұрмыстық заттар тек шебер салынуымен қатар, оның философиялық мәнінің қазақ халқы үшін қаншалықты құнды екендігін байқауға болады. Рас көптеген зерттеушілер мұндай оюлы көрпелердің көптеген түркі халықтарына да тиесілі деген пікір білдіреді (Khazbulatov, 2024: 1-6). Дегенмен аталған жұмыстағы ерекше философиялық мәні бар тұрмыстық заттар, оның ішінде құрақ көрпелер қазақы дүниетанаммен терең ұштасып жатыр. Сонымен қатар жұмыстардың ішінде осы ұлттық құндылықтарды шебер салынуынан-ақ оның автор үшін қаншалықты маңызды болғандығы туралы айта аламыз. А. Галимбаева қазақ қоғамына таңсық болған бейнелеу өнерін дәстүрлі қазақ қоғамымен де байланыстыруға тырысады. Мысалы 1980 «Киіз үй

жанындағы көрме» атты жұмысында қазақтың дәстүрлі тұрғын үйі жанында түрлі суреттердің көрмесі өтіп жатқандығын көрсетеді. Мұның өзі өткен заман мен бүгінгі қоғамның арасындағы байланыс мәселесін білдіреді. 1953 жылы салған «Айтыс» деп аталатын жұмысында Кеңестік дәуірдегі қазақтар арасында ұмыт болып бара жатқан төл өнеріміздің бір түрін жаңғыртуға тырысады. Бибігүл Төлегенова, Хадиша Бөкеевалардың ұлттық киімдегі портретін салады. Ұлт тарихында өзіндік орны бар тұлғаларды бейнелеу ісі де этникалық дәстүрлермен сабақтасып жатқандығын жоғарыда атап өткен болатынбыз.

Өзінің шығармашылығында натюрмортты зерттеп, оның дамуына үлес қосқан суретшілердің бірі – Гүлфайрус Исмаилова болды. Өзінің «Қымыз» деп аталатын жұмысында дәстүрлі сусынды жай ғана бейнелеп қоймай, ұлттық бірегейлігімізді айшықтайтын тұрмыстық заттарымызды да шебер салады. Әр салынған тұрмыстық заттарда қазақ ою-өрнектер бар. Қазақи ою-өрнектер 1967 жылы салынған «Түс киіз» атты жұмысында да көптеп кездеседі. Бұл екі жұмыстың ортақ тұстары көп. Ұқсас композициялық әдіс, тұрмыстық заттардың қайталануы, боялаулардың да бір-бірін қайталауы орын алады. Ал «Бас киім» деп аталатын жұмысында қазақ киімінің осы түрін орындайды. Ұлттық нақышқа келтіріп, түрлі әсем тастармен көмкерілген бас киімнің нақты бір этносқа тиесілі екендігі толыққанды көрініп тұр. Сонымен қатар Г. Исмаилованың жұмыстары ішінде портреттер де жиі кездеседі. Әр жұмысынан ұлттық құндылықтарды оңай байқауға болады. Өз портреттерінде табиғаттың бір бөлшегін қосымша салып, бас кейіпкердің психологиясын, өмір сүру салты, ішкі жан дүниесін де бере алады.

Этникалық дәстүрлер тақырыбы Тұрсын Абуовтың да жұмыстарына тән. Жанрлық, пейзаждық бейнелермен қатар, натюрмортқа да назар аудара алған. Оның жұмыстарында қазақтың дәстүрлі кілемдері, ұлттық аспаптар, соның ішінде домбыра мен қобыз, түрлі дәстүрлі тұрмыстық заттар сәтті бейнеленеді. Т.Абуовтың жұмыстарындағы тақырыптар өзінің қарапайымдылығымен, түрлі ою-өрнектермен дәстүрлі қазақ қоғамына көрнекілік беруімен ерекшеленеді. Солардың бірі – 1967 жылы салынған «Домбырамен натюрморт» атты жұмысы. Т. Абуовтың шығармашылық жұмыстары атақты 1960 жылдармен сәйкес келді. Осы жылдары бейнелеу өнері ғана емес, өнердің өзге бағыттарында да ерекше толқын қалыптасқан болатын. Бейнелеу өнерінде С. Айтбаев, Ш. Сариев, Т. Тоғысбаев, Қ. Тележанов сияқты суретшілердің белсенді жұмыстары да осы жылдармен тығыз байланысты. Мысалы Салихитдин Айтбаевтың 1969 жылғы «Шопанның отбасы», М.С. Кенбаевтың 1957 жылғы «Жылқыны ұстау», Қ. Тележановтың 1960 жылғы «Көкпар» деп аталатын жұмыстары ұлттық ою-өрнектер, ұлттық ойындар мен ұлттық құндылықтарды дәріптеп, этникалық дәстүрлер мәселесінің маңыздылығын көрсеткен болатын (Кунгурова, 2021: 77-81).

Жалпы Кеңестік Қазақстан кезеңіндегі суретшілердің жұмысында этникалық дәстүрлер мәселесі өзіндік ерекшеліктермен көтеріліп, бейнеленді. Бейнелеу өнеріндегі мұндай үрдістер мен жетістіктер белгілі бір дәрежеде өзіндік қорытындыға

келіп, нақты тұжырым жасауға мүмкіндіктер береді. Ең бастысы Кеңестік Қазақстан суретшілерінің мұндай әрекеттері алдағы уақытта өзге де, нақты айтқанда бүгінгі Қазақстан суретшілерінің жұмыстарына тың бағыт болды. Рас Кеңестік билік жылдарында бейнелеу өнерінде де идеологияның үстемдігі байқалған болатын. Коммунисттік идеология, халықтар достастығы, интернационализм сияқты жалған ұрандар ұлттық сипаттағы жұмыстардың көптеп туындауына кедергісін келтірді. Дегенмен Қазақстан суретшілері ұлттық құндылықтардың жойылып кетпеуіне мән беріп, өздерінің бірегей жұмыстарын жарыққа шығара алды. Бұл жұмыстар Тәуелсіз Қазақстан суретшілерінің жұмыстарына арқау болып, этникалық дәстүрлер өз тарихи сабақтастығымен қайта жалғасты.

5. Қорытынды

Этникалық дәстүр – белгілі бір ұлттың құндылықтары мен дүниетанымына негізделген үдеріс. Ол бір ұлттың ұлт болып қалыптасуында маңызды болған факторларға құрылып, ұлтты ұйыстыруға бағытталады. Этникалық дәстүрлер өнердің барлық түріне тән. Дегенмен оның жарқын көріністері бейнелеу өнерінде көрінеді. Кеңестік Қазақстанның жекелеген суретшілерінің жұмыстары этникалық дәстүрлермен ерекше үйлесімділікте туындады. Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін айқындайтын жайттар Кеңестік Қазақстан суретшілерінің назарынан тыс қалмады. Кеңестік Қазақстан суретшілері өздерінің шығармашылық ойларын жүзеге асыру барысында ұлттық дүниетанымдарына сүйенді. Өздері қалыптасқан орта, жастайынан берілген тәрбиеге негіздей отырып, этникалық дәстүрлермен ұштасқан жұмыстарын жасап шықты. Көптеген көркем өнер туындылары халық ауыз әдебиетінің эстетикалық құндылықтарын басшылыққа алу арқылы жүзеге асты. Қазақ суретшілері өзіне тән нақышта бейнеленген ұлттық қолтаңбаны қалыптастырды. Осы суретшілердің көркем шығармашылығындағы композициялық ерекшеліктерінен, түстік шешімдерінен, қазақ ұлттық руханилығы мен салт-дәстүрді бейнелейтін тақырыптардан да көреміз. Рас өздері маман ретінде қалыптасқан орта, социалисттік құндылықтар мен әлемдік үдерістер де назардан тыс қалмады. Бұл құндылықтар ұлттық дәстүрлермен ұштастырылып, дәстүрлі қоғам мен жаңа заманның үйлесімі, байланысы ретінде бейнеленді. Кеңестік дәуірдегі Қазақстан суретшілері көпұлтты КСРО елінде бәсекеге қабілетті, шеберлік тұрғысынан келгенде еш кемдігі жоқ жұмыстарды жарыққа шығарды.

Әдебиеттер:

1. Ахмедова, Н.Р. «Особенности формирования живописи Центральной Азии – Абылхан Кастеев и Урал Тансыкбаев». *Saryn,* №1, 2024, с. 31–48. (орыс).

2. Базиева, Г.Д. «Этнические традиции в изобразительном искусстве Кабардино-Балкарии». *Манускрипт,* том 12, выпуск 5, 2019, с. 184–187. (орыс).

3. Евдокименко, К. «Акын с кистью и мольбертом.» *Время,* 6 июля 2020, с. 18. (орыс)

4. Жаңбыршиева, А.О. «Қазақстан опера және балет театры сценография өнерінің негізін қалаушысы – Анатолий Ненашевтың шығармашылығы.» *Central Asian Journal of Art Studies,* №1, 2019, с. 123–129. (қаз).

5. Жумашев, Р.М. *Историография становления и развития культуры Казахстана. 1936–1991*

гг. Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук, Москва, 2004. (орыс).

6. Капаева, А.Т. *Государственная политика в области культуры в Казахстане (вт. пол. 40-х – конец 80-х гг. XX века).* Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук, Алматы, 2004. (орыс).

7. Кунгурова, О., и др. ««Степь» как образ и концепт в Казахстанской литературно-художественной традиции.» *Intellect, Idea, Innovation*, №2, 2021, с. 77–81. (орыс).

8. Мырзахметов, М. *Абайдың толық ілімі.* Қазақ университеті, 2020. (қаз).

9. Наурузбаева, З.Х. *Творческие союзы Казахстана в 1930–1945 гг.* Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук, Алматы, 1997. (орыс).

10. Нехвядович, Л.И. «Этнические традиции как источник формообразования в искусстве.» *Известия Алтайского государственного университета*, №2, 2011, с. 183–187. (орыс).

11. Резникова, Е.И. «Эволюция казахстанского натюрморта на примере коллекции Государственного музея искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева.» *Вопросы музеологии*, том 12, выпуск 2, 2021, с. 238–256. (орыс).

12. Резникова, О.И. «Традиции реалистической школы живописи как культурное наследие России.» *Ученые записки Орловского государственного университета*, №4 (60), 2014, с. 319–321. (орыс).

13. Салтыков, А.Б. *Избранные труды.* Советский художник, 1970. (орыс).

14. Турлыбекова, А.М. Искусство Казахстана 20–80-е гг. XX века: истоки и тенденции развития. Иновац.Евраз.ун-т, 2014. (орыс).

15. Турлыбекова, А.М. «Советское изобразительное искусство Казахстана в документах Центрального государственного архива Республики Казахстан.» *Вестник Омского университета. Серия Исторические науки,* №4 (16), 2017, с. 126–133. (орыс).

16. Әбілхан Қастеев. Альбом. Өнер, 2004.

17. Akkaya, F.D. «The Power of Ethnographic Toolkit in Understanding Transnational Culture». *Ethnography,* no. 4, 15 Dec. 2023, pp. 71–79.(ағылш).

18. Khazbulatov, A., et al. «Patch in the Ritual and Daily Practice of the Turkic People.» *Pharos Journal of Theology*, vol. 105, no. 3, 2024, pp. 1–6. .(ағылш).

Литература:

1. Ахмедова, Н.Р. «Особенности формирования живописи Центральной Азии – Абылхан Кастеев и Урал Тансыкбаев». *Saryn,* №1, 2024, с. 31–48. (рус).

2. Базиева, Г.Д. «Этнические традиции в изобразительном искусстве Кабардино-Балкарии». *Манускрипт,* том 12, выпуск 5, 2019, с. 184–187. (рус).

3. Евдокименко, К. «Акын с кистью и мольбертом.» *Время,* 6 июля 2020, с. 18.

4. Жаңбыршиева, А.О. «Қазақстан опера және балет театры сценография өнерінің негізін қалаушысы – Анатолий Ненашевтың шығармашылығы.» *Central Asian Journal of Art Studies,* №1, 2019, с. 123–129. (каз).

5. Жумашев, Р.М. *Историография становления и развития культуры Казахстана. 1936–1991 гг.* Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук, Москва, 2004. (рус).

6. Капаева, А.Т. *Государственная политика в области культуры в Казахстане (вт. пол. 40-х – конец 80-х гг. XX века).* Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук, Алматы, 2004. (рус).

7. Кунгурова, О., и др. ««Степь» как образ и концепт в Казахстанской литературно-художественной традиции.» *Intellect, Idea, Innovation*, №2, 2021, с. 77–81. (рус).

8. Мырзахметов, М. *Абайдың толық ілімі.* Қазақ университеті, 2020. (каз).

9. Наурузбаева, З.Х. *Творческие союзы Казахстана в 1930–1945 гг.* Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук, Алматы, 1997. (рус).

10. Нехвядович, Л.И. «Этнические традиции как источник формообразования в искусстве.» *Известия Алтайского государственного университета*, №2, 2011, с. 183–187. (рус).

11. Резникова, Е.И. «Эволюция казахстанского натюрморта на примере коллекции Государственного

музея искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева.» *Вопросы музеологии*, том 12, выпуск 2, 2021, с. 238–256. (рус).

12. Резникова, О.И. «Традиции реалистической школы живописи как культурное наследие России.» *Ученые записки Орловского государственного университета*, №4 (60), 2014, с. 319–321. (рус).

13. Салтыков, А.Б. *Избранные труды.* Советский художник, 1970. (рус).

14. Турлыбекова, А.М. Искусство Казахстана 20–80-е гг. XX века: истоки и тенденции развития. Иновац.Евраз.ун-т, 2014. (рус).

15. Турлыбекова, А.М. «Советское изобразительное искусство Казахстана в документах Центрального государственного архива Республики Казахстан.» *Вестник Омского университета. Серия Исторические науки,* №4 (16), 2017, с. 126–133. (рус).

16. Әбілхан Қастеев. Альбом. Өнер, 2004.

17. Akkaya, F.D. «The Power of Ethnographic Toolkit in Understanding Transnational Culture». *Ethnography,* no. 4, 15 Dec. 2023, pp. 71–79. (англ).

18. Khazbulatov, A., et al. «Patch in the Ritual and Daily Practice of the Turkic People.» *Pharos Journal of Theology*, vol. 105, no. 3, 2024, pp. 1–6. (англ).

References:

1. Akhmedova, N.R. (2024) «Osobennosti formirovaniya zhivopisi Tsentralnoy Azii – Abylkhan Kasteyev i Ural TansykbayeV». Saryn, №1, 2024, s. 31–48. (In Rus.).

2. Baziyeva, G.D. «Etnicheskiye traditsii v izobrazitelnom iskusstve Kabardino-BalkariI». Manuskript, tom 12, vypusk 5, 2019, s. 184–187. (In Rus.).

3. Yevdokimenko, K. «Akyn s kistyu i molbertom.» Vremya, 6 iyulya 2020, s. 18. (In Rus.).

4. Zhaңbyrshiyeva, A.O. «Kazakstan opera zhane balet teatry stsenografiya onerinin negizin kalaushysy – Anatoliy Nenashevtyn shygarmashylygy.» Central Asian Journal of Art Studies, №1, 2019, s. 123–129. (in Kaz.).

5. Zhumashev, R.M. Istoriografiya stanovleniya i razvitiya kultury Kazakhstana. 1936–1991 gg. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni doktora istoricheskikh nauk, Moskva, 2004. (In Rus.).

6. Kapayeva, A.T. Gosudarstvennaya politika v oblasti kultury v Kazakhstane (vt. pol. 40-kh – konets 80-kh gg. KHKH veka). Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni doktora istoricheskikh nauk, Almaty, 2004. (In Rus.).

7. Kungurova, O., i dr. ««Step» kak obraz i kontsept v Kazakhstanskoy literaturno-khudozhestvennoy traditsii.» Intellect, Idea, Innovation, №2, 2021, s. 77–81. (In Rus.).

8. Myrzakhmetov, M. Abaydyn tolyk ilimi. Kazak universiteti, 2020. (in Kaz.).

9. Nauruzbayeva, Z.KH. Tvorcheskiye soyuzy Kazakhstana v 1930–1945 gg. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk, Almaty, 1997. (In Rus.).

10. Nekhvyadovich, L.I. «Etnicheskiye traditsii kak istochnik formoobrazovaniya v iskusstve.» Izvestiya Altayskogo gosudarstvennogo universiteta, №2, 2011, s. 183–187. (In Rus.).

11. Reznikova, YE.I. «Evolyutsiya kazakhstanskogo natyurmorta na primere kollektsii Gosudarstvennogo muzeya iskusstv Respubliki Kazakhstan imeni A. Kasteyeva.» Voprosy muzeologii, tom 12, vypusk 2, 2021, s. 238–256. (In Rus.).

12. Reznikova, O.I. «Traditsii realisticheskoy shkoly zhivopisi kak kulturnoye naslediye Rossii.» Uchenyye zapiski Orlovskogo gosudarstvennogo universiteta, №4 (60), 2014, s. 319–321. (In Rus.).

13. Saltykov, A.B. Izbrannyye trudy. Sovetskiy khudozhnik, 1970. (In Rus.).

14. Turlybekova, A.M. Iskusstvo Kazakhstana 20–80-e gg. XX veka: istoki i tendentsii razvitiya. Inovats. Evraz.un-t, 2014. (In Rus.).

15. Turlybekova, A.M. «Sovetskoye izobrazitelnoye iskusstvo Kazakhstana v dokumentakh Tsentralnogo gosudarstvennogo arkhiva Respubliki Kazakhstan.» Vestnik Omskogo universiteta. Seriya Istoricheskiye nauki, №4 (16), 2017, s. 126–133. (In Rus.).

16. Abilkhan Kasteyev. Albom. Oner, 2004. (in Kaz.).

17. Akkaya, F.D. «The Power of Ethnographic Toolkit in Understanding Transnational Culture». *Ethnography,* no. 4, 15 Dec. 2023, pp. 71–79. (in Eng.).

18. Khazbulatov, A., et al. «Patch in the Ritual and Daily Practice of the Turkic People.» *Pharos Journal of Theology*, vol. 105, no. 3, 2024, pp. 1–6. (in Eng.).

ҒТАМР 18.45.07 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-26

С. Утемисов[1]*, Н. Ескендиров[2], Ж. Султанова[3]
[1]Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
[2]Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана, Қазақстан
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]sanjik_utemisov777@mail.ru, [2]Naka_oner@mail.ru, [3] Zhanagul_sultan@list.ru
ORCID: [1]0009-0003-7563-4868, [2]0000-0003-4303-8685, [3]0000-0002-5444-7612

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНДАҒЫ АКТЕРЛІК ПЛАСТИКАНЫҢ ТУУЫ МЕН ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Аңдатпа. Қазақ театрындағы актер пластикасы мәдени өзгерістер мен театрлық эксперименттер арқылы актерлік шеберліктің эволюциясы мен оның сахнадағы дене қимылы бейнесін көрсетеді. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты қазақ театрының қалыптасуының алғашқы кезеңдерінен бастап, қазіргі замандағы үрдістерге дейінгі актер пластикасын дамытудың негізгі аспектілері мен кезеңдерін зерттеу болмақ. Қазақ фольклорынан бастау алған би өнерінен бастап, сахнадағы актердің пластикасының бүгінгі күндегі орнын айқындау болып табылады. Актер пластикасының әр кезеңдегі өзгерісі мен эволюциясына тоқталу арқылы қойылымдардың негізгі бағыттары анықталды. Константин Станиславский жүйесінің актерлік ойындарға ықпалы, бүгінгі әлемдік тенденцияларға сай заманауи спектакльдердің хореографиялық жағы талданды. Алғашқы қазақ музыкалық спектакльдеріндегі жетістіктер аталып өтіп, ондағы би сахналарының ерекшеліктері мен мәніне баға берілді. Театрымыздың кәсіби білімді мамандары болмаса да, би сахналарында өзіндік үлес қосқан алғашқы актерлерінің елеулі еңбегі сараланды. Жаңа хореографиялық спектакльде бидің тарихы өзіміздің салт-дәстүрімізден, ойын-сауықтан алынғанына көз жеткізіліп, актер пластикасындағы өзгеріс кезеңдері қарастырылды. Пластика қазақ театрының дамуымен бірге қалыптасқандықтан, кәсіби театрдың құрылуы кезіндегі актер ойынындағы хореографияның рөліне тоқталдық. Сонымен қатар шетелден шақыртылған мамандардың актер пластикасын қою мен дамыту жолдарына, еңбектеріне шолу жасалып, тереңінен зерделенді. Қазақ кәсіби театр режиссерлері А. Тоқпанов, Ә. Мәмбетовтен бастап, бүгінгі күндегі пластиканың жаңаша қалыптасуына үлес қосқан Н. Жақыпбай, Д. Жұмабай және басқа да жас режиссерлердің еңбектеріне, сахналаған қойылымдарының ерекшелігі анықталды. Актерлердің пластикасы қазіргі қазақ театрында маңызды талаптардың біріне айналды. Театр режиссерлері актерлердің дене тілін жетілдіру, олардың бұл тұрғыдағы дайындығын арттыру үшін арнайы тренингтер мен шеберлік сабақтарын жиі ұйымдастырады. Бұл тек қана қойылымдағы рөлдердің сапасын арттырып қоймай, сонымен қатар актерлердің жалпы кәсіби деңгейін де көтеруге септігін тигізіп отырғаны қарастырылды.

Кілт сөздер: актер пластикасы, хореография, актер, режиссер, спектакль, комедия, кейіпкер, идея, мюзикл.

С. Утемисов[1]*, Н. Ескендиров[2], Ж. Султанова[3]
[1]Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова, Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет искусств, Астана, Казахстан
[3]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
E-mail: [1]sanjik_utemisov777@mail.ru, [2]Naka_oner@mail.ru, [3]Zhanagul_sultan@list.ru
ORCID: [1]0009-0003-7563-4868, [2]0000-0003-4303-8685, [3]0000-0002-5444-7612

ПОЯВЛЕНИЕ И ЭВОЛЮЦИЯ АКТЕРСКОЙ ПЛАСТИКИ В КАЗАХСКОМ ТЕАТРЕ

Аннотация. Актерская пластика в казахском театральном искусстве отражает эволюцию актерского мастерства и его выражение через физические движения на сцене, сформированные культурными

изменениями и театральными экспериментами. Основной целью научной статьи является исследование ключевых аспектов и этапов развития актерской пластики в казахском театральном искусстве от его зарождения до современных тенденций. Значительный акцент поставлен на раскрытие значения актерской пластики на сцене в нынешнее время, начиная с танцевального искусства, берущих корни в казахском фольклоре. Через анализ изменений и эволюции актерской пластики на различных этапах были определены основные направления постановок. Проанализировано влияние системы Константина Станиславского на актерскую игру, а также хореографический аспект современных спектаклей, соответствующих мировым тенденциям. Отмечены достижения первых казахских музыкальных спектаклей, а также дана оценка особенностям и значению танцевальных сцен в подобных постановках. Несмотря на отсутствие профессиональных специалистов в области театра, был рассмотрен значительный вклад первых актеров, внесших свою лепту в развитие танцевальных сцен. В новых хореографических спектаклях была подтверждена связь танца с нашими традициями и народными развлечениями, а также выявляются этапы трансформации актерской пластики. Поскольку пластика сформировалась вместе с развитием казахского театра, мы остановились на роли хореографии в актерской игре в период становления профессионального театра. Кроме того, был сделан обзор работ приглашенных специалистов из-за рубежа, посвященных постановке и развитию актерской пластики, а также проведено их глубокое изучение. Описан вклад ведущих казахских режиссеров, начиная с А. Токпанова и А. Мамбетова до современных, таких как Н. Жакыпбай и Д. Жумабай, а также молодых режиссеров, способствовавших новому развитию актерской пластики на театральной сцене. Актерская пластика стала одним из ключевых требований в современных казахстанских театрах. Режиссеры театра часто организуют специальные тренинги и мастер-классы для улучшения языка тела актеров и повышения их подготовки в этой области. Рассматривалось, что это не только способствует улучшению качества ролей в постановках, но и оказывает положительное влияние на общий профессиональный уровень актеров.

Ключевые слова: актерская пластика, хореография, актер, режиссер, спектакль, комедия, персонаж, идея, мюзикл.

S. Utemissov[1]*, N. Eskendirov[2], Z. Sultanova[3]

[1]Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakh National University of Arts, Astana, Kazakhstan
[3]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]sanjik_utemisov777@mail.ru, [2]Naka_oner@mail.ru, [3]Zhanagul_sultan@list.ru
ORCID: [1]0009-0003-7563-4868, [2]0000-0003-4303-8685, [3]0000-0002-5444-7612

THE EMERGENCE AND EVOLUTION OF ACTOR PLASTICITY IN KAZAKH THEATER

Abstract: Actor's plasticity in Kazakh theatrical art reflects the evolution of acting skills and their expression through physical movements on stage, shaped by cultural changes and theatrical experiments. The main goal of this research article is to investigate the key aspects and stages of the development of actor's plasticity in Kazakh theatrical art, from its origins to contemporary trends. Significant emphasis is placed on exploring the meaning of actor's plasticity on stage in the present day, starting with dance art rooted in Kazakh folklore. Through the analysis of changes and evolution of actor's plasticity at different stages, the main directions of theatrical productions have been identified. The influence of Konstantin Stanislavsky's system on acting techniques was analyzed, as well as the choreographic aspect of contemporary productions in line with global trends. Achievements of the first Kazakh musical performances were highlighted, and the features and significance of dance scenes in these productions were evaluated. Despite the lack of professional specialists in theater, the significant contribution of the first actors who played a role in the development of dance scenes was discussed. In new choreographic performances, the connection between dance and our traditions, as well as popular entertainment, was confirmed, and the stages of transformation in actor's plasticity were identified.

Since plasticity developed alongside the evolution of Kazakh theater, particular attention was paid to the role of choreography in acting during the formation of professional theater. Additionally, an overview of the work of invited specialists from abroad, focused on the staging and development of actor's plasticity, was conducted and thoroughly examined. The contribution of leading Kazakh directors, from A. Tokpanov and A. Mambetov to contemporary figures like N. Zhakypbay and D. Zhumabay, as well as young directors who have contributed to the new development of actor's plasticity on stage, was described. Actor's plasticity has become one of the key requirements in modern Kazakh theaters. Theater directors frequently organize special training sessions and masterclasses to improve the actors' body language and enhance their preparation in this area. It was noted that these efforts not only contribute to improving the quality of roles in productions but also have a positive impact on the overall professional level of the actors.

Keywords: actor plasticity, choreography, actor, director, production, comedy, character, concept, musical.

1. Кіріспе

Бүгінгі әлемдік театр өнерінде актерлік пластика спектакльдің айшықты шығуына тікелей ықпал етіп отыр. Ол театр тілінің қолданбалы элементі ретінде ғана емес, сонымен қатар дене қимылының икемділігі мен әсемдігіне көрермен назарын аудару қызметін атқаратын сахналық шығармашылықтың дербес түрі ретінде қарастырылып жүр. К.С. Станиславский: «Есть танцовщицы и драматические артисты иного толка, чем первые. Они однажды и на всю жизнь выработали в себе пластику и не думают больше об этой стороне физического действия. Пластика стала их природой, свойством, второй натурой. Такие балерины и артисты не танцуют, не играют, а действуют и не могут этого делать иначе, как пластично. Энергия, согретая чувством, начиненная волей, направленная умом, шествует уверенно и гордо, точно посол с важной миссией. Такая энергия выявляется в сознательном, прочувствованном, содержательном, продуктивном действии, которое не может совершаться как-нибудь, механически, а должно выполняться в соответствии с душевными побуждениями», – деп (Станиславский, 1990: 30) айтып кеткендей, сахнадағы актердің пластикасы оның негізгі құралдарының бірі екенін айқындай түседі. Өнер иесі өзінің еңбегінде актердің қимыл-әрекетіне байланысты тоқталып, сахнада денемен қалай жұмыс жасау жолдарын анықтап, әліппесін жасаған. Бұл дегеніміз, актердің сахнаға шыққанынан бастап сөзінен бөлек қимыл-әрекетінің мақсаты, міндеті, айтар ойы, кезеңдері болатынын аңғарамыз.

Актердің пластикалық мәдениеті – театр лексиконындағы жаңа ұғым. Біраз уақыттан бері бұл термин актерге толыққанды сахналық бейне жасау үшін қажетті кәсіби шеберлік белгілерінің бірі ретінде қарастырылды. Актер бейне жасауға кіріспес бұрын, алдымен жасалған бейнені сипаттайтын рухани және тәндік қасиеттерді табуы керек. Оның кәсіби шеберлігі табиғи шығармашылық дарындылығына ғана емес, сонымен қатар шығармашылық үрдісінің табысты болуын қамтамасыз ететін оңтайлы жұмыс әдісін қолдана білуіне де байланысты.

Драматургтің ойы мен спектакльдің идеясын пластикалық қимыл-қозғалыспен жеткізуді бүгінгі Қазақстан театр өнерінде жиі кездестіреміз. Қазіргі заманғы спектакльдің басты ерекшелігі сахналық әрекеттің көп жанрлығы болып табылады. Көптеген театрлардың репертуарында драмалық, музыкалық, сонымен қатар

пластикалық қойылымдар да ұшырасады. Драма актерінің жұмысы дәстүрлі түрде кейіпкердің психологиялық әлемін, оның эмоциялары мен сезімдерін бейнелеуге бағытталады, алайда қазіргі заманғы режиссура бұдан бөлек тағы әртүрлі экспрессивті құралдарды қажет етеді. Толыққанды шығармашылық іс-әрекет үшін қазіргі заманғы актер классикалық хореография негіздерін, заманауи бидің әртүрлі стильдерін, пантомиманы, вокалды игеріп қана қоймай, сонымен қатар спектакльге қажетті жаңа құралдарды өз бетінше меңгере алатын әмбебап кәсіпқой болуы тиіс. Демек, қазіргі актер үшін қалыптасқан «пластикалық мәдениет» оның кәсіби әмбебаптығының құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Қай халықтың болмасын, мәдени өмірінен театр өнері ерекше орын алады. Сонау бес мың жыл бұрын пайда болған театр өнері қазіргі дәуірге дейін өз кезеңінің саяси, тарихи, мәдени, әлеуметтік, танымдық мәселелерін шешуге белсене араласып, көрермендердің эстетикалық талғамының қалыптасуына зор үлес қосуда. Әрбір ұлттың театр өнері сол халықтың рухани құндылықтарын сақтаудың негізгі көзіне айналып, сахна арқылы дәріптеліп келеді. Бүгінгі қазақ актерлік өнерінде сахналық бейне жасаудағы пластикалық айқындылық сан қырлы бағыт алып, алуан түрлі өзгерістерге ұшырап жатыр. Сондықтан да қазақ театр актерлерінің сахналық бейне жасаудағы пластикалық айқындылығын талқылап, зерттеу нысанына алу уақыт талабынан туындап отыр. Қазіргі заманауи театрда болып жатқан елеулі өзгерістердің актерлік өнерге қаншалықты ықпал етіп жатқанын қарастыру жұмыстың маңыздылығын арттыра түседі.

2. Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында қазақ театрларындағы актер пластикасының тууы мен эволюциясы негізгі нысанға айналды. Басты назарға актерлік пластиканың қазақ театрына алғаш келген уақытынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі ахуалы алынды. Актер пластикасының қалыптасуына әсер еткен шетелдік режиссерлер мен отандық режиссерлердің үлесі, уақыт еншісіне сай түрленуі, қойылымдардың сахналану үдерісі, ұжымның шығармашылық жұмысы, режиссерлердің әртүрлі трактовкасына, актер пластикасының ізденістерін ашуға көңіл бөлінді.

2.1 Зерттеу әдістері

Ғылыми еңбекте актер пластикасының қазақ театрынындағы пайда болуынан бүгінгі күндегі ахуалына дейін сараланып, кезеңдері анықталды. Спектакльдердегі актер пластикасы мен хореографияның рөліне кеңірек мән беріліп, сахналану ерекшеліктері айқындалды. Бүгінгі күнге дейінгі трансформациялануына жіті талдау жасалды. Соған байланысты зерттеу нысанына айналған қазақ театрындағы актер пластикасының тууы мен эволюциясын анықтау мақсатында ғылыми жүйелеу-талдау, кешенді зерттеу және саралау, салыстырмалы сараптау әдістері пайдаланылды.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде актер пластикасы турасында еңбектер жазған шетелдік театртанушы, ғалымдар – Константин Сергеевич Станиславскийдің актердің сахнадағы дене қимылы әрекеттері мен өзімен жұмыс туралы жазылған

«Работа актера над собой» (1990), Галина Морозованың «Пластическая культура актера» (1999), Ирина Шостактың «Режиссер Мамбетов» атты еңбектеріндегі режиссер Ә.Мәмбетовтің актер пластикасымен жұмысына тоқталғаны туралы (1989), Владимир Торгашевтің «Дефицит пластической культуры актера – проблема современного актерского образования» деген кітаптары, сондай-ақ қазақ театр өнеріндегі сахнадағы актердің пластикасы мен хореография жайында қалам тербеген еліміздің театртанушы, режиссер, зерттеушілері Қажықұмар Қуандықов, Қалтай Мұхамеджанов және Бағыбек Құндақбайұлының «Қазақ театртану ғылымының дамуы» (2013), Әшірбек Сығайдың «Театр тарихы» (2004) атты зерттеу жұмыстары. Тойған Ізімнің қазақ пластикасы мен хореография турасындағы пікірі, Айгуль Кульбековананың «Хореографическое наследие балетмейстеров Казахстана и его роль в становлении казахского танцевального искусства» еңбегі (2008), Дидар Қасымованың «Голос и грация в эпоху станилизма» кітабындағы Ш. Жиенқұлованың өмірі мен шығармашылығы туралы еңбегі (2019), Сабыржан Несіпбай, Меруерт Жақсылықова, Анар Еркебайдың, Брехттің «оқшаулану» тәсілінің қазақ театрында қолданылуы туралы мақаласы (2019), Санжар Керімбайдың қазақ театрын дамытушы Өзбекәлі Жәнібектің қазақ биі мен пластикасын шетелдерге насихаттау жайындағы еңбектері мен кітаптары назарға алынды. Сондай-ақ Константин Станиславский жүйесін қазақша тәржімалап, зерттеген режиссер, педагог Маман Байсеркеновтің «Сахна және актер» кітабы (1993) ретіне қарай қолданылды.

3. Талқылау

Қазақ театр өнерінің құрылғанына көп уақыт өткен жоқ. Қазақ театрының дамуына елеулі үлес қосқан драматург Мұхтар Әуезовтің: «Біздің елде театр ерте күннен бар болатын. ...Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар өз заманында театр жасамай не жасады? ... Ұзататын қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып, айтысатын жар-жар, салт ойынын туғызған театрдың өзі емес пе? «Жар-жар» мен «Беташар» бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды» (Әуезов: 2014: 37) – деуі арқылы қазақ театрының негізі салт-дәстүрмен, ойын-сауықпен, ауыз әдебиетінің негізінде туындағанына көзіміз жетеді. Айтыс, жоқтау, қоштасу секілді шешендік өнер де, өткір әжуа, сатираға құрылған әңгімелер де сахна өнерінің тууына үлкен ықпал еткені тарихтан белгілі. Яғни, тамырымызға сіңген өнердің, тума таланттардың шеберлігі кәсіби театрдың негізін құрауда көп септігін тигізді.

Мұнымен қоса, кәсіби театрдың бастауына көрші орыс мәдениетінің үлесі өте зор екені анық. XIX ғасырдың аяғында іргелес жатқан Омбы, Орынбор қалаларында театрлардың ашылуы да ықпалы етті. XX ғасырдың бас кезіндегі еліміздің түкпір-түкпірінде «Бірлік» ұйымының құрылуы, Шығыс кештері, «Қызыл керуен» труппасы, Қоянды жәрмеңкесінің өтуі де театр құрылуының алғышарттары еді.

1926 жылы 13 қаңтарда тұңғыш қазақ театрының шымылдығы Қызылорда қаласында ашылғанда жоғарыда аталған ұйымдардағы көптеген талантты актерлеріміз осында шақырылды. Театр өнерімен жақын таныстыру мақсатында

халықтың қызығушылығын ояту үшін өнер мекемесінде тек қойылым ғана емес, сауық кештері, түрлі концерттер ұйымдастырылғаны белгілі. Сондай жиындарда ән, күй, жырдан бөлек, би өнері де кеңінен танылды. Пластикалық мықты би нөмірілерін көрсетуде аты шыққан танымал бишілер Ахмет Берсагимов пен Рахим Асылбеков, сонымен қатар қазақтың талантты артисі Құрманбек Жандарбеков бірге өнер көрсетіп, актердің жан-жақтылығын, артистің басты құралы дене бітімімен мықты жұмыс жүргізудің шеберлігін танытқан болатын. Осы өнерпаздардың ішінде «Жынды қара» деген лақап атқа ие болған Ахмет Берсагимов көрерменнің көзайымына айналды. Осылайша, қазақ би өнері, актердің пластикасы қазақтың ұлттық биінен бастау алды. Ал Бүкілқазақстандық таланттар слетінде Жапақбас Оразғалиев, Ысқақ Біжібаев, Ғалым Аркенов және сол сынды биші өнерпаздар өзінің өнерін көрсетіп, жоғары бағаға ие болды.

Қазақ би өнерінде кәсіби дайындықсыз-ақ табиғи дарынымен танылған орындаушылардың орны ерекше. Солардың бірі – Жапақбас Оразғалиев. Ол жаратылысынан ерекше қабілетке ие биші ретінде ұлттық би өнерінің табиғи дарын иесі саналады. Оның ішкі көркемдік түйсігі мен ұлттық мәдениетке тән қимыл-қозғалыс заңдылықтарын интуитивті түрде меңгеруі – оның орындаушылық шеберлігінің айқын дәлелі. Жапақбас Оразғалиевтің шығармашылығы фольклорлық би үлгілерін пластикалық тіл арқылы көркем интерпретациялаудың жарқын мысалы болып табылады. Ол әрбір қимыл, ырғақ және қозғалыс динамикасы арқылы дәстүрлі би формаларын жаңаша мазмұнда түрлендіре отырып, көрерменге ұлттық рухани болмысты сезіндірген биші.

Фольклорлық би дәстүрінде пластика – тек дене қозғалысының жиынтығы ғана емес, сонымен қатар этнотанымдық кодтарды, халықтың дүниетанымын, тұрмыс-салттық ерекшеліктерін бейнелейтін семиотикалық жүйе ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, Жапақбас Оразғалиев сынды тума таланттардың пластикасы – ұлттық мәдениеттің табиғи көркем тілі мен рухани тереңдігінің айнасы. Мұндай орындаушылардың би шешімдері бейсаналық деңгейде қалыптасқанымен, олардың әрбір қимылы этноқұндылықтарды органикалық түрде жеткізу қабілетімен ерекшеленеді.

Бұл үрдіс Ысқақ Біжібаевтың шығармашылығында да айқын байқалады. Ол би қимылдары арқылы тек сахналық көрініс қана емес, сонымен қатар дәстүр мен замана арасындағы үндестікті қалыптастыра білді. Ол орындаушылық мәнері арқылы көрерменге ұлттық болмыстың терең мағынасын би тілі арқылы жеткізген биші.

Халық арасынан шыққан тума таланттардың қатарында Ғалым Аркенов те ерекше орын алады. Оның би мәнері мен пластикалық беру тәсілі фольклорлық мұраны жай ғана қайталаумен шектелмей, оны импровизациямен ұштастыра отырып жаңа көркемдік деңгейге көтерген. Ғалым Аркеновтің орындаушылық табиғаты фольклорлық дәстүр мен шығармашылық еркіндіктің үйлесімді синтезін айқын көрсетеді.

Жалпы алғанда, қазақ би өнерінде халық арасынан шыққан тума таланттардың шығармашылығы – ұлттық мәдени мұраны сақтауда және дамытуда маңызды рөл атқаратын феномен. Олар дәстүрлі фольклорлық үлгілерді сахналық кеңістікке бейімдеп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық өнердің ішкі мазмұны мен эстетикалық мәнін терең жеткізеді.

Жаңадан құрылған театр екі жыл өткен соң Алматыға қоныс аударған кезде ұжымға талантты биші Шара Жиенқұлова, өнерпаз Қанабек Байсейітов, жезтаңдай әнші Күләш Байсейітова, сонымен қатар сол уақытта елге аты шыққан биші Зәрубай Құлсейітов және басқа да жас артистер келді. Труппаның ұлғаюы түрлі өнердің ұштасуы драмалық және музыкалық театрдың, филармонияның бөлінуіне, олардың жеке өнер түрі ретінде өмір сүруіне жол ашты.

1934 жылы Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясымен музыкалық драма театры шымылдығын көтерді. Дәл осы тұста жоспардағы спектакльдерге хореографиялық ұжымның құрылуы керек екені анықталды. Алайда, музыкалық студия артистерінің ішінде билей алатын өнерпаздар жоқтың қасы еді, ал биге икемі бар бишілер драмалық труппаға ауысқан болатын. Оған қала мен ауыл тұрғындарының ұлттық биді әртүрлі қабылдаулары да себеп болды. Аталмыш қойылымды сахналау үшін көңілді әндерге құрылған би әрі жеңіл қозғалатын, ырғақты түсінетін, икемі жақсы келетін бишілер қажет болды. Сол себепті ұжым әуесқой бишілерді хореографиялық труппаға шақырды. Келген өнерпаздардың ішінде талантты, қазақ би өнерінің негізін қалаған Шара Жиенқұлова мен биші, болашақ балетмейстер Екатерина Лифанова бар еді. Соның өзінде мықты әрі тәжірибелі балетмейстер болмағандықтан, қойылымның билерін қою қиындық тудырды. Сондықтан шетелдік хореографтарды шақыртып қоюға тура келді. Ташкенттен талантты педагог Али Ардобустың келуі болашақ қазақ пластикалық өнерін қалыптастыруда үлкен олжа болды. Бұл қазақ фольклорындағы билердің шығу тарихын зерттеуге, қойылымдағы биді нақышына жеткізіп орындауға талай жастарды тартуға ықпалын тигізді. Терең ізденістер мен шақыртылған педагогтардың, артистердің табанды жұмысы арқасында «Айман-Шолпан» комедиясы көрерменнің ыстық ықыласына бөленген, кәсіби спектакльдің айнасы ретінде үлкен жетістікке жетті: «Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасы қойылған 1934 жыл театр өнерінің музыкалық бағытта даму белесі болды. Композитор И.В.Коцыхтың жинастырып, С.И. Шабельскиймен бірлесе отырып пайдаланған халық музыкасы мен әндері де спектакльге ерекше көркемдік, сахналық көрік берген. Ал қазақ халық биі алғаш осы музыкалық спектакльмен кәсіби сахнаға шықты. Бұл билер жөнінде Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский сынды өнер қайраткерлері: «... Халық ойындарының қимыл әрекеттеріне негізделген билер сәтті шықты, әрі бұл билер күй шығармаларына қойылған», – деген болатын (Ізім, 2021: 105). Осындай жақсы қабылданған премьерадан соң студия «Мемлекеттік қазақ музыкалық театры» деген атты иеленеді. Бұл қазақ театрының әртүрлі бағытта дамуына зор ықпалын тигізді.

Осыдан кейінгі қойылымдарда театр артистерінің хореографиялық қойылымдарда өнер көрсеткені белгілі. Оның ішінде актер Елубай Өмірзақов «Шаман» биіне

қатысып, өнерін көрсетіп, пластика әлемін түсінуге, тәжірибе жинауда зор көмек болғаны белгілі. Аталмыш би көрермен көзайымына айналмаса да, кейіпкерді терең зерттеуде, қимылдар арқылы бейненің психофизикалық болмысын айқындауда жақсы еңбек жүргізілген болатын.

Мемлекеттік қазақ музыкалық театры ең алғашқы классикалық қойылымнан кейін Бейімбет Майлиннің «Шұға» туындысын сахналауға кірісті. Осы тұста қазақ театрында хореография жағын жетілдіруге, артистерді үйретуге шақыртылған орыс, өзбек балетмейстерлерінің ықпалы көп болды. Соның бірі – кәсіби хореограф, педагог, би тарихын жетік меңгерген, тәжірибелі балетмейстер Александр Артемьевич Александров. Оның қазақ топырағына келіп, спектакль қоюы сол уақыт үшін үлкен жаңалық болғаны айқын. «Шұға» спектаклінің бір сахнасы жастардың жиылған ұлттық ойындарына құрылған еді. Қазақтың ұлттық ойындары қимылды, шапшаңдықты қажет ететіндіктен, би қоюшы балетмейстерлерге ол біршама көмектесті. «Қазақ биі синкретті өнер ретінде өз дамуында күрделі кезеңдерден өтті. Қазақ биі қашалған қарапайым қимылдан бастап, күрделі биге дейін жетті. Би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүр тұрмыс-салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған. Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытып келеді. Би өнері ішкі рухани әлемді ашады, адамды, сұлулыққа тәрбиелейді, игі қасиеттерді оятады, адамгершілік идеяларды насихаттайды» (Қанағат, 2022: 7). Сондықтан да осынау қазақ елінің болмысын тануда, ерекшелігін анықтауда А.Артемьевич біршама қиындыққа кезіккені анық. Себебі ел салтының, дәстүрінің ерекшеліктері мен айырмашылықтары маманға біраз тер төгуге мәжбүр етті. Оған көмектесу үшін алғашқы режиссеріміз, мәдениет майталманы Жұмат Шанин оған ауылдарды аралатып, салт-дәстүрімізбен, тұрмыс-тіршілігімізбен, ұлттық ойындарымызбен таныстырды. Сонымен қатар актер Құрманбек Жандарбеков сахналарды жасауға қатысып, шама келгенше жәрдем еткені тарихымыздан белгілі. Дәл осындай қолдаумен, тәжірибесімен Александр Александров биін қойған «Шұға» спектаклі де жақсы нәтижеге жетіп, көңіл қуантты. Осылайша, би сахналарын қоюдағы нақтылық, ой, ырғақ, көркемдік жағы дұрысталып, кәсіби музыкалық қойылымға қол жеткіздік. Би қимылдарының айтар ойы, мақсаты, бейнелеуінің ерекшеліктері бар екенін айқындап, артистер біліктіліктерін біршама арттырды.

Осы жетістіктен кейін Ресейден мамандар шақыру, хореографияға мән беру дұрыс бағытқа қойылды. Ең елеулі жаңалық композиор Евгений Брусиловскийдің, суретші Анатолий Иванович Ненашевтің және же басқа да өнерлі талантты мамандардың келуі болды.

Тәжірибелі мамандарды жинап, толыққан театр ұжымының жоспардағы келесі қойылымы – «Қыз Жібек» эпосы. Қоғамдағы адам азаттығы тақырыбын көтеретін

үлкен туынды терең ізденісті, жаңашылдықты қажет етті. Осы орайда драматург, жазушы Ғабит Мүсірепов либреттосын, ал жас Евгений Брусиловский қазақтың ұлттық әндерін операға лайықтап жазып, үлкен еңбек етті. Қазақтың алғашқы операсын жазған композитор ретінде аты тарихта қалды. Ал талантты балетмейстер Александр Артемьевич театр артистерінің қимыл-қозғалысын қоюға әрі би сахналарын жасауды қолға алды.

«Қыз Жібек» спектакліне режиссерлер алдыңғы жұмыстардағыдай ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, тұрмыс-тіршіліктегі қалыпты жіті зерттегендіктен, «Киіз басу», «Шашу», «Жамбы ату», «Қылыштасу» сынды сахналар жеңіл, көңілді, пластикалық қозғалыстардан тұрды. Көпшілік қатысатын аталмыш сахналар қойылымның ырғағына, динамикалы өтуіне, пластиканың оқылымына көп әсер етті. Аталмыш драма-опералық қойылым қазақ театрының әрі музыкалық театрының жолын ашып, тіпті қазақ елін танытуда елеулі жаңалық болды. Қойылым жайында қалам тербеген драматург, жазушы Мұхтар Әуезов қойылымдағы пластикалық қимылдарды қоюмен жұмыс істеген, артистермен өнімді еңбек еткен А. Александров пен жеке билерді орындаған талантты биші, артист Шара Жиенқұлованың шығармашылығын атап өтуі осыған дәлел бола алады.

Жиенқұлова Шара Баймолдақызы – қазақтың тұңғыш кәсіби бишісі, қазақ театрындағы хореографиялық қойылымдарының алғашқы орындаушысы. Жастайынан биге құмар болып өскен өнерпаз қыз орыс мектебінде, ары қарай педагогикалық оқу орнында білім алған жас талантқа 1928 жылы театрдың Қызылордадан Алматыға қоныс аударуы үлкен өнерге жолын ашқан. Музыкалық студияға жезтаңдай әнші Күләш Байсейітовамен бірге кастингтен өткен Шараның театрдағы сомдаған ең алғашқы бейнесі Бейімбет Майлиннің «Майдан» туындысындағы Пүліш рөлі болды. Ол театрда талантты өнерпаздар Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Әміре Қашаубаев, Құрманбек Жандарбеков, Иса Байзақов, Жұмат Шанин, Қанабек Байсейітовтермен бірге қызмет етті. Евгений Брусиловский композиторлық еткен «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» қойылымдарының би сахналарын Шара үлкен абыроймен алып шықты. Өнерімен тек Қазақстанды емес, талай елді аралап, танылған бишіге «байдың қызы» деген анықтама талай кедергі болды. Оны мына жолдар анық аңғартады: «Шара, как и многие представители культуры того времени, на уровне подсознания улавливала вибрации идей, и должна была через свое сознание выразить их в виде движений и жестов, а не просто достучаться до подсознания зрителей, но и чтобы надолго остаться там в виде маленького молоточка, который стучал в такт времени. …У Шары Жиенкуловой мы встречаем отложенное сопротивление режиму через утверждение – я сохранила и приумножила казахский культурный капитал несмотря на внешнее давление» (Касымова, 2019: 45). Яғни, қаншалықты қиын уақыт болса да, өнерді сүйген Шара қазақ би әлемінің дамуына сүбелі үлес қосып, нағыз тұлғаға айналды.

1932 жылы шақыртылған режиссер Я.Танеев Марк Тригердің «Сұңғуір қайық» қойылымын сахналап, қазақ актерлерінің біліктілігін арттыруда, сахна әдебін

қалыптастыруына көп ықпал етті. Бұл жайында театртанушы М.Жақсылықова: «Маман режиссердің артықшылығына, біздің театрға ондай адамның ауадай қажеттігіне біздің сол репетиция кезінде-ақ көзіміз жетті. Танеев сөз емес, қимыл-қозғалыстың өзімен де көп нәрсені ұқтыруды талап етеді: қай жерде тұрғаныңа, сахнаға қай тұстан шыққаныңа, қай сөзді айтқанда бет жүзіңе қандай құбылыстар болуы тиісіне – бәріне мән берді, солардың бәрі айтып тұрған сөзіңді толықтырсын дейді; үйреншікті қимылдарды, жаттанды әдеттерді жасатпады. Бұрыңғы оп-оңай нәрселеріміздің бәрі қиындап кетті», деп еске алады Қанабек Байсейітов. Я. Танеев үйреткен этюдтер актердің психо-физикалық аппаратының толықтай жұмыс істеуіне түрткі болды» (Жақсылықова, 2014: 51) деп жазды. Демек, кәсіби театрдағы артисттің пластикасының мәні артып, тәжірибе жүзінде сіңіруге кіріскен сәт осы уақыттан басталатынын аңғарамыз.

Ел тарихында халықтың мәдениеті мен өнері бар екенін дәлелдеп қана аман қалатын қиын-қыстау заман өткен. Кәсіби театр ашылған соң, басқа елдерге өзіміздің жеке ел екенімізді, болмысымызды көрсететін сапарлардың қажеттігі туды. Осы орайда мәдениет қайраткері Темірбек Жүргенов аталмыш ұлттық тамырымызды ашып, айқындайтын «Қыз Жібек» қойылымын 1936 жылы Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне алып барды. Бұл жағдай турасында филология ғылымдарының докторы Тұрсынбек Кәкішұлы: «Голощекин тұсында алапат аштыққа ұшырап, халқымыздың жартысына жуығынан өлідей – бір, тірідей – екі айырылып қалған халықпыз. Арып-ашқан халықтың еңсесін тіктеу, рухын көтеру Филипп Голощекиннен кейінгі басшының мойнына жүктелді... Халық материалдық жағынан түрлі қиыншылықтарға ұшырап жатса да, қазақтың әдебитін, мәдениетін, өнерін Одақ көлемінде насихаттау – рухани бай ел екенімізді паш етті» деп атап өтті (Мұқан, 2016). Қазақтың салт-дәстүріне, ойындарына құрылған сахналар, мың бұралған артистер, жезтаңдай әншілердің өнер көрсетуі арқылы еліміздің мәдениетін көтеріп қайтты. Бұл болашақ қазақ театрына деген үлкен жеңіс алып келді. Себебі халық әндеріне негізделген опера, арнайы шақыртылған балетмейстермен жұмыстағы хореография, мықты драматургиялық туынды көпшіліктің ойынан шығып, таңдай қақтырды. Бұл өнерлі он күнде 300-ге жуық қазақ өнерпазы жүлдемен оралды. Соның бірі әрі бірегейі биші Шара Жиенқұлованың «Құрмет» орденін иеленуі болды.

Жоғарыда аталған балетмейстер, режиссерлер актердің сахнадағы өнер көрсетуінің алғышарттарын үйретіп, жүйенің негізгі ережелерімен таныстырса, келесі кезекте өзіміздің елден шыққан жас өнерпаздар Ресей асып, білім қуды. Олардың ішінде, атап өтсек, кәсіби режиссураны игеріп, білім алған Асқар Тоқпанов, кейін барша ТМД елдеріне қазақ театрының дәрежесін көтерген Әзірбайжан Мәмбетов те болды. Тарихымыздан белгілі Жұмат Шанин ең алғаш театр ашылған уақытта Орынбор, Омбы қалаларындағы театрдың ішкі жүйесімен, біліктілікпен танысқан соң шетелге біздің елдің ұлдары мен қыздарының білім алу қажеттілігін айқын ұққан еді. Театр ішінде актердің өзіндік дайындық уақыты, музыка және хореография сабақтарын қосқанымен, кәсібилік үшін оның аздық ететінін ұғынған.

Ең алғашқы кәсіби режиссер, Қазақстанның халық артисі Асқар Тоқпанов 1940 жылы ұлы Абай бейнесін сахнаға шығаруымен танылып, грим, кәсіби біліктілікті көрсетіп, Мұхтар Әуезовтің жоғары бағасына ие болғаны белгілі. Мәскеудегі Луначарский атындағы театр өнері институтын бітірген білікті маман қазақ театр сахнасына біршама классикалық туындыларды дүниеге алып келіп, театр өнерінің дамуына сүбелі үлес қосты.

Қазақтың кәсіби режиссерлерінің келуімен, Константин Станиславский жүйесі де бірге келіп, ендігі пластиканың тек биде ғана емес, актердің сахнаға шығып, өмір сүргенінен бастап барлық қимыл-қозғалыстардың жататыны анықтала түседі. Актердің пластикасы деген ұғымның не екенін, осыған дейін кәсіби білімі жоқ актерлерге бұл жаңалық болған еді. Осыдан бастап елдегі оқу орындарында актерлік білім қолға алынып, актер техникасы, шеберлігін үйрету мықтап қолға алынды. Қазақ театр өнеріне түбегейлі өзгеріс әкеліп, актермен жұмыс жасаудың озық үлгісін өз қойылымдарында көрсеткен режиссер – Мәмбетов Әзірбайжан Мәдиұлы.

1944 жылы М. Әуезов атындағы академиялық драма театр сахнасында режиссер Яков Штейн мен Қапан Бадыров режиссурасымен «Қобыланды» қойылымының премьерасы өтті. Спектакльге қатысты әртүрлі ой-пікірлер айтылғанымен де, ғашық жандар Қобыланды мен Қарлығаның жеке сахналарын бимен, қимылмен шешуі ұтымды шыққан. Драмалық театрдағы артистердің шеберліктерін шыңдауда, физикалық дайындықты анықтауда, спектакльдің оқылымын айқындауда жақсы табылған шешім болғаны анық. Кейін аталмыш қойылымды режиссер Әзірбайжан Мәмбетов те сахналап, елеулі жетістік көрсетті. «Қобыланды» эпосының сахналануы турасында театртанушы Ирина Шостак: «Именно с этого спектакля А. Мамбетова начинают считать постановщиком, владеющим зрелищной композицией спектакля, мастером ритмических построении» деп пікір білдіреді (Шостак, 1989: 65). Бұнымен, режиссер бас кейіпкер Қобыланды мен ғашығы Қарлығаның арасындағы сезімді қимыл-қозғалыс арқылы пластикамен шешуі ұтымды болғанын байқаймыз. Жалпы, Әзірбайжан Мәмбетов режиссурасы көп қырлы, жан-жақты. Өзінің жары Ғазиза Жұбановамен бірлесіп жұмыс жасап драмалық, музыкалық қойылымдар ғана емес, тіпті опера да сахналап, театрдың түрлі жанрларын терең меңгергенін аңғарамыз.

Соғыс уақытынан кейін хореографтар еліміздің фольклорлық билерін, оның ұлттық ерекшеліктерін жіті зерттеді. Бұл салада Дәурен Әбіров, Зәуірбек Райбаев, Болат Аюханов және т.б. еңбек етті. Қойылымның негізгі ойы мен кейіпкерлердің мінезі ашылуы үшін биі бар сахналар қойды. Сонымен қатар сахна билерін қоюда режиссер, актер, өзі биші Әубәкір Исмайлов ерлер биі қимылдарының жүйесін, әліппесін құрап, қалыптарын қазіргі күнге дейін жеткізді. Ал халық билерінің ерекшелігін сақтап, жаңа пластикалық би құрылымдарын жеткізген биші өнерпаздардың еңбегі ерен: «Только в личных контактах передавались традиционная выразительность движений народного танца. Это положение ярко подтверждают становление первого казахского хореографа А. Исмаилова, исполнительское мастерство Ш. Жиенкуловой, Г. Талпаковой, Т. Изим, с детства воспринимавших

уроки традиционного творчество старших. Рождение новых движений, рисунков построения происходило на глазах всего народа, тут же перенимавшего художественные достижения талантливых исполнителей» (Кульбекова, 2008: 231). Әрбір қимылдың мақсаты, айтар ойы, мінезі, қарым-қатынасы болатынын, оны ел алдында жеткізуде жанкешті еңбек қажет ететінін жоғарыда аталған таланттардың шығармашылығынан аңғарамыз.

1960-1970 жылдары әлі кеңес үкіметінің билігі жүріп тұрғандықтан, алыс-жақын шетелдерге мәдениетімізді көрсету үшін әлі де талай еңбек етіп, күш салу қажет еді. Осы орайда бағымызға орай ел тағдырына, өнеріне алаңдаушылық білдірген басшылар болды. Оның бірі әрі бірегейі Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібек болған еді. Болгарияда болатын халықаралық фестивальге қазақ би өнерін көрсету үшін біршама еңбек еткен қайраткер ұлттық киім тіккізуде, қазақтың қызын жарысқа қатыстыруда, бармен қамтамасыз етуде жанкештілік еткені аян. Бұл ерлік туралы биші Гүлжан Талпақова: «Ә дегеннен дойраның ритмін іліп алдым да, мың бұралып сала бердім. Үш күн бойы Алматыда тіктірген ұлттық костюмім үлкен рөл ойнап кетті. Қос етек көйлегім де, велюр нымшам да, құндыз бөркім де, бөркімнің үлбіреген үкісі де сахнаны жандырып жіберді. Осылайша бірінші турдан өттім. Одан кейінгілері оңай болды. ...Осыдан соң жұлдызым жанып, тасым өрге дөңгеледі. Орта Азия бойынша шығыс биін билейтін жалғыз бишіге айналдым. Соның арқасында елуден астам шет мемлекетте өнер көрсеттім» (Керімбай, 2024: 45), деп еске алады. Халықаралық байқауда өнер көрсетуге бар ықпалын салған Өзбекәлі Жәнібек қазақ қызының елімізде би өнерінің дамығанын, бар екенін көрсету үшін төккен тері ақталған еді.

Театрдың алғашқы артистері ешбір театр мектебін көрмей, ешбір жүйені білмей, өз бойындағы тума таланттарымен сахнаға шыққаны тарихымыздан белгілі. Е.Өмірзақовтың ойыны турасында заңғар жазушы, зерттеуші ғалым Мұхтар Әуезов: «Елубай аталған рөлдердің ешқайсысында құр сыртпен, актерлық техника, механикалық машықпен ойнау әдетінде емес, көркемдік шыншылдығында. Өне бойымен сол рольге құлай түсіп, сүңгіп кетіп, тұтана, өртене жүріп жалындай, жаңа ойнауында Шоқтай жарқыраған ашық жарқындығы бар, көрушіге бар тынысы сезілгендей боп бусанып тұрған шындығы бар ойын. Мұның сауаты ішкі қуат, Станиславский айтқандай іші сара (нутро) одан әрі бассақ зауық (вдохновение). Елубай көбінесе осы шыншылдық ішкі сарай және зауықпен ойнайтын актер. Ойнайтын кейпінің көбін кей жерде бел ақылмен саралап, ғылыми жолмен зерттеп, әуелі миға қондырып ап, одан барып сылбыр жүріп, төкпектей шауып бара алмайды. Жарық берумен, шарқ ұрумен тұтаса, ұласа шыққан ішкі-тысқы екпінмен қаршығаша бір-ақ іледі. Ақын қиялының жыр образын ілгендей іледі», деп жоғары бағалайды (Әуезов, 2013: 44). Біз жоғарыда хореография мен пластиканың тууын, қазақ театр өнеріне қалай енгеніне тоқталдық. Ал, актердің пластикасы тек хореографиялық би емес екені анық. Актердің ішкі және сыртқы техникасы, шығармашылық күйі, физикалық дайындығы, тіпті керек десеңіз көз қарасы да пластикаға жатады. Галина Морозова:

«Пластическая культура актера – уровень профессионального мастерства в области сценической пластики; под сценической пластикой в данном случае имеется в виду внешняя, физическая (телесная) сторона сценического действия, понимаемого в целом как единый психофизический процес» (Морозова, 1999: 53) деп атап көрсетті. Яғни, театр әлемінде режиссердің ойын іске асыратын пластикалық экспрессивтілігін көрсетуде дененің физикалық дайындықта болуы үлкен маңызға ие.

Театр бір орында тұрмайды. Заман талабына сай түрлі қозғалыстар мен жаңашылдықтар енгізіліп келеді. Соңғы жылдардағы театр әлеміне енген жаңашылдық елімізде театрдың түрлі жанрларының дамуын көрсетті. Сахнадағы актердің сезімін, эмоциясын, айтар ойын пластикамен көрсетуден бөлек музыкалық және мюзикл театрлардың ашылуы жаңа бастамадағы өзгешелікті аңғартты. Осы орайда талантты режиссер Болат Атабаевтың рөлі ерекше. Актердің пластикасын режиссерлер арқылы көрсетуіміздің басты себебі актер пластикасының рөлі мен түрленуін осы аталмыш режиссерлер қауымы алып келетіндіктен болар. Әзірбайжан Мәмбетов пен Александр Пашковтың шеберханасында оқыған Болат Атабаев өзінің кәсіби біліктілігін шетелдерде арттыра түсті. 1990 жылдарда Мұхтар Әуезов атындағы мемлекттік қазақ музыкалық драма театрына қызметке келген өнер иесі Б. Римова «Қос мұңлық», М. Мақатаев «Қош, махаббат», Қ. Ысқақ «Жан қимақ», Иран Ғайып «Шыңғыс хан», М. Метерлингтің «Соқырлар», Ә. Тарази «Күнә», Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» спектакльдерін тудырып, сахнаға шығарды. «Барлық нәрсені неғұрлым аз сөзбен ұқтырады, ым-ишарамен, көздері, дене-қимылдары арқылы сөйлейді. Тағы бір айта кететін жайт актерлер бірнеше мәрте көрермендермен тіке сөйлесіп, интерактивтік тәсіл қолданады. Сырттай бақылап, көрсетудің әсер күші ұйықтап отырғанда да бір көздері ашық, бір көздері жұмулы. Кейіпкер ұйқыда, актер ояу – деген тәсіл орынды қолданған. Осылайша, Болат Атабаевтың «Көшкін» спектаклінде пайдаланған «эпикалық театрдың» тәсілдері режиссерлік шешім арқылы актерлік ойынның жаңаша қырынан танылуына, сценографияның көмегінсіз-ақ, әлеуметтік ортаны, қоғам тынысын жеткізуге болатындығын дәлелдейді» (Несіпбай, Жаксылыкова, Еркебай, 2019: 293). Мінеки, режиссер Б.Брехттің әдісін қолдану арқылы сахнадағы өмірді, актердің пластикасымен жұмыстағы өзгеше шешіммен көрсетуге болатынын аңғартты.

Актерлік ойында пластиканың мәнін арттырған режиссер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай. 2007 жылы құрылған Жастар театрының көркемдік жетекшісі, режиссер Н.Жақыпбай шығармашылық жолында өзінің шәкірттерімен бірге ғимарат іздеп шарқ ұрғанын, қиындықтарға тап болғаны белгілі. Бірақ барлық кедергілерді жеңіп, бүгінде аясы кеңіп отырған театр ұжымының жеткен жетістіктері аз емес. Ең алғаш Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбаевтің «Шыңғысхан» туындысын сахналап, шымылдығын түрген театрдың репертуары бүгінде толығып, көптеген республикалық және халықаралық театр фестивальдерінің жүлдегері атанып, жақсы танылды. Нұрқанат Жақыпбай режиссурасының ерекшелігі – пластика мен драмалық туындыны байланыстыруда.

Мәтін орнына актерлердің қимыл-қозғалыстарына, әрекеттерге, актер денесін «сөйлетуге», музыка мен саз әлемін тереңірек түсінуге талпыныстарды байқауға болады. «Пластический этюд заставляет подключать знания и практические умения, полученные на уроках по режиссуре и актерскому мастерству, танцу и сценической речи. Пластические этюды, сочиняемые на уроках по сценическому движению, квалифицируются как актерские и режиссерские. Первые – максимально нацелены на обретение и тренировку профессиональной телесной выразительности: умение слышать и слушать тело в пространстве и времени. Вторые (режиссерские этюды) – предполагают формирование и становление пластического мышления и воображения» (Григорьянц, 2022, 145). Яғни, режиссер сахнадағы кейіпкердің ішкі ойы мен сезімдерін пластикамен жеткізуді мақсат етеді. Өзінің шеберханасында шәкірттерін соған баулып, актердің негізгі «құралы» денені басқару мен игеру тәсілдерін үйретеді. Оның режиссурасындағы жаңалық драмалық қойылымдарды пластика тілімен сахналап, толыққанды қойылым ұсыну екенін аңғардық. Тіпті сахна декорациясын минимализмге құру актерлердің сахнада еркін қозғалысына кедергі етпеуден туындағандай әсер қалдырады. Оның қойылымдарында пластика үлкен маңызға ие. Қойылымның көп бөлшегін хореография құрайтынын аңғаруға болады. Драмалық тартыстар, кейіпкерлер арасындағы қақтығыс, образдың эмоциясы мен ішкі сезімі би арқылы көрініс табуы спектакль динамикасының жарқын болуына әсер етеді. Бұл режиссердің дәстүрлі қойылымнан алыстап, заманауи сахналық өзгерісті қолдайтынын айқындаймыз. Театр ұжымының репертуарындағы соңғы қойылымдарды қарасақ, көбінесе жас көрермендерге арналған ырғақты, музыкалы, хореографиялық сарын көбейгенін байқаймыз. Режиссер сахналаған «Жан азабы», «Меккеге қарай ұзақ жол», «Ревизор», «Ғайыптағы махаббат сазы», «Шөл даладағы өлі тыныштық», «Көзіме бір көрінсең, бала ғашық», «Атау кере», «Асауға тұсау» спектакльдері қазақ театр тарихында жаңашылдық алып келген, актер пластикасының үлкен маңызға ие екенін бағдарлайтын ерекше қойылымдарға айналды. «Ревизор» спектаклінде актерлердің пластикасы комедиялық және сатиралық элементтерді күшейту үшін қолданылған. Бас кейіпкер Хлестаковтың еркін әрі кейде абсурдтық қозғалыстары, оның мінезіндегі шатасу мен шатақтықты көрсетеді. Бұл жерде актерлік пластика диалогтардан тыс эмоционалдық әрі психологиялық күйді жеткізудің негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Н. Жақыпбай қойған Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші» музыкалық спектаклінде бейнелердің психологиялық ахуалын, іштегі мұң мен махаббатты сөзбен емес, іс-әрекет арқылы шешкен. Би мен музыка үйлесіміне, бас кейіпкерлердің күйін көпшілік сахнадағы артистердің хореографиялық биі арқылы берген. Сахнада декорация аз, тек ортадағы қайықтағы актерлердің сезімін анықтауда, спектакльдің дугасы (өсу эволюциясы) бас кейіпкерлерге құрылғанын, басымдылық динамикалы болуына, ырғақты жүруіне берілгенін аңғарамыз.

Соңғы жылдардағы қазақ театрындағы актер пластикасының рөлі театр өнерінің дамуы мен көрерменге әсер етудің маңызды элементтерінің бірі ретінде айтарлықтай

күшейе түсті. Актер пластикасы, яғни дене тілі, мимика және қозғалыс арқылы сезім мен ойды жеткізу, қазіргі қазақ театрында сөзбен бірге физикалық әрекеттер арқылы да терең эмоционалдық және психологиялық әсер қалдыруға мүмкіндік береді.

Қазақ театрының қазіргі кезеңінде актердің пластикасы көркемдік құрал ретінде ерекше маңызға ие болды. Бұрынғы уақытта актерлер көбіне сөздік мәнерге басымдылық берсе, қазіргі театрда пластика арқылы оқиғаны, кейіпкерлердің ішкі әлемін тереңірек жеткізу қажеттігі туындады. Бұл әсіресе драмалық спектакльдерде маңызды, себебі кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, қайғы-қасіреті, қуанышы мен үміті көбінесе сөзден гөрі дене қозғалысы арқылы көрініс табады.

Бүгінде қазақ театрында түрлі жаңа бағыттар мен эксперименттер байқалуда, олардың ішінде хореография, физикалық театр, пантомима элементтерін қолдану жиілеп келеді. Бұл бағытта, мысалы, хореографиялық қойылымдар мен пластикалық этюдтер арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен сезімдерін ашып көрсетуде жаңа тәсілдер қалыптасты. Бұған мысалы, жас режиссер Дина Жұмабайдың шығармашылығын атап өтуге болады. Қазақ театрларында әр маусым сайын жаңа қойылым сахналайтын режиссердің Айгүл Иманбаеваның А.И театрында сахналаған шетелдік үздік шығармалардың бірі «Федра» қойылымы актер пластикасының жаңа деңгейде көрсетуге әсерін тигізді. Жан Расиннің туындысын сахналаған Дина Жұмабай сахнадағы екі актермен-ақ спектакльдің мазмұнын, айтар ойын жеткізуді мақсат етті. Өте минимализмге құрылған декорация ортадағы үстел, орындықтар актерлердің өзара қарым-қатынас жасауына, көрермендермен тығыз байланыс орнатуда маңызды орын алған. Бас кейіпкер Федраны сомдаған Айнұр Бермұхамбетова мен Ипполит бейнесіндегі Олжас Жақыпбектің тандемі өте органикалы шыққан. Актерлердің хореографиясы қойылымның негізгі бөлігін алады. Ал оны шеберлікпен орындаған актерлердің ойыны арқылы рұқсат етілмеген сезім, іштегі жанталас, қарсылық пен қалаудың ортасында қиналған Федраның күйімен таныса түсеміз. Осы орайда: «Режиссер может понять задачу по пластическому решению формально: в историческом спектакле нужно найти стиль поведения. Истинное понимание пластического решения спектакля гораздо обширнее и глубже. Оно прежде всего в психологической пластике актера, в общем стиле спектакля, в образном мизансценическом выражении сверхзадачи спектакля» (Торгашев, 2013: 389) деген тұжырыммен келісеміз. Былайша айтқанда, «Федра» қойылымында осы аталған пластикалық шешімді Дина Жұмабай таба білген. Режиссердің әрбір мизансценасы алдын ала ойластырылып, жоспарланғаны байқалады. Әрине, оның режиссурасына тән қанның төгілуі, қораздың шығуы, актерлердің теннис ойнап, Ипполиттің роликпен трюктар жасауы өте батыл шешім болғаны анық, дегенмен қойылымның ерекшелігі актерлердің пластикасының басқа деңгейге өткендігін айқындадық. Ал хореографиясын қойған Шырын Мұстафинаның жұмысынан би емес дене қимылының берер мәні, айтар ойы маңыздырақ екені көрінді. Режиссермен тығыз жұмыс жасап, міндеттерін анық түсініп, жақсы тандемдік еңбек еткені байқалады. Д. Жұмабай режиссурасында актерлік пластика спектакль

тілінің қолданбалы элементі ретінде ғана емес, сонымен қатар актерлік дененің қозғалысына, яғни көрерменнің назарын аудару қызметін атқаратын сахналық шығармашылықтың дербес түрі болып көрінеді. «Дина Жұмабай қойылымның ішкі ағысы мен актерлер ойынындағы екінші план арқылы махаббат, заман шындығы, тіршілік тынысы туралы ойларды айтқыза білді. Ол қандай пьесаны қойса да, бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен байланыстырып, өмір болмысын шынайы суреттеуге театрлық бейнелеу тәсілдерін молынан қолдануымен ерекшеленеді. Сонымен қоса ол актерлерден әмбебаптық қабілетті талап ететін режиссердің бірі. Яғни, актерлер бейне сомдауда кейіпкердің ішкі жан дүниесін көрсетумен бірге сахнада пластикалық тұрғыда әдемі қимылдау, билей білу мен ән салу қабілеті жетілген, каскадерлік қарымы бар, дене-бітімі тартымды болуын алдыңғы кезекке қояды. Ол кез келген жанрда және әртүрлі пішіндегі қойылымдарда батыл ойнайтын орындаушыларды қателеспей таңдайды. Сол арқылы актерлердің сахнада өмір сүруінің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып, кәсіби шыңдалуына ықпал етіп келеді», – деген (Нұрпейіс, 2024: 149) пікір бекер айтылмаған. Өйткені Д.Жұмабай актерлерге сыртқы және ішкі еркіндікті беру арқылы пластикалық айқындылыққа қол жеткізіп отырады.

Егер соңғы жылдары жарық көрген қазақ театр сыншыларының еңбектеріне сүйенсек, спектакльдегі бидің маңызына айрықша тоқтала бастағанын байқаймыз. Айталық: «Соңғы жылдардағы батыстық зерттеулерде актер-кейіпкердің қойылым барысындағы дене және тән қиылдары арқылы айтар ойын (белгі, ақпаратын, семиотикасын) талдау көп жүргізіліп келеді. Постдрамалық театр үлгісінде жасалған отандық қойылымдарға бұл тәсілді қолдану аса маңызды. Сахнада биді қолдану драмалық оқиғаны танудың қажетті шарты. Сондықтан спектакльді реперзентациялауды жүзеге асырғанда би элементтерінің мәнін қарастыруда маңызды» деген (Жақсылықова, 2023: 230) ойымен толық келісеміз. Шынымен де, актерлердің пластикасы қазіргі қазақ театрында маңызды талаптардың біріне айналды. Театр режиссерлері актерлердің дене тілін жетілдіру, олардың физикалық дайындығын арттыру үшін арнайы тренингтер мен шеберлік сабақтарын жиі ұйымдастырады. Бұл тек қана қойылымдағы рөлдердің сапасын арттырып қоймай, сонымен қатар актерлердің жалпы кәсіби деңгейін де көтеруге септігін тигізеді.

Соңғы 5 жылдықта актер пластикасы әлемдік тенденцияларды өзіне сіңіре бастады. Астана қаласында 2016 жылы ашылған Astana Musical Мемлекеттік театры бүкіл дүниежүзіне қатты әсер етіп, адамзаттың ортақ мәселесіне айналған карантин кезеңі туралы «COVID-2019» би перформансын көпшілік халыққа ұсынды. Хореографиялық қойылымның режиссері – Анель Мырзагулова. Режиссер аталмыш спектакльде карантин кезіндегі адамдардың өлімі, шығармашылықтың тоқырауы, түрлі адамдардың тағдыры, тіпті әйел теңсіздігі тақырыптарын көтерген. Алдымен А.Мырзагуловаңың карантин турасында талай ізденістер жүргізгені байқалады. Қойылымда адам өлімі жайындағы режиссердің философиялық ойларын да табуға болады. Карантин уақытындағы адамның өз әлеміне, отбасына үңілуі, зардаптары туралы жақынырақ біле түсеміз. Тіпті, Кеңес Дүйсекеевтің әнін қолдануы өнер

адамдарының ерте өмірмен қоштасу себептерін ескеріп өткені аңғарылады. Режиссер актерлермен бірігіп жасаған жұмыста актерлік шеберлікке, хореографияға және вокалға ерекше көңіл бөлген. Актерлердің әр қимылы, денемен жұмысы, қарым-қатынасы барлығы оқылып, қойылымдағы актер пластикасының жаңаша қалыпта көруімізге септігін тигізді. Әлемдік тақырыпты көтерген қойылым өзінің жоғары бағасын алып, театр дамуының жаңа белесін көрсетті.

Актер пластиканың театрдағы рөлі көрерменге тікелей әсер етеді. Қазіргі көрермен тек қана сөзді естіп қана қоймай, кейіпкердің дене тілі арқылы оның шынайы сезімдерін, ішкі қайшылықтарын, болмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады. Осылайша, спектакль көрерменді эмоционалдық жағынан толығырақ қамтып, оның театрға деген қызығушылығын арттырады.

4. Зерттеу нәтижесі

Қазақ театрындағы актер пластикасы өзіміздің салт-дәстүрден бастау алып, бүгінгі әлемдік театр тенденциясына сай дамып келеді. Аталмыш ғылыми еңбекте ең алғашқы кәсіби театрдың дүниеге келген уақытынан бастап, бүгінге дейінгі қазақ театрындағы актер пластикасының дамуына үлес қосқан мәдениет қайраткерлері, актер, режиссерлердің ерекшеліктері айқындалып, төмендегідей нәтижелер алынды.

– Қазақ театры тууы өзіміздің салт-дәстүрмен тығыз байланыста болуымен басталады. Бұл кезеңде актер пластикасы ұлттық фольклормен тұтас болды. Би орындаушылардың өнері, қимылдары, мимикалары көшпенділердің дәстүрлі мәдениетінде терең тамыр жайды. Бұл кездегі актердің денесі ойды жеткізудің негізі құралы болды, ал пластикалық элементтер көбінесе мифологиялық тақырыптар мен қаһармандық эпостарды бейнелеуге қызмет етті.

– Кеңес үкіметінің кезеңінде қазақ театры біршама өзгерістерге ұшырады. Социалистік реализмнің жаңа мазмұны мен міндеттері актерлік пластикаға жаңа түзетулер енгізді. Сахнадағы жаңа кейіпкерлер: жұмысшылар, колхозшылар, партия жетекшілерінің пайда болуымен актерлік ойындағы стильдік өзгерістер байқалды. Пластика ұстамдылыққа ауысып, бейнелер шынайы (реалистік) бағытта ойнала бастады. Дегенмен, сол уақыттың драматургиясына сәйкес келетін ұлттық мұра элементтері сақталды.

– Қайта құру кезеңі қазақ театрларының өз тамырына, ұлттық болмысына оралу жолдарын белсенді іздеген уақыт болды. Актердің пластикасында жаңа тақырыптар мен идеяларды білдіру үшін қолданылған бидің, қимылдардың дәстүрлі түрлеріне назар қайтадан күшейді. Бұл уақытта театр дәстүрлі пластика Батыс театр өнерінен алынған жаңа формалармен қатар өмір сүретін мәдени элементтерді синтездеуге арналған кеңістікке айналды.

– Қазіргі қазақ театр тәжірибесінде әлемдік театрлардағы өзгерістерді қабылдап, бірге даму үстінде екенін байқаймыз. Актерлік пластика алуан түрлі бола түсіп, онда қазақ элементтері де, Батыс театрынан алынған элементтер де кездеседі. Дене экспрессиясымен тәжірибелер, актердің физикалық дайындығына баса назар аудару және мәтінмен жұмыс істеудің инновациялық әдістерін енгізу пайда болды.

Қазіргі қазақ театрында актер пластикасының рөлі айтарлықтай өсіп, ол қойылымдардың көркемдік деңгейін көтеруде және көрерменге ықпал етуде негізгі құралдардың біріне айналды. Бұл бағытта театрлар түрлі эксперименттер жүргізіп, актерлердің дене тілін дамытуға көп көңіл бөледі. Нәтижесінде, қазіргі заманғы қазақ театрының қойылымдары көркемдік жағынан бай, эмоционалды тұрғыдан әсерлі бола түсті.

5. Қорытынды

Ұлттық театрдағы актер пластикасының жетілуі бірнеше кезеңнен тұрады. Ол қазақ мәдениетінің дәстүрден заманауилыққа дейінгі, ұлттықтан жаһандыққа дейінгі жолды басып өтті. Бүгінгі таңдағы қазақ театрының актерлік ойыны пластикасы жетілген әрі алуан түрлілігімен ерекшеленіп, ойды жеткізу мен мәнді білдірудің басты құралына айналған.

Сондықтан актер пластикасы әр уақытта үлкен мәнге ие. Ал заман ағымына сай оның түрлі өзгерістерге ұшырап отыруы заңды. Бүгінгі заманда театр әлемі күн сайын жаңашылшықты қажет етеді. Актердің денесі оның басты құралы болғандықтан, пластикалық айқындылықтың маңызы әрдайым өзекті бола беретінін бүгінгі қазақ театрының сахнасындағы спектакльдер дәлелдеп отыр.

Қорытындылап айтқанда, актердің қиялы, суырыпсалмалық қабілеті мен көркемдік талғамы бір арнаға тоғысқанда, оның пластикалық мәнерлілігі қайталанбас бейнелерге жол ашады. Кез-келген ұсынылған тосын жағдайлардың талаптарына актер пластикасы сай болуы керек. Ол үшін актер техникаға асқан шеберлікпен психикалық үрдісті қосуы керек. Ойға толы қозғалыс қана пластиканың айқын болуына негіз болады.

Кейіпкерге жан бітіру, мінезді, жанрды, стильді игерумен бірге уақыт пен кеңістікте сахналық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін рөлдің пластикалық үлгісін табумен тығыз байланысты. Соңғы он жылдың ішінде еліміздің көптеген театрларының репертуарынан пластикалық және би сахналары, сахналық жекпе-жектер мен семсерлесу элементтері бар спектакльдер саны басымдылық танытып отыр. Олай болса актерлердің алдында психофизикалық қасиеттерді жетілдіру міндеті өткір қойылып тұр.

Аңдатпа. Мақалада Құрманғазы атындағы Ұлттық халық аспаптар оркестрінің тарихына, репертуарына, сол салада еңбек еткен көрнекті тұлғалардың шығармашылығына ғалымдардың еңбектеріне сүйену арқылы шолу жасалады. Музыкатанушылардың зерттеулеріндегі очерк, тарау, мақалалардағы құнды мағлұматтарға сілтеме беріле отырып, Бисенғали Ғизатовтың «Оркестр народных инструментов им. Курмангазы» (1955, 1957, 1994) атты үш рет басылып шыққан кітабына салыстырмалы шолу жасалды. Нәтижесінде оларда әр жарық көрген сайын музыкалық талдаулардың, оркестрдің негізін қалаушылар мен белді мүшелері (дирижер, композитор, орындаушы) жайлы мағлұматтардың кеңейіп отырғаны байқалады. Осы тұрғыда Құрманғазы оркестрі құрылған алғашқы онжылдықтарда оның репертуар қорын толықтыру маңызды мәселелердің бірі болғанын ескерсек, оны жүзеге асыруда қандай еңбектер атқарылғаны, күйші-домбырашылардың орындауындағы күйлерді оркестрде игеру жолдары қалай жүргізілгендігі қызығушылық тудырып, зерттеліп отырған мәселенің өзектілігін ашатыны сөзсіз. Әрине, бір мақала көлемінде осындай үлкен саланы толық қамтып шығу мүмкін болмағанымен, бірнеше күйлердің оркестрге өңделген түрін қазақ дәстүрлі музыкасының мол байлығын сақтап қалған өнер иелерінің қоржынындағы нұсқалармен салыстыра талдап көрдік. Сол арқылы дәстүрлі музыка жауһарларының академиялық музыка арнасына ойысқанда қаншалықты өзгеріске ұшырағанын (форма, ырғақ, өлшем, т.б.), ондағы өзіндік ерекшеліктерін саралап көруге тырыстық.

Алғыс: Мақала AP19676609 «Жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану ғылымы» атты гранттық жобасы аясында әзірленді.

Кілт сөздер: оркестр, партитура, репертуарлық қор, оркестрге өңдеу, дирижер, композитор, орындаушы.

Y.Y. Zhamanbalinov[1*], G.A. Mukasheva[2]
[1,2]M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]ernat-knc@mail.ru, [2]come2gaukhar@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-9251-3054, [2]0000-0002-8238-1972

ON THE KAZAKH ORCHESTRA IN THE WORKS OF B. GIZATOV

Abstract. Based on the works of scholars, this article examines the history and repertoire of the Kurmangazy National Orchestra of Folk Instruments, as well as the creative contributions of prominent figures who worked in this field. Referring to valuable information contained in essays, chapters, and articles by musicologists, a comparative review is carried out of Bissengali Ghizatov's book "The Orchestra of Folk Instruments named after Kurmangazy" (published in 1955, 1957, and 1994). As a result, it can be observed that with each edition, there is an expansion in musical analysis and information about the founders and notable representatives of the orchestra (conductors, composers, performers). In this context, considering that the formation of the repertoire of the Kurmangazy Orchestra in the first decades of its existence was one of the key issues, it undoubtedly draws interest and highlights the relevance of the problem under study – what work was carried out in this regard and how the orchestra assimilated the kuys performed by traditional kuyshi-dombra players. Of course,

it is impossible to fully cover such a broad topic within the scope of a single article, but we have compared the orchestration of several kuys with versions preserved by the bearers of this art, who have maintained the rich legacy of Kazakh traditional music. Thus, we attempted to analyze the transformations these traditional musical masterpieces underwent when adapted to the domain of academic music (in terms of form, rhythm, meter, etc.), and to identify their distinctive features.

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of the grant project AP19676609 «Academic musicology in the process of forming a new humanitarian knowledge».

Keywords: orchestra, score, repertoire fund, orchestral arrangement, conductor, composer, performer**.**

Е.Е. Жаманбалинов[1*], Г.А. Мукашева[2]

[1,2]Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]ernat-knc@mail.ru, [2]come2gaukhar@mail.ru

ORCID: [1]0000-0001-9251-3054, [2]0000-0002-8238-1972

О КАЗАХСКОМ ОРКЕСТРЕ В ТРУДАХ Б. ГИЗАТОВА

Аннотация: В статье на основе трудов ученых рассмотрены история и репертуар Национального оркестра народных инструментов имени Курмангазы, а также творчество выдающихся личностей, работавших в этой области. Ссылаясь на ценные сведения, содержащиеся в очерках, главах, статьях в исследованиях музыковедов, осуществлен сравнительный обзор книги Бисенгали Гизатова «Оркестр народных инструментов имени Курмангазы» (1955, 1957, 1994 гг.), которая публиковалась трижды. В результате можно заметить, что с каждым выходом в свет наблюдается расширение музыкальных анализов и сведений об основателях и видных представителях оркестра (дирижер, композитор, исполнитель). В связи с этим, учитывая, что формирование репертуарного фонда оркестра Курмангазы в первые десятилетия его создания было одним из важных вопросов, несомненно, вызывает интерес и раскрывает актуальность исследуемой проблемы, какие работы были выполнены в его реализации, каким путем освоены оркестром кюйи в исполнении кюйши-домбристов. Хотя, конечно, невозможно полностью охватить такую большую сферу в объеме одной статьи, мы сравнили оркестровку нескольких кюйев с вариантами из багажа носителей данного искусства, сохранивших огромное богатство казахской традиционной музыки. Таким образом, мы попытались проанализировать, какие изменения приобрели шедевры традиционной музыки, при перенесении их в область академической музыки (форма, ритм, размер и т. д.), их отличительные особенности.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP19676609 «Академическое музыковедение в процессе формирования нового гуманитарного знания».

Ключевые слова: оркестр, партитура, репертуарный фонд, оркестровая обработка, дирижер, композитор, исполнитель.

1. Кіріспе

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі сияқты елімізге ғана емес, сондай-ақ дүниежүзіне өзінің өнерімен танылған ұжым жайлы, оның құрылу тарихы, дамуы, шығармашылық жолы, репертуары, көрнекті өкілдері жайлы деректер, талдаулар көптеген музыкатанушыларымыздың (А. Жұбанов, Б. Ерзакович, М. Ахметова, Ү. Жұмақова, Н. Кетегенова, т.б.) зерттеулерінде кішігірім тарауша ретінде немесе осы оркестрдің негізін қалаушы тұлғалардың шығармашылығы аясында қарастырылса, осы тақырыпқа арнайы үлкен еңбек арнаған ғалымдардың ішінен белгілі музыкатанушы, музыкалық редактор, композитор, өнертану кандидаты (1966), Қазақстанның Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1991) Бисенғали Ғизатовты ерекше айтамыз.

Қаламынан «Домбыра үйрену мектебі» (Л.Хамидимен бірге, 1983), «Латиф Хамиди» (1966), «Академик Ахмет Жубанов» (1972), «Мектепте ән-музыка сабағы» (1994), «Абай и музыка» (1995) сияқты еңбектері, көптеген мақалалары туған Б.Ғизатовтың ғылыми қызметінде ерекше орын алатын жұмыстарына үш рет басылып шыққан «Казахский оркестр имени Курмангазы» (Гизатов, 1955), (Гизатов, 1957), (Гизатов, 1994) монографиясы жатады. Бұл басылымдар әр шыққан сайын ортақ атауын сақтап отырғанымен, толықтырылып, деректік, талдау базасы кеңейіп, тарауларының жаңарып отырғанын байқаймыз.

Оркестр туралы көлемді еңбек жазбас бұрын, Б. Ғизатовтың үлкен ізденіс үстінде болғаны көрінеді, мұны оның алғашқы нұсқаға дейін (1955) бірнеше жылдар бойы мерзімдік басылымдарда жарияланған мақалалары дәлелдейді: «Оркестр народных инструментов им. Курмангазы» («Әдебиет және искусство» журналы, №10, 1953), «Лауреат Международного фестиваля молодежи» («Учитель Казахстана» газеті, №105, 1953, 21 тамыз), «Оркестру имени Курмангазы 20 лет» («Пионер Казахстана» газеті, № 180 (5121), 1954, 8 желтоқсан) т.б.

Б. Ғизатовтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің ішінде ерекше көзге түсетін осынау үлкен тарихи әрі мәдени жолдан өткен ұжым жайлы еңбек жазуы еліміздегі академиялық музыка саласындағы бөлек бір арнаны насихаттауда жасалған маңызды қадамдардың бірі болды. Сонымен бірге алғашқы жылдары оркестрдің репертуарын жасау жолдары қалай жүргізілгені, оған дәстүрлі музыка жауһарларын (ән, күй) өңдеумен қатар, арнайы авторлық туындыларды жазуда елеулі еңбек сіңірген композиторлар мен дирижерлардың жемісті жұмысын саралай отырып, кейбір шығармаларына музыкалық талдау жүргізу де мақаланың өзектілігін көрсетеді.

2. Зерттеу әдістері және материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Биыл 90 жылдығы тойланып жатқан оркестр туралы мақала жазу және аталмыш ұжымның репертуарында алғашқы онжылдықтарында пайда болған музыкалық шығармаларға талдау жасау барысында әртүрлі ғалымдардың, музыкатанушылардың деректеріне сүйене отырып, үш басылымды (1955, 1957, 1994) салыстырмалы тұрғыдан қарастыру, сондай-ақ бірнеше шығармаларға музыкалық талдау жасау маңызды. Мұнда да салыстырмалы әдісті кеңінен пайдалануға болады. Мысалы, Арқаның ұлы күйшісі Тәттімбет Қазанғапұлының «Сарыжайлау» күйін Әбікен Хасенов орындаған түпнұсқасы мен академик А.Жұбановтың арнайы оркестрлік орындауға лайықтап өңдеген түрлерін және Құрманғазының «Адай» күйін Лұқпан Мұхитовтың жеке орындауындағы және оркестрлік нұсқаларын салыстырғанның өзінде (ырғақтық, өлшемдік, иірімдік, т.б.) қаншама еңбек атқарылғанын байқауға болады.

2.2 Материалға сипаттама

Б. Ғизатовтың «Казахский оркестр имени Курмангазы» атты монографиясы еліміздің өнертану саласына қосылған сүбелі үлес болып табылады. Себебі оған дейін оркестр ұжымының шығармашылығына бағытталған мұндай арнайы үлкен еңбектер

жазылмаған. Осы тұста А.Темірбекованың аталған еңбекке жазған пікірін келтіре кету орынды: «Қарастырылып отырған жұмыс – автордың үнемі жаңа материалдарды, мұрағаттық құжаттарды анықтаудағы, зерттеліп отырған мәселеге тікелей қатысы бар ауызша хабарламалардың әртүрлі сипатын жүйелеудегі үздіксіз ғылыми және шығармашылық ізденістерінің нәтижесі. Б.Ғизатов көне музыканың білгірлері мен тамаша орындаушыларынан жинаған құнды деректерінің қазір де танымдық мәні бар. Олардың көпшілігі, сондай-ақ автордың оркестрдің шығармашылық өсуі туралы өз бақылаулары қолжазбадағы ішінара жаңа материал болып табылады» (аударған – Е.Ж.)[1] (Судьбы, 2013: 338).

Монография бірнеше тарауларды қамтып, оркестрдің құрылуы, орындаушылық шеберлік пен үлкен репертуарды игеру жолдары, Одақтың көлемінен асып, шетелдерге шыққан гастрольдік сапарлары туралы құнды мәліметтерді қамтиды.

Кітаптың негізгі концепциясы жөнінде Г. Ғизатова мен Ә. Ғизатовтың «Музыкально-педагогическое наследие Бисенгали Гизатова» атты мақаласындағы келесі пікірге назар аудару маңызды: «Монографияның негізгі мәселесі – Құрманғазы оркестрінің тарихи ауқымы мен көркемдік маңызын еліміздің музыкалық мәдениетінің тарихы контекстінде анықтау және нақтылау, оркестрдің пайда болуын, оның орындаушылық өнерін айқындаған тарихи себептерді, оның орындаушылық аппараты мен даму динамикасын белгілеу болып табылады.

Автор монографияда әртүрлі себептердің нәтижесін ашады: тарихи, әлеуметтік, шығармашылық. Оркестрдің феномен ретінде дамуына ұлы күйшілердің орындауындағы және Қазақстан композиторларының шығармашылығы тікелей ықпал етеді. Бұл факторларды тарихи тұрғыдан саралау авторға Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің шығу тегі, қалыптасуы мен дамуын қадағалап, оркестрдің дамуына шығармашылықпен үлес қосқан дирижерлар, аспапта орындаушылар мен әншілердің орнын анықтауға мүмкіндік берді.

Монографияда автордың музыкалық білім беру дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі музыкалық тәжірибені көрсетудегі халық күйшілерінің педагогикалық принциптері мен ауызша және жазбаша дәстүрлердің өзара әрекеттесу процестерін зерттеуі музыкалық білім беру үшін маңызды»[2] (Гизатова, Гизатов, 2015: 122-123).

[1] «Рецензируемая работа – это итог его постоянных научных и творческих поисков в выявлении автором все новых материалов, архивных документов, систематизации разного характера изустных сообщений, имеющих непосредственное отношение к изучаемой проблеме. Ценные сведения, собираемые Б.Гизатовым от больших знатоков народной музыки, великолепных исполнителей, имеют познавательное значение и сейчас. Многие из них, как и наблюдения самого автора о творческом росте оркестра, явилась частично новым материалом рукописи» (Судьбы, 2013: 338).

[2] «Основной проблемой монографии является выявление и определение исторических масштабов и художественной значимости оркестра им. Курмангазы в контексте истории музыкальной культуры нашей страны, выявление исторических причин, обусловивиших возникновение оркестра, его исполнительского аппарата, динамику их развития.

Автор в монографии раскрывает результат действия различных причин: исторических, социальных, творческих. Прямыми стимулами развития оркестра как явления является исполнительство великих кюйши и творчество композиторов Казахстана. Анализ этих факторов в историческом аспекте позволил автору выявить истоки, проследить пути становления и развития оркестра народных инструментов

Б. Ғизатов еңбектерінің алғашқы екі басылымы «Шығармашылық жолдың басы» («Начало творческого пути»), «Орындаушылық шеберлік үшін күрес жолында» («В борьбе за исполнительское мастерство»), «Халықтық демократия елдеріндегі концерттер» («Концерты в странах народной демократии»), «Репертуар және оны орындаушылар» («Репертуар и его исполнители»), «Оркестр аспаптары» («Инструменты оркестра») сияқты тараулардан тұрса, 1994 жылғы басылымында «Оркестр адамдары» («Люди оркестра»), «Қазақ халық аспаптары» («Казахские народные инструменты», «Инструменты оркестра») деп толықтырылған.

Кітаптың алғашқы тарауында оркестрдің құрылу, даму тарихынан бөлек, 1934 жылғы алғашқы Бүкілқазақстандық слетке қатысушылар және олардың репертуары жайлы құнды мәліметтер беріледі. Олардың арасында Ғабдулман Матов, Жаппас Қаламбаев, Оқап Қабиғожин, Лұқпан Мұхитов, Науша Бөкейханов, Дәулет Мықтыбаев, т.б. атап өту маңызды. Кейіннен олардың репертуарындағы халық композиторларының тамаша күйлері оркестр қорына енгені белгілі. Оркестрге қызметке келген әрбір орындаушы қазақ күйлерінің қайталанбас үлгілерін бір-біріне үйретіп, оның әрі қарай дамуына ерекше үлес қосты.

Оркестр тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі – 1936 жылы өткен қазақ өнерінің Мәскеудегі онкүндігі болғаны белгілі. Автор осы оқиға жайлы да, сол онкүндіктегі қазақ өнерінің жеткен табыстары жайлы да кең тарқата жазады.

Сонымен бірге оркестрдің 1930-1940 жылдар аралығында игерген репертуары жайлы маңызды ақпараттар келтірілген.

Оркестрдің Декада қарсаңындағы әлеуеті жайлы Ү. Жұмақова мен Н. Кетегенованың еңбегінде келесі мәліметтер келтірілген: «1936 жылы Москвада өткен республикамыздың әдебиеті және өнеріне арналған онкүндігіне дайындық қарсаңында оркестрдің құрамы қырық адамға жетті. Екі жылдан астам мерзімнің ішінде оркестрдің репертуарында көптеген шығармалар болды, соның ішінде Құрманғазының атақты күйлері – «Сары арқа», «Балбырауын», «Серпер», Дәулеткерейдің – «Қос алқа», «Топан» күйлері болды.

Оркестрдің іс-әрекетінде екі мәдениеттің тәжірибесі алғашқы рет бір-біріне жол ашып, қосылды: Европаның оркестр дәстүрі және қазақтың жеке халық орындаушылғы, жазбаша және ауызша тәсілдері, әлемнің классикалық өнер үлгілері және халық музыкасының шын маржаны» (Жұмақова, Кетегенова, 1995: 14).

Сонымен қатар кітаптың 1994 жылғы басылымы оркестр репертуарындағы шығармаларға талдаулармен толыққан. Мұнда автор оркестрге лайықталған Құрманғазының «Кішкентай», «Сарыарқа», Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйлеріне, Е. Брусиловскийдің «Желдірме» поэмасына, т.б. көптеген туындыларға музыкалық

имени Курмангазы, определить роль дирижеров, исполнителей – инструменталистов и певцов, внесших своим творчеством вклад в развитие оркестра.

Важным для музыкального образования является то, что в монографии автор исследует педагогические принципы народных кюйши и процессы взаимодействия устной и письменной традиций в передаче музыкального опыта на разных этапах развития музыкального образования» (Гизатова, Гизатов, 2015: 122-123).

талдау жасайды. Сонымен қатар оркестр репертуарына енген шығармалар нақты кезеңдерге бөлініп жазылған.

Оркестрдің белді мүшелері жайлы жазылған келесі тарауларындағы ақпараттар барынша толықтырылып жазылған. Мұнда Л. Мұхитов, Қ. Жантілеуов, Г. Баязитова, Ж. Қаламбаев, Ф. Балғаева, Б. Құбайжанов, Т. Ахметов, О. Қабиғожин, т.б. өнер иелері жайлы маңызды деректер келтіреді.

Оркестрге енген халық аспаптары туралы бөлімінде автор осы аспаптардың даму жолдары, бұрауы, оркестрдегі орны туралы жазады. Мұнда осы аспаптарды жетілдіру жұмысы бойынша шеберхананың тарихы қысқаша берілген. Қазіргі таңда сол кездегі аспап жасаушылар туралы зерттеу жұмыстары кенжелеп тұрғаны белгілі. Дегенмен бұл тұрғыда А. Бердібай мен Ә. Жұмабаевты жақында ғана жарық көрген «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің музыкалық шебері – Қамар Қасымов» атты мақаласын атап өту маңызды. Авторлар: «1934 жылы қазақ күйшілерінен құралған ұжымды ұйымдастыру идеясының жүзеге асуы алдымен сол топты бір типтегі домбыра аспаптарымен қамтамасыз ету әрекетінен – Музыкалық-драма техникумы жанындағы Экспериментті музыкалық аспаптар шеберханасы ашылуынан басталды. Ағайынды Романенколар бастаған бұл іс тарихи-музыкалық қажеттіліктерге байланысты дамып, бірқатар басқа шеберлер өнерінде жалғасты. Сол қатарда есімі алғашқылардың қатарында аталатын тұлға – Қазақ ССР-інің Еңбек сіңірген өнер қайраткері, шебер Қамар Қасымов (1883-1966) болды» (Джумабаев, Бердібай, 2024: 60), – деп жазады.

Бұл бөлімде Б. Ғизатовтың Құрманғазы атындағы Қазақ халық аспаптар оркестріне арналған еңбектерінің жалпы сипаттамасы мен құрылымына қысқаша шолу жасап өттік. Ендігі кезекте Ғизатовтың еңбегіндегі қосымшада қамтылған оркестр репертуарының тізіміне сүйене отырып, 30-40-жылдары өңделген немесе арнайы жазылған туындыларға талдау жасамақаыз.

3. Талқылау

Б. Ғизатовтың Құрманғазы атындағы оркестрге арналған еңбегінің маңызды тұстарының бірі кітап соңында осы ұжымның репертуар тізімінің берілуі болып табылады. Автор ондағы оркестрге түсірілген, өңделген, лайықталған немесе арнайы жазылған шығармаларды «Қазақ халық музыкасы» (Казахская народная музыка), «Халық күйлері» (Народные кюи), «Халық әндері» (Народные песни), «Орыс және Батыс композиторларының шығармалары» (Произведения русских и Западных композиторов), «Кеңес композиторларының шығармалары» (Произведения советских композиторов), «Кеңес композиторларының операларынан әндер мен ариялар» (Песни и арии советских композиторов), «Халықтық демократия елдерінің музыкасы» (Музыка стран народной демократии) деп топтастырады. Мұндай тізім кітаптың 1955, 1957 жылғы басылымдарында бар екенін ескерсек, репертуарды байытуда оркестр құрылған кезеңінен бастап алғашқы 20-30 жылдың өзінде көптеген жетістіктерге жеткенін анық байқаймыз.

«Монографияның қосымшасында Құрманғазы оркестрінің 60 жылдағы кең репертуары берілген:

– орындаушы-солистердің репертуарларынан 100-ден астам дауыс пен оркестрге арналған өңдеулер мен лайықтаулар,

– оркестрге арналған 80-нен астам күйдің өңдеулері мен лайықтаулары (партитуралар),

– халық әндерінің 40-тан астам өңдеуі мен аспапталуы,

– орыс және шетелдік композиторлардың 100-ден астам шығармалары;

– Кеңес композиторларының 80-нен астам шығармалары;

– Кеңес композиторларының операларынан 130-дан астам әндер мен ариялар,

– КСРО халықтарының 20-дан астам музыкалық шығармалары»[3] (Гизатова, Гизатов, 2015: 124).

Оркестр құрылған кезде оның жұмысының басты мәселелерінің бірі орындаушылық репертуарды құру басты мақсаттардың болары сөзсіз. Бастапқы кездерде ұжымға қабылданған балбармақ күйшілер өздері орындаған күйлерді бір-біріне қолдан қолға құйма құлақ әдісімен үйреткені белгілі. Дегенмен оркестр ұғымы академиялық бағыттың заңдылықтарына сай дамуды талап еткендіктен, оның мүшелері міндетті түрде ноталық сауатты меңгеріп, оркестрдің әрі қарай дамуы үшін қазақтың ән-күйлерін, сонымен бірге шетел композиторларының туындыларын оркестрге өңдеп, олардың партитурасын жасау аса қажетті шаралардың бірі еді.

Бұл жайында академик А. Жұбанов келесі естеліктерін қалдырған: «1935 жылдан бастап орындаушылардың жас жағының ілгерілі-кейінділігіне қарамай оркестрге нота сабағын жүргізе бердік. Әсіресе нота сабағының қызу түрде жүргені декададан кейін болды. 1937 жыл бұл жөнінде асу жыл болды.

Қойылған мақсат – Октябрь революциясының 20 жылдығының қарсаңында оркестр нотаға көшу керек болды. 1937 жылдың жаз бойы нота сабағымен қатар, аспаптарды дауысқа бөле бастадық. Нотамен ойнау үшін оркестрдің көлемі, бұрауы, пернесі өзгеру керек болды» (Жұбанов, 1985: 147-148).

Ал ҚР Мәдениет қайраткері, композитор, белгілі дирижер Қ.Кипиев өзінің «Халық аспаптары оркестрінің даму тарихынан» атты еңбегінде: «Жаңа құрылған оркестрдің алдында мынадай ірі проблемалар тұрды:

– бірінші, оркестрді ұлттық музыкалық аспаптармен жабдықтау және олардың дыбыс диапазонының үндік ерекшеліктерін үйлестіру, бір арнаға түсіру;

– екінші, музыка аспаптарын ғылыми негізде жетілдіру, яғни дыбыс ауқымын молайту, үн қуатын арттыру;

– үшінші, осы аспаптарда ойнау, орындаушылық шеберлігін арттыру, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді (<...>) үйрену;

[3] «В приложении к монографии дан обширный репертуар оркестра им. Курмангазы за 60 лет:
– свыше 100 кюев из репертуаров солистов-исполнителей и обработки и переложения для оркестра,
– свыше 80 обработок и переложений кюев для оркестра (партитуры),
– свыше 40 обработок и инструментовок народных песен,
– свыше 100 произведений русских и зарубежных композиторов,
– свыше 80 произведений советских композиторов,
– свыше 130 песен и арий из опер советских композиторов,
свыше 20 произведений музыки народов СССР (Гизатова Г., Гизатов А, 2015: 124).

– төртінші, шығармаларды оркестр құрамындағы аспаптарға лайықтап, бөліп беру, нотаға түсіру.

Осы түйіндерді шешу ісінде де А.Жұбанов алдыңғы сапта болды» (Кипиев: 2016, 48-49), – деп жазады.

Жұбановтың еңбегі жайлы ойды жалғастырар болсақ, мына бір пікірге де назар аударған жөн: «Алғашқы ұйымдастырылған ұжымға репертуар дайындау қиын міндеттердің болды. Өнертану, дирижерлік, композиторлық мектеп, ағартушылық жұмыс, мәдениет орталықтарының ашылуы – осының бәрі Жұбановтың үлесіне түсті. Оркестрді ұйымдастырумен, Опера театрының ашылуымен, әншілер мен музыканттармен бірге, ол кәсіби дирижердің қажеттілігін терең түсінді. Оркестр репертуары, техникалық базаны жарақтандыру, дирижерлік қызмет, ұйымдастыру жұмысы – мұның бәрі Жұбановтың қызметіне кірді»[*4] (Amze, Tatkenova, Sabirova, Bultbayeva, 2018: 206).

Құрманғазы шығармашылығындағы көптеген күйлер ырғақтық, метроритмдік тұрғыдан оркестрлік орындауға ыңғайлы екені белгілі. Тіпті қазақ жеріне келген орыс саяхатшылары Құрманғазының симфониялық ойлау қабілетін атап өтсе, кейіннен этноргаф, қазақ ән-күйлерін жинаушы А.В. Затаевич оларды «екі ішекті симфония» деп бағалағанын жақсы білеміз. Дегенмен қазақ әндері мен күйлері оркестрлік өңдеуге ұшырағанда қандай да бір өзгеріске түсетіні анық екенін ескерсек, «А. Жұбановтың оркестровкасына түскен күйлердің ұжымдық және жеке орындаушылық нұсқаларының бір-бірінен қандай ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар?» деген сауал туындайды. Мысал ретінде «Адай»[4] күйін келтірер болсақ, Жұбановтың «Құрманғазы Сағырбаев. Өмірі мен шығармашылығы» атты еңбегінде бұл күйдің Дина Нұрпейісова мен Қали Жантілеуов орынадаған өзара айырмашылықтары көп екі түрі бар.

Бұл тұрғыда келесі қызықты мәліметке жүгінуге болады: «Мысалы, баға жетпес мұра ретінде қабылданатын бір күйдің қолдан қолға ауысатын нұсқаларын бекітетін болсақ, Оқап Қабиғожин мен Лұқпан Мұхитовтың орындауындағы уақыт кеңістігінде сақталған «Қызыл қайың» күйінің нұсқалары сияқты Құрманғазының «Адай» күйінің де Дина Нұрпейісова мен Қали Жантілеуовтің орындауында бір-бірінен ерекшеленетінін білуіміз керек»[5] (Omarova, Kaztuganova, Karomat, 2020: 219).

А. Жұбанов Қ. Жантілеуовтің нұсқасын оркестрге түсіргенін айта отырып, «Адай» күйіне мындай түсінік береді: «Бұл күйді 1934 жылы Қ.Жантілеуов орындап берді,

[4] The preparation of the repertoire for the first organized group was not an easy task. Art criticism, conducting, composing school, enlightening work, the opening of the centers of culture - all this fell to Zhubanov. Along with the organization of the orchestra, the opening of the opera house, singers and musicians, he deeply understood the need for a professional conductor. Orchestral repertoire, equipping the technical base, conducting activities, organizational work – all of these was the responsibility of Zhubanov (Amze, Tatkenova, Sabirova, Bultbayeva, 2018: 206).

[5] «Адай» күйінің оркестрлік және жеке орындаудағы нұсқаларына салыстырмалы талдау жасау үшін А. Жұбановтың «Құрманғазы Сағырбаев. Өмірі мен творчествосы» атты еңбегінде берілген нотасына жүгінеміз.

сол орындауда «АДАЙ» оркестрге түсті. Осы күнге шейін сол күйінде орындалып келеді. 1935 жылы граммафон пластинкасына Лұқпан Мұхитовтың орындауында жазылды. <...> Бірқатар музыка зерттеушілердің «Адай» күйінде орыс халқының «Во саду ли, в огороде» деген әнінің интонациясы бар деп жүргендері үстірт пікір. Динамикалық жағынан, құрылысы жағынан, ырғақтық жағынан ол әнмен «үш қайнаса сорпасы қосылмайды» (Жұбанов, 1978: 356).

А. Жұбановтың жеке орындауға түсірген нотасындағы және оркестрге өңделген «Адай» күйінің мәтіні толығымен сақталғанымен, бірқатар ырғақтық және дыбыс алудағы өзгешеліктері кездеседі. Мәселен, жеке орындаушылық нұсқаның бас буынында қосынды (суммированный) ырғақ түрінде форшлаг алу әдісі пайдаланылса, оркестрлік түрінде мұндай форшлаг түрі байқалмайды. Бұл тұста ырғақтық тұрғыдан да өзгешеліктер кездеседі. Жеке орындаудағы ырғақтық мотивтердің бірінде триоль ырғағы пайдаланылса, оркестрлік нұсқада лигаланған қосынды ырғақ түрі берілген. Екі нұсқаның өлшемдерінде де өзгешеліктер бар. Мәселен жеке орындауға арналған ноталық нұсқа толығымен 4/4 өлшемінде жазылса, оркестрлік түрі 2/4 өлшемінде беріліп отыр:

Жеке орындау

Оркестрлік нұсқа[7]

Мұндай ырғақтық айырмашылықтар екі нұсқаның барлық буындарында кездесіп отырады. Ал күйдің сағасындағы әуеннің екі нұсқасына да толығымен синкопа ырғағы пайдаланылған.

[7] «Адай» күйінің оркестрлік үзіндісі Ш.Қажығалиевтің құрастыруымен жарық көрген «Серпер» партитуралар жинағынан алынды (Құрманғазы. Серпер, 1983: 5-38).

Жеке орындау

Оркестрлік нұсқа

Академиялық музыка, оның ішінде оркестр музыкасы көбінесе біркелкі өлшем мен ырғақта жазылатынын ескерсек, екі нұсқадағы мұндай өзгерістер күйшілік өнерді ауызша меңгерген, өзіндік қайталанбас мәнері, қолтаңбасы бар Қали Жантілеуовтің нұсқасы оркестранттардың бірлесіп орындауына жеңіл болу үшін орын алуы мүмкін.

А. Жұбанов оркестрге лайықтаған классикалық күйлердің біріне Арқаның ұлы күйші-композиторы Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйі жатады. Б. Ғизатов өзінің еңбегінде бұл күйді былай сипаттайды: «1949 жылдың аяғында оркестр Тәттімбеттің «Сарыжайлау» (лайықтаған А. Жұбанов) және «Былқылдақ» (лайықтаған Ш. Қажығалиев) күйлерін үйренді.

Оркестрдің орындауында бұл күйде динамикалық және регистрлік контрасттар, ырғақ пен әуезділіктің әсерлілігі есте қалады. Оған әсіресе аспаптардың кезектесе үндесуі тән. Күй басталған алғашқы дыбыстардан-ақ домбыра мен қобыздың дауыстары еркін, алма-кезек шығып тұрады. Әуен жоғарғы регистрлерден төменгі регистрлерге дейін бай пиццикато тәрізді фразамен қозғалады, бұл шығармаға керемет әсер береді. Кейде күй лирикалық жұмсақ әуезді әуен сияқты естіледі, бірақ ырғақты үзілістер қайтадан аспаптардың өзіндік «сөйлеуін» құрайды. Бұл әдемі үндесулер, регистрлердің өзгеруі барлық буындық аймақтарда таңқаларлық дыбыстар жасайды»[8] (Гизатов, 1994: 50).

[8] «В конце 1949 года оркестр разучил кюй Таттимбета «Сары-жайляу» (переложение А.Жубанова) и «Былкылдак» (переложение Ш.Кажгалиева).

[…]. В исполнении оркестра в этом кюе запоминаются динамические и регистровые контрасты,

Ал белгілі домбырашы Б. Ысқақов өзінің «Сарыарқа саздары» атты жинағында: «Күйдің басты орындаушысы әрі жеткізушісі Әбікен Хасенов. «Сарыжайлау» су төгілмес жорғаның жүрісіндей ырғаққа құрылған, тынысы кең, ойы еркін бірегей туынды. Небір ащы үн мен тәтті үннің үйлесімімен мынау пәни жалғанның қуанышы мен күйінішін меңзейтін пәлсапалық ой сезім өн бойынан есіп тұрған бұл күйде өкініштен гөрі сағыныш басым тұр. […]. Тәттімбет өнерінің үздігі де осы күй. […].

Академик Ахмет Жұбанов өңдеп, оркестрге лайықтаған бұл нұсқа еліміздің барлық өңірінде жиі орындалады» (Ысқақов, 2007: 415), – деп жазған.

Орекстрлік нұсқаны Әбікен Хасеновтің нұсқасымен салыстырар болсақ, мұнда ырғақтық, өлшемдік, тіпті әуендік айырмашылықтар көптеп кездеседі. А.Жұбанов бұл күйдің оркестровкасын жасау барысында ансамбльдік орындауға ыңғайлы болуына барынша көңіл бөлгені байқалады. Мұны күйлердің метроритмдік, ырғақтық қырларынан байқауға болады. Әбікен Хасенов жеткізген нұсқада 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдерімен қатар, 3/8, 5/8, 6/8, 7/8 өлшемдері кездессе, оркестрлік нұсқада әуен көлемі 3/4, 4/4, 5/4, 6/4 өлшемдеріне ықшамдалған. Ырғақтық айырмашылық кіріспелерден-ақ көзге түседі. Әбікен Хасеновтің нұсқасындағы «d-g» ладтық тірегіндегі кіріспе өз алдына бөлек әуендік элементтері бар бір ырғақтық комплексті көрсетсе, оркестрлік нұсқада ол екі тактімен ғана шектеліп отырады, сондай-ақ түпнұсқадағы пунктирлі ырғақтар оркестрдің орындауында кездеспейді:

Оркестрлік нұсқада бұл кіріспені тек домбыра тобы мен дауылпаз бастап, қалған

действенность ритма и напевность. Особенно характерна перекличка инструментов. С первых же звуков вступления кюя свободно льются и чередуются голоса домбр и кобызов. Мелодия переносится то в верхние, то в нижние регистры с богатой фразировкой пиццикатного звучания, придающего произведению большой эффект. Порой кюй звучит лирически мягкой напевной мелодией, но ритмические перебои снова образуют как бы «говор» инструментов. Эти красивые переклички, смена регистров, создают прихотливое звучание во всем регистре» (Гизатов, 1994: 50).

аспаптар тобы біртіндеп қосылады. Мысалы, күйдің 1-бөліміндегі әуенді сырнай мен домбыра тобы жалғастырса, әуеннің жоғарылау сәтінде, яғни шарықтау шыңына баратын тұстарында бүкіл оркестр атсалысады.

Оркестрлік нұсқаның тағы бір ерекшелігіне сол саға регистрінен қайтатын тұста қосылған әуенін де жатқызуға болады. Мұнда флейтаның да солосы анық естіліп, күйге ерекше нәзік сипат береді:

Жал ерістер күйдің табиғатын бұзып тұрған жоқ. А. Жұбанов күй түпнұсқасының құрылымын толығымен сақтағандықтан, оркестрлік нұсқа да жеке орындаушылардың репертуарынан орын алатын өміршең туынды болып табылады.

40-жылдардың аяғында жеке орындаушы мен оркестрге арнайы жазылған шығармалардың ішінен С. Шабельский мен Л. Шаргородскийдің «Тойбастар» поэмасын атауға болады. Бұл композиторлар оркестрде дирижерлық, ұстаздық қызметтен бөлек, көптеген кеңес және әлем композиторлары туындыларының, қазақтың ән-күйлерінің оркестровкасын жасауы арқылы ұжымның өсуіне елеулі үлес қосқаны туралы құнды мәліметтерді де Б. Ғизатовтың кітабынан табуға болады. Ал М. Әмзе Л. Шаргородскийге арнап 2 мақала жазды (Әмзе, 2019: 109-119), (Әмзе, 2019).

Қазақ күйлерінің негізінде жазылған «Тойбастар» пьесасы орындаушыдан виртуозды, шебер техниканы талап ететін туындылардың бірі. Күрделі 3 бөлімді формада жазылған бұл туынды басынан аяғына дейін өзінің от жалынды, жігерлі екпінін жоғалтпайды. Кіріспеден кейін кездесетін он алтылық ұзақтықтағы жылдам хроматикалық әуен, 2-бөлімдегі бір және қос ішекте жазылған тремолода шығарманың темпін жоғалтпау орындаушыдан ұсақ техниканы, әбден шыныққан тремоло штрихын талап етеді.

Музыка зерттеушісі П.В. Аравин өзінің «Сергей Иванович Шабельский» атты очеркінде бұл шығарма жайлы: ««Тойбастар» поэмасының көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленгені соншалық, қазақ домбырашылары бұл ірі шығарманың домбыраға арналған лайықтауын үлкен құлшыныспен орындайды»[9] (Аравин, 1957: 28), – деп жазады. Шынында да, «Тойбастар» – көптеген байқаулар мен олимпиадалардың міндетті бағдарламасына еніп жүрген, нағыз орындаушылық шеберлікті паш етуге мүмкіндігі мол шығарма. Домбырадан бөлек, бұл туындының екі фортепианоға және А.Бектаевтың ксилофон мен фортепианоға лайықтаған нұсқалары да бар.

Дегенмен мақаланы жазу, материалдарға шолу барысында оркестрдің партитура

[9] «Поэма «Тойбастар» завоевала широкое признание вплоть до того, что казахские домбристы с большим увлечением исполняют это крупное призведение в переложении для домбры» (Аравин, 1957: 28).

жинақтарын жарыққа шығару ісі әлі де кенжелеп тұрғаны байқалатыны жасырын емес. Бұл тұрғыда XX ғасырдың 80-жылдарында Алдаберген Мырзабеков, Шамғон Қажығалиев, Кенжебек Күмісбеков, Нұрғиса Тілендиев, Ермұрат Үсенов, т.б. осы салада елеулі еңбек еткендері белгілі. Қазірде жекелеген композиторлар өздерінің оркестрлік туындыларын жинақ қылып шығаратын игі үрдіс те қалыптасты. Дегенмен оркестрдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан кеңес композиторларының көптеген авторлық классикалық туындылары, ән-күйлердің оркестрлік нұсқалары қазіргі таңда сирек қорға айналып бара жатқандығы белгілі. Сондықтан бұл да келешекте қолға алынуы тиіс кезек күттірмейтін өзекті мәселе болуы заңды.

4. Зерттеу нәтижесі

Бұл мақала Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің тарихын, оның репертуарын ғалымдардың еңбегін негізге ала отырып зерделеуге негізделген. Бұл жұмысты жазу барысында көптеген мақала, очерк, монографиялық еңбектердің басшылыққа алынуы аталған ұжымның бай тарихына және үлкен репертуарлық қорына тереңірек үңілуге мүмкіндік берді. Сол арқылы оркестрдің құрылып, дамып, әлемдік сахналарды бағындыруында қаншама мәдениет пен өнер қайраткерлерінің, дирижер, композитор, орындаушылардың ерен еңбегі жатқандығы айқындалды.

Оркестрге лайықталған қазақ күйлерін талдау барысында дәстүрлі музыка заңдылығымен туындаған шығармалардың осындай өңдеуден өткен кезінде бірқатар өзгерістерге ұшырағанын, сол арқылы академиялық музыканың сұраныстарын қаншалықты өтей алғандығын анық көруге болады. Бұл тұрғыда музыка зерттеушілердің шығармаларға берген сипаттамасына сүйене отырып, оркестрге түсірілген күйлерді түпнұсқамен салыстыру әдістерін қолдануға, сол арқылы олардың арасындағы ырғақтық, өлшемдік, формалық айырмашылықтарын анықтауға тырыстық. Әрине, бір мақала көлемінде бүкіл репертуарды қарастыру мүмкін болмағанымен, осы талданған бірнеше шығармалардың өзінен қандай да бір өзгерістердің болуына қарамастан күйдің табиғатын бұзбай, қайта оған жаңа өмір беріп, аясын, мүмкіншіліктерін кеңейтіп, байытуға болатынын анық байқаймыз.

5. Қорытынды

Қорыта келе, еліміздегі алғашқы оркестр әлі де талай зерттеу нысанына айналары сөзсіз. Себебі оның осынау бай тарихынан, көрнекті тұлғаларынан, орасан зор репертуарлық қорынан әр ізденуші өзіне қажеттісін таба алады.

Дегенмен қазіргі таңда оркестрдің партитуралары қолға тие бермейтін сирек мұраға айналып бара жатқандығы анық. Кейбір жекелеген композиторлардың партитуралық жинақтары әлсін-әлсін шыққанымен, бұл салада атқарылатын жұмыс өте көп әрі болашақта оркестрлердің мұрағатында қолжазба күйінде ғана сақталған партитураларды баспадан шығару арқылы оларды көпшілікке насихаттап, қолжетімді етуге болады деген ойдамыз.

Қазірде репертуар қоры 4000-ға жуықтаған, өзінен кейін басқа да үлкен оркестрлердің ашылуына жол бастаушы болған ұжымның алдағы уақытта да

бағындыратын шыңдары көп десек, қателеспейміз.Әмзе М. Абай атындағы МАОБТ

Әдебиеттер:

1. Аравин П.В. Сергей Иванович Шабельский: популярный очерк. Рукопись. – Алма-Ата: Алма-Атинская государственная консерватория имени Курмангазы, 1957. – 33 с.

2. Amze M., Tatkenova Sh., Sabirova A., Bultbayeva A. History of the formation and development of Kazakhstan's conducting art // Opción, Año 34, Especial No.17 (2018): 196-222 ISSN 1012-1587 / ISSNe: 2477-9385. – Venezuela, 2018. – P. 198–224. https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24128/24572

3. Әмзе М. Абай атындағы МАОБТ дирижерлары: Шаргородский Леонид Матвеевич (1901–1978) // С. Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – Павлодар, 2019 (№3). – 109-119-б. ISSN: 1811-1831.

4. Әмзе М. Шаргородский кім? // Айқын. 2019, 1 мамыр [электрондық нұсқа].

5. Гизатов Б. Казахский оркестр имени Курмангазы (Очерк творческого пути). – Алма-Ата: Казгосиздат художественной литературы, 1955. – 86 с.

6. Гизатов Б. Казахский государственный оркестр народных инструментов имени Курмангазы (Очерк творческого пути). – Алма-Ата: Казгосиздат художественной литературы, 1957. – 177 с.

7. Гизатов Б. Казахский оркестр имени Курмангазы (Очерк творческого пути). – Алматы: Гылым, 1994. – 208 с.

8. Гизатова Г., Гизатов А. Музыкально-педагогическое наследие Бисенгали Гизатова // «Қазақ академиялық саз шығармашылығының 75 жылдық даму жолы» ғыл.-тәж. конф. мақалалары жинағы. – Алматы: «Легион pro», 2015. – Б.115-136.

9. Жұбанов А.Қ. Өскен өнер. – Алматы: Ғылым, 1985. – 248 б.

10. Жұбанов А. Құрманғазы Сағырбаев. Өмірі мен творчествосы. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1978. – 366 б.

11. Жұмабаев А., Бердібай А. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің музыкалық шебері – Қамар Қасымов // Saryn, т. 12. – Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, № 2, 2024. – 54-74-б. DOI: 10.59850/SARYN.2.12.2024.180.

12. Жұмақова У., Кетегенова Н. Қазақтың музыкалық әдебиеті (1920-1980) (оқу құралы). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 273 б.

13. Кипиев Қ. Халық аспаптары оркестрі даму тарихынан. Көпшілікке арналған ғылыми-танымдық оқу құралы. – Атырау, 2016. – 215 б.

14. Құрманғазы. Серпер. Қазақ ұлттық аспаптар оркестріне арналған партитуралар жинағы. /Құраст.: Ш.Қажығалиев. – Алматы: Өнер, 1983. – 200 б.

15. Omarova A.K, Kaztuganova A.Zh., Karomat D.F. Globalization and ethnomusicology // The Bulletin of national academy of sciences of the RK. ISSN 1991-3494 Volume 2, Number 384 (2020), – P.216-221. https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.61.

16. Темирбекова А.З. Рецензия на рукопись работы Б.Гизатова «Казахский академический оркестр имени Курмангазы» // Судьбы: З.М.Темирбеков (1906-1938) и А.З.Темирбекова (1929-2009). Сост.: А.К. Омарова, Ж.А. Казыбекова. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2013. – С.338-340.

17. Ысқақов Б. Сарыарқа саздары. – Алматы, 2007. – 440 б.

References:

1. Amze M. (2019). Conductors of the Abai SAOBT: Shargorodsky Leonid Matveyevich (1901-1978) // Bulletin of the PSU named after S.Toraigyrov. Pedagogical series. – Pavlodar, (№3). – P.109-119. ISSN: 1811-1831 (in Kaz.).

2. Amze M.(2019). Who is Shargorodsky? // Aiqyn, May 1 [electronic version]. (in Kaz.).

3. Amze M., Tatkenova Sh., Sabirova A., Bultbayeva A. (2018). History of the formation and development of Kazakhstan's conducting art // Opción, Año 34, Especial No.17 (2018): 196-222 ISSN 1012-1587 / ISSNe: 2477-9385. – Venezuela. – P. 198–224. https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24128/24572 (in Eng.).

4. Aravin P.V. (1957). Sergey Ivanovich Shabelsky: a popular essay. The manuscript. – Almaty: Almaty

State Conservatory named after Kurmangazy. – 33 p. (in Kaz.).

5. Gizatov B. (1955). Kurmangazy Kazakh Orchestra (An essay on the creative path). – Almaty: Kazakh State Publishing House of fiction. – 86 p. (in Rus.).

6. Gizatov B. (1957). Kazakh State Orchestra of Folk Instruments named after Kurmangazy (An essay on the creative path). – Almaty: Kazakh State Publishing House of fiction. – 174 p. (in Rus.).

7. Gizatov B. (1994). Kurmangazy Kazakh Orchestra (An essay on the creative path). – Almaty: Science. – 208 p. (in Rus.).

8. Gizatova G., Gizatov A. (2015). Musical and pedagogical heritage of Bisengali Gizatov // Collection of articles of the Scientific and practical conference «75-year path of development of Kazakh academic musical creativity». – Almaty: «Legion pro». – P.115-136. (in Rus.).

9. Iskakov B. (2007). Music of Saryarka. – Almaty. – 440 p. (in Kaz.).

10. Kipiev K. (2016). From the history of the development of the orchestra of folk instruments. Scientific and educational manual for the general public. – Atyrau. – 215 p. (in Kaz.).

11. Kurmangazy. Serper. Collection of scores for the orchestra of Kazakh national instruments. (1983) / Comp.: S.Kazhgaliyev. – Almaty: Oner. – 200 p. (in Kaz.).

12. Omarova A.K, Kaztuganova A.Zh., Karomat D.F. (2020). Globalization and ethnomusicology // The Bulletin of National Academy of Science of the RK. ISSN 1991-3494. Volume 2, Number 384 (2020), – P.216-221. https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.61. (in Eng.).

13. Temirbekova A.Z. (2013). Review of the manuscript of B.Gizatov's work «The Kazakh Academic Orchestra named after Kurmangazy» // Destinies: Z.M.Temirbekov (1906-1938) and A.Z.Temirbekova (1929-2009). Comp.: A.K.Omarova, Zh.A.Kazybekova. – Almaty: LEM Publishing House LLP. – pp.338-340. (in Rus.).

14. Zhubanov A.K. (1985). Grew up art. – Almaty: Science. – 248 p. (in Kaz.).

15. Zhubanov A. (1978). Kurmangazy Sagyrbayev. Life and creativity. – Almaty: «Zhalyn» publishing house. – 366 p. (in Kaz.).

16. Zhumabayev A., Berdibay A. (2024). Music Master of the Kazakh National Orchestra of folk instruments named after Kurmangazy – Kamar Kasimov // «Saryn» journal, Vol. 12. – Almaty: Kurmangazy Kazakh National Conservatory, No. 2. – P.54-74. DOI: 10.59850 / SARYN.2.12.2024.180. (in Kaz.).

17. Zhumakova U., Ketegenova N. (2000). Kazakh musical literature (1920-1980) (manual). – Almaty: Republican publishing house of the Kazakh Academy of Education named after I. Altynsarin. – 273 p. (in Kaz.).

Журнал 24.03.2005 жылы
Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік N 5844-Ж.

Журнал зарегистрирован 24.03.2005 года
в Комитете информации и архива Министерства культуры,
информации и спорта Республики Казахстан.
Свидетельство №5844-Ж по регистрации средства массовой информации

The journal was registered on March 24, 2005
in the Information and Archives Committee of the Ministry of Culture,
Information and Sports of the Republic of Kazakhstan.
Certificate No. 5844-Ж for registration of mass media

Дизайн және беттеу: ***Ж. Рахметова***

Басуға 26.09.2025 ж. қол қойылды.
Көлемі 70x100¹⁄₁₆. Офсеттік басылым.
25 баспа табақ. Таралымы 500 дана.